Л 2009
16349к

# ЛЕНИН



*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

# ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

34

РК(б)П IX СЪЕЗІНІҢ
жэне ССРО СОВЕТТЕРІНІҢ
II СЪЕЗІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

# В. И. ЛЕНИН

## СОЧИНЕНИЯ

*Издание четвертое*

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
1951

Л 2009/16349к

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН—СТАЛИН
ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

Казах.
2-1603/34а

# В. И. ЛЕНИН

## ШЫҒАРМАЛАР

*Қазақша бірінші басылуы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Инв. № 757
КІТАПХАНА
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МУЗЕЙІ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
1954

*Қазақша аудармасын*
*ҚКП Орталық Комитетінің*
*редакциялық комиссиясы қараған*
*ҚКП Орталық Комитеті ұнатқан*

ПОГАШЕНО

Гос. Публичная Библиотека

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00198977

# В. И. ЛЕНИН

34

ТОМ

*Ноябрь 1895 — ноябрь 1911*

Гос.
Публичная
Библиотека
в
Ленинграде

## АЛҒЫСӨЗ

В. И. Ленин Шығармаларының 4-ші басылуын аяқтайтын отыз төртінші және отыз бесінші томдарда В. И. Лениннің 1895 жылдан 1922 жылға дейінгі уақыттың ішінде ұйымдармен, кісілермен жазысқан хаттары — хаттар, телеграммалар және запискалар бар. В. И. Лениннің шығармалары: кітаптар, кітапшалар, мақалалар, баяндамалар, сөйленген сөздер, қаулылар, И. В. Сталинге жазылған хаттар, сонымен қатар ерекше маңызды теориялық және саяси маңызы бар басқа да хаттары ілгерідегі отыз үш томға енді.

34-ші және 35-ші томдарға енгізілген документтер Лениннің жазысқан хаттарының недәуір бөлегі болып табылады және Шығармалардың ілгергі томдарында басылған Ленин шығармаларына ең бағалы қосымша болып табылады. Бұл документтерден большевиктік партияны, жаңа типті партияны құру жөніндегі Лениннің орасан зор әртарапты қызметі, оның барлық түр-түстегі оппортунистермен жүргізген бітіспес күресі, пролетарлық революция жолында, пролетариат диктатурасы жолында жүргізген күресі, дүние жүзіндегі бірінші Советтік социалистік мемлекетті басқаруы көрінеді.

Отыз төртінші томға В. И. Лениннің 1895 жылғы ноябрьден 1911 жылғы ноябрьге дейінгі дәуірде жазылған хаттары кіріп отыр.

1895—1901 жылдардағы хаттар Лениннің Россияда социал-демократиялық жұмысшы партиясын құру жөніндегі қызметін, оның халықшылдарға, «жария марксизмге», «экономизмге» қарсы жүргізген күресін сыйпаттайды Томның ішіндегі Г. В. Плехановқа, Л. М. Книповичке,

Н. Э. Бауманға және басқаларына жазылған хаттар революцияшыл марксистердің бірінші жалпыорыстық газетін — «Искраны» құру жөніндегі лениндік жоспардың қалай жүзеге асырылғанын, Лениннің «Искрадағы» басшылық ролін, оның газеттің редакциясының ішінде жүргізген күресін көрсетеді.

Томның недәуір бөлегі 1901—1904 жылдары жазылған хаттар. Г. В. Плехановқа жазылған осы дәуірдегі бір топ хат пролетарлық партияның революциялық программасын жасау мәселелеріне арналған. Жергілікті Харьков, Нижегород комитеттерімен, Петербург ұйымымен (И. В. Бабушкинге және басқаларға жазылған хат), партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетімен жазысқан хаттарында Ленин Россиядағы социал-демократиялық ұйымдарды «Искраның» программалық және ұйымдық принциптері негізінде топтасуға шақырады, партия жұмысын өрістету және партия съезін әзірлеу жөнінде нақтылы нұсқаулар береді. Партияның II съезінен кейін жазылған бірсыпыра хаттарда Ленин меньшевиктердің жікшілдік істерін әшкерелейді, меньшевиктер жағына шығып кеткен және меньшевиктердің Орталық Комитетте өздеріне көпшілікті аударып алуына көмектескен кейбір азғындаған большевиктерге (Красин, Носков, Гальперин) қарсы бітіспес күрес жүргізеді. Бұлар: Орталық Комитетке, Сибирь комитетіне, Н. Е. Вилоновқа, А. М. Стопаниға, Р. С. Землячкаға және басқаларға жазылған хаттар.

Томның ішіндегі Кавказ одақтық комитетіне жазылған хаттар Кавказдағы Сталин жолдас бастаған большевиктік ұйымдарға Лениннің жасаған басшылығын көрсетеді.

Бірінші орыс революциясының дәуіріндегі (1905—1907 жылдардағы) хаттар партияның III съезін шақыру және оның шешімдерін жүзеге асыру жолында, большевизмнің тактикалық принциптері жолында Лениннің жүргізген күресін көрсетеді. Бұларға жататындар: Орталық Комитетке, С. И. Гусевке, Р. С. Землячкаға және басқаларға жазылған хаттар.

Столыпиндік реакция дәуіріндегі жазысқан хаттар Лениннің жойымпаздыққа, троцкизмге, шақырымпаздық-ультиматизмге, ымырашылдыққа қарсы, революцияшыл марксистік партияның теориялық негіздерін бұрмалаушылыққа қарсы жүргізген күресін ашып көрсетеді. Томда

«Социал-Демократ» газетінің редакциясына жазылған хат басылып отыр, бұл хатында Ленин Троцкийді ең арам мансапқор және фракционер деп оның айыбын бетіне басты. Томда басылған бірсыпыра хаттарда орыс оппортунистерін-меньшевиктерді қолдаған халықаралық ревизионистер әшкереленеді.

В. И. Лениннің 1908—1911 жылдардағы жазысқан хаттарының ішінде А. М. Горькийге жазылған хаттар үлкен орын алады.

Отыз төртінші томға енген хаттар Лениннің марксистік революцияшыл партияны құру жолында, партия күштерін топтастыру жолында, большевиктерді өз алдына дербес партия, жаңа типті партия, ленинизм партиясы, большевиктік партия етіп ресмилеп құру жолында жүргізген күресін көрсетеді; бұл дербес партия етіп құру ісі 1912 жылы январьда Прага конференциясын шақырумен аяқталған болатын.

В. И. Лениннің Шығармаларына бұрын түрлі баспаларда жарияланған мына хаттары бірінші рет кіргізіліп отыр: РСДЖП Орталық органының редакциясына, 26 февраль 1904 ж.; М. Қ. Владимировқа, 15 август 1904 ж.; Кавказ одақтық комитетіне, 20 декабрь 1904 ж.; РСДЖП Петербург ұйымына, октябрь — декабрь 1904 ж.; Россиядағы жолдасқа хат, 6 январь 1905 ж.; А. В. Луначарскийге 1905, 1907 және 1908 жылдары; А. М. Горькийге, 7 февраль 1908 ж.; П. Юшкевичке, 10 ноябрь 1908 ж. жазылған бес хат; А. И. Любимовқа жазылған екі хат, август және сентябрь 1909 ж.; «Социал-Демократ» газетінің редакциясына жазылған хат, 24 август 1909 ж.; «Сақтаушыларға» жазылатын хаттың нұсқасы, февраль — март 1910 ж.; Н. Г. Полетаевқа, 7 декабрь 1910 ж.; А. Рыковқа, 25 февраль 1911 ж.

Г. Д. Лейтейзенге 1902 жылғы 24 июльде жазылған хат осы томда бірінші рет жарияланып отыр, мұнда Ленин Россияның социал-демократиялық ұйымдарының «Искраның» төңірегіне топтасқанын атап көрсетеді.

* *
*

34-ші және 35-ші томдарға кірген хаттар хронологиялық тәртіппен берілген; Россиядан жіберілген хаттар ескі стильмен, шет елден жіберілген хаттар жаңа стильмен

көрсетіліп отыр. Ленин даталарын көрсеткен хаттарда даталардың қойылу тәртібі мен жазылу түрі қолжазбадағы бойынша беріліп отыр. Лениннің қолжазбасында даталар көрсетілмеген реттерде, оны хаттың аяғында редакция көрсетіп отырады. Әрбір хаттың рет саны, хаттың кімге және қайда жіберілгені, жазылған датасы мен жіберушінің адресі көрсетілген.

Қысқаша берілген ескертулердің үстіне, хаттар басылған томдарда хаттардың текстінде кездесетін псевдонимдерді, жанама аттарды және инициалдарды анықтайтын алфавиттік көрсеткіш басылып отыр.

# *1895 ж.*

## 1

## П. Б. АКСЕЛЬРОДҚА

Сіз, сірә, кешіктіріп жауап бергенім үшін ұрсып жатқан боларсыз. Кейбір дәлелді себептер болды.

Ретімен айтып берейін. Ең алдымен Вильнода[1] болдым. Жұртшылықпен жыйнақ[2] туралы әңгімелестім. Көпшілігі осындай жыйнақ шығарудың қажеттігі туралы пікірмен келісіп, жәрдем етуге және материал жеткізіп беруге уәде етіп отыр. Олардың көңіл-ауаны затында сенімсіздеу (мен Сіздің пал.[3] провинциялар туралы сөзіңізді еске түсірдім): үгіт тактикасына, экономикалық күрестің тактикасына сай келе ме, жоқ па, оны көреміз деседі. Мен бұл бізге байланысты дегенді көбірек баса көрсеттім.

Онсоң. Москвада болдым. Ешкімді де көргем жоқ, әйткені «өмір мұғалімі» жөнінде ешбір хабар-ошар жоқ. Ол аман ба екен? Егер ол туралы хабарыңыз болса және сізде адресі болса, оған бізге адресін жіберсін деп жазыңыз, әйтпесе біз ол жерден байланыстар таба алмаймыз. Ол жерде орасан қырғындар болды[4], бірақ бірлі-жарымдар тірі қалған сияқты, сондықтан жұмыс тоқталмайды. Бізде ол жерден келген материал — бірнеше стачкаларды суреттеу бар. Егер Сіз алмаған болсаңыз, жазып жіберіңіз, біз жібереміз.

Сонсоң Орехово-Зуевода болдым. Орталық өнеркәсіпті ауданда жиі кездесетін бұл жерлер өте тамаша: тек қана фабрикамен күн көретін ондаған мың тұрғындары бар таза фабрикалық қала. Бір ғана басшы орын — фабрика администрациясы. Қаланы фабрикалық контор «басқарады». Халықтың жұмысшылар болып және буржуа бо-

---

* Кілт, сол өзіміз пайдаланып жүрген кілт[5].

лып жіктелуі — өте айқын жіктеліс. Сондықтан жұмысшылар айтарлықтай оппозициялық ниетте болып отыр, бірақ ол жерде жуырда болған қырғыннан кейін жұрттың аз қалғандығы соншалық, олардың белгілі болғаны соншалық — қарым-қатынас жасау өте қыйын. Дегенмен әдебиет жеткізіп бере аламыз.

Онсоң. Жауап беруге кешігуім жергілікті сәтсіздіктерден туды. Жіберіліп отырған материалдың мардымсыздығы да солардан туып отыр.

Маған Цюрихтегі адрес ұнамайды. Басқа адрес — Швейцариядан емес, Германиядан — таба алмайсыз ба. Ол анағұрлым жақсы және қауіпсіз болар еді.

Онсоң. Бізге жауап жібергенде — *технология жөніндегі кітапшаны* жібергенде, адрес: Питер, Александров шойын заводы, химия лабораториясы Лучинский мырзаға,— егер орын болса, басқа материалды да: Женевада шыққан кітапшаларды, «Vorwärts»-тан* алынған қызықты кесінділерді, т. с. қосыңыз. Жыйнақ туралы толығырақ жазыңыз: кәзірдің өзінде қандай материал бар, ұйғарылған не бар, 1-ші кітабы қашан шығады, 2-ші кітабы үшін атап айтқанда нелер жетіспейді. Ақшаны, бәлкім, жібереміз, бірақ кешірек жібереміз. Осы әдістің жарамды екендігін біздің білуіміз үшін *тезірек* жауап беріңіз.

Поляктың өзі келуі үшін оған адресті беріңіз. Тезірек бергеніңіз тәуір болар еді, өйткені транспортқа мұқтаж болып отырмыз. Адрес: қала сол қала, Технологиялық институт, студент Михаил Леонтьевич Закладный, Ивановты сұрасын.— Оның «Geschichte etc»** орысша басып шығаруға ақша беруге уәде етілген.

Онсоң. Мынадай өтініш: бізге бояу өте қажет — қандай бояу екенін Mögli-ден сұрап білуіңізге болады, онда ол бояу бар. Бірдеңе етіп жеткізуге болмас па екен? Келетін біреу жоқ па? Осы туралы ойластырып көріңізші немесе Өзіңіздің «практиктеріңізге» ойластырып көруді тапсырыңыз. Айтқандай-ақ, Сіз тура солардың өздерімен сөйлесуді өтініп едіңіз ғой. Онда мынаны хабарлаңыз: 1) олар біздің әдісімізді және кілтті біле ме; 2) олар бұл хаттар кімнен келетінін біле ме.

---

* — «Алға». *Ред.*

** — «Тарихын, т. б.» *Ред.*

Қәзір мыналар жіберіліп отыр: 1) духоборцыларды қоныс аудару туралы хабар; 2) оңтүстіктегі село жұмысшылары туралы әңгіме және 3) Торнтонның фабрикасын суреттеу — әзірге мұның тек бас жағы ғана, $^1/_4$-іне жуығы жіберіліп отыр.

Жазғанда қытай *тушымен* жазу керек. Егер *хромпиктің* ($K_2Cr_2O_7$) азырақ кристалын қосса жақсы болады, онда шайылып кетпейді. *Жұқарақ* қағаз алу керек. Қолыңызды қысамын. Сіздің...

Жолдасқа сәлем.

*1895 ж. ноябрьдің басында жазылған*
*Петербургтен Цюрихке жіберілген*

*Бірінші рет 1923 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 2

## П. Б. АКСЕЛЬРОДҚА

Бреславль есебін[5] алдық. Зор күшпен аштық, оның үстіне бірталай жерін жыртып алдық (жақсы қағаздың нәтижесінде хат аман қалды). Сірә, Сіз екінші хатты әлі алмаған болуыңыз керек. Өте сұйық клейстерді пайдалану керек: бір стакан суға шай қасықтың шамасында крахмал салу керек (оның бержағында бидай крахмалын емес, бұл тым қатты болады, картофель крахмалын салу керек). Тек үстіңгі парақ пен түсті бояулы қағазға ғана кәдімгі (жақсы) клейстер керек, ал қағаз преспен басудың нәтижесінде өте сұйық клейстердің өзімен де жақсы желімделеді. Қалай болған жағдайда да бұл жарамды әдіс, сондықтан оны қолдану қажет.

Сізге Торнтонның соңын жіберіп отырмын. Бізде стачка туралы 1) Торнтондағы стачка, 2) Лафермдағы стачка туралы, 3) Иваново-Вознесенск стачкасы туралы, 4) Ярославск стачкасы туралы (жұмысшының хаты өте қызықты хат), аяқ-киімнің механикалық өндірісінің Петербург фабрикасы туралы материал бар. Мұны жібермей отырмын, өйткені көшіруге әлі уақыт болған жоқ және Жыйнақтың 1-ші кітабына үлгірмеспін деп ойлаймын.— Біз народоволялық баспаханамен қатынас жасадық, ол кәзірдің өзінде 3 нәрсе (біздікі емес) шығарды және бізден бір нәрсе алып отыр*. Газет шығарамыз деп ұйғарып отырмыз[6], материалды соған басамыз. Бұл шамасы 1½—2 айдан кейін біржолата айқын болады. Егер

* Егер бар болса, бізге жұмысшы кітапшалары үшін материал жіберіңіз. Олар қуанышпен басып шығарады.

Сіз материал 1-ші кітабына үлгіреді деп ұйғарсаңыз — дереу хабарлаңыз.

Сіздің *Ильин*

Біздің жібергендерімізді оңай меңгеріп жатырсыз ба? Бірлесе отырып әдісті жақсарту керек.

*1895 ж. ноябрьдің ортасында жазылған*
*Петербургтен Цюрихке жіберілген*

*Бірінші рет 1923 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

*1897 ж.*

3

## П. Б. АКСЕЛЬРОДҚА

Қымбатты Павел Борисович! Менің Сізден хат алуыма (хатты кеше, яғни 15-ші августа алдым) және Сіз туралы, Г. В. туралы хабар алуыма ақыр аяғында реті келгендігіне тіпті өте қуаныштымын. Менің әдеби талаптарым (жұмысшылар үшін) жөнінде[7] Сіз бен Г. В.-нің пікірлері мені өте-мөте жігерлендірді. Мен жұмысшылар үшін жазу мүмкіндігінен басқа ешнәрсені сондайлық тілемеген болар едім, онан басқа ешнәрсе туралы сондайлық көп арман еткем де жоқ. Бірақ оны бұл жерде отырып қалай істерсің? Тіпті өте қыйын, бірақ, менінше, мүмкін емес болмау керек. В. Ив.-тің денсаулығы қандай?

Мен бір ғана әдісті білемін,— ол осы хатты жазып отырған әдісім[8]. Мәселе мынада: көшірмеші табуға бола ма, жоқ па, ол көшірмешіге ауыр еңбек жүктелуге тиіс. Сіз, сірә, мұны мүмкін емес нәрсе деп және жалпы алғанда бұл әдіс лайықты әдіс емес деп есептейтін болуыңыз керек. Ал басқа әдісті мен білмеймін... Бұл қанша өкінішті болғанымен, мен үмітімді үзбеймін: кәзір сәті түспегенімен,— түбінде сәті түсер. Егер кейде Сіз Өзіңіздің «ескі досыңызбен»[9] хат жазысқанда қолданатын әдіспен жазған болсаңыз, әзірге соның өзі де жақсы болар еді. Сонда бізге қатынасты үзбеуге болар еді, ал мұның өзі — ең басты нәрсе.

Мен жөнінде Сізге, әрине, жеткілікті етіп айтқан шығар, сондықтан қосарлық ештеңе жоқ. Мұнда мен жалғыз тұрамын. Мүлде денім сау және журнал үшін де, өзімнің үлкен жұмысым үшін де[10] аз-аздап шұғылданып қоямын.

Сіздің қолыңызды қатты қысамын. В. Ив. мен Г. В.-ға шын жүректен сәлем. Райчинді көрмегеніме айдан асты. Оған жолығу үшін таяуда Минусинскіге барып қайтармын деп сенемін.

16. VIII.

Сіздің *В. У.*

*1897 ж. 16 августа жазылған Шушенское селосынан Цюрихке жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолдан жазылған көшірме бойынша басылып отыр*

*1898 ж.*

## 4

## А. Н. ПОТРЕСОВҚА

2. IX. 98.

Кітаптардың тізімі бар Сіздің 11. VIII жазған хатыңызды және бандерольды — «Archiv»[11] — кеше алдым. «Аса көрнекті саяси-экономның» мақаласы керемет қызықты және өте тамаша құрастырылған. Авторда, сірә, сәтті түрде оның қолына түскен өте бай материал болған болу керек. Затында ол публицистика саласында, таза-экономикалық сферадағыдан гөрі, тіпті таңдаулы жазушыдай көрінеді. «Archiv», жалпы алғанда, қызықты журнал, сондықтан мен келесі жылы оған сөзсіз жазыламын. Сондай-ақ дүркін-дүркін шығатын әйтеуір бір ағылшын кітабын, журнал немесе газет (апталық), жаздырып алсам деп едім; нені таңдау керек екеніне кеңес бере алмайсыз ба. Ағылшын журналистикасында аса қызықты және Россияға жіберуге болатын не нәрсе бар екендігімен мен мүлде таныс емеспін.

Струвенің мақаласы жөнінде, бұған баға беруде біз бір жерден шықпаймыз, әрине, мынаны айтуға тура келеді: бір ғана осы мақала бойынша автордың көзқарастары туралы пікір айтуға болмайды. Маған, мәселен, ол өзінің алдына атап айтқанда «жалпы классификациялық міндеттерді» қойған сияқты (бір ғана тақырыптың өзі осыны көрсетіп отыр) болып көрінді және кәзір де солай көрініп отыр, ал Сіз ол... «тіпті де қойған жоқ» деп тауып отырсыз. «Өзіміздің майдагерлігімізді халықтық өндіріс деп аталатын өндірістен арашалап алуымыз керектігімен», мұнымен мен, әрине, толық және сөзсіз келісемін, және менің ойымша, бұл міндет біздің «шәкірттеріміздің»[12] алдында әлі де шешілмеген күйінде тұр. Струвенің мақаласынан мен осы міндетті шешу *жоспарын* көрдім де.

Сіз «Русское Богатстводағы» *Н. Г.*-ның «материализмге және диалектикалық логикаға» қарсы мақалаларына (соңғы 2 кітапшада) көңіл аударды ңыз ба. Теріс жағынан өте-мөте қызықты емес пе. Мен автордың көтерген мәселелеріне жетік емес екендігімді мойындауға тиіспін және «Beiträge zur Geschichte des Materialismus»-тың[13] осы авторының орыс әдебиетінде пікір айтпағандығы, неокантшылдыққа қарсы үзілді-кесілді пікір айтпай отырғандығы, бұл философия орыс шәкірттерінің көзқарастарының шеңберіне енген сияқты етіп, оның жеке мәселелері жөнінде Струве мен Булгаковқа айтыс жасауға ерік беріп отырғандығы мені өте-мөте таңдандырады. Философиялық мақалалар үшін біздің журналдарымыздың көбінен-ақ орын табылар, тіпті философия кітабы да еркін басылып кете алар еді. Оның Бернштейнмен және Конрад Шмидтпен айтысы мені өте-мөте қызықтырады, сондықтан мен «Заманды»[14] ешбір ала алмай отырғаныма соншалық өкінемін. Егер Сіз осы жөнінде маған көмек етсеңіз, Сізге әбден рыйза болар едім. Әрине, бұл газетті аз мерзімге алсам да әбден жеткілікті болар еді. Сізде «Жаңа Заманның» нақ сол автордың Гегель туралы мақаласы (өлгеніне 30 жыл толуы — осы тәрізді бір мақаласы) басылған (бұдан бірнеше жыл бұрынғы) номері жоқ па? Питердегілер жібереміз деп уәде еткенімен, «Жаңа Заманды» мен де алмаймын, мұндағы жолдастардың ешқайсысы да алмайды! Осы уәде етушілер мен бостан босқа дәмелендірушілердің бәрін сайтан алса етті!

«Русское Богатстводағы» (июльдегі) Ратнердің «Капитал» туралы мақаласы да қызықты. Алтын ортаның бұл тәрізді әуесқойлары мені бәрінен де күштірек ызаландырады, бұлардың өздеріне сүйкімсіз доктриналарға турадан-тура қарсы шығуға батылы бармайды, қыйпақтап, «түзетулер» енгізіп, негізгі (таптық күрес туралы ілім сияқты) пункттерді орағытып өтеді, ұсақ-түйектердің төңірегін айналып, жүреді де қояды.

Екінші бір автордың Россиядағы қоғамдық ағымдар туралы «Жаңа Замандағы» мақалалары да, сірә, өте-мөте қызықты: Сіз осы мақалалар туралы еске салып, мені тіпті өшіктірдіңіз. «Көз көргенімен де,...» Егер мен Сізді дұрыс түсінген болсам, бұл автор өзінің басқа бір жерде баяндаған (einer politischen Isolierung des russischen Pro-

letariats-тің* қауіптілігі туралы) пікірлерін айтып отыр. Менінше, «қоғамнан жатсырау» әлі тіпті де сөзсіз осы «бөлектеу»** деген сөз емес, өйткені қоғамның да қоғамы бар: халықшылдықпен және оның барлық сілімтіктерімен күресе отырып, осынысы арқылы шәкірттер gauches-тің*** халықшылдықпен *үзілді-кесілді* қол үзісуге және өз көзқарастарын *дәйекті түрде* ұстауға бейімділерімен жақындасады. *Мұндай* адамдардан шәкірттердің сөзсіз сырттай қоюы екіталай. Қайта керісінше. Мұндай адамдарға «ымырашылдық» (немесе, дұрысы, аллиансистік****) көзқарас халықшылдыққа және оның барлық көріністеріне қарсы күреспен, менінше, толық үйлес келеді.

Жазып тұрыңыз. Қолыңызды қысамын. *В. Ульянов*

И-я, Сіздер соғысып жатырсыздар екен ғой, бұлай ету: таяқпен және сондайлармен соғысу тіпті керемет қорқынышты. Бақытымызға қарай, Шығыс Сибирь жауынгерлік жағынан Вятка губерниясынан біраз артта қалған сияқты.

*Шушенское селосынан*
*Вятка губерниясындағы Орлов*
*қаласына жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — орыс пролетариатын саяси жағынан бөлектеудің. *Ред.*

** Ал осы «бөлектеуге» тіпті де жол беруге болмайды дегенде, бұл жөнінде, әсіресе, «экономиканың» тарөрісті жақтаушыларына қарсы, автордыкі, менінше, әбден және 1 000 есе дұрыс.

*** — солшылдардың. *Ред.*

**** — одақтастық («alliance» — одақ деген сөзден). *Ред.*

## *1899 ж.*

## 5
## А. Н. ПОТРЕСОВҚА

26. I. 99.

Сіздің 24. XII жазған хатыңызды алдым. Сіздің, ақырында, өз ауруыңыздан айыққаныңызға Сіз үшін өте қуаныштымын. Сіздің ауруыңыз туралы бізге де хабар жетіп үлгерді: мен, Минусинскіде жүргенімде, мейрамдарда-ақ естігенмін, сонан бері қай жерден, қалай хабар алсам екен деп ойлап жүретінмін. (Тура Сізге жазуды ыңғайсыз болар деп есептедім, өйткені ауруыңыз елеулі ауру деді.) Ал, кәзір Сіз нақ дер кезінде қайтадан қалпыңызға келдіңіз, бір әдеби орын да қалпына келетін кезде қалпыңызға келдіңіз. Февральдың жартысынан бастап бастала бастайтын «Начало»[15] туралы, әрине, білетін шығарсыз. Кәзір Сіз әбден оңалған шығарсыз деп сенемін,— Сіз соңғы хатыңызды жазғаннан бері бір ай өтті ғой,— сондықтан Сіздің жұмыс істеуіңізге болатын шығар деп ойлаймын. Кітап жағынан Сіз, сірә, жаман қамтамасыз етілмеген шығарсыз: басты-басты жаңалық кітаптарды жаздырып алып тұрасыз ба? Егер кітап жаздырып алу үшін қаражат жағынан аса қысылмасаңыз, алыс түкпірде де жұмыс істеуге болады ғой деп ойлаймын,— мен мұны, былайша, өз басымдағы өмірден алып, бұдан 7 жыл бұрын Самарадағы, ылғый дерлік басқа адамның кітаптарын оқыған кезімдегі өмірім мен кәзіргі, кітап жазғызып алуды әдетке айналдыра бастаған кезімдегі өмірімді салыстыра келіп айтып отырмын.

«Мұра» жөнінде мен Сіздің: оны сирек кездесетін бірдеңе — жаман (80-ші) жылдардың жаман дәстүрі деп есептеу керек деген пікіріңізбен келісуге тиіс болдым. Шынында да, мен, затында, тарихи-әдеби тақырыптарға кіріспеуім керек еді... Менің дәлелім біреу ғана: нақ

Скалдиннен мұра алу керек дегенді мен еш жерде де ұсынғам жоқ қой[16]. Ал басқа адамдардан мұра алудың керектігі — даусыз нәрсе. Менiңше, өзіме қорған боларлық нәрсе (дұшпандардың ықтыймал шабуылдарына қарсы қорған боларлық нәрсе) 237-беттегі ескерту болар деп ойлаймын, ол ескертуде мен нақ Чернышевскийді еске алып, салыстыру үшін оны мысалға алудың ыңғайсыз екендігінің себептерін дәлелдеп көрсеттім[17]. Нақ сонда Скалдиннің liberalkonservativ* екендігі, оның 60-шы жылдарға «сыпатты емес» екендігі, «сыпатты» жазушыларды мысалға алу «ыңғайсыз» екендігі мойындалған-ды, менде Чернышевскийдің мақалалары болған жоқ, кәзір де жоқ, ол мақалалардың бастылары әлі де қайта басылып шыққан емес те, мен бұл ретте бұл тәрізді кедергі тастарды айналып өте алмаған да болар едім. Сонан соң мен өзім сөз етіп отырған «мұра» туралы айтқанда нені еске алып отырғандығыма дәл анықтама бергендігіммен де қорғана бастар едім. Әрине, қалай дегенмен мақала: автор нақ сол Скалдиннен мұра алу керек деп ұсынады деген ой туғызатын болса, онда бұл кемшілікті еш нәрсемен түзете алмайсың. Өзімнің басты дерлік «қорғанысымды» ұмытып барады екенмін: егер Скалдин — «раритет»** болса, онда азды-көпті дәйекті және халықшылдықтан таза буржуазиялық либерализм,— раритет емес, 60-шы және 70-ші жылдардың өте кең ағымы. Сіз: «Дәл келуден мирасқор болуға дейін орасан зор мөлшерлі қашықтық бар» деп қарсылық етесіз. Бірақ мақаланың мәні — буржуазиялық либерализмді халықшылдықтан тазарту қажет дегенде ғой. Егер бұл дұрыс болатын болса, *егер бұл жүзеге асырылатын нәрсе болса* (бұл ерекше маңызды шарт!), онда тазалаудың нәтижесі, тазалаудан кейінгі қалдық — нақ буржуазиялық либерализм болады, скалдиндік либерализммен дәл келетін либерализм ғана емес, сонымен бірге оған қарағанда мирасқор бола алатын либерализм болады. Сондықтан, егер маған: *сен* Скалдиннен мұра алып отырсың деп айып тағатын болса, онда мен былай деп жауап беруге праволымын: мен оны қойыртпақтардан *тазартуды* ғана міндетіме аламын, ал мен өзім сырт тұрған адаммын және менде, әртүрлі Авгий

* — либералдық консерватор. *Ред.*
** — сирекшілік. *Ред.*

қораларын тазартудан басқа да, анағұрлым ұнамды, неғұрлым оң жұмыстарым бар... Бірақ, мен асып кетіп, өзімді шынында да «қорғанушы» адаммын деп ойлаған сияқтымын!

Біздің хат жазысуымыз ұзақ уақыт тоқтап қалды, сондықтан мен Сізге соңғы рет «Die historische Berechtigung»* деген мақалалар жайында дәл қашан жазғанымды, шынымды айтсам, ұмытып қалдым. Сірә, сол мақалаларды алғанға дейін жазған болуым керек? Енді мен ол мақалалармен танысып, автордың негізгі пікірі қабылдауға әбден тұрарлық пікір деп таптым (әсіресе соңғы жағындағы екі ұшқарылық жөніндегі немесе аулақ болуды керек ететін сол тәрізді кедергі тастар жөніндегі пікірі). Ал дәлелдемесінде автор сөз етіп отырған Bewegung-тің** Klassencharakter-ін*** шынында да қаттырақ қою керек еді (ол бұл туралы айтқан, бірақ жол жөнекей ғана және өте қысқа айтқан), ал сонсоң фрондерлік аграрияны онша дәріптемеу керек еді: олардың либерализмінде елді «тезірек индустриализациялауды» тілеуден гөрі, нақ фрондершілдік және einundsechzig**** үшін «ренжушіліктер» көбірек. Олардың шет кәсіпшілікке, қоныс аудару ісіне және сондайларға көзқарасын еске түсірсек те жетіп жатыр. Автордың міндетті дәлірек тұжырымдауы керек еді: барлық және әртүрлі fortschrittliche Strömungen-ді***** халықшылдық пен аграрлықтың көржерінен босатып, олардың бәрін осындай тазартылған күйінде пайдаға асыруы керек еді. Меніңше, «пайдаға асыру» деген сөз Unterstützung und Bundesgenossenschaft****** дегеннен гөрі әлдеқайда дәл және лайықты сөз. Соңғы сөз осы Bundesgenossen-нің******* теңправолылығын көрсетеді, ал затында олар артта жүруге тиіс (бұл жөнінде мен Сізбен әбден келісемін), кейде тіпті «тістерін қайрай-қайрай» жүруге тиіс; олар теңправолылыққа дейін әлі мүлде жетілген жоқ және өздерінің қорқақтығы, бытырандылығы, т. б. тұсында олар еңқашанда

* — «Тарихи ақтау». *Ред.*
** — қозғалыстың. *Ред.*
*** — таптық сыйпатын. *Ред.*
**** — алпыс бірінші (1861 ж. үшін). *Ред.*
***** — прогрессивтік ағымдарды. *Ред.*
****** — қолдау және одақ. *Ред.*
******* — одақтастардың. *Ред.*

теңправолылыққа дейін жетіле алмайды. Ал Unterstützung бір ғана Intelligenz und fortschrittliche Grundbesitzer-ден* ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа адамдардан да, семиттерден де, fortschrittliche Kaufleute und Industrielle-ден** де алыс болады (автор бұларды тіпті де босқа айналып өткен: олар Grundbesitzer-лердің*** ортасындағыдан гөрі өз ортасында аз процент құрай ма, жоқ па, ол әлі сұрақ) және өз табының Vorurteil-інің емес, Urteil-інің, Vergangenheit-інің емес, Zukunft-інің**** өкілі болуға бейім Bauern-дардан да***** және көптеген басқа да адамдардан алыс болады. Автор екі мәселе жөнінде таяқты басқа жаққа аударып жіберген: 1-шіден, экономистерге қарсы соғыса отырып, industriellen Arbeiter үшін де, Hausindustrielle үшін де, Landarbeiter****** үшін де және сондайлар үшін маңызды praktische*******, ең таяудағы Forderungen-ді ********шет қалдырған. 2-шіден, ол gemässigten fortschrittlichen********* элементтерге деген абстракциялы, қорлаушылық көзқарасқа қарсы күресіп (оларды қорлау тіпті де мүлде керек еместігі, оларды пайдаға жарату керек екендігі — бұл әділ нәрсе), мұнысы арқылы олардың өздері өкілі болып отырған Bewegung-ісінің алып отырған дербес және неғұрлым батыл жағдайын көлеңкелеген сияқты. Ол ұсынып отырған (және бұдан ерте Inorodzew «Soziale Praxis»-те[18] ұсынған): біздің Genossen-дердің********** қазіргі құрамының арасында verkleideten Liberalen*********** аз емес деген ереже тарихи-философиялық мағнада даусыз ереже. Мұны белгілібір дәре-

---

* — интеллигенттерден және прогрессивті жериелерінен. *Ред.*

** — прогрессивті саудагерлер мен өнеркәсіпшілерден. *Ред.*

*** — жериелерінің. *Ред.*

**** — соқырсенімдердің емес, ақылдың, өткеннің емес, болашақтың. *Ред.*

***** — шаруалардан. *Ред.*

****** — өнеркәсіп жұмысшылары үшін де, кол өнершілер үшін де, ауылшаруашылық жұмысшылары үшін де. *Ред.*

******* — практикалық. *Ред.*

******** — талаптарды. *Ред.*

********* — баяу-прогрессивті. *Ред.*

********** — жолдастардың. *Ред.*

*********** — өңі айналған либералдар. *Ред.*

жеде Deutschland versus England* жайында да айтуға болады ғой. Мұның өзі, былайша айтқанда, біздің бақытымыз; бұл неғұрлым оңай және тез бастамаға сенуге мүмкіндік береді; мұның өзі атап айтқанда барлық осы verkleideten-ді пайдаға жаратуға мәжбүр етеді. Ал автордың тұжырымдауы, бір жағынан, сірә, кейбір түсіндірмені (бір ескішіл адам маған: мұның өзі істің ажарын кетіріп, жалпылау ғой..., деді) және Genossen ортасында кейбір сенімсіздік пен қысылу сезімін туғыза алады. Бұл жөнінде Inorodzew те, меніңше, сәтсіз түрде тұжырымдады.

Бірақ істің мәні жөнінде, меніңше, автормен арамызда алауыздық жоқ.

Parvus жөнінде — оның өз басының мінезі жайында менің титтей де хабарым жоқ және онда ірі талант бар екендігін тіпті де теріс демеймін. Амал не, мен оның шығармаларын өте аз оқыдым.

Каутскийдің таяуда шыққан «Die Agrarfrage»-сін** тауып алуға сенесіз бе?

Верта, Евг. Соловьев және М. Филиппов жөнінде мен мынаны айтуға тиіспін: біріншісін мүлдем білмеймін, ал екіншілерін өте аз оқыдым. «Естен шығып кетушілік» бар және болады да — мен бұған титтей де күманданбаймын. Сондықтан да өте-мөте қажет нәрсе verkleidete Literatur*** ғана емес...

Қолыңызды қысамын. *В. У.*

*Шушенское селосынан*
*Вятка губерниясындағы Орлов*
*қаласына жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — Англияға қарағандағы Германия. *Ред.*

** — «Аграрлық мәселе». *Ред.*

*** — өңі айналған әдебиет. *Ред.*

## 6
## А. Н. ПОТРЕСОВҚА

27. IV. 99.

А. Н., Сіздің 27. III жазған хатыңызға, ақырында Сіздің ұзақ уақыт, табанды түрде хабарсыз жатуыңызды бұзған хатыңызға мен өте қуандым. Әңгіме жасау үшін мәселелер шынында да өте көп жыйылып қалды, бірақ басым түрде әдеби сыпаттағы тақырыптар жөнінде толығырақ әңгімелесуге бұл арада реті келмей отыр. Ал оның үстіне енді журнал[19] қосылып отыр: коллегаларыңмен әңгімелеспейінше, бірдеңе жазу үшін өзіңді тым қол үзіп қалған адамдай көресің. Бұл жерде тек Юлий ғана мұның бәрін толығынан *белсенді түрде* жүрегіне жылы алады, бірақ онымен жеткілікті түрде толық әңгімелесуге қарғыс атқан «үлкен қашықтық» бөгет жасап отыр.

Қәзірде мені өте-мөте қызықтырып, мазасыздандырып отырған нәрседен — Булгаковтың «Началоның» 1—2 және 3 кітапшаларындағы мақалаларынан бастайын. Сіздің ол женіндегі пікіріңізді оқып, ең мәнді мәселе жөнінде өзіме тілектестік кездестіргеніме мен керемет қуандым, редакция тарапынан, сірә, тілектестік болады деп онша сене қоюға болмайтындықтан, онан сайын қуандым... Егер Булгаковтың мақаласы Сізге «сыртқа тебетін», «аянышты» әсер тигізсе, ол мақала мені тіпті ашуландырды. Осы уақытқа дейін, Булгаковты қаншама оқысам да, қайталап оқысам да мен оның осындай бастан-аяқ сандырақ, сарыны жөнінен сұмдықтай әдепсіз мақаланы қалай жазғанын және Каутскийді осылай «сыбаумен» тілектес болудан редакция өзін бір ескертумен болса да қорғауды мүмкін деп есептемегенін мен тіпті де түсінбеймін. Сіз сияқты, мен де «жұртшылықтың түсініктен мүлде (дәл солай!) айырылып, аң-таң болып отырғандығына

сенемін». Жұртқа: Каутскийдікінің бәрі дұрыс емес, өз бетімен кеткен, әлеуметтік керемет, «нағыз агрономия мен нағыз экономика екеуі де бірдей аз» (№ 1—2) және сондайлар деп «қазіргі кездегі ғылымның» атынан хабарлап отырғанда жұрт шынында да қалайша аң-таң қалмасын, оның үстіне Каутскийді баяндамайды, қайта *турабан-тура бұрмалайды,* ал Булгаковтың өз көзқарастары біршама байланысты система ретінде, мүлде көрінбейді. Адамда партиялық бір сезім болса, барлық Genossen-дердің* алдында және олардың бүкіл программасы мен практикалық қызметінің алдында жауапты болуды түсінушілік болса, ол өзі ештеңе берместен, «Остэльбия» туралы ғылыми еңбек беруді уәде етіп қана... былайша ерекше түрде «киліктпеген» (Сіздің дұрыс айтқан сөзіңіз бойынша) болар еді!! Сірә, ол өзін жолдастық міндеттілік пен жауапкершілік атаулыдан еркін адаммын деп, профессорлық ғылымның «еркін» және жекедара өкілімін деп сезетін болар. Россия жағдайларында журналдағы Genossen-дердің біреулеріне жол беріп, басқаларына жол бермеуді талап етуге болмайтындығын мен, әрине, түсінемін, — бірақ «Начало» сияқты журнал былайша айтқанда марксизмге әншейін мода ретінде жол беретін («Мир Божий», «Научное Обозрение», және сондайлар à la**) альманах емес, бағыт беретін орган ғой. Сондықтан мұндай журнал үшін өрекпі ғалымдарды және жалпы «бөтен адамдарды» белгілібір дәрежеде ауыздықтап отыру міндетті нәрсе. «Новое Словоның» орасан зор табысы — редакцияның оны альманах ретінде емес, нақ бағыт беретін орган ретінде жүргізгендігінен ғана туып отыр.

Мен Каутскийдің кітабын Булгаковтың мақаласы шыққанға дейін оқып шықтым және содан Каутскийге қарсы біршама ойланылған *бірде-бір қарсылық* таппадым, ал Каутскийдің пікірлері мен тезистерін *бұрмалаушылық* өте көп. Мәселен, Булгаковтың: Каутский техника мен экономиканы шатастырып отыр-мыс, ол «егіншіліктің құруын» (№ 3, 31-бет. Каутский *тура керісінше* айтады: S. 289) дәлелдейді-мыс, ол егіншіліктегі даму тенденциясын жоққа шығарады-мыс (№ 3, 34-бет), т. с. деген қорытындылары не деген сандырақ!

* — жолдастардың. *Ред.*
** — түрінде, тәрізді. *Ред.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Инв. № 757 КІТАПХАНА

Мен «Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы туралы және Булгаков мырзаның мақаласы туралы)» деген бірінші мақаламды жазып, бұдан 2 апта бұрын редакцияға жібердім, ал кәзір Булгаковтың мақаласының аяқталуы жөнінде екінші мақаламды қолға алып отырмын[20]. П. Б. оны қабылдамай тастар деп, не көлемінің үлкен екендігін (мақала Булгаковтың мақаласынан үлкен болып шығады, єйткені мен, 1-шіден, мынадай пікірлерді: мәселен, Маркс егіншіліктегі $\frac{v}{c}$ қатынасының азаюы туралы үйретіп, қателесті деген мәлімдеме сияқты құрғақ, ұқыпсыз айтыла салған пікірлерді дәлелді түрде теріске шығаруым керек; 2-шіден, Каутскийді *баяндауым қажет)*, не айтыстың қажетсіз екендігін (мен мақаламда жоғарыда кездескендер тәрізді бірде-бір сөгу сөздерін, әрине, қолданғаным жоқ және тегінде Булгаковқа қарсы жеке бастық ештеңе болмауына тырыстым. Жалпы алғанда бұл мақаланың сарыны менің рыноктер теориясы туралы Туган-Барановскийге қарсы жазған мақаламдағы[21] сарыннан титтей де қатаң емес) дәлел етіп қабылдамай тастар деп қатты қауіптенудемін. Сіз Каутскийдің кітабын оқып шыққаннан кейін және Булгаковты оқып аяқтағаннан кейін Сіздің пікіріңізді естуге өте қуанар едім: Булгаковтан атап айтқанда не нәрсені «дұрыс» деп табасыз? және Булгаковтың мақаласын журналда жауапсыз қалдыру мүмкін деп табасыз ба?

Затында, марксизмдегі Струве мен Булгаков (П. Б. мүмкін Булгаков *жағында* болу керек) әуестеніп жүрген бүкіл осы «жаңа сын бұлағы» маған өте күдікті сияқты көрінеді: «догмаға» қарсы «сын» туралы даурықпа желсөздер және сондайлар бар — ал сынның тіпті ешқандай да дұрыс нәтижелері жоқ. Дегенмен, булгаковтік à la мақаланы құрастыру үшін «критицизмді» және «кәзіргі кездегі» профессорлық «ғылымды» ұнатушылық болуымен қатар nec plus ultra-ға* дейін әдепсіздік керек болды.

Струвенің рыноктер туралы мақаласы жөнінде мен оған жауап жібердім[22]. Апай[23] маған: бұл жауап «Научное Обозрениеде» басылады, дәл сонда П. Б. да жауап беруге даярланып жатыр деп жазады. Сіздің: «мәселенің

* — ең ұшқары дәрежеге. *Ред.*

өзегі — абстракциялы ойланылатын жағдайдың нақтылы мүмкін еместігінде» дегеніңізбен және сенің П. Б— чке басты қарсылығың нақ мынада: ол абстракциялы-теориялық және нақтылы-тарихи мәселелерді шатастырып отыр дегеніңізбен мен келісе алмаймын. «Нақтылы мүмкін емес» нәрсе Маркс баяндап ұсынған орналастыру ғана емес, сонымен қатар ол ұсынған жер рентасы мен ол ұсынған орта пайда және жалақының жұмысшы күші құнына тең болуы да және көптеген басқалар да болып табылады. Бірақ жүзеге асырудың *таза* түрдегі мүмкін еместігі тіпті де қарсылық жасау деген сөз емес. Өзімнің «Этюдтердегі»[24] дәлелдерім мен «Научное Обозрениедегі» дәлелдерімнің арасында ешбір қайшылық бар деп білмеймін, сондай-ақ Струве оқушыларды соншама қорқытқан «буржуазиялық апологетизм» де бар деп білмеймін. Оның мақаласындағы маған әсіресе ұнамаған нәрсе — сыншыл философияны қыстырып орынсыз шатастырғандығы мен Маркстің құн және пайда туралы ілімі «қайшылықпен *даусыз* ақсап жатыр» деген тәрізді ескертуі. П. Б. бұл мәселенің *даулы* мәселе екенін өте жақсы біледі ғой,— олай болса «жаңа сын бұлағы» өкілдерінің бірде-біреуінен осы қайшылықтың жүйелі дәлелдемесі мен оны түзету жолын әлі де *алып көрмеген* жұрттың басын тұмандандырудың не қажеті бар?

Ал Zusammenbruch* теориясына қарсы Булгаковтың жасаған әрекеті ше (№ 3, 34-бет, ескерту)!!— Бернштейн туралы ешбір еске алмастан және тұжырымды «ғалыми» декрет сияқты етіп жасалған! Бернштейннің жаңа кітабы шыққандығын мен білемін, оған жазылдым да, бірақ жіберуі екі талай. Ол кітап туралы «Frankfurter Zeitung»-тегі** және «Жизньдегі» (жаман журнал емес! Беллетристикасы өте жақсы, тіпті барлығынан да жақсы!) мақалаларды оқып, менің мынаған әбден көзім жетті: мен Бернштейннің үзінді мақалаларын теріс түсініппін, шынында да оның өтірікке беріліп кеткендігі соншалық, Каутскийге жазған ашық хатында «Beiträge zur Geschichte des Materialismus»-тың*** авторы айтқандай,

* — (Капитализмнің) күйреуі, құлауы. *Ред.*
** — «Франкфурт Газеті». *Ред.*
*** — «Материализм тарихы жөніндегі очерктер». *Ред.*

оны атап айтқанда *begraben** тура келеді. Бернштейннің тарихты материалистік түрде ұғынуға** және сондайларға («Жизнь» бойынша) қарсы жасаған, мен үшін жаңа болып табылатын қарсылықтары өзінің әлсіздігімен таңдандырады. Егер Бернштейннің қызу қорғаушысы, ол үшін «ұрысысып» қала жаздайтын қорғаушысы П. Б. болса, онда бұл тіпті өте қайғылы нәрсе, өйткені оның Zusammenbruch-ке қарсы «теориясы» — Батыс Европа үшін сөзсіз тарөрісті теориясы — Россия үшін тіпті де жарамсыз және *қауіпті* теория. Сіз білесіз бе, ол теорияны біздің «жастар» (ультраэкономистер) кәзірдің өзінде пайдаға жаратып жүр, олар бір газетте Штутгарт жарыссөздерін *сондай* баяндаған, оларда Бернштейн, Пеус және басқалары «саясатты емес, экономиканы» қорғаушылар болып шыққан? Бұл тәрізді «одақтастар» туралы П. Б. не ойлайды? Егер Сіз ультраэкономистердің табыстарын Волгиннің және оның ең жақын жолдастарының жол табуы деп ойлайтын болсаңыз, менің ол жөнінде хабарым бар[25]; мені бұл аса қатты таңдандырды, сондықтан кәзірде мен ол жерде іс қалай болып жатқанын, келешек немен қуантарын жете түсіне алмаймын. Ультраэкономистермен арадағы бұл талас *толығымен және түгелімен* баспасөзде шықпағаны, меніңше, керемет зиян: баспасөзге шығу — істі айқындау үшін және белгілі дәлме-дәл принциптік ережелерді белгілеу үшін бірден-бір елеулі құрал болар еді. Ал енді міне толық былық туып отыр!

Менің кітапшам[26] шықты, мен оны Сізге жіберуді өтіндім (өзім әлі алғаным жоқ). Алғысөздегі P. S. кешігіп қалып, алдын ала цензураға түсті деп естідім және «жәбір көрген» болу керек. Сіздің ескертпелеріңізді қызыға күтемін.

Карелиннің кітапшасын жазғызып алып, Сіздің жібергеніңізді алмастан бұрын оқып шықтым. Кітапша маған

---

* — жерлеуге, табытқа салуға. *Ред.*

** Реті келген соң айта кетейін. «Тамаша алыстағы» біздің бір ортақ танысымыз: тарихты материалистік түрде ұғынуды — «метод» деп атағаным үшін мені ызамен сықақ етіп, түгімді қалдырмай ұрысқаны есіңізде ме? Ал, бақсақ, соншалық ауыр күнәға Каутский де кінәлы екен, ол нақ сол сөзді: «методты» қолданған («Жизнь», январь, II, 53-бет). Ол таныс туралы хабарыңыз бар ма? Денсаулығы тәуір ме екен? Ол жазады деген үміт бар ма?

өте ұнады: оны соншалық қысқартып қойғаны керемет өкінішті. Ол туралы рецензия жазбайсыз ба?

Бір танысым маған *А. П.*-ның «Журналдық заметкаларын» да («мұра» және «мұрагерлер» туралы) жіберді. Қызық нәрсе мынау: жалғасында бұдан былай да менімен айтысу ұйғарылды ма екен, жоқ па екен? А. П.-ның мақаласы маған өте-мете ұнады; ол мақаланы кесіп алғаннан соң номер қатты ойсырап қалды. Біздің арамыздан мен, шынымды айтсам, алауыздық көріп отырғаным жоқ: Сіз *басқа* мәселені алып отырсыз — шәкірттер жалпы орыс демократизміне қалай қарайтындығы туралы, олар одан бастарта ма, жоқ па деген туралы (мен *тек қана* осы туралы жазғанмын) мәселені алмай, игілі ескі уақытта әртүрлі демократтардың арасындағы қатынастар қандай болды деген туралы мәселені алғансыз. Мен Михайловскийдің: сіздер бейнебір жалпы демократизмнен бастартасыздар деген қатесімен ғана шұғылдандым, ал Сіз оның *екінші бір қатесін* — «мұрадағы» ең маңызды айырмашылықтарды «жуып-шаю» жөніндегі қатесін алып отырсыз. «Научное Обозрениенің» 3-номеріндегі Масловтың маған қарсы бағытталған ескертуін көрдім, бірақ, шынымды айтсам, ол мені қызықтырмады. Я, реті келген соң айта кетейін, А. П.-ның мақаласының кесіндісі менің: Скалдиннен гөрі неғұрлым айқын мұра қалдырушыны алу «ыңғайсыз» деген пікірімді дәлелдеді (күйінішті дәлелдеме!!). Ал жалпы алғанда, менінше, журналдың әуені — «өлім алдындағы» әуен. Егер осылай болса, онда дем біту мен өлім — уақыт мәселесі ғана. Мұның өзі сол ведомстводағы Ratlosigkeit-ке* және созбұйдалыққа жалдаптық жасау ғана ғой және т. т. Іске зиян келтірмей және пайдасыз болмайтындай етіп тілге ие болуға болатын еді ғой. Рас, қазіргі кездегі әуенмен салыстырғанда біздің «Материалдар»[27] «баяулық» пен «көрнектіліктің» үлгісі бола алар еді...

Қолыңызды қысамын. *В. У.*

Ерінбесеңіз жиірек жазып тұрыңыз, әйтпесе журнал жаңалықтарын мен тіпті ешкімнен біле алмаймын.

Заказды бандероль етіп «Historische Berechtigung»-ті**

* — әлсіздікке. *Ред.*

** — «Тарихи актау». *Ред.*

жіберіп отырмын. Кітаптарды қайтарып беру жөнінде мені салақ екен деп ойлай көрмеңіз: Сіз қайтарып беру мерзімі туралы жазған жоқсыз ғой, сондықтан мен оқып шығуға бере тұр деп сұраған жолдастардан бастартқаным жоқ. Карелиннің соңын жіберсеңіз өте рыйза болар едім.

Сізде Каутский туралы ешқандай неміс пікірлері жоқ па? Мен тек «Frankfurter Zeitung»-тен ғана оқыдым — à la Булгаковтай ашулы және құрғақ жазылған.

Журналдың[28] кітапшалары, жалпы және тұтас алғанда, маған өте ұнайды. Олардың редакциялануы тамаша. Гвоздевтың кітабын оқыдыңыз ба және ол туралы не ойлайсыз?

*Шушенское селосынан*
*Вятка губерниясындағы Орлов*
*қаласына жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

7

## А. Н. ПОТРЕСОВҚА

27. VI. 99.

Өткен жұмада, 18-інде, Сіздің 2. VI жазған хатыңызды алдым, бірақ Сіз жіберемін деп жазған Mehring-ті* де, Карелинді де *алғаным жоқ*. Әуелі, почтада бөгет болған шығар деп ойлап, біраз тостым, ал енді посылка не жоғалып кетті, не Сіз оны жіберуді кейінге қалдырды деп ойлауым керек. Егер алдыңғы ойым дұрыс болса, онда кешіктірмей арыз беріңіз.

Менің кітабым[13] туралы Сіздің пікіріңіз мені өте қуантты. Дегенмен, оның аудармасы жөнінде Сіз асыра айтпадыңыз ба екен деген ой келеді: былайша айтқанда, тазажергілікті және ұсақ фактылармен лық толы нәрсені немістердің оқый қоюы күдікті нәрсе. Рас, Н.— оны жақсы аударған (бірақ онда, сірә, Энгельстің атағы мен ұсынуы өте көп болған болу керек, бірақ монистің сөзі бойынша, Энгельс ол кітапты сынауға да ойланған көрінеді). Сіз неміс әдебиетінде ол кітап жөнінде айтылған пікірлер кездестірдіңіз бе? Егер мен қателеспесем, оны француз тіліне де аударған. Мені Сіздің мына сөздеріңіз: сенің кітабыңды «ақыры тауып алуыма сәті түсті» деген сөзіңіз біраз таңдандырды... Сіз оны Москвадан немесе Питерден алған жоқ па едіңіз? Мен оны Сізге де, өзімнің басқа таныстарымның бәріне де жіберуді сұрағамын, ал таныстарымның бәрі де оны алыпты. Егер Сіз алмаған болсаңыз, хабарланыз, мен Москваға тағыда жазып жіберейін. Баспасөзден мен ол жөніндегі пікірлерді осы уақытқа дейін көргенім жоқ, күзден ерте кездестіремін деп күтпеймін де,— айтқандай-ақ газеттерден мен «күн-

* — Мерингті. *Ред.*

дежеу әдебімен» шығарылып келе жатқан «Русские Ведомостидің» ғана оқимын...

Булгаковтың «Archiv»-тегі мақаласын оқып шықтым. Мен оған, оның үстіне неміс жұртшылығына жауап жазам деп ойламаймын: 1-ден, мен немісше жаза алмаймын; 2-шіден,— және бұл ең бастысы, өйткені орысшадан аударатын аудармашыны, мүмкін, табуға да болар еді,— менің орыс жұртшылығы үшін жазғанымдай, яғни Каутскийдің кітабын толық баяндап жазғанымдай рухта жазылған мақала неміс жұртшылығы үшін мүлде жарамайды. Булгаковтың айырықша көрсеткендеріне (герман статистикасының мәліметтері бойынша) мен жауап бере алмаймын, өйткені материалдарым жоқ. Оның жалпы көзқарасы (кантшылдық және... бернштейндік көзқарасы, егер осылай деуге болатын болса) туралы да *немістерге арнап* жазбаймын. Немістердің орыс шәкірттер жөніндегі түсінігіне түзету енгізу шынында да керек деп ойлаймын, бірақ бұл үшін (егер ерекше мақала жазуды ешкім қолға алмаған болса) менің Булгаковқа қарсы жазылған мақалам[10] туралы, бұл мақала орыс журналына басылып шыққан кезде, жай заметка жазса да жеткілікті. Егер мақала мүлде басылмай қалса... «Началоның» құруы салдарынан және «Жизньнің» немесе цензураның бастартуы салдарынан... онда мәселе елеулі түрде басқа түр алады.

Орыс шәкірттерінің «таңқаларлық жаңалықтар ашуы» мен олардың неокантшылдығы жөнінде мен барған сайын ызалана түсудемін. Туган-Барановскийдің «Научное Обозрениенің» 5-нөмеріндегі мақаласын оқып шықтым... Неғылған есуастық және өркөкіректік сандырақ екенін шайтан білсін! Маркстің доктринасын тарихи тұрғыдан ешбір үйренбестен, ешбір жаңа зерттеулер жүргізбестен, схемалардағы қателердің негізінде (қосымша құнның нормасын өзбетімен өзгерту), тек ерекше ретте ғана болатын жағдайды жалпы ережеге айналдырып дәріптеудің негізінде (өнімнің құнын кемітпестен еңбек өнімділігін арттыру: егер мұны жалпы құбылыс деп қана алсақ — бұл сорақы нәрсе), осының негізінде «жаңа теория» туралы, Маркстің қатесі туралы, қайта құру туралы мәлімдеу... Жоқ, мен Сіздің: Туган-Барановский барған сайын

Genosse* болып келеді деген хабарыңызға сене алмаймын. Оны «жаңғырық адамы» деп атағанда Михайловский дұрыс айтқан: оның «Мир Божийдегі» мақаласы («Бельтовша» жазылған мақаласы есіңізде ме? 95 жылғы) және осы мақаласы іш тартатын сыншының осындай қатал пікірін дәлелдейді. Оның жеке бас қасиеттері жөнінде менің Сізден және Надядан[21] естігендерім де осыны дәлелдейді. Әрине, түпкілікті қорытынды шығару үшін мұның бәрі аз, сондықтан менің қателесіп кетуім өте мүмкін нәрсе. Оның мақаласы туралы Сіздің пікіріңізді білу жақсы болар еді.

Я, оның үстіне мұның өзі — «социологиялық» және «экономикалық» категорияларды ажыратып қараудың Струве таратып жіберген («Научное Обозрениенің» 1-номерінде) және П. Берлин де («Жизньде»), Туган-Барановский де қайталап отырған идеясы. Бұл идея, меніңше, кантшылдар «ұғымдарды сынау» немесе тіпті «гносеология» деген даурықпа атпен атап отырған ұғыммен ең мазмұнсыз түрде және барып тұрған схоластикалық түрде ойнаудан басқа ештеңе бермейді. Мен мүлде мынаны түсінбеймін: мұндай ажыратып қараудың қандай мағнасы болады?? экономикалық ұғым қалайша әлеуметтік ұғымнан тыс бола алады??

Айтпақшы неокантшылдық туралы. Сіз кімнің жағына шығасыз? Мен «Beiträge zur Geschichte des Materialismus»-ты** аса зор құмарлықпен оқып шықтым және қайта оқып шықтым, нақ сол автордың Бернштейн мен Конрад Шмидтке қарсы мақаласын «Neue Zeit»тен*** оқып шықтым («Neue Zeit»-тің 98—99 жылғы 5-номерінде: одан кейінгі номерлерін көргем жоқ), біздің кантшылдар (П. Струве мен Булгаков) дәріптеген Stammler-ді («Wirtschaft und Recht»)**** оқып шықтым, сөйтіп үзілді-кесілді түрде монист жағына шықтым. Әсіресе мені Stammler ыза қылды, мен онан әйтеуір жаңа, мазмұнды бірдеңеге меңзеу жасауды көруден де бастартамын... Түгелдей erkenntnistheoretische Scholastik*****! Нағыз орташа юриске, бұл соңғы сөздің ең жаман мағнасында айт-

* — жолдас. *Ред.*
** — «Материализм тарихы жөніндегі очерктер». *Ред.*
*** — «Жаңа Заман». *Ред.*
**** — Штамлерді («Шаруашылық және право»). *Ред.*
***** — теориялық-таным схолостикасы. *Ред.*

қанда, берілген есуастық «анықтамалар» және олардан шығарылған есуастығы кем емес «қорытындылар». Stammler-ден кейін мен Струве мен Булгаковтың «Новое Словодағы» мақалаларын оқып шығып, неокантшылдықпен шынында да шындап есептесу қажет екен деп таптым. Мен тіпті шыдай алмадым, сөйтіп Струвеге жауап ретінде де (оның «Научное Обозрениедегі» мақаласына жауап ретінде[32]. Бұл жауаптың басылуын неліктен және кімнің бөгеп жатқанын,— жете түсінбеймін. «Научное Обозрениенің» 6-номерінде болады деген еді. Онда да жоқ. Ал оның бержағында менің үндемеуім мен үшін ыңғайсыз нәрселерді туғызып отыр: мысалы, Неждановтың «Жизньнің» 4-номеріндегі мақаласы), Булгаковка жауап ретінде өзімнің ескертпелерім мен оған қарсы пікірлерімді жазып қойдым. «Шыдай алмадым» деймін, өйткені философия жөнінен өзімнің білімсіз екенімді өте жақсы түсінемін және оқып-үйренбейінше, бұл тақырыптарға жазуды ойламаймын. Қазір нақ осымен шұғылдануудамын. Гольбах пен Гельвецийден бастап, Кантқа көшуді ойлаймын. Философияның басты-басты классиктерінің басты-басты шығармаларын тауып алдым, бірақ неоканттық кітаптарым жоқ (Лангені ғана жазғыздым). Олар Сізде немесе Сіздің жолдастарыңызда бар ма және Сіз олардан бөліп бере алар ма едіңіз, соны хабарлаңызшы.

Нақ сол мәселе жөнінде «Началоның» 5-номерінде (май,— социалық төмен дәрежеге дейін бишара болған номерінде) Богдановтың кітабына берілген рецензия мені өте-мөте қызықтырды. Бұл кітаптың шығуы туралы хабарландыруды менің қалайша байқамағанымды түсінбеймін. Оны енді ғана жазғыздым. Мен Богдановтың бірінші кітабынан-ақ оны монист шығар деп күдіктеніп едім, ал оның екінші кітабының тақырыбы мен мазмұны менің күдіктерімді күшейте түсті. Ал мына рецензия не деген әлепсіз-мазмұнсыз және әлепсіз-өркөкірек рецензия! Мәні жөнінен бірде-бір сөз жоқ және... Богданов кантшылдықты *елемейді* емес, қайта, философияда басқа көзқараста бола отырып, оны *қабылдамайтындығы* рецензенттің өз сөзінен көрініп отырса да, оны кантшылдықты елемедің деп сөгеді... Мен (егер Богданов жөнінде қателеспесем) бұл рецензияны жауапсыз қалдыру мүмкін емес деп ойлаймын. Бір ғана нәрсені түсінбеймін: «Новое Словодағы» Струве мен Булгаковтың Энгельске қарсы жа-

зылған мақалаларын Каменский қалайша жауапсыз қалдыра *алды!* Сіз маған осыны түсіндірмейсіз бе?

Питерде марксизмге қарсы басталған реакция туралы Сіздің хабарыныз мен үшін жаңалық болды. Аң-таң болып отырмын. «Реакция» — демек, марксистердің арасынан шыққаны ғой? Қандайынын арасынан? Сол П. Б.-ның ба? Либералдармен бірігу тенденциясын дамытып жүрген сол және оның К° ма?? Сіздің түсіндірмелерініңізді соншалық шыдамсыздықпен күтемін. «Сыншылар» *тіпті ештеңе де берместен,* тек жұртшылықты шатастырып отыр дегенге, бұған мен толық қосыламын, сондай-ақ олармен (әсіресе Бернштейн жөнінде) шындап күресу қажет екендігімен де (жалғыз-ақ, күрес бола ма, қайда күресу керек?...) қосыламын. Егер П. Б. «Genosse болудан мүлде қалатын болса»,— өз обалы өзіне. Бұл, әрине, барлық Genossen үшін орасан шығын болады, өйткені ол өте талантты және білгір адам, бірақ, әрине, «достық — өз жөнімен, ал қызмет — өз жөнімен», сондықтан бұдан күрестің қажеттігі жоғалмайды. Сіздің «қаһарланууыңызды» (монист жөнінде «өте жексұрын» (sic!!!*) деген эпитетті қолданудан — не үшін қолданған? «Neue Zeit»-тегі мақалалары үшін бе? кім кімді begraben** деген туралы Каутскийге жазған ашық хат үшін бе? — туған қаһарлануыңызды) әбден түсінемін, оған ортақтаспын және Сіздің бұл қаһарлануды ашық білдірген хатыңызға оның беретін жауабына өте қызығамын. (Bernstein-ді әлі де көрген жоқпын). Gründliche Auseinandersetzung***, әрине, керек, бірақ ол «Началода» немесе «Жизньде» шықпайды және шыға да алмайды: марксизмнің «сыншыларына» қарсы жекелеген мақалалар ғана шығады. Оған нақ 3-ші түрдегі әдебиет[68] пен Platform**** керек қой (егер мен Сізді дұрыс түсінген болсам). Ақырында, тек сонда ғана Genossen «бөгде» «өрекпілерден» бөлінетін болады, тек сонда ғана ешқандай жеңілтек әуестенушіліктер мен теориялық «таңқаларлық жаңалықтар ашу» ала-сапыран туғызбайтын, анархия жасамайтын болды. Бұл арадағы кінәның бәрі — қарғыс атқан россиялық іріткі салушылықта!

---

* — осылай!!! *Ред.*

** — жерлейді. *Ред.*

*** — түбірінен межелену, меже жасау. *Ред.*

**** — платформа. *Ред.*

Сіздің мұра туралы мақалаңыз (мен тек 1-шісін ғана оқыдым) қалайша питерліктерге қарсы бағытталғандығы — мен үшін түсініксіз. «Кезексіз» деген мақалаларды көрген жоқпын. Жіберіңіз.

Blitzableiter* жөнінде толығырақ, жете әңгімелескім келеді. Бірақ мұны, сірә, екінші бір жолы жазармын. Менің мерзімім 29. I. 1900 бітеді. Тек тағыда мерзім қоспаса екен — мерзім қосу деген Шығыс Сибирьдегі жер аударылғандарға жиі душар болатын орасан зор бақытсыздық. Псков туралы арман етемін. Ал Сіз не туралы арман етесіз?

Надя сәлем айтады.

Қолыңызды қатты қысамын. *В. У.*

*P. S.* Кәзір өзімнің Булгаковқа қарсы жазылған мақаламның соңын черновиктен қайта оқып шығып... ондағы менің сөзімнің сарыны — ымыраластырушы сарын екенін көрдім:... мен «сыншылардың», бейнебір, «ортодоксальды» және батыл жауымын (мен мұны тура айттым), *бірақ* бұл алауыздықтарды ортақ жауларымыздың алдында [Булгаков мырзаның істеп отырғанындай] асыра көрсетпеу керек деппін. Егер «өте жексұрын» деген... тәрізді сөздер тарала бастаса, егер «сыншылар» біржолата межеленуді тудырса, онда бұл «ымыраластырушы» сарын [мен өзімді жұмсақ ұстауға және Genosse есебінде айтысуға бар күшімді салып тырысып бақтым] орынсыз болып немесе тіпті күлкілі болып шығуы өте-мөте мүмкін нәрсе. Онда мен «кінасыз кіналы» болып шығар едім: Бернштейннің кітабын керместен, «сыншылардың» көзқарастарының *бәрін* білместен, «жап-жақсы қашықтықта» жатып, мен [осы мақаланы жазған кезімде] әлі де мүлде «бұрынғыша», жай «Началоның» қызметкері ретінде ғана қарадым... Менің: «сын» тап күресінің теориясын қозғаған жоқ деген пікірім — дұрыс емес болу керек?

*Шушенское селосынан*
*Вятка губерниясындағы Орлов*
*қаласына жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — жай қайтарғыш. *Ред.*

## 1900 ж.

### 8

***[34]

5 сентябрь, 1900. Нюренберг.

Аса қадірлі жолдас! Сонымен, біздің көрісуімізге реті келмеуге тиіс: біз Майнцке де, Парижға да баруды ойламаймыз, бұл жерден ертең жүріп кетеміз[35]. Бұл өте өкінішті, бірақ хат жазып әңгімелесумен келісуге, сонымен тынуға тура келеді.

1-шіден, Сіздің бірінші хатыңыздың бір ескертуіне түзету енгізуге асығамын,— бұл түзетуді менің бейнебір «кездесуге уәде бергендігім» жөнінде Сізге айтқан *адамға да* айтуыңызды Сізден сұраймын. *Кездесем деді деу дұрыс емес.* Мен кездесемін деп уәде бергенім жоқ, мен былай дедім: біз шетелде болатын кезімізде Одақпен[36] *ресми түрде* (яғни өзіміздің тобымыздың атынан) қатынас жасаймыз, *егер бұл үшін қажеттілік болатын болса,* дедім. Бұл шарт жөнінде Г. бекер ұмытқан, сондай-ақ Сізге менің онымен жеке өз атымнан ғана сөйлескенімді, демек, біздің топтың шешімін күнілгері болжап, бұл тәрізді бірдеңеге уәде ете *алмағанымды* қоса айтуды да ұмытып кеткен. Біз мұнда екінші жақты[37] тыңдап, съезд туралы және жіктеліс туралы білгенімізде, біз ресми қатынас жасаудың енді қажеті жоқ екенін білдік. Бар болғаны осы. Демек, Одақтың менімен «таласуға» *тіпті ешқандай да правосы* жоқ, ал мен Г. біздің әңгімеміз туралы бөтен адамдарға айтқан, біздің тобымыз Одақпен қатынас жасағанға дейін, *тұтқынға алынған адамнан басқа ешкімге* хабарламаймын деп маған *формалды түрде* уәде бере тұрса да айтып қойған деп таласамын. Сіз оның талабы туралы маған жеткізген екенсіз,— онда, Парижде болғандығыңыздан, менің осы талабымды оған да жеткізуден

бастартпассыз деп сенемін. Егер «аңыз керемет кең тарап бара жатса»[38], онда бұған нақ Г. кінәлі*.

Онсоң, іске мәні жағынан көшейік. Қосылу *мүмкін емес*. Федерация да,— егер бұл сөзді оның нағыз мағнасында, яғни белгілі келісім, договор, өзара міндеттемелер, т. с. деп түсінетін болсақ,— мүмкін емес. «Бір-біріне қолдан келетін көмек жасауға тырысу»— мұның өзі федерациямен байланысты емес деп ойлаймын, бұл онсыз да мүмкін болатын нәрсе, мұның жүзеге асырылуы оңай ма, оңай емес пе екенін білмесем де, жалпы алғанда бұл мүмкін болатын нәрсе. Егер де Одақ мұны шын тілеген болса, онда оның бізге ең басынан-ақ ультиматумдар қойып, бойкот жасаумен қорқытуы (Сіздің хатыңызды берген адамның сөздерінің мағнасы нақ осындай болды) екіталай болған болар еді: қарым-қатынастарды жақсарту үшін бұл жәрдем ете алмайды.

Біз дербес әдеби топ болып табыламыз. Біздің дербес күйімізде қалғымыз келеді. Біз Плеханов және «Еңбекті азат ету» тобы сияқты күштерсіз іс жүргізу мүмкін емес деп есептейміз, бірақ бұдан: біз *өз дербестігіміздің бір бөлшегін* де жоғалтамыз екен деп *қорытынды жасауға ешкімнің де правосы жоқ*. Ең алдымен «Еңбекті азат ету» тобына біздің қалай қарайтындығымызды білгісі келетін адамдарға біздің *қазірде* айтатынымыз *осы* ғана. Кімде-кім бұған қанағаттанбайтын болса, ол адамға: егер сіз біздің сөзімізге сенбейтін болсаңыз, онда біз туралы біздің ісіміз бойынша төрелік айтыңыз дегеннен басқа, біздің айтатын ештеңеміз жоқ. Ал егер *қазіргі кезең* туралы емес, азды-кепті таяу *болашақ* туралы айтатын болсақ, онда арамызда жақын қарым-қатынастар болатын адамдарға «Еңбекті азат ету» тобы мен біздің арамыздағы қатынастардың *формасы* туралы біз неғұрлым толық мәліметтерді хабарлаудан, әрине, бастартпаймыз.

Сіз: Одақпен қандай қатынастарыңыз болады? деп сұрарсыз. *Әзірше ешқандай да қатынастар болмайды*, болмайтын себебі: біздің *берік* шешіміміз — дербес топ болып

* 2-шіден, істің мәнінен кішкене шегініс: мен Г.-ні де, *мұны көргеніме бірнеше күн болды*, екінші жақты да тыңдадым. Ал Сіз одақтастарды тыңдадыңыз, болғаны сол-ақ: екінші жақтың айтарлықтай ықпалды және беделді өкілдерін Сіз тыңдаған жоқсыз. Сондықтан, менінше, «audiatur et altera pars» («екінші жақты да тыңдау керек». *Ред.*) деген ережені алдымен Сіз бұзғансыз.

қалу және «Еңбекті азат ету» тобының барынша атсалысуымен пайдалану, ал бұл шешім Одақтың сенбеушілігін туғызып отыр. ол: сендер өздеріңнің толық дербестіктеріңді қорғап қала алмайсыңдар, сендер айтыстың «мүмкін емес» (Сіздің сөзіңіз) әуеніне түсіп кетесіңдер деп қорқады. Егер біздің жұмысымыз Одақтың осы сенбеушілігін таркататын болса, онда бізде жақсы қатынастар жолға қойыла алады; егер тарата алмаса, онда болмайды. Voilà tout*. Сіз: «Одақтың назары Сіздерге аударылып отыр» деп жазасыз; бірақ Одаққа біздің тек әдеби жағынан ғана көмектесе алатындығымыз айқын, және қазіргі уақытта, біздің тіршілік шіріндеріміздің бәрі өзіміздің тууға тиіс болып отырған нәрестемізді[39] коректендіруге жұмсалуға тиіс болып отырған кезде, біз бөтеннің балаларын коректендіруді мойнымызға ала алмайтындығымыздың айқындығы да кем емес.

Сіз: 1) принциптік алауыздықтар жоқ және 2) Одақ «экономикалық бағытқа» қарсы күрес жүргізуге өзінің бел байлағандығын іс жүзінде дәлелдеуге әзір деп жазасыз. Біз: осы екі пункт жөнінде де *Сіз қателесіп* отырсыз деп *сенеміз.* Біздің сеніміміз мынадай әдеби шығармаларға: Anti-Credo-ға[40] *соңғы сөзге,* Vademecum-ге *жауапқа, «Рабочее* Делоның» *6-номеріне,* «Европалық жұмысшы қозғалысындағы бетбұрыс пункт» деген кітапшаның *алғы сөзіне* және басқаларға негізделген. Біз принциптік алауыздықтардың жоқтығы туралы пікірді *әдебиет жүзінде* теріске шығаруға ойлаймыз (сондықтан бізде Одаққа деген *кейбір* қатынастар: айтысушылардың арасындағы қатынастар болады).

Енді соңғы *және басты* нәрсе: Сізде «көзқарастардың өте, өте шұғыл өзгерісі» бар деп тауып, біз дұрыс айттық па, жоқ па? Россияда не болғанын еске түсіріп көрейік: біздің *дербес* әдеби іс құрғымыз келетінін Сіз *білдіңіз,* Плехановты біздің жақтайтынымызды Сіз *білдіңіз.* Демек, Сіз *бәрін де* білдіңіз және бұл іске қатысудан бастартпағаныңыз былай тұрсын, қайта *«біздің»* іс деген сөзді сіз өзіңіз қолдандыңыз (Сіздің пәтеріңізде en trois** соңғы әңгімелескеніміз есіңізде ме?), сөйтіп оныңыз арқылы бізге Сізден *барынша* атсалысуды күтуге негіз бердіңіз.

---

* — Бар болғаны осы. *Ред.*

** — үшеуіміздің. *Ред.*

Ал енді былай болып шығып отыр: Сіз атсалысу туралы *бір де сөз* айтпайсыз, Сіз бізге «қалай болған күнде де шетелдік дау-жанжалды келістіру керек» деген «міндетті», яғни біз қолымызға алмаған және *қолымызға алмайтын* міндетті қойып отырсыз,— әрине, бұл ретте біз «Еңбекті азат ету» тобының атсалысуы арқылы *дербес іс* құруымыз дау-жанжалды жөнге салуға негіз құра алады деген үмітімізді жоймаймыз. Кәзір Сіз, сірә, біздің тобымыздың *дербес* іс құруының мақсатқа сәйкес келетіндігіне күмәнданатын болуыңыз керек, өйткені Сіз: «біреуі екіншісін ретсіз, өзбетімен әрекет етуге қалдыратын» 2 ұйымның өмір сүруі іске зиянды болады деп жазып отырсыз. Сіздің көзқарастарыңыздың кілт өзгергендігі бізге күмансыз сияқты. Біз енді Сізге біздің ісіміздің жайы қалай екендігін толық ашықтықпен баяндап бердік және «алда тұрған міндеттер жөніндегі» мәселе бойынша біздің пікір алысуымыз осымен тынып қалмаса, біз өте қуанған болар едік.

Адрес: Nürnberg, Ph. Roegner.

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

9

## Н. К. КРУПСКАЯҒА

Саған істер жөнінде жазып жіберейін деп көптен бері ойлап жүрмін, бірақ әртүрлі жағдайлар ылғый бөгет жасап жүр. Мен тіпті недәуір, тіпті асқан ығы-жығы ортасында тұрамын — және мұның өзі (NB*) ығы-жығыдан сақтанудың ерекше, әдеттен тыс шараларына қарамастан болып отыр! Жалғыз өзім тұрамын деуге болады — солай дегенмен де ығы-жығы толып жатыр! Бұл — жағдайдың әрбір жаңғыруы кезінде лажсыз, даусыз болатын ығы-жығы делік, сондықтан құдайға реніш білдіру күнә болар еді, бір жақсысы мен өзіміздің сүйікті кітап сатушы тәрізді онша күйгелек емеспін, ол осы ығы-жығының әсерімен қаралы мұңды күйге түсіп, дереу жүні жығыла қалады. Ығы-жығымен қатар көптеген жақсы жақтары да бар! Жарар, енді шетелдік «Орыс Социал-Демократтарының Одағындағы» істер жөнінде айтып берейін, фактылардың және *екінші* жақтың әңгімелерінің негізінде айтып берейін...

Біріншіден, «Рабочее Делоны» жақтаушылардың лақаптарының әсерімен Россияда Vademecum туралы мүлде теріс түсінік өріс алып отыр. Олардың сөзіне құлақ салсаңыз,— мұның өзі жеке адамдарға, т. с. қысым жасаудан басқа түк те емес, өзін өзі өктем етуден басқа, жеке адамдарды масқаралаудан барып ұсақ-түйектерді көпірткеннен басқа ештеңе емес, «жол берілмейтін» тәсілдерді қолданудан басқа ештеңе емес etc. Ал іс жүзінде бұл мәселеде *принциптік* жағы *басым*, орасан зор дәрежеде басым болып отыр, сондықтан жеке адамдарға шабуыл

* — Nota bene — есіңізде болсын. *Ред.*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00198977

жасау тек қосымша ғана, «жастар» туғызуға әрекет жасаған, шатастырылған және соншалық шиеленістірілген қатынастар тұсында болмай қоймайтын қосымша ғана. Vademecum — бұл — зар қағу, дөрекі экономизмге қарсы, социал-демократияның «ұяты мен масқаралығына» қарсы айтылып отырған түп-тура зар қағу. «Маған осындай ұятты бастан кешіруге тура келеді деп, мен ешқашан да ойлаған жоқпын»,— деп айқайлайды Плеханов өзі жариялаған документтерге жазған алғысөзінің сонында. «Бұл былықпай және масқара жағдайдан біз қалай еткен күнде де шығуымыз керек. Бұл тәрізді шатасушылыққа шыдамдылықпен төзіп отырған партияға қасірет төнер!» Сондықтан Плехановқа бағытталған барлық айыптауларға қарсы ең алдымен мынаны үзілді-кесілді анықтау керек: оның кітапшасының *бүкіл мәні* мынада— атап айтқанда «кредизм» мен «кусковашылдықтың» «масқаралық» принциптеріне қарсы соғыс жариялауында, атап айтқанда принциптік жіктелісте, ал «Одақтағы» жіктеліс пен «жан-жал»— осы принциптік алауыздықтың *қосымша* нәтижесі ғана.

Егер принциптік жіктеліс осындай «жанжалмен» қосылған болса (шетелдік «Орыс Социал-Демократтары Одағының» апрельдегі (1900) съезінде іс *тура* жанжалға дейін, есінен адасуға дейін және сондайларға дейін барды, Плехановтың кетіп қалуы да осыдан туды),— егер бұл осылай болып шыққан болса, онда бұл женіндегі кіна *жастарға* жүктеледі. «Еңбекті азат ету» тобына қарсы 1898-ші жылдың ішінде жүргізілген үздіксіз, табанды және әділетсіз күресті жастар нақ экономизм тұрғысынан жүргізді,— «әділетсіз» болатын себебі: олар өздерінің *туын* ашықтан-ашық көтермеді, олар бәрін де құр беталды «Россияға» аударды (Россияның анти-«экономикалық» социал-демократиясы туралы үндемеді), олар өздерінің байланыстары мен өздерінің практикалық ресурстарын «Еңбекті азат ету» тобын ығыстырып шығару үшін, оның «масқаралық» идеялар мен масқаралық жете ойланбаушылықты өз қатарына жібермеу тілегін — жалпы алғанда «жас күштер» атаулыны жібермеу тілегі деп жариялау үшін пайдаланды. «Еңбекті азат ету» тобына қарсы бұл күрес, оны осылай ығыстырып шығару үн-түнсіз, елеусіз түрде, «жеке» мәселе түрінде жүргізілді, «жеке» хаттар мен «жеке» әңгімелер арқылы жүргізілді,—

жай және тура айтқанда: *интригалар* арқылы жүргізілді, өйткені «Еңбекті азат ету» тобының орыс социал-демократиясындағы ролі туралы мәселе ешқашан да *жеке* іс болған емес, ешқашан да болмайды және ешқашан да бола да алмайды. *Жастар* карттарға қарсы «жаңа» көзқарастарды жарыялады, бірақ жастардың бұл көзқарастарды шеберлікпен және дипломатиялық түрде жасырғаны соншалық (олар үшін көзқарастар туралы мәселенің өзі де *жеке* іс болды деп дәлелдей отырып) — таластарды *баяндауды қарттардың* жасауына тура келді. «Біз жастармен арадағы таластарымыздың мазмұндамасын СПБ.-ға жібердік»,— деп жазады Плеханов (Vademecum-ның XLVII беті). Сонымен «Еңбекті азат ету» тобы 1898 жылдың өзінде-ақ ол үшін бүкіл мәселе — жастардың социализмді толық жоққа шығаруға дейін құлдырай алатын жастардың нақ принциптік толқуында екендігін *дәлелдеді,*— сол 1898 жылдың өзінде-ақ «Еңбекті азат ету» тобы ой толқуына қарсы орыс социал-демократиясына *үндеу* салды,— бірақ бұл үндеу сақарада зарққан адамның үні болып қана шықты, өйткені 1898 ж. жазындағы сәтсіздіктерден кейін партияның аса көрнекті қайраткерлерінің бәрі ұрыс даласынан аластатылды, сөйтіп бұл үндеуге жауап ретінде бір ғана *«экономистердің»* дауысы шықты.

Осыдан кейін «Еңбекті азат ету» тобының редакциядан шығуы таңданарлық нәрсе емес, «экономизмге» қарсы ашық күрестің барған сайын қатаң және сөзсіз болуы таңданарлық нәрсе емес. Бірақ бұл арада «экономикалық» бағыттың адамдарына өздерінің «Еңбекті азат ету» тобына деген ата жаулығы өздерін осы экономистерге әкеліп біріктірген адамдар көмекке келді, сөйтіп бұл адамдар қоқсықты үйден шығармастан, «экономизмнің» бетінен қақпау әрекетінен де тартынған жоқ, «экономизмге» социал-демократизм жалауының астында, екі ененің емшегін еметін еркелеген бұзауға еліктегісі келетін жаңа редакцияның екі-ұшты мәлімдемелерін бүркеніп, өзінің идеяларын «жеке» насихаттау тактикасын жүргізе беруге — оның үстіне өлшеусіз зор қолайлылықпен жүргізе беруге — мүмкіндік беру әрекетінен де тартынбады.

«Рабочее Делоның» бірінші номерінде-ақ жаңа редакция: «экономистерге» қарсы шыға отырып, «П. Б. Аксельрод қандай жас жолдастар туралы айтып отырғанын біз

білмейміз» деп мәлімдеді; — ол мұны «жастарға» қарсы күрес шетелдік Одақтың соңғы жылдардағы бүкіл тарихын құрағандығына қарамастан мәлімдеді, ол мұны «Рабочее Дело» редакциясының құрамында *өзі де* «экономикалық» бағытты *қолдайтын* адамның (В. И — н мырза) болғандығына да қарамастан мәлімдеді. «Рабочее Дело» редакциясының осы кішкентай және *(сірә)* жол жөнекей айтыла салған ескертуі («П. Б. Аксельрод қандай жас жолдастар туралы айтып отырғанын біз білмейміз») қалайша ұшқын, өрт шығарған, нағыз құмарлық айтысты өршіткен ұшқын болып табылғаны, сөйтіп іс шетелдік Одақтың жіктелуімен және оның құлауымен аяқталғаны мәселеден сырт тұрған адамға, орыс социал-демократиясы мен шетелдік социал-демократиялық одақтың соңғы жылдардағы тарихына ой жібермейтін адамға мүлде түсініксіз және ғажап нәрсе болып көрінуі мүмкін. Ал солай бола тұрса да, ғажап болып көрінетін осы жағдайда ештеңе ғажаптық жоқ. «Рабочее Делоның» редакциясының осы редакцияның В. И — н мырзаның мақалаларын басып шығаруымен байланысты жасаған кішкентай ескертуі *орыс социал-демократиясының таяудағы міндеттері мен аса зәру талаптарын екі түрлі түсінудің арасындағы түбірлі айырманы* толық айқындықпен көрсетті. «Экономизм» жөніндегі бірінші түсінікті laissez faire, laissez passer* деген сөздермен білдіруге болады, бұл — экономизмге ымырашылдық көз қарас тактикасы, экономизмнің «ұшқарылығын» бүркемелеу такикасы, экономизмді оған қарсы жүргізілген тікелей күрестен қорғау тактикасы, «еркін сынау», яғни марксизмді буржуазияның тікелей және өңі айналған әртүрлі идеологтары тарапынан еркін сынау тактикасы. Екінші түсінік экономизмге қарсы үзілді-кесілді күресті, марксизмнің құнын түсіріп, оның өрісін тарылту қаупіне қарсы ашықтан-ашық қарсылық білдіруді, буржуазиялық «сыннан» біржолата қол үзуді талап етті.

*1900 ж. сентябрьде жазылған*
*Мюнхеннен Уфаға жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — істің өз ретімен жүруіне мүмкіндік беріңіздер. *Ред.*

## 10

## А. А. ЯКУБОВАҒА

26. X.

Сіздің 24. X жазған хатыңызды кеше алдым және, Сіздің өтінішіңіз бойынша, дереу жауап жазып отырмын.

Хатты қәзір беріп жібере алмаймын: мендегі адрес бойынша мен хатты желімдеп жапсырып жібермеймін, тек химиялық жолмен жіберемін, ал хатты бұл тәсілмен көшіріп жазуға уақытым жоқ. Кеше адресатқа хаттың мәні неде екенін жазып жібердім, жақын арада оған бүкіл хатты да хабарлармын деп сенемін. Ал, мүмкін, Сіз түптелмеген кітапқа оны химиялық жолмен көшіріп жазарсыз,— онда дереу жіберемін.

Адресті апайға хабарлаймын: ол сентябрьде Парижде болған жоқ, сондықтан Сіздердің онда бір мезгілде болуларыңыз екіталай. Менің Сізге берген адресім бойынша Сіз оған бір-екі ауыз сөз жазып жібердіңіз ғой деп сенемін?

Енді іске көшейік.

Сіздің хатыңыз маған ғажап әсер етіп отыр. Егер адрестер мен тапсырулар жөніндегі хабарларды алып тастасақ, хатта тек кіна тағулар,— мәні жөнінен ешбір түсіндірместен, жалаң кіна тағулар ғана қалады. Кіна тағулар тіпті тілдеуге әрекет етуге дейін барған («Сіз мұны орыс жұмысшы қозғалысының пайдасына немесе Плехановтың пайдасына бола істегендігіңізге Сіздің көзіңіз жете ме?»), — бірақ мен Сіздің тілдеуіңізге, әрине, тілдеумен жауап қайтармаймын.

Сіз маған: Сіз оны «айныттыңыз»[41] деп кіна тағып отырсыз. Сіз менің сөздерімді мүлде дәл айтпай отырсыз. Үзілді-кесілді түрде, сөзсіз түрде айтпағанымды жақсы білемін: «Осы кезеңде кеңес беруге бізге қиындық туып отыр»,— деп жаздым мен, яғни біздің шешімімізге істі алдын ала айқындау туралы турадан-тура шарт қойдым.

Істі айқындау неде болуға тиіс екендігі менің хатымнан айқын көрінеді: бізге «Рабочая Мысльде» шынында да «бетбұрыс» (бізге осылай деп хабарлауы бойынша және сіздің атсалысуды ұсынып Плехановқа сөз салуыңыздан қорытынды шығаруымыз бойынша) болды ма, жоқ па және атап айтқанда қандай бетбұрыс болды деген жөнінде өзімізге толық есеп беруіміз керек болды.

Осы, негізгі және басты мәселе жөнінде Сіз бір сөз де айтпай отырсыз.

Біз «Рабочая Мысльді» өзіміз аса елеулі түрде ажырасатын ерекше бағыттың органы ретінде қараймыз,— мұны Сіз баяғыда-ақ білгенсіз. Мұндай бағыттың органына қатысудан мен де, Сіздің үлкен хатыңыздың адресаты да[42] бұдан бірнеше ай бұрын тікелей бастартқанбыз, сондықтан өзіміз осылай істей отырып, басқаларға да осылай істеңдер деп кеңес бермей отыра алмайтынымыз түсінікті.

Бірақ «Рабочая Мысльдегі» «бетбұрыс» туралы хабар бізді «қыйын жағдайға» түсірді. *Шын* бетбұрыс істі елеулі түрде өзгерте алар еді. Сондықтан мен өзімнің хатымда *ең алдымен* бетбұрыс туралы барлығын толық біліп алғым келетіндігін білдіруім де табиғи нәрсе еді,— ал Сіз бұған бір сөзбен де жауап бермедіңіз.

Дегенмен, Сіз, мүмкін, бетбұрыс туралы менің сұрағыма жауап өзімнің досқа жазған хатымда бар деп есептейтін шығарсыз? Болуы мүмкін, егер Сіз Плехановқа «Рабочая Мысль» редакциясының атынан сөз салған болсаңыз, — және Сіздің досқа жазған хатыңызды редакцияның көзқарастарының дұрыс көрінісі деп есептеуге болатын болса? Егер *осылай болса,* онда мен ешқандай бетбұрыс жоқ деген қорытынды шығаруға бейіммін. Егер мен қателесіп отырсам,— маған менің қатемді түсіндіріп беруді сұраймын. Жақында Плехановтың бір жақын жақтаушысы да маған «Рабочая Мысльдегі» бетбұрыс туралы жазды. Бірақ, Сізбен хат алысып тұрғандықтан, мен бетбұрыс туралы Сіздің тарапыңыздан еш нәрсемен дәлелденбеген мұндай «лақаптарға», әрине, сене алмаймын.

Менің тағыда бірден тура айтқаным жақсы (өзіме жаңадан кіна тағуларды жамап алу тәуекелімен болса да) — өзімнің досыммен (Сіз хат жазып отырған досыммен) толық ниеттес бола отырып, мен оның сөздеріне де: егер бетбұрыс жоқ болса — «Біздердің сіздермен күресуімізге тура келеді» дегендеріне де қосыламын. Ал егер бет-

бұрыс бар болса,— бұл бетбұрыстың қандай бетбұрыс екенін барынша толықтықпен айқындау керек.

Сіз доска: «егер ұят болмаса, күресіңіздер» деп, жазып отырсыз. Әрине, ол Сізге өзі жауап береді, сонда да болса мен бұған өз атымнан жауап беруге рұқсат сұраймын. Мәселе алауыздықтар ең негізгі мәселелерді қозғайтындай дәрежеге жеткен екен, өзара түсініспеушілік, өзара сенбеушілік, толық ауызбірліксіздік атмосферасы жасалған екен (мен *бір ғана* «Рабочая Мысль» туралы айтып отырғаным жоқ: мен көзім көріп, құлағым естіген, оның үстіне бұл жерден *гөрі* үйде көбірек естіген нәрсенің бәрі туралы айтып отырмын), осы негізде *қазірдің өзінде* бірсыпыра «жіктелістер» *пайда болған* екен,— онда күресу титтей де ұят емес. Осы зарықтырған қапырықтан құтылу үшін әдебиеттегі айтысты ғана емес, тіпті өршеленген күшті де құттықтауға болады (және құттықтауға тиіс те).

Сондықтан күрестен соншалық қорқатын ештеңе жоқ: күрес, мүмкін, бірнеше *адамдардың* тітіркенуін тугызар, бірақ оның есесіне ол ауаны тазартады, қарым-қатынасты дәлме-дәл және тура айқындайды, қандай алауыздықтар мәнді алауыздықтар екенін, қандай алауыздықтар екінші дәрежелі алауыздықтар екенін, шын мәнісінде мүлде басқа жолмен кетіп бара жатқан адамдар қайда екенін және жеке мәселелерде ғана ажырасып отырған партиялық жолдастар қайда екенін анықтайды.

Сіз «Рабочая Мысльде» қателіктер болды деп, жазып отырсыз. Әрине, біздің бәріміз де қателесеміз. Бірақ күрес жүргізбейінше осы жеке қателерді «Рабочая Мысльде» айқын суреттеліп отырған және «Credo»-да* жоғарғы ше-

* — *Ескерту.* Мәселен, доска Сіздің жазған хатыңызда түсініспеушілік те, «экономикалық» бағыт та бар. Сіз: экономикалық күрес керек, жария қоғамдармен пайдалана білу керек, қандай да болсын ниеттестік білдіру және сондайлар қажет, қоғамға теріс айналуға болмайды деп баса айтқаныңызда Сіздікі дұрыс. Мұның бәрі заңды, дұрыс нәрсе. Ал егер Сіз революционерлер басқаша қарайды деп ойласаңыз, онда мұныңыз түсінбегендік. Революционерлер тек былай дейді: жария қоғамдар және сондайлар жұмысшы қозғалысын социал-демократиядан және революциялық саяси күрестен *бөлмей,* қайта, керісінше, оларды мүмкіндігінше біртұтас етіп тығыз және берік байланыстыруы үшін барлық күш-жігерді салу керек дейді. Ал Сіздің хатыңызда байланыстыруға ұмтылудың жоқ екені былай тұрсын, қайта бөлуге ұмтылушылық бар, яғни «экономизм» немесе «бернштейншілдік» бар, мәселен: «Россиядағы жұмысшы мәселесін, оның іс жүзінде қойылып отырғанындай етіп, алғашқы рет «Рабочая

гіне жетіп отырған *бағыттан* қалай бөліп алуға болады. Күрессіз талдау да бола алмайды, ал талдаусыз ілгері қарай ойдағыдай қозғалу да бола алмайды, *берік бірлік* те бола алмайды. Ал қазіргі уақытта күресті бастап отырғандар бірлікті тіпті де *бұзбайды*. Бірлік қазірдің өзінде жоқ, ол қазірдің өзінде бұзылған, барлық жағынан бұзылған. Орыс марксизмі мен орыс социал-демократиясы — бұзылған үй тәрізді, ал ашық және тікелей күрес — бірлікті *қалпына келтірудің* қажетті шарттарының бірі.

Я, *қалпына келтірудің!* Біз жолдастардан «экономикалық» документтерді дәл бір құпия ауру тәрізді етіп жасырып отырған кезіміздегі, біз социал-демократиялық жалғудың астында қандай көзқарастар уағыздалып отырғанын жариялауға реніш білдіретін кезіміздегі «бірлік»,— мұндай «бірлік» көк тиынға да тұрмайды, мұндай «бірлік»— нағыз cant*, бұл тек ауруды ұлғайтуға, оның ескірген, зиянды формаға көшуіне әкеліп соғады. Ал ашық, тікелей және әділ күрес бұл ауруды жазады, сөйтіп шын мәнісінде біртұтас, сергек және күшті социал-демократияны құрады,— бұған мен бір минут та күмәнданбаймын.

Нак *Сізге* жазылған хатта күрес (әдеби күрес) туралы соншa жиі айтуға тура келетіндігі, мүмкін, өте орынсыз да шығар. Бірақ мен біздің ескі достығымыз *толық туралықтың* болуына бәрінен гөрі көбірек міндеттейді деп ойлаймын.

Қолыңызды қысамын. *Petroff*

P. S. Бір-екі аптадан кейін менде басқа адрес болады: Herrn Philipp Roegner Cigarrenhandlung. Neue Gasse Nürnberg (адрес тек хат жазу үшін ғана және бұған да 2 конвертпен жіберу керек). [Хаттарда ешқандай инициалдар жаза көрмеңіз — бұл жердегі почта әбден сенімді почта ма, жоқ па, оны тәңірім білсін.]

*1900 ж. 26 октябрьде жазылған*
*Мюнхеннен Лондонға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

Мысль» койды» деген мәлімдемеде, праволық күрес туралы пікірде және сондайларда бар.

Егер доска Сіздің жазған хатыңызды менің дәлелге келтіруім Сізге ұнамайтын болса, кешірім сұраймын: мен өзімнің пікірімді ғана көрсетпекші болдым.

* — екіжүзділік. *Ред.*

# *1901 ж.*

## 11
## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

30. I. 01.

Қымбатты Г. В., Иудамен «біржолата» әңгімелесуден жаңа ғана келіп, хатыңызды қәзір алып отырмын. Іс жолға қойылған, бірақ мен оның бұлай жолға қойылғанына кереметтей наразымын. Алған әсерімнің жаңалығын жоймау үшін Сізге жазып жіберуге асығамын.

«Демократиялық оппозиция» жөнінде Иуда таласқан жоқ: ол романтик емес, сондықтан оны сөзбен қорқыта алмайсың. Ал «7-ші пункт» («Искра» үшін материалды іске жарату, «Современное Обозрениеге» келіп түсетін материалды іске жарату) жөнінде ол біздің адамдарға шеберлікпен соқпай өтті, бұлардың бәрі де, және compris* П. Б. да, маған қарсы, оны жақтап шықты. Ол, Иуда,— байқайсыз ба,— «Искра» неғұрлым көп тараған, неғұрлым «жұмысшы» газеті болады деп күткен, ол «Современное Обозрениеге» келетін материалды біздің еркін түрде іске жаратуымыз бәсеке туғызады деп ойлайды... Ол: «Искра» үшін материалды іске жарату «Современное Обозрениенің» өкілімен *келісу арқылы* ғана жүргізілсін деп талап етеді,— бұл өкілмен қатынас жасау мүмкін болмаған жағдайда ғана келісім қажетсіз болады,— бұл шарт, сірә, өте сирек кездесетін шарт, өйткені Иуда: не өкілді im Auslande** («Мюнхеннен 12 сағаттық жерден көп емес») табуға болады, не аса ұқыптылықпен хат жазысып тұруға болады деп ойлаймын деп, турадан-тура айтып отыр. Ол *ай сайын бес* листіден — яғни 200 мыңға жуық әріппен,— «Искраның» 2 листісінде қанша болса,

---

* — оның ішінде. *Ред.*
** — шет елден. *Ред.*

нак сонша етіп шығарғысы келеді. Ал оның мұншама материалды *тауып* ала алатындығына, бұған күмандану қиын, өйткені ол қамтамасыз етілген, көп жазатын, жақсы байланыстары бар адам. Мәселе айқын: бәсеке «Заряға» қарсы бағытталғаннан гөрі, «Искраға» қарсы бағытталып отыр: баяғы сол саяси материалдың басымдығы, баяғы сол газеттік сыпат — ағымдағы оқиғаларға *шолу*, қысқа-қысқа мақалалар (Нуда кішкентай мақалалары бар жұқа кітапшалардың жиі шығып тұруына өте дұрыс шамамен орасан зор маңыз береді). Бізге осы тәрізді материалды үйіп-төгеді, біз Нуданың тапсырмаларын орындаумен жүгіріп жүретін боламыз, ол «Современное Обозрениеде» өзінің қожайындық етуімен (онда қожайын және толық қожайын сол болатындығы айқын нәрсе, өйткені оның қолында ақша және материалдардың 99%-і бар — ал біз оған анда-санда аз-аздап материал беріп тұра алсақ та жарар) өте тамаша либералдық мансап жасайды және салмақты «Заряны» ғана емес, сонымен бірге «Искраны» да ығыстыруға әрекет жасайды. Біз қам жасап, корректура оқып, тасымалдап, жүгіріп жүретін боламыз, ал мәртебелі Нуда мырза неғұрлым ықпалды («қоғамдық» so genannten* кең пікірде) журналсымақтың rédacteur en chef** болады. Ал «романтикалық» жұбануды осы rechtgläubigen-ге*** беруге болады: «Социал-демократиялық «Заря» журналына қосымша» деп-ақ атала берсін, мейлі сөзбен жұбана берсін, ал мен әзірше істің өзін қолыма алайын дейді. Социал-демократияның атышулы «гегемониясы» бұл ретте қалайша жай ғана cant**** болып шықпас екен? — деген сұрақ туады. Ол «Социал-демократиялық журналға қосымша» деген сөзсымақтан басқа неден көрінбекші? Оның бізді материалмен бастырмалататыны,— бұл күмансыз нәрсе, өйткені біз «Искра» мен «Заряға» да жазып үлгіре алмай жатырмыз.

Екінің бірі: не «Современное Обозрение» «Заря» *журналының қосымшасы* болады — (шарт бойынша) — онда ол «Зарядан» жиі шықпауға тиіс, материалды «Искра» үшін іске асыруға *толық* еркіндік беруге тиіс. Не біз

* — деп аталатын. *Ред.*

** — бас редакторы. *Ред.*

*** — дінге сенушілерге. *Ред.*

**** — екіжүзділік. *Ред.*

өзіміздің ағалық правомызды қара көжеге сатамыз да, бізді сөзсымақтармен коректендіріп отырған Нуданың genasführt* болып шығамыз.

Егер тағдыр бізді гегемония болуға жазса және нағыз гегемонияға жетуіміз мүмкін нәрсе болса, онда бұл тек саяси газеттің (ғылыми орган қолдаған газеттің) көмегі арқылы ғана болады. сондықтан бізге кісінің ызасы келетін сұрқиялықпен: сіздердің газетіңіздің саяси бөлімі либерал мырзалардың саяси орнымен бәсекелесуге тиіс емес деп мәлімдесе, онда біздің аянышты роліміз айдан айқын анық.

Мен осы хатымның көшірмесін алып қалдым. оны өзімнің қарсылығымды және өзімнің «ерекше пікірімді» мәлімдеу ретінде бүгінгі мәжілістің «Протоколына» қосамын және Сізді де көтеріліс туын көтеруге шақырамын. Cred'измге қарсы даурықпа желсөздер айтумен қатар Credo программасына бұлайша факт жүзінде бағынғаннан гөрі, ажырасып кеткеннің өзі жақсы.

Егер көпшілік мұны жақтап пікір айтса,— онда мен, әрине, бағынамын. бірақ күнілгері өзімнің бойымды аулақ салып барып бағынамын.

*Мюнхеннен Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*В. И. Ленин өз қолымен қосымша енгізген машинкаға басылған көшірме бойынша басылып отыр*

## 12

## П. Б. АКСЕЛЬРОДКА

20. III. 01.

Қымбатты П. Б.! Сіздің барлық хаттарыңызды алып, теткаға өзінің ескі досының[43] хабарын айттым. Адрестер жөнінде Сіз бекер мазасызданып, бірдеңе, өзгеріс болды ма деп бекер ойлағансыз. Мен әлі де сол жерде тұрып жатырмын, сондықтан маған хатты сол адрес бойынша жазу керек:

Herrn Georg Rittmeyer, Kaiserstrasse 53 0 München. Ішіне: für Meyer деу керек.

Әйелім таяуда келе қоймас деп ойлаймын: оның мерзімі жексенбіде ғана аяқталады, сонсоң оның бір-ер жерге барып қайтуы қажет, сондықтан ол апрельдің екінші жартысынан ерте келе қояр ма екен. Және ол келген күнде де бәрібір Риттмейердің атына жаза беруге болады, өйткені ол маған әрқашан да әкеп береді, ал мен, өз кезегімде, адрестің өзгергені туралы дер кезінде хабарлаймын.

«Заряға» бір ыңғайсыздық туып тұр. Мына бәлсінген барон Dietz «Искраны» дәлел еткеннен қорқып, «топтардың» etc. исі бар деп біліп, Бебель де, Зингер де (оның G. m. b. H. жарнашылары) қорқақтайды[44], т. с. дегендерді сылтау етіп, Сіздің редакциялық мақалаңызды үзілді-кесілді қабылдамай тастады. Аса зор өкінішпен, Сіздің мақалаңыздан бастартуға тура келді, оның орнына «оқушыларға арнап» бір-екі ауыз сөз жаздық. Мына жаңа цензура сұмдық қолайсыз! Журналдың тысы да жәбір көрді: «бірнеше орыс социал-демократтары» дегенді де өшіріп тастадық. Бұл Dreck-Genoss-тардың* «қамқорынан» біз қашан құтылар екенбіз?!

---

* — оңбаған жолдастардың. *Ред.*

Теленоктен (Мұхамен) де қолайсыздық туып отыр: оның досынан (= ақшаның ұйғарылған көзі = goldene Wanze[15]) өте ашулы хат келді, мына 200 (екі жүз!) сомды «Современное Обозрениеге» жіберіп отырмын, естеріңізде болсын, нақ осы іске жіберіп отырмын, сіздердікіне жіберіп отырғаным *жоқ* депті. Біздің бәріміз де өте ыза болдық та, былай деп ұйғардық: 1) коалиция туралы мәлімдемені бастау керек, 2) теленок пен оның «досына»: не *біздің* іске баянды түрде қаражат беріп тұрыңдар, не біз бастартамыз деген *ультиматум* жіберу керек. 3) Ватте запискасын[16] аяқтау керек.

Рас емес пе, бізді Мұха тағыда ақымақ етіп отырған жоқ па??

Бір ғана жұбаныш бар: «Искраның» 2-номері Россияға аман-есен барып жетті, табысы бар, корреспонденция мол келіп жатыр. Россияда сұмдық қызық болып жатыр: СПБ.-да, Москвада, Харьковте, Қазанда демонстрациялар болып жатыр. Москва соғыс жағдайында отыр (айтпақтайын, онда менің кіші қарындасымды және ешқашанда еш нәрсеге қатынаспаған күйеу баламды да[17] ұстап әкетіпті!), қырғын, түрмелерді лық толтыру және сондайлар болып жатыр.

(Ақырында!) осылай қарай шыққан туысқанымызды[18] және қажет нәрсенің бәрін (*осы уақытқа дейін*) жақсы орындап келген біздің ортақ досымыз — фельдті таяуда келер деп күтіп отырмыз.

Май листогін[19] басып жатырмыз, сонсоң «Искраның» 3-номерін шығаруға кірісеміз, мүмкін 4-номерін де бірден шығарып жіберерміз — материал өте көп.

«Заря» сенбіде шығады деседі және Сізге тура Штуттгарттың өзінен жіберілмекші.

Бізде касса *өте* нашар. Сондықтан (Сіз өткізіп тұрушы болады деп ұйғарған) адамды алдыруға қандай да болсын шығын шығарудан *әзірге* сөзсіз бастартуға тура келеді.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Мейер*

*Мюнхеннен Цюрихқа жіберілген* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

## 13

## П. Б. АКСЕЛЬРОДКА

25. IV. 01.

Кымбатты П. Б.! Сізбен әңгімелеспегеніме көп болды, ешбір реті келмей қойды, оның үстіне бүкіл іске байланысты нәрсе жөнінде Сізге Алексей жазып тұрды*,— бірак менің ұзағырақ уақыт кейінге қалдыруға үйғаруыма болмайтын әңгімелесудің керектігі өте көп жыйналып қалды. Парижднктар жөнінде де, цюрихтыктар[50] жөнінде де және жалпы алғанда істер жайында Сізбен акылдаскым келеді.

Сіз білесіз бе, парижднктар ««Искраға» жәрдем ету тобын таратып жіберді (тараткандарына көп болды, 2—3 апта болды)» және «ұйымдық бейтараптыкты» біздің «бұзғанымызды» дәлел етіп (sic!** Одакка әділетсіздік жасалған және «Заряда» оған бекерге шабуыл жасалған) кызметтес болудан (екінші рет) бастартты. Мұны ««Рабочее Делоның» программасына заметканың» авторы[51] жазған, оның үстіне ол «Рабочее Делоның» түзеліп келе жаткандығына (біздінше, «Листоктің» 6-номерінде ол тіпті тым түзеліп кеткен!) нағыз екіұшты емес меңзеулер жасайды, демек... демек... Vivtons verrons*** — деп аяктайды бұл «кымбатты жолдас». Сірә, «Рабочее Делода» тәуір орынға карай ұмтылушылык (Г. В. жазған кейбір «жас күштер» тәрізді) бар болу керек. Мұндай оңбағандык бізді сонша ызаландырды — біз оларға ешкандай да жауап бергеніміз жок. «Искраның» 4-номерінде (3-номері 1. V. ға карсы дайын болады деп уәде

---

* — Мен бұл жакта бір аптадай инфлуэнцамен ауырдым.
** — солай! *Ред.*
*** — Тірі болсак — көрерміз. *Ред.*

етіп отыр. Бірден 4-номерін қолға алмақпыз) «Рабочее Делоға» тұрақсыздығы үшін ұрыспақпыз.

Бұл интриганттарға көңіл де қоймау керек пе немесе... әлі де болса әрекет жасап көру керек пе — мен мұны тіпті де білмеймін. Олар, күман жоқ, қабілетті адамдар, олар жазып тұрды, материалдар (екеуі де) беріп тұрды (Даневич те беріп тұрды), ақшаны шебер жыйнады (тура 350 frs* жыйнады: «Искра» үшін шетелде еш жерде әлі де мұндай ақша жыйнаған жоқ). Асылында, олардың алдында біз де кінәсыз емеспіз: оларға жеткілікті көңіл бөлмедік, қарап шығу үшін және «жолдастық кеңес» беру үшін бірде-бір мақала жібермедік, ешбір «бөлімді» ұсынбадық (тым болмаса «Искрада» шетелдік шолу жасауды немесе белгілі мәселелер жөнінде қоғамдық хроникаға заметкалар жазуды болса да ұсынбадық). Сірә, шетелдік қатынастар кезінде осы тәрізді бірдеңе болмаса болмайды екен, тіпті де *болмайды* екен. Ал берлиндіктер де[52] (онда жуырда Арсеньев болды) белгілі позицияны тілейді: «Искраға» жайдан-жай ғана көмектесу — бұл студентке лайық нәрсе, ал *бізге* немесе мына *Двинскаяға* (ол күйеуімен бірге Одақтан шығады, онда мүшелерден сұрастырып көргенде үшеуі ғана — *com-pris*** Гришин* де! — конференцияны жақтап пікір айтты. Vive camarade G***!) — білесіз бе, бірдеңе керек қой...

Тіпті жаман! Ұйым «ойлап табу» керек — мұнсыз es geht nicht****.

Менде мынадай ой туып отыр, ұйымның мынадай жоспарын байқап көруге болмас па екен: «Социал-Демократ» ұйымы, «Заряның» редакциясы және мынадай-мынадай топтар (мәселен, берлиндіктер,— *мүмкін,* париждықтар, т. с.) немесе мынадай-мынадай адамдар бір ұйымға, айталық, *Лигаға*[53] бірігеді десек. Әдеби жағынан басқару үш түрлі болады: «Еңбекті азат ету» тобы өз баспаханасын, «Заря» өз баспаханасын басқарады, ал *сайланып қойылатын* Әдеби комиссия — ең жақын қызметтес болып табылады, ол оқтын-оқтын болатын жалпы редакциялық съездерге қатынасады, кітапшаларды.

* — francs — франк. *Ред.*
** — оның ішінде. *Ред.*
*** — Жасасын Г. жолдас! *Ред.*
**** — [illegible]

т. с. (Әдеби комиссияның қол қоюымен) *«Социал-Демократ»* пен *«Заряның»* баспаханаларында, — eventuell* үшінші баспаханада да,— егер *Лига* мұндай баспахана жасайтын болса (бұған кейбір үміттер бар),— басып шығарады. Лигада әдебиет мәселелерін *жоғарыдан шешу үш мүшеден:* «Еңбекті азат ету» тобынан, «Зарядан» және Әдеби комиссиядан болған *конференцияға* тән болады. Администрация жалпы болады, сайланып қойылады.

Менің жобамның мәні осындай («Искра», орыс баспасы болғандықтан, Лигаға формалды жағынан, әрине, *кірмейді*). Бұл жақта жобаны принципінде ұнатып отыр, үлкен апай да ұнатады. Меніңше, мұндай «конституция» (Алексейдің қалжың еткеніндей, «австриялық» конституция) бізге титтей де қауіпті емес, қайта осы тәрізді бірдеңе сөзсіз керек, өйткені бұлай етпейінше жұрт түгелдей наразы, сондықтан бәрі тарап кетуі мүмкін. Осылай етсек біз өзімізді ылаң мен ырың-жырыңнан толық аулақ етеміз, өз баспаханаларымыз бен редакцияларымызды өз қолымызда толық сақтап қаламыз, ал жұртқа кажет болып отырған еркіндікті береміз, мұнсыз жұрт көмек етуге келіспейді.

Мұндай идеяға Өзіңіздің қалай қарайтыныңызды жазып жібергейсіз және бұл туралы Г. В.-мен әңгімелесіп көріңіз (мен оған хат жазбаймын, өйткені ол жақында осында болуға тиіс, ал жолда, әрине, Сізге соғады). Мен ұсақ-түйек мәселелерді белгілеп отырғаным жоқ: оларды реттеу оңай. Егер біздің бәріміз (яғни бүкіл «Социал-Демократ») осы мәселеде бір жерден шығатын болсақ, онда берлиндіктер де (баспаханасы бар және белгілі «позициямен» «жұмыс істеуді» көксейтіндер) қосылады деуге өте көп үміт бар, сонда біз кең көлемдегі жұмысты өрістетуші біртұтас «Лиганы» Одаққа қарсы қоя аламыз.

Сайланып қойылатын администрациядан қорқатын ештеңе жоқ, өйткені ол тек тасымалдауды және шетелде ақша жыйнауды ғана басқарады, бұл ақша «Социал-Демократтың», «Заряның» және сондайлардың арасында белгілі теңдікпен бөлініп отырады, администрация «Искраға» араласпайтын болады,— «Искра» «Заряны» формалды емес түрде жақтап, «Зарямен» бірге болады. Формалды жағынан Лиганы біз қазірде құрып жатқан

---

* — мүмкін. *Ред.*

*«Искра» орыс ұйымының* шетелдегі одақтасы деп жариялауға болады.

Әдеби ақылсыздықтардан да қорқатын ештеңе жоқ, өйткені (1) Әдеби комиссия өзбетімен басып шығарудан устав арқылы тежелуі мүмкін; (2) ол өз қолын қойып басып шығарады: «Еңбекті азат ету» тобы мен «Заря» онымен араластырылмайды; (3) онда біздің адамдар да болуы мүмкін; (4) ол конференцияға бағындырылған, ал конференцияда көпшілік біздің жағымызда.

Париждықтар бұған қанағаттана ма, жоқ па, оны, әрине, білмеймін: олар өте өркөкірек қой. Біздің оларға сөз салуымыз да қазір ыңғайсыз. Егер Сіз жоспарды ұнататын болсаңыз, оларға хат жазып, қармақ тастауды өз мойныңызға алмас па екенсіз: олар тіпті Парижде-ақ Сізге өздерінің қайғылы жағдайы туралы айтты ғой — міне енді Сіз оларға осындай жолды ұсынсаңыз. Егер Сіз идеяны ұнататын болсаңыз, біз Кольцовты шақыртып алып, одан «Лига» уставының жобасын әзірлеуді сұраймыз*.

Енді цюрихтық-латыштар туралы. Білмеймін, Сіз естідіңіз бе-естімедіңіз бе, солардың жәрдемімен жолға қойылған транспорт біржолата *бүлінді:* 3 000 «Искраны» (№ 1) полиция *алып қойған,* ол контрабандисті де ұстап алған. Сонсоң олардың біреуі жолға тағыда ақша сұрап, бізге хат жазды. Біз: бұл сапарға тағыда ақша бере алмаймыз — өзіміздің ұйымымыздың алдында батылымыз бармайды, ал егер ол әдейі 1 пұтты апаруды өз мойнына алса (менімен әңгімелескенде ол апарам деп уәде еткен), онда мейлі келсе келсін деп, жауап бердік.

Бір сөз де жауап болған жоқ. Сіз білмейсіз бе, олар іренжіп қалды ма, немене? Олардың істері мен жоспарлары қандай? Егер олардың біреу-міреуін көрсеңіз, істі айқындау үшін сөйлесіп көріңізші.

«Заряның» 2-номері туралы ойластыра бастадық — мезгілі болды ғой. Витте запискасы таяуда, 2—3 аптада бітеді (Dietz оны тіпті сұмдық созып отыр: әзірге 9 листі ғана дайын). Невзоровтың орыс социал-демократиясының тарихи әзірлігі туралы өзіңізге белгілі мақаласынан басқа әзірше материалдар *жоқ.* Г. В.-ның жаңа оқиғалар ту-

* Жұрттың алдына «Социал-Демократ» пен «Зарянын» ортақ жобасымен шықсақ жақсы болар еді.

ралы басмақаласына, соның contra Struve* мақаласына, Сіздің мақалаңызға (редакциядан алынған заметкалардан) сеніп отырмыз — солай емес пе?; Люксембургтің мақаласы уәде етілген (оның «Die sozialistische Krise in Frankreich»** деген мақалаларына жаңа кіріспе, бұл мақалаларды аударғымыз келеді), Каутский академиктер мен пролетарлар жөнінде бір мақалаға уәде еткен.

Шетелдік шолулар жоқ. «Австриялық» мақаланың жайы қалай? Америкадан бірдеңе бермес пе екен? — Швейцариядан ше? Даневич ауру деседі. Германия жөнінде жазуды тапсыратын ешкім жоқ — шетелдік шолу жазуды уәде еткен (?) Парвусқа тапсырмасақ, бірақ бізге керегі ол емес.

«Искраның» төртінші номеріне террор туралы мақала (Алексейдікі) жіберу ұйғарылды, мынадай мақалалар бар: «Самодержавие мен земство» (жалғасы), «Самодержавие және финанстар» (Parvus-тікі), қоғамдық хроника үшін (демонстрациялар туралы толықтырулар бар) және жұмысшы қозғалысы үшін бірдеңелер бар. 4-номерді бір лист етіп шығарамыз деп ойлаймыз (3-номер, 1-номер сияқты, 2 листіге, 8 бетке дейін көбейіп кетті (жеті беті дайын),— оның өзінде де біраз бөлегін тастауға тура келді!). «Искраның» шығуын тездету үшін — ай сайын шығатын ету үшін барлық күш-жігерді жұмсау керек.

Қош болып тұрыңыз! Сіздің қолыңызды қатты қысып, Сіздердің барлығыңызға сәлем жолдаймын. Әйелім де сәлем айтады.

Сіздің *Петров*

P. S. Маған хатты Rittmeyer-ге жазыңыз.

Ұмытып кетпес үшін үлкен апайдың тапсыруы бойынша 250 frs алынғандығын хабарлаймын. Ол жөніндегі есеп «Искраның» 3-номерінде басылады («Америкадан Аксельрод арқылы»). Штутгарт арқылы «Заряның» 10 данасын жіберемін — Ингерманға, Мокриевичке etc. жіберіңіз. Демонстрациялар туралы немістерге арналған мақаланы үлкен апай жазып жатыр.

*Мюнхеннен Цюрихқа жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

* — Струвеге қарсы. *Ред.*

** — «Франциядағы социалистік кризис». *Ред.*

## 14

## Н. Э. БАУМАНҒА

24. V. 01.

Январь, февраль, март және апрель айларының есебі жазылған Сіздің хатыңызды алдық. Кірістер мен шығыстар тізімінің толықтығы және айқындылығы үшін рахмет. Бірақ Сіздің жалпы қызметіңізге келетін болсақ, онда біз бұл қызметтің өзі қандай және оның нәтижелері қандай дегенді түсіне алмай жүрміз. Сіз: мені жан-жаққа тартқылап жүр, орныма қоятын ешкім жоқ деп жаздыңыз, бірақ сол қызметіңізді баяндап жазуға берген уәдеңізді әлі де орындаған жоқсыз. Сіздің жұмысыңыз әдебиеттерді есепте көрсетілген пункттерге таратып берумен тына ма? Немесе Сіз топ respective* топтар ұйымдастырумен шұғылданасыз ба? егер осылай болса, онда қай жерде, қандай топтар құрдыңыз, істелген не бар және бұл топтар не үшін керек, жергілікті жұмыс үшін керек пе, әдебиет әкелу үшін бізге жіберуге керек пе, әлде басқа бірдеңе үшін керек пе?

Біз осы туралы сұрап отырмыз, өйткені бұл мәселе өте маңызды мәселе. Біздің істеріміз нашарлау. Финанстар — тіпті жаман, Россия ештеңе дерлік бермейді. Тасымалдау бұрынғысынша мүлде жолға қойылмаған және кездейсоқ болып тұрады. Мұндай жағдайларда біздің бүкіл «тактикамыз» *тұтасымен* мынаған бағытталуға тиіс: 1) «Искраның» атынан Россияда жиналатын ақша мүмкіндігінше толық етіліп, жергілікті шығындарды minimum-ға дейін азайтып, осында жіберілуі керек; 2) ақшаны тек қана *тасымалдауға* жұмсау керек, өйткені қабылдау үшін бізде

* — яки. *Ред.*

Псков пен Полтавада кәзірдің өзінде біршама өте арзан, кассаға салмақ түсірмейтін агенттер жұмыс істейді.

Осы жөнінде жақсылап ойлап көріңіз. Біз тек әрең-әрең күн көріп отырған бар байлығымыз — бұрынғысынша бір ғана чемодандар. Біз екі чемоданға жүз сом шамасында төлейміз, оның үстіне жіберілетін адамдардың кездейсоқтығы соншама ұзақ бөгелістерге, ұқыпсыздыкқа, жоғалып кетушілікке және сондайларға әкеп соғады. Чемоданшыларды Ригадан жіберуді ұйымдастыру ісі (Разноцветовтың сөзі бойынша да, Эрнсттің сөзі бойынша да мүмкін нәрсе) әлі де орнынан қозғалған жоқ. Леопольдтан[54] ешқандай да хабар жоқ. Финляндияда ештеңе де жолға қойылмаған, әр жақтағылардың сендіруі бойынша, мұның өзі онда мүмкін көрінеді. Істің мұндай жағдайында, жергілікті қабылдау ісі мен әдебиетті тапсыру жөніндегі делдаллық ісіне төрт айда 400 сом жұмсау орынды ма?

Біздің ойымызша, айына 2—4 чемодан мен 10—20 қалақ болса да өзіңіз тасып алуыңыз үшін Сіздің шекараға тікелей жақын жерге орналасуыңыз жөн болар еді?

*Мюнхеннен Москваға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 15

## П. Б. АКСЕЛЬРОДҚА

25. V. 01.

Қымбатты П. Б.! Сіз Г. В.-дан біздің ұйымның жобасы туралы[55] және Невзоровтың, Даневичтың және Рязановтың («Күрес» тобы деп аталғандардың) «ымыраластырушы» жаңа әрекеті туралы, әрине, естіген боларсыз. Біз олардың сұратпасына (сіздер «Социал-Демократтың», Одақтың және «Заряның», яғни осылардың өкілдерінің арасында болатын алдын ала конференцияға келісесіздер ме деген сұратпасына) *келісіммен* жауап бердік. Осында Г. В., әрине, келісу керек деді және ол бұл туралы Сізге жазып та жібердім деді. Бүгін Рязанов (мұнда келгеніне екі күндей болды) маған былай деп хабарлады: Гуревичтен хат алдым, ол: ресми келісім тек бізден ғана алынғандығын, «Еңбекті азат ету» тобынан осы уақытқа дейін ештеңе жоқ екенін, өзінің Кричевский мен Иваншинді көргендігін, олардың да конференцияға келісетіндігіне сенетіндігін, конференция өтетін жер—Брюссель деп, мерзімі — 4-ші июньге таман деп белгіленіп отырғанын, Бундтың шетелдік ұйымы да конференцияға қатысуға сұранып отырғанын хабарлады.

Сіз оған «Еңбекті азат ету» тобының («Социал-Демократтың» өкілі есебінде) конференцияға *ресми* келіскені туралы және конференцияның орны мен уақыты туралы мәселеге Сіздің қалай қарайтыныңыз туралы *тезірек* жазып жіберіңізші*. Біз конференция орны жөнінде: оның Цюрихте немесе соған таяу жерде болуын жақтаймыз

* Керегі болып қалар, Гуревичтің адресін қайталайын: Mr. E. Gourevitsch, 38 bis. Rue Gassendi. 38 bis. *Paris*.

(Швейцария, әрине, «Еңбекті азат ету» тобы үшін де бәрінен гөрі қолайлырақ) және конференцияны тезірек, егер мүмкін болса майда шақыруды тілейміз, өйткені июньде біз өз уақытымызды пайдалану жөнінен онша бос бола қоймаймыз деп жазып жібердік. (Конференцияны тездету жөніндегі біздің тілегіміз іс жүзінде мынадан туып отыр: өз ұйымымызды тезірек қолға алу үшін және ажырасу болған жағдайда Одаққа қарсы үзілді-кесілді күреске әзірленуге уақытымыз болу үшін қолымызды тезірек босатып алғанымыз бізге пайдалырақ. Ал күрес, мүмкін, жазда Россияға да ауысуға тиіс).

Конференцияны тездету* жөніндегі біздің тілегімізді (әйтеуір бір дәлел қосып) және Швейцарияны белгілеуді қолдай көріңіз. Менімше, олардың Швейцарияға қарсы таласуы қиын: 1-шіден) 4 жақтың екі жағы (Одақ пен «Күреске» қарсы «Заря» мен «Социал-Демократ») Швейцарияны жақтайды; 2-шіден) швейцар, герман және француз топтарынан келетін өкілдердің съезі үшін табиғи орын — Швейцария болуға тиіс. Мүмкін, Цюрихка да емес, мәселен, Базельге келісуге болар? Өзіңіздің ресми келісім жібергендігіңіз туралы маған хабарлаңызшы.

Енді Сізге Рязанов туралы айтайын. *Біздің* ұйымымыз («Искраның» шетелдік ұйымы) туралы мәселе жөнінде біз редакцияның құрамын тіпті де кеңейткіміз келмейтінін және оларға кеңесші түрде қатысуды ұсынатынымызды біліп, ол әуелі қоразданды. Невзоров — үлкен тарихы бар, еңбектері бар адам деп (тұп-тура, өткен жазда Невзоровтың Рязанов туралы айтқанындай!) өте әсерлі түрде айтып, бізге ыза болды, сықақ етті, тағысын тағылар. Бірақ біраз уақыт өткеннен кейін, мұның бәрі бізге тіптен де жек көрмейтінін көріп, бері қарауға бейімделе бастады, мен, мүмкін, сіздердің жобаларыңызға да келісермін («Невзоров қалай еткенде де келіспейді»), бірақ ең тәуірі «Социал-Демократтың», «Зарянын» және «Күрестің» арасында федерация жасау болар еді.— «Күрес» өз органын шығарудан бас тартуға (олар өз органын жолға қоя алады деп біз ешқашанда да сенгеніміз жоқ) және

* 10. VI-ға таман шақыртылғаны [illegible] Осылай болса да болсын.

кітапшалар сериясын шығарумен тынуға әзір деп мәлімдеді.

Затында, сірә, олармен жұмыс істеуге болатын шығар; шалқая-шалқая олар түбінде жұмыс істеуге келеді.

Одақпен жақындасу туралы мәселеге келсек, онда Рязанов әуелі: конференцияға тіпті де ешқандай үміт артпаймын, мұндай идеямен Гуревич қана әуреленіп жүр, т. б. деп мәлімдеді. Бірақ біз Одақты жоюды conditio sine qua non* етіп қойып отырмағанымызды, біз ғылыми органмен («Зарямен») және саяси газетпен («Искрамен») бірге жұмысшылар үшін көпшілікке арналған жинақтың немесе журналдың («Рабочее Делоның») бірге жұмыс істесуіне жол беруге әзір екенімізді білген кезде, — ол майданды үзілді-кесілді өзгертіп, былай деп мәлімдеді: мен бұл туралы Кричевскийге баяғыда-ақ айтқанмын, мен мұны араздасудың табиғи финалы деп есептеймін және мұндай жобаны жүзеге асыру жолында енді өзім де жұмыс істеуге әзірмін деді. — Мейлі істесе істесін! Мүмкін, шынында да осындай негізде бірігу *немесе федерация құру* жүзеге асар — мұның өзі ілгері қарай басқан орасан зор қадам болар еді.

Қоса айта кетейін: әрине, біздің Цюрихты жақтауымыздың себебі: Алексей әртүрлі істер жөнінде Сізбен ақылдасуға көбірек уақытым болса екен деп тілейді.

Егер «Социал-Демократтың» барлық мүшелеріне сұрау салу («Күрес» тобына ресми жауап беру үшін) көп уақыт керек ететін болса, онда, егер мүмкіндігі болса, бұл уақытты бірдеңе етіп қысқартуға тырысып көріңіз. Конференцияға бөгет жасалуы тіпті қажетсіз.

Бундтың шетелдік ұйымының конференцияға қатысуы жөнінде — біз мұны Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1898 жылғы съезінің шешімдерінің 1-пункті негізінде қабылдауымыз керек (бұдан ол болмағанда casus belli** жасамай) деп білеміз. (Ол пункт бойынша: Бунд еврей пролетариатына арнаулы қатысы бар мәселелерде ғана автономиялы, — демек, келіссөздерде дербес жақ ретінде қатыса алмайды.)

---

* — басты шарт. *Ред.*

** — соғыс сылтауы. *Ред.*

Сіздің «Искраға» деген мақалаңыз қалай болып жатыр? «Заряның» екінші кітапшасы үшін бірдеңе жазып беруді ойлайсыз ба, ол туралы Сізге Г. В., әрине, айтқан шығар?

Қолыңызды қатты қысамын және барлығымыздан көптен-көп сәлем жолдаймын.

Сіздің *Петров*

*Мюнхеннен Цюрихке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 16

## Л. М. КНИПОВИЧКЕ

Сіз, «Искраны» Россияда қандай ретпен жолға қоюды ойлайсыз? Құпия баспаханада ма немесе жария баспаханада ма? Егер соңғысы болса, онда белгілібір үмітіңіз бар ма, жоқ па, соны дереу жазып жіберіңіз: біз бұл жоспарға (біздің сендірулері бойынша, Кавказда жүзеге асуы мүмкін жоспарға) қос қолдап жармасуға әзірміз және ол қаржыны да көп керек етпес еді*. Егер алдыңғысы болса, онда мынаны есіңізге алыңыз: біздің листімізде (4 бет) 100 мыңға дейін әріп бар және мұның езі бір айлық!: құпия баспахана мұны атқара ала ма?? Ол өте-мөте үлкен тәуекелге барып, көптеген ақша мен адамдарды құртып жүрмей ме?? Бұл ақша мен күштерді транспортқа жіберген тәуір емес пе, Россия бәрібір транспортсыз бола алмайды ғой.

*1901 ж. 28 майда жазылған*
*Мюнхеннен Астраханьға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Егер жария баспаханалармен әйтеуірбір тәуір байланыстарыңыз болса, онда мәселені сөзсіз солармен бірге талқылап, бізге жазып жіберіңіз: бұл жөнінде біздің өзіміздің өте практикалы (және сыналған) жоспарымыз бар[36].

## 117

## «ИСКРАҒА» ЖӘРДЕМ ЕТУ ТОБЫНА

Доктор [illegible], [illegible] Швейцарияға орналасуы керек[1] ([illegible] ол [illegible] орыс емес жақпен байланысы бар, [illegible] да бар). [illegible] жағдайларды зерттеуге [illegible] ([illegible] [illegible] және неміс тілдерін білу керек еді, бірақ, [illegible], былай да сөйлесуге болады), өзіне [illegible] [illegible] тауып алуға тырысуы керек (ол жерде жеке [illegible] де өмір сүруге болады деседі). Жергілікті [illegible] [illegible] адамдармен жақсы қарым-қатынасқа [illegible], [illegible] шекарадан жиі өтуді [illegible] етуге тиіс. [illegible] шекарадан паспорт бойынша емес, Grenzkarte[2] бойынша ([illegible] мерзімі 28 күн) өтеді. Мұндай жиі [illegible] [illegible], бірнеше [illegible] әдебиет өткізуге болады ([illegible] орап немесе біздің әдісіміз бойынша чемоданға салып өткізуге болады, бұл үшін дәрігерлік құрал-саймандар салуға арналған кішкентай чемодан керек). [illegible] [illegible] болса да үнемі және жиі өткізіп тұруы біз үшін [illegible] маңызды. Егер мұны жолға қоюды бір [illegible] [illegible] және өзі істеп, өзі өткізетін болса, біз [illegible] барып қайтуына және бір-екі ай, көріп, танысып болғанынша, сонда тұруына ақша береміз.

*[illegible]*
*[illegible]*
*[illegible]*

*[illegible] бойынша басылып отыр*

---

[1] — шекаралық куәлік (шекаралық өңірде тұратындарға шекарадан өту правосын беретін документ). Ред.

18

## Л. Е. ГАЛЬПЕРИНГЕ

Персияға Вена арқылы тауып, тағы жіберіңіз. Сондықтан [illegible] туралы пікір айтуға [illegible]. Мүмкін, [illegible]. [illegible] Бернеше кітапты [illegible] жіберіңіз және [illegible] кейін бізге жазып жіберіңіз.

*«Искраны»* Кавказда жолға қою жайында ба Х-ке толық суретін жібердік, бірақ ол жерден әлі жауап жоқ. Біз мұнаны дайын-дап қойдық [illegible] жұмысшы [illegible] басып шығатын материалдың көлемінің мөлшерін есептеген (*«Искраның»* ай сайын шығарып тұруы [illegible]?), бір мезгіл берілетін қанша [illegible] және айына қанша ақша керек. Қазір біздің қолымызда [illegible] сондықтан өте толық мағлұматтар алмайынша, біз жауап бере алмаймыз. Оларды тезірек жіберіңіздер.

Ақша тауып алуға бар күштеріңізді салыңыздар. Біз бұл жөнінде Х арқылы Сіздің бір танысыңызға [illegible] жібердік және бұл жөнінде кам жасауды ZZ-тен де сұраңыз деп Сізге кеңес береміз. *«Искра»* тобы мүшелерінің біреуі ақша туралы онымен өткен жылдың басында-ақ сөйлескен-ді (астана театрларының біріндегі әңгімені оның есіне түсіріңіз)[59].

Қара теңіздің шығыс жағалауы жөніндегі жолдарды сөзсіз іздестіріңіз. Әсіресе француз пароходтарына көңіл аударыңыздар — біз оларға осы жақтан баратын жол табармыз деп сенеміз.

*1901 ж. 18 июньнен кейінірек жазылған*
*Мюнхеннен Бакуге жіберілген*
*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 19

## Н. Э. БАУМАНҒА

*Грачқа*

Жаңа Николайдан (= Эрнсттен): менде алып келінген және сенімді жерде жатқан $4^1/_2$ пұт бар деген хабар алдық; бұл бір. Екіншіден — онда біздің адамның контрабандистпен бірге шекарадан өтуіне *әрқашанда* мүмкіндік бар және ондай адамдар керек көрінеді. Сонымен, біз Сізге мынадай ұсыныс жасаймыз: дереу жергілікті жерге барыныз, Өзіңіздің паспорттарыңыздың біреуімен Мемельдегі Николайға барыңыз, одан барлығын біліп алып, сонсоң Grenzkarte* бойынша немесе контрабандистпен бірге шекарадан өтіп, арғы жақта (яғни Россияда) жатқан әдебиетті алып, барлық жерге жеткізіңіз. Сірә, істің табысты болуы үшін Николайға көмекке және оны бақылап отыруға орыс жағынан тағы бір адамның *қажет* екені айқын, ол адам шекарадан жасырын өтуге әрқашан әзір болуы керек, ең алдымен, орыс жағында әдебиетті қабылдап, оны Псковка, Смоленскіге, Вильноға, Полтаваға жөнелтумен шұғылданатын адам болуға тиіс. [Біз Николайға және оның К° сенуді мүлде қойдық, *бұдан былай оларға көк тиін де бермеуге уйғардық* және транспортқа толық біздің адам тікелей қатысқан жағдайда ғана бұл жолды пайдаға жаратамыз деп сенуге болады.] Бұған Сіз қолайлы болар едіңіз, өйткені (1) Николайда бір рет болдыңыз және (2) екі паспортыңыз бар. Іс қиын және күрделі іс, ол тұрғын жерді өзгертіп отыруды керек етеді, бірақ оның есесіне біз үшін ең маңызды іс. Жақсылап ойластырыңыз және, бір күн де кешіктірмей, дереу жауап беріңіз.

---

* — шекаралық куәлік. *Ред.*

Егер Сіз бұл тапсырманы өз мойныңызға алмасаңыз, біз бұл қызметті дереу басқа біреуге жүктеуге тиіспіз. Сондықтан дереу жауап беруіңізді тағыда қатты сұраймыз.

*1901 ж. 26 июнде жазылған*
*Мюнхеннен Москваға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 20

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

7. VII. 01.

Қымбатты Г. В.! Сіздің жұмысыңыз қалай жүріп жатыр? Мен Ортодокстың мақаласының соңы жөнінде, яғни Бердяевтың «Мир Божийдің» 6-номеріндегі мақаласы туралы кейіннен жіберілген қосымша жөнінде Сізге әлі де жазып жібере алмай жүрмін. Біздің Struvefreundliche Partei[60] бұл мақаланың соңын $1^1/_4$ дауысқа карсы $2^3/_4$ дауыс көпшілікпен ($^3/_4$ және $^1/_4$ болып «бөлініп жүрген» Алексей ғой) *қабылдамады,*— мен өзімнің *«жақтаймын»* деген сезіммен азшылықта қалдым. Оларға романтикалық сүйіспеншілік жөніндегі ескерту де, қосымшаның жалпы сыйпаты да ұнамады. Ал меніңше, қосымша бұл мырзаны қысқаша, қатаң, айқын және тыңғылықты түрде тыйып тастады, әсіресе қорытынды өлеңдері жақсы!

Россиялық социал-демократиялық партияның съезі жыйналады деп бізге Россиядан тағыда жазып отыр — бір қалада тіпті шақыру қағаз да алынған. Программаны бітіруді тездету өте-мөте маңызды. Сіз осы жұмысқа кірісуді ойлайсыз ба және кірісе аласыз ба, осыны жазып жіберіңізші. Сіз бен П. Б.-дан басқа мұны істейтін ешкім жоқ қой: мұнда тұжырымдардың социалық ойланылып жасалуы талап етіледі, ал, мәселен, мына жердегі ығы-жығы жағдайда назар салып, жақсылап ойластыру тіпті мүмкін емес. Сізге Алексей алып барған — және ол тіпті бекерден-бекерге қайта алып қайтқан — программаның ескі жобалары мен мақалалар (яғни 1 жоба мен 1 мақала) көп пайда келтіре қояр ма екен? Сіз қалай деп ойлайсыз? Егер олар Сізге керек болса, біз дереу жібереміз.

Шаховский мен Тезяковты жаздырдым[61]. Программаға олар Сізге не үшін қажет болды? Ауылшаруашылық жұмысшыларының пайдасын көздеп қойылатын талап-

тарды солардың негізінде жасаймын деп ойлайсыз ба? Ал шаруалардың пайдасын көздеп қойылатын талаптарға Сіз қалай қарайсыз? Орыс социал-демократиялық программасында мұндай талаптардың қойылуы жалпы алғанда мүмкін деп танийсыз ба, жоқ па?

Сіздің мақалаңыздың корректурасы әлі келген жоқ. «Зарянын» 2-номеріне мыналар жазып жатыр: Старовер «Русское Богатство» туралы, В. И. — Бердяев туралы, мен Витте запискасы туралы жазып, алғысөзін мінедім[62] (ақылдасу үшін Сізге жіберем бе деп ойлаймын, бірақ уақыт жете ме, жетпей ме оны білмеймін). Алексейдің «Социалистік интеллигенцияның міндеттері» деген рефераты бар.— Сіз ол рефератты көрдіңіз ғой, қалай деп ойлайсыз? Мен тағыда Черновқа қарсы жазамын. Ал «Даңқты орында» деген жыйнаққа рецензияны Сіз бересіз ғой?

«Искра» үшін (6-номері теріліп жатыр, июльде шығады, 7-номері августа шығуға тиіс) Сізден жұмысшының хаты жөнінде және «Россияда революционизмнің қайта тууы» туралы мақалалар күтеміз.

Parvus әлі де сол өз «ұйымын» жақтап отыр!!

Мұнда Каутский жолшыбай болып кетті. Демалуға бара жатыр, кәзір ештеңе жазуға уәде етпейді.

Невзоров «Искраға» «Неден бастау керек?»[63] деген мақалаға қарсы «пасық» (В. И. мен Путтманның пікірі) мақала жіберді — комитеттерді дәріптеу, «Рабочее Делоны» (жалтақ түрде) қорғау, т. с. Мақаланы автордың өзіне қайтарып жібереміз (көшірмесін алып қаламыз және, керек етсеңіз, Сізге жібереміз).

Я, федерацияның жобасы немесе Одақпен қосылу жөнінде — біздің қарсы жобамызды Сіз көрген шығарсыз деп сенемін? Егер көрмесеңіз, Двинскаядан алып бер деп Кольцовқа айтыңыз. Осының бәрінен бірдеңе шыға қоюы екіталай нәрсе.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің...

Я, біздің қозғалысымызға бельгиялықтардан берілетін ақша жөнінде. Меніңше, үштен бірін «Рабочее Делоға» беру керек: 50—100 франкқа бола бірауыз болса да сөз шығарып жатуға себеп туғызудың керегі жоқ.

*Мюнхеннен Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 21

## С. О. ЦЕДЕРБАУМҒА

Пахомийдің туысының, Яблочковтың және Брусковтың жоспары бар хатты жаңа ғана алдық. Біз бұл жоспардың бірде-бір бөлімімен келісе алмайтынымызды жасыра алмайтынымыз былай тұрсын (бірінші бөлімі жөнінде дегенмен таласып көруге болады), сонымен қатар біз жоспарға тура таңқалдық, әсіресе екінші бөліміне: 1) барлығы да Питерге бару керек, 2) «Искраның» орыс ұйымының аудандық органын құру керек дегеніне таңқалдық. Таңданғанымыз соншалық, егер бұдан арғы баяндауымызда тым қатаң сөздер айтылып кетсе, күнібұрын кешірім сұраймыз.

Мұның өзі ақылға сыймайтын нәрсе! Бүтін бір жылғы жанталасқан күш жұмсаудан кейін осы орасан зор және өте шұғыл міндеттер үшін Россияда басшылардың және ұйымдастырушылардың штабын (бұл штаб әлі де керемет аз, өйткені бізде, жоғарыда айтылған үш адамнан басқа, тағы 2—3 адам бар, ал жалпыорыстық орган үшін мұндай жігерлі қызметкерлердің, бұл сөзді *тек* әдеби мағнада *ғана* түсініп қоймағанда, бірнеше ондағаны керек) топтастыруды енді-енді бастап келе жатқанда, кенеттен құрылысты тағыда бұзып, ескі майдагерлікке қайтып оралу! «Искра» үшін мұнан өткен өзін өзі құртушылық тактика менің ойыма келуі мүмкін емес! Өмір сүріп отырған «Южный Рабочий»[64] тәрізді аудандық орган құру — редакцияға тағыда жаңадан көптеген қаржы мен адамдарды жұмсау, техниканы, экспедицияны, тағы сондайларды жұмсау деген сөз, ал мұның бәрі не үшін жұмсалады? $1^1/_2$ жылдың ішінде шығатын бес номер үшін! Және қазір ол орган $1^1/_2$ жылда мұны қайткенде де істей алмайды, өйткені «Южный Рабочийде» мынадай артықшылық болды — оны

даму шыңында тұрған, кәзірдің өзінде қалыптасқан Комитет, яғни біртұтас ұйым жасады. Ал Сіздер әзірге үшеу-ақсыздар. Питерлікті Москва туралы ұмытуға, москвалықты Питер туралы ұмытуға, киевтікті Киевтен басқаның бәрі туралы ұмытуға мәжбүр етіп отырған тарөрістілікке қарсы күресудің орнына, адамдарды жалпыорыстық істі жүргізе білуге үйретудің орнына (егер біздің осы атқа лайықты саяси партияны құрғымыз келетін болса, оларды бұл іске айлап емес, жылдап үйрету керек),— мұның орнына тағыда майдагерлік жұмысты, жергілікті тарөстілікті және жалпыорыстық социал-демократияның орнына — қайдағыбір пошехондық социал-демократияны дамытуды көтермелеу — пошехондықтан бөтен ештеңе емес, бұл онан бөтен ештеңе бола алмайды. Нағыз саяси органды құру үшін бізде күштер соншалық аз, қызметкерлер, репортерлер аз, саяси байланыстары бар адамдар аз, техника мен экспедиция практиктері аз,— бұған біздің тәжрибе жүзінде көзіміз жетті.

Бұл адамдар бүкіл Россия үшін *аз*, ал оның үстіне біз оларды бөлшектеп, жергілікті жаңа мекеме құруға бола кәзірдің өзінде басталған және жан-жақты көмек көрсетуді керек етіп отырған жалпыорыстық мекемені тастаймыз. Жақсы дегеннің өзінде, бұл жаңа жоспар тамаша табысты болған жағдайдың өзінде, бұл — орыс социал-демократиясының типін төмендетуге, оның саяси маңызын төмендетуге әкеліп соғады, өйткені «жергілікті» саяси газеттің болуы мүмкін емес, себебі жергілікті органда жалпы саяси бөлім әрқашанда ақсап жатады. Сіз «бұқаралық» орган деп жазып отырсыз. Біз бұл не деген хайуанат екенін түсінуден мүлде бастартамыз. Пахомий туысының да: төменірек, алдыңғы қатарлылардан бұқараға қарай төмендеу керек, түсінікті етіп, өмірге жақын етіп жазу керек деп, ойлай бастағаны ма?? Біздің мақсатымыз «бұқараға» жақындау ма еді, осы кәзірдің өзінде қимылға енген бұқараны ұйымдасқан саяси қозғалыстың дәрежесіне дейін көтеру емес пе еді? Бізге жетіспей отырған фабрикалар мен заводтардан келетін хаттар ма еді, бізге жетіспей отырғаны саяси бет перделеі ашу, саяси білім, саяси *қорытындылар* емес пе еді? Міне сөйтіп біздің саяси *қорытындыларымызды* кеңейтіп, тереңдету үшін жалпы істі аудандық істерге *бөлшектейік* дейді! Және олар істі саяси жағынан төмендетумен қатар

аудандық органның жоспары арқылы оны техникалық жағынан да төмендетеді. Барлық күштерді «Искраға» *біріктіргенде* ғана біз шын мәнісінде саяси материалы бар ай сайынғы газетті жолға қоя аламыз (мұның өзі қазірде бір жылдық тәжрибеден кейін *дәлелденіп отыр)*, ал аудандық органның жағдайында қазір жылына 4 номер шығару туралы да ойлай алмайсың. Ал егер шыдамсыздық етіп бір жоспардан екінші жоспарға ұмтылмасақ және уақытша сәтсіздіктер мен жалпыорыстық мекеменің баяу өсуінен қысылмасақ, онда $^{1}/_{2}$—1 жылдан кейін екіапталық орган да шығаруға жетуге әбден мүмкін болар еді (бұл туралы біз қазірдің өзінде берік ойлай бастадық). Біз Пахомий тұрысы, Яблочков және Брусков, әрине, бұрынғы жолда тұр, «Искраның» бағытын да, ұйымдық жоспарын да мақұлдап отыр деп ойлаймыз,— ал егер олар бұл мәселелер жөніндегі көзқарастарын өзгерткен болса, онда, әрине, әңгіме мүлде өзгеше болады. Жалпы алғанда біз мынаған аң-таң болып отырмыз: бұл адамдар осы жоспарға неліктен сенбей кетті, неліктен сонша тез сенбей кетті? (себебі: олар жаңа жоспар ескі жоспарды бұзатындығын көрмей отыра алмайды ғой). Транспорттық салдарынан ба? Бірақ өз жолымызды салуға осы уақытқа дейін бір-ақ рет қана әрекет жасадық қой және бұл әрекет әлі де толық күйреуге әкеліп соққан жоқ,— ал біз 2—3 *сәтсіздіктерден* кейін де істі тастауға тиіс емеспіз. Бұл адамдар шетелдегі баспадан гөрі Россиядағы баспаға көбірек ниеттес бола бастаған жоқ па екен? Бірақ олар Россиядағы баспа үшін *бәрі де* істелгендігін, тіпті 1 000 сомға дейін жұмсалғандығын, бірақ әзірге еш қандай нәтижелер шықпағанын біледі ғой. Мынаны айтуға тиіспіз: затында «Искраның» россиялық ұйымының қандай да болсын аудандық немесе жергілікті орган шығару жөніндегі қандай да болсын жоспарын біз сөзсіз теріс және зиянды жоспар деп есептейміз. «Искра» ұйымы күштерді бұл ұйымсыз да керегінен көп болып отырған *бөлшектеу* үшін емес, «Искраға» көмек етіп, дамыту үшін, осы арқылы партияны *біріктіру* үшін өмір сүреді. Барлығының да Питерге баруы жөнінде мынаны ғана айтамыз: біздің П. Б. және Пахомий тұрысы сияқты қызметкерлер мүлде аз, сондықтан оларды сақтау керек. Ал бір орында өмір сүру кезінде жалпы бірлігу қаупі жоқ емес толық болады. Егер олар ол жерде бір

адам аз болады деп тапса (бұл оларға айқынырақ көп), онда олар оған екеуін бірдей емес, күздікүні босайтын адамды (Пахомийдің туысын) қосып алсын. Ал сонсоң, олардың қауіпсіздік мүддесі үшін де, бірлесіп жұмыс істеу мүддесі үшін де, тұрғын орындарын мезгіл-мезгіл ауыстырып отырудың өте-мөте қажет екендігі жөнінде де олар ұмытпайтын болсын. Егер, ақырында, Питердегі Комитетті қаратып алуға реті келетін болса, онда, әрине, оны «Искраны» бар жігерімен қолға алуға, оның шығарылуын жиілетуге де, майдагерлік жаңа мекемелер атаулыға қарсы күресуге де мәжбүр ету керек. Майдагерлік «экономизмнен» гөрі әлдеқайда арам жайылып кеткен: біздің социалық терең сеніміміз бойынша экономизмнің аса терең *тіршілік* тамырлары нақ сол майдагерлікте жатыр. Сондықтан біз осы майдагерлікті жеңбейінше, оған берілетін қарыз атаулыны бұзбайынша, саяси (сөз жүзіндегі ғана емес, іс жүзіндегі саяси, яғни үкіметке тікелей ықпал ететін және жалпы шабуылды әзірлейтін) қозғалыс ешқашан да болмайды. Егер СПБ. «Южный Рабочийдің» 400 данасын сатып алып отырса, «Социалист» тобы[65] «Искраның» 1 000 данасын таратуды қолға алып отыр. «Искраның» даналарын осындай мөлшерде таратуды қарастырсын, онда петербургтік толық бөлім болуын қарастырсын (қажет болған жағдайда бұл бөлім ерекше қосымша құрастырады), ал сонда Питерді қаратып алудың басқа да міндеттерінің бәрін Сіздің алдыңызда көлеңкелеген нақ сол міндетке де қол жететін болады. Мынаны есіңізге салуды қажет деп есептейміз: «практиктердің» бәрі де: жұмысшыларға түсініктілігі жағынан «Южный Рабочийдің» «Искра» алдында артықшылығы жоқ дегенге келісіп отыр, сондықтан ол дәлел де қабылданбайды. Күштер мен қаржыларды бөлшектеу есуастық және қылмыс — «Искра» ақшасыз отыр, бірде-бір орыс агенті оған бір тиын да тауып бермей отыр, ал солай бола тұрса да әркім жаңа қаражаттарды керек ететін жаңа істі ойлап шығаруда. Осының бәрі ұстамдылықтың жетімсіз екендігін дәлелдеп отыр. Шыдамдырақ болу керек: өзіміздің жоспарымыз арқылы біз не дегенімізге таяу арада болмаса да жетеміз, ал мына ұсынылып отырған жоспарды жүзеге асырғанда не нәтиже күтуге болатындығы «Рабочее Знамя» тәжірибесінің қайғылы тарихынан көрініп отыр. Біздің тыныс-

[illegible] асығыстықпен кірісуді [illegible] — [illegible] қарамастан, Одессаны — [illegible] болуы қажет еді — тастап, СПБ.-[illegible]ті. [illegible] тасталуын талап етеміз. [illegible] болып көрінсе, онда [illegible] жолдастарды біздің съезімізге [illegible], іс әйтіп-бүйтіп реттелсе, [illegible] шақырамыз. Көпшілікке арнаған [illegible] болсақ, онда көпшілікке ар-[illegible] шығаруды кеңейту ісі көзделіп [illegible] біздің тобымыздың ғана пікірін [illegible] «[illegible] азат ету» тобының да пікірін [illegible].

*[illegible]*

*Машинкаға басылған көшірме бойынша басылып отыр*

22

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

25. VII. 01.

Қымбатты Г. В.! Кеше аграрлық мәселе жөніндегі кітаптарды алдым. Оларды жібергенің үшін рахмет. Мен Черновқа (шінара Герц пен Булгаковқа) қарсы «аграрлық» мақаламмен едәуір-ақ шұғылдануудамын. Бұл Черновтың өзін *аяусыз* талқандау керек қой деп ойлаймын[66].

Жаңа маған Велика келіп кетті. Сіздің оған жазған хатыңыздың кейбір жерлерін оқып берді. Корректура жөнінде біз «қолымыздан келгеннің бәрін» істедік, яғни кеш болмаса, текстіге ендірілуі керек түзетулерді Дитцке жібердік; ал егер кеш болатын болса, онда біз оларды кітаптың аяғында *сөзсіз* ескертеміз, әйтеуір, айта қалғандай жамандық болмайды. Корректурасын әйелім жүргізді және қолжазбамен салыстырып шықты (Сіздің ескертуде: «Менде бұл жоқ еді!» дегеніңіз Сіздің жаңлыс жазғаныңыз болып шықты, өйткені мен қазір ғана қолжазбадан қарап едім, Сізде шынында да «май көтерілісі» деп жазылған екен. Біз мұны да түзеттік). Корректордың қатесі дегендер сөзсіз болатын нәрсе, сондықтан біз мұнан былай Сіздің ұсынған «тактикаңызды» іс жүзінде қолданамыз: авторға *бірінші* корректурасын жіберіп отырамыз (екіншісін жіберу — кеш болады), сонда автор жеке әріптер мен тыныс белгілерін түзетпей,— өйткені мұны корректор да түзетеді ғой және мұның маңызы да шамалы,— *мағна жағын бұрмалайтын ғана* қалып қойған фразалар мен сөздерді түзететін немесе бір сөзді екінші сөзбен алмастыратын болады.

П. Б.-дан мақаламды[67] алдым, оған қоса хат жазып жіберіпті. П. Б. да жұмсартыңқырауды жақтайды. Сон-

дыктан мен, әлбетте, Сіз бен П. Б.-ның нақтылап көрсеткен жұмсартуларының бәрін *енгізіп те қойдым*. Ал енді мақаланың бүкіл сарынын өзгерту respective* барлық тиісулерді сықақ етумен алмастыру жағына келетін болсақ,— онда, Сіздің бұл жобаңыз маған ұнайтын болсадағы, мен мұны істей *алатыныма* күманданамын. Егер мен авторға «ашуланбаған» болсам, олай жазбаған да болар едім. Ал «ашу» барда (бізге ғана емес, алғысөзді оқушы социал-демократтың қай қайсысына да түсінікті «ашу» барда) менің оны келіп жасыруым және бұл арада келіп айла жасауым қиын. Тағыда жұмсартып және тағыда ескертулер жасап көремін: мүмкін, бірдеме шығып та қалар.

Алексейге оның рефераты жайындағы Сіздің (ол көптен бермен және асыға күтіп жүрген) пікіріңізді табыс етемін. Алексей, мүмкін, Сізге айтуды ұмытып кеткен болар, *ол* Михайловский туралы тақырыбын Рязановқа *өзі* берген (Рязанов оны жазып та жатыр). *Мен* Сіз «Даңқты орындаға» рецензия жазасыз ғой деп түсініп едім, сөйтіп оны Сізге жіберген де болатынбыз.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің...

Егер Кольцовты көретін болсаңыз, менен оған «Вольное Слово» үшін үлкен рахмет айтыңыз.

Айтпақшы, ұмытып кете жаздаппын-ау. Сізден тағы мына мәселе жөнінде кеңес сұрайын деп едім. Әлгі Чернов хайуан Фр. Энгельстің «Русское Богатствоның» 1900 жылғы 1-номеріндегі «Неміс шаруасы» деген мақаласынан цитата келтіреді — оның *аяқ жағында* Энгельс «марканы қалпына келтіру» керек депті. Мен бұл мақаланы таптым. Мұның өзі Entwicklung des Sozialismus von der Utopie zur Wissenschaft-ке Anhang-тың «Die Mark»[68] деген аудармасы екен, ал *оның бержағында «Русское Богатствода» мұның аяғына оригиналда жоқ екі абзац* (18 жол) *қосылыпты*. Басқа аудармасының бәрін мен абзацтары бойынша салыстырып шықтым, ал осы екі абзацтың қайдан әкеліп қосылғанын сайтан білсін. Бұл сұмдық масқаралықты әшкерелеу керек еді, бірақ тек... осында бір шатақ жоқ па екен? Энгельстің бұл мақаласының *басқа тексті* жоқ па екен? Орысша аударма-

* — немесе. *Ред.*

сына жасаған ескертуінде «Русское Богатствоның» редакциясы былай дейді:

«Оның (Энгельстің) бұл мақаласы 80-нші жылдарда» [1882 жылы болғаны ма? Entwicklung-ке жазған алғысөз 21. IX. 82 жазылған екен] «неміс журналдарының бірінде» [?? «Neue Zeit»*-па? немесе «Цюрих Социал-Демократы» ма? Сіз білмейсіз бе?] «қолы қойылмай жарыққа шыққан еді» [???]. «Бірақ Энгельстің өзі достарының біріне жіберген оттискасында» [sic!!** Даниельсонға ма? Сіз бұл жөнінде Энгельстен ештеңе естіген жоқсыз ба?] «ол өз инициалдарымен қол қойыпты». Ал оның үстіне мақаланың тарихи жағы «Schlesische Milliarde»***-нің алғысөзіне және «Neue Rheinische Zeitung»****-тегі мақаласына *(апрель-март, 1849)* ұқсас.

Осының анығын ашуға көмектесе алмайсыз ба? «Neue Rheinische Zeitung»-те немесе басқа бір жерде «Die Mark» деген мақаланың *басқа тексті* болған жоқ па екен? Энгельс *кейін* «марканы қалпына келтіру» туралы аяғын алып тастаған жоқ па екен??

*Мюнхеннен Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — «Жаңа Заман». *Ред.*

** — солай!! *Ред.*

*** — «Силезия миллиарды». *Ред.*

**** — «Жаңа Рейн Газеті». *Ред.*

## 23

## П. Б. АКСЕЛЬРОДКА

26. VII. 01.

Қымбатты П. Б.! Сіздің хатыңызды алып, мұқыят оқып шықтым (Алексей де оқыды). Сіз өзіңіздің ескертпелеріңізді соншама толық жазғаныңызға қатты қуанып қалдым. Сіздің тек мені шектен тыс («үлкен») «қасарма» деп ойлауыңыз бекер. Белгілібір жерлерін жұмсарту жөніндегі Сіздің айтқаныңыздың *бәрін* (сондай-ақ Г. В.-ның айтқандарының бәрін) мен еске алдым, яғни барлық жерде де жұмсарттым. «Сомына бір тыйын» барлық жұмысшыларды біріктіреді деген жерде мен жақша ішінде «экономистердің пікірі бойынша» деп қостым. «Самодержавиені тежеу» дегеннің орнына, Сіздің айтуыңыз бойынша, «жою» деп жібердім. 82—83-беттердегі біздің либералдарды пайдалану ойымыз мағнасында абайсыз айтылған жерлерді (яғни абайсыз айтылып кеткен пікірлерді), Сіздің кеңесіңіз бойынша, мүлдем *сызып тастадым.* Сіздің «Тарихи жағдай» туралы кітапшаңызға меңзеп ескерту де бердім, онда менің аз қозғап отырған мәселем Сізде толық тексерілген деп көрсеттім. Либералдардың (Р. Н. С.-ты алғанда) жұмысшы қозғалысын көбірек түсіне бастағанына қуануға болады деген бір екі ауыз сөз қостым. Витте запискасының осындай алғысөзбен шығуына «өкінуді» мүлде сызып тастадым. Мақаланың бірінші жартысында да, екінші жартысында да тағы бірсыпыра қатты сөздерді сызып тастадым. Жалпы алғанда мен жеке жағдайларды жұмсарту жөніне келгенде тіптен де онша қасарма емеспін, бірақ тек саяси алаяқтық жасағаны үшін Р. Н. С.-тың талқанын шығару правомыз (және міндетіміз) туралы ойдан мен принциптік жағынан бастарта алмаймын. Ол нағыз саяси ала-

ық — алғысөзді оқу және қайталап оқу бұған менің әбден көзімді жеткізді, сондықтан мен айтқан сынына соңғы айлардың бізге берген нәрсесінің бәрін (әсіресе «тұтқындау» Verhandlungen*, террор жасау әрекеттері etc.**) енгіздім. — сөйтіп бұл субъективті хакімін жібермей, көңілім тынды. Земствоның заңдылығы туралы мәселені анықтауды мен бүкіл мақаланың өзегі деп санадым. «Земстволық» либерализм дегеніміз — көпшілікке тигізетін ықпалы жағынан алғанда, экономизмнің жұмысшыларға тигізетін ықпалымен бір нәрсе. Бұл тарерістіліктің қай-қайсысын да біз қудалауға тиістіміз.

Ертең бізде мақала туралы мәселе, сірә шешілетін болар. Егер ол қазір баспаға баратын болса, мен Сізге бірінші корректурасының бір данасын жіберуге тырысамын: мүмкін, Сіз тағы бірнәрселер айтатын боларсыз, ал олай болғанда (бірінші және екінші корректурасы түзетілгенше) тағы түзетіп үлгіреміз.

Қолыңызды қатты қысып, жақсы демалуыңызды және жақсы оңалуыңызды тілеймін. Мүмкін, мұның үшін Сізге уақытша ештеңе жібермей қоя тұрғанымыз, тыныштығыңызды кетіріп, емделуіңізді бұзбағанымыз жөн болар?

Сіздің *Петров*

Herrn Dr. Med. Carl Lehmann
Gabelsbergerstrasse 20 a/II-ка жазыңыз
München (ішіне *für Meyer*).

*Мюнхеннен Цюрихқа жіберілген*
*Бірінші рет 1925 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 24

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

30. VII. 01.

Қымбатты Г. В.! Сіздің дачадан жазған хатыңызды және жіберген жаңа кітаптарыңызды («Final Report», Blondel et Vandervelde et Destrée*) алдым, оларыңызға өте көп рахмет.

Тезяковты алғанымыз жоқ, *оны сірә ала алмайтын да боларμыз*, өйткені ол Қалмыкованың[70] складынан жазып алынған еді, Калмыкова Питерден *үш жылға жер аударылатын болып, складын жапқалы жатыр* (бұл ең соңғы және әбден анық хабар!).

Кулеманды[71] Сізге бүгін жіберемін.

Энгельс туралы «Русское Богатстводағы» подлог[72] жөнінде барлық шараларды қолдануға тырысамын.

Рецензиялар жөнінде бізде анықталған нәрселер аз. Кәзір жұрттың бәрі өз мақалаларымен шұғылдануда (Велика — Бердяевке қарсы, Путтман — журналдық заметкаларымен = «Русское Богатствоға» қарсы, мен — аграрлық мақаламмен[73] etc.). Ал онсоң рецензияларға уақыт та бар ғой.

Р. Н. С.-қа қарсы мақаламды, бірқатар қатты айтылған жерлерін жұмсартып, баспаға жібердім. Оған тағы соңғысөз жаздым, онда Драгомановтың бір мақаласы («Толцыте и отверзется») мен Р. Н. С.-ты салыстырып, біріншінің артық екенін көрсеттім. Онда да (Велнканың талабы бойынша) кейбір сөздерді жұмсатыңқыраймын. Бірақ менің талқандауымның жалпы сарынын негізінен қайта жасауға енді болатын емес.

* — («Қорытынды баяндама», Блондель мен Вандервельде және Дестре). *Ред.*

Россиядан жұрттың көңілі *Бердяевте* деп жазып жатыр. Арнаулы философия саласында *ғана емес* басқа жағынан да талқандайтын адам міне осы! Рас, оның «Мир Божийдегі» соңғы мақаласы жайында Велика мақала жазып жатыр.

Сіз П. Б. екеуіңіз кездесіп, программамен шұғылданатыныңыз туралы хабар мені өте қуантты. Егер біз Сіз бен П. Б.-ның жобасы сықты жобамен жұрт алдына шығатын болсақ, бұл алға басқан ірі қадам болады. Ал бұл іс — ең қажетті іс.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Петров*

*Мюнхеннен Во кантонына (Швейцария) жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 25

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

21. X. 01.

Қымбатты Г. В.! Жуырда Сізге Энгельстің программа туралы мақаласы[74] басылған «Neue Zeit»*-тің 1-номерін жібердім. Сіздің жұмысыңыз үшін, яғни программа жобасын жасауыңыз үшін ол мақала Сізге қажетсіз болмас деп ойлаймын.— Онан соң Сізге бүгін корректуралар жіберіп отырмыз: қарағаннан кейін бетіне «Druckfertig!»** деп жазып, оларды тезірек тура Дитцке жібере көріңіз. Мен ішкі шолуға[75] деп кейбір кішігірім материалдар жыйнастырып алдым, жуық күндерде оған қолма-қол кірісемін (қазір сырқаттаумын: жол жүргеннен кейінгі[76] инфлуэнца тәрізді бірдеңе). Ал енді бұл жұмыстан кейін «Искра» үшін, ал одан кейін алдақашаннан бері кейін қалдырып жүрген кітапшамен[77] шұғылдануым керек, сондықтан программаға менің мүлде уақытым қалмайды, бір Сізге ғана сенім артамыз.

Франциядан хат жазып тұру үшін бір француз жөнінде кеңес бермейсіз бе? (Даневич, сірә, бастартатын болар.)

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

*Мюнхеннен Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — «Жаңа Заман». *Ред.*

** — «Баспаға дайын!». *Ред.*

## 26

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

2. XI.

Қымбатты Г. В.! Сіздің хатыңызды алдық. Сіздің мақалаңыз, біздің ойымызша, «Исқраның» 10-номеріне барады.

Тоғызыншысы жуырда шығады: 8 бетке дейін көбейіп кеткендіктен кешігіп қалды.

«Neue Zeit»-тің 1 және 3-номерлерін алдыңыздар ма (пайдаланғаннан кейін оларды *қайырып жібере көріңіздер)?* Оларды Сіздерге мен жіберіп едім, өйткені оларда Энгельс пен Каутскийдің программа туралы мақалалары бар-ды, ол мақалалардың Сізге қажеті болуы мүмкін. Программаны қашан жазып бітірмекшісіз?

Маркстің шығармалар жыйнағына рецензия[78] жазу жайында Сіз ештеңе жазбай отырсыз. Біздің түсінуімізше, Сіз оны бізге дегенмен жіберетін боларсыз — «Заряның» 2—3-номерлері үшін бұл рецензия сөзсіз қажет. 4. XI. IV том шығады: Лассальдің Маркске жазған хаттары; бірақ басылып шығуын кешеуілдетпеу үшін ол жайында енді рецензия жазудың да қажеті жоқ.

Мен ішкі шолуды аяқтап келемін. Алексей Любек туралы жазды. Рецензиялар бар: Франк туралы Сіздің рецензияңыз, Алексеевтің үш рецензиясы + Маркстің шығармалар жыйнағы туралы Сіздің рецензияңыз + «Свобода» туралы Велика Дмитриевнаның да рецензиясы болу керек. Осы жетеді.

Also* «Заряның» 2—3-номерлері дайын, әңгіме тек басуда ғана қалып отыр, басу ісі ноябрьдің ортасына дейін аяқталу керек еді.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің...

---

* — Сонымен. *Ред.*

P. S. Программа жөнінде соншама сұрағыштап отырған себебім, «Зарянын» 2—3-номері шыққан бойда, 4-номер үшін терушілерге беретін материалдың болатын-болмайтынын білу керектігі. Маған бұл жөнінде Dietz тыным бермей отыр.

Егер Рязановтын мақаласын әлі жібермеген болсаңыз,— *тезірек* жіберіңіз, әйтпесе ол Алексейге күн көрсетпес. Рязанов (және онымен бірге Parvus, сол үшін) мақаланы кейінге қалдырғанға қатты жәбірленіп қалыпты және, сірә, аулақтағысы келетін сияқты. «Редактор бола білмейсіздер!» деді бізге Parvus.

Қандай?

*1901 ж. 2 ноябрьде жазылған*
*Мюнхеннен Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

27

## [illegible]

1) [illegible]
2) Мәскеу комитеті
3) СПБ — [illegible]
4) [illegible][..]
5) «Орыс социал-демократиялық [illegible]»[..]

Шетелдік жиналыс[..] туралы мәселені шешу үшін [illegible] партияның ең маңызды комитеттерінің конференциясын [illegible] болып жатқанын біз жаңа ғана естіп отыр-мыз.

Солидарлықтың мынадай шарттарын [illegible] көп ке-ңестер мен топтар болып жатқаны үшін [illegible] салу керек.

1) Конференцияның ашылатын мерзімін кейін ([illegible] дейін, [illegible]) қалай да шегере тұру керек. Дәлелдер: а) «*И с к р а д а*» да, шетелдік *Лигада* да делегаттар болуы керек, ал [illegible] [illegible]: «*И с к р а*» мен Лиганың делегаттары болмайынша конферен-ция заңсыз және мағынасыз болады. b) Екі жақтың да алауыздықтар жайлы баяндаған кітапшаларының жарыққа шығуын күту керек. Бұл кітапшаларсыз [illegible] конференция істің жайын біле алмайды, ал сондықтан оның кеңестері бос өтетін болады. «*Искра*» өзінің 12 нө-мерінде (1901 ж. 5 декабрьде жарыққа шықты) бұл кі-тапшаны[..] өте тез (ай жарымнан кейін) жарыққа шыға-рамыз деп уәде етіп отыр. Онда алауыздықтардың бәрі өте толық талданады. Біз онда «*Рабочее Дело*» бағы-тының *бүгіндей зияндылығын* көрсетеміз, оппортунизм-дік пен экономизмге көшуде олардың [illegible] ту-рақсыздығын және дәрменсіздігін ашып береміз. Бұл кі-

талша кәзіргі өзінде бірқатар дайын және тез аякталып келеді. Оған сон кәзіргі кезде (жанаша декабрьдің ½) шет елдерде алауыздықтар туралы рефераттар оқылып жатыр: бірі — «Рабочее Делоның» өкілінікі, екіншісі — Лиганың өкілінікі. Бұл рефераттар да өте тез араның ішінде баспасөз бетіне шығады. сондықтан. оларды күтпейінше, конференция шақыру ақшаны босқа шашу және босқа шығындану болады.

2) Егер конференция болатын болса, біз оған *арнаулы өкіл жібереміз.* Сондықтан (1) конференцияның тағайындалған-тағайындалмағандығын; (2) қайда болатынын; (3) қашан болатынын және (4) конференцияның паролі мен оған келу жайын бізге дереу хабарлау *міндетті нәрсе.* Конференцияны заңсыз деп жариялаймыз және екі жағын бірдей тыңдамай мәселені шешкісі келеді деп дереу жұртқа жаямыз деп қорқыта отырып, комитеттер мен топтардың бұл мәліметтерді хабарлауын *формалдық түрде* талап ету керек.

3) Егер комитеттер немесе топтар конференцияға «Рабочее Дело» жағын жақтайтын өкілдер сайлайтын болса,— бұған дереу және *формалдық түрде* қарсылық білдіру және «Рабочее Делоны» жақтаушылардан *да,* *«Искраны»* жақтаушылардан *да* (respective*: көпшіліктен және азшылықтан) өкілдер болуын талап ету қажет.

4) Конференция *«Искраға»* қарсы шыға қалған күнде, бұған жұрт алдында қарсы шығуға көнбейтін комитеттер мен топтардан *шығу* қажет болады,— және шыққан бойда мұны және мұның дәлелдерін *«Искрада»* дереу жариялау керек болады. Мұндай әрекеттер жайында өз адамдары дереу келісіп алулары керек.

5) Бұлардың нәтижесі жайында бізді дереу хабарлау және *барлық* әрекеттер жөнінде дереу хабарлап отыру керек. «Искраны» жақтаушылардың барлық жерде де бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығаруы үшін *барлық күшті* салу қажет.

*1901 ж. декабрьдің орта шенінде*
*Мюнхенде жазылған*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — тиісінше. *Ред.*

28

## Н. Т. САМОЙЛОВИЧКЕ

[illegible]

Егер бұл [illegible] хабар рас болатын болса, онда біз бұл [illegible] бұзақылықты [illegible] дереу [illegible] талап етеміз және, өз тарапымыздан, [illegible] Орлгадан [illegible] ақша атаулының бәрін [illegible] алуды және олардың мұнда келу жоспарын дереу жүзеге асыруды қатты өтінеміз.

*1901 ж. 18 декабрьде жазылған*
*Мюнхеннен Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

[illegible]

## *1902 ж.*

## 29

## Л. И. ГОЛЬДМАНҒА

Сіз «Искраның» орыс баспаханасы бар екенін құпия ұстауды қажет деп білесіз бе? яғни: Сіз орыс данасын біздің шет елдерде кең түрде көрсетуімізге қарсысыз ба[83]?

Ал енді біздің ісіміздің жалпы келіспеген жерлеріне, жуырда Сізді көрген адамның[84] айтуына қарағанда, ол келіспеушіліктерді айтып, Сіздің қатты қынжылуыңызға келетін болсақ,— біз бұл арада көмек беріп жарыи алмаймыз. «Искра» ұйымының орыс мүшелері берік ұйтқы болып алып, «Искраның» *бүкіл* Россияға дұрыс тарауын жүзеге асыру керек. Бұл түгелімен орыс ұйымының ісі. Егер біз мұны істеп шығатын болсақ, онда іс қамтамасыз етіледі. Ал мұнысыз — келіспестік сөзсіз*. Дұрыс тарату және *бедел сақтау* мүдделері жағынан қарағанда «Искраны» 2—3 номер аралатып, неғұрлым үнемі ынта туғызып отыратын номерлерді таңдап алып, Россияда бастырып отыру өте маңызды болған болар еді. Мысалы, 13-номерді[85], мүмкін, осылай шығару теріс болмас еді.

Ал кәзір бастырып жатырсыз ғой, солай болған соң *анағұрлым* көп дана етіп бастырыңыз: бүкіл Россияны тым болмаса бір рет *қанағаттандырып* көру керек. Өзіңіздің аз таратамыз деп шағынғаныңыз есіңізде ме?

Тағыда үлкен сәлем жолдап, ісіңізге сәт тілелік!!

*1902 ж. 3 январьда жазылған*
*Мюнхеннен Кишиневке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — Дементьев таратушы функциясын атқара алар ма еді, қалай ойлайсыз?

## 30

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

7. II. 02.

Қымбатты Г. В.! Сізге Бергтің түзетуімен қоса программа жобасын жіберіп отырмын. Жаза қойыңызшы, Сіз түзетулер енгізесіз бе немесе бүтіндей басқа жоба тапсырасыз ба. Оның үстіне менің Сізді қандай жерлері қанағаттандырмағанын да білгім келеді.

Дін жөнінде мен К. Маркстің Гота программасы туралы хатынан Gewissensfreiheit* талабын қатты сынағанын және социал-демократтар religiösem Spuk**[30] қарсы күресетінін де тура айтуға тиіс дегенін оқыдым. Сіз бұл сияқты нәрсені мүмкін деп білесіз бе және қандай формада мүмкін деп білесіз? Бізде дін жөнінде сақ болу туралы пікірлер, «республика» жөніндегі сияқты, немістерден анағұрлым кем ғой.

*Кольцовқа Сіздің данаңыздан көшіруге бере қойыңызшы:* бұл көп уақыт алмайды ғой.

Сіздің жұмысыңыз қалай жүріп жатыр (егер Сіз, біздің ойлағанымыздай, «Заряға» мақала жазып жатқан болсаңыз)? Оны қашан аяқтамақшысыз?

Ал «Neue Zeit» (№№ 1 және 3) пен *аграрлық программа туралы хатты* Сіз маған жібермей-ақ қойдыңыз!! Жіберіңізші немесе неліктен тоқталып қалғанын жазыңызшы.

Мен Сізге 1902 жылға «Conrad's Jahrbücher»-ді*** жаздырдым. 1901 жылға арналған «Wirtschaftliche Chronik»**** февральда шығады деседі,— сол кезде Сізге жі-

* — *Ұждан бостандығы. Ред.*

** — *Діни малығұндыққа. Ред.*

*** — *«Конрад Жылдықтары». Ред.*

**** — *«Экономикалық Хроника». Ред.*

береді. «Торгово-Промышленная Газетаны» өзіңізге жаздырып па едіңіз, әлде енді ғана ала бастаған боларсыз?

Рабочеделошылар жайында естіген жаңалығыңыз жоқ па? Бізде — құлақ кескендей ешбір сыбыс жоқ.

Менің кітапшам терілiп жатыр.

«Vorwärts»* тіпті қысқаша жауапты да басудан бас тартты, сонымен мәселе «Vorstand»ка**, көшті. Бебель бізді жақтайды деседі. Көрерміз.

Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің *Фрей*

*Мюнхеннен Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — «Алға». *Ред.*

** — Басқарма, немесе Орталық Комитет (герман с.-д.). *Ред.*

## 31

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

4. IV. 02.

Қымбатты Г. В.! Сізге отрезоктар туралы мақаламды[87] жіберіп отырмын. Оқығаныңыздан кейін оны, мына хатпен бірге, П. Б.-ға жібере қойыңызшы, өйткені *егер* Сіз менің алғаш қолданған жоспарымды қалдыратын болсаңыз (яғни бұл мақала біздің ортақ жобамызды, былайынша айтқанда, ортақ қорғау болатын болса), онда қажетті түзетулер жайында бірігіп уәделесу керек. Егер де Сіз бұл жоспардың өзін мақұлдамайтын болсаңыз, онда басқаша бір амал ету керек болады.

Программаның жалпы бөлімін (принциптік мәлімдеме) мен кей жерлерде өз жобам бойынша цитатаға алдым: менің жобам қабылданбаған жағдайда мұның өзгеретіні өз өзінен түсінікті. (Онда мен кейбір цитаталарды, Сіз қарсы болмайтын болсаңыз, Эрфурт программасынан ала алған болар едім.)

Велика Дмитриевна кей жерлеріне ескертпелерін сол бет жиегіне жасапты, бірақ барлық жерлерде бірдей белгілі өзгерістер ұсынбаған. Бұл пункттер жөніндегі өз пікіріңізді жаза қойыңызшы. Ол пункттердің біреуі жөнінде мен өз пікірімді қорғап бірнеше сөз айтқым келген еді. Велика Дмитриевна 79—82[88] беттерді алып тастау керек дейді,— мен, әрине, оларды оншалықты қорғап жатпас едім. Бірақ ол оларда «арамдық жасауға көмек» те беріліп кетеді деп біледі, жобада ұсақ арендаторларға (национализацияланған жердің) артықшылық берілмей, аграрлық заңдарды орындауды және (NB) жерді, малды тиімді түрде күтуді *шарт етіп*, ірі арендаторлар мен ұсақ арендаторларға бірдей беру керек дейді.

Ол бұған қарсы болып: бұл «зұлымдық жасау» болады, өйткені «барлық байлар алып қойып», жақсартылған дақыл жұмысшыларын жұмыстан айырады, оларға ешқандай аграрлық заңдар көмек ете алмайды дейді.

Менімше, бұл қарсылық дұрыс емес, өйткені (1) мұнда өте дамыған буржуазиялық қоғам еске алынады, мұндай қоғамда жұмысшы жалдамайтын мұжик сирек кездесетін болар; (2) «байлар» мұнда ірі шаруашылық техника және экономика жағынан «жолға қойылған» жағдайда ғана жер ала алады, ал мұны бірден істеуге болмайды, өйткені Велика Дмитриевнаны қорқытатын кенет көшулің болуы мүмкін емес; (3) машинаның жұмысшыларды ығыстыруы деген, әрине, ірі өндірістің сөзсіз нәтижесі болып табылады, бірақ біз үміттерімізді капиталистік *қайшылықтардың дамуын тежеуге* артып отырғанымыз жоқ, қайта олардың толық дамуына артып отырмыз ғой; *жер дақылының жақсаруы* оның бержағында өнеркәсіптің *орасан зор өсуін және халықтың жерден* көптеп ауысын *керек етеді*; (4) ұсынылып отырған шараның ешбір «*залымдарға*» *көмек* етпейтіні былай тұрсын, қайта буржуазиялық қоғамда «*зұлымдыққа*» *бірден-бір ақылға сыйымды қарсы* шара болып табылады, өйткені ол *қызметшіні қанауды да, жерді талауды* да, малдың тұқымын нашарлатуды да тура тежейді. Буржуазиялық қоғамда адамның да, жердің де, малдың да күшін *әсіресе талан-таражға салатын* нақ осы ұсақ өндіруші.

Егер 79—82 беттерді алып тастауды Сіз де жақтайтын болсаңыз, онда 92-беттегі[69] ескертуді қалай өзгерту керегін айтыңызшы.

Қалай ойлайсыз, бүкіл программа түгел басылып шыққанға дейін программаның аграрлық бөлімін (және оған арналған комментарийларды) бүкіл программадан бөлек бастырып шығаруға жалпы бола ма?

В. И.-дің мақаласының корректурасын кеше алып, Дитцке жібердім. Кешегі күні оның мақаласының корректурасының жалғасын Сіздің адресіңізге жібердім. (Тездету үшін ол түзетілген корректураны тура Дитцке жібере алар еді.)

Цветов байғұс туралы — міне үш аптадан бері түк хабар жоқ. Тегі өліп қалған болар. Бұл біз үшін орасан зор шығын болады!

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Фрей*

5. IV. P. S. Кәзір Сіздің хатыңызды алдым. Оны жұртқа бердім. Жуырда жауап қайтарамыз.

*Деречь* Берггін жобасын (Өзініз комиссиялық деп атайтын жобаны)[*] *Frau Kiroff, Schraudolfstrasse* 29, III L. bei *Taurer* деген адреске жібере көрініз. *Өтетығыз* жіберініз, өйткені олардың колында *көшірмесі жок*, сондыктан олар Сіздің ескертулеріңізді түсінбейді. (Мен өз басым екі жобаның екеуін де, жұрттың бәрінің ұсынған «үшінші жол» формасында, жариялауды макұлдар едім, бірак көпшілік кәзір, сірә, өзгеше пікірде сияқты.) Аграрлык кітаптарды Сізге жіберемін. Жария маркстердің «күнасын» Велика Дмитриевна, сірә, жұмсартқысы келетін болар деймін.

*Мюнхеннен Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 32
## П. Б. АКСЕЛЬРОДҚА

3. V. 02.

Қымбатты П. Б.! Жуырда мен Сізге «К-ге жазған хатымды»[91] жіберіп, мүлде қол тимей жатқандықтан Өзіңізге арнап бір де жол жазбағанмын; Оныма Сіз кешірім етерсіз деп сенемін?

Енді Сізбен отрезоктар туралы мақала жайында біраз сөйлескім келеді. Кәдірлі коллегияның көрсеткендері мен талаптарының *бәрін* еске ала отырып, мен оны түзеттім. Енді ол кейін *Сізге жіберу үшін* Г. В.-ға жіберілгелі жатыр: егер ол кешіктіріп тастайтын болса, сұрап алуды ұмытып кетпегейсіз (әйтпесе Дитцтің баспаханасы қарап тұр!). Берг менің түзетулеріме қанағаттанды, бірақ ол маған мақалаға әсіресе Сіз қарсы болды дегенді айтты. Егер бұл Сізді жұмысыңыздан онша қалдырмайтын болса,— Сіздің наразылығыңыздың негізі неде екенін жазыңызшы. Маған бұл өте қызықты. (Егер мақала жазып жатқан болсаңыз, бас бұра көрмеңіз, өйткені бұл мүлде «іске қатысты» әңгіме емес, ал көбінесе post festum* әңгіме.)

Мен, мәселен, Сіздің «...шаруаларға ауыр езгі боп тиіп отырған...» (крепостниктік тәртіптің қалдықтарын) деген қосымдыңызды да онша түсініп отырғаным жоқ. 1-шіден, *ойымызға* ештеңе қоспайтын болғандықтан ол артық. 2-шіден, ол дәл емес (олар шаруаларды ғана ауыр езгіге салып отырған жоқ, ал оның олардың зияны белгілібір қоғамдық жікті «езуде» ғана емес).

Программа қазір көшіруге беріліп те қойды, енді «Искраның» 21-номерінің басмақаласы есебінде жарыққа

* — мейрамнан кейінгі. *Ред.*

шығады. Менің (кадірлі коллегия рұқсат еткен) сынды жазуым керек пе деген мәселені мен әлі шешкенім жоқ, өйткені программаны баспадан «тыныш отырып» бір қайта-қайта оқығым келеді, ал кәзір Лондон әлегінен[92] әлі әбден айығып болғаным жоқ.

Л. Гр. мен Борис Николаевичтің жайы қалай? Біріншісінің жұмысы қалай жүріп жатыр? Екіншісінің ден саулығы қалай? *Оған біз жуырда (сірә) қол артатын болармыз,* сондықтан дұрыстаңқырап және тезірек жазылатын болсын.

Қолыңызды қатты қысып, саулығыңды тілеймін.

Сіздің...

P. S. Б. Н.-ге айтып қойыңыз, Воронежде 40 кісі ұсталыпты (дегенді айтады), ал оның бержағында бүгін келген хат олардың фамилияларын атап отыр: «Карпов, Любимов, Коростенев, Кардашев, Бутковский, Маховец және Губарева; соңғы төртеуі жауап алуға шақырылмай босатылып жіберілген. Уфада 8 тінту, 2 тұтқынға алу болған: Бойков пен Сазонов, студенттер». Воронеждіктер (1. IV) «Питерден — Киевтен келген жарлық бойынша» ұсталған тәрізді (sic!). Бізге *тура* келген бір хаттың *барлық* мазмұны осы.

Жалпы алғанда тұтқынға алудың ұшы-қиыры жоқ көрінеді! *Ай сірә* біздің надежа да ұсталған *болу керек,* оны Сіз цюрихта да, бізде де көрген және таныған болатынсыз,— я, я, соның өзі! Бұл тіпті өте жаман!

***NB*** Л. Гр. ақ жерлері бар «Приднепровский Крайдың» Сіз алған номерін дереу жіберсін.

*Лондоннан Цюрихқа жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 23

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

*6. V.*

Хатыңызды алдық. Дерево алынған болу керек. Клэр қалай да бес [illegible] қалады, ал мұның үшін дереу [illegible] жатқанға келеді. Сапожков[illegible] [illegible] (ал [illegible] біз Дерево да [illegible]) бес айдан кейін съезд шақыру жөнінде комиссия тағайындауымыз жеткілікті.

Енді біздің басты міндетіміз — осыны жариялау, онан кейін өз адамдарымызды [illegible] комитеттерге енгізу, оңтүстік комитеттердің (= тағы) [illegible] Орталық Комитетін құруға тырысу. Сонымен (неғұрлым тезірек) тіпті [illegible] деп [illegible], ол әлі [illegible] жаңа [illegible] [illegible] Бұл [illegible] — бес [illegible] (және Питер де). Сонымен ең таңдаулы міндет: Курц — Зыбушкин екеуінің дереу комитеттерге енуі. Онан кейін Клэр мен Брузгин де белгілі бір формада солардың ішіндегі кіруі керек. Бұл — басты міндет, өйткені әйтпесе [illegible] біздің [illegible] шығарамыз. Басқасының бәрін осы міндетке бағындырамыз. Екінші съездің аса зор маңызы бар екенін естен шығармаңыз!..* [illegible] және орталыққа Иваново және басқа жерлерге, Урал мен оңтүстікке шабуылды ойластырамыз. Енді формальдық жағының зор маңызы болады.

Брузгин провокация бар шығар дейді. Мұнда оның болуы мүмкін емес, біз енді Лондондамыз. Біздің тұтқынға алынған бірнеше адамдарымыздан көптеген байланыстардың алынуы ғажап емес — бәрін де осы түсіндіреді. «Басты міндет»** үшін өзіңізді өздеріңіз қараңыздар[illegible]

---

* — Қолжазбада сызылып тасталған сөз танылмады. *Ред.*

сактаңыз. Егер біз (яғни *сіз*) оны меңгермейтін болсаңыз,— онда мүлде жаман болды де.

Осы хатты түгелімен дереу Бродягинге жіберіңіз және бізге қалай да жазсын және жиі жазып тұрсын деңіз: оның хаттарының бәрі де бізге ойдағыдай келіп тұр.

Деревоның өлгені рас болатын болса, онда біздің Клэрмен немесе Бродягинмен тезірек көрісуіміз немесе өте толық жазысуымыз керек, егер Сізге Саша туралы (мұқаба үшін адресті тезірек жіберіңіздер) *барлық* мәнжайды жіберу үшін жақсы адрестер (?) болатын болса осылай етуіміз керек.

Паспорт жөнінде бізге сенбей, өздеріңіз сұраныңыздар. Кәзір жұрттың бәрі білетін болғандықтан Клэр мен Бродягиннің алмасуы жөн болмас па екен?

Москвадан кім делегат болады? Толық сенімді ме? Оның жақсы мұрагері бар ма? Сонымен: тағысын тағы: комитеттерге ену керек. Нижний сенімді ме?

*1902 ж. 6 майда жазылған*
*Лондоннан Самараға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 34

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

Сіздің ескертулеріңізбен қоса мақаланы алдым[95]. Редакциядағы коллегалар жөніндегі әдеп туралы Сіздің түсінігіңіз жақсы-ақ екен! Өзіңіз тұжырымдап та көрмей отырған ұсыныстарды «дауысқа салуды», тіпті стиль жайын «дауысқа салуды» айтпағанның өзінде Сіз тіпті нағыз жиреніштi сөздердің төресін көрсетуден қысылмайтын көрінесіз ғой. Мен Сіздің программа туралы мақалаңызға сол түрде жауап берген болсам, Сіз не дер едіңіз? Егер Сіз біздің бірге жұмыс істеуімізді мүмкін етпеу мақсатын көздеп отырған болсаңыз,— онда Өзіңіздің қалап отырған осы жолыңызбен Сіз ол мақсатқа өте тез жете аласыз. Іс жөнінен емес, жай қатынастар жағына келетін болсақ, оларды Сіз қазірдің өзінде біржолата бұзып болдыңыз немесе дұрысырақ айтқанда: оларды толық тоқтатуға жеттіңіз.

*Н. Ленин*

*1902 ж. 14 майда жазылған*
*Лондоннан Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 35

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

23. VI. 02.

Қымбатты Г. В.! Мен Сіздің «басараздық» туып кете ме деген ойларды қойған хатыңызды алғанымнан кейін нығымнан бір үлкен жүк түскендей болды. «Басараздықтың» өзі сөзсіз болатын сияқты көрінген сайын, ондай ойлар да ауыр бола түскен еді, өйткені мұның партиялық салдарлары нағыз қайғылы болған болар еді...

Кездескен кезімізде мен Мюнхендегі «оқиғаның»[96] басталуы жайында Сізбен әңгімелесуге өте қуанар едім,— кездескенде, әрине, ескі жараның аузын ашу үшін емес, сол кезде Сізге не нәрсенің жәбір болғанын анықтау үшін. Сізді жәбірлеу менің тіпті ойымда да болмағанын Өзіңіз, әрине білесіз.

В. И. маған Сіздің мақала жайындағы хатыңызды, яғни Сіздің программалық мақалаңызда өз көзқарасыңызды айтуға Сізге мүмкіндік беру туралы Сіздің ұсынысыңызды да көрсетті. Мен өзім ондай шешімді ең жақсы шешім деп есептеуге бейіммін және 25% айырмашылықты көрсету (егерде оны көрсетіп қою мүлдем қажет деп табылған болса) мүмкіндігі бар және редакторлас адамның әрқайсысына да ол әрқашан болған деп ойлаймын (ал Сіз де дәл осы мақалада национализация туралы мәселені — немесе «Заряның» 2—3-номеріндегі рецензияда либералдар туралы мәселені біршама басқаша қоюды көрсетіп өткен болатынсыз). Менің мақаламдағы өзгертілуі жөн жерлерді Сізбен бірге тағы да келіп талқылауға мен, әрине, әзірмін және соның үшін Сізге корректураны жіберіп отырмын. Қалағаныңызды істеңіз. «Заряны» *мүмкін болғанынша тезірек* аяқтау керек еді, әйтпесе келісу сөздері тым созылып барады. Қалай болған күнде

## 36

## Г. Д. ЛЕЙТЕЙЗЕНГЕ

24. VII. 02.

Қымбатты Л.! Апамның адресі: M-me Elizaroff. Loguivy (par Ploubazlanec). Côtes du Nord. Ал мен мамама мұнда шынында да онша ұнап отырған жоқ, олар сірә басқа жерге кететін болар, бірақ әзір қайда баратындарын білмейді (хат бетінде Expédition* адресін көрсетуге болады). Мен ертең үйге жүремін. Жалпы алғанда, бұл жер маған өте ұнады, жаман демалғаным жоқ, тек амал не күнілгері жазылдым деп біліп, диэтаны ұмытып кетіппін, сондықтан кәзір тағыда катармен әуре болып жүрмін. Алайда мұның бәрі түк емес қой.

Сіз деревняңызда әлі көп боласыз ба? Ұнамды істің пайдалымен (қызмет) бірігуімен пайдаланып қалғаныңыз және жақсылап, ұзағырақ демалғаныңыз Сізге жақсы болар еді. Қашан қайтасыз, өз жайыңызда қалам түрте салыңыз.

Л. Гр.-мен және Юрьевпен сөйлесуіңіздің нәтижесіне ризасыз ба? Әбден келістіңіздер ме және енді жақсы нәтижелер береді деп сенесіз бе.

Комитеттердің, тіпті *Питер комитетінің* де (sic!**) «Искраға» бет бұруы жайында Россиядан жақсы хабарлар келіп жатыр. Кішкене бір қызық факт мынадай. Олар «Рабочее Делоға» бір кітапша жіберіпті. Оның (9-шы беттегі: бізге анық жазып отыр!) ескертуінде: «Лениннің тамаша кітабын[93] қараңыз» деген екен. Мұндағы одақтастар — ойбай салыпты! және Питерге: оны сызып тастаңыздар, мұнымен сіздер өздеріңізді де, бізді де масқара

---

* Экспедиция. *Ред.*

** — солай. *Ред.*

[illegible] деп жазыпты. Бұған мәселені біздің [illegible]ға қосымызға кедергі жасамаңыздар, ал кітапшаны «Искраға» беріңіздер деп жауап қайырыпты.

Бұл зәбіре, әрине, entre nous* нәрсе ғой. Қызық екен! Питердің жаңа позициясында тұрар-тұрмасын білмеймін.

Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің Ленин

Маған Лондонға жазыңыз.

P. S. Ұмытып кете жаздаппын ғой. «Socialiste»** маған менің абонементім 1911 жылдың декабрімен аяқталады деп жарияланып отыр. Солай ма еді? Ол шатастырып отырған жоқ па? Жаңылмасам, Сіз бір рет онда Юрдановтың карточкасымен болып едіңіз ғой? Егер солай болатын болса, Сізде ол жайында бір қағаздар қалған жоқ па немесе былайынша есіңізде жоқ па?

*Лонжюмодан (Францияның Солтүстік жағасы) Парижге жіберілген*

*Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — өз арамыздағы. *Ред.*

** — «Социалист». *Ред.*

## 37

### Ч-ке*

2. VIII. 02.

Сіздің хатыңызды алдым, қымбатты Ч., ал әзірге екі ауыз сөзбен ғана жауап қайырайын. Қатты сырқаттанып қалдым. Жатырмын.

Сіздің көтеріп отырған пунктіңіз жөнінде мен *бір де* қат көргенім жоқ. Меніңше, Сіз адасып отырсыз ғой деймін. Жұмысшы үйірмелерін, топтарын және ұйымдарын көбейтудің және нығайтудың орнына оларды «тарату» туралы кім ойлай алушы еді? Сіз маған өте құпия ұйым жұмысшы бұқарасымен қалай қатынас жасай алатынын көрсетпедіңіз деп жазасыз. Бұл солай бола қояр ма екен, өйткені (бұл vient sans dire* бола тұрса да) 96-бетте *«нағыз көп мөлшерде* (курсив Лениндікі) нағыз әралуан функциялары бар» «толып жатқан (NB!) *толып жатқан!!* басқа ұйымдардың» (яғни профессионал революционерлердің орталық ұйымынан басқа ұйымдардың)[110] қажет екендігі туралы жерді Сіз өзіңіз цитатаға алып отырсыз ғой. Мен градацияны ғана белгілеп отырған және осы градацияның ең шеткері буындарының шегін көрсетіп отырған жерде Сіздің ойыңызға қарама-қарсылық бар деп білуіңіз бекер. Профессионал революционерлердің (орталықтағы) өте құпия және тығыз байланысты ат төбеліндей ұйытқысынан *бастап*, «мүшелері жоқ» *бұқаралық* «ұйымға» *дейін* — бүтіндей бір буындар желісі жатады ғой. Мен тек буындардың өзгерген сыйпатындағы бағытты ғана көрсетемін: *ұйым неғұрлым «бұқаралық» болған сайын, соғұрлым кем формалданған, соғұрлым кем құпия болуға тиіс* деймін — менің

* — өз өзінен түсінікті. *Ред.*

тезисім осы. Ал Сіз оны бұқара мен революционерлердің арасында аралық адамдардың керегі жоқ деп түсінгіңіз келеді!! Әсте олай емес! Мәселе мәнінің бәрі осы аралық адамдарда. Ал мен келіп ең шеткергі буындардың қасиетін көрсетіп отырған болсам және аралық буындардың қажет екенін баса көрсетіп отырған болсам *(мен шынында да баса көрсетіп отырмын)*, онда бұл аралық буындардың «революционерлер ұйымы» мен «бұқаралық ұйымның» *о р т а с ы н д а* болатыны, болғанда құрылыс типі жағынан *ортасында* болатыны, яғни олар орталықтан гөрі тарлығы кемдеу және құпиялылығы кемдеу,— бірақ «тігіншілер одағынан» гөрі көлемділеу болатыны, т. б. өз өзінен айқын. Мәселен, «фабрикалық үйірмеде» *(ә л б е т т е,* әрбір фабрикада бір-бірден аралық адамдар үйірмесі болатын ету керек) «ортаны» табу міндетті нәрсе: бір жағынан, бүкіл немесе бүкіл дерлік фабрика сөзсіз сондай бір жетекшіні *біліп алып,* оған сенуге, оны тыңдауға тиіс. Екінші жағынан, «үйірме» жұмысын жолға қойғанда: оның мүшелерінің *бәрін* біле *алмайтындай* етіп, бұқарамен ең көп қатынасып отыратынын ұстап ала *алмайтындай* етіп, жалпы әшкерелей алмайтындай етіп жолға қоюға тиіс. Міне бұл Ленинде айтылған нәрседен келіп өз өзінен тумай ма?

«Фабрикалық үйірменің» идеалы мүлде айқын: төрт-бес (мысал үшін айтсам) революционер-жұмысшылар,— олардың *бәрін* бұқара білмеуге тиіс. Біреуін, тегі, білуге тиіс, ал оны әшкерелеуден сақтау керек: ол жөнінде жұрт — *революцияға қатынаспайтын* (көрінбейтін) *болса да,* өз адамымыз, ақылды дей берсін. Біреуі орталықпен қатынас жасап отырады. Екеуінің де бір-бір кандидаты болады. Олар *бірнеше* үйірме (профессиялық, білім беретін, лақап таратушылық, шпиондық, қаруланған және т. б., т. т.) ашады, оның бержағында, мысалы, шпиондарды ұстау үшін немесе қару-жарақ тауып алу үшін құрылатын үйірменің құпиялығы, әрине, «Искраны» оқу үшін құрылатын үйірменің немесе жария әдебиетті оқу үшін құрылатын үйірменің және т. б., т. т. құпиялығындай әсте болмайды. Құпиялық үйірме мүшелерінің көптігіне кері пропорциялық болады да, үйірме мақсаттарының *қолма-қол к ү р е с т е н* алыстығына тура пропорциялық болады.

Білмеймін, бұл жайында ерекше жазу керек болар ма екен: егер керек болады деп ойлайтын болсаңыз,— маған бұл хатты қайырыңыз, материал есебінде Сіздікін қоса алып отырып, мен оны ойлап қарайын. Питерлік жолдаспен кездесемін және осында толық сөйлесемін ғой деп сенемін.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

*Лондонда жазылған*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 38

## В. А. НОСКОВҚА

4. VIII. 02.

Қымбатты Б. Н.! Сіздің екі хатыңызды да алдым, олардан жалған «түсініспеушіліктің» шынында да, менің бұрын поварға жазғанымдай (мен оған жазғанымда солай болады деп сенемін дегенімдей), *түтін* боп шыққанын көріп, білгенде өте қуандым.

Сіз отырып біздің «агенттеріміздің» қылығына шағынасыз. Менің де бұл тақырыпта Сізбен сөйлескім келген еді — бұл тақырып менің де мүлде ішіме сыймай жүрген. «Агенттер тым оңай алынып отырды»... дейсіз. Мұны білемін, өте жақсы білемін, ешуақытта мұны ұмытпаймын, бірақ біздің жағдайымыздың қайғылылығының өзі де (оллаһи қайғылылығының өзі, қатты айтылып отырған жоқ!) біздің солай істеуімізге *тура келетіндігінде,* біз өз ісімізде басым болып отырған ұқыпсыздықтың бәрін түгел жеңуге *дәрменсіз екендігімізде* ғой. Сіздің сөздеріңізде бізге кіна қою жоқ екендігін мен өте жақсы білемін. Бірақ біздің жағдайымызды әбден түсінуге тырысып көріңіз, *өзіңізді* «Сіздің агенттер» демей, *«біздің* агенттер» дейтін *жағдайға қойыңыз.* Сіз өзіңізді осындай жағдайға қоя аласыз және Сізге (меніңше) осылай істеу керек те — тек сонда ғана түсініспеушіліктер туу мүмкіншілігінің *қандайы да* бір жолата жойылады. Екінші жақты бірінші жақпен алмастырыңыз, «біздің» агенттерімізді өзіңіз де бақылаңыз, оларды табуға, орнынан алуға және алмастыруға көмектесіңіз, — ал сонда Сіз біздің агенттеріміздің «сүйкімсіздігі» туралы емес (мұндай сөздер түсініксіз болмай тұра алмайды: мұндай сөздерді бөлектену сөзі деп қабылдайды, жалпы қабылдайды, Сізбен мәселені анықтауға мүмкіндігі болмаған, біздің

редакциялық коллегияның мүшелері қабылдайды),— *біздің ортақ* ісіміздің кемшіліктері туралы айтатын боласыз. Бұл кемшіліктер өте көп және бұл неғұрлым ілгерілеген сайын, соғұрлым маған бой көтертпей отыр. Кәзір мәселе қабырғасынан қойылатын кезең (менің сезуімше) нақ таянып келеді: не Россия өз адамдарын шығарады, бізге жәрдемге келетіндерін алға ұсынады, сөйтіп істі түзейді, не... Ал мен ондай адамдардың кәзір алға ұсынылып отырғанын, олардың санының өсіп келе жатқанын біліп-ақ, көріп-ақ отырмын, бірақ мұның баяу өсіп келе жатқаны сонша, үзілістермен өсіп келе жатқаны сонша, ал машинаның «сықыры» әбден мазаңды алып отырғаны сонша,... кейде тіпті өте қиналасың.

«Агенттер тым оңай алынып отырды». Я солай, бірақ біз өзімізге «адам материалын» жасап алмаймыз, *бергенді* аламыз, алмай амалымыз жоқ қой. Мұнсыз бізге өмір сүруге болмайды. Россияға адал, іске берілген адам кетіп бара жатады,— «Искра» үшін қызмет еткім келеді дейді. Сөйтіп, кетеді, әрине, «агент» болып кетеді, ал біздің ешқайсымыз *ешқашан* мұндай атақ үлестірген емеспіз. Ал біздің «агенттерді» тексеретін, оларға басшылық ететін, оларды басқа орындарға апарып қоятын қандай құралымыз бар? Айта берсең біз екінің бірінде тіпті хат та ала алмаймыз ғой,— және 10 *нан* 9 *ретте* (мен тәжрибеден алып айтамын) «агенттің» келешек жұмысы туралы біздің мұндағы жобаларымыздың бәрі *шекарадан өткен күннің ертеңіне* желге ұшып кетіп, агент құдайдың ойына салған жұмысын істеп отырады ғой. Наныңыз, менің мұндағы жобаларымызға, маршруттарымызға, жоспарларымызға және басқаларымызға мүлде ешқандай сенімім жоқ, неге десеңіз мұның түк керегі жоқ екенін күнілгері білемін. Біздің *(басқа адамдарымыз болмағандықтан)* өзіміздікі емес істі *істеп,* мұзға соққан балықтай болуымызға «тура келеді». Ал агенттерді тағайындау, оларды бақылап отыру, олар үшін *жауап беру,* оларды біріктіріп, *іс жүзінде* басшылық етіп отыру үшін,— міне мұның үшін барлық жерде де болу, ұшу, бәрін де іс басында, жұмыста көру керек қой. Мұның үшін *практикалық ұйымдастырушылардың және бастаушылардың* артелі болу керек қой, ал бізде олар жоқ қой, яғни, әрине, бар-ау, бірақ аз, аз, аз ғой... Біздің барлық сорымыз осында ғой. Біздің прак-

тика жүзіндегі ұқыпсыздылығымызға қарағанда.— көбінесе әл-дәрменің кеткенше ашуланасың, бірақ тек бір нәрсе ғана жұбатады: егер *өсіп келе жатқан* болса және осы былықтың бәріне *қарамастан* айқын өсіп келе жатқан болса, ондашы, өмірі бар іс болғаны дейсің. Ашый келе, ондашы,— жақсы шарап болады дейсің.

Искрашының: ««Сіздердің» агенттеріңіз жеңіл-желпі адамдар» деген бір ауыз сөзі ғана неліктен бізді астан-кестен болуға дейін жеткізе алатынын енді Сіз түсінесіз бе? «Жеңіл-желпілер» орнын тезірек өздеріңіз басыңыздар — деп айтқымыз келеді. Барлық сорымыз: «адамның көптігінде, сонымен қатар *адамның жоқтығында*» дегенді біз айтып, қақсап, тіпті кітапшаларымызда жазып келеміз ғой, ал біздің осы адамсыздығымызды айтып, жұрт көзімізге шұқыйды. Бұл арада бір ғана жол бар, ол *өте-мөте* қажет, сөздің нағыз дәлме-дәл, ешбір өсірілмей айтылған мағнасында кешіктіруге болмайтын жол, — өйткені уақыт күтпейді және жаулар да, «Освобождение» де, социалист-революционерлер де, жеңілтек қолжаулық «Жизньнен» бастап, интриган «күрескерлермен»[101] аяқталатын әралуан жаңа социал-демократиялық топтар да өсіп келеді. Бұл жол дегеніміз орыс искрашыларының, ақырында, есін жыйнауы, *адамдар табуы* және **«Искра» шаруашылығын өз қолдарына алуы,** өйткені шын мәнісінде: біздің жеріміз орасан үлкен және бай жер, ал онда тәртіп жоқ. Адамдар табуға *тиіспіз,* өйткені адамдар *бар,*— бірақ оларды көздің қарашығынан бетер сақтау да керек, сақтағанда тура мағнада полициядан ғана сақтау керек емес, сонымен қатар осы кешіктіруге болмайтын іс үшін сақтау керек, басқа түрлі, жалпы алғанда пайдалы, бірақ *мезгілі жетпеген міндеттермен* әуестендіріп жібермеу керек. Біз толық адамсыздықтың салдарынан нағыз «жеңіл-желпіге» жармасуға *мәжбүр болып* отырған кезімізде,— басқалардың біздің ісімізді «соңға» қалдырып жатқанына біздің жәйбарақат қарай алмайтынымыз таңданарлық нәрсе емес.

Егерде *кәзіргі,* қатарда бар искрашылардың бәрі бірдей *«Искра» шаруашылығын,* оны өткізумен, әржаққа жеткізумен, материалмен және басқалармен *дербес* жабдықтауды, кешеуілдетпей, *бірден* қолға алған болса,— онда бізде *кәзірдің өзінде-ақ факт жүзіндегі ОК,*

«агенттерді» de facto* билеп-төстейтін (өйткені агенттерді редакция емес, ОК билеуге тиіс қой) және барлық практикалық істі *меңгеретін* ОК *болған болар еді*.

Егер адамдар жоқ болса, онда ОК-ны қайдан аласың? — деседі. Ал енді біз жеңіл-желпілерді болса да тауып отырмыз ғой, тауып отырмыз. 10 жеңіл-желпінің арасында бір салмақты жетекші болмайды, ал тәжрибе дегенмен босқа жоғалып кетпейді. Адамдар жұмыс үстінде үйренеді: біреулері кетсе, екіншілері орнын басады және *іс басталып кеткендіктен*,— осы жолға қойылған іске басқа біреулері он есе жеңіл *у м т ы л а д ы*. Біз қазір (формальдық емес) ОК құрған болсақ — ол ертең формальдық ОК болады және әрбір жергілікті ұйымнан қабілетті адамдарды қазіргіден гөрі он есе жігерлірек түрде *сорып алатын* болады. Және «жергілікті ұйымдардан» осы «сорып алу» ғана істі осы жергілікті ұйымдар тиісінше *қамтылатын* етіп жолға қоюға жеткізе алады.

Міне сондықтан да мен Семен Семенычке де[102] *тәуір қараймын*, тіпті тәуір қараймын. «сторонняя особа» жөніндегі көзқарастың (тіпті көзқарастың) қандайына да тебірене қараймын. Және басқаша қарай алмаймын да, өйткені егер: бұл — *м е н і ң* ісім дегенді искрашылар айтпайтын болса, мұны дауыстап айтпайтын болса, бұл істі мықтап, қолымен де, тісімен де қадала, қолға алмайтын болса, қадалуының кемшілігі үшін басқаларға ұрыса бастамайтын болса [Сіз бірде маған: искрашыларға ұрысыңыз! деген болатынсыз, ал мен: мұны мен емес, *Сіз* істеуге тиіссіз, өйткені жұмыстың *өзіне* практика жүзінде қатынасып отырған және оның жөн-жосығын білетін адам ғана ұрысуға праволы болады деп жауап қайырғанмын], егер мұны искрашылар істемейтін болса, онда бұл олар бізді «жеңіл-желпілермен ғана» қалдырғысы *келеді* деген сөз, ал мұның өзі шаруамыздың біткені болар еді.

Аяқтауға уақыт жетті. Мен Сіз бен повар екеуіңіздің біздің жағдайымызды барынша нақтырақ елестеткендеріңізді және оны әбден түсінгендеріңізді, сөйтіп сіздер демей, *біздер* дегендеріңізді өте қатты тілер едім. Қалай болған күнде де поварлың бізге өте жиі жазып тұрғаны және *қолма-қол* жазғаны, сөйтіп бізді Семен Семенычпен және

* — Іс жүзінде. *Ред.*

Семен Семенычты бізбен *қаттырақ* байланыстырғаны қажет нәрсе.

Ал енді Сіздің мұнда келуіңізге келетін болсақ, онда егер Сіздің тағыда Цюрихте болуыңызға тура келетін болса, онда мәселе басқаша. Сіз неге өте жабырқаусыз? Денсаулығыңыз әбден жақсы ма? Демалуыңыз керек емес пе?

Мен үнемі сырқаттана беремін, тегі жол жүру туралы ойлаудың да қажеті болмас.

Зернова мен Санин туралы пікіріңізді жазыңыз. Санин туралы мен әр адамнан ол-пұл естіп, ол қызметкер емес, өте-мөте тағы («wild») адам ғой деген ойға келдім.

Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің *Ленин*

*Лондоннан Цюрихке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 39

## Е. Я. ЛЕВИНГЕ

Қымбатты жолдастар! «Южный Рабочийдің» қалған редакциясының көзқарастары мен жоспарларын хабарлап жазған Сіздің хатыңыз бізді өте-мөте қуантып тастады. Сіздің «Южный Рабочий» мен «Искраның» арасында нағыз тығыз қатынастар мен қызметтестік болсын деген ұсынысыңызға біз жан-тәнімізбен қосыламыз. Осындай тығыз қатынастарды баянды етіп, біздің көзқарас бірлігімізден туатын *бірыңғай қимылдарға* көшу үшін нағыз жігерлі шараларды дереу қолдану керек. Біріншіден, біз мұның үшін Сіздің Черышевпен келіссөз жүргізу жөніндегі ұсынысыңызбен пайдаланамыз. Бізге оның адресін беріңіз. Ол (біздің естіп отырғанымыздай) шет елде болмай ма және бізде болып кетпей ме*? Екіншіден, бізге өзіңіздің де ресми өкіліңізді көрсетіңіз. Сол бойда Сізге шет елден *және Россиядан* хат жазатын тура адресіңізді беріңіз, ал сонымен қатар Сізге жолығатын адресті көрсетіңіз. «Искраның» орыс ұйымының мүшелері Сізге жолығып, барлығы жөнінен де толық сөйлесу үшін біз қазірдің өзінде шаралар қолдандық. Уақытты босқа өткізбеу үшін Сіз де бізге іс жайынан толығырақ жазыңыз. «Южный Рабочий» редакциясының таяудағы практикалық жоспарлары қандай? Оның оңтүстік комитеттерімен қарым-қатынастары және олармен формалды қатынастары бар ма? Сіздің: біз жұмысты «Оңтүстік комитеттер мен ұйымдар одағы» *құрылғанға дейін* жүргізілгені тәрізді етіп жүргізбекпіз деген сөзіңіз-

* Шет елден Дитпке екі конвертке салып жазып, одан дереу «Искра» редакциясына жіберуді сұрау керек.

мен біз «Южный Рабочийдің» қазіргі редакциясының құрамы да, бағыты да жазғытұрым конференция кезінде болған редакцияның құрамы мен бағытынан өзгеше деген қорытынды жасаймыз? Бұл бағыттар өзгешелігі нақ не нәрседе және бұл арада оңтүстік комитеттер қандай позиция ұстап отыр, яғни олардың қайсылары «Оңтүстік комитеттер мен ұйымдар одағының» бағытын ұстап отыр да, қайсылары Сіздің бағытыңызды жақтап отыр? Осы алауыздық терең бе, партияның бірігуге ол кедергі болмай ма және ынтымақтастыққа тезірек жету үшін қандай шаралар істеу керек деген мәселеге Сіздің көзқарасыңыз қандай? Сіз жазған 6 провинциялық топтардың оңтүстік комитеттерге (біздің айтып отырған осы бағыттың еруіне деп) қандай қатынастары бар? Егер Сіз осы мәселелердің бәрін біздің толық біліп алуымызға көмектессеңіз, бұл бізге өте пайдалы болған болар еді, өйткені бұл Сіздің достарыңыз бен оңтүстікте істеп жатқан «Искраның» орыс ұйымы мүшелерінің жақындасуына [illegible] көмектескен болар еді.

*1903 ж. 22 қазанда жазылған*
*Женевадан Харьковқа жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

40

## В. Т. КРАСНУХАҒА және Е. Д. СТАСОВАҒА

Зоя мен Варвара Ивановнаға деген хат *өздеріне ғана* жазылған. Соған бойынша өздеріне, тек қана өздеріне пайдалануларыңызды өтінеміз.

Вышибалоның «сенімсіз» туралы хабар [illegible] таңқаларлық-ты[illegible]. Искрашылардың көпшілігі [illegible] біреу-дің үшін Қасым мен шпильканың кетуі жеткілікті болғаны ғой? Вышибалоның қарсылығы тек мынаған ғана жетіп отыр еді: Сіз оған *тікелей бұйрық* ұсыныс етіңіз және сол бойынша көпшілік болып, 1-шіден, ол мәселе-ні жан-жағынан болмашы [illegible] деп, 2-шіден, оның уставты бұзды деген шағымы [illegible] мен [illegible] өзгерген устав бойынша кейін [illegible] дейін істі кешіктірмей. [illegible] бір-нәсе [illegible] тиіс) деп дереу [illegible] етіңіз.

Егерде вышибало шек айыру туралы мәселе көтерген (көтеруге батылы барған) болса, онда оны Одақтан шы-ғару туралы көпшілік арқылы дереу шешім қабылдау міндетті нәрсе еді.

Қай жағынан қарағанда да вышибалоның «соғысқа» арсыздықпен аттанып отырғаны айқын. Сондықтан бүгін нағыз батыл және жанталасқан соғыспен жауап бермей-тін болса, искрашылар өздерін мәңгі мазаққа етеді. Вы-шибалоның ешқандай қорқытуынан қорықпаңыздар, еш-қандай жариялау Сіздерге қорқынышты емес, істі дереу, біздің жоғарыда жазғанымыздай, соғыс түрінде қойы-ңыздар, және барынша тез жоғарыда ұсынылған шешім-дерді қабылдаңыздар. Егер тіпті вышибало тағы біреулер-ді ертіп әкететін болса да (егер сіздер тіпті жартысы ғана немесе жартысынан *азы* ғана болып қалатын болсаңыздар

да), сіздер сонда да ақырына дейін баруға, Одақтың «жіктелісінен» ешбір қорықпастан, вышибалоны сөзсіз қуып шығуды талап етуге тиіссіздер.

Онан кейін Сіздер жұмысшылар алдына да ультиматум қоюға тиіссіздер: немесе Одақтың жіктелісі және соғыс болсын немесе вышибалоны жұмысшылардың батыл теріске шығаруы және оны қуу болсын.

Біз, өз тарапымыздан, сол бойда 2а3б жазамыз. Питерлік мәлімдемені «Искрада» басуды *кейінге қалдырамыз*[104].

Қайталап айтайық: мәселе қазірдің өзінде-ақ Питер искрашыларының *абройы* туралы болып отыр... Әрине, Сіздерге қазір бәрін де тек қана жалпы жыйналыс арқылы, вышибалоны да сөзсіз шақырып ала отырып және шешім протоколдарын жасай отырып, істеу керек. Протоколдарды сол бойда бізге жіберіңіздер.

*1902 ж. 24 сентябрьде жазылған*
*Лондоннан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 41

## П. А. КРАСИКОВҚА

Қымбатты дос! Біздің мұнда болған жыйналысымыз жөніндегі заметкаларымды мен таба алмай отырмын[105]. Бірақ олардың қажеті де жоқ қой. Жыйналыс кеңесші сыйпатта болған, ал сіз екеуіңіз[106], әрине, не болғанын менен де жақсы білесіздер. Не болғанын мен ресми түрде қалпына келтіре алмаймын, ал тіпті кейде сөзбен емес, белгілермен өзім үшін ғана жазылған үзінді заметкаларым болған күнде де қалпына келтіре алмаған болар едім. Егер елеулі бірнәрсе шешу керек болатын болса,— бізге (редакцияға) айқын ұсыныс, ресми сұратпа жасаңыз, біз сол бойда жауап қайтаралық. Ал егер оған әзір сылтаулар жоқ болатын болса, онда біз ортақ тактика жөнінде әбден келістік қой.

Сіз Ұйымдастыру комитетінің[107] ісін дереу алға бастырғаныңызды және оны алты адамнан құрғаныңызды біліп өте қатты қуанып отырмын. Тек қана таң қалып отырған нәрсем: Сіз формалдық түрде заң күшіне енуден *бұрын,* Бундтың шақырылуынан бұрын басқаларды кооптациялапсыз ғой? Мұның керісінше белгіленген жоқ па еді? Қолайсыздық тумауына Сіздің көзіңіз жеткен болса, бұл, айта кетелік, онша маңызды нәрсе емес.

Бунд жөнінде қатаңырақ болыңыз! Шетелге де мүмкін болғанынша қатаңырақ жазыңыз (Бунд пен «Рабочее Делоға»), шетелдің функциясын ешбір жағдайда маңыз ала алмайтындай минимумға дейін тежеңіз. Съездің техникасын Сіз өзіңіздің ерекше делегаттарыңызға немесе Сіздің ерекше *агенттеріңізге* жүктей алаcыз ғой: бұл істі *ешкімге* бермеңіз және шетелдік жұрттың конспирацияға олақ екенін ұмытпаңыз.

Съездің ordre du jour* тек жалпы ғана белгілеңіз. Біздің (редакциялық) ordre du jour хабарлауымызды және бізде референт болатын кімнің барын және бізден (редакциядан) қанша делегат болатынын хабарлауымызды сұрап бізге сұратпа жіберіңіз. Съезд жөнінде барлық күшті сала асығыңыз.

Қашқандарға мандат табуға тырысыңыз: бұл шығынды үнемдейді.

Ұйымдастыру комитетінің барлық және әрбір ресми қадамы жайында сөзсіз дәлме-дәл хабарлап отырыңыз. Ал тағы бір іс: «Рабочее Дело» өлгелі жатыр, сондықтан Сіздің (Ұйымдастыру комитеттен) сөкпей ғана, бірақ зілді түрде: қосылудың маңыздылығы, бітісудің пайдалылығы және басқалар туралы ақыл бергеніңіз өте маңызды болған болар еді.

Сонымен асығыңыз! Ақшаны біз, мұқтаж болған жағдайда, жүрек жалғарлық мөлшерде табармыз.

*1902 ж. ноябрьде жазылған*
*Лондоннан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — Күн тәртібі. *Ред.*

## 42

## Е. Я. ЛЕВИНГЕ

Жазып отырған Ленин. Ұйымдастыру комитетінің табыстарына және жігеріне аса қуаныштымыз. Істі [illegible] жеткізу және мүмкіндігінше тез жеткізу үшін дереу барлық күшті жұмсау өте қажет. Питерден сайланған мүшені тезірек ауыстыруға тырысыңдар (Игнатьевті ауыстырған жақсы болар еді) және әртүрлі жерлерде (комитеттердің) Ұйымдастыру комитетіне қалай қарағаны туралы толығырақ жазыңыздар. Игнат Фекланы[108] тез арада [illegible] Анығырақ және тезірек білу керек.

Бізде мәселелер тізімі, шамамен айтқанда, мынадай болып белгіленді (рет тәртібі талқылау кезегі бойынша): 1) Бориске көзқарас[109]? (Егер тек федерация болса, онда бірден таралып, бөлек мәжіліс жасау керек. [illegible] осыған әзірлей беру керек.) 2) Программа. 3) Партияның органы (газет. Жаңа газет немесе бар газеттердің бірі. Бұл алдын ала қойылатын мәселенің [illegible] қатты жақтау керек). 4) Партияның ұйымдастыру [illegible] принципі: бір-біріне бағынбайтын екі орталық [illegible] a) Орталық Орган — идеялық басшылық. Шетелде бола ма? b) Орталық Комитет — Россияда. Бүкіл практикалық билік. Олар өзара [illegible] болу керек және олардың іске өзара [illegible] кейде өзара кооптациялауға белгілі [illegible] Бұл негізгі принципті жүзеге асыруға және [illegible] толық түсінуіне [illegible] жет. Мұнан кейін мүмкіндігінше [illegible] Жергілікті комитеттердің [illegible] болуы — Орталық Комитеттің [illegible]

* — тыйым салу. *Ред.*

восының болуы. Аудандық ұйымдар тек Орталық Комитеттің рыйзалығы және бекітуі бойынша). 5) Тактиканың әртүрлі мәселелері: террор, кәсіподақтар, жұмысшы қозғалысын жария жүргізу, стачкалар, демонстрациялар, көтеріліс, аграрлық саясат және шаруалар мен әскер арасындағы жұмыс, жалпы үгіт; листоктар мен кітапшалар және сондайлар *және т. б.*, мұнда рет тәртібі сақталмаған. 6) Басқа партияларға көзқарас («Освобождение», социалист-революционерлер, поляктар, латыштар және басқалары). 7) Делегаттардың есептері (есептердің әрбір комитеттен түсуі және неғұрлым толық болуы *аса қажет (кәзірден* әзірлеу және қауіпсіздік үшін көшірмелерін біздерге жіберу үшін Ұйымдастыру Комитетіне тапсыру керек) Есептерде жергілікті *с.—р.*-ді әрқашан сыйпаттап, олардың күші мен байланысына баға беруте тырысу керек). 8) Шетелдік топтар мен ұйымдар («Рабочее Дело», «Борьба», «Жизнь», «Свобода». Комиссияға немесе Орталық Комитетке оларды біріктіру жоспарын жасауды тапсыру керек). 9) 1 май. 10) Амстердамдағы 1903 жылғы конгресс[110]. 11) Ішкі ұйымдастыру мәселелері: финанс, комитеттерді ұйымдастыру типі, Орталық Комитетке транспортты және әдебиет бөлуді, т. б. тапсыру. Мұның бір бөлегін, сірә, комиссияларда талқылауға тура келер.

Тағыда айтамын, бұл тек шамамен белгілеу және рет тәртібі тек 1—5 пункттер жөнінде мұнда бірігіп талқыланды. Талқылағанда, редакцияның мүшелерінен мен 3-пунктті алғашқы орындардың біріне (яғни нақ үшінші етіп) қоюды жақтадым, ал екінші мүше (Пахомий) оны 5-пункттен кейін қоюды жақтады. Негізгі және кең көлемді мәселе бойынша қарсы шығушылардың бәріне бірден тойтарыс беріп, съездің бүкіл мән-жайын анықтау (respective*: елеулі себеппен таралып кету) үшін, мен әуелі 3-пунктті шешуді маңызды деп есептеймін.

Сіздерде референттер бола ма және қандай мәселелер бойынша болады, осыны анықтаңыздар (ad** 5—егжейтегжейлеп).

Игнат қандай кітапшаны шығаруды өтінеді? Еремаға[111] хат емес пе?

* — немесе. *Ред.*

** — ші (пунктке). *Ред.*

Ұйымдастыру комитетін олардың мойындайтын-мойындамайтыны туралы қалайда *әрбір* комитеттен (және топтан) ресми және *жазба* жауап алыңыз. Бұл тез керек.

Ұйымдастыру комитеті туралы хабарландыруды Россияда да бастырып шығаруға (яғни тек «Искрада» бастырып коймай) кеңес беремін: гектографпен болса да, басып шығарыңдар.

Мәселелердің жалпыредакциялық жобасы мен біздің референттеріміздің тізімін, бұл туралы редакцияның кәзір әртүрлі елдерде тұратын барлық мүшелерімен хабарласқаннан кейін жібереміз.

Ұйымдастыру комитетінің басты-басты орталықтардағы (Киев, Москва, СПБ.) мүшелерін дереу тағайындаңдар және біздің барушылардың бәрін Ұйымдастыру комитетінің толық қарамағына жібере алуымыз үшін бұл мүшелердің ұшырасатын арнаулы орындарын көрсетіңдер. Бұл өте-мөте қажет.

Ақырында тағы мына іс: Игнаттың Фекламен жолығысуын *мынадан кейін:* ол 1) мүмкіндігінше бәрін түгел көргеннен кейін, 2) сіздер бәрінен Ұйымдастыру комитетін ресми мойындағандықты алғаннан кейін; 3) сіздер *«Рабочее Делоға да»* оларда Ұйымдастыру комитетінің уәкіл мүшесі болатынын *ресми хабарлағаннан* кейін өткізу тиісті болар еді. Тек осындай жағдайда ғана Игнаттың Фекламен жолығысуы бұдан әрі де елеулі іскерлік қадамдар жасауға көмектесе алады. Сондықтан Игнат бұл алдын ала шараларды қолдануға асықсын және ол Феклаға формалды-мойындалған және *ең кең* (есіңізде болсын!) уәкілдіктермен қаруланып баруға тиіс екенін ұмытпасын.

*Ерте дегенде 1902 ж.*
*11 декабрьде жазылған*
*Лондоннан Харьковқа жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 43

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

14. XII. 02.

Қымбатты Г. В.! Сізден көптен бері хабар болмай кетті, ал істер мен мәселелер едәуір жыйналды.

Ең алдымен «Искра» үшін макалалар жайында. Бізде 30-номер үшін (29-номер ертең немесе бүрсікүні шығады) Юлийдің «Күзгі қорытындылар» деген мақаласы бар. Тағыда макала *қажет* болар еді. Сіз бұл жөнінде калайсыз? жазып хабарласаңызшы, бір нәрсе жазып жатырсыз ба және кашан жібермексіз—фельетон туралы да сондай: 30-номерде Тарасовтың «бетіне» карсы Сіз ұсынған[112] фельетонды беру өте жақсы болар еді. Жауап күтемін.

Мұнан кейін социалист-революционерлерге қарсы кітапша жайында. Л. Гр. маған былай деді және Сізге былай деп жазды: Сіздің мұны қолға алғаныңыз жақсы болар еді, өйткені Сіз «догмалық» сыннан баска, 70-жылдардан бастап *тарихи параллель* бере алар едіңіз. Мен Л. Гр.-ді толық қостаймын: мұндай параллель өте-мөте маңызды; ал маған, әрине, ол туралы ойлаудың да реті жоқ. Тегі, турасын айтқанда, егер Сіз бұл кітапшаны қолға алсаңыз, мен бұған өте қуанар едім. Менің оған оншама заукым да тартпайды, оның үстіне кәзір, күнбе-күнгі істерден тыс, Париждағы лекцияларға даярлану жұмысы алда тұр (Юлийдің айтуынша, мені онда аграрлық мәселе жөнінде 3—4 лекция оқуға шақырмақ). Сонымен, бәріде қалмастан кітапшаның Сізге тиюі жағында,— ал ол социал-революционерлерге карсы сөзсіз кажет, оларды қалайда жеріне жеткізе және барлық жағынан қаусатып талқандау керек. Олар бізге және іске өте қатты зыянын тигізеді. Қалай шешетініңізді жазғайсыз.

Л. Гр.-дің «Революцияшыл Россияға» жауабы 29-нөмерге кетті: Сіз оны, демек, аптаның аяғында аласыз,— айтқандайын, корректурасын көрдіңіз де ғой.

Бүгін Сіздің Брюссельде халықаралық конференцияда (сірә, декабрьдің аяғында немесе январьдың басында) болып онда реферат оқитыныңызды білдім. Сіз бізге де сөзсіз соғатын боларсыз деп сенемін? Бұл таяқ тастам жер ғой және мейрам кезінде тіпті арзанға түседі. Ал мұнда — 1-ден, Сіздің рефератыңыз өте және тіпті қажет болар еді, өйткені мұнда анархизм кеселіне ұшыраған *жұмысшылар* көп (мұнда социалист-революционерлер туралы, мұндағы жұрт үшін қызықсыз өзімнің рефератымды оқығанда менің бұған көзім жетті). Сіз оларға сөзсіз әсер етер едіңіз. Ал онан кейін, бұл ең маңыздысы, бізде әңгіме үшін, әсіресе орыс істері бойынша, маңызды тақырыптар жиналды: онда көптен даярланып келген «Ұйымдастыру комитеті» ақырында құрылды, ол *орасан зор* роль атқара алады. Сондықтан, оның *бізге мұнан бұрын қойған бірсыпыра* сұрақтарына бірігіп жауап берсек, бұл өте маңызды болар еді (мәселелердің партияны біріктіру шараларына, Tagesordnung, жалпы съездегі күн тәртібіне, *біздерден* қандай рефераттар болатынына және т. б. қатысы бар — жалпы алғанда аса маңызды, ал қазір ерекше маңызды мәселелер). Жазып хабарлағайсыз, Брюссельдегі конференция нақ қашан болады, неше күнге созылады және Сіз мұнда соға аласыз ба. Онан соң, Сізге бұл конференцияда Ұйымдастыру комитетінің құрылу фактысынан қандай түрде болса да пайдалану, мүмкін, енді лайықсыз болар? Тезірек жазып хабарлаңыз, сонда біз Россиядан сұраймыз: мүмкін, егер қажеті болса, тіпті онан Сізге қандайда болса мәлімдеме немесе хат келіп үлгірер еді.

Жизньшілерді[113] көріп жүресіз бе? Олармен «жақындасудың» барысы қандай және мүмкіндіктері қандай? Рабочеделошылардың жайы қандай? Қалай қарайсыз, меніңше, Сіздің «марксистік үйірмеңізде» олардың да қатысқаны және олармен жақындаса (формалды түрде емес) бастау жақсы болар еді. Қазіргі уақытта олармен дауласу пайда бермейді және дауласатын ешнәрсе жоқ: «Рабочее Делоны» «Красное Знамямен» ауыстырып, олар шынында біздің «әдеби міндеттерді бөлу» жоспарымызды қабылдады, ал Мартыновтың «Жұмысшылар және рево-

люция» деген кітапшасында *зиянды* ешнәрсе (*есуас* «көріп-келден» басқа) жоқ.

Қолыңызды қатты қысамын.
Сіздің *Ленин*

Ал болгарин жөнінде мен айыптымын[114]. Мойындаймын. Жазбадым, өйткені тапсырма болмады, жәнеде Сіздің қам жемелі болып жүргеніңізді байқамадым.

*Лондоннан Женеваға жіберілген*
*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 44

## В. И. ЛАВРОВҚА және Е. Д. СТАСОВАҒА

27. XII.

Властың хатын алдық. Сіздерге қолымыздан келген көмекті көрсетеміз. Біз сіздердің ауыр халіңізді көптен көріп келеміз және көмектесуді ойластырудамыз.

Бірақ Сіздер Питердегі жікке бөлінудің дәл тарихын бізге қалайда және тезінен жазып хабарлауға тиістісіздер. Пункт-пункт бойынша жауап беріңдер: 1) Ұйымдастыру комиссиясын (жазғы) бір ғана Күрес одағы (=интеллигенттік комитет пе?) сайлады ма әлде Жұмысшы ұйымы да сайлады ма? 2) ол нақ қай уақытта сайланды? 3) оның өкілдіктерінің (яғни оған тапсырылған істердің) дәлме-дәл жазбасы бар ма? 4) Вышибалоның және К° пікірінше, оны сайлаудағы терістік неде? 5) Ұйымдастыру комиссиясында Жұмысшы ұйымынан делегаттар болды ма (екеу ме?) және оларды кім сайлады? 6) Вышибалоны қайдан қуып шығармақ болды және қайдан қуып шығарды: Ұйымдастыру комиссиясынан ба, немесе интеллигенттік комитеттен бе, не болмаса Жұмысшы ұйымынан ба? 7) Кәзір өзінің мәлімдемелерін жазып отырған қандай Жұмысшы ұйымы? Жаңа ұйым ба? қайта құрылған ба? қашан? қалай? 8) Жұмысшы ұйымы комитетінің сентябрьдегі листогін бізге неге жібермедіңіздер? 9) оларға қарсы ең болмағанда қолдан жазылған листокты неге шығармадыңыздар? — немесе қарсы мәлімдемені бізге жібермес пе? Олардың бірде-бір қадамын жауапсыз қалдыруға болмайды. 10) Бұл кәзір қандай Орталық Комитет? Ұйымдастыру комиссиясы әлі бар ма? Сіздердің жағыңызда жұмысшылар бар ма? Неге олардан қарсы ұйым құрылмайды? Сіздердің жұмысшыларыңыз

неге вышибалоның жұмысшыларына және олардың комитетіне қарсы наразылық білдірмейді?

Біздерге, келушілердің ұшырасуына арналған жаңа, мүлде соны орындарды тезінен білдіріңдер. Бұл (біздің) ұшырасатын орындарды басқа ешкімге білдірмеңдер. Бір адамды жасыру үшін күн ілгері пәтер табыңдар. Оның байқаулы болуы мүмкін қарт мүшелермен (Цапля және басқалары) қатынасының ізін мұқыят жоюға тырысыңдар.

*1902 ж. 27 декабрьде жазылған*
*Лондоннан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 45

## Ф. В. ЛЕНГНИККЕ

27. XII.

Coup d'état* туралы хатты алдық және дереу жауап қайтарамыз. Зариннің мұндай жанжалға қалай жол бергеніне біз таңқаламыз!! Оның Комитетке кірмеген қатесінің жемісі міне осы!—біз кіруді көптен талап етіп келдік. Мәлімдеме туралы әзірге баспаймыз, өйткені қарсы мәлімдемені де, хатты да алған жоқпыз. Қалайда соғыс ашыңдар, Заринді кіруге мәжбүр етіңдер, ажырасу туралы (немесе pro және contra** дауыстардың саны туралы) протокол жасаңдар және жіктелудің (respective*** айырылысудың) себептері туралы жергілікті листок шығарыңдар. Сіздердің әрбір қадамыңыз туралы мұндай ресми документтерсіз мәлімдеме басудың мағнасы жоқ. Рабочеделошылдардың әрбір қадамын және оларға қарсы өздеріңіздің қадамыңызды сөзсіз ресмилендіріңіздер және титтей де кеңшілік жасамаңыздар. Олардың Ұйымдастыру комитетіне қарсы екенін, ал сіздердің жақтайтыныңызды қалайда олардың мойнына қою керек. Нақ Ұйымдастыру комитетін мойындау (respective мойындамау) негізінде *барлық жерде* және *қайда болса да* дереу ұлы шайқас жасау керек: мұны Заринге және оның геносселеріне**** қатты тапсырыңыздар.

Сонымен: Зарин үш есе жігер көрсетіп, Киевті сақтап қалсын,— бұл міне оның бірінші борышы.

---

* — төңкеріс (Киев комитетін «экономистердің», рабочеделошылдардың басып алуы туралы). *Ред.*

** — жақтап және қарсы. *Ред.*

*** — немесе. *Ред.*

**** — жолдастарына. *Ред.*

Әдебиет Россияда және тез арада сіздерде болуға тиіс. *Қалайда* Питерге біздің адамдарымызға кемінде 2 пұт жіберіңіздер, *сөзсіз* жіберіңіздер.

*1907 ж. 27 декабрьде жазылған*
*Лондоннан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## *1903 ж.*

46

# И. В. БАБУШКИНГЕ

Новицкая үшін Лениннен

Қымбатты дос! «Емтихан»[115] жайында, бұл жақтан емтихан программасын ұсынуға болмайтынын айтуға тиістімін. Барлық және әрбір насихатшы, өздері оқығанда қолданатын немесе қолданбақ болатын программа туралы жаза берсін,— сонда мен толық жауап қайтарамын. Сіз сұрақтарды көбірек қоюды өтінесіз. Жақсы. Тек ескертетінім, бәріне жауап қайтарыңдар: 1) СПБ. комитетінің қазіргі уставы қандай? 2) «Дискуссия» бар ма? 3) Орталық Комитет және Жұмысшы ұйымы жөнінде оның алатын орны қандай? 4) Орталық Комитеттің аудандық ұйым мен жұмысшы топтарына көзқарасы қандай? 5) Искрашыл жұмысшылардың вышибало жұмысшыларына «Жұмысшы ұйымының комитеті» деп аталуға үндемей жол беруінің себебі не? 6) Питерлік зубатовщинаның аттаған қадамын аңду шаралары қолданылды ма? 7) Жұмысшы үйірмелерінде ұйым туралы, «революционерлер ұйымының» маңызы туралы тақырыпта үнемі лекциялар оқылып тұра ма (немесе әңгімелер өткізіле ме)? 8) *Жұмысшылар* арасында, олар және нақ солар астыртын күреске мүмкіндігінше жиі және кеңінен көшуге тиіс екені кең түрде уағыздала ма? 9) Бізде масқаралық түрде ұзақ уақыт болмаған, Питерден алынатын корреспонденцияны он есе көбейту шаралары қолданылды ма? 10) Барлық жұмысшыларға *нақ солар* листок басатын баспахананы және оларды дұрыс таратуды ұйымдастыруға тиіс деген ой түсіріле ме?

Міне Сізге он сұрақ. Жауап күтемін және қолыңызды қатты қысамын. Байқаңыз, Сізді аңдудың алғаш белгісі көрінісімен қалайда тасаланыңыз.

*1903 ж. 6 январьда жазылған*
*Лондоннан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 47
## Е. Д. СТАСОВАҒА

1902 жылғы октябрьдегі жаңа вышибалолық документті (шетелден бір жерден) алдық, ұйымның программасы мен принциптері — шатасқан және қараниеттілік бар. Сіздің барлық питерлік шығармаларды бізге дереу және тікелей (әртүрлі адреске 2 дана етіп) жіберіп тұрмайтындығыңызға біз қатты ызалымыз және жәбірленеміз. Вышибалошылдардың бірінші листогін (июль — «Искраны» мойындауға қарсы «наразылық») бұған дейін де алмағанымыз және ол туралы «Откликтерден» білгеніміз тіпті жанжал ғой!! Хаттардың бәрі тоқтаусыз келіп жатқанда, листоктерді жіберу соншама қыйын ба?? Сіздердің өздеріңіздің жауаптарыңызды мұншама кешіктіруіңіз онан да зор жанжал: Игнат бізге вышибалоның мылжыңына жауап листокті өзінің алдақашан жазғанын хабарлады, ал сіздер оны сүрлеп қойдыңыздар және оны басқа, шұбаландау, сылбыр, суы көп листокпен ауыстырғаныңыз былай тұрсын, тіпті ақыр-аяғында бірде-біреуін шығармай қойдыңыз!!! Ал егер бастырып шығаруға мүмкіндік болмаса, оны хатпен мұнда жіберу қыйын болды ма?

Мұнда іс неде, құдай үшін түсіндіріңізші: Комитеттегі біреудің (немесе бүкіл Комитеттің бе?) мүлде орашолақтығында ма әлде Комитет ішінде әдейі оппозиция және интрига жасалып отырғанында ма?

Біз мұның бәрінен тумай қоймайтын қорытындыға келмей отыра алмаймыз: атап айтқанда, вышибалолар сіздерді үнемі ығыстыруда, алдауда және бүгін болмаса, ертең, шын мәнісінде және біржолата «қуып шығады».

Ұйымдастыру Комитетінің Питерден[116] сайланып, шығып қалған мүшесі орнына Богданды сайлауға өте кеңес

берер едік: ол бұған әбден лайықты. Жалпы алғанда да, профессионал революционерлерсіз іс ешуақытта бір сүйем де алға баспайды.

*1903 ж. 15 январьда жазылған*
*Лондоннан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 48

## ХАРЬКОВ КОМИТЕТІНЕ

(Лениннен.) Қымбатты жолдастар! Іс жағдайы жайында толық хат жазғандарыңыз үшін үлкен рахмет: бізге мұндай хаттарды өте сирек жазады, ал біз болсақ мұндай хаттарға өте-мөте мұқтажбыз, егерде біз шетелдік редакцияның жергілікті қызметкерлермен жанды байланысын шын жасағымыз келетін болса және «Искраны» біздің бүкіл жұмысшы қозғалысымыздың, оны түгел алғанда да оның ерекшеліктерін алғанда да, толық бейнесі еткіміз келетін болса, ол сияқты хаттар бізге он есе көп мөлшерде керек болады. Сондықтан осы бағытта жаза берулеріңізді, кей-кейде болса да жұмысшылармен әңгімелердің тура суреттерін (үйірмеде не туралы сөз болады? қандай шағымдар? түсінбеушіліктер, сұрақтар бар? әңгіме тақырыптары қандай? және т. б., т. т.) берулеріңізді өте-мөте өтінеміз.

Сіздердің ұйымыңыздың жоспары, тегінде, революционерлердің рационалдық ұйымдасуына тура келеді, өйткені адамдардың осындай жеткіліксіздігі жағдайында «рационалдық» туралы айтуға болады, өйткені қысқа әңгімеден жоспар айқын.

Тәуелсіздер туралы толығырақ айтыңыздар. Онан кейін мынадай сұрақтар бар: Харьковте «иваново-вознесенск» мектебінің және соның дәстүрінің рухындағы жұмысшылар қалған жоқ па? бір кезде тура осы «экономикалық» және «антиинтеллигенттік» компанияда болған адамдар бар ма немесе солардың мирасқорлары ғана ма? «Жұмысшы кассалары листогі» жайында неге бір ауыз сөз жазбайсыздар және бізге неге жібермейсіздер? Біз мұнда бұл № 2 листоктің қолжазба көшірмесін ғана көрдік.

Қандай компания шығарып отыр? Бұлар нағыз экономистер ме әлде жай піспеген жастар ма? Таза жұмысшы ұйымы ма немесе экономист-интеллигенттердің ықпалындағы ұйым ба?

«Харьков Пролетарийі» компаниясының іздері қалған ба[117]?

Жұмысшы үйірмелерінде, мақалалары түсіндіріле отырып, «Искра» оқыла ма? Қандай мақалалар ынталырақ оқылады және қандай түсіндірмелер керек етіледі?

Жұмысшылар арасында конспирациялық тәсілдер мен кең көлемде құпия жағдайға көшу насихаттала ма?

Питерлік зубатовшылдықпен көбірек пайдалануға тырысыңыздар және жұмысшы корреспонденцияларын жіберіңіздер.

Сіздің *Ленин*

*1903 ж. 15 январьда жазылған*
*Лондоннан жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 49

## Е. Д. СТАСОВАҒА

16. I. 03.

«Рабочая Мысльдің»[118] 16-номерін (Женевадан) және Питерден ««Рабочая Мысль» Листоктерінің» 2 және 3-номерлерін жаңа алдық. «Зарямен» және «Искрамен» келісеміз деп сендірмек болып вышибалошылдардың сіздерді алдап, әурелеп жүргені қазір енді айдан анық болып отыр. Дереу айбынды наразылық жазыңыздар (егер бастырып шығара алмайтын болсаңыздар, дереу осында жіберіңіздер, тым болмаса көшірмесін жіберіңіздер), батыл соғыс жүргізіңіздер, оны кеңінен жұмысшылардың арасына таратыңыздар. Қандай да болсын сүйретпе және вышибалошылдармен қандай да болсын ымыраға келушілік қазір енді барып тұрған ақымақтық болып қана қоймай, сонымен қатар тура масқаралық іс болар еді. Сіздерде әзірге Богдан барда, кісі жоқ деп шағым етуге де болмайды (қолқабысшы жіберілді). Қандай шаралар көріп жатырсыздар, соның дереу жауабын беріңіздер.

*Лондоннан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 50

## И. В. БАБУШКИНГЕ

16. I.

Біз Женевадан «СПБ. комитетінің» органы деп қазірдің өзінде көрсетілген «Рабочая Мысльдің» 16-номерін алдық (сірә, «Свобода», яғни Надеждин бастырып шығарған, керек десе жазып шығарған болу керек). Ал онда вышибалошылдардың түзету хаты бар, ұсақ-түйек түзету, асылында, түзету емес, «Свободаға» айтылған *мадақтау*. Егер вышибалошылдар, «Зарямен» және «Искрамен» келісеміз деп сендірмек болса, мұнысы көрне алдау, барып тұрған көз бояу: жұрт күшейіп бекініп алу үшін уақыт ұтқысы келеді. Сондықтан Комитеттің атынан наразылық білдіріп дереу листок шығаруға (ал егер шығаруға болмаса, онда осында жіберуге) және ымыраға келмекші болатын айла, әдістердің қандайын болсын тегінде қабылдамауға, вышибалошылдардың социал-демократиядан «революцияшыл-социалистік» «Свободаға» көшкенін әшкерелей отырып, вышибалошылдармен батыл соғыс, аяусыз соғыс бастауға барынша қатты кеңес береміз. Новицкаяның қажырлы мінезін құттықтаймыз және ешқандай ауытқушылыққа жол берместен, сол жауынгерлік рухта істі жүргізе беріңдер деп тағыда өтінеміз. Вышибалошылдарға соғыс жариялансын, құрысын барлық ымыраластырушылдар, «түрлаусыз көзқарастардағы» адамдар мен ынжықтар құрысын!! Үлкен тараканнан кішкене шабақ балығым жақсы. Оншақты сылбырдан гөрі жігерлі және іске берілген 2—3 адамның болғаны жақсы. Мүмкіндігінше жиі-жиі жазып тұрыңыз, сәтсіздікке ұшырағанда қайырлап қалмауымыз үшін өз жұмысшыларыңызға қарай *дереу* жол ашыңыз (және олар жөнінде мінездеме беріңіз).

*1903 ж. 16 январьда жазылған*
*Лондоннан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

34

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

27. I.

Жазып отырған [illegible]. Сіздің 3. I жазған хатыңызды [illegible] [illegible] дереу жауап жазып отырмын. Хат жазғанда [illegible] жөнінде, [illegible] [illegible] жөнінде төменде [illegible] жауап беруді. [illegible] [illegible] екенін мен біле алмай-ақ қойдым, бірақ біз айына кемінде 2 ретке [illegible] түрде [illegible] хат жазысып хабарласып тұруымыз керек, ал оны уақытқа дейін бұлай болмады, сөйтіп біз [illegible] Сіз жөнінде ешнәрсе біле алмай қойдық. Кейінде [illegible] хат алмай тұрғанымызда біз ешнәрсе де істей алмаймыз, жұрттың әлі кім тірі екендігін біле алмаймыз, оларды жоқ десе де болғандай деп есептеуге мәжбүрміз, тура осылай мәжбүрміз. Сіз Бруттың кеңесі туралы менің сұраған сұрауыма жауап қайтармадыңыз [illegible] тұрғанда, [illegible] істің жаңаша жолға қойылып кетуіне үміт аз болу керек. Екі іске көшейік. Бі[illegible] Сіз біздің [illegible] без [illegible] асырып [illegible] біз осында Ұйымдастыру комитеті туралы [illegible] келістік, оның съезін шақыртушысы еттік, [illegible] мүшесі еттік, Сізге жазып жібердік. Бұған [illegible] біз тіпті ешнәрсе де, тіпті леземе де жасай алмадық және ешнәрсеге де жауапты емеспіз. Қарсылықтың [illegible] — Брут ұйымдастыру комитетінде болмағы, [illegible] істің бәрі де оңсыз (сондай-ақ [illegible]) [illegible]. Біз дереусіз мүшені қабылдамадық (ол өзі бір [illegible], ақылсыз адам, мен оның өз басын Псковтан [illegible], семьясы мен қызмет орнына байлаулы, артта қалған, түкке жарамайтын адам, соған бола біз Ланк-[illegible] тұрақтық та), біз бюроны басқа жерге көшірмедік, біз [illegible] тіпті ешқандай «билік» бермедік. Бірақ

Панкрат Ұйымдастыру комитетінің бірден-бір (NB NB) икемді адамы болып шықты, соның нәтижесінде қолында билік те болмай қоймады. Сіз: адамдар бар, ал бізде олар жоқ, оларды білмейміз, көрмейміз деп жазасыз. Ұйымдастыру комитеті үшін түк адам болмағандығы үшін біз әбден әбігерленіп ызаландық, ол үшін икемді, ұшқан құстай, қолы бос және құпия күйдегі адамдар керек. Жалғыз Панкрат қана құпия жағдайға көшіп, кезіп жүрді, құсша ұшты, бәрін біле бастады — сөйтіп өзінен өзі капрал чиніне ие болды. Біз, әрине, бұған бөгет жасамадық, өйткені бөгет жасай алмадық және бөгет жасағымыз келмеді: басқа адам жоқ!!! Ақыры, осыны түсінсеңізші. Панкрат еріншек, іске салақ, бірақ ақылды, байымды, іс біледі, күресе біледі, онымен істесіп кетуге болады. Қазір ол қанша уақытқа екені белгісіз [Парижде] кідіріп қалды, ал біз оған ұрсып, оны Россияға қуудамыз, өйткені онсыз Ұйымдастыру комитеті түк те емес. Жақында «она» (Акимнің туысы) жүреді, оны Ұйымдастыру комитетіне енгізуге тырысамыз, «она» сірә, жігерлі адам болу керек. «Пероның» кеткісі келмейді. Паспорттар жоқ, көшірме жоқ. Егер Брут бір табан жақын, іс қайнап жатқан жерге көшіп келсе, онда біз оған өзінің бюроға[121] қайтып келуіне көмектесеміз, сөйтіп барлық істің жолға қойылып кетуі мүмкін. Олай болмағанда бәрі де алланың дегенімен жүретін болады (егер жүрсе), Панкраттың дегенімен және «онаның» дегенімен жүретін болады, сондықтан біз бұл жерде дәрменсізбіз.

Әдебиет жіберілді. 40 пұттан астамы тасылып алынды. Ұйымдастыру комитетінің мәлімдемесін газеттің 32-номерінде басамыз, ол бүрсігүні шығады.

Дяденька да әлі (Брут сияқты) шет қалып жүр, керек десе ешжерге барып жетпеген; егерде ол Брут екеуі тым болмаса Полтаваға көшіп келсе, олар бюроны өз қолдарына алар еді.

Заринге мен өте ашулымын: жөнді ешнәрсе жазбайды, селқос, Киев жөнінде дәнеңе білмейді, өзінің көз алдында жіктеліске жол берді. Жергілікті істерден бойды соншалықты аулақ салу тіпті өрескел нәрсе екен!! Ұйымдастыру комитетінің 2 «толық праволы мүшесінен» Зарин «түк бітірмей, үндемей жайына қарап отырса», ал Панкрат қалай дегенмен қыймылдап жатса, біздің айыпты

жеріміз қайсы? Менің ойымша (білмеймін қалай екенін), Зарин инициативасы кем, оның үстіне жарыя жағдайға және орнына басы байлаулы адам болу керек. Ал кәзір мұндай адамдар біздің кінамызсыз, еркімізсіз-ақ өзінен өзі шет қалып қояды.

*1903 ж. 27 январьда жазылған*
*Лондоннан Самараға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Колжазба бойынша басылып отыр*

52

# ШЕТ ЕЛДЕГІ ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ОДАҒЫНА

*Орыс с.-д. Одағына*

Орыс социал-демократтары Одағының революциялық орыс социал-демократиясының Лигасына жазған, біз 4. III. 03. алған хатына жауап жазып, біз орыс Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімін құру қажеттігі жөніндегі оның пікіріне толық қосылатындығымызды Орыс социал-демократтарының Одағына хабарлауға асығамыз. Рас, біз «Орыс социал-демократтары Одағының» Ұйымдастыру комитетінің «өзінің шығуын жеке адамның бастамасына жатқызуы дұрыс емес немесе дәл емес» деген пікіріне ешбір қосыла алмаймыз, өйткені Ұйымдастыру комитеті тұп-тура конференцияның қаулысын іске асырып отыр (осы қаулыны орындап, Ұйымдастыру комитеті құрылып та отыр). Ал оның бержағында Ұйымдастыру комитетін конференцияға қатысқан ұйымдар құрған. Ұйымдастыру комитеті бірден және былайғы партия ұйымдарының пікірін сұрап білместен өзін ресми партиялық мекеме деп жарияламай отырған болса, онда мұның өзі, біздің пікірімізше, Ұйымдастыру комитетінің міндетін дұрыс түсінгендігін, оның әдептілігін және елеулі партиялық істе сондай маңызды нәрсе болып табылатын оның сақтығын көрсетеді.

Айтпақшы мынаны тезірек ескерте кетейікші: біз өзіміздің Орыс социал-демократтары Одағымен екі арадағы жоғарыда көрсетілген пікір алалығына әсте үлкен мағына беріп жатпаймыз; қайта, Ұйымдастыру комитетінің жұмысы өрістеумен бірге бұл пікір алалығының өз-өзінен басылатындығына толық сенеміз.

Онан соң, Россиядан Ұйымдастыру комитетінің тарапынан әзірге тікелей шақыру келмей отырғанда «Ұйымдас-

тыру комитетінің шетелдік бөлімін құруға *дереу* кірісуді» біз қолайсыз деп есептер едік, керек десе біздің бұған ешбір хақымыз жоқ дер едік. Бізге Ұйымдастыру комитеті кәзірдің өзінде Россиядағы Бундқа да, шет елдегі Орыс социал-демократтарының Одағына да жазыпты дегенді хабарлайды. Бізде бұл екі хаттың екеуінің де тексті жоқ. Бірақ бұл фактыдан қалай болғанда да Россияда Ұйымдастыру комитеті кәзірдің өзінде осы бағытта тиісті адымдар жасап отыр деген қорытынды шығады. Ұйымдастыру комитетінің осы адымдарының нәтижесін күтпестен іске кірісе бастау біздің тарапымыздан жөн бола қояр ма екен.

Орыс социал-демократтары Одағының хатын орыс Ұйымдастыру комитетіне дереу хабарлауды біз өзіміздің міндетіміз деп санаймыз және мұнымен бірге біз орыс Ұйымдастыру комитетінің дереу өзінің шетелдік бөлімін құруы жөн болатындығы жөніндегі өзіміздің пікірімізді Ұйымдастыру комитетіне хабарлаймыз. Біз орыс Ұйымдастыру комитетінің жауабын күтуді ұсынар едік. Ал егер Бундтың Шетелдік комитетіндегі және Орыс социал-демократтарының Одағындағы жолдастар бұл жауапты алмай тұрып, Бундтың Шетелдік комитеті, орыс социал-демократтарының Одағы және Революцияшыл орыс социал-демократиясының Лигасы өкілдерінің *жеке кеңесін* өткізуді дұрыс деп табатын болса, онда біз бұдан, әрине, бастартпаған болар едік.

Революцияшыл орыс социал-демократиясының Лигасы

*1903 ж. 4 немесе 5 февральда жазылған*
*Лондоннан Парижге жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

53

## Ю. О. МАРТОВҚА

5. II. 03.

Одақтың хаты мен біздің жауабымыздың жобасының көшірмесін жіберіп отырмын[122]. Плехановқа жауап жіберілгенде ол Париждеи сенің хатыңды күтетін болу үшін жіберілді. П. Андр. және Борispен дереу кеңес жасап, жауапқа қосыласың ба әлде өзгерістер енгізу керек пе соны білдіріп Плехановқа *мүмкін болғанша тезірек* жауап қайтар. Одақтастарға кідіртпей жауап қайтару, әрине, дұрыс-ақ болар еді, ал өзгерістерді дауысқа салатын болған күнде көп бөгеліс болады: онша елеулі емес өзгерістерді мүмкін былай қалдыра тұруға болар. Бірақ, әрине, егер шын мәнінде пікір алалығы болса, онда жауапты жібермей тұра тұру керек (мен бұл жөнінде Плехановқа да жазып отырмын), бәрінің де дауыс беруге қатысуы керек.

Менің ойымша (мұнымен В. И. және Л. Гр. келіседі) бұл арада атап айтқанда ең маңызды нәрсе 1) Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімі нақ *о р ы с* Ұйымдастыру комитетінің бөлімі болатын болсын. Одақтағылар сірә, өздерін тең праволы *екі* бөлім: орыс және шетелдік бөлім деп білетін болу керек; бұл сияқты түсінікті біз ешбір қабылдай алмаймыз немесе ондай түсінікке ешбір жол бере алмаймыз. Орыс Ұйымдастыру комитеті іске сақ кірісуге тиіс (бұл жөнде оның хабарлауы үлгілі жазылған), ал *барлық* істе және оған сөз арнаған реттің *бәрінде ол өзін* мейлінше байсалды және мейлінше қатаң *ұстау керек,* яғни оны, орыс Ұйымдастыру комитетін, барлық істі басқаратын етіп, *орыс Ұйымдастыру комитетінің тапсырмасы болмайынша* партия ішінде ешкім де жал-

пинартиялық *ешнәрсе,* жалпыға міндетті ешнәрсе істей алмайтын етіп көрсете алатындай ұстау керек.

Өздерінің хатымен одақтастар Ұйымдастыру комитетін дегенмен мойындап отыр (немесе $^3/_4$ дерлік мойындап отыр) *және өзін* неғұрлым көбірек мойындаған сайын, Ұйымдастыру комитеті өзін соғұрлым қатаң және мықты ұстауға тиіс. Әуел бастан-ақ дұрыс бағыт алып, өзіңді партиялық позиция ап-айқын анықталатындай етіп ұстау ең мәнді нәрсе: *не осы* Ұйымдастыру комитетін мойындап, оған *бағыну* керек, *не* соғыс ашу керек. Tertium non datur*. Ешкімді ренжітпей, ызаландырмай, бірақ *ешбір* уступкаға бармастан, *жалпыға* танытуға кәзір де көп мүмкіндік бар.

2) Ұйымдастыру комитеті *өзінің* шетелдік бөлімінің функциясын minimum-ге түсіретін болсын. Шетелдік бөлім (бірігуді дайындау мағнасында) тек болғаны *шетелдік* істерді «басқарып», орыс комитетіне *көмектеседі.* Сол де болса осы шектен арғы өзге мәселенің бәрінде де Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімі *орыс Ұйымдастыру комитетінің пікірі мен шешімін сұрап отыруға тиіс.* Сондықтан мен мынаны қатты талап етемін: орыс Ұйымдастыру комитеті Одаққа, Лигаға және Бундқа *мынадай-мынадай функцияларды жүргізу үшін өз бөлімін* құру жөнінде ұсыныс жасап *мүмкіндігінше тезірек* хат жазатын болсын. Өзінің шетелдік бөліміне «қызмет шегін» орыс Ұйымдастыру комитетінің нақ өзінің көрсеткені қажет, мен төменде барынша тежеп *үш,* тек қана үш пункт арқылы осы функцияларды белгілеу жобасын ұсынып та отырмын. Бұл жобаны П. А.-мен, Борнспен тезірек талқылап, оны бекітуді (respective** өзгерістерді дауысқа қоюды) өтемөте өтінемін. (Біз бұл мәліметтердің бәрін Юрийге де[123] жіберіп, оның П. А. мен Бористің келуін күте тұруын сұраймыз, ал бұлар өздерінің келуін барынша тездетуі тиіс.)

(Әрине, П. А. салған жерден-ақ Лигаға, Одаққа және Бундтың Шетелдік комитетіне хат жаза алар еді, бірақ менің ойымша, мұның тіпті де керегі жоқ, өйткені жұрт мұны арамдық жасау деп, фикция деп күдіктенетін бола-

* — Үшінші нәрсе болмасын. *Ред.*
** — немесе. *Ред.*

ды. Бір-екі апта күте тұрған жөн, бірақ хатты қалай да Россиядан жіберілетін ету керек.)

Мұнымен қатар менінше Ұйымдастыру комитетіне (шетелдік бөліміне) бізден мүше сайлау жағын да ойластырып, күнібұрын дауысқа салу керек, өйткені коллегия әр жерде болып отырғанда мұның көп уақыт алуы мүмкін және осыған бола жұртты күткізу ұнамсыз нәрсе. Өз тарапымнан, Л. Гр.-ге дауыс беремін.

Тағыда Плехановқа жазуға менің ешбір уақытым жоқ. Сен оған *дереу осы хатты да, Одаққа жазылған жауапты да* жібере сал, ал мен оған әзірге бір-екі ауыз сөз жазып жіберемін.

Қолыңды қысамын. *Ленин*

*Лондоннан Парижге жіберілген*
*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 54

# НИЖЕГОРОД КОМИТЕТІНЕ

*Нижнийге*

Мен (Ленин) кассация жөніндегі Сіздердің шешіміңізді орынды шешім деп табамын[124],— коллегиялас жолдастармен ақылдасып үлгірген жоқпын (бір жағынан әлі ақылдаса алмадым)*. Өздерінің жеке бастары игілігінің есепке алынбауын сұраған нижегород жұмысшыларының ерлігін «Искрада» атап көрсету керек еді: Сіздің осы факт жөнінде редакцияға хат жазғаныңыз дұрыс болар еді.

Біз Берлин арқылы «Нижегород комитетінен «Искраның» редакциясына хат» деген хатты алдық, бұл хат — террорды (шінара және шартты түрде) қорғап, террор туралы жазылған үлкен хат; ақыры жоқ (болса керек). *Дереу* мыналарды жазып жіберіңіз:

1) Нижегород комитеті бұл хатты ресми түрде жіберді ме?

2) оның ақырын қайталаңыз (хатта 7 параграф бар, мына сөздермен бітеді: «Екінің бірінде тым түнерген атмосфераны өздері тазартады, өздері үкіметті революционерлерге байқап карауға үйретеді»).

3) Стилистикалық түзетулер енгізуге рұқсат ететін-етпейтініңізді хабарлаңыз (бәлкім, теріс, асығыс, ұғымсыз көшіріп жазғаннан болар, кей жерлерінде стилі өте нашар).

Біз, сірә, хатты өзіміздің жауабымызбен қосып басатын шығармыз.

Хаттарда *міндетті түрде* дереу Комитеттің әрбір ресми адымы туралы (литерлі документ жіберу..., листоктар-

---

* Бәлкім, мен әлі бұл мәселеге кайта орала алармын.

дың тізбесі, баска комитетке немесе шетелдік топқа жазылған жауап, тағысын тағыларын) хабарлап отыруды *өте-мөте* қатты өтініп сұраймыз. Мұнсыз ұғыныспаушылық*, қателік және сүйретпеге салушылық болатыны сөзсіз. Искрашылдардың бірауызды болулары керек және «Искраға» тез, жан-жақты етіп хабарлап отыру керек.

Қолдарыңызды қатты қысамыз.

*1903 ж. 25 февральдан бұрынырақ жазылған*
*Лондоннан жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Мәселен, біз сот болған күні Комитеттің демонстрацияға *қарсы* листогі туралы көп өсек, ұрыс естіттік. Листоктың өзін жақында ғана Берлиннен *кездейсоқ*, кеш алдық. Масқара-ау! Мұның өзі шатақ қой! Бізге *листок туралы* жазып, листокты *шығысымен-ақ* бізге жіберу Комитетке қиын болғаны ма екен. Құдай үшін, осы кемістіктерді түзетуге барлық шараны қолданыңыз.

## 55

## ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ

Біздің пікірімізше, «ordre du jour»* жөніндегі мәселенің қойылу жайы мынадай. Бұл мәселені, «күн ordre-ні», *съездің өзі,* тек қана съезд біржолата *шешеді.* Олай болса, бұл пункт жөнінде шешуші дауыс туралы таласудан түк пайда жоқ. Онан соң, съезді шақыру жөніндегі «*е р е к ш е* инициатива» Ұйымдастыру комитетінікі екендігін кәзірдің өзінде-ақ *толып жатқан* комитеттер мойындады. Бұдан шығатын қорытынды: съезді *алдын ала* әзірлеу, соның ішінде ordre du jour-ді де *алдын ала әзірлеу* (respective** насихаттау) ісі *тек қана* Ұйымдастыру комитетінің карауына беріліп қойған. Сондықтан, *«алдын ала»* белгіленген ordre du jour туралы тағыда *дауыс беруді* кімге де болса бұйыру мүлде қажетсіз: мұның *шешуші* маңызы *бола алмайды.* Онан соң, мұның өзі тек болғаны әрі созбаққа салу, әрі наразылық *туғызады,* өйткені *өкпелілер* (пікірі сұралмаған комитеттер) болады, наразылар мен шағынушылар *болмай қалмайды.* Олай болса, формалдық жағынан әділ болу тұрғысынан қарағанда да, әдептілік тұрғысынан қарағанда да комитеттердің немесе кімнің болса соның дауысын жыйнау туралы *ешқандай формалдық* шешім алу керек емес. Мұның өзі өзіне берілген *ерекше* инициативадан бастартатын Ұйымдастыру комитетінің беделін ғана түсіреді.

Егер қабылданған (және формалдық жағынан мінсіз) шешімді өзгертіп жату өте ыңғайсыз болатын болса, онда, мүмкін, мынадай жол табылған болар еді: дауыс

* — күн тәртібі. *Ред.*
** — яки. *Ред.*

беруді (комитеттердің дауыс беруін) олармен өткізілетін *кеңеске* айналдыруға болады, яғни *кеңесу* үшін Ұйымдастыру комитеті кездесулер мен әңгімелесулерді мүмкін болғанынша *кеңесу* үшін пайдалануға тырысады деп қаулы алуға болады.

Ақыр соңында айтатыным съезді шақыруды тездетуге кеңес береміз. Неғұрлым тезірек шақырсаңыз, соғұрлым жақсы. Сөйтіп, *комитеттерді дайындауды*, делегаттар белгілеуді, *Николаев* пен Одессаны өз жағына қаратуды дереу және белсене қолға алыңдар. Бастысы: батыл искрашылдардың күмәнсыз көпшілік болатындығына толық сенім болуын қамтамасыз ету.

*1903 ж. 5 немесе 6 маутта жазылған*
*Париждан Харьковке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Колжазба бойынша басылып отыр*

## 56

# ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ

*Ұйымдастыру комитетіне хат*

Қазір ғана съездің уставын алдық. Сөйтіп, Сіздер съездің *уставы* жөнінде сұраған кезде, біз Сіздердің айтқандарыңызды түсіне алмадық та, ordre du jour* жөнінде жауап бердік. Асығып хабарлаймыз: біз Сіздердің жобаңызға өте рыйзамыз, жоба мұқыят және ақылды жасалған. Талас туғызған 19-параграф біздіңше ылайықты параграф сыякты: белгілібір ұйымдарды съезден шығарып тастау (ал уставтың өзі, сайып келгенде, біреулерді шығару жөніндегі, екінші біреулердің толық праволылығы жөніндегі устав болады) шынында да ыңғайсыз нәрсе және комитеттердің көпшілігінің келісуінсіз мұны істеуге болмайды. Біз мүмкін қадері қысқа уақытты (мәселен, бір аптадан аспайтын) міндетті және формалдық мерзім белгілеу керек деп қана кеңес берер едік, комитеттер мен ұйымдар уставының жобасына өздерінің енгізбек өзгерістерін осы мерзімнің ішінде әзірлеп, жіберуге *міндетті*. Қағаз бастылықтан құтылу үшін бұл өте қажет нәрсе, бәрінен де гөрі қағаз бастылықтан қорқу керек. (Сірә, Игнат та қағаз бастылықтан қорыққан себепті наразылық еткен болу керек. Оның қауіптенуі бізге түсінікті де, ал егер Сіздер жұрттың пікірін тез сұрап болсаңыздар, онда бұл істі түзетуге болады.)

Біз өз тарапымыздан искрашыл ұйымдарға Сіздердің жобаларыңызды дереу және түгелінен қабылдауға кеңес беретінімізді жазып жібереміз. Жобаны жан-жаққа жіберу және хабарлауісін де (19 параграф бойынша), аралық соттардың «сессиясын» да, депутаттардың құра-

* — күн тәртібі. *Ред.*

мын белгілеуді де бір айдан ары жібермей бітіру үшін қолда бар күштің бәрін түгел жұмсауды қатты өтініп сұраймыз.

Біз формалды емес түрде Сіздерге мынадай кеңес берер едік: шығынды көбейтпеу үшін және делегаттарды шет елге өткізу қыйыншылыктарынан құтылу үшін, бұл арада барлық толық праволы ұйымдарға *мүмкіндігіне қарай* (екі) делегаттың бірін өзінің өткендегі жұмысымен белгілі болған, шет елде тұратын жолдастардан тағайындауға ақыл беріңіздер.

Формалдық жағынан ұсынатынымыз 1) Өздеріңіздің жобаңызды тек болғаны 19-параграфқа мынадай ескерту жазумен толықтырыңыздар: «Жобаны алған күннен бастап бір аптаның ішінде пікірлерін тапсырмаған ұйымдар съезд уставының жобасын қабылдаған деп танылады»; 2) делегаттар съезге дейін қамалып қалатындай болған күнде делегаттардың орнына кандидаттар дайындау есебінен толықтырып отырыңыздар.

*1903 ж. 6 және 9 марттың арасында жазылған*
*Парижден Харьковке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

57

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

15. III. 03.

Қымбатты Г. В.! Сіздің хатыңызды алдым. «Март Идыларын» жазыңыз, бұл өте жақсы. *Ең әрі* дегенде — 25. III. 03 мақала осында болуға тиіс. *Сөзсіз күтеміз.*

Масловтың кітабын жуырда маған Парижден жібереді (мен асықтыра түсемін) ал мен оны Сізге *дереу* жіберемін. Онда қауымның зиянды жақтары жөнінде қызықты мәліметтер бар,— бұл мәліметтерді мен Парижде цитатаға келтіргенмін[125].

Давидтің кітабын мен жаздырып та алдым, кәзір оқып жатырмын. Сұмдық сұйық, мазмұны тайыз және әдепсіз жазылған кітап. Сізге жіберу үшін тезірек оқып бітіруге тырысамын. Каутскийдің осы «жаңа прудонист» жөнінде жазған мақалаларын көрдіңіз бе?

Кәзір мен шаруаларға арнап біздің аграрлық программамыз туралы түсінікті кітапша жазуға отырдым[126]. Деревнядағы тап күресі жөніндегі идеямызды деревня халқының төрт түрлі жігі (помещиктер, шаруа буржуазиясы, орта шаруалар және пролетарлармен қосып жартылай пролетарлар) туралы *нақтылы* мәліметтермен жете түсіндіруге ықыласым қатты ауып жүр. Осындай жоспар туралы Сіздің ойыңыз қалай?

Мен Парижден қайтқанда кесінділер etc. жөніндегі түсініспеушіліктерді тек осындай кітапша арқылы ғана жоюға болады деген пікірмен қайттым.

26 февральдағы манифест туралы мақала жаздым, бұл 34-номерде-ақ шығады[127]. Манифестің маңызы *орасан зор* болғандықтан мен оның қалайда басмақала болуын талап еттім. Бірақ В. И. *қобалжыйтын* (!) сияқты және

Ю. О.-мен екеуі керісінше шешіп отыр: алдымен Маркс туралы мақала бермекші.

Меніңше, мұның өзі тіпті өрескел нәрсе.

Қолыңызды қатты қысамын.
Сіздің *Ленин*

*Лондоннан Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

58

## ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ

Ұйымдастыру комитеті ПСД-мен бірігіп, Росс. СДЖП-мен толық ниеттестігі және партияға кіргісі келетіндігі туралы формалды мәлімдеме (мүмкіндігінше неғұрлым толық және анық мәлімдеме) шығаруға дереу шара көрсін деп кеңес береміз. Осындай формалды түрде жарияланған мәлімдемеге сүйеніп, Ұйымдастыру комитеті ПСД-ны съезге шақыра алар еді. Сол уақытта, сірә, ешкім қарсы да шыға қоймас еді[128].

Онан соң съезде Бундпен күресу үшін барлық жерде және барлық жұрттың арасында негіз дайындауды (қосымша) қатты өтініп сұраймыз. Қажырлы күрес жүргізбейінше Бунд өзінің позициясын бермейді. Ал біз ешқашан да оның позициясын қабылдай алмаймыз. Біздің тарапымыздан ақырына дейін, Бундты партиядан қууға дейін баруға бекем бел байлағандық қана, күман жоқ, оны шегінуге мәжбүр етеді.

Тізім алуға асығыңыздар: бұл өте маңызды іс және мұны комитеттердің жауабын күтпестен тезірек істеу керек. Айтпақшы: жауап үшін комитеттерге қысқа мерзім белгіледіңіздер ме? Қәзірдің өзінде тағайындалған делегаттардың тізімін жүргізіп отырсыздар ма? (дұрыс болуы үшін бізге жіберіп отырыңыздар).

*1903 ж. 31 мартта жазылған*
*Лондоннан Харьковке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. толық басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

59

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

(Старик.)

Бұл жолы мен азғана нәрсе хабарлай аламын. Менің ше, қазіргі кезде ең басты нәрсе — бар күшті салып съезді тездету және іскер (және «өзіміздің») делегаттардың көпшілік болуын қамтамасыз ету. Барлық үміт Брутта қалды десе де болады. Мүмкіндігінше, *барлығына да*, әсіресе делегаттарға соның өзі көз болғаны керек және біздің адамдардан көбірек өткізуге тырысқаны керек. Әрбір комитеттен екі дауыс берілу системасы бұған өте жағдайлы нәрсе. Онан соң Бунд туралы мәселе өте маңызды мәселе. Біз онымен Ұйымдастыру комитеті жөніндегі айтысты тоқтаттық, бірақ принципті айтысты, әрине, тоқтатқанымыз жоқ. Бұл туралы сөз де болуы мүмкін емес. Сондықтан, егер Бундпен тату боламын десең, Бундқа қарсы соғыс әзірлеу керек екендігін барлық жұрттың және әрбір адамның жетесіне жеткізе, әбден «миына құя» түсіндіру керек. Қалай болғанда да съезде соғыс ашу керек, жіктеліске барғанша соғыс ашу керек. Тек сонда ғана ол күмәнсыз тізе бүгеді. Ал қайдағы бір қыйсынсыз федерацияны біз мүлде қабылдай алмаймыз және ешқашанда қабылдамаймыз. Ең әрі кеткенде: 1898 жылғы ескі устав бойынша Бунд Орталық Комитетіне Орталық Комитеттен тағайындалған делегаттың қатысуымен автономия беру, ең әрі кеткенде осы. Жұртшылықты дайындау керек, Екатеринославқа қарсы қылықтың[129], тағы басқаларының жөнсіздігін түсіндіріп отыру керек, оның өрескелдігін жұртшылыққа көрсетіп отыру керек. Жұртшылықтың бұл жөніндегі ниетінің қандай екенін, Сіздің насихатыңыздың қалай жүріп жатқандығын және көпшіліктің дұрыс көзқараста екендігіне сенім

бар-жоқтығын тезірек жаза көріңізші. Біз тығыз бірлесудің қажеттігі туралы, федерация мен «ұлттық» саясаттың қыйсынсыз нәрсе екендігі туралы еврей жұмысшыларына арнап кітапша шығармақшымыз.

*1903 ж. 3 апрельде жазылған*
*Лондоннан Самараға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

60

## ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ

6. IV. 03.

Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімінің сұратпасын Ұйымдастыру комитетіне жібере отырып, біз, өз тарапымыздан, Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімінің функцияларын ешқандайда кеңейтуге және өз шеңберін титтей де болса ұлғайтуға жол бермеу керек деп қатты кеңес берер едік, ол осы өз шеңберін ұлғайтуға бар күшін салып ұмтылуда. Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімінің функциялары іс мүддесін көздеп, съездің конспирациялық жағын әзірлеуден, ақша жыйнаудан ешбір әрі бармауы керек және, ең көп болғанда, тағы бұл мәселенің *алдын ала* дайындығы түрінде шетелдік социал-демократиялық ұйымдардың бірігу шарттарын талқылаудан әрі бармауы керек. 1а) пункті жөнінде: біз Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімінің адресін комитеттерге таратып беруге үзілді-кесілді қарсымыз. Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімінің осындай функцияларында мұның мүлде керегі жоқ. Қағазбастылық пен шатастырушылық мағнасында мұның өзі өте қауіпсіз емес-ті. Жариялау жөнінде: бәрі де «Искрада» жарияланады деп тура мәлімдеу керек еді (бұған формалды негіз — комитеттер көпшілігінің мойындауы). Басқа ұйымдарға «Искрадан» Ұйымдастыру комитетінің барлық мәлімдемелерін қайталап басуға формалды түрде кеңес беруге болар еді. Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімімен Ұйымдастыру комитетінің қатынас жасап тұруы жөнінде біз мынадай тәртіп орнатуға кеңес берер едік: Ұйымдастыру комитеті өзінде бар жолмен *Дейчпен* қатысып тұрады (*Дейч* — Ұйымдастыру комитетінің шетелдік ұйымының секретары, бұған тағыда *Алек-*

*сандр мен Лохов* енді). Ал Дейчпен бұрынғыдай біз арқылы қатысып тұрасыздар. Бұл әбден табиғи нәрсе: Ұйымдастыру комитетінің шетелдік комитеті секретарь сайлады, ал сіздер оны бекіттіңіздер.

2-ші сұрауға келісіп жауап беруге кеңес берер едік, ал 3-ші сұрауға — күн тәртібі беріледі, кәзір әзірленіп жатыр деп түсінік беруге болады.

*Лондоннан Харьковке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

61

## Е. М. АЛЕКСАНДРОВАҒА

*Лениннен жеке хат*

Сіздің ұзақ хатыңызды оқып шықтым. Бұл хатыңыз үшін үлкен рахмет. Ештен кеш жақсы деген ғой. Сіз аса қатты ашуланбаңыз деп өтінесіз. Сізге ашығын айтайын: мен аз ашуландым, қайта өзімнің Жак деген қайдағы біреумен «вертеп» есігінің алында[130] болған ең соңғы әңгімемді есіме алып, көп күлдім, әлгі адам ол кезде (ол кезде!) біз тым аз билік етеміз деп тапқан еді. Ұйымдастыру комитетінің ішінде істің бірден реттеле қоймай отырғанын, әлі де болса толып жатқан ырың-жырың мен анархия бар екенін, мұны мен білгенмін және онан басқа ешнәрсе күткен де емеспін. Бұған тапжылмай емдеуден (уақыт пен тәжрибе) және ең күшті әсер ететін бір шарадан (партияның жалпы съезі) өзге ем жоқ. Алдақашан жазған болатынмын, тағыда айтайын: құдай үшін, мүмкіні болысымен осы шараны қолдануға асығыңыздар, әйтпесе сіздің тәжрибеңіздің мүлде *зая кету* қаупі бар.

1) Юрий[131], 2) бюро және 3) Игнатовтың бундиспен таласы жөніндегі мәселелер туралы ешнәрсе жазбаймын. Мұның бір бөлегі ескіріп қалды, бір бөлегі жергілікті жерде шешілуге тиіс, ал осы соңғы бөлегі жөнінде менің кеңес беруім (менің таныс адамым Жактың пікіріне қарама-қарсы) ең дұрыс дегеннің өзінде мүлде қажетсіз болар еді. Оның бұл бөлегін сіз өздеріңіз (сіздердің барлықтарыңыз) шешуге тиіссіздер, шешкенде sollen* мағнасында емес, қайта müssen** мағнасында шешуге тиіссіздер.

* — тиістілік. *Ред.*
** — қажеттілік. *Ред.*

Бунд, P. P. S.* туралы және «лағушылық», жөнінде сөз қылайын.

Формалдық жағынан, меніңше, Бундпен сыпайы және дұрыс ниетте болу керек (бірден шықшытқа ұрмау керек), бірақ сонымен бірге онымен барынша салқын болу керек, бар сырды ашпау керек және заңды негізде оны аямай, сағат сайын қыспаққа алып отыру керек, мұны қорықпастан ақырына дейін жеткізу керек. Тілесе мейлі кете берсін,— бірақ біз олардың қолына кетісу үшін ешбір сылтау, сылтау дегеннің жұрнағын да бермеуге тиіспіз. Съезге дейін формалдықты, әрине, сақтау керек, бірақ сырды ашуға болмайды. Сіз: бундист біздің «Искра» үшін әрекеттеніп жүргенімізді біледі де, бұған үндемейді де, Ұйымдастыру комитетінің атынан бұлай істеуге біздің правомыз болмаса да сөйтіп отыр, деп жазасыз. Меніңше, Ұйымдастыру комитетінің атынан ондай іс істелуге де тиіс емес, қайта әрбір мүшенің *жеке өз* атынан істелуге тиіс, мұнда Ұйымдастыру комитеті дәлелге алынбай, *«Искраны» мойындаған комитеттер* дәлелге алынуы керек. Нәтижесі сол баяғыдағыдай, тіпті онан күшті болады (ешқандай «агенттер» жоқ), ал формалдық жағында мін жоқ. Комитеттерді Бундқа қарсы дайындай беру — кезеңнің *ең маңызды* міндеттерінің бірі, бұл да форма жағын бұзбай-ақ әбден мүмкін болатын нәрсе.

Сондай-ақ «Ұйымдастыру комитеті *мүшелерінің* пікірі» жөнінде P. P. S.-пен әңгіме қылу бекер-ақ болған. Ұйымдастыру комитеті жөнінде: съезд әзірлеп жатырмыз, мәселені шешетін *сол съезд,* деу керек еді, ал «пікір» туралы мәселе жөнінде үндемей қою керек емес, бірақ Ұйымдастыру комитетін дәлелге алмай, қайта «Искраны», ал *онан да дұрысы «Искраны»* мойындаған комитеттерді дәлелге алу керек. Онан соң P. P. S.-тен кішкене болса да бір жапырақ ресми қағаз (хат) қолға түсіріп алса болар еді, жәнеде оларға — «біздер ұлтшылдыққа қарсылармыз» деп айтпау керек (жұртты босқа үркітудің керегі не?), қайта оларды біздің программамыз (ұлттың өзін өзі билеу правосын мойындау) сендер үшін де жеткілікті деп сыпайылықпен сендіріп, оларды белгілібір қарсы мәлімдеме жасайтын ету керек, Ұйымдастыру комитетіне және

* — ППС (Поляк социалистік партиясы). *Ред.*

съезге *ресми түрде сөз салатын* ету керек. Р. Р. S.-ке қарсы біздің басты көзіріміз — біз принципінде ұлттың өзін өзі билеуін мойындаймыз, бірақ пролетарлық тап күресінің бірлігімен белгіленетін орынды шеңберінде мойындаймыз.

Ұмытып кетпеу үшін айта кетейін: «Искраның» орыс ұйымының Ұйымдастыру комитетіндегі өкілдерін мен білмесем керек. Сонымен қатар мен мынаны да білмей отырмын: маған осыны білу неменеге керек? және «өкілдердің» болуы неменеге керек?? Ұйымдастыру комитеті әсте де «өкілдерді» емес, қайта жақсы адам атаулының бәрін алдақашан *кооптацияламан* емес пе еді? Әлде олай емес пе?

«Искраның» орыс ұйымы мен Ұйымдастыру комитетінің айырмашылығын, меніңше, атап айтқанда формалдық жағынан мінсіз болу мақсатында пайдалану маңызды нәрсе.

Енді «лағушылық» туралы. Не мен сізді дұрыс түсіне алмай отырмын, не бұл үлкен қате. Осы (ең маңызды) пункт жөнінде Сіздің хатыңыздың тым қысқалығынан маған Сіздің сөзіңізді á la lettre* ғана түсінуге тура келеді. Сайланған төрт адам Орталық Комитетті де, Орталық Органды да «ұйымдастырады» дейсіз!! Мұның өзі, ашықтан-ашық айтқаныма ғапу етіңіз, әншейін кісі күлерлік нәрсе ғой, өйткені Орталық Органды «ұйымдастыруға» тек редакцияның мүшелерінің + кеңесу үшін шеттен қатыстырылатын *бірлі-жарым* адамның компетентті екенін (яғни *істі түсіне біліп,* соған қажетті тәжрибесі болып ұйымдастыра алатынын), ал Орталық Комитетті ұйымдастыруға да сондай-ақ тек тәжрибелі практиктердің + кеңесу үшін қатыстырылатын *бірлі-жарым* адамның (егер Сіз мұндай адамдарды білетін болсаңыз) компетентті екенін Сіз білуге тиістісіз ғой. Әлде, мүмкін, Сіз осының барлығына жарайтын *т ә ж р и б е с і* де, білімі де бар «төрт» адамды білетін шығарсыз??? Егер білсеңіз, онда атап беріңіз — мұны қалжыңдап айтып отырғаным жоқ, шынымен айтып отырмын, өйткені менің хатым жеке өзіңізге арналған хат және сіздің пікіріңізді анықтап білу мен үшін маңызды.

Егер мен қателесіп отырмасам, Сіз дара билікке жетуді және «айтқанды екі еткізбеуді» көздейсіз. Мұныңыз жақ-

* — сөзбе-сөз. *Ред.*

сы, Сіздің айтқаныңыз мың мәртебе дұрыс, өйткені бізге керегінің өзі де осы. Бірақ мұны Сіз ойлағандай, турадан-тура ешкім де істей алмайды. Ағымдағы істердің $^{9}/_{10}$ үшін 2 орталықтың болғаны сөзсіз қажет, біз мұны тіпті тілемесек те, бұл орталықтар сол сағатында-ақ өздері құрылады. Ал істе тәртіп болу үшін мынаған жету керек 1) осы 2 орталықтың бірігуі үшін ресми жол табу (мәселен, олардың екеуінен де делегаттар болатын комиссия құру), 2) екі орталықтың екеуінде де мүшелер санын шағындау, немесе екі орталықтың екеуінің ішінен де атқарушы комиссиялар болу және — ең керегі — 3) орталықтардың жеке мүшелерінің арасында функцияларды қатаң және *ресми* бөлісу, бөліскенде, мүшелердің қайсысына нені басқару тапсырылғанын, мәселелердің әрбір саласы жөнінде мүшелердің (екі орталық мүшелерінің) ішінен кімнің *шешуге* (және тіпті сөз айтуға) праволы екенін және істі бір орталықтың немесе екі орталықтың екеуінің толық жиналысының қарауына көшіру жолының қандай екенін екі орталықтың құрамындағылардың бәрі де дәл анық *білетіндей* етіп бөлісу.

Мен сізді өз талаптарыңызды шағындаған үстіне шағындай түсерсіз, жуық арада тілектердің maximum-ы осы екеніне көнерсіз деп сенемін. Ал осының өзі де өте-мөте қиын, ал осы функцияларды бөлісу үшін де *мен* әбден жарамды, білгір, тәжрибелі адамдар барын *көре алмай отырмын.* Ұқыпсыздық дегенің сізде де, *бізде де* (Ұйымдастыру комитетінің мүшелері мырзалар, сіздер тек өздеріңіз туралы ғана ойламасаңыздаршы, сіздер *бүкіл* партияны «ұйымдастырып» отырсыздар ғой) шексіз, сансыз, орасан, сондықтан pia desideria* ойлап шығармай, қайта практикалық, *берік,* «алғашқы адымдарды» ойлап табу керек.

Мен сізге өзімнің көзқарасымды *жасырмай ашық* айтып бердім, тағыда хат алысуға өте қуанған болар едім. Мұндай мәселелер туралы сіз, құдай-ақы, жиі-жиі және толығырақ жазып тұруға *тиістісіз* ғой. Бұл хатты бүкіл Ұйымдастыру комитетіне білдіруге ешбір қарсылығым жоқ, тіпті соны тілер едім, бірақ мұны Өзіңіздің шешуіңізге бердім. Сіздің хатыңыздың *кімге* арналғанын атап көрсетіп, Сіз жақсы жасағансыз. . . . . . . . . . . . . . . . . .

* — Ізгі ниеттерді. *Ред.*

Жақсы болыңыз. Талаптарыңызды шағындаңыз және «өте күшті әсер ететін шара» жөнінде асығыңыз, асыққан үстіне асығыңыз. Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің *Ленин*

*1903 ж. 22 майдан кейінірек жазылған*
*Женевадан Киевке жіберілген*
*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

62

## А. М. КАЛМЫКОВАҒА

7. IX. 03.

Сіздің хатыңызды кәзір алып, асыға жауап жазып отырмын. Я, мен Сіздің көптен хабардар болғаныңызды және осы хабардар еткен мәліметтердің бәрінің белгілібір түспен боялғанын,— әрине, бұлай болмауы мүмкін де емес,— көріп отырмын. Сонымен қатар мен осы болған оқыйғаның Сізге қатты батпай отырмағанын да түсінемін.

Бірақ білу бір басқа да, түсіну—бір басқа, деп Сіз дұрыс жазып отырсыз, ал болған оқыйғаны «жүйке жүйесінің сұмдық қатты шаршауы әсерінің» тұрғысынан түсінуге болмайтындығына менің әбден көзім жетеді. Жүйкенің қатты шаршауы қатты ашуландыруы, долдандыруы ғана мүмкін және әрекетінің нәтижелеріне есеп бермейтін етуі мүмкін, бірақ нәтиженің өзі мүлде болмай қалмайтын нәрсе, ал ондай нәтиженің болуы алдақашан-ақ уақыттың мәселесі ғана болған-ды.

«Бұзақылар» және «преториандар» — дейсіз Сіз. Бұл олай емес. Саяси жіктелу im Grossen und Ganzen* мынадай болды: 5 бундшыл, 3 рабочеделошыл, 4 южноработчийшіл, 6 «батпақ» немесе батыл еместер, жұмсақ бағыттағы (немесе Zickzackkurs'a-тегі**) 9 искрашыл және қатаң бағыттағы 24 искрашыл: бұлар шешуші дауыстар және, әрине, шамамен айтқанда. Бұдан басқаша болып бәрінің де шатасқан реттері болды, бірақ á vol d'oiseau***, корыта келгенде, болған топтар нақ осындай. Көп искрашыл қобалжыған ең ірі сапырылысудың өзінде (тілдердің

---

* — жалпы және бүтіндей алғанда. *Ред.*

** — бұралаң жол ұстаған. *Ред.*

*** — биіктен қарап. *Ред.*

тең праволылығы мәселесінде) біздің жағымызда кемінде 23 адам (33 адам барлық искрашылдардың ішінен) қалды, тіпті осы 23 адамның ішінде «мартовшылдар» азшылық болды. Ал Сіз 16 ның жыйналысындағы дауыс берудің нәтижесін білесіз бе? «Бұзақылардың» емес, «преториандардың» емес, *«Искра» ұйымының* 16 *мүшесінің* жыйналысындағыны білесіз бе? Мартовтың мұнда да әрі бәленің басы болған кісі туралы мәселеде, *әрі тізімдер туралы мәселеде азшылықта қалғанын* білесіз бе?

Жұмсақ немесе бұралаң жол ұстаған искрашылдар азшылығы Бундтың + батпақтың + южнорабочийлықтардың коалициясы арқылы көпшілікті жеңіп кетті (устав жөніндегі мәселеде, және талай рет жеңді). Ал Бунд пен «Рабочее Дело» кетіп қалған кезде, искряктар көпшілігі мұның қаруын қайтарды. Voilà tout*. Бунд кетпеген болса, Мартов бізді орталықтарда жеңіп кеткен болар еді дегенге бірде-бір адам күмәнданбайды. Ал осындай нәтижеден зәбірлену, реніш көру, партияның жікке бөлінуі! Бұл алжасқандық қой. Оппортунизмдік жасады деген жалақорлық айып тағып, «преториандар» іс адамдарын қуып шықты, оларды масқаралады, шеттетті etc., деп шығарып жүргендер бар. Мұның бәрі құр бос нәрсе, зәбірленіп қыялға түскендіктің жемісі, rien de plus**. Ешкімді, тіпті ешкімді де «масқаралаған» жоқ, жұмыстан, іске қатысудан шеттеткен жоқ. *Орталықтан* қайсыбіреулерді ғана шеттетті — осының үшін ренжу керек пе? осының үшін партияның пәре-пәресін шығару керек пе? осының үшін гиперцентрализм теориясын шығару керек пе? осының үшін қаталдық жасады etc. деп байбалам салу керек пе? Үш редактор ештеңені де талқандамайтын, қайта ескі «ағайынгершілік» коллегияны *қызмет* адамының роліне бейімдейтін *бірден-бір* шын іскер үшеу болып табылады, бұған ешқашан және бір минут те күмәнданған емеспін, күмәнданбаймын да. Атап айтқанда алтаудың ағайынгершілігі бізді бүкіл 3 жыл бойына азаптап келді, *Сіз өзіңіз мұны өте жақсы білесіз ғой,* сондықтан «Искра» партияға айналып, партия «Искраға» айналған кезден бастап біз 6-мен үзісуге, ағайынгершіліктен үзісуге *тиісті* болдық,

* — Бар әңгіме осы ғана. *Ред.*
** — онан басқа түк те емес. *Ред.*

*міндетті* болдық. Дәл сондықтан да мен съезд алдында-ақ: редакцияны—respective* тыңғылықты кооптация үшін де бірден-бір базис болып табылатын үшеуді сайлау бостандығын талап етемін деп айтқан болатынмын.

Іс мүддесі үшін «ағайынгершіліктен» қол үзу қажет болды, сондықтан, егер 1 § пен Орталық Комитетке бола жанжал болмаған болса, алтаудың бәрі де дау-дамайсыз осы үшеуді қабылдайтындығына менің көзім жетеді. Осы жанжалдар *ғана* олардың көз алдында 3-уді осы «сұмдық» мүлде теріс түске бояды. «Сұмдық» болғандай дәнеңесі жоқ, ал Zickzackkurs-ке қысым көрсету қажетті нәрсе болған еді, *искряктар* көпшілігі де (съезде де, «Искра» ұйымының ішінде де) мұны жақсы түсінген-ді.

Тағыда айтамын, істің ақыры «күтілмеген пәле» емес, істің ақыры «бүтіннің бөлшектенуі» емес, жоқ олай емес. Бұл дұрыс емес. «Мансабы артқан» күнге лағнат айтуға болады — немесе біздің бұрынғы жұмысымыздың бәрі де мәңгілік Тантал азабы болып қалар еді деу дұрыс емес. Сондықтан партия ішінде, оның формалдық базисі негізінде, *бәрі де* уставқа** бағындырылған да (осы уставқа бола біз Мартовпен текке қатты қырқыспаған едік, барлық ұсақ-түйегіне дейін текке қырқыспаған едік, ол мұнда *жеңіп кеткен* еді), мұндай партия ішінде бұрынғы ағайынгершілік редакция (3 жылдың ішінде 6 адам болып *бір де рет* бас қоспаған редакция — бұл факт) *мүмкін болмады*, мұның реті де бар, өйткені партияға табанында-ақ шын мәнісінде, формалдық негіз бойынша бірқатар искрашыл еместер кіріп алған еді. Ал мұның өзі атап айтқанда берік бағыт ұстауды, бұраландаған саясат емес, дәйекті саясат ұстауды керек қылды. Ескіге қайта оралу жоқ, бірақ Мартовты әрқайсысының саяси жол бағдары бар жолдастармен бірлесіп жұмыс істеуге емес, құрбандыққа апара жатыр деген бейнені қалпынан ауысқан теріс түсінік қана суреттей алады. De facto ретінде тағы мынаны айтайын: бұл үшеу *әрдайым бұрында да, барлық осы 3 жылдың ішінде, жүздің 99 ретінде* шешуші, саяси шешуші орталық болды (бірақ әдеби орталық емес).

---

* — немесе. *Ред.*

** Міне сондықтан да «өзара конституциялардың» болуы қазір *мүмкін емес* нәрсе, юридикалық жағынан да, моральдық жағынан да сөзсіз мүмкін емес нәрсе.

Мартов Бундпен одақ жасап, искряктар көпшілігін *жеңгеннен* кейін және орталықтар туралы мәселеде де бұларды осы одағы арқылы соққылау үшін *бәрін дайарлағаннан* кейін, маған енді «олардың» бұзақылар жөніндегі, преторияндар жөніндегі шағымдары, «Искра» редакциясының «кристалдануын» айтып мұңаюы күлкілі нәрсе болып көрінеді. Келісімі арқылы емес, одағы арқылы жеңді деп отырмын, мен оларды батпақпен, Бундпен *келісім* жасады деп айыптамақшы да емеспін, тіпті де олай етпекші емеспін. «Олар» өздеріне қарсы «масқаралайтын қауесеттер» (бундистердің одақтастары екен деген) таратыпты деп отырғанда, «олар» жеке адамның басына қатысты нәрсе мен саяси нәрсені шатастыратын өздерінің әдеттегі қателіктерін қайталайды. Келісім жасаудың өзі жақсы іс болмас еді. Одақ *олардың еркінен* болған *жоқ*, олардың одағы олардың қатесінен келіп шықты; Бунд + батпаққа ергендер олар емес, қайта Бунд + батпақ + «Южный Рабочий» etc. олардың соңынан ерді, антиискрашылдар тұрғысынан қарағанда искрашылдардың ішінен кімді қолдау керек екендігін бірден түсіне қойып ерді. Бунд + батпақ etc. саяси жағынан Мартовтың тек ұйымдық және саяси қатесін *ашты*.

Кімде-кім съездің барлық фактыларын және әсіресе искрадағылар дауысының (съезде де, «Искраның» жасырын ұйымының ішінде де) қалай бөлінгенін білетін болса, кері қайта оралу жоқ екендігі жөнінде ол адамда күман болуы мүмкін емес. *Искряктар* ажырасты, бірақ «Искра» искряктардан тыс бола алмақ емес қой. Тағыда айтайын, *искряктардың арасында* Мартов сөзсіз азшылықта болды, сондықтан партия ішінде *жік шығуы* (Мартов күн санап барған сайын осы жікке қарай *мойын сұнып* барады) юридикалық жағынан да, *о н а н   б е т е р   і с т і ң   м ә н і   ж а ғ ы н а н   д а* ісі теріс азшылықтың көтерілісі болып шығады.

Біз қатесі үшін Мартовты да, басқа біреуді де «масқаралап» отырғанымыз жоқ, қайта олардың *бәрін жұмыс* істеуге шақырып отырмыз.

Өзіңіз еске алып отырған «материалдық қаржы» жөнінде біздің халіміз қазір, дау жоқ, онша мәз емес, Калифорниядағы қорымыз да сарқылды. Бірақ басқа түсе қалса қатты мұқтаждыққа да көнеміз, тек *орталықтардың құрамына наразылық болғанына ғана бола* (өйткені

объективтік жағынан «олардың» наразылығының өзі осыған (с о н д а тіреледі) бүкіл көпжылдық жұмысты бүлдіртпесек болғаны.

«Шәлекті де бөлісу керек пе?» деп сұрайсыз Сіз. Мен бұл сұрағыңызға жауап бере ала қояр ма екенмін, өйткені «бөлістің» әділеттілігіне қоятын талабым жоқ, ал Сізге әділетсіз жауап беруге болмайды. Менің шамам жететіні — ешқандай «бөлшекті бөлім» жоқ, *бір* мәселеде жеңілгенге бола, жеңілген иесректердің бұл мәселедегі пікірі тіпті теріс болса да, бүтін партияны бөлшектеуге, бүлдіруге және талқандауға (Сіздің айтуыңызша жаңа ошақ салуға) тырысатын ақылға сыймас *әрекет* бар.

Қолыңызды қысамын.

*Женевадан Дрезденге жіберілген*
*Бірінші рет 1927 ж. басылған*

*Н. К. Крупская жазған көшірме бойынша басылып отыр*

## 63

# А. Н. ПОТРЕСОВҚА

*Алекс. Николаевичке*

13. IX. 03.

Мен осы жақында, төніп келе жатқан жіктеліс жағдайы кәзір әбден анықталған кезде, Ю. О.-мен әңгімелесіп көрдім, енді Сізбен де әңгімелесіп көргім келеді, Сіз де, Ю. О. сияқты, түсінісуге әрекет жасап көруге қарсы емес шығарсыз деп үміттенемін. Егерде бұл үмітім негізсіз болса,— Сіз, әрине, мұны маған хабарлайсыз ғой, бірақ мен сонда да болса әзірге өзімнің дұрыс дегенімді істеймін.

Мартовтың редакциядан бастартуы, оның және партиядағы басқа әдебиетшілердің бірлесіп жұмыс істеуден бастартуы, бірсыпыра адамдардың Орталық Комитет үшін жұмыс істеуден бастартуы, бойкот жасау немесе баяу қарсылық жасау идеясын насихаттау,— мұның бәрі, тіпті Мартовтың және оның достарының тілегіне қарамастан, партияның жіктелуін туғызбай қоймайды. Егер Мартов тіпті лоялдық тұрғыда (съезде оның батыл қолдаған тұрғысында) тұрып қалса да, басқалары шыдап отыра алмайды,— сөйтіп мен көрсеткен нәтиже тумай қалмайды. (Айтқандайын, тетканың «жаңа ошақ салу» туралы жазғаны да тегін нәрсе емес.)

Сондықтан мен өзіме-өзім: шынында біз неге бола өмір бойы жау болып айрылысамыз?.. деген сұрақ қоямын. Съезде болған оқиғалардың және съездің берген әсерлерінің бәрін көз алдыма келтіріп, мен көп уақытта қатты ашумен, «қызғындықпен» іс істегенімді мойныма аламын; егер сол кездегі жағдайдан, реакциядан, репликадан, күрестен, etc. туған нәрсені айып деп атау керек болса, онда мен *өзімнің осы айыбымды кімнің алдында болса да* мойындауға шын ынтаммен даярмын.

Бірақ қолымыз жеткен нәтижелерге, арпалысқан күрес арқасында жүзеге асқан жұмыстарға қазір ешбір қызғынсыз көз жібергенде, мен бұл нәтижелерден партияға зиянды ешнәрсені, азшылықты ренжіткендік немесе қорлағандық болып табылатын ешнәрсені көре алмаймын.

Әрине, азшылықта қалудың өзінің ренжірлік іс болмауы мүмкін емес, бірақ біз біреуді «масқаралаппыз», біздің біреуді қорлағымыз немесе беделін түсіргіміз *келіпті*, деген ойға үзілді-кесілді қарсылық білдіремін. Мұндай ешнәрсе болған жоқ. Сондықтан саясат жөнінде ажырасушылықтың салдарынан оқиғаларды түсіндіргенде екінші жақты арам, алаяқ, интригандық деп және басқа осындай сүйкімді сөздерді айтып айыптау арқылы түсіндірушілікке жол бермеу керек; мұндай сөздерді төніп келе жатқан жіктелу жағдайында бірден бірге жиі естіп жүрміз. Бұған жол бермеу керек, өйткені бұл, ең кемінде, nec plus ultra* ақылсыздық болады.

Мартовпен сан рет ажырасқанымыз сияқты, біз онымен саяси (және ұйымдық) мәселелер жөнінде ажырастық. Уставтың 1-параграфы туралы мәселеде жеңілгеннен кейін, мен өзімдегі (және съездегі) бар құралды қолданып, барлық жігеріммен әлгінің қаруын қайтаруға ұмтылмай тұра алмадым. Мен, бір жағынан, нағыз искрашыл Орталық Комитетті, екінші жағынан, біздің ежелгі, шарасыз жанжалымыздың негізінің өзін жоятын, әрқайсысының өзінің саяси жолы бар, әрқайсысы мәселені шешкенде «жұрттың бет-жүзіне қарап емес», өзінің әбден көзі жетіп барып шешетін және әрдайым солай шешіп отыратын адамдарды біріктіретін редакцияның үш кісілік алқасын құруды көксемей тұра алмадым.

Мен (съезд алдында үшеу туралы Сізбен және Ю. О.-мен сөйлескен кезімізде) үнемі жоқ болатын бір мүшенің[133] алтаудың ішінде болуын іс мүддесі үшін бәрінен де зиянды деп есептеймін деген едім, мен мәселеге Засуличтің шамадан тыс өз бетінше қарауы сол кездің өзінде-ақ мені кейіткен болатын, қатты кейіткен болатын дедім (Ю. О. мұны да ұмытқан болса да), мен (Сіз сайлануы аса *ықтимылдау* үшеуді атаған кезде) мүлде ашық айттым: оны мен де ең ықтимал деп есептеймін дедім, және де Засулич ешқандай кооптацияға көнбей (біз ол кезде

---

* — барып тұрған. *Ред.*

мүмкін болатын кооптацияның бірін белгілеп те қойған едік) *жалғыз өзі қалғанда да*, мұнда тұрған дәнеңе жоқ деп білемін дедім. Юлий Осипович менің осы соңғы мәлімдемемді де ұмытқан, бұл мәлімдеме менің әбден жақсы есімде. Бірақ бұл арада таласып жатудың, әрине, пайдасы жоқ. Керегі бұл емес, керегі мынау: осындай үш адам болғанда азапты, ұзаққа созылған, бітіспес жанжалдардың бірде-бірі, *осындай жанжалдың бірде-бірі* мүмкін болмаған болар еді; біз 1900 жылы «Искраның» жұмысын осы жанжалдардан бастадық және бұл жанжалдар, *айлар бойына* бізді жұмыс істеу қабілетінен айырып, талай рет қайталап отырды. Міне сондықтан да мен бұл үшеуді *бірден-бір* іскер, ағайыншылдық пен салдыр-салақтыққа негізделген коллегия болу емес, қызмет атқарушы мекеме болу *бірден-бір* қолынан келетін үшеу, нағыз *бірден-бір* орталық орын деп есептеймін, бұл орталық орында, қайталап айтайын, әркім және әрдайым өзінің партиялық көзқарасын ұсына алар еді, қорғай алар еді, *бұдан ешбір басқаша болмас еді* және кісінің жеке басына қатысты нәрсенің бәріне, ренжу, кетіп қалу etc. etc. сияқты пікірлердің *қандайына болса да* irrespective* еді.

Съездегі оқиғалардан кейін бұл үшеу *бір ретте* Мартовқа қарсы бет алған саяси және ұйымдық бағытты сөзсіз заңды етіп бекітті. Бұл күмәнсыз. Осыған бола айрылысу керек пе? Осыған бола партияны бұзу керек пе?? Ал демонстрациялар туралы мәселеде Мартов пен Плеханов маған қарсы болмады ма? Ал программа туралы мәселеде Мартовпен екеуіміз Плехановқа қарсы болмадық па? *Қандай* үшеу болса да оның бір жағы *әрқашан* соған қатынасушының біреуіне қарсы болмай ма?

Егер искряктардың көпшілігі «Искраның» ұйымында да, съезде де Мартовтың бағытының бұл арнаулы сарының ұйымдық және саяси жағынан қате деп тапса, мұны қайдағы бір «ор қазғандық», «айдап салғандық», т. т. деп түсіндіруге тырысу, шынында, ақылсыздық емес пе?? Бұл көпшілікті «бұзақылар» деп *бәлағаттап*, бұл фактыдан құр сөзбен құтылу ақылсыздық болмас па еді??

* — қарамас. *Ред.*

Тағы айтамын: Мартовтың теріс бағыт ұстағанына және оны түзету керек болғанына, съездегі искряктардың көпшілігіндей, менің де әбден көзім жетті. Бұл түзетуге бола ренжу, мұнан қорлау дегенді, etc. шығару — ақылға сыймайтын нәрсе. Біз ешкімді ешқандай істе «масқаралаған» жоқпыз, масқараламаймыз және *ж ұ м ы с т а н* шеттетпейміз. Ал *орталық орыннан* шеттетуге бола жіктелу туғызу маған түсініксіз ақылсыздық болар еді.

*Ленин*

*Женевада жазылған*

*Қысқартылған түрінде бірінші рет 1904 жылы: В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапшада, толық түрінде 1927 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 64

# Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

Ұзақ хаты үшін Смитке рахмет. Егорға хат жазып, ақырғы рет ақылға шақырсын. Егор елдеріндегі істерді бітіріп қайту үшін керек болған барлық (жалпы барлық) өкілдікті алып, Зарин дереу Егорға жүрсін. Бұл істің бәрін толығырақ, қаталырақ және анығырақ етіп реттеу керек. Сіздің формалды жолмен пікір білдіруіңіз керек, егоршылар[134] жөнінде де батыл ұрысқа әзірлену керек, олардың комитеттерге еніп алу әрекеттеріне дереу батыл тойтарыс берілетіндей ету керек. Бұған барынша қадағалап карау керек және барлық комитеттерді әзірлеу керек. Егоршылар әлі де бойкот жасап, соны *ұлғайтуда*, олар сұмдық ашулы, өздері жөнінде толып жатқан зәбір көру, қорлау дегендерді ойларынан шығарып алып жүр, партияны жауыздардан сақтап қалып отырмыз деп көкиді, осы жөнінде оңды-солды шу көтереді, жұртты адастырады. Олардың ылаңы бізді ақшаны ең көп алатын екі жерімізден айырып та отыр (ұзақ уақытқа ма, *бәлкім, мәңгі* айырды ма, мұны білмеймін). Ақша табуға жан аямай бар күшіңізді салыңыз — басты нәрсе осы.

Соңымен, Смит Егорға бұрынғыша қарамайтын болсын. Достықтың ақыры осы. Жұмсақтық атаулы болмасын! Батыл тойтарыс әзірлеңдер, Заринді дереу жіберіңдер, кандидаттар (Смит әле қалғандай[135] ретте) тағайындаңдар, нақ сондай ретке оның да, Смиттің, «Егор жағына» қыдырысқа шығуын әзірлеңдер, *Совет*[136] *мүшелерін* тағайындаңдар, барлық істі ресмилеу қойыңдар және барынша әрекет етіңдер. Әдебиет жағын біз реттейміз. Вадимге қатты үміт артудамыз.

*1903 ж. 10 және 14 сентябрьдің арасында Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1927 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 65

## А. М. ҚАЛМЫҚОВАҒА

30. IX.

...Сіз: «дүниеде тым көп жасадым, сондықтан мұндайда ақиқаттың бір жақта ғана емес, екі жақта бірдей болатынын түсінбейтін жөнім жоқ» деп жазасыз. Солай болуы әбден мүмкін деп есептеймін. Бірақ қырсықтың өзі мынада ғой: ана «жақ» жаңа жағдайды, жаңа базисті өз керегіне жарата алмай, ескіше оп-оңай қол жетіп келген (айлап жанжалдасқаннан кейін барып болса да), ал кәзір жүзеге асырып болмайтын нәрсені талап етеді. Базис *басқаша* болып отыр, бұл fait accompli*; ал олар әлі күнге дейін көбінесе съезде анасы, мынасы қандай қорлағандық болды, Ленин өзін соншалықты қызғын ұстады десеңші etc. дегенді малданып жүр. Сөз жоқ, ондай нәрсе болды, өзімнің «қызғындығымды» Староверге[137] жазған хатымда мен тура мойындадым да. Бірақ істің мәнінің өзі мынада: «қызғын» күрестің арқасында *әсте қызғын емес* нәтижелерге қол жетті, ал ана жақ қызғындыққа бола нәтижелердің өзіне қарсы, сөзсіз және қажетті нәтижелерге қарсы арпалысуын қоймай келеді. Мәселенің қайда барғанын Сіз алдақашаннан-ақ білесіз ғой. Кейбір «старикгердің» кедергі жасап отырғандығына өзіңіздің әбден көзіңіз жететіндігін білдіргеніңізді Сіз өзіңіз білесіз, сондықтан пәлелі «үшеудің» орға жығушы, якобиндік төңкеріс емес, қайта үш жылға созылған «ұрыс-керістен» турадан-тура, табиғи және *ең жақсы*, құдай ақы, ең жақсы құтылыс жол екендігіне Сіз, әрине, күмәнданбайсыз. Үшеу 3 бұрыш негізінде құрылған және ұрыс-керіске ешқандай негіз қалдырмайды. Сізге мәлім, әсершіл-

---

* — болған іс. *Ред.*

дік пен іске «жеке бастың» тұрғысынан караушылық (саяси тұрғыдан караудың орнына) Мартовты + Староверді + Засуличті сондай халге жеткізген, олар, мәселен, кісінің жеке басына катысты нәрсеге бола адамды *саяси* жөннен «айыптауға» аз-ақ қалған. Сіз сол кезде, шіміріпестен, «жалмауыздар мен жауыздардың» жағына шықтыңыз. Ау, бұл өзі мүлде тіпті дағдылы нәрсе ғой. Кәзір де — мәселенің түп-тамырының өзі сол баяғыдағыша ғой, жеке баска катысты нәрсе мен саяси мәселені сол баяғыдағыдай араластырушылық бар ғой, біз бар болғаны саяси жағынан жылжытып (және аумастырып) отырсақ та, кісінің жеке басын *масқаралағылары* келеді деп бізге тағыда сол баяғыдай күдік келтірушілік бар ғой. Ал Сіз маған: айып Сізде де болуға *тиіс* деп ескертіп отырғанда, мен бұған: жеке басымның айыбын бекерлегім де жоқ, бірақ бұл үшін *саяси* өзгеріс жасауды талап етудің орны жоқ, деп жауап беремін. Жағдайдың шарасыздығының, әбден шарасыздығының өзі дәл мынада: олар орталық орындардың құрамына өздерінің жеке реніштерін, жеке наразылықтарын жыйнайды да, сол үшін саяси өзгеріс жасауды талап етеді. Tout ce que voulez, mais pas de ça!* Ал егер бұған *саяси* ажырасуды себеп етіп көрсететін болса (кейбіреулердің тілейтініндей), онда «бітімге» келу үшін *саяси* карсыластардан көп адамды яки тым болмаса екі жақтан теңдей етіп коопталауды *талап ету* кісі күлерлік нәрсе емес пе?? Nec plus ultra** кісі күлерлік нәрсе!

Толып жаткан ұрыс-керістен жоғарыда мен келтірген бір кішкене мысал мәні жағынан ғана емес, аякталу формасы жағынан да типтік мысал. Біздің сол кезде калай үстем болғанымызды Сіз білесіз бе? *Біз азшылық едік,* бірақ біз қажырлылықпен, «күллі жұрт алдында» масқаралаймыз деп қорқытумен үстем болдық. Міне сөйтіп олар: енді біз де солай етеміз деп ойлайды. Бір қырсық жері сол ғана: *кәзіргі уақыт ана кездегі* уақыт емес. Кәзір формалдық базисті *жойып болмайды.* Осы формалдық базис болмаса,— жұрт әбден қатты қызған екен, онда неге алтау болмасқа? 3 жыл қыйналдық, тағыда 3 жыл қыйналамыз; дауыспен шешкеніміз жоқ, кажыр-

* — Не десеңіз о деңіз, бірақ бұл болмақшы емес! *Ред.*
** — Барып тұрған. *Ред.*

лылықпен шештік,— кәзір де кажырлылыкпен шешелік деседі. Бірақ *кәзір* бұлай етуте болмайды — істің түйіні де осында. Ал жұрттың осы өзгерісті ешбір көргісі және түсінгісі келмейді. Нақ осының өзі жағдайды шарасыз етіп отыр. Кәзір мойын бұрғызбайтын дилемма: *не* адамдар туралы мәселеге келгенде ажырасу керек, онда осыған бола саяси жанжал көтеру және жұмысты тастау кісі күлерлік нәрсе. *Не* саяси жағынан ажырасу керек — онда бұл істі, айталық, баскаша нюанстағы белгілібір адамдарды тану аркылы бұл істі «түзету» онан да бетер күлкі болады.

Олар енді екінші жолды таңдап отыр (таңдап отырмыс). Ол уақытта Мартов үш кісілік алкаға кір де, өз коллегияңдағы *2-үдің* қателіктерін партия алдында *дәлелде:* коллегияға қатыспайынша сен осы қателерді әшкерелеу үшін және олардан партияны сақтандыру үшін колға мәлімет түсіре алмайсын. Олай болмаған күнде сенің айыптауларың — болашақтағының есесіне құр бос Parteiklatsch*.

Бірінші жолды таңдайды екенсің — ол уақытта өзіннің ренжуіңді жұмысты тастап кетуге дейін жеткізбе, ал жұмыстың өзі «қызғындықты» тез ұмыттырады. Жұмыстан шеттетілу сыяқты тұйыктан өткен шарасыз тұйық жоқ.

*1903 ж. 30 сентябрьде жазылған*
*Женевадан Дрезденге жіберілген*

*Бірінші рет 1927 ж. басылған*

*Н. К. Крупская жазған көшірме бойынша басылып отыр*

* — партиялық егес. *Ред.*

66

## ОДЕССА КОМИТЕТІНЕ

2. X. 03.

Қымбатты жолдастар! Фабрикалық староста́лар туралы мәселе жөнінде Одесса комитеті мен «Искраның» арасында алауыздық туғанына біз де нақ солай шын қатты қынжыламыз. Одесса комитетінің хатына біздің кешігіп жауап қайтарғанымыз, көбінесе, редакциядағылардың ол кезде болмағандығынан болды. Ал жалпы айтқанда, бұған (қандай ғажап көрінгенімен) партияның кезекті II съезі бөгет болды.

Істің мәніне келетін болсақ, онда съезде, басқасын былай қойғанда, фабрикалық староста́ларды сайлауға қатынасу ісіне *кеңес беретін* қарар қабылданды.

[Текст келтірілсін: қарар № 28[138]]

Бұл қарар орасан көпшілік дауыспен қабылданды, сондықтан біз бірден болмаса да, істі түзеп жіберуге болар деп ойлаймыз. Одесса комитетінің барлық *ұйымдасқан* жұмысшылардың арасында *дереу* бұл қарардың текстін (жарияламастан) таратып, оны түсіндіруі керек болар еді. Сонан соң, қарар жарияланғаннан кейін, мәселеге *партиялық* көзқарасты баяндап және жұмысшыларды бүкіл партия мақұлдаған тактикаға шақырып Одесса комитетінің қолымен листок шығару жөн болар еді.

Істің шын мәніне келгенде, біз: сайлаудан бастарту жөнінде *бір жолы* жүргізілетін үгіттен гөрі, сайлау жөнінде *үнемі* үгіт жүргізудің әлдеқайда зор тәрбиелік және ұйымдастырушылық маңызы болар еді, деп білеміз. Патриархтық тәсілдер туралы сіздердің өз хабарлауыңызда мұны растап, шпиондық заңдар мен шпиондық тәсілдерге қарсы *үнемі күрес* жүргізудің қажеттігін көрсетеді.

Алауыздықтан және үгіттегі ала-құлалықтан аулақ болу мақсатымен сіздердің неғұрлым жиі пікір алысып отыруды тілейтіндіктеріңізге толық қосыламыз. Бастырып шығару үшін ғана жазып қоймай, жиі-жиі жазып тұрыңыздар және адрестердің (сіздерге хат жазып тұру үшін) үзілмеуін бақылап отырыңыздар.

Егер басқа жұмыстар мүмкіндік беретіндей болса, экономикалық күрес пен саяси күрестің байланысы туралы үндеухатты жазуға тырысамыз.

«Рабочая Воляның» манифесін[139], өздеріңіз тілегендей, толық басып шығарамыз.

*Ленин*

*Женевадан жіберілген*
*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

67

## Ю. О. МАРТОВҚА

Росс. СДЖП Орталық Органының редакциясынан Мартов жолдасқа.

Құрметті жолдас! Орталық Органның редакциясы Сіздің «Искра» мен «Заряға» қатысудан кеткеніңіз жөнінде ресми түрде өзінің өкінішін білдіруді борышым деп есептейді («Заряның» 5-номері қазіргі кезде баспаға дайындалып жатыр). Партияның II съезінен кейін де іле-шала, «Искраның» 46-номерінің алдында да, бірге істесуге сан рет шақырғанымызға қарамастан, сонан кейін де әлденеше қайталап шақырғанымызға қарамастан, біз Сізден бірде-бір әдеби шығарма ала алмадық.

Ол ол ма. Тіпті Сіздің «Қызыл Ту» деген кітапшаңыздың екінші басылуының жарыққа шығуы да өзіңіз қолжазбаңыздың соңын бермегендіктің салдарынан көп апта бойы кідіріп жатыр.

Орталық Органның редакциясының мәлімдейтіні — редакция Сіздің бірге істесуден кетуіңіз ешбір редакция тарапынан болмаған нәрсе деп есептейді.

Әлдеқалай бір жеке реніш, әрине, партияның Орталық Органында жұмыс істеуге кедергі болмасқа тиіс.

Ал егер Сіздің кетуіңіз Сіз бен біздің арамыздағы пәлендей бір пікір алалығынан туған болса, онда біз мұндай алауыздықтардың толық баяндалуын партия мүддесі үшін өте-мөте пайдалы деп есептер едік. Ол ол ма. Біз бұл алауыздықтардың сыйпаты мен тереңдігінің дәл біз редакциялап отырған баспалардың бетінде мүмкін қадері тезірек бүкіл партия алдында анықталғаны өте-мөте жөн болар еді деп есептер едік.

Ақырында, іс мүддесі үшін, біз мынаны Сіздің есіңізге тағыда саламыз: партиялық жоғарғы мекемеде өзіңіздің барлық көзқарасыңызды ресми мәлімдеп, қорғауыңызға

Сізге толық мүмкіндік беру үшін, біз кәзір Сізді Орталық Орган редакциясының мүшелігіне кооптациялауға әзірміз.

Женева, 6 октябрь, 1903 ж.

*Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1927 ж. толық басылған*

*Н. К. Крупская жазған көшірме бойынша басылып отыр*

68

## Г. Д. ЛЕЙТЕЙЗЕНГЕ

10. X. 03.

Қымбатты Лейтейзен! Сіздің хатыңызды алдым және, Сіздің өтінуіңіз бойынша, дереу жауап қайтарып отырмын. Съездің болар-болмасын және қашан болатынын мен білмеймін. Менің естігенім — Лига администрациясының осындағы үш мүшесі көпшілік дауыспен съезге қарсы болыпты, осында жоқ екі мүшенің, Сіз бен Вечесловтың, пікірін сұрауға ұйғарылыпты; сөйтіп мәселенің шешілуі кейінге қалдырылған.

Маған келетін болсаңыз, мен өз басым съезге қарсымын. Сіз: Лига пікірін білдіруге тиіс, оның ішінде жіктеліс шығуы бәрібір сөзсіз, әрекетсіз бірыңғай Лиганың болғанынан гөрі, күресуші белсенді екі жақтың болғаны жақсы деп ұйғарасыз. Бірақ әңгіме мынада: Лиганың ішінде жіктеліс шығуы сөзсіз екені былай тұрсын, *кәзірдің өзінде аяқталып отыр деуге де болады;* күресуші белсенді екі жақ *құрылып та қойды* және, *партия* жікке бөлінбей тұрғанда, бұл күресуші жақтардың бірыңғай Лиганың ішінде қала беретіні *сөзсіз*. Екінші жағынан, партияның съезі Лиганың бүкіл ұйымдық базисін мүлде өзгертіп жіберді: оның Сізге жақсы мәлім ескі уставы дұрысын айтқанда партия съезінен кейін, әрине, өзінен өзі жайына қалады. Лига жаңаруға тиіс, әрине, жаңа негізде жаңартылады да, партия комитеттері мен жалпы алғанда барлық партия мекемелерін ұйымдастыру ісі тапсырылған партияның Орталық Комитеті оны жаңартады.

Демек, съезге шынында *ажырасу үшін жиналысу* ғана қалады деуге болады. Ажырасу екі мағнада болады: біздер мен «мартовшылдардың» ұрсысуы мағнасында

және ескі Лиганың жойылуы мағнасында болады. Осыған бола жыйналысудың қажеті бар ма? «Жіктелісті» (дұрысырақ айтқанда, өршімелі шеттеушілікті) мұнымен сауықтыра алмайсың, қайта екі жақты да бұрынғыдан бетер өшіктіресің. Мұның неменеге керегі бар? Лиганың барлық қырық мүшесінің ішінен 35 мүшесіне жуығының көптен бір *позиция ұстағаны* кәзірдің өзінде-ақ күмансыз деуге болып отырғанда сөз жарыстырудың не керегі бар?

*«Бас репетиция»* жасау үшін керек болғаны ма? яғни егер іс партия ішінде жіктеліс шығуға дейін барғандай болса, біздің бір-бірімізбен сонда қалай төбелесетінімізді шамалап қарап көру үшін керек болғаны ма? Съездің *мұндай* маңызын мен теріске шығара алмаймын, бірақ *мұндай* тері өңдеуге арзымайды.

Лиганың қалған бес (немесе беске жуық) мүшесінің біржолата қалай болып бөлінгенін білу көп оңай.

Ал Лиганың шет елдегі жұмысы бәрібір партияның Орталық Комитеті жасайтын жаңа негіздерде жүреді. Лиганың съезі *кәзір* төбелес үшін бәрін де береді, ал іс үшін, яғни шет елдегі жұмыс үшін дәнеңе де бермейді.

Сіздің мұнда келетініңізді, біздің көрісетінімізді біліп өте қуандым. Күнібұрын хабарлаңыз, өйткені мен дем алу үшін 3—4 күнге бір жаққа жүруге әзірленумен жүрмін. Жұмыс бастан асып жатыр.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

*Женевадан Бомонға (Франция) жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Колжазба бойынша басылып отыр*

69

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

*Клэрге*

Қымбатты дос! Ланьның терісін сыпыру[140] жоспары жөнінде Сізден алынған соңғы хабар мені өте қуантты — алдақашан-ақ осылай ету керек еді! Бірақ, екінші жағынан, Лань мен Вадимнің позицияны теріс түсінетіндіктері, біздердің бір-бірімізді түсінбейтіндігіміз хаттардан көрініп тұр. Бұл өте күйінішті нәрсе (егер тіпті Вадимнің ультиматумды кеңестер берген соңғы хатын онша елемесек те — бұған Колдың өзі жауап қайтарады, өйткені мен, тағыда айтамын, *мұндай* нәрсені елеулі бір нәрсе деп есептегім келмейді). Демонды, соколды etc. кооптациялау, меніңше, қате адым, өйткені бұл адамдар әлі оншалық тәжрибелі және дербес адамдар емес. Функцияларды бөліп беру де тым қауіпті нәрсе, өйткені ұсақтап алу каупі бар. Ал енді комитеттерге бас-көз болушылар болмай отыр: Киевте жұрт ақылсыздық істеп жүр, және, бір ғажап нәрсе, Андреевский де, Дядин де, Лебедев те күрес жүргізу үшін онда енбеген. Харьков, Екатеринослав, Дон, Горнозаводский де бүлікшілердің[141] колында. Қалай болғанда да жер-жердің бәрінде позицияны өз адамдарымыздың алуы керек. Бір-бірден болса да өз адамыңды, нағыз өз адамыңды сөзсіз әрбір комитетке тықпалап жіберу керек. Кавказ ылаңдай бастады[142] — онда да өз адамдарымыздың көмегі керек. Функцияны бөліскеннен гөрі, әрбір комитетте агенттердің орынға ие болғаны, ал сонан кейін бар күштің транспорт пен тасу жұмысына жұмсалғаны маңыздырақ емес пе.

Бүкіл істің түйіні, сайып келгенде, бүкіл күш те транспортта ғой. Бір жолмен қанағаттанып жайбарақат отыру

керек емес, қайта ылғый болып отыратын үзілісті тоқтату үшін екі-үш жолға ие болу керек.

Тезірек хабар жарыялаудың[143], атап айтқанда Россияда жарыялап, оны жер-жердің бәріне таратудың маңызы өте зор. Құдай үшін, бұған асығыңыз және бұл туралы бізге тезірек, дәлірек жазыңыз. Советке формалды түрде Брутты сайлау керек және оның формалды түрде дауысын Колға беруі керек. Бұл кейінге қаратуға болмайтын іс.

Меніңше, Ланьды тым болмаса екі аптаға, тіпті бір аптаға болса да осында жіберіп алу өте керек болар еді. Мұның өзі өте-мөте көп пайда берген болар еді, à vol d'oiseau* барлығына да көз жіберуге, қай жерден қайнап шығып жатқанын білуге, өзара толық түсінісуімізге мүмкіндік берер еді. Осының үшін айналдырған бір 200 сомның және 2 немесе үш аптаның шынымен қыймастық нәрсе болғаны ма? Ланьға шетелдік ашық паспорт шынымен-ақ табуға болмағаны ма?? Осы туралы жақсылап ойланыңызшы. Мен Ланьның жоспарларына байланысты ерекше ыңғайлы осы адымға барынша кеңес беремін. Расында, ақырына дейін келісіп алмайынша, аяқты бірдей басу қыйын іс. Ал «старикке адамгершілік жағынан әсер ету» туралы Ланьның алып-қашты сөздері бірінбірі әбден, тіпті мүлде түсінбеушілікті көрсетеді (ренжімеңіз, оллаһи солай!). Ал Лань неліктен *бұл жөнінде* ешнәрсе жазбай отыр? Мартовты кооптациялау жоспары тура күлкілі нәрсе, мұның өзі сондай бір түсінбеушілік, мұнда сіздің оңбай орға жығылатын болуыңыз сөзсіз. Құдай-ақы, мен тіпті сіздің Мартовты кооптациялауыңыз туралы шындап айта да алмаймын, ал егер сіздің ойыңыз шынымен осы болса, онда біздің әр тілде сөйлейтін болғанымыз! Біз бәріміз (Кол да) бұл «жоспарға» әбден шексілеміз қатып күлдік!!

*Ленин*

*1903 ж. 20 октябрьде жазылған*
*Женевадан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — биіктен қарап. *Ред.*

## 70

## ҚАВҚАЗ ОДАҚТЫҚ КОМИТЕТІНЕ

*Қавказға*

Қымбатты жолдастар! Біз сіздердің істеріңіздің жайы туралы Рубеннен ауызба-ауыз, Рашид-Бектен хат арқылы хабар алдық. Біз сіздердің уақытша, істі *Орталық Комитет* қарап шешкенге дейін Исариді шеттете тұру жөнінде алған шешімдеріңізді тек құттықтаймыз. Оның съездегі қылығы туралы мәліметтер түгелімен сөзсіз оған қарсы айтатын мәліметтер. Съезд оның әбден тұрлаусыздығын көрсетті; біраз ауытқығаннан кейін Исари шешуші минутте дегенмен көпшілік жағына дауыс беріп, Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитеттің кәзіргі құрамын өткізуге көмектесті. Бірақ сонан кейін Исари аяқ астынан екінші жаққа өтіп кетті де, кәзір лоялдылығы екі талай құралдармен көпшіліктің шешімдеріне қарсы күресуде!! Мұнысы не екенін бір құдайдың өзі білсін. Мұндай қайраткер саяси сенімге ылайық емес. Қалай болғанда да, оған жауапты қызмет бермей, ең кемінде сақтықпен қарау жөн болар еді,— біздің, менің де (Лениннің), Плехановтың да мейлінше көзіміз жеткен нәрсе осы.

Қавказдық жолдастар өздерінің ұстаған жолына берік болсын. Олар көпшілікке қарсы өсек-аяңға құлақ аспасын. Съездің толық протоколдары жуырда жарыққа шығады, міне сонда жұрттың бәріне іс айқын болады. Олар Орталық Комитетке жолдастық сеніммен бірауызды жұмыс істей берсін, сөйтіп кәзіргі партиялық «ылаңның» тез тарқайтындығына біздің сеніміміз кәміл.

Біз кәзір осында грузин және армян әдебиеттерін бастыру ісін ұйымдастыруды қатты ойластырудамыз. Мұны іске жетік жолдастар қолға алды; ақшаны табармыз де-

ген үміт бар. Әдебиет жағынан да, қаржы жағынан да көмек керек.

Кавказдық жолдастарға сәлем жолдап, жұмыста табысқа жетулерін мықтап тілейміз.

*Ленин. Плеханов*

*1903 ж. 20 октябрьде жазылған*
*Женевадан жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 71

## ДОН КОМИТЕТІНЕ

Жолдастар! Қарармен қосып сіздердің хатыңызды алдық[144]. Сіздерден мына төмендегілерді бізге жазып жіберуді өте өтініп сұрар едік: 1) сіздер азшылықтың да, көпшіліктің де баяндамаларын тыңдадыңыздар ма (өздеріңізге, сірә, мәлім болу керек, сіздердің делегаттарыңыздың бірі көпшіліктің жағында болған еді), әлде азшылықтың ғана баяндамасын тыңдадыңыздар ма? 2) сіздер «кету» деген сөзді қалай деп түсінесіздер? Кету — қайда кету? Мұны сіздер біреу жұмыстан шеттетілген немесе пәлендей себептерден өзі шеттеген деген мағнада түсінесіздер ме және атап айтқанда қандай себептерден? 3) Сіздер «сайлау кезіндегі жөнсіз жағдайлар» деп нені атайсыздар? 4) Сіздердің пікірлеріңізше, Орталық Комитетке атап айтқанда кімді кооптациялау керек? және 5) Орталық Органға атап айтқанда кімді кооптациялау керек?

*1903 ж. октябрьде жазылған*
*Женевадан жіберілген*

*Бірінші рет 1904 ж. мына*
*Кітапшада басылған: Н. Шахов*
*«Съезд үшін күрес»*

*Кітапшаның текстi бойынша*
*басылып отыр*

72

# КЕН-ЗАВОД ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ОДАҒЫНА

Жолдастар! Сіздердің қарарыңызды алдық[145] және бізге мына мәселелерге жауап беруді сұраймыз. Бұларды партияның Орталық Органы редакциясының сұратпасы ретінде Комитеттің барлық мүшелерінің толық жыйналысында талқылағайсыздар (немесе егер мүшелер бір жерде болмаса, барлық мүшелерге жіберіңіздер).

1) Комитет партия съезіндегі көпшіліктің өкілінің баяндамасын тыңдады ма?

2) Протоколдар шықпастан бұрын және тіпті Комитет өзіне айқын емес нәрсе туралы Орталық Комитеттің немесе көпшілік мүшелерінің пікірлерін де сұрап білуден бұрын съездің істеген істері мен шешімдеріне баға беретін қарар шығаруды Комитет лайықты іс деп біле ме?

3) Ұйымдық мәселелер жөніндегі бұл алауыздықтар «Искра» мен Ұйымдастыру комитетінің ілгеріде істеген нәрселерінің бәрін қалай *бүлдіре* алды? Не нәрсе *бүлдірілді? Атап айтқанда не* бүлінді? Бұл бізге мүлде түсініксіз, ал дұрысында, егер сіздердің Орталық Органды пәлендей қатеден сақтандырғыларыңыз келсе, онда сіздердің борышыңыз — біздің қатемізді неде деп білетіндіктеріңізді бізге түсіндіру. Істің жайын барынша толық баяндап беріңіздер, сонда біз сіздердің пікіріңізді көңіл қойып талқылаймыз.

4) «Ұйымдық мәселелер жөніндегі *қатты* алауыздықтар» атап айтқанда қандай? Мұны біз білмейміз. (Біз Мартовтан және «Искра» редакциясының бұрынғы мүшелерінен осы алауыздықтарды *біз редакциялап отырған баспалардың бетінде* баяндап берулерін сұрадық, бірақ біздің өтінішіміз әзірге еленген жоқ[146].)

5) Саясатқұмарлық пен сенбеушілік атмосферасы неде болып отыр? Кімнің тарапынан? Анығырақ айтыңыздар. (Егерде біз Мартовқа сенбеген болсақ, онда біз оны «Искрада» жұмыс істеуге шақырмаған болар едік.)

6) Егерде біздер мен бұрынғы редакторлардың арасында «ұйымдық мәселелер жөнінде қатты алауыздықтар» шынымен бар болатын болса, онда біз екеуміз олардың төртеуін бірдей қалай кооптациялай алар едік? Олардың бағдарын үстем ету деген — осы емес пе екен? Бірақ съезд *біздің* бағдарды жақтап шықпап па еді? Сонымен енді сіздер съездің қарарының кәзір жеке келісім негізінде қайта қаралып шешілгенін тілеп отырсыздар ма?

7) Партияның қызмет адамдарын (Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитетті) жік шығарамыз, бойкот жасаймыз, т. т. деп қорқытып, осы орталықтардың партия мүдделері үшін пайдалы деп есептейтін нәрсесін істеткізбей, басқа нәрсені істеткілері келетінін сіздер лайық іс деп санайсыздар ма?

8) Партияның азшылықта қалған мүшелерінің Орталық Органда жұмыс істеуден безуін, Орталық Комитетті қолдаудан және оған бағынудан безуін, партияны ақша қаражаттарымен сүйемелдеп отырудан, тағысын тағыларынан безуін сіздер лайық және жол берілетін іс деп санайсыздар ма?

*1903 ж. октябрьде жазылған*
*Женевадан жіберілген*

*Бірінші рет 1904 ж. мына кітапшада басылған: Н. Шахов. «Съезд үшін күрес»*

*Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр*

## 73

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

1. XI. 03.

Қымбатты Георгий Валентинович! Бізді толқытып отырған мәселелер жөнінде мен ешбір тыныштана алмай отырмын. Шешімді бұлай кешеуілдету, кейінге қарату — сұмдық бірдеңе, азап...

Мен, шынында да, мартовшылдарға уступка беруді жақтайтын Сіздің дәлелдеріңіз бен пікірлеріңізді әбден түсінемін. Бірақ менің мынаған әбден сенімім кәміл: қазіргі кезде уступка беру — дауыл мен дау-жанжалға мартовшылдармен соғысудан гөрі *әлде қайда дәлірек* апаратын барып тұрған көзсіздік. Бұл парадокс емес. Мен Курцті кетуге үгіттемегенім былай тұрсын, қайта қалу керек екендігін айттым, бірақ ол (және Ру) кәзір Мартов редакциясымен іс істеуден сөзсіз бастартып отыр. Енді не болмақ? Россияда ондаған делегат барлығын аралап та шыққан, керек десе Нижнийден де Орталық Комитет көп нәрсе істеді деп жазады, транспорт жолға қойылған, жер-жерге агенттер кеткен, хабарландыру *басылып жатыр*[147], батыста Соколовский де, орталықта Берг те, Землячка да, басқа да, бірқатары жұмысқа кіріскен. Енді келіп — Курц жұмыстан бастартып отыр. Ұзақ уақыт (съезд үшін және *бүкіл* Орталық Комитеттің кеңесі, кәзір, сірә, едәуір кеңейтілген кеңесі үшін) *үзіліс* болады. Сонан кейін не Орталық Комитет Мартовтың редакциясымен күресетін болады, не *бүкіл* Орталық Комитет отставкаға шығады. Сонда Сіз + Советтегі екі мартовшыл *жаңа Орталық Комитетті кооптациялауға* тиіссіздер, ал мұның өзі съездің сайлауынсыз болады, *толып жатқан* россиялықтар мұны мүлде мақұлдамайтын болады, кәзірдің өзінде жан-жаққа кеткен агенттер аң-таң болып,

наразы болып, істен бастартады. Я мұның өзі съездің мүлдем қадірін кетіргендік болады, *Россияда* әбден ылаң салып, шатақ туғызады, бұл жағдай шетелдегі жалақор кітапшаларға қарағанда жүз есе қорқыныштылау және қауіптірек.

Қым-қыйғаштық мезі қылды! Россиядағы жұрттың жазатыны мен *зарлап айтатыны* міне осы. Ал істі мартовшылдардың қолына беріп қою — кәзір Россиядағы қым-қыйғаштықты *заңды етіп орнықтыру* деген сөз, өйткені *Россияда* әлі күнге бойсынбаушылық пен бүліктің жұрнағы да болған жоқ. Мені мен Сіздің ешбір мәлімдемелеріміз енді партия съезінде көпшіліктің делегаттарына тоқтау сала алмайды. Бұл делегаттар сұмдық бірдеңені көтереді.

Партияның бірлігі үшін, беріктігі үшін — Сіз өзіңізге бұл жауапкершілікті алмаңыз, кетпеңіз және бәрін мартовшылдардың қолына беріп қоймаңыз.

Сіздің *Н. Ленин*

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 74

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

Қымбатты дос! Мұнда не болып, не қойғанына тіпті мыйың жетпейді,— мұның не нәрсе екенін тіпті сайтан біліп болмайды, сондықтан мен сенен *қалған жұрттың бізге дауыс беруіне рыйзалығын алып, Бориспен бірге осында келуге* қолдан келгеннің бәрін, мүмкіні мен мүмкін емесінің бәрін істеп көруіңді қатты өтінемін. Саған мәлім, мен партия істерінде кәзір бірсыпыра тәжрибелі болып қалдым, сондықтан менің кесіп айтарым мынау: істі қандай да болсын кейінге қалдыру, сәл болса да кешеуілдету және қобалжу партияның мерт болу қаупін туғызады. Бәлкім, саған бәрін де толық баяндап берер. Әңгіме мынада: Лиганың съезіндегі шатақтан кейін Плеханов кенет жалт бұрылды, сөйтіп мұнысымен мені, Курцті және біздің барлығымызды сұмдық, масқара етіп отырғызып кетті. Енді ол бізден бөлектеніп, мартовшылдармен саудаласуға кірісті; мартовшылдар Плехановтың жіктен қорыққан түрін көріп, екі есе, төрт есе көп нәрсені талап етіп отыр, алтауды ғана талап етіп қоймай, сонымен қатар өз адамдарын (қаншасын және кімдерді екенін әлі айтпайды) Орталық Комитетке қабылдауды, өздерінің екі адамын Советке қабылдауды және Орталық Комитеттің Лигадағы істерін (бүтіндей Плехановтың келісуімен жасалған қыймылдарын) теріс деп жарыялауды да талап етіп отыр. Плеханов бишаралық етіп, жіктеліс пен күрестен қорықты! Хал өте ауыр, дұшпандар мәзмайрам болып, арсызданып кетті, біздің адамдардың бәрі қатты ашулы. Плеханов дереу барлық істі тастаймын деп қорқытады, мұны істеу қолынан да келеді. Тағыда айтайын, қалай болған күнде де *келуің қажет.*

*1903 ж. 4 ноябрьде жазылған*
*Женевадан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 75

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Олардың қоятын шарттары: 1) редакцияға *4 кісіні* кооптациялау; 2) Орталық Комитетке кооптациялау?; 3) Лиганы заңды деп тану; 4) Советте *2* дауысқа ие болу. Мен Орталық Комитетке оларға мынадай шарттар беруді ұсынар едім: 1) редакцияға *3 кісіні* кооптациялау; 2) Лигада status quo ante bellum*; 3) Советте *1* дауыс беру. Сонан соң мен дәл сол арада (күресуші жақтарға әзірге хабарламастан) мына *ультиматумды* бекітуді ұсынар едім: 1) редакцияға 4 кісі кооптацияланады; 2) Орталық Комитеттің қалауы бойынша Орталық Комитетке 2 кісі кооптацияланады; 3) Лигада status quo ante bellum болады; 4) Советте *1 дауыс* беріледі. Ультиматумды қабылдамаған күнде — ақырына дейін соғысу. Қосымша шарт: 5) партияның II съезінде және онан кейін болған даушар жөніндегі даттаудың, керістің және әңгімелердің бәрін тоқтату.

Өз жағымнан айтарым, мен редакциядан кетемін, Орталық Комитетте ғана қала аламын. Мен қолымнан келгеннің *бәрін* істеймін және қояншық даукестердің немесе жарамсыз етілген министрлердің күресі туралы кітапша жазып шығарамын[148].

*1903 ж. 4 ноябрьде жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — соғысқа дейінгі жағдай болсын. *Ред.*

## 76

### В. А. НОСКОВ пен Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

5. XI.

1) Кеше бізден Лалаянц жүріп кетті.

2) Маған осында болған шатақ туралы және Плехановтың қорқып, азшылармен келіссөз жүргізуге кіріскенін мен кеше жазғанмын да[110]. Олар мынадай шарттар қойды: 1) бұрынғы редакцияны қалпына келтіру, 2) Орталық Комитетке бірнеше адам кооптациялау, 3) Советте 2 дауыс алу, 4) Лига съезін заңды деп тану. Басқа сөзбен айтқанда, олар позицияны түгел қолдан бергенде, Вольфке рұқсат бермегенде және қазіргі Орталық Комитетті [illegible] еткенде ғана бітімге келуге келіседі. Менің өз пікірім — Орталық Комитеттің тарапынан қандай да болсын бітімге жасалуы қорқақтық болар еді және қазіргі Орталық Комитеттің мүлде қадірін кетірер еді. Менің мен Нильдің осында мүмкіндігінше тезірек жеткені жөн, бірақ іс қыл үстінде тұр — ал егер Орталық Комитет батыл күреске, ақырына дейін күресуге әзір болмаса — онда бәрін солардың қолына беріп қойғанымыз әлдеқайда жақсы. Мұндай береке кетірушілікке жол беру, мұндай келісімдерге бару — барлық істі бүлдіру деген сөз. Тағы да айтамын, бұл менің өз пікірім. Қалай болғанда да, не істеу керектігін бірігіп отырып шешу үшін кешеуілдемей келіңіз.

*[illegible] ж. [illegible] жазылған*
*[illegible]*
*[illegible] ж. басылған*

*Қолдан жазылған көшірме бойынша басылып отыр*

## 77

## Г. В. ПЛЕХАНОВКА

6. XI. 03.

Аса кадірлі Георгий Валентинович! Егерде мен Кенгинге партия Советінен шығуға кеңес беруге көндесем, өзіңіздің оны істеуге де толық еркіндігіңіз туралы Сіздің кешегі жасаған мәлімдемеңіз жөнінде мен ұзақ ойландым. Мен бұған ешбір кеңес алмаймын. Өзіңіз не істеуге де толық еркіндік деп редакцияны Сіздің мартовшылардың қолына беріп қоюыңыз ықтимал деп те түсінуге болатынын айтып отырғаныңыздан соң, мен өзімнің отставка бергеніме қарамастан, ресми емес жағдайда факт жүзіндегі редактор болып қалуымды бұдан былай мүмкін емес деп есептеймін. Сондықтан мен Орталық Орган редакциясының барлық ресми қатынас хаттары мен барлық материалдарын Сізге беруге мәжбүрмін, бұларды Сізге айрықша пакетпен жіберіп те отырмын. Егерде материалдар жөнінде қандай да бір түсініктер керек бола қалса, онда мен ондай түсініктерді, әрине, қуанышпен беремін. Кейбір материалдар қызметкерлерге (Лебедевке, Шварцка, Рубенге) берілген-ді, бұларға бәрін де Сізге тапсыруды айту керек болады.

*Н. Ленин*

P. S. Редакцияны тапсырғанымды формальды бойкот мағынасында түсіне көрмеңіз. Мұндай ой үстіміздегі жылдың 1 ноябрінде Сізге жасаған мәлімдемеме[100] менің турадан-тура мәлімдеген нәрсеме қайшы келген болар еді. Өзімнің редакциядан шыққандығымды мен енді, әрине, жолдастардың есіне саламын.

P. P. S. Материалдардың маңыздылығына қарай — ең

бб, вв — деген үш пакет жіберемін (ертең таңерте хат-қағаз тасушымен жіберемін).

52-номер Орталық Комитеттің хабарландыруын[151] басып 16.XI күні шығаруға ұйғарылған-ды. Бұл үшін дүйсенбі күннен баса бастау керек, тіпті сейсенбіден бастаса да үлгіреді.

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 78

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

8. XI. 03. Смитке

Қымбатты дос! Сенің, нақ сенің келуіңді және онан соң Орталық Комитеттен тағы бір-екі адамның келуін тағыда қатты өтініп сұраймын. Бұл сөзсіз және дереу қажетті нәрсе. Плеханов бізге опасыздық жасады, біздің лагерь сұмдық ашынуда; Лигадағы жанжалдарға бола партия съезінің шешімін қайта өзгертуге Плехановтың жол бергеніне жұрттың бәрі ызалы. Мен редакциядан біржолата шықтым. «Искраның» тоқтап қалуы мүмкін. Нағыз, сұмдық кризис. Есіңде болсын, мен кәзір Орталық Орган редакциясы үшін күресіп жатқан жоқпын, мен Плехановтың менсіз 5 кісіден алқа құрғанына әбден шыдаймын. Бірақ мен Орталық Комитет үшін күресіп жатырмын, Плехановтың қорқақтап опасыздық жасағанынан кейін құтырынып кеткен мартовшылдар Орталық Комитетті де басып алғылары келеді, оған өз адамдарын кооптациялауды талап етеді, тіпті қанша адам кооптациялау керектігін де ашып айтпайды!! Орталық Органның редакциясы үшін жүргізілген күрес Плехановтың опасыздық жасауы себебінен біржолата ұтқызылды. Бітімге келудің бірден-бір шарты: Орталық Органның редакциясын оларға беріп, Орталық Комитетті өзімізге алып қалу жағын байқап көру.— Бұл тіпті оңай емес (бәлкім бұл кәзір кеш те шығар), бірақ байқап көру керек. Осында нақ Смиттің болуы қажет және Орталық Комитеттен тағыда *екі* орыс адамының болғаны, ең көрнекті адамдардың (әйел сияқты емес адамдардың) (мәселен, Борис пен доктор сияқты адамдардың) болғаны бәрінен де жақсы. Егер Орталық Комитет уступкаға бармаса, Плеханов кетемін деп корқытады, құдай үшін оның қорқы-

туларына сенбеңіз; оны қыса түсу керек, қорқыта түсу керек. Орталық Органның редакциясын беріп қоюмен тыныштанып, Россияның Орталық Комитет үшін табан тірей күресуі керек. Осында Орталық Комитеттен жаңа адамдардың болуы қажет, өйткені олай болмайынша мартовшылдармен келіссөз жүргізетін тіпті ешкім жоқ. Смиттің болғаны үш есе қажет. Мартовшылдардың қойған «шарттарын» қайталап айтайын: 1) Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитеттің атынан келіссөз жүргізу. 2) Орталық Органның редакциясында 6 кісі болсын, 3) Орталық Комитетте Орталық Комитетке кооптациялауды тоқтата тұру. 4) Советте 2 орын беру. 5) Орталық Комитеттің Лига жөніндегі пікірін теріс деп жариялау. Лиганың съезін заңды деп тану. Мұның өзі жеңгендердің жеңілгендерге қоятын бітім шарттары ғой!!

*Женевадан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 79

## М. Н. ЛЯДОВҚА[152]

10. XI. 03.

Қымбатты Лидин! Мен Сізге біздегі «саяси жаңалықтар» туралы баяндағым келеді.

Бастап айтсақ соңғы оқиғалардың хронологиясы міне былай. Сәрсенбі (27. X немесе 28. X?) — Лига съезінің үшінші күні. Мартов долданып: «бұрынғы редакцияның қаны» (Плехановтың сөзі) сендердің мойындарында, съезде Лениннің тарапынан интрига сияқты бір нәрсе болды деген тақырыпта әңгіме қылып зар қағады. Мен оны бүкіл партия алдында жазба түрде (съездің бюросына мәлімдеме жазып) *ашықтан-ашық* маған айып тағып шығуға сабырмен шақырамын: мен *бәрін* де басып шығаруды міндетіме аламын. Ал олай етпеген күнде мұны құр әншейін Skandalsucht*, деймін. Мартов, әрине, аралық сот жасауды талап етіп (әлі де болса талап етіп), «ізгілікпен кейін шегініп отыр»; мен онан батылы барып менің айыбымды ашықтан-ашық айтып беруін талап ете беремін,— олай етпеген күнде мен мұның *бәрін* түкке тұрғысыз өсек деймін де, *елгусіз* қалдырамын.

Плеханов болса Мартовтың лайықсыз қылығының салдарынан сөз айтудан бастартып отыр. Біздің жақтың ондаған адамы айтысты ұрыс-керіс, күдіктенушілік etc. негізіне аударған Мартовтың «лайықсыз қылығын» бетіне басып, съездің бюросына арыз беріп отыр. Жақсаның ішінде айта кетсек, партия съезінде Versumpfung** жағына «Мартовтың тарихи бетбұрысы» жөнінде менің сөйлеген екісағаттық сөзім[153] мартовшылардың мәселені

* — *жанжал іздегендік. Ред.*
** — *батпақтық. Ред.*

ұрыс-керіс негізіне көшіруді жақтап шыққан тіпті бірде-бір наразылығын туғызған жоқ.

Жұма. Лигаға біз 11 жаңа мүше енгізілсін деп шештік; кешінде осы «гренадерлармен» (оларды біз әзілдеп осылай атайтынбыз) өткізілген өзара жыйналыста *Плеханов* мартовшылдарды біздің қалай тас-талқан ететіндігіміздің барлық қадамын *қайталатып пысықтатты*. Сахна. Ду қол шапалақтау.

Сенбі. Орталық Комитет Лиганың уставын бекітпеу туралы және жыйналыстың заңсыздығы туралы өзінің мәлімдемесін (бұрын егжей-тегжейіне дейін, әрбір әрпіне дейін Плехановпен бірге отырып талқыланған мәлімдемені) оқыйды. Біздің адамдардың бәрі де съезді тастап шығады, мартовшылдар: «жандармдар» etc. деп айқай салып қала барады.

Сенбі күні кешінде. Плеханов «қайтты»: ол жіктеліске бармайды. Ол бітім келіссөздерін бастауды талап етеді.

Жексенбі (1. XI). Мен Плехановқа жазба түрде өзімнің отставкамды тапсырдым (шет елдегі дау-жанжалдың әсерімен партия съезін бұрмалап жіберу сыяқты бұзықтыққа қатысқым келмеді; мен нағыз стратегиялық тұрғыдан қарағанда да уступкаға бару үшін мұнан жаманырақ кезеңді таңдап алуға болмағаны туралы сөз қылып та отырғаным жоқ).

3. XI. Старовер келіссөз жүргізе бастаған Плехановқа оппозициямен бітімге келудің шарттарын жазба түрде хабарлайды: 1) келіссөзді Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитет жүргізеді. 2) «Исқраның» бұрынғы редакциясын қалпына келтіру. 3) келіссөз кезінде белгіленген мөлшерде Орталық Комитетке кооптациялау. Келіссөз басталған мезгілден бастап Орталық Комитетке кооптациялауды тоқтату. 4) партия Советінде *2 орын* (sic!) және 5) Лига съезін заңды деп білу.

Плеханов шімірікпеді. Ол Орталық Комитеттің уступка жасауын талап етеді (!!!). Орталық Комитет бұдан бастартады да, Россияға хат жазады. Егер Орталық Комитет уступка жасамаса кетемін дейді Плеханов. Плехановтың мартовшылдарға газетті ғана беріп коймай, сонымен қатар тектен-тек *бүкіл* Орталық Комитетті де беріп қоятындығына көзім жеткеннен кейін, мен редакцияның *барлық* істерін Плехановқа өткіздім (6.XI).

Істің жайы: «Искраның» уақытында шығуы екі талай. Мартовшылдар өздерінің «жеңістері» жөнінде масайрап қуануда. Біздің адамдардың барлығы (тіпті Плеханов Treulosigkeit* жасап отырса да оған адал болып қалған екі Аксельрод бикештен басқасы) Плехановтан безіп, жиналыста (6 немесе 7.XI) оған («екінші Исари» жөніндегі тақырыпта) жанға бататын шындықты айтады.

Шынында да, жақсы-ақ емес пе? Мен редакцияға кірмеймін, бірақ жазып тұрамын. Біздің адамдар, мүмкін болғанынша, Орталық Комитетті қорғап, мартовшылдарға қарсы күшті үгіт жүргізе бергілері келеді — меніңше, бұл дұрыс жоспар.

Мейлі, Плеханов кете берсін: ол уақытта партия Советі «Искраны» комиссияның қолына беріп, партияның жедел съезін шақырады. Шетелдік Лиганың көпшілік 3—4 дауыспен партия съезін *бұрмалап жіберуіне* шынымен-ақ жол беруге болғаны ма?? Күресті әбден әйгілі дәрежеге, ажырасуға дейін дерлік жеткізіп, кері қайту, мартовшылдардың әмір етіп отырған бітім шарттарын қабылдау шынымен лайық іс болғаны ма??

Мен Сіздің пікіріңізді білмекші едім.

Меніңше, Плеханов á la іс істеу партия съезін болғызбау және ондағы көпшілікке қиянат жасау деген сөз. Меніңше, Лига съезіне емес, партия съезіне бағынуды жақтап осында да, Россияда да бар күшімізді салып үгіт жүргізуге тиістіміз.

«Искраға» (мартовтық болса да) бойкот жасау, әрине, ақылсыздық. Оның мартовтық емес-ау, плехановтық болуы ғажап емес, өйткені Засулич пен Аксельрод Плехановқа бесеудің ішінде дереу үш дауыс әпереді. Осы да редакция болыпты!! Сіздің саровская мумиялары туралы тауып айтқан ескертуіңізге қосымша ретінде бір кішкене статистика келтірейін: алтау шығарып тұрған «Искраның» 45 номерінде басылған мақалалар мен фельетондардың ішінен Мартовтың жазғаны 39, менің жазғаным 32, Плехановтың жазғаны 24, Староверідің жазғаны 8, Засуличтің жазғаны 6 және П. Б. Аксельродтың жазғаны 4. Мұның өзі үш жылдың ішіндегі жазылғаны! *Бірде-бір* №-ін (редакциялық-техникалық мағнада алғанда) Мартовтан немесе менен басқа ешкім құраған емес.

---

* — опасыздық. *Ред.*

Енді келіп — дау-жанжал шығарғандықтарының хақына, ақшаның көп түсетін бір жерін Староверді̧ң кесіп тастағандығының хақына — оларды редакцияға алу керек болыпты! Олар «принциптік алауыздықтар» үшін күресіпті,— бұл алауыздықтар Староверді̧ң 3. XI де Плехановқа жазған хатында ашықтан-ашық өздеріне қанша орын керектігін көрсететін есепке айналып кеткен. Сөйтіп, біз орын үшін болған бұл күресті заңды етуге тиіс болыппыз, жарамсыз етілген генералдардың немесе министрлердің (Плехановтың айтқанындай, grève générale des généraux*) осы партиясымен немесе байбаламшыл даукестердің партиясымен келісім жасауға тиіс болыппыз!! Егерде іс шетелдегі ағайыншылдықпен, байбаламшылдықпен және дау-жанжалдармен біте салатын болса, ол уақытта партия съездерінің не керегі бар??

Байбаламшыл Мартов менің «интриганттығымның» орталығы деп білетін атышулы «үшеу» туралы тағы бір-екі ауыз сөз айта кетелік. Съезд уақытынан бастап-ақ съезд жөнінде менің жасаған программам мен менің осы программаға берген түсінігім Сіздің есіңізде болса керек. Мен *партияның барлық мүшелерінің осы документті біліп қоюын* өте-мөте тілер едім, міне сондықтан Сізге оны тағыда бір рет дәлме-дәл жазып келтірейін. «(Tagesordnung-тің**) 23-пункті. *Партияның Орталық Комитетін және Орталық Органның редакциясын сайлау*».

Менің берген комментариям: «Съезд Орталық Органның редакциясына үш адам, Орталық Комитетке үш адам сайлайды. Осы алты адам *бірігіп* отырып, қажет болса, $^{2}/_{3}$ көпшілігімен Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитеттің құрамын кооптация жолымен толықтырады да, съезге тиісті баяндама жасайды. Бұл баяндаманы съезд бекіткеннен кейін, одан арғы кооптацияны Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитеттің өздері жеке-жеке жасайды».

Мұнда редакцияның *жаңартылатыны,* Орталық Комитеттің рыйзалығынсыз жаңарту *мүмкін еместігі* (кооптациялау үшін 6 адамнан 4 адам дауыс беру керек), оның бержағында алғашқы 3-уді кеңейту немесе оны сол күйінде калдыру мәселесінің *ашық қалып отырғаны*

* — генералдардың жаппай көтерілісі. *Ред.*
** — Күн тәртібінің. *Ред.*

(«*егер бұл керек болса*» кооптациялайтыны) осыдан айқын болмағаны ма? Бұл жобаны мен съезге дейін жұрттың *бәріне* (әрине, Плехановқа да) көрсеткен болатынмын. Әлбетте, алтауға (және әсіресе ешқашан дерлік жұмысқа қатыспаған П. Б. Аксельрод пен тез көнгіш В. И. Засуличтің дауыстарына факт жүзінде ие болған Плехановқа) наразылық болуы себепті жаңарту керек болды, әлбетте, Мартовпен өзара сөйлескенімде мен бұл наразылықты *қатты* айттым, қыңырлықтары үшін (өте-мөте) Плехановты да, Аксельродты да, Засуличті де «ұрыстым», 6-уды 7-уге дейін жеткізуді де ұйғардым, т. т. Ал енді осы өзара әңгімелерді теріс айналдырып жіберу және «үшеу Плехановқа қарсы бағытталған еді», мені Мартовқа «қақпан» құрыпты, etc. деп осы зар қағудың өзі байбалам емес пе?? Әрине, Мартов екеуіміз бір пікірде болғанда, үшеу Плехановқа қарсы болар еді, ал Плеханов Мартовпен бір пікірде болса (мәселен, демонстрациялар туралы мәселе жөнінде), онда маған қарсы болар еді, т. т. Байбалам салып зар қағу редакцияда жалған редакторлар емес, тек қана шын редакторлар болуға тиіс екенін, мұның тоғышарлық коллегия емес, іс істейтін коллегия болуға тиіс екенін, ол коллегияда *әркімнің әрбір* мәселе жөнінде *өз* пікірі болуға тиіс екенін (сайланып қойылмаған үшеудің ешқашан да өз пікірлері болған емес) бишара болып түсіне алмаушылықты ғана бүркейді.

Мартов үш-үш адамнан 2 алқа болсын деген менің жоспарымды *ұнатты,* бірақ *бір* мәселеде ол оған, Мартовқа, қарсы келгенін көрген кезде, ол байбалам салып интриганттық деп зар қақты! Лига съезінің кулуарларында Плеханов оны «бишара адам» деп бекерге атамаған!

Я... шет елдегі жиренішті бақастық, орыс қызметкерлері көпшілігінің шешімін жеңіп кеткен міне осы. Плеханов та шінара шетелдегі дау-жанжалдан қорқып, шінара бесеудің ішінде өзінің үшінші болып қалатынын *(бәлкім)* сезіп, опасыздық жасады.

Орталық Комитет үшін күресу, тез арада (жазда) жаңа съезд шақыру үшін күресу — бізге қалатын іс міне осы.

Менің дәптершемді тауып алыңыз[154]. Ол дәпterше Полетаев (Бауман) арқылы Вечесловтың *тек* жеке өзіне жіберілген болатын. Шергов ол дәптерді тек жөліктікпен, *тек өзіне деген сенімді бұзып барып* алуы мүмкін. Ол дәптерді жұрттың бәріне, тілеген адамыңызға, оқып беріңіз, ешкімнің қолына бермеңіз де, маған қайтарыңыз.

Вечесловты Сіз барлық позициядан ығыстырып қуып шығуыңыз керек. Орталық Комитеттен өзіңізге хат жаздырып алыңыз, өзіңізді Parteivorstand'-тың* алдында Орталық Комитеттің агентімін деп айтыңыз және немістермен болатын байланыс істерінің *бәрін түгелімен* өз қолыңызға алыңыз.

Сіздің кітапшаңыз үшін Сіздің алдыңызда өте айыптымын. Оны тек бір рет оқып шығуға үлгірдім. Ол қайта өңдеп жазуды керек етеді, мұның жоспарын мен белгілеп үлгіре алмадым.

Сіздің *Ленин*

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1928 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — Партия басқармасының (Герман с.-д. партиясы Орталық комитетінің). *Ред.*

80

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

18. XI. 03.

Аса қадірлі Георгий Валентинович!

Мақаланы бір күн кешіктіргеніме өте кешірім сұраймын[155]: кеше менің саулығым болмады, тегінде осы соңғы кездерде жұмыс істеу өте ауырға түсіп жүр.

Мақала ұзарып кетті, сондықтан оны 2 бөлімге бөлу қажет; 2-ші бөлімінде Новобранцевті әбден толық талдап тексеремін де, қорытындысын шығарамын.

Өзімнің мақаламның соңына қол қойылуын мен қажетті деп есептеймін де, псевдонимді алып отырмын, өйткені басқаша жарыялағанға дейін Сізге, сірә, ыңғайсыз болар.

«Искраның» съезд туралы жарияланған номерінде мен өзімнің осы жолдап отырған өтінішімді де басуды сұраймын[156]. Әрине, егер партия ішінде толық тыныштық орнай қалғандай болса (бұдан менің үмітім бар) және егер Сіз мұны керек деп табатын болсаңыз, мен бітімге келудің басқа да шарттарымен қатар осындай өтінішті баспауды да талқыға салар едім.

Сізге шын берілген *Н. Ленин*

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1928 ж. толық басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 81
## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Қымбатты достар! «Искраның» 53-номерінен бастап жаңа саяси позиция әбден айқындалды. Орталық Органдағы бесеудің Ленинді де (ол южнорабочийлықтарды партиядан қуды деген жалаға дейін барып, арамдықпен Швейцерді[157] аңғартуға дейін барып), Орталық Комитетті де, бүкіл көпшілікті де әбден қуғындағысы келетіні анық. Орталық Органдағы бесеуге ешқандай Орталық Комитет қорқынышты емес деп Плеханов тіке айтып отыр. Орталық Комитетке осында да, Россияда да шабуыл жасалып жатыр (Мартынның жүруі туралы СПБ.-дан хат алынды). Мәселе қабырғасынан қойылды. Егер уақытты өткізіп алсақ және күрес жүргізуге керекті ұранды қолдан шығарып алсақ, онда 1) бесеудің «Искрадағы» жанталасқан күресінің салдарынан, 2) Россияда біздің адамдардың сәтсіздікке ұшырауларының салдарынан *толық* жеңілу сөзсіз нәрсе. *Аман сақтаудың бір ғана жолы бар, ол — съезд. Оның ұраны: ірткішілдермен күресу.* Тек осы ұран арқылы ғана мартовшылдарды ұстауға, қалың бұқараны өз жағына шығарып, позицияны сақтап қалуға болады. Меніңше, бірден-бір мүмкін жоспар мынадай: *съезд* туралы *әзірге* ешкімге бір ауыз сөз айтпау керек, әбден құпия ұстау керек. *Барлық* күшті, түгел *барлығын, комитеттерге және жер-жерді аралап шығуға* жұмсау керек. Бітісу үшін, ірткі салушылықты тоқтату үшін, Орталық Комитетке бағыну үшін күресу керек. Бар күшімізді салып комитеттерді өз адамдарымызбен нығайту керек. Бар күшті салып, мартовшылдар мен южнорабочийлықтарды ірткішілдік әрекеттерінен ұстау керек, ірткішілдерге қарсы документтермен, қарар-

лармен ұстау керек. Комитеттердің қарарлары Орталық органға жауып кетуге тиіс. Онан соң әрі-сәрі комитеттерге өз адамдарынды тығып жіберулерініз керек. Іріткі салушылыкка карсы деген ұран үшін комитеттерді өз жағымызға каратып алу — *ең басты* міндет осындай. *Январьдан кешіктірмей съезд шақыру қажет*, сондыктан іске жігерлірек кірісіндер, біз де бар күшімізді жұмылдырамыз. *Съездің мақсаты:* Орталық Комитет пен Советті *нығайту*, бәлкім, не үшеу аркылы (Плехановты жырып алу мүмкін бола калған ретте, бұл онша ықтыймал емес), не алтау аркылы Орталық Органды да нығайту болар, біз үшін құрметті бітім болса, *алтауға мен де енемін*. Ен жаман дегенде: *Орталық Орган олардікі де, Орталық Комитет пен Совет біздікі болады.*

Тағыда айтамын: не *толық* женілу (бізді Орталық Орган әбден қуғындайды) не *дереу съезді әзірлеу* керек. Оны maximum бір айдың ішінде *алдымен жасырын әзірлеу керек, сонан соң үш аптаның ішінде комитеттердің* $^{1}/_{2}$*-ның қоятын талаптарын жыйнап, съезді шақыру керек*. Кайталап тағы айтамын: сактап қалудың бірден-бір жолы — осы.

*1903 ж. 10 декабрьде жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 82

# «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА[158]

*Орталық Органның редакциясына*

12. XII. 03.

Мен, Орталық Комитеттің өкілі ретінде, бүгін Мартов жолдастан Орталық Комитеттің Женевадағы оппозициямен жүргізіп жатқан келіссөздері туралы басуға бола ма деген сұратпа алдым[159]. Мен басуға болады деп білемін, жәнеде Орталық Органның редакциясындағы жолдастардан партия ішінде жақсы бітімге келу мәселесін тағыда таразыға салып қарауды қатты өтініп сұраймын.

Бұл тыныштықты қамтамасыз ету әлі кеш емес, жіктелістің егжей-тегжейлерін және әдепсіздік туралы, жалған тізімдер туралы сөйленіп жүрген сөздерді,— сөз болғанда, тіпті «Московские Ведомости» де пайдалануы ықтыймал сөздерді жұртшылық пен дұшпандардың құлағына тимейтіндей етіп қоюға әлі кеш емес. Партия ішінде дұрыс тыныштық орнауы қамтамасыз етілетін болса, бүкіл осы ыластарды ұмытуға көпшіліктің шын ынтасымен көнетіндігіне мен кепіл боламын.

Қазір барлық нәрсе Орталық Комитеттің бітімге келу туралы 25. XI. 03 жылғы ұсынысын[160] қабылдамаған бұрынғы оппозицияның өкілдерін өз ішіне алып отырған Орталық Орган редакциясына байланысты. Жолдастар мен Сіздерден мынаны ескеруді сұраймын: Ру жолдастың отставкаға шығуына кеңес беріп және Лига жөніндегі істі «жақсылықпен» реттеп жіберуге әрекет жасап, Орталық Комитет міне сол кезден бері өз еркімен онан әрі екі уступка жасады.

Солай бола тұрса да, Орталық Комитетке бойкот жасау, оған қарсы үгіт жүргізу және Россиядағы практикалық жұмысқа ірткі салушылық әлі тоқтаған жоқ. Бізге Россиядан оппозиция онда жұртты «тозаққа» салуда деп

жазады. Аңшылық агенттерінің комитеттерді аралап, жұмысқа үнемі іріткі салып отырғанына жөнінде біздің қолымызда ең дұрыс мәліметтер бар. Бізге Питерден онда әлгі жиыспен Бюроның бірнешеу туралы жазады. Мәселе шешілген: дейін бірлесіп отыр: оппозиция өзінің транспортын жолға қояды. Дәл осы оның Орталық Комитетке транспортты жарма-жар ортақ пайдалану туралы ұсыныс жасайды.

Мен Орталық Органның редакциясының екі орталықты да екі жақтың бірдей шын ниетімен нығайтуы және ешбір бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік бермей отырған өзара қырқысты тоқтату негізінде оппозициямен жақсы бітімге қол қоюға көндірудің іздірмесін рет өтініп сұрауды өзімнің партия алдындағы борышым деп санаймын.

*Женевада жазылған*

*Алғаш рет 1929 ж. басылған* *Қолжазбасы бойынша басылып отыр*

83

# Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

Қымбатты дос! Өзіміз, сірә, келісе алмай отырған мәселені біздің әбден тәптіштеп анықтап алуымыз қажет, сондыктан менің осы хатымды Орталық Комитеттің (немесе Атқару комиссиясының[161]) барлық мүшелерінің талқысына беруіңізді қатты өтініп сұраймын. Келіспеушілік міне мынада: 1) сен мартовшылдармен бітімге келуді мүмкін деп ойлайсың (Борис тіпті бітіммен құттықтап та отыр! Әрі күлесің, әрі күйінесің!); 2) сен дереу съезд шақыруды өзіміздің әлсіздігімізді мойындағандық деп ойлайсын. Менің көзім жетіп отыр, сен осы екі пункттің екеуі жөнінде де қатты қателесесің. 1) Мартовшылдар соғысқа шығып отыр. Мартов Женевада болған жыйналыста: біз күшпіз деп тура айқай салған болатын. Газетте олар бізді жерден алып жерге салуда және өздерінің айлакерліктерін сізді бюрократтық жасады деп зарқағуымен бүркеп, мәселені арамдықпен басқа жаққа аударып жіберіп отыр. Орталық Комитет мүлде түкке жарамсыз деп Мартов оңды-солды айқайлауда. Қысқасы, мартовшылдардың нақ сондай айлакерлікпен, бойкотпен, даужанжалмен Орталық Комитетті де өз қолдарына алып алуды өздеріне мақсат етіп отырғандығына күмандану аңқаулық, тура лайықсыз нәрсе. Олармен бұл негізде күресу қолдан келмейді, өйткені Орталық Орган қорқынышты құрал және әсіресе сәтсіздіктерге ұшырап қалу себептерінен біздің жеңіліп қалуымыз ғажап емес. Уақытты өткізіп алуыңызбен, сіз бүкіл көпшіліктің турадантура, толық жеңілуіне себеп боласыз, Орталық Комитетке шетелден (Лигадан) берілетін таяқты сіз үндеместен өзіңіз жейсіз де, тағыда таяқ берілуін күтесіз. 2) Съезд

бізде күшіміз бар екендігін дәлелдеп береді, шет елдегі алшақ даукестер тобының бүкіл қозғалысты билеп әкетуіне сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де жол бермейтіндігімізді дәлелдеп береді. Съезд дәл қазір: іріткі салушылықпен күрес ұранын көтеріп, келуі керек. Осы ұран ғана съезді шақыруды керектігін ақтайды және бүкіл Россияның алдында әбден ақтайды. Уақытты қолдан беруіңізбен, сіз бұл ұранды қолдан беріп қоясыз, өзіңіздің мартовшылдарға берілгеніңізді, әрекетсіз бейшаралығыңызды дәлелдейсіз. Орталық Орган жерден алып жерге салып отырғанда, мартовшылдар бойкот жасап, үгіт жүргізіп отырғанда, тиімді жұмыс арқылы позицияны нығайтып алу жөнінде қамқам ету — тіпті күлкілі нәрсе. Мұның аты интригандармен әбройсыз күресте өзіңді біл-демей бұлдыршу деген сөз. Бұл интригандар сонан кейін қарпысыңыз, бұл Орталық Комитеттің өзі қалай қабілетсіз еді дейтін болады (қазірдің өзінде-ақ осылай десіп жүр)! Тағы да айтайын: өзіңізді жалған үміттермен қызықтырмаңыз. Не біз съезде мартовшылдарға бітім бұйырысыз, не сізді масқара етіп қуып шығады немесе алғаш сәтсіздікке ұшырағанда-ақ жоқ қылады. Қазір съездің алдында мынадай мақсат тұр: шыдам болмайтын іріткі салушылықпен күресу, Орталық Комитет атауының қорлап отырған Лиганы былай тайдыру, Советті мықтап өз қолына алу, Орталық Органды жолға қою. Қалай жолға қою мүмкін? — ең жаман дегенде тіпті Советті қайтару (немесе алтауды қалпына келтіру) арқылы мүмкін; бірақ егер біз басым көпшілік болып кетсек бұл жаман деген рет те мүмкін болмайды. Ол уақытта біз мартовшылдарды не біржолата жеңіп шығамыз (Плеханов *қазірдің өзінде-ақ*, бітім болмай тұрғанын көріп және айтысушы екі жақтың екеуіне де шүйілгенін деп үрей еліп енді жаңа Vademecum* туралы *айта бастап отыр*. Бізге керегінің өзі де дәл осы!), не бізде жетекші Орталық Орган жоқ деп ашық айтамыз да, оны көпшілік пен азшылықтың қол қойылған ерікті мақалалары басылып тұратын дискуссиялық органға айналдырамыз (онан да жақсырағы: мартовшылдармен болатын айтысты кітапшаға көшіріп, ал «Искра» тек үкіметке қарсы және социал-демократияның жауларына қарсы соғыс ашу **керек**).

* — *Жол сілтеуіш. Ред.*

Сонымен: осындай мүмкін емес атмосферада тыныштықпен жұмыс істейміз деген аңқаулық үмітіңізді қойыңыз. *Басты-басты* күштердің бәрін жер-жерді аралап шығуға жіберіңіз, Лань да жүретін болсын, біржолата дереу өз комитеттеріңізді *қамтамасыз етіңіздер,* сонан кейін басқалардың комитеттеріне атака бастаңыз және... съезд, январьдан кешіктірмей съезд әзірлеңіз!

P. S. Егер Мартов Ланьнан материалдарды жарыялау жөнінде сұрайтын болса[162],— Лань өзінің дауысын сөзсіз Колға берсін, сөзсіз соған берсін, әйтпеген күнде үлкен шатақ болады! Мартов пен Дан Колмен жолығысқан кездерінде оған сұмдық оңбаған нәрселерді айтады!

P. P. S. Бүгін, 18, мартовшылдар тағыда бір опасыздық істеді: Ганс документтерді жарыялауға қарсы болды деген сылтаумен (соқты өтірікті! Ганс *бітім* болатын болса қарсы еді!), мартовшылдар мен редакциядан неліктен шықтым деген менің хатымды[163] 54-номерде басудан бастартты. Бастартумен бірге Орталық Комитет Орталық Органды өз қолына алуға әрекет етті, Орталық Комитетке деген сенімнің қайта орнауы туралы келіссөз жүргізіліпті деген тәрізді, тағы сондай бірқатар оңбағандық нәрселер де айтылған. Мұндағы тактикасы айқын: Дандардың, Мартыновтардың etc. Орталық Комитетке қарсы оппозицияда екендіктерін екіжүзділікпен бүркеу және газетте жайлап Орталық Комитетті масқаралап отыру. Оңбаған 53-номерді мен ешбір жауапсыз қалдырмақ емеспін. Дереу телеграмма беріңіз: 1) менің хатымды «Искрадан» *тыс* басуға келісесіз бе? Actien* 203; 2) барлық күшті дәл кәзірден съезге жұмылдыруға келісесіз бе? Actien 204. Егер екі сұрауға да келісетін болсаңыз, онда Actien 407. Егер екеуіне де келіспейтін болсаңыз, онда Actien 45.

Бүрсігүні сізге редакциядан шығуым туралы өзімнің хатымды жіберемін. Егерде сіз дереу съезд шақыруға келіспейтін болсаңыз және үндеместен мартовшылдардың таяғын көтере бермек болсаңыз, онда менің, сірә, Орталық Комитеттен де аулақ кетуіме тура келер.

*1903 ж. 18 декабрьде жазылған*
*Женевадан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Акция. *Ред.*

84

## Н. Е. ВИЛОНОВҚА

Қымбатты жолдас! Мен Сіздің хатыңызға өте қуандым, неге десеңіз, жергілікті жерлерде жұмыс істеп жатқан адамдардың әшкере және дербес айтқан пікірлерін осы арада, шет елде, біз тым аз естиміз. Шет елде тұрушы социал-демократ жазушы үшін Россияда қыймыл жасап жатқан алдыңғы қатарлы жұмысшылармен жиі-жиі пікір алысып отыру аса маңызды нәрсе, сондықтан біздегі дау-шардың комитеттерде қандай әсері болып отырғандығы туралы Сіздің баяндаған әңгімеңіз мен үшін өте-мөте қызықты болды. Мен, бәлкім, реті келе қалса Сіздің хатыңызды тіпті басып та шығарармын[164].

Сіздің сұрауларыңызға бір хаттың ішінде жауап беріп шығу мүмкін емес, неге десеңіз, көпшілік пен азшылық туралы толық баяндау бүтін бір кітапты алар еді. Мен кәзір ««Искра» редакциясына хатты» (Мен редакциядан неліктен шықтым?) жеке листок етіп басып шығарттым — мен онда өзіміздің не үшін айырылысқанымызды қысқаша баяндаймын, сөйтіп «Искраның» 53-номерінде істің қалай теріс суреттелінгенін көрсетуге тырысамын (53-номерден бастап редакцияда азшылықтың төрт өкілі және де Плеханов болды). Бұл хат (8 беттік бір кішкене баспа табақ) жақында Сіздің қолыңызға тиіп қалар деп сенемін, өйткені Россияға оны алып кетті де, оны тарату да, сірә, қыйын бола қоймас.

Тағыда айтамын: бұл хатта мәселе өте қысқа баяндалған. Партия съезі мен Лига съезінің протоколдары әзірге шықпай тұрғанда кәзір әлі толығырақ баяндап болмайды («Искраның» 53-номерінде осы екі съездің екеуінің де протоколдары толық және тез басылып шығады

Сонымен: осындай мүмкін емес атмосферада тыныштықпен жұмыс істейміз деген аңқаулық үмітіңізді қойыңыз. *Басты-басты* күштердің бәрін жер-жерді аралап шығуға жіберіңіз, Лань да жүретін болсын, біржолата дереу өз комитеттеріңізді *қамтамасыз етіңіздер,* сонан кейін басқалардың комитеттеріне атака бастаңыз және... съезд, январьдан кешіктірмей съезд әзірлеңіз!

P. S. Егер Мартов Ланьнан материалдарды жарыялау жөнінде сұрайтын болса[162],— Лань өзінің дауысын сөзсіз Колға берсін, сөзсіз соған берсін, әйтпеген күнде үлкен шатақ болады! Мартов пен Дан Қолмен жолығысқан кездерінде оған сұмдық оңбаған нәрселерді айтады!

P. P. S. Бүгін, 18, мартовшылдар тағыда бір опасыздық істеді: Ганс документтерді жарыялауға қарсы болды деген сылтаумен (соқты өтірікті! Ганс *бітім* болатын болса қарсы еді!), мартовшылдар мен редакциядан неліктен шықтым деген менің хатымды[163] 54-номерде басудан бастартты. Бастартумен бірге Орталық Комитет Орталық Органды өз қолына алуға әрекет етті, Орталық Комитетке деген сенімнің қайта орнауы туралы келіссөз жүргізіліпті деген тәрізді, тағы сондай бірқатар оңбағандық нәрселер де айтылған. Мұндағы тактикасы айқын: Дандардың, Мартыновтардың etc. Орталық Комитетке қарсы оппозицияда екендіктерін екіжүзділікпен бүркеу және газетте жайлап Орталық Комитетті масқаралап отыру. Оңбаған 53-номерді мен ешбір жауапсыз қалдырмақ емеспін. Дереу телеграмма беріңіз: 1) менің хатымды «Искрадан» *тыс* басуға келісесіз бе? Actien* 203; 2) барлық күшті дәл қазірден съезге жұмылдыруға келісесіз бе? Actien 204. Егер екі сұрауға да келісетін болсаңыз, онда Actien 407. Егер екеуіне де келіспейтін болсаңыз, онда Actien 45.

Бүрсігүні сізге редакциядан шығуым туралы өзімнің хатымды жіберемін. Егерде сіз дереу съезд шақыруға келіспейтін болсаңыз және үндеместен мартовшылдардың таяғын көтере бермек болсаңыз, онда менің, сірә, Орталық Комитеттен де аулақ кетуіме тура келер.

*1903 ж. 18 декабрьде жазылған*
*Женевадан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

* Акция. *Ред.*

## 84

## Н. Е. ВИЛОНОВҚА

Қымбатты жолдас! Мен Сіздің хатыңызға өте қуандым, неге десеңіз, жергілікті жерлерде жұмыс істеп жүрген адамдардың жоспарлы және дербес айтқан пікірлерін осы арада шет елде біз тым аз естиміз. Шет елде тұрған социал-демократ жазушы үшін Россияда қайнап жатқан жұмыс алдыңғы қатарлы жұмыскерлермен жиі-жиі пікір алысып отыру аса маңызды нәрсе. Сондықтан біздегі дау-шардың комитеттерде қандай әсер болып отырғандығы туралы Сіздің баяндаған әңгімеңіз мен үшін өте-мөте қызықты болды. Мен, бәлкім, реті келе қалса Сіздің хатыңызды тіпті басып та шығарармын.

Сіздің сұрауларыңызға бір хаттың ішінде жауап беріп шығу мүмкін емес, неге десеңіз, көпшілік пен азшылық туралы толық баяндау бүтін бір кітапты алар еді. Мен кәзір «„Искра" редакциясына хаты» (Мен редакциядан неліктен шықтым?) жеке листок етіп басып шығардым — мен онда өзіміздің не үшін айрылысқанымызды қысқаша баяндаймын, сөйтіп «Искраның» 53-нөмерінде істің қалай теріс суреттелінгенін көрсетуге тырысамын (53-нөмерден бастап редакцияда азшылықтың төрт өкілі және де Плеханов болды). Бұл хат (8 беттік бір кішкене баспа табақ) жақында Сіздің қолыңызға тиіп қалар деп сенемін, өйткені Россияға оны алып кетті де, оны тарату да, сірә, қыйын бола коймас.

Тағыда айтамын: бұл хатта мәселе өте қысқа баяндалған. Партия съезі мен Лига съезінің протоколдары әлірге шықпай тұрғанда кәзір әлі толығырақ баяндап болмайды («Искраның» 53-номерінде осы екі съездің екеуінің де протоколдары толық және тез басылып шығады

деп жарияланды. Маған мәлімі, партия съезінің протоколдары үш жүз беттік және онан да көп бүтін бір кітап болып шығады; 300 бетке жуығы кәзір даяр тұр; сірә, бір аптадан соң, көп болғанда екі аптадан соң, бұл кітап шығады). Осы протоколдардың барлығы шыққан кезде тағыда кітапша жазуға да[165] тура келуі әбден ықтыймал нәрсе.

Мен өз басым бұл мәселеге былай қараймын: жіктеліс бәрінен бұрын және көбінесе орталықтардағы (Орталық Орган мен Орталық Комитеттегі) адамдардың құрамына наразы болушылықтан туды. Азшылықтың Орталық Органға бұрынғы алтауды бекіткісі келді, ал съезд алтаудың ішінен үшеуін сайлады, бұларды, анығында, саяси басшылық үшін неғұрлым жарамды деп тапқан болу керек. Нақ сондай-ақ, азшылық Орталық Комитеттің құрамы туралы мәселеде де жеңіліп қалған еді, яғни съезд азшылықтың тілеген адамдарын сайлаған жоқ.

Наразы азшылық осыған бола тым ұсақ алауыздықтарды өршіте бастады, орталықтарға бойкот жасай бастады, өздеріне жақтастар іріктеп ала бастады, тіпті партияның жікке бөлінуін де дайындай бастады (осында жұрт арасында: олар *«Крамола»* деп аталатын өз газеттерін негіздемекші болып шешім алыпты, оны тере де бастапты деген қатты лақап тарап жүр, мұның шын да болуы мүмкін. Сірә, «Искраның» 53-номеріндегі фельетонның әсте партия баспаханасында да жоқ әріптермен терілуі тегін болмау керек!).

Плеханов жіктен құтылу үшін, оларды редакцияға кооптацияламақшы болып шешеді де, «Искраның» 52-номерінде «Не істемеу керек» деген мақаланы жазады. Мен 51-номерден кейін редакциядан кетіп қалдым, себебі шет елдегі дау-жанжалдардың әсерімен съезді осылай бұрмалап бұзуды дұрыс емес деп есептедім. Бірақ, әрине, егер бітім мүмкін болса, өз басым бітімге кедергі жасағым келмеді, сондықтан да (*енді* алтаудың ішінде жұмыс істеуді өзіме мүмкін емес деп есептеп) редакциядан кетіп қалдым, алайда ат салысып тұрудан бастартқаным жоқ.

Азшылық (немесе оппозиция) әлі өз адамдарын зорлап Орталық Комитетке де тығып жібергілері келеді. Орталық Комитет бітімге келу үшін екі адам алуға келісті,— бірақ азшылық сонда да болса бұған қанағат-

танбай, Орталық Комитет жөнінде ол қабілетсіз екен деген тәрізді оңбаған лақаптар таратуда. Меніңше, мұның өзі нағыз барып тұрған өрескел түрде тәртіп пен партиялық борышты бұзғандық болып табылады. Ал оның бержағында мұның бәрі өсек, өйткені съезд Орталық Комитетті сайлағанда ««Искра» ұйымының» *көпшілігі* жақтап шыққан адамдардан сайлады. Ал ««Искра» ұйымы», әрине, мұндай маңызды рольді атқаруға кімдердің жарамдылығын басқа кімнен болса да жақсы білетін-ді. Съезде Орталық Комитет үш адамнан сайланды,— бұлардың үшеуі де әлдеқашаннан-ақ ««Искра» ұйымының» мүшелері болатын; олардың екеуі Ұйымдастыру комитетінің мүшесі еді; үшіншісі Ұйымдастыру комитетіне шақырылған болатын, бірақ жеке өз басының тілемегендігінен оған енбеді, оның бержағында партиялық ортақ іс жөнінде Ұйымдастыру комитетіне көп уақыт қызмет істеді. Демек, Орталық Комитетке ең сенімді, сыналған адамдар сайланды, сондықтан мен Орталық Комитеттің жұмыс істеуіне азшылықтың өзі *кедергі жасап отырғанда* олар жөнінде «қабілетсіз» деп айқай салуды ең оңбаған тәсіл деп есептеймін. Орталық Комитетке тағылған айыптаулардың бәрі де (формализм, бюрократизм, т. т. жөнінде) ешқандай негізі жоқ қасақана өтіріктен басқа түк емес.

Сіздің: бұрын басқаша пікірде болған және айырым бір мәселеде съезд өздерінің тілегенін істемегенге наразы адамдардың централизмге қарсы және съезге қарсы жар салулары қандай әдепсіздік еді деген пікіріңізге толық қосылатындығымды айтпасам да болады. Өз қателіктерін мойындарына алудың орнына, бұл адамдар қазір партияға іріткі салып отыр! Меніңше, орыс жолдастар іріткі салушылықтың қандайына болса да батыл қарсы шығуға тиіс және съездің қаулыларын орындалатын еткізуге тиіс, Орталық Орган мен Орталық Комитетте кімдердің болуы керек екендігі жөніндегі дау-шарға бола жұмыс істеуге кедергі жасалмайтын етуге тиіс. Орыс комитетші басшылары неғұрлым дербес болып, өз өкілдерінің партия съезінде қаулы еткендерін орындауды қатты талап ете алатын болғанда ғана әдебиетшілер мен басқа да әралуан генералдардың (бұларды Сіз турадан-тура интригандар деп тым қатал атап отырсыз) шет елдегі даушарлары партия үшін қауіпсіз болады.

Орталық Органның Орталық Комитетке қатынасы жөнінде Сіздің айтқаныңыз әбден дұрыс, олардың бірі болмаса бірінің үстем болуына ешқашан жол бермеу керек. Меніңше, бұл мәселені әр уақыт съездің өзі жеке шешіп отыруға тиіс. Сонымен кәзір устав бойынша партия Советі Орталық Органның үстінен де, Орталық Комитеттің үстінен де қарайды. Ал Советте Орталық Органнан 2 мүше және Орталық Комитеттен екі мүше бар. Бесінші мүшені съезд сайлады. Демек, бұл жолы кімді үстем ету керек екендігін де съездің өзі шешкен. Орыс Орталық Комитетін біздің шетелдік Орталық Органмен жаныштап тастағымыз келіпті деген әңгімелер — тұрған бойы шылғи өсек, мұнда бірде-бір шын сөз жоқ. Біз Плехановпен редакцияда болған кезімізде, бізде тіпті Советте де *үш* орыс социал-демократы *және тек қана екі адам* шетел социал-демократы болды. Ал мартовшылдарда кәзір бұдан басқаша болып отыр! — міне олардың сөздеріне осыған қарап баға беріңіз!

Қолыңызды қатты қысамын және осы хатты алған-алмағаныңызды, менің редакцияға жазған хатымды, «Искраның» 52, 53-номерлерін оқыған-оқымағаныңызды жәнеде комитеттегі сіздердің істеріңіздің жайы кәзір жалпы қалай екенін маған хабарлауыңызды өтініп сұраймын.

Жолдастық сәлеммен. *Ленин*

*Кеш дегенде 1903 ж. 22 декабрьде жазылған*
*Женевадан Екатеринославқа жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

85

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

22. XII. 03.

Орталық Комитеттің мүшесі Лениннен Орталық Комитетке. Мен Орталық Комитеттің комитеттерге жіберілген хабарлауын оқып шықтым да[167], тек қайран қалдым. Бұдан асқан күлкілі түсініспеушілікті мен біле де алмадым. Өзінің сенгіштігі мен сезімталдығы үшін Ганс осы арада қатты таяқ жеді. Құдай үшін, ол маған мынаны түсіндірсінші: оппозиция (соның ішінде Мартов та!) Орталық Комитеттің ультиматумына берген жауабында *бітімді ресми түрде қабылдамай* отырғанда бітім туралы осындай жалбарынған жүзбен сөз қылуға ол қайдан батыр бола қалды?? Бітімді осылай ресми түрде қабылдамағаннан кейін, 1-шіден, кеше не айтқаны бүгін есінде болмайтын, ал 2-шіден, бүкіл оппозиция үшін жауап бере алмайтын Мартовтың былшылына сүйенудің өзі балалық емес пе? Оппозиция жаңа соғысқа дайындалып жатқанда, Женевадағы жыйналыстарда бар күш бізде деп жар салып отырғанда, «Искраның» 53-номерінде жексұрындықпен қуғындай бастаған кезде бітім туралы сөз қылудың, жазудың өзі аңқаулық емес пе? Мәселен, Лигамен арадағы жанжал «бүтіндей тамам болыпты» деп комитеттерге турадан-тура өтірік нәрсені мәлімдеу ше?? бірінші Совет (Румен болған) туралы үндемеу ше?

Ақырында, менің осы арадан кетуіме әлгі ақымақтықпен ақыл беруді алыңызшы! Мұндай ақылды үй ішінің адамдары, туғандар берсе бір сәрі ғой, бірақ мұндай өрескелдікті Орталық Комитеттің жазуы қызық екен!! Я, әдеби соғыс міне дәл енді басталады. 53-номер және

жеке листок болып басылып шыққан менің хатым[168] мұны сізге көрсетеді.

Мен сіздің комитеттерге жазған хабарлауыңызға ызалы екендігім соншалық — сіздің күлкілі жағдайдан қалай құтылуыңыздың ешбір шарасын қапелімде ойлап таба алмай отырмын. Әлде былай етсе қайтеді: «Искраның» 53-номерінің мазмұны және әсіресе «Біздің съезд» деген мақаланың мазмұны сіздің бітім жөніндегі сеніміңіздің бәрін босқа кетірді деп айтсаңыз. Тегінде мен осыдан басқа жолды білмей отырмын.

Комитеттерге (Мартовтың өзіне де): «Біздің съезд» деген өрескел-жалған мақала әдеби айтысқа ұрындырды деп, ал біз (Орталық Комитет) дұрыс жұмыс жүргізуге тырысамыз деп жазып жіберіңіздер. Плеханов «Біздің съезд» деген мақалаға да, Мартовтың рефератпен шығуына да қарсы еді.

*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 38

## «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА[169]

*Орталық Органның редакциясына*

Қадірлі жолдастар!

Орталық Орган редакциясының 22. XII. қарары жөнінде Орталық Комитеттің шетелдік өкілі редакцияға бұл карардың катты ашудан ғана туған барынша келісімсіз нәрсе екенін атап көрсетуді қажет деп есептейді[170].

Орталық Комитеттің мүшесі ретінде емес, бұрынғы редактор ретінде пікір айтқан Ленин сіздердің ойыңызша теріс бір нәрсе баяндаған болса, мұны сіздердің әдебиет бетінен анықтауларыңызға болады.

Ганс жолдас келіссөздерді жарияламау туралы Орталық Комитеттің атынан ешқандай келісім жасаған емес және, біздің рыйзалығымызсыз, жасай алмайды да. Редакцияға мұның белгілі болмауы мүмкін емес. Ганс жолдас *ресми бітім жасала қалған күнде* келіссөздерді жарияламау туралы өзінің жорамал пікірін айтты.

Орталық Комитеттің шетелдік өкілі Лениннің хатын жариялауға ОҚ рұқсат ететіндігін Орталық Орган редакциясына жалтармасыз, әбден анық түрде екі рет хабарлады.

Егер редакция қатты ашу үстінде қыймылдамаған болса, онда шет елде Орталық Комитеттің қанша мүшесі бар деген өзінің ескертпесінің әбден орынсыздығын редакция оп-оңай көрген болар еді. Редакцияның осы сыяқты және басқа келісімсіз қылықтарына (қайдағы бір «жасырын» баспа барлығы жөніндегі күлкілі сөздер тәрізді қылықтарына) Орталық Комитеттің шетелдік

өкілі партиялық борышты ұмытпауға және әдеби айтысты жіктеліске сылтау ете алатын *әрекеттерді* тоқтатуға шақырумен ғана жауап береді.

Орталық Комитеттің шетелдік өкілі.

*1903 ж. 27 декабрьде Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

87

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

30. XII. 03.

Сіздердің ескіше 10. XII жазған хатыңызды алдық. Сіздердің айбынды мәселелер жөнінде үндемей жатқандарыңыз және хат жазысуға салақтықтарыңыз бізді қайран қалдырады, күйіндіреді. Істі бұлай жүргізуге болмайды ғой! Егер медведь пен ланиха апта сайын жазып тұра алмайтын болса, тағыда секретарь алыңыздар. Ойлап қараңыздаршы, осы уақытқа дейін Ланьнан алынған ешқандай бір толық хабар жоқ! Біздің жаңаша 10.XII жазған хатымызға[171] күні бүгінге дейін (20 күн өтсе де) жауап жоқ. Қалай болғанда да бұл тәртіпсіздікті тыю керек.

Онан соң. Біз мартовшылдармен күресте өзіміздің ұстайтын позициямызды әбден анықтап алуымыз, өзара бір-біріміздің тілімізді тауып, әбден айқын бір жол белгілеп алуымыз қажет екендігін қатты талап етеміз.

Бористі мұнда неге жібермедіңіздер, Ганс осында болған кезінде жібереміз демеп пе еді? Борис осында болып кеткенде бітім туралы бізге күлкілі сөздер жазбаған болар еді. Старикке Бористің көңіл ниетін анық етіп жазып жіберемін деген уәдесін Ганс неліктен орындамады? Егер Бористі жіберуге болмаса, онда істің жайын анықтап алу үшін Митрофанды немесе Зверьді жіберіңіздер.

Тағыда қайталап айтамын: Ганстың негізгі қатесі сол — ол соңғы алған әсеріне сеніп қалған. 53-номер оны айықтыруға тиіс еді. Мартовшылдар Орталық Органды соғыс ашу үшін өз қолдарына алды, міне енді соғыс барлық жағынан жүріп берді: «Искрада» қудалап соңға түсті, жұртшылық алдында оқылған рефераттарда ұрыс шығып отырды (жақында Мартов Парижде 100 кісі алдында жіктеліс туралы реферат оқып, Лебедевпен ұрсысып қал-

ған), Орталық Комитетке қарсы нағыз арсыздық үгіт жүргізілді. Мұндай жағдайды Россияға көшпейді деп ойлау кешіргісіз соқырлық болар еді. Бұл арада әңгіме Орталық Органның Орталық Комитетпен екі арадағы катынастарын үзісуге дейін барды (Орталық Органның 22. XII сіздерге жіберілген қарары), Орталық Органның («Искра» № 55) келіссөздерді баспау туралы *келісім* болды деген *өтірігін* басып шығаруға дейін барды.

Ақырында, бүкіл саяси позиция туралы жақсылап ойлап қараңыздаршы, төңірекке кеңірек көз салыңыздар, тыйын-тебеннің, паспорттың әлегімен жүретін күнделікті ұсақ-түйектен көңілді басқаға аударып, бұқпаламай, өздеріңізге мынаны анықтап алыңыздаршы: сіздер қайда бара жатырсыздар *және не үшін* сіздер созбұйдаға салып жүрсіздер?

Егер мен қателеспесем, бізде Орталық Комитеттің ішінде екі ағым бар (немесе, бәлкім, үшеу болар? Қандай ағымдар?). Менінше, олар мынадай ағымдар: 1) килігушіліктен және арсыздықпен бетке түкірушіліктен мүмкіндігінше үндемей құтылып, съезді шақырмай істі созу, сөйтіп Россияда позицияны нығайтып алу; 2) Орталық Органға қарсы шығарылған қарарларды жаудыру, әрі-сәрі комитеттерді өзіңе қаратып алуға *барлық* күшті жұмсау және екі, *maximum* үш айдан кейін съезд әзірлеу. Ал енді мен мынадай сұрақ қоямын: сіздердің позицияны нығайту дегеніңіздің мәні неде? Мынада ғана: дұшпан осында күш жыйнап жатқанда (ал шет елдің маңызы өте зор!), сіздер уақытты өткізіп аласыздар, сөйтіп шешімге келуді өздеріңіз сәтсіздікке ұшырағанға дейін кешеуілдетесіздер. Сәтсіздікке ұшырауларыңыз сөзсіз және тез-ақ ұшырайсыздар,— мұны елемеу тура балалық болар еді.

Сәтсіздікке ұшырағаннан кейін сіздер бізге не қалдырасыздар? Мартовшылдарда жаңа және көптеген күштер болады. Біздің қатарымыз қыйрайды. Оларда нығайған Орталық Орган болады. Бізде — олардың осы ұрысшаң Орталық Органына жақсы шыдап бере алмайтын компания қалады. Мұның өзі турадан-тура жеңіліске апаратын жол ғой, мұның өзі *болмай қалмайтын* жеңілісті масқара болып, ақымақтықпен соза тұру ғой. Шет елдегі соғыстың сіздер жаққа баяу көшетінін пайдаланып, сіздердің мұны тек көргілеріңіз келмейді. Сіздердің так-

тиканыз турадан-тура мынаған келіп тіреледі ғой: бізден кейін (Орталық Комитеттің қазіргі құрамынан кейін) мейлі тіпті топан су (көпшілік үшін топан су) қаптасын дейсіздер.

Меніңше, егер тіпті жеңіліс сөзсіз болатын болса, онда турадан-тура, адал түрде және ашықтан-ашық кету керек, ал мұның өзі съезде ғана мүмкін болатын нәрсе. Бірақ жеңіліс әсте де сөзсіз болатын нәрсе емес, өйткені бесеудің басы біріккен *жоқ,* Плеханов олармен бірге емес, қайта *бітімге келу жағында,* сондықтан съезд арқылы Плехановты да, өздерінің бейне алауыздықтарымен қосып оларды да *ұстап алуға* болады. Съезд жөнінде болатын бірден-бір елеулі қарсылық — съезд жіктелісті заңды етпей қоймайды. Ал мен бұған былай деп жауап беремін: 1) тіпті қазіргі кездегі халден осының өзі жақсы, өйткені ол уақытта бетке түкіре беретін масқаралық күйде жүре бермей, адал кетуге болады; 2) мартовшылдар жік шығаратын кезді өткізіп алды, олардың 3-ші съезден кетуі де мүмкін емес, өйткені қазіргі күрес және материалдарды толық жариялау жік шығаруға мүмкіндік бермейді. 3) Егер олармен саудаласу керек болатын болса, онда бәрінен гөрі нақ съезде саудаласқан жақсы.

Бұл мәселені дұрыстап талқылаңыздар да, ақырында, Орталық Комитеттің әрбір (сөз жоқ әрбір) мүшесінің пікірін хабарласаңыздаршы.

Листоктар жөнінде менің мазамды ала бермеңіздер: мен машина емеспін, жәнеде қазіргідей оңбаған жағдайда жұмыс істей алмаймын.

*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

парлары жөнінде) тасушыларға, жала жабушыларға (бюрократтар, яғни сіздердің өздеріңіз бен бүкіл көпшілік жөнінде) айналатындарыңызды сіздердің шынымен-ақ сезбей отырғандарыңыз ба? Әне сондай «идеялық басшылықпен» сіздер «тиімді жұмыс» жүргізуді мүмкін деп есептейсіздер ме? Әлде сіздер адал күрес жүргізудің съезден басқа құралын білесіздер ме??

((Киев, Харьков, Горнозаводский, Ростов және Қырым, сірә, мартовшылдардың қолында болу керек. Осы 10 дауысқа + Лига + Орталық Органның редакциясы + Советтегі 2 дауыс = 16 дауыс 49 дауыстан. Егер барлық күшті бірден Николаевке, Сибирьге және Кавказға салсақ, ол уақытта оларды $^1/_3$ етіп *әбден* қалдыруға болады.))

*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

89

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

4. I. 04. Жазып отырған Старик. Менің 10. XII хатыма жауап жазған Ланьның хатын кәзір ғана алып, дереу жауап жазып отырмын. Ланьның көзқарастарын сынап бер деп менен өтінетін түгі жоқ. Мен турасын айтайын, Ланьның сұмдық жасқаншақтығы мен аңқаулығына менің зығырым қайнайды.

1) Россиядан Орталық Комитеттің атынан Орталық Органға хат жазу — шектен шыққан әдепсіздік. Бәрін де міндетті түрде Орталық Комитеттің шетелдік өкілі *арқылы* ғана жүргізу керек. Егер үлкен шатаққа қалам демесең, құдай-ақы, осылай ету керек. Шет елде Орталық Комитеттің полномочиелі өкілі бар, басқаны білмейміз деп Орталық Органға біржолата кесіп айту керек.

2) Лиганың протоколдары туралы пәлендей бір келісім болыпты деу өтірік. Жариялау немесе қысқарту мәселесін біздің қарауымызға беремін деп сен турадан-тура айттың ғой. *(Сен* бұл арада ешнәрсе жөнінде «келісе» де алмайсың. Керек десе *бүкіл* Орталық Комитет те келісе алған емес.) Сен бұл арада сұмдық шатастырып отырсың, егерде абайсыз бір сөз жазатын болсаң, бәрі басылып шығып үлкен шатақ болады.

3) Егер 53-номер жөнінде сенің Орталық Органға жазған хатыңның ішінде Швейцер туралы, бюрократтық формализм және басқалары туралы айтылған оңбағандықтарға қарсы бірде-бір наразылық білдірілген сөз болмаған болса,— ол уақытта біз бір-бірімізді түсінуден қалыппыз деп айтуға тиістімін. Онда мен қоямын да, бұл оңбағандықтарға қарсы жеке жазушы ретінде аттана-

мын. Мен бұл мырзаларды баспа сөз жүзінде қояншық ұстаған алаяқтар деп атаймын.

4) Орталық Комитет тиімді жұмыс туралы міңгірлеп болғанша, Ерема мен Мартын одан Николаевті тартып әкетеді. Бұл асқан масқарашылық және сіздерді, мың мәртебе болмаса, жүз мәртебе ескерткендік. *Не* комитеттерді өзіне қаратып алып, съезд шақыру керек, *не* мені «Искраға» жолатпай отырған Орталық Органның бастырмалатқан жиреніштi шабуылынан омақасып масқара болып сахнадан түсу керек.

5) Комитеттердің қайдағы бір конференциясы туралы және «ультиматум» жөнінде (олар біздің ультиматумды *масқаралағаннан* кейінгі жерде!!) сөз қылу тура күлкілі нәрсе. Ал мартовшылдар мұндай «қорқытуға» тек қарқылдап күлетін болады!! Олар ақшаны турадан-тура жібермей ұстап қалып отырғанда, Орталық Комитеттің жер жебіріне жетіп отырғанда және *ашықтан-ашық:* «Бірінші сәтсіздікке ұшырауын күтеміз» деп отырғанда, оларға ультиматум дегенің бұйым ба екен.

Мартов алаяқтардың қолындағы қолжаулығы екенін Ланның шынымен-ақ ұмытып қалғаны ма?? Осыдан кейін де Мартов пен Жорждың Лань мен Нилге көзқарасы туралы әңгіме етудің не керегі бар екен десеңші! Осындай аңқаулықты оқығанда кісі қапа болады екен ғой. 1-шіден, Мартов пен Жорж барлық Ланьдар мен Нилдерге пысқырып та қарамайды. 2-шіден, Жоржды мартовшылдар әбден шеттетіп тастаған, сондықтан ол мартовшылдар мені тыңдамайды деп турадан-тура айтып отыр (мұның өзі «Искрадан» былай да айқын көрініп отыр ғой). 3-шіден, жүзінші рет қайталап айтайын, Мартов деген ноль. Неліктен осы ең сүйкімді ақ көңіл Ганс бұл арада Троцкиймен, Данмен және Наталья Ивановнамен дос болып алмаған? Бұл ақ көңіл кісі «адал ниетпен», «жақсылықпен жасалатын бітім» деген «мүмкіншіліктен» (соңғы мүмкіншіліктен) бекер-ақ айрылып қалған... Қуыршақ Мартушаның көкірекшесіне құр босқа көздің жасын төккенше, турадан-тура осы «қожайындарға» хат жазғанның өзі ақылырақ болмай ма? Кәне, бір жазып көрші, сол сені айықтырар! Ал әзірге оны жазбаған екенсін, оларды дәл өз бетіне түкіртпеген екенсін, олай болса осыған дейін «бітімге» келу жөнінде біздің басымызды (немесе олардың басын) қатырма. Мартов-

шылдардың ішінен кімнің құр *былшылдап* жүргенін және кімнің *билеп-төстеп* жүргенін біз бұл арада анық көріп отырмыз.

6) Съезді шақыру керектігін көрсететін дәлелдерді өткен жолы көрсеткен болатынмын. Құдай үшін, өзіңді өзің алдай берме: съезді кейінге созу біздің нақ дәрменсіздігімізге дәлел болар еді. Ал егер сіздер бітім туралы бұрынғыша созбұйдаға сала беретін болсаңыздар, ол уақытта дұшпан сіздерден талай Николаевті тартып әкетеді.

Екінің бірі: соғыс немесе бітім. Егер бітім болса,— ол уақытта сіздер қызу, айлалы соғыс жүргізіп жатқан мартовшылдардың алдында тізе бүгесіздер деген сөз. Ол уақытта сіздер Орталық Органда (= партияны идеялық жағынан басқарушы!) өздеріңізді әбден масқаралағанға үндемей шыдап отыра бересіз. Онда бізге сөз қылатын да дәнеңе жоқ. Айтарымды мен баспасөз жүзінде айттым да, *бәрінде* айтамын, сөздің толық мағнасында бәрін айтамын.

Егер «Искраны» менің бір өзім қолға ала қалған күнде өзіміз солай болады-ау деп қорыққан қуғындаушылықтың кәзір де үдегені мен үшін айқын нәрсе, бірақ мен үндей алмай отырмын. Сондықтан Лениннің есімінің әсері туралы Андреевскийдің сөздеріне сүйену балалық болады.

Не соғыс болады, ал ол уақытта маған мынаны түсіндіріп беруді сұраймын: *нағыз* және адал соғыстың съезден басқа қандай құралы бар?

Қайталап айтамын, кәзіргі уақытта съезд пайдасыз емес, өйткені Плеханов мартовшылдармен бірге емес. Жарыялау (мен мұны қалай болғанда да істеткізем)[173] оны мартовшылдардан біржолата бөліп шығарады. Ал ол кәзірдің өзінде-ақ мартовшылдармен араз.

Мартовшылдар 3-ші съезде алтау туралы сөз де қылмайды. Олар «Искраны» өсектеп былғаған кәзіргі күйден де жіктеліс болғанның өзі жақсы еді. Бірақ олар 3-ші съезде де жіктеліске бара қояр ма екен, ал біз «Искраны» екі жақтан да тартып алып, оны бітарап комиссияға бере аламыз.

7) Мен Лигамен батыл соғысқа шығуға бар күшімді салып кірісемін.

8) Егер Нил әлі де бітім жағында болатын болса, онда келіп, Данмен бір-екі рет сөйлессін. Оллаһи, осы да жеткілікті болады!

9) Бізге ақша керек. Ақшамыз 2 айға жетеді, ал онан кейін дәнеме де болмайды. Біз кәзір Орталық Органда бетімізге түкіріп, бізге жынын шашып жатқан жексұрындарды «асырап отырмыз» ғой. Осының өзі «тиімді жұмыс» деп аталады. Ich gratuliere!*

*Женевадан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 90

## «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА[174]

Рефераттарда сөйленген қызу сөздерге сүйеніп немесе әдеби айтысқа сүйеніп заңдылық, т. б. туралы мәселе көтеруге ешқандай негіз жоқ екендігін мен Орталық Комитеттің өкілі ретінде редакцияға атап көрсетуді қажет деп есептеймін. «Искраның» 53-номерінде әбден әділ айтылғандай, партия уставының 12-параграфына толық сәйкес түрде кооптацияланған редакцияның заңдылығына Орталық Комитеттің өзі ешбір күманданбайды және ешқашан күманданған емес. Орталық Комитет егер керек болса осыны жұртшылық алдында да ашық мәлімдеуге әзір болар еді. Егер редакция айтыста өзіне шабуыл жасалды деп білетін болса, онда оның бұған жауап қайтаруға толық, әбден толық мүмкіндігі бар ғой. Еш жерде бойкот туралы да, әділдік емес (Орталық Комитеттің тұрғысынан) басқа бір әрекеттер туралы да ешқандай сөз болмай отырғанда айтыстағы белгілі бір қатты айтылған сөздерге (редакцияның тұрғысынан) бола қызып кетудің жөні бар ма? Редакцияның есіне сала кетейік: Орталық Комитет Данның хатын да, Мартовтың «Тағыда азшылықта» деген мақаласын да, осы шығармалардағы ең қатты кіналаушылық реттеріне ешбір ренжімей-ақ, дереу *басып шығаруға* өзінің әбден дайын екенін *талай рет* айтқан еді, *басып шығаруды тура ұсынған да еді.* Орталық Комитеттің пікірі бойынша, партияның барлық мүшелерінің орталықтарды сынауына, орталықтарды айыптауына мүмкіндігінше неғұрлым толық еркіндік беру қажет: егер мұндай айыптаулар бойкот жасауға, тиімді жұмыстан кетуге, ақша қаражаттарын тоқтатып тастауға соқтырмайды екен, онда Орталық Комитет бұ-

ларды ешбір қауіпті деп есептемейді. Орталық Комитет өзіне қарсы бағытталған сынды басып шығарар еді деп кәзірде де мәлімдейді, өйткені еркін...[175]

*1904 ж. 8 январьда Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 91

# ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Г. В. ПЛЕХАНОВҚА[176]

Аса қадірлі жолдас!

Біз дүйсенбі күні 25. I, күндізгі сағат 4 те, Landolt ресторанында Советтің мәжілісіне жыйналуды ұсынар едік. Егерде Сіз бұдан басқа жер, басқа уақыт белгілесеңіз, бізге жексенбі күннен кешіктірмей хабарлағайсыз, өйткені біздің бір кісіміз Женевадан алыста тұрады.

Секретарьлыққа келетін болсақ, онда біз Мартов жолдастың қызметіне тоқталуға болады деп білеміз, оның өзі Советтің бірінші мәжілісінде секретарь болып белгіленді де.

Блюменфельд жолдастың секретарьлығына біз үзілдікесілді қарсымыз, өйткені ол, 1-шіден, конспирацияшыл емес (Лениннің Орталық Комитет адамы екендігін Друянға хабарлаған), 2-шіден, тым ұстамсыз адам, сондықтан тыныштықпен, іскерлікпен жұмыс істеуге ешбір кепілдік жоқ,— тіпті жанжал шығып кетіп, құлыпталып қалу қаупі де бар. 3-шіден, біз, бәлкім, Советте партия әдебиетін сатып алушы ретіндегі оның нақ өз басы жөнінде мәселе қозғармыз.

Егер Сіз ерекше бір адамның секретарьлық етуін қажет деп табатын болсаңыз, онда біз бұған Бычков жолдасты ұсынамыз, ол өзі «Искра» ұйымының ескі мүшелерінің және партияның көрнекті қайраткерлерінің қатарындағы адам (ҰК мүшесі), оның үстіне анағұрлым әділ және бүкіл жазу жұмысын сабырлы түрде жүргізе алатын адам.

Советтің мүшелері...

P. S. Менің әдейілеп Женеваға Советтің мәжілісіне келуіме тура келеді, ал Mornex-ке почта недәуір ұзақ уақыт

жүреді. Сондықтан мен мәжіліс дүйсенбі күнге тағайындала қалған ретте маған не жексенбіден (*күндіз*) кешіктірмей хат салып жіберуді өтініп сұрар едім, өйткені олай етпейінше мен хабарды алып үлгірмеймін.

Олай болмаған күнде мен мәжілісті сәрсенбі күнге қалдыра тұруды өтінер едім.

Менің әдресім: Моглех...

*1904 ж. 23 январьда Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

92

## ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

Аса қадірлі жолдас!

Амал не, редакцияның секретарьлыққа Гурвич жолдасты ұсынып отырғанына біз үзілді-кесілді қарсы шығуға мәжбүрміз.

1-шіден, Орталық Комитет пен оның арасында бірсыпыра жанжал болған.

2-шіден, ол хат арқылы (біз Сізге оның көшірмесін хабарлай аламыз) партияның жоғарғы органы Советке сондай бір пығылын білдірген, оның Советтің мәжілісіне қатысуы мүлде мүмкін емес.

3-шіден,— және бұл ең бастысы — лига администрациясының өкілі болып табылатын, біздің пікірімізше, Орталық Комитетке теріс қараған *Гурвич жолдастың өз басы жөнінде,* бәлкім, Советте біздің мәселе көтеруімізге тура келер. Істеген істерінің дұрыс-терістігі талқылануға жататын адамның секретарь болуы ыңғайсыз ғой.

Мұнымен қатар біз мынаған назар аударамыз: Советтің біріктіру және келістіру құралы ретіндегі (ажырастыру, ұрыс-керіс құралы емес) маңызын бағалай отырып, біз *бірден-ақ* ұрыс-керіске *ешбір* қатыспаған және екінші жақ та қарсы болмаған секретарьды ұсынған едік.

Екінші жақтың да, Орталық Орган редакциясының ұрыс-керіске қатыспаған және Советтің карауына *объекті* бола алмайтын кандидатты оп-оңай ұсына алатындығына біздің сеніміміз кәміл.

Сізге шын берілген

*Л.*

*1904 ж. 27 январьда Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

93

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Орталық Комитет үшін (NN-ге тапсырылсын[177])

Кеше партия Советі сессиясының (үш) мәжілістері бітті. Бұл мәжілістер партияның бүкіл саяси ақуалын біржолата айқындап беріп отыр. Плеханов барлық нәрсе жөнінде бізге қарсы шығып, онша-мұнша маңызды деген нәрседе мартовшылдармен бірге кетіп барады. Бойкотты (*екі жақтан да болатын* бойкотты), т. б. теріс деп табу жөніндегі біздің қарарымыз дауысқа қойылмады; күрестің жол берілмейтін формаларын жол берілетін формаларынан бөліп ажырату принципінде ғана қабылданды. Оның есесіне Плехановтың: Орталық Комитеттің *тиісті* (sic!*) мөлшерде азшылықтан кооптациялағаны жөн деген қарары қабылданды. Осыдан кейін біз өзіміздің қарарымызды кері қайтарып алып, Советтің ішіндегі осы орынға таласушылықтан туған басараздық саясатына қарсы шығып, наразылық білдірдік. Советтің үш мүшесі (Мартов, Аксельрод және Плеханов) бұл наразылықты қарауды «өздеріне лайық емес» деп жауап берді. Біз бұл халден шығатын бірден-бір *адал* жол — съезд дедік. Совет мұны да өткізбей тастады. Советтің үш мүшесі редакцияның өз уәкілдерін Орталық Комитеттен бөлек өзалдына жіберіп отыруын заңды егетін (!), таратуға керекті мөлшерде редакцияға әдебиет беріп отыруды Орталық Комитетке тапсыратын қарарлар қабылдайды (!!). Мұның мәнісі — олардың өздерінің тасып, таратуы үшін әдебиет беріп тұру деген сөз, өйткені олардан қазір бірінен соң бірі Орталық Комитет үшін керекті тапсырмаларды орындаудан *бастартатын* «агент» кетіп жатыр.

* — солай! *Ред.*

Мұның үстіне, олардың транспорты да дайын (жармажар пайдаланып тасуға ұсыныс жасады).

«Искрада» (№ 57) Плехановтың біздің Орталық Комитетті — *эксцентрик* (онда азшылық жоқ) деп атайтын және оған кооптация жасауға шақыратын мақаласы басылып шықпақ. Қанша адам кооптациялау керек екені белгісіз; жеке мәліметтерге қарағанда, өте шағын тізімнен (сірә, 5—6 адамнан) кемінде *үш* адам болса керек, ал оның үстіне біреулердің Орталық Комитеттен кетуі де талап етілуі ықтымал.

Енді әңгіменің неде екенін соқырлардың ғана көрмеуі мүмкін. Совет мартовшылдарға толық уступка жасауды талап етіп, Орталық Комитетті *барлық нәрсемен және түрліше* қыса түседі. Не дереу съезд шақыру керек, съезд шақыру туралы дереу 11—12 комитеттің қарарын жыю керек, дереу барлық күшті съезд үшін үгіт жүргізуге жұмылдыру керек. Не — бүкіл Орталық Комитеттің отставкаға шығуы керек, өйткені Орталық Комитеттің ішіндегілерден ешкім де масқаралық, күлкілі рольге: барлығын өз қолдарына алмайынша жандары жай таппайтын, өздерінің айтқандарын өткізу үшін ұсақ-түйектің бәрін Советке ала жүгіріп отыратын өздері *байлана кететін* адамдарды қабылдауға келісе алмайды.

Біз Курц екеуміз Орталық Комитеттің *қалай болғанда да дереу жыйналып,* біздің дауысымызды да, әрине, есепке алып, мәселені шешіп бітіруін қатты талап етеміз. Біз барынша, жүзінші рет қайталап айтамыз: не дереу съезд шақыру керек, не отставкаға шығу керек, — біздің пікірімізге қосылмайтындардың мәселені осы арада талқылау үшін осында келулерін сұраймыз. Бітімге келудің пайдасы туралы бізге құрғақ сөздер жазбай-ақ мартовшылдармен *іс жүзінде* сыйысып көрсін!

Біздің ақшамыз жоқ. Орталық Орган Орталық Комитетті жоққа шығаратын тығыз шаралар көру үшін, бізді көрне банкроттыққа қарай итермелеп, финанс жағынан күйреуімізге көрне есеп жасап, бізді шығынға батыруда.

Дереу және қалай болған күнде де екі-үш мың сом керек. Қалай да, дереу жіберіңіздер, олай болмаса бір айдан кейін *толық* күйреміз!

Тағыда айтамыз: жақсылап ойлап қараңыздар, *осында делегаттар жіберіңіздер* және жағдайды тура бағалаңыздар. Біздің ақырғы айтар сөзіміз:

не съезд шақыру керек, не бүкіл Орталық Комитет отставкаға шығу керек. Бізге дауыс бересіздер ме, дереу жауап қайтарыңыздар. Егер бермесеңіздер, *біз Курцпен отставкаға шыға қалған күнде не істеу керек екендігін* хабарлаңыздар, қалай да хабарлаңыздар.

*1904 ж. 31 январьда жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

94

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

*Гансқа Старихтен*

Қымбатты дос! Мен *Зверьді* көрдім, сіздердің істеріңіздің жайын тек сонан білдім. Меніңше, сен Ланьды қалай да дереу кететін ет және тонын өзгертетін ет. Оның соққы күтуі жөнсіз, күлкілі нәрсе. Құпия жағдайға көшу және жүріп жүру — құтылудың бірден-бір жолы міне осы. Ал шынында, мұндай қадамның оған ғана қиын, ауыр болып көрінуі мүмкін. Ол қадамды жасап көру керек, сонда жаңа жағдай көп ұзамай-ақ Лань үшін қалып болып алады. (Коняганың бұған қарсы дәлелдерін ешбір түсіне алмай отырмын және оған қосыла алмаймын.)

Онан соң бүкіл саяси ақуал жөнінде айтайын. Мәселе сұмдық шатастырылған. Плеханов мартовшылдарға кетіп қалды, сөйтіп Советте бізді тұншықтыруда. Совет Орталық Комитет толықтырылса екен деген тілек білдірді («Искраның» 58-номерінде бұл басылып шығады). Совет редакцияның агенттер жіберіп тұруына және таратуға әдебиеттер алып отыруына право берген.

Мартовшылдардың, анығында, өздерінің соғыс қоры бар, сондықтан coup d'état* жасау үшін қолайлы кезеңді ғана (финанстық күйреу сияқты кезеңді — біз ақшасыз қалдық,— немесе Россиядағы сәтсіздікке ұшырау сияқты, т. с. кезеңді) күтіп отыр. Мен бұған күмәнданбаймын, сондықтан біз Курц екеуіміз Орталық Комитеттің бұған күманданатын мүшелерінің бұған көздері жетуі үшін осында келулерін талап етеміз,— болмаса біріміздің ойға, біріміздің қырға тартқанымыз күлкілі нәрсе ғой, лайық іс емес қой.

---

* — төңкеріс. *Ред.*

Меніңше, кәзір 1) нағыз жауынгер қарарлар шығарып, комитеттерде Орталық Органға қарсы айғай-шу көтеру керек; 2) комитеттердің листоктерінде Орталық Органмен айтысу керек; 3) комитеттерде съезд туралы қарарлар алып, оларды сол арада басып шығару керек; 4) Шварцты, Вакарды және басқаларын Орталық Комитет үшін листоктар шығаруға отырғызу керек.

Гансқа ескертіп қою керек, оны қалай да маған қарсы жалған куә етіп тартады, қалай да сөйтеді. Егер Ганс жалған куә болғысы келмесе, онда дереу жазба түрде мынадай үзілді-кесілді мәлімдеме жіберсін: 1) келіссөздерді жарияламау туралы келісім болған жоқ; 2) Советте 29. XI. 03 Ганс Орталық Комитетке кооптация жасауға уәде берген жоқ; 3) Ганс Орталық Органды мартовшылдар бітімге келу үшін алады деп түсініп еді, бірақ олар 53-номерден бастап ұрыс көтеріп, оның үмітін ақтамады деген мәлімдеме жіберсін. Біз мәлімдемені өзімізді арандататын болған *ретте ғана* басып шығарамыз.

*1904 ж. 2 және 7 февральдың арасында жазылған*
*Женевадан Киевке жіберілген*

*Бірінші рет 1929 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 95

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Жазып отырған Старик. Землячка мен Конягиннің жазған хаттарын оқыдым. Мен қәзір съезді пайдасыз деп тауыпты дегенді ол қайдан шығарып алып жүр, мұны бір құдайдың өзі білсін. Қайта, мен бұрынғыша бірден-бір адал жол осы дегенімнен, соқырлық немесе қорқақтық қана мұндай қорытындыдан қашуы мүмкін дегенімнен қайтпаймын. Мен бұрынғыша Бористі, Митрофанды және Лошадьты міндетті түрде осында жіберуді талап етемін, міндетті түрде жіберсін, өйткені жұрт бұқпалап, бұл арадан Орталық Комитетке үш жыл жүгірсең де жүгіріп жете алмайтынды пайдаланып, алыстан кесіп-пішкенше, жағдайды (әсіресе Советтің мәжілістерінен кейін туған жағдайды) өз көздерімен көруі керек.

Съезді шақыру жөніндегі жұмыс, комитеттерде үгіт жүргізу, оларда ойластырылған және батыл (былжыр емес) қарарлар алғызу «тиімді» жұмысқа *жол қалдырмайды* немесе оған қайшы келеді деген пікірден өткен сорақы ештеңе жоқ. Бұл пікірден қәзірде партия ішінде орын алып отырған саяси ақуалды түсіне білмеушілік қана көрініп отыр.

Партия факт жүзінде быт-шыт етілді, уставы шүберекке айналды, ұйымы масқара етілді,— мұны көңілшек пошехондықтар ғана көрмеуі мүмкін. Ал кімде-кім мұны түсінген болса, ол адамға мынау айқын болуға тиіс: мартовшылдардың тегеуіріне (бітімге келу, т. б. жөніндегі арамдық мылжыңмен емес) тегеуірінмен жауап беру керек. Тегеуірін үшін барлық күшті қолдану да керек. Техникамен, транспортпен, қабылдау жұмысымен

*тек қана* көмекші күштер, жәрдемшілер, агенттер шұғылданатын болсын. Бұл жұмысқа Орталық Комитеттің мүшелерін қою — барып тұрған ақылсыздық. Орталық Комитеттің мүшелері барлық комитеттерді *қолға алуға* тиіс, көпшілікті іске жұмылдыруға тиіс, Россияны аралауға тиіс, өз адамдарын топтастыруға тиіс, тегеуірін жасауға тиіс (мартовшылдардың шабуылдарына жауап ретінде), Орталық Органға тегеуірін жасауға тиіс, тегеурін жасағанда 1) съезд шақыруды талап ететін; 2) редакцияның адамдар құрамы жөніндегі мәселеде оның съезге бағынатын-бағынбайтынын Орталық Органның редакциясынан *сұрайтын;* 3) «тоғышарларша жұмсақтық» жасамайынша, жуырда Астраханьның, Тверьдің және Уралдың масқаралағанындай етіп жаңа «Искраны» масқаралайтын қарарлармен тегеуірін жасауға тиіс. Бұл қарарларды Россияда басып шығару керек, біз мұны жүз рет айттық.

Меніңше, шынында да біздің Орталық Комитетте отырғандар революционерлер емес, бюрократтар мен формалистер. Мартовшылдар олардың беттеріне түкіреді, ал олар беттерін сүртіп, «күресу пайдасыз!» деп маған ақыл үйретеді... Орталық Комитеттің қазір Орталық Комитет емес екендігін және сондай болуға әуреленіп тырысудың күлкілі нәрсе екенін енді бюрократтардың ғана көрмеуі мүмкін. Не Орталық Комитет *Орталық Органмен соғысатын,* сөз жүзінде емес, іс жүзінде соғысатын, комитеттердің ішінде соғысатын ұйымға айналады, не Орталық Комитет — сазайын тартқызып лақтырып тастайтын, түкке жарағысыз шүберек.

Түсінсеңіздерші, құдай үшін, мартовшылдар централизмнің біржолата быт-шытын шығарды. Есуастық формалшылдықты тастаңдар, комитеттерді өз қолдарыңа алыңдар, *оларды* шет елдегі үйірмешілдікке қарсы партия үшін күресуге үйретіңдер, оларға листоктар жазыңдар (бұл съезд үшін үгіт жүргізуге бөгет болмайды, қайта оған көмектеседі!), техникаға көмекші күштерді қойыңдар. Орталық Органға қарсы жүргізілетін соғысқа басшылық етіңдер немесе... түкірікті сүртіп тастаумен «басшылық» етуге деген мүлде кісі күлерлік дәмені қойыңдар.

95

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Жазып отырған Старик. Землячка мен Конягиннің жазған хаттарын оқыдым. Мен қазір съезді пайдасыз деп тауыпты дегенді ол қайдан шығарып алып жүр, мұны бір құдайдың өзі білсін. Қайта, мен бұрынғыша бірден-бір адал жол осы дегенімнен, соқырлық немесе қорқақтық қана мұндай қорытындыдан қашуы мүмкін дегенімнен қайтпаймын. Мен бұрынғыша Бористі, Митрофанды және Лошадьты міндетті түрде осында жіберуді талап етемін, міндетті түрде жіберсін, өйткені жұрт бұқпалап, бұл арадан Орталық Комитетке үш жыл жүгірсең де жүгіріп жете алмайтынды пайдаланып, алыстан кесіп-пішкенше, жағдайды (әсіресе Советтің мәжілістерінен кейін туған жағдайды) өз көздерімен көруі керек.

Съезді шақыру жөніндегі жұмыс, комитеттерде үгіт жүргізу, оларда ойластырылған және батыл (былжыр емес) қарарлар алғызу «тиімді» жұмысқа *жол қалдырмайды* немесе оған қайшы келеді деген пікірден өткен сорақы ештеңе жоқ. Бұл пікірден қазірде партия ішінде орын алып отырған саяси ақуалды түсіне білмеушілік қана көрініп отыр.

Партия факт жүзінде быт-шыт етілді, уставы шүберекке айналды, ұйымы масқара етілді,— мұны көңілшек пошехондықтар ғана көрмеуі мүмкін. Ал кімде-кім мұны түсінген болса, ол адамға мынау айқын болуға тиіс: мартовшылдардың тегеуірініне (бітімге келу, т. б. жөніндегі арамдық мылжыңмен емес) тегеуірінмен жауап беру керек. Тегеуірін үшін барлық күшті қолдану да керек. Техникамен, транспортпен, қабылдау жұмысымен

*тек қана* көмекші күштер, жәрдемшілер, агенттер шұғылданатын болсын. Бұл жұмысқа Орталық Комитеттің мүшелерін қою — барып тұрған ақылсыздық. Орталық Комитеттің мүшелері барлық комитеттерді *қолға алуға* тиіс, көпшілікті іске жұмылдыруға тиіс, Россияны аралауға тиіс, өз адамдарын топтастыруға тиіс, тегеуірін жасауға тиіс (мартовшылдардың шабуылдарына жауап ретінде), Орталық Органға тегеуірін жасауға тиіс, тегеурін жасағанда 1) съезд шақыруды талап ететін; 2) редакцияның адамдар құрамы жөніндегі мәселеде оның съезге бағынатын-бағынбайтынын Орталық Органның редакциясынан *сұрайтын;* 3) «тоғышарларша жұмсақтық» жасамайынша, жуырда Астраханьның, Тверьдің және Уралдың масқаралағанындай етіп жаңа «Искраны» масқаралайтын қарарлармен тегеуірін жасауға тиіс. Бұл қарарларды Россияда басып шығару керек, біз мұны жүз рет айттық.

Меніңше, шынында да біздің Орталық Комитетте отырғандар революционерлер емес, бюрократтар мен формалистер. Мартовшылдар олардың беттеріне түкіреді, ал олар беттерін сүртіп, «күресу пайдасыз!» деп маған ақыл үйретеді... Орталық Комитеттің қазір Орталық Комитет емес екендігін және сондай болуға әуреленіп тырысудың күлкілі нәрсе екенін енді бюрократтардың ғана көрмеуі мүмкін. Не Орталық Комитет *Орталық Органмен соғысатын,* сөз жүзінде емес, іс жүзінде соғысатын, комитеттердің ішінде соғысатын ұйымға айналады, не Орталық Комитет — сазайын тартқызып лақтырып тастайтын, түкке жарағысыз шүберек.

Түсінсеңіздерші, құдай үшін, мартовшылдар централизмнің біржолата быт-шытын шығарды. Есуастық формалшылдықты тастаңдар, комитеттерді өз қолдарыңа алыңдар, *оларды* шет елдегі үйірмешілдікке қарсы партия үшін күресуге үйретіңдер, оларға листоктар жазыңдар (бұл съезд үшін үгіт жүргізуге бөгет болмайды, қайта оған көмектеседі!), техникаға көмекші күштерді қойыңдар. Орталық Органға қарсы жүргізілетін соғысқа басшылық етіңдер немесе... түкірікті сүртіп тастаумен «басшылық» етуге деген мүлде кісі күлерлік дәмені қойыңдар.

Комитеттің [illegible], ал оны [illegible] қол-дауы [illegible] де [illegible]. [illegible] басқа елдерге де емес, біздің Орталық Комитет «[illegible]» [illegible]*.

*Старик*

*1904 ж. февральдың [illegible]*
*[illegible]*
*[illegible]*

*Бірінші рет 1926 ж. басылып* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — [illegible]. *Ред.*

## 96

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ ОРГАНЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА

Орталық Комитет Орталық Органның редакциясына мынаны білдіреді: *Орталық Комитетке арналған* хаттарды Орталық Органның қолына беру туралы бұйрықты Орталық Комитет заңсыз және қиянатшыл басып алушылық, сенімді бұзғандық деп қарайды.

Мұнымен қатар Орталық Комитет мынаны мәлімдейді: кәзір хаттарды сұрыптау ісі тапсырылып отырған Блюменфельд жолдасқа оның конспирацияшыл емес екендігі және жанжалдарға әзір тұратыны үшін Орталық Комитет әбден толық баға берген болатын.

Сондықтан Орталық Комитет мұндай басып алушылықты және іс үшін оның сөзсіз зиянды зардаптары болатынын партияның барлық мүшелерінің есіне салады.

ОК

*1904 ж. 26 февральда Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 97

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Жолдастар! Орталық Комитеттің көпшілігі сіздердің съезге қарсы коллектив болып қабылдаған шешімдеріңіз туралы және «бақастықты» тоқтатудың керектігі туралы жазған хабарларыңызды алып, бұл хабарды үшеуіміз (Курц, Зверь және Ленин) отырып талқылағаннан кейін, біз бірауыздан мынандай шешім қабылдадық:

1) Орталық Комитеттің көпшілігімен екі арадағы алауыздықтарымыздың шын сыйпатын айқындағанға дейін Курц пен Ленин (Орталық Комитеттің мүшелері болып қала тұрып) Советтің мүшесі болу қызметін *уақытша* өздерінен ала тұрады. (Біз Советте бақастықтан құтылудың съезден басқа ешқандай адал жолы жоқ деп білеміз деген болатынбыз және съезді жақтап дауыс берген болатынбыз). Жалпы алғанда Советтен әсте бастартпай және алауыздықтарымыз бен түсініспеушіліктерімізді жолдастықпен ашып алуды өте тілеп, уақытша және шартты түрде кететіндігімізді баса көрсетеміз.

2) (А) шет елде Советтің Орталық Комитеттен тағайындалған мүшелері болуының қажеттігінен; (б) Орталық Комитеттің орыс мүшелерімен жеке кеңес өткізудің қажеттігінен; (в) Курц, Зверь және Ленин кеткеннен кейін (Курц пен Зверь Россияға кетеді, Ленин кемінде екі айға ресми және толық демалыс алады) шет елде Орталық Комитеттің мүшесі болуының қажеттігінен; (г) бұл арадағы «бақастық» туғызатын істерді Орталық Комитеттің бізбен *келісе алмаған* мүшелері басқаратын етіп жолға қоюдың қажеттігінен, өйткені біз бақастықпен өзіміз *күресіп отырғандағыдан* басқаша күресуге дәрменсізбіз, — осылардың бәрінің себебінен біз Орталық Комитеттен

орыс мүшелердің ішінен кем дегенде *біреуін* осы араға *дереу* және қалай да жіберетін болуын қатты талап етіп сұраймыз.

Осы хатты алғандықтарыңыз туралы және өздеріңіздің жауаптарыңыз туралы бізге дереу хабарлауларыңызды өтінеміз.

P. S. Өсек-аяң мен күнілгері болатын қауесеттерден аулақ болу үшін, біз Советке өзіміздің отставкаға шығатынымызды мына формада хабарладық: (толық көшірмесі).

*«Партия Советінің председателіне*

Қадірлі жолдас! Біздің біреуіміздің бұл арадан жол жүріп кеткеніміз, екіншіміздің демалыс алғанымыз себепті біз, амал жоқ, Орталық Комитеттің атынан Советтің мүшелері болу қызметін өзімізден *уақытша* ала тұруға мәжбүр болып отырғанымызды Сізге білдіреміз. Бұл жөнінде біз Орталық Комитетке хабарладық.

Социал-демократиялық сәлеммен

*Курц*
*Ленин»*

*1904 ж. 13 және 14 мартта жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*
*Бірінші рет 1929 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 98

## ППС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

Қадірлі жолдастар!

Сіздер қандай конференция шақыруды, қандай мекемелердің өкілдерінің қатысуымен шақыруды, қашан және қай жерде шақыруды жобалап отырғандықтарыңыз туралы неғұрлым толығырақ мәлімет хабарлағайсыздар. Сонан соң конференцияға поляк социал-демократтарының қатысуына қалай қарайтындықтарыңызды да хабарласаңыздар екен.

Сіздерден барлық қосымша мәліметтерді алғаннан кейін біз сіздердің ұсыныстарыңызды, біздің партияның уставына сәйкес, партия Советінің қарауына енгіземіз.

Жолдастық сәлеммен

ОК үшін...

*1904 ж. 7 апрельде жазылған*
*Женевадан жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 99

## Ф. В. ЛЕНГНИККЕ

Өз атымнан Колға қосып айтарым — ол ешбір кетпейтін болсын[178]. Егерде Валентиннің барлық мәселелер жөнінде кеңескісі келмесе және барлық мәліметті, түгел барлық мәліметті Колға бергісі келмесе, онда Валентин кете берсін. Колдың есінде болсын, оқиғалардың бүкіл барысы қазір біздің пайдамызға шығып отыр, тағыда біраз төзу керек, табандылық көрсету керек, сонда біздің ісіміз жеңіп шығады. Жұрттың бәрін, әсіресе Брутты кітапшамен сөзсіз таныстырыңыз. Кітапшамен танысқаннан кейін Брутқа тағыда қысым жасап көру керек. Брут біздікі болады, оның кетуін әзірге мен қабылдамаймын, Сіз де қабылдамаңыз, оның берген отставкасын әзірге қалтаға сала тұрыңдар. Землячканың отставкаға шығуы жөнінде сөз де болмауға тиіс, мынау есіңізде болсын: Землячканың отставкаға шығуын Нил тіпті тілемейді де. Бұл жөнінде Землячкаға хабарлаңыз және берік болыңыз. Тағыда айтамын, Орталық Комитеттің ішінде біздің ісіміз жеңіп шығады.

*1904 ж. 26 майда жазылған*
*Женевадан Москваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 100

## Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

Қымбатты дос! Біздің Нилмен жасаған договорымыздан[179], әрине, сен істің мәнін түсінесің. Құдай үшін, шешімге келуге асықпа және торығып жүрме. Алдымен қалай болғанда да менің кітапшаммен және Советтің протоколдарымен таныс. Өзіңнің уақытша істен шетте болғаныңа қысылма, онанда бірнеше дауыс беруден тартынғаның тәуір болар, бірақ мүлдем кетіп қалма. Сеніңіз, сен әлі өте-мөте керек боласын, достардың бәрі де сенің жуырда «қайта тірілетініңе» сенеді. Бізде партия ішінде көп жұрт әлі де болса аң-таң болып, сасқалақтап жүр, жаңа жағдайға көндіге алмай, қорғалақтап өзіне және әділ іске сенімін жоғалтып жүр. Солай бола тұрса да кейінге қаратудан біздің ұтып шығатынымыз, ұрыскерістің өзінен-өзі құрып бітіп, істің шын мәні туралы, принциптер туралы мәселенің алға қойылмай қоймайтыны бізге осында барған сайын айқын көрініп келеді, ал енді бұл мәселеде жаңа «Искра» сұмдық әлсіз болып шығып отыр. Бізді жік шығаруға ұмтылады деген өрескел ертегілерге сенбе, біраз шыдамың болсын, сонда сен біздің науқанымыздың тамаша екенін, біздің жұртты иландыру арқылы жеңіп шығатынымызды тез арада көресің. Маған қалайда жауап жаз. Егерде сен бір апта уақытқа осында келе алсаң, бұл бәрінен де жақсы болар еді,— іс үшін емес, тек қана дем алу үшін, таудың бір жерінде менімен жолығысу үшін келгенің жақсы болар еді. Рас айтам, сен әлі өте керек боласың, Коняга қателесіп сені өзіңнің бір жоспарыңнан айнытса да, ол

ештеңе емес, кейінге қаратылғанымен, әлі жоғалмаған нәрсе деп біл! Қалай да өзіңе-өзің келіп ал, біз әлі де күресіп бағамыз!

Сенің *Ленинің*

*Ерте дегенде 1904 ж. 26 майда жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 101

## Л. Б. ҚРАСИНГЕ

*Стариктен Лошадьқа жеке хат*

Сізге жіберіліп отырған документтер жөнінде (Нилмен жасалған шарт және менің ресми түрде Орталық Комитетке жазған хатым[180]) менің әлі Сізбен әңгімелескім келеді, өйткені көрісе аламыз ба, жоқ па білмеймін. Осында жуырда Сіздің «досыңыз» болды, Сіздің келетініңізді айтып үміттендірді, бірақ Нил бұл хабарды теріске шығарды. Егер сіз келмесеңіз мұныңыз тым өкінішті: келгеніңіз барлық жөннен де сөзсіз қажетті болар еді, өйткені түсініспеушілік тым көп, егер жүз көрісіп, әбден жақсылап сөйлесіп ала алмасақ, мұның өзі бүкіл жұмысты бөгеп, өскен үстіне өсе бермек. Келесіз бе, менің кітапшама қалай қарайсыз, маған осыны қалайда жазып жіберіңіз. Тегінде хат жазуға келгенде Сіз кешіргісіз салақсыз.

Борис (сірә, Коняга да), меніңше, көрне артта қалған көзқараста қалып қойған сияқты. Олар әлі де болса «ноябрьдің сарынымен жүр», ол кезде біздің партиялық күресімізде істің бәрін ұрыс-керіс басқан еді, ол кезде жұрт бір-бірінің дегеніне аздап көне қоятын болса, бәрі де «өзінен-өзі жөнделіп кетеді» деп үміттенуге болатын еді, т. т. Кәзір бұл көзқарас ескіріп қалды, сондықтан ол көзқарастан таймау деген не бір нәрсені мағнасыз қайталай беретін тоты құс болу деген сөз, не саяси бір тұрақсыз кісі болу деген сөз, не болмаса басшылық роль атаулының бәрінен бастартып, дүлей арбакешке, дүкеншіге айналу деген сөз. Оқыйғалар бұл ескі көзқарасты қайтып келместей етіп қыйратты. «Кооптациядан» мартовшылдар да іргесін аулақ салып отыр; жаңа «Іскраның» беті толы принцип жөніндегі бос сөздер кәзірдің

өзінде de facto* ұрыс-керіс атаулыны әлдеқайда кейінге ығыстырып шығарды (демек қазір тек тоты құстар ғана ұрыс-керісті тоқтатуға шақыра алады), мәселе қазір партия және «Искраға» тиісті ма, жоқ па дегенге тірелді, оқиғалардың күшімен осыған тірелді, құдай үшін осыны түсініңізші. Егерде біз әншейін қол жаулық болғымыз келмесе, біз қазіргі жағдайды міндетті түрде түсінуіміз керек және үйірмешілдікке қарсы партиялық үшін, оппортунизмге қарсы ұйымның революциялық принциптері үшін жүргізілетін ұстамды, бірақ сөзсіз принципті күрестің жоспарын әзірлеп шығуымыз керек. Мұндай күрестің қандайы болса да жікке айырылушылық болады деген ежелгі құбыжықпен қорқытуды қоятын уақыт жетті, арбакештер мен дүкеншілердің «тиімді жұмысын»… дәлелге алғансып өзіннің партиялық міндеттеріннен қашып, бас паналауды қоятын мезгіл жетті, съезд үшін үгіттеу Ленинннің интригасы деген, көп ұзамай балалар да күлкі қылатын пікірден бастартатын мезгіл жетті.

Тағыда айтамын: Орталық Комитет мүшелерінің мүлде артта қалған ақымаққа айналып кетуіне үлкен қауіп бар. Кімде-кімнің тіпті азда болса саяси абройы мен саяси адалдығы болатын болса, ол адам сынаптай құбылып, құлыққа басуды қоюға тиіс, (мұны біздің момын Борис түгіл, *керек десе* Плеханов та істей алмаған!), ол адам белгілібір позиция ұстап, өзінің пікірлерін қорғауға тиіс.

Қолыңызды қатты қысып, жауап күтемін

Сіздің *Ленин*

*Ерте дегенде 1904 ж. 25 майда жазылған*
*Женевадан Бакуге жіберілген*
*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 102

## Е. Д. СТАСОВА мен Ф. В. ЛЕНГНИККЕ

Абсолюттің съезд туралы жазған хатын кәзір алдық, бірақ ешнәрсе түсінбедік. Съезд кімнің бастамасы бойынша шақырылмақшы? Онда атап айтқанда кімдер болады, Никитич, Лань және Валентин бола ма? Осының бәрін мүмкін қадері толығырақ білуіміз қажет. Мынадай оқыйға болып қалуы мүмкін ғой: Лань, Никитич және Митрофан өз дауыстарын Нильге немесе Валентинге беріп қоюы мүмкін ғой, ол уақытта көпшілік соларда болады да, олар coup d'état* жасауы мүмкін; шет елде мұны жасау оп-оңай — олардың қаулыларын мақұлдау үшін Совет нақ жанында. Осында жұмсақ мүшелердің[181] съезінің болуы тегінде кәзіргі кезде өте қауіпті нәрсе болып шығуы мүмкін. Нильдің өзін қалай ұстап отырғанына қарағанда — онан бәрін де күтуге болады. Мәселен, Плехановтың хаты жөнінде ол былай дейді: «Лениннің саясатымен келіспейміз, бірақ оны ұстап бергіміз келмейді деп жауап беру керек» дейді. «Лениннің саясаты» деп оның нені түсінетінін бір құдайдың өзі білсін. Соколмен қандай да болсын түсінісуден ол бастартып: «Менің пікірімді Валентиннен білесіз» деді. Азшылықпен өте тәтті-тату сөйлеседі, көпшілікпен сөйлескендегіден мүлде басқаша сөйлеседі. Соколдың бүгін жүріп кеткісі келген еді, бірақ кәзір біз не болғанын біле алмай қайран болып отырмыз. Егер өздеріне тиімді болатын болса, «жұмсақтардың» бір өздері дауыстардың басқаларға берілуіне жол жоқ деп қаулы шығаруы мүмкін, ал ол уақытта Соколдың жүруінің керегі жоқ,— артық бір

* — төңкеріс. *Ред.*

дауыс болар, оның үстіне Ленинге көмек те керек. Ал егер съезд төңкеріспен аяқталады деп ойлауға негіз болмайтын болса, онда Соколдың бұл арада жүре беруінің түкке керегі жоқ. Егер біріншісі болса, онда: «Geld folgt»* деп телеграмма беріңіздер (Соколдың дереу жүріп кетуі керек деген сөз); егер екіншісі болса — «Brief folgt»** деп телеграмма беріңіздер (Соколдың шет елде қалуы керек деген сөз). Телеграмма жіберілетін адрес:...

Сонымен қатар тезірек хат салып, мүмкіндігінше толығырақ етіп жауап жазып жіберіңіздер. Мерзімін дәлірек белгілеңіздер. Пәтер дайындаңыздар деген сөздің мәнісі не? Мұнымен қатар сіздер бәрі де қаттылау-жұмсақ «матреншылдардың» қолына түспей-ақ барлық «тастай қаттылар» жүріп кете алады деп ойлайсыздар ма? Мәселен, егер Валентин қалып, ал басқалары жүріп кететін болса, оның көп нәрсе істеп жіберуі мүмкін.— Ол уақытта, Россияда Соколдың болуы, бәлкім, қажетті болар. Осының бәрін де құнттап ойластырыңыздар. Орталық Комитет жөніндегі сіздердің оптимизміңізге біз әзірге қосылмаймыз, бірақ біздің жеңетіндігіміз туралы мәселеде біздер оптимиспіз.

Егер съезд жалпы съезд болатын болса, онда Қол Ланьды осында алып келуге және оның (Ланьның) Конягаға немесе Бориске дауыс беруі coup d'état туғызатынын және Ленинді кескілескен күреске шығаратынын Ланьға түсіндіруге тағыда барынша қатты күш салып тырысатын болсын.

*1904 ж. 19 июньде жазылған*
*Женевадан Москваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*В. И. Лениннің түзетулері мен қосымшалары бар Н. К. Крупская жазған көшірме бойынша басылып отыр*

## 103

## ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ СЕКРЕТАРЫ Ю. О. МАРТОВҚА

Мартов жолдасқа

Қадірлі жолдас! Мен сіздің жазылған уақыты көрсетілмеген хатыңызды саяхатта жүрген кезімде алдым, қолымда Советтің протоколдары жоқ еді. Қалай болғанда да Совет мүшелерінің Советтің мәжілісінен тыс өздерінің дауыстарын беруін немесе Советтің компетенциясына жататын қандай да болсын істер жөнінде бір-бірімен келісулерін мен принципінде мүлде жол берілмейтін және заңсыз іс деп санаймын. Сондықтан мен кандидаттарға дауыс беру туралы Сіздің ұсынысыңызды орындай алмаймын. Егер мен қателеспесем, Советтің барлық мүшелері конгресте біздің партияның атынан өкілдік етеді деп шешкен Совет[182]. Демек, бұл мәселе шешілген деген сөз. Егер Советтің мүшелерінің ішінен біреу-міреу жүре алмайды екен, онда, менің-ше, ол өзінің орнына басқа біреуді жібере алады: халықаралық конгрестердің салты бойынша бұлай орнына кісі жіберуге болатын-болмайтынын, мен, әрине, білмеймін, бірақ біздің партияның уставында және оның әдеттегі правосында орнына бұлай кісі жіберуге кедергіні білмеймін. Мен өзім де бара алмаймын, сондықтан өзімнің орныма Орталық Комитеттің уәкілі Лядов жолдасты және Москва комитетінің мүшесі Сергей Петрович жолдасты жібергім келер еді.

Социал-демократиялық сәлеммен Совет мүшесі

*Н. Ленин*

P. S. Орталық Комитетке хабарлау жөнінде мен Женевадағы агенттерге жазып жіберемін, менің жоғымда барлық істі осылар басқарады.

*1904 ж. 10 августа Швейцария тауларында жазылған Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 104

## М. К. ВЛАДИМИРОВҚА

*Фрэд үшін*

Қымбатты жолдас! Сіздің соңғы жазған хатыңызды алдым. Хаттардың барып жетпеуінен қорықсам да ескі адрес бойынша жазып отырмын, мұның алдындағы хатқа барынша толық жауап берілген болатын. Сіздің барлық хаттарыңыздан көрініп отырған маған деген жолдастық сеніміңіз маған Сіздің жеке өзіңізге арнап хат жазғызып отыр. Бұл хат коллегияның атынан да және комитет үшін де жазылып отырған жоқ.

Бүкіл Россияда істің жайы қандай болса, кісінің жетімсіздігінен, әдебиеттің жоқтығынан, барынша хабарсыздықтан қорлық көріп отырған сіздің комитеттегі істің жайы да дәл сондай. Барлық жерде де адам тапшылығы сұмдық, көпшіліктің комитеттеріндегіге қарағанда азшылықтың комитеттерінде одан да бетер, бүтіндей бытырандылық, жұрттың көңіл күйінің жалпы ауырлығы мен ашынушылық, тиімді жұмыстың тоқырауы орын теуіп отыр. Екінші съезден бастап партияны жұлмалап бөлшектеуде, кәзір де бұл жағынан өте көп нәрсе істелді: азшылықтың тактикасы партияны сұмдық әлсіретті. Бұл тактика съездің өзінде-ақ Орталық Комитетке қуғын сала бастап, оны баспасөзде де, ауызша да күшті жүргізіп, Орталық Комитеттің беделін түсіру үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істеп бақты; ол тактика Орталық Органның онан да бетер беделін түсіріп, оны партиялық органнан көпшіліктен кек алу органына айналдырды. Егер Сіз «Искраны» оқыған болсаңыз, мұны Сізге айтпаса да болады. Олар алауыздықты қоздыра түсуге салынып, кәзір «төртінші — искралық — дәуірді жоюды» өздеріне ұран етіп көтерді және перспективаны мүлде бұрмалап, искра-

шылдыкты бұрын оның ең кас-жаулары калай түсіндірген болса, солай түсіндіріп, олар кеше ғана өздері бас иген нәрселердің бәрін отка өртеуде. Өздерінің кешегі күні нені корғағандығын ұмытпаған партия кызметкерлері Орталық Органға ермей отыр. Комитеттердің орасан көпшілігі кәзір съезд көпшілігінің көзкарасында тұр, сөйтіп бұлардың партиялық органмен рухани байланыстары бірден-бірге үзіліп келеді.

Бірак істің кәзіргі жайының тиімді жұмыска әсерін тигізіп отырғаны сонша, оған бөгет жасап отырғаны сонша, партия кызметкерлерінің бірсыпырасында мынадай пығыл пайда болды: партияның ішінде болып жаткан кескілескен өзара күрестің бәрінен мүлде безіп, тиімді жұмыска бару керек деген пығыл пайда болды. Олар көздерін жұмғылары келеді, кұлактарына макта тыккылары келеді, тиімді жұмыстың тасасына тығылып бас паналағылары келеді, олар кәзір, партияда бола тұрып, ешкайда кашып кұтылуға болмайтын нәрсенің бәрінен кашып, содан тығылуда. Орталық Комитеттегі адамдардың бір бөлегі ұлғайып келе жаткан алауыздыкты көрмеуге тырысып, партияның ыдырау фактысын көрмеуге тырысып, осындай «ымырашыл» позицияға шығып та отыр. Көпшілік (ымырашыл емес көпшілік) былай дейді: тезірек әйтеуір бір кұтылатын жол табу керек, калай болғанда да өзара келісіп сөз байласу керек, идеялык күрестің азды-көпті калыпты түрде жүретін шеңберін табуға тырысып көру керек, жана съезд керек дейді. Азшылык съезге карсы, олар былай дейді: партияның орасан көпшілігі бізге карсы, сондыктан съезд бізге тиімді емес; «ымырашыл» көпшілік те съезге карсы, ол көпшілік Орталық Органға да, Орталық Комитетке де карсы барлык жұртта өсіп келе жаткан ашу-ызадан коркады. Съездің тек жіктеліске бастап әкелуі мүмкін деп ойласак, мұның аты бізде мүлде партия жок, біздің бәрімізде партиялық сезімнің нашар дамығандығы соншалык — ол сезім ескі үйірмешілдікті жеңе алмайды деп мойындау деген сөз болар еді. Бұл жағынан біздің дұшпандарымыздың өздері жөнінде өздерінің ойлайтынынан гөрі біздің олар жөнінде жаксы пікірде болғанымыз. Әрине, ешнәрсеге де кепіл болып болмайды, бірак дау-жанжалды партиялык жолмен шешуге және жол табуға әрекет жасап көру керек. Калай болғанда да көпшілік жіктелісті тіле-

мейді, ал кәзіргі орын алып отырған жағдайларда жұмыс істей беру барған сайын мүмкін болмай барады. Кәзірдің өзінде 10 нан астам комитет съезд шақыруды жақтап шықты (Питер, Тверь, Москва, Тула, Сибирь, Кавказ, Екатеринослав, Николаев, Одесса, Рига, Астрахань), бірақ тіпті комитеттердің орасан көпшілігі съездің болуын жақтап шыққанның өзінде де, съезд тез арада бола қоймайды, өйткені Орталық Орган да, Орталық Комитет те, мүмкін, Совет те орыс жолдастардың көпшілігінің тілегіне қарсы болады.

Әдебиет жағына келетін болсақ, Орталық Комитеттегі осы жөнінде өзімен әңгіме жасаған жолдас сіздің комитетке әдебиет уақытында дұрыс жеткізіліп тұрады деп жауап берді. Сірә, бір шатастырушылық бар шығар. Сіздерге екі рет адам жіберілді, бірақ Россияда оларды басқа жерлерге жіберіп отырған. Әдебиет жаңалықтарын жол жүрушілерден беріп жіберуге тырысамыз.

Жолдастық сәлеммен *Ленин*

*1904 ж. 15 августа Швейцария тауларында жазылған, Гомельге жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж. басылған*

*Н. К. Крупская жазған көшірме бойынша басылып отыр*

## 103

## «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА

Росс. СДЖП Орталық Органына

24. VIII. 04.

Қадірлі жолдастар! Женевадан едәуір алыста жүрген соң, мен Орталық Комитет қабылдапты деген «декларацияны» Орталық Орган редакциясының басып шығаруға ұйғарғаны туралы бүгін ғана білдім[183].

Орталық Органның редакциясына мынаны ескертуді борышым деп есептеймін: бұл декларацияның заңдылығына, яғни бұл мәселе жөнінде Орталық Комитеттің көпшілігі қабылдапты деген шешімнің заңдылығына мен 18. VIII. 04. жылдың өзінде-ақ қарсылық білдірген болатынмын[184].

Кәзіргі кезде Орталық Комитеттің мүшесі (Митрофан жолдастың отставкаға шығуының және, егер ұзын құлаққа сенетін болсақ, Зверев пен Васильевтің тұтқынға алынуының салдарынан) алты адам.

Мендегі мәліметтерге қарағанда, мынадай ұйғарынды тіпті шын сияқты: алты мүшенің ішінен үш мүшенің ғана бүкіл Орталық Комитеттің атынан пікір айтуға және тіпті 26. V. 04 жасалған формалдық договормен байланысты шетелдік екі өкілден аттап өтіп барып пікір айтуға батылдықтары барған (бұл договорға Глебов, Зверев және мен қол қойғанмын).

Осыған қосып менің 18. VIII. 04. мәлімдememнің көшірмесін жібере отырып, мынаны айтуға тиіспін: қаулының шындығына менің білдірген қарсылығым бойынша мәселені Орталық Комитеттің ішінде шешпей тұрып «декларацияны» жарыялаған күнде *бүкіл дау-жанжалды, шатақты* баспасөздің бетіне көшіргені үшін жауапкерші-

лік Орталық Органның редакциясының мойнына жүктеледі.

Орталық Комитеттің мүшесі және шетелдік өкіл
*Н. Ленин*

P. S. Қалай болғанда да менің Глебов жолдаспен батыл түсінісуіме дейін «декларацияны» жариялауды кідірте тұруды мен сөзсіз міндетті деп есептер едім, Глебов, мендегі мәліметтерге қарағанда, бүгін Берлиннен Женеваға шығады. Орталық Комитеттің мүшесі маған керек десе осы декларацияны тегі жариялау жөніндегі Орталық Комитеттің қаулысы да мәлім емес.

Егер осыған қарамастан редакция декларацияны жариялауға бел байласа, ол уақытта мен ол декларацияның заңдылығына білдірген менің қарсылығымды да жариялауға редакцияны әділеттік жағынан міндетті деп есептеймін.

*Швейцария тауларында жазылган,*
*Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылган*

*Н. К. Крупская жазган көшірме бойынша басылып отыр*

## 106

# КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ КӨПШІЛІКТІҢ РОССИЯДАҒЫ БАРЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЖАҚТАСТАРЫНА

Барлық және қандай да болсын корреспонденцияларды жыйнап. Ленин үшін деген жазумен біздің адрестерімізге жіберуге дереу кіріскейсіздер. Мұнымен қатар ақша да өте керек. Оқыйғалар шиеленісіп барады. Азшылық Орталық Комитеттің бір бөлегімен келісіп алып, көрне төңкеріс әзірлеп жатыр. Біз ең жаман нәрсе болып кете ме деп ойлаймыз. Жуырда толық жазып жібереміз.

*1904 ж. 28 август шамасында*
*Швейцария тауларында жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 107

## В. А. НОСКОВҚА

Орталық Комитеттің мүшесі Глебов жолдасқа

30. 8. 04.

Қадірлі жолдас! Менің 18. 8. 04 білдірген қарсылығыма Сіздің қағаз жүзіндегі жауабыңызды және Орталық Комитет қабылдапты деген қаулылар туралы толық мәліметтерді алмай тұрып, кооптация туралы Сіз ұсынып отырған дауыс беруге[185] қатыса алмаймын. Қәзір Женеваға бара алмаймын.

ОҚ мүшесі *Ленин*

*Швейцария тауларында жазылған, Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 108

## В. А. НОСКОВҚА

*Глебов жолдасқа.* Сіздің 30. 8. 04 жазған қағазыңызға жауап ретінде Сізге мынаны хабарлаймыз: Орталық Комитеттің Сіз дәлелге алып отырған қаулыларының заңдылығы мен шындығына Орталық Комитеттің мүшесі Ленин жолдас дау айтқан. Орталық Комитеттің ішіндегі дау-жанжалдың бүкіл барысы туралы хабардар болған Орталық Комитеттің агенттері есебінде біздер де өз тарапымыздан бұл қаулының заңдылығына дау айтып, Орталық Комитеттің қаулысы заңды деп танылуға тиіс емес дейміз, өйткені ол қаулы көрнеу теріс фактыны хабарлаудан басталады: Орталық Комитеттің жиналысы туралы хабардар емес Орталық Комитеттің *екі* мүшесін осында шет елден біз өзіміз көрдік. Сіз бізге тура өтірік нәрсені (Ленин жолдастың кітабына Орталық Комитеттің бейне тыйым салғандығы туралы[186]) бұрын да бір рет хабарлағаннан кейін, біз Сіздің тарапыңыздан болатын мәлімдемелерге онан бетер күманданып қараймыз. Сондықтан біз Сізге Орталық Комитеттің шешімінің заңдылығын тексеру үшін бізге дереу толық мәліметтерді (жиналыстың құрамы* және әрбір қатысушының жазба мәлімдемесі) хабарлауды ұсынамыз. Орталық Комитеттің шын көпшілігінің заңды шешімдеріне қарсы келуге

* Жалған түсініктен аулақ болу үшін мынаны мәлімдейміз: жиналыстың құрамы туралы баспасөз жүзінде (декларацияда) жасалған теріс мәлімдемеден кейін, жиналыстың құрамын біліп барып болмаса шындықты басқаша білуге біздің мүлде ешқандай мүмкіндігіміз жоқ.

ешбір ойымыз болмай, бұл заңдылық бізге қашан дәлелденгенге дейін, біз Сіздің барлық мәлімдемелеріңізді елеусіз қалдырамыз.

*1904 ж. 30 немесе 31 августа*
*Швейцария тауларында жазылған,*
*Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 109

## В. А. НОСКОВҚА

Глебов жолдасқа

2. IX. 04.

Қадірлі жолдас! Орталық Комитеттің көпшілігі қабылдапты деген шешім жөніндегі менің білдірген қарсылығыма Сіздің жауап беретін ойыңыз бар ма, осыны маған хабарлауыңызды өтінемін.

Осипов жолдас өзінің кететіндігі туралы «Орталық Комитеттің өткендегі кезекті жыйналысының» қайсысында мәлімдеді?

Орталық Комитеттің Осипов мәлімдеме жасаған кезде болмаған мүшелеріне бұл жөнінде дәл қашан және кім хабарлады?

Осипов жолдастың жалған кетуі жөнінде өзінің, Валентиннің, Васильев жолдаспен түсінісулері туралы Валентин жолдас Орталық Комитетке айтты ма?

Травинский жолдас өзінің отставкаға шығатындығы туралы қашан және формалдық жағынан кімге мәлімдеді? Маған осы мәлімдеменің көшірмесі мен барлық егжей-тегжейін хабарлауды өтінемін. Бәлкім, бұл жөнінде маған біреу жазған шығар да, бірақ хат жоғалып кеткен шығар?

Орталық Комитеттің *барлық* мүшелері (Орталық Комитеттің құрамы мен оның... июльдегі шешімінің) заңдылығын «тексеріп» болғанға дейін мен өзімді де, Глебов жолдасты да партия Советінде Орталық Комитеттің атынан өкілдік етуге праволы деп есептемеймін.

ОК мүшесі *Н. Ленин*

*Швейцария тауларында жазылған, Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 110

## ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ СЕКРЕТАРЫ Ю. О. МАРТОВҚА

Мартов жолдасқа

2. IX. 04.

Қадірлі жолдас! Советтің мәжілісіне Сіздің 31. VIII. 04 жіберген шақыруыңызға жауап ретінде мен мынаны мәлімдеуге тиіспін: Орталық Комитеттің барлық мүшелері оның құрамы мен оның соңғы, бейне кезекті, жыйналысының заңдылығын тексеріп шыққанға дейін мен өзімді де, Глебов жолдасты да партия Советінде Орталық Комитеттің атынан өкілдік етуге праволы деп есептемеймін. Осындай тексеру қашан болғанға дейін мен Глебов жолдастың ресми қадамдарының қандайын да болсын (Советке қатысуы да ресми қадам болып табылады) *заңсыз* деп есептеймін.

*Көрнеу* бір *өтірікті* және Орталық Комитеттің құрамын өздерінің... июльдегі «мәжілісінде» Орталық Комитеттің үш мүшесінің жүргізген «тексеруіндегі» бір *қате жағдайды* көрсетіп өтумен қанағаттанамын. 1) Митрофановтың отставкасы жөнінде менде Осипов жолдастың жазба мәлімдемесі бар. Травинскийдің отставкасы жөнінде менде ешқашан және ешкімнен сөзсіз жазба мәлімдеме болған емес. Орталық Комитеттің үш мүшесі қалған мүшелердің пікірлерін сұрамастан отставканы, басқасын былай қойғанда, мезгілінен бұрын қабылдаған. 2) Осипов жолдастың атышулы отставкасы жайында менде Орталық Комитеттің мүшесі Васильевтің өзінің Валентин жолдаспен таласы туралы және бұл таласты Орталық Комитеттің жалпы жыйналысында қарауға шешім алынғандығы туралы жазба хабары бар. Осиповтың отставкасы жөнінде менде де бірде-бір хабар жоқ. Орталық Комитеттің 3 мүшесінің: Осипов Орталық Комитеттің өткендегі кезекті жыйналысында өзінің шығатынды-

ғын формалды түрде мәлімдеді деген мәлімдемесі *көрне жалған нәрсе;* мұның жалған екендігі Зверев пен *Глебов* қол қойған 26. V. 04 договор бойынша документ жүзінде расталып отыр. «Орталық Комитеттің өткендегі кезекті жыйналысынан» соң *айлар өткеннен кейін* және Осипов СПБ. Комитетіне кіріпті делінгеннен кейін жасалған бұл договорда Орталық Комитеттің құрамы 9 адам деп, яғни *Осиповты қоса есептелуінше,* мойындалып отыр.

ОК мүшесі *Н. Ленин*

*Швейцария тауларында жазылған,*
*Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Н. К. Крупская жазған көшірме бойынша басылып отыр*

## 111

# ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ СЕКРЕТАРЫ Ю. О. МАРТОВҚА

*Мартов жолдасқа*

7. 9. 04.

Қадірлі жолдас! Сіз хабарлаған көшірмелер жөнінде мынаны айтуға тиіспін: шақыруға бармаймын деп мен бір рет жауап қайтарғаннан кейін Совет қайтадан шақыру қағаз жіберіп бекер әуре болған. Мен Орталық Комитеттің ішіндегі «дау-жанжалды» шешу ісін Советтің қарауына беруге ешқашан тілек білдірген емеспін. Қайта, мен Глебов жолдасқа да, Мартов жолдасқа да жазған хаттарымда Орталық Комитеттің құрамының заңдылығын Орталық Комитеттің барлық мүшелері ғана тексеруге компетентті деп тура айтқан болатынмын. Орталық Комитеттің ішіндегі дау-жанжалды қарауға Советке устав та әсте өкілдік берген емес.

Халықаралық конгрестің бюросы *менің* мандатымды өзімнің сеніп тапсырғанымды қабылдағаннан кейін[187], мен мұнан былайғы жерде ешқандай Советтің алдында ешқандай есеп беруге міндетті емеспін. *Белгілі* мәселелер жөнінде әрбір тілеген адамға (жазба немесе баспа түрде) түсініктер беруге шын ынтаммен әзірмін.

ОК мүшесі *Н. Ленин*

*Женеваның төңірегінде жазылған, Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 112

# ОҢТҮСТІК КОМИТЕТТЕРДІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА [188] ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК БЮРОСЫНА

Жолдастар! Көпшіліктің Ұйымдастыру комитетін құрудың керектігі туралы сіздердің алған қарарыңызға жауап ретінде, біз сіздердің идеяларыңызға толық қосылатындығымызды асығып хабарлаймыз. Біз тек бұл топты Ұйымдастыру комитеті деп атамай, Көпшілік Комитеттерінің Бюросы деп атағанды дұрыс көрер едік. ККБ-сын тағайындау ісін біз өз міндетімізге алуды мүмкін деп есептемейміз, көпшілік комитеттерін біріктіру ісіне факт жүзінде кірісккен (бұл өздеріңізге мәлім) Мартын, Демон және К., Барон, Сергей Петрович, Феликс және Лебедев жолдастарды ұсынумен шектелеміз. Біздің ойымызша, бірсыпыра комитеттер тікелей қолдаған жағдайда осы жолдастар көпшілік жағындағылардың ісін біріктіретін жеке топ ретінде іске кірісе алар еді.

(22-нің конференциясына қатысушылар[189])

*1904 ж. 5 октябрьден кейінірек жазылған*
*Женевадан Одессаға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* · *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 113

## КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІНЕ

Бонч-Бруевич пен Лениннің жаңа баспасының[190] барлық басып шығарған кітаптарын комитетке жеткізуді және бұларды үзбей жеткізіп отыруды өтініп қалай да және дереу орыс Орталық Комитетіне *ресми түрде* сөз салыңыздар (жазған қағазыңыздың көшірмесін бізге жіберіңіздер). Орталық Комитеттен жауап алмай қоймаңыздар және жауабын бізге жіберіңіздер. Цекистермен көзбе-көз жолығысуды пайдаланыңыздар және олардың жауаптары жөнінде олардан куәлардың көзінше сұраңыздар. 73—74-ші номерге берілген қосымшаны — Советтің шешімдерін алдыңыздар ма[191]? Бұл жөнсіздікке наразылық білдіру керек, мұның өзі съездің шешімдерін тікелей бұрмалап бұзғандық, жергілікті жерлерді комитеттерге тура қарсы көтергендік және Советтің ішіне қыйқылжың енгізгендік. Егерде бұл шешімдерді алмаған болсаңыздар, оны да Орталық Комитеттен сұратыңдар да, бізге хабарлаңыздар. Бізде осы жуырда Советтің бұл шешімдерінің толық талдануы басылады.

*1904 ж. 5 октябрьден кейінірек жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 114
## СИБИРЬ КОМИТЕТІНЕ

Женева. 30. Х. 04.

*Сибирь комитетіне Н. Лениннен*

Қадірлі жолдастар! Менің сіздер арқылы Симонов жолдасқа жауап бергім келеді, ол осында Сибирь Одағының өкілі ретінде болып, кетер алдында маған өзінің ымыраласу көзқарасын баяндаған хатын тастап кеткен (мен ол кезде Женевада емес едім). Сіздерге мазмұны Симонов жолдастан мәлім болуы ықтыймал осы хат жөнінде менің сіздермен әңгімелескім келеді. Симонов жолдастың көзқарасы міне мынадай: әрине, олар (азшылық) анархистер мен іріткі салушылар, бірақ оларға ешнәрсе істей алмайсың ғой; төзгісіз жағдайдан өйтіп-бүйтіп құтылу үшін, азшылыққа қарсы бұдан былай күрес жүргізерліктей күш жыйнап алу үшін «уақытша бітімге» келу қажет (өзі, басқа ымырашылдардан өзгеше, бітім туралы емес, уақытша бітім туралы айтып отырғанын Симонов дәл баса көрсетеді).

Ымыраласудың сирек кездесетін *шын* жақтаушысы ретіндегі Симонов жолдастың хатымен танысу маған өте ғибратты нәрсе болды. Ымырашылдардың арасында екіжүзділіктің көптігі сонша — ойындағысын ғана айтатын адамның пікірлерін (теріс пікір болса да) тыңдағаныңда бір түрлі дем алып қаласың. Ал оның пікірінің теріс екенінде сөз жоқ. Жалғандықпен, шатастырушылықпен және қыйқылжыңмен *ымыраға келуге* болмайтынын оның өзі де түсінеді, бірақ *уақытша бітім* туралы алыпқашты сөздерде қандай мағна бар? Азшылық бұл уақытша бітімді өз позицияларын нығайтып алу үшін ғана пайдаланады ғой. Фракциялық айтыс (екіжүзді Орталық Комитет өзінің комитеттерге жазған ең соңғы хатында, сірә, сіздердің өздеріңіз де алған хатында, тоқтатамыз деп екіжүзділікпен

уәде еткен айтыс) тоқтаған жоқ, қайта бұл айтыс тіпті азшылықты жақтайтын Каутскийдің өзі де мінеген ерекше сорақы форма алды. Тіпті К. Каутский де өзінің «Искраға» жазған хатында «бүркемелі» айтыс қандай да болсын өзге айтыстан жаман, өйткені мәселе шатастырылады, ишарат сөздер күңгірт күйінде қалады, мәселеге тура жауап беру мүмкін болмайды деп айтқан-ды. Ал енді «Искраны» алып қараңыз — 75-номеріндегі басмақалада, тақырыбы біздегі алауыздықтардан өте алыс жатқан басмақалада, ызалы кәрінің советник Ивановтарға, шіп-шикі надандарға, т. т., т. б. қарсы бәлағаттары орынсыз айтыла бергенін көресіз. Орталық Комитеттен қашқан қашқындарымыздың тұрғысынан қарағанда бұл, сірә, фракциялық айтыс болмау керек! Мен бұл жерде шын мәнінде басмақала авторының (сірә, Плехановтың) келтірген дәлелдері туралы сөз де қылып тұрғаным жоқ: Маркс прудонистер жөнінде *жұмсақ* болған еді дегенді дәлел етеді. Тарихи фактыларды, тарихи ұлы есімдерді мұнан өткен жалғандықпен пайдалану бола қояр ма екен? Марксизм мен прудонизмнің айырмашылығын *шатастыруды* жұмсақтық деген ұранмен бүркемелеген болса, Маркс бұған не айтар еді? (рабочеделошылдық пен искрашылдықтың арасындағы айырмашылықты шатастыру ісімен жаңа «Искра» барынша шұғылданып отырған жоқ па?). Егерде жұрт марксизмнен прудонизмді дұрыс деп баспасөз бетінде мойындауды жұмсақтық дегенмен бүркемелейтін болса, онда бұған Маркс не айтар еді? (ал Плеханов принцип жүзінде азшылықтікін әділ деп білемін дегенсіп, кәзір баспасөз жүзінде екіжүзденіп алдап отырған жоқ па?). Я осы салыстырудың бір өзімен-ақ Плеханов өзін ұстап беріп отыр, ұстап бергенде, көпшіліктің азшылыққа қатынасы марксизмнің прудонизмге қатынасымен тең, «Не істемеу керек» деген ұмытылмас мақалада да айтылатын революциялық қанат пен оппортунистік қанаттың қатынасының дәл өзіне тең деп өзін өзі ұстап беріп отыр. Партия Советінің шешімдерін алып қараңыздар (№ 73 және №№ 73—74-ке қосымша), сонда сіздер мынаны көресіздер: Орталық Комитеттің комитеттерге жазған жоғарыда аталған хатында айтылғандай азшылықтың жасырын ұйымының тоқтатылуы Орталық Комитеттің үш мүшесінің азшылықтың жасырын ұйымына көшкендігінен басқа ешнәрсе де емес. *Осы* мағнада алғанда жасырын ұйым шынында жоғалды,..

өйткені қазір біздің орталық мекеме деп аталатын үш мекемеміздің бәрі: Орталық Орган мен Совет қана емес, сонымен қатар Орталық Комитет те жасырын ұйымға (партияға қарсы күресу ұйымына) айналып отыр. Формализм мен бюрократизмге қарсы күресу («принциптік» күрес) деген болып, олар қазір көпшіліктің баспасын партиялық емес деп жарыялап, «тақырыптарға» қарсы ұрыс жарыялауда. Олар съездің өңін айналдырып отыр, дауыстарды өтірік есептеп отыр ($16 \times 4 = 61$, өйткені 61 деген санның ішінде Советтің бес мүшесі бар, ал ұйымдардың тең жарасында Совет 2 дауысы бар ұйым ретінде жүр!!), партиядан комитеттердің қарарын жасырып жүр (Нижнийдің, Саратовтың, Николаевтің және Кавказдың съезд шақыруды жақтағаны жасырылған: «Партияға» және «Съезд үшін күрес»[192] деген кітапшамыздағы соңғы қарарларды қараңыз). Олар Советтің ішіне қыйқылжынды енгізіп отыр, Амстердам конгресіндегі өкілдік мәселесін шексіз бұрмалап отыр, Солтүстік комитетті «алдады» дегенді басуға дейін батылдары барып отыр, ал бұл жанжалдың тексерілмегендігі былай тұрсын (Орталық Комитет оны тексеру туралы *июль* айының өзінде-ақ қаулы ала тұрса да), керек десе қайдағыбір өсекші деп айыптаған жолдастан да күні бүгінге дейін *жауап алынбаған* (бұл жолдас август, сентябрь және октябрь бойы, үш ай шет елде болған және тексеру туралы шешім алып, бірақ айыпталушының өзіне айып тағып көрмеген Орталық Комитет мүшесі Глебов жолдасты көрген!!). Олар «жергілікті жерлерді» көпшіліктің комитеттеріне айдап салып, Питер мен Одесса жөнінде көрер көзге өтірік айтып, іріткі салушылықты Советтің атынан қуаттауда. Олар Советтің үш мүшесі Плеханов, Мартов және Аксельрод съезге *қарсы үш* рет: бір рет редакцияда, бір рет Советте және бір рет Лигада дауыс беріп отырғанда, белгілібір жолдастардың түрлі комитеттерде дауыс берулерін «қыянат еткендік» деп жазғырады! Олар мандаттарды жарамсыз деп жарыялап, съездің өкілдігін өздеріне алып отыр. Мұның өзі съездің өңін айналдырғандық емес пе? *Осы* тактика жөнінде де Симонов жолдас уақытша бітімге келуге шынымен кеңес берер ме еді??

Амстердам конгресіне арналған, жақында ғана орыс тілінде басылып шыққан баяндаманы алып қараңыздар.

Азшылық партияның атынан көрер көзге партияның еркіне қарсы сөйлеп отыр, бұрынғы «Искра» жөнінде Мартынов пен К° әрдайым уағыздап келген және кәзір оны Балалайкин-Троцкий алға тартып отырған өтіріктің нақ өзін бүркеме түрде қайталап отыр. Әлде, бәлкім, Симонов жолдастың осы Балалайкинмен де (оның кітапшасы, «Искрада» турадан-тура айтылғанындай, *«Искраның» редакциясымен* шыққан болатын) уақытша бітімге келгісі келе ме? Бәлкім, ол мұнда да Орталық Комитет тоқтатамыз деп уәде еткен фракциялық айтыстың тоқтайтынына сенетін болар??

Жоқ, екіжүзділікпен және іріткі салушылықпен уақытша бітімге келуге болады деген пікір социал-демократ үшін лайық емес, шын мәніне келгенде терең қате пікір. Әдебиетшілерге, бұлар тіпті атақты әдебиетшілер болатын болса да, «ешнәрсе істей алмайсың», олар жөнінде: «Қарғарсың да бас иерсің» деген сөздермен Галерка тұжырымдаған («Бонапартизм жойылсын») тактиканы қолдану ғана қалады деп ойлау деген қорқақтық. Партияның барлық орталық мекемелерін партияға қарсы күресетін жасырын ұйымға айналдыруға, Советтің келіп съездің өңін айналдыруына көпшілік өзінің онан әрі және сөзсіз топтаса беруімен жауап береді. Екіжүзділікті жек көре отырып, көпшілік ашықтан-ашық күрес программасымен шығады (22-нің қарарын қараңыз, мұны Кавказ Одағы[193], СПБ., Рига, Москва, Одесса, Екатеринослав және Николаев комитеттері ұнатқан. Орталық Орган бұл қарарды осыдан екі ай бұрын ала тұрса да, оны, әрине, партиядан жасырған). Оңтүстік комитеттері кәзірдің өзінде көпшілік комитеттерін топтастыру туралы және партияны қорлаушылыққа қарсы күрес жүргізу үшін Ұйымдастыру комитетін құру туралы шешім алды. Көпшіліктің мұндай ұйымы бүгін болмаса ертең құрылып, ашықтан-ашық бой көрсететіндігіне ешбір күман болмасқа тиіс. Орталық Комитеттен қашқан қашқындардың өтірік ертегілеріне қарамастан, көпшілікті жақтаушылар Россияда сан жағынан өсіп келеді, ал шатасқан екіжүзді «Искрадан» жырылып шыққан жас әдеби күштер көпшіліктің баспасына нағыз әртарапты көмек көрсету, оны қайта құру, кеңейту және дамыту мақсатымен көпшіліктің жаңадан ғана басталған баспасына (Бонч-Бруевич пен Лениннің шет елдегі баспасы) жан-жақтан тартыла бастап отыр.

Жоқ, Симонов жолдастың еңсесі түсуі бекер-ақ болған. Ол: оңбаған бола тұрса да ешнәрсе істей алмайсың деп шешуге бекер-ақ асыққан. Істей аласың! Олар съезді неғұрлым өрескел қорлаған сайын («Искраның» редакциясымен жазып отырған Балалайкин-Троцкий съезді искралық жоспарларды баянды етпекші болатын *реакциялық әрекет* деп жарыялады. Рязанов съезді своз деп атап, шын көңіліндегісін, адалын айтты), олар партия мен Россиядағы қызметкерлерді неғұрлым өрескел қорлаған сайын, олардың кездесетін тойтарысы да соғұрлым аяусыз бола түседі, барлық принципті адамдарды біріктіре отырып, Плехановтың, Мартыновтың және Троцкийдің табиғи емес және өзінің шын мәнінде іріп-шіріп біткен саяси одағынан кете отырып, көпшілік соғұрлым тығыз ұйымдаса түседі. Біз қазір жаңа «Искрадан» және «Заряның» 5-номерінен дәл осындай одақты көріп отырмыз (Мартыновтың мақаласының оттискасы шықты). Сондықтан кімде-кім аздап болса да алдағыны болжап көре білсе, кімде-кім бір минуттік мүдде мен бір сағаттық коалиция саясатын ұстамаса, ол адам тек қана шатасушылық пен қыйқылжың туғызатын бұл одақтың апат болатынын түсінеді және бұрынғы «Искраның» *бағытын* жақтаушылар, бұл бағытты маған десе атақты шетелдіктердің үйірмесінен айыра білетін адамдар, осындай адамдар бұл одақты жерлеушілер болуға тиіс және болады да.

Егер сіздер маған осы хатты алғандықтарыңызды, сонымен қатар сіздердің оны Симонов жолдасқа бере алған-алмағандарыңызды хабарласаңыздар мен өте қуанар едім, жолдастар.

Жолдастық сәлеммен *Н. Ленин*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 115

## А. М. СТОПАНИГЕ

**Ту — раға** *Лениннен жеке хат*

Қымбатты жолдас! Мен Сіздің хатыңызға өте қуанып қалдым. Екі жол жазсаңыз да әрбір апта сайын үзбей жазып тұрыңызшы және барлық адрестің істеуін және хат жазысып, жолығысып тұру үшін қосымша адрестердің болуын міндетті түрде бақылап отырыңыз. Көпшілікті жақтаушылардың соншама бытыранды болып отырғандығының өзі тіпті масқаралық қой! Үзбей қатынасып тұрмайынша ешқандай ортақ жұмыс жүргізу мүмкін емес, ал біз болсақ жарты жылдан аса Сізден ешқандай хабар ала алмадық.

Сіздің көпшілікті біріктірудің қажеттігі жөнінде, көпшілік комитеттерін топтастырудың қажеттігі жөнінде және орыс қызметкерлерінің еркін қорғай алатын берік топтасқан съезді дайындаудың қажеттігі жөнінде жазып отырғандарыңыздың бәріне мен әбден, түгелімен қосыламын. Бұлардың бәрі үшін нағыз тығыз қатынас жасап отыру қажет, өйткені олай болмаған күнде біз бет-бетімізге кетеміз, Сіз де ортақ істер жөнінде мүлде ешнәрсе білмейтін боласыз.

Кәзір Орталық Комитет түгелінен азшылықпен қосылып кетті және *факт жүзінде* оның қалай болған күнде де съезге қарсы күресу мақсатын көздейтін жасырын ұйымына еніп алды. Советтің жаңа шешімдері дауыстардың есебін де, комитеттердің еркін де турадан-тура бұрмалап отыр («Искраның» 73—4 номеріне қосымша. Мұны көрдіңіз бе?). Кәзір мынаған әзір болу керек: олар тіпті ешқандай съезді шақырмайды, уставты бұзудың қандайынан болса да тайынбайды, партияны онан әрі қорлай берудің қандайынан болса да тайынбайды. Олар:

кане сіздердің күшіңіз деп бізді ашықтан-ашық келемеж қылады. Сондықтан дереу күшке күшті қарсы қоюға даярланбайынша, съездің шақырылатындығына *сенумен* қанағаттанатын болсақ, біздер балалық жасаған болар едік. Бұл үшін біздер мынаны істеуге тиіспіз 1) дереу көпшіліктің барлық комитеттерін біріктіріп, орталық мекемелердің бонапартизмімен күресу үшін Көпшілік Комитеттерінің Бюросын құру керек (кәзір мұны Одесса + Николаев + Екатеринослав бастап та берді); 2) көпшіліктің баспасын барлық жағынан қолдауға және ұлғайтуға бар күшті салуға тиіспіз (бұл баспаны осында Бонч-Бруевич пен мен бастадым; Бонч-Бруевич тек бастырушы). Бұл істі бір топ орыс әдебиетшілері қолға да алды, сондықтан Сіз дереу түрлі-түрлі материалдар, корреспонденциялар, листоктар, заметкалар және тағы басқаларын жыйнап, әсіресе жұмысшылардан және жұмысшы қозғалысы туралы жыйнап, осында жібере бастауға тиіссіз. Қалай да және дереу осылай ету керек. (Егер Сіз кәзірден бастап апта сайын бір-бір хабардан жібере бастамасаңыз, біз Сізбен қатынасты үзісеміз.)

Бюро мәселесі жөнінде кәзіргі істелген нәрсе міне мынадай. Одесса + Николаев + Екатеринослав комитеттері бірігіп мынадай шешім алған... 22 оларға былай деп жауап берді[194]...

Бұлардың екеуін де тапсыру үшін қалай да Тифлиске тезірек барып қайтуға тырысыңыз. Ондағылар тезірек қосылатын болсын. Әлбетте, бюроны Кавказдан сайланатын мүшелермен толықтыруға болады. Сонымен, бюро жөнінде Кавказдың барлық комитеттері дереу пікірлерін білдіретін болсын, яғни бюроға келісетін-келіспейтіндерін және оның түрін өзгертуді немесе кандидаттарды толықтыруды талап ететін-етпейтіндіктерін бізге және Питерге (әлде Ригаға ма?) жазып жіберсін (адрес..., кілт...). Құдай үшін, осы ең маңызды істің ұқыпты, дұрыс және тез орындалуына тырысыңыз.

Кейбір жолдастар Россияда көпшілік комитеттерінің конференциясын өткізуді талап етеді. Бұл арада біз мұны әрі қымбатқа түседі, әрі қағазбастылық туғызады, әрі онша өнімді нәрсе шығара алмайды деп ойлаймыз. Ал біз бар күшімізбен асығуға тиіспіз. Бюроны сайлау үшін жан-жақтан жыйналысудың қажеті жоқ; бұл жөнінде хат арқылы немесе бір-екі жолдастың аралап шығуы арқылы

келісе қою әлдеқайда жақсы. Ал бюро іске кірісіп, оған Екатеринослав + Одесса + Николаев + СПБ. + Москва + Рига + Кавказ қосылған кезде, бұл бюро бірден ұйымдасқан көпшіліктің өкілі болып шыға келеді.

Сонымен, құдай үшін асығыңыз және тезірек жауап қайтарыңыз.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Н. Ленин*

*1904 ж. 10 ноябрьде жазылған*
*Женевадан Бакуге жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 116

## А. А. БОГДАНОВҚА

Қымбатты дос! Рахметовқа дереу айта көргейсіз, ол бізге тура доңыздық жасап отыр. Осында барлық жұрт одан өзінің беріп отырған телеграммаларындай телеграмма күтпей, қайта анық, дәл, жігерлендіретін хабарларды соншалық күтіп отырғаны оның тіпті ойына да кіріп шықпас. Мәңгі күтуден және белгісіздік жағдайдан жұрт тура қажыды. Рахметовтың жазарға ештеңесі болмауы әсте мүмкін емес: ол көптеген жұртты көреді, көріп те жүр, Землячкамен сөйлесті, Бородамен байланысты, Москва адвокаттарымен, әдебиетшілерімен, тағысын тағы сондайларымен байланысып, тілдесті. Бізді au courant* ұстау керек қой, байланысты айтып отыру керек, жаңа адрестерді хабарлап отыру керек, корреспонденциялар жіберіп отыру керек, іс бабындағы және қызықты жолығысулар жөнінде баяндап отыруы керек қой. Рахметов бірде-бір жаңа байланысын бізге жазып жібермеді! Бұл тіпті сұмдық қой. *Бірде-бір* корреспонденция, Москвадағы әдебиетшілер тобы жөнінде бірде-бір хабар жіберген жоқ. Егерде Рахметов ертеңгі күні құрып кететін болса, ол тура жер бетінде тұрмағандай-ақ біз ешнәрсе де пайдалана алмай қаламыз ғой!! Бұл тәртіпсіздік, ол бәрін де, барлық нәрсе жөнінде ешбір қауіпсіз-ақ жаза алған болар еді, бірақ бар болғаны қайдағыбір жас күштерді, тағы басқаларын тұспалдап айтқан болады. (Базаров, Фрич, Суворов және басқалары жөнінде не хабар бар?) 10—15 беттік хат жазуға аптасына кемінде бір рет (құдай-ақы, бұл көп емес) 2—3 сағат жұмсау керек, олай болмаған күн-

* — хабардар. *Ред.*

де, шынында да, байланыс атаулының бәрі факт жүзінде үзіледі. Рахметов пен оның ұшы-қиыры жоқ жоспарлары ұшы-қиыры жоқ жалғанға айналады, ал мұндағы жұрт үрей ұшып, ешқандай көпшілік жоқ және көпшілікте ешнәрсе болмайды деген қорытындыға келіп, тура алды-алдына қашып кетеді. Азшылықтың тактикасы өзінің жаңа түрінде әбден айқындалды, ол: көпшіліктің әдебиетін және көпшіліктің бар екендігін мүлде елемеушілік және оны жасыру, айтысты Орталық Органның бетінен кетіру және тиімді жұмысты сөз қылып маңыздану (жуырда Орталық Органның редакциясы социал-демократтардың земство науқанына қатысу жоспары туралы партия ұйымдарына хат басып шығарды, бірақ «партия мүшелері үшін ғана» басып шығарды: сұмдық әдепсіз нәрселермен сұмдық маңыздану. Осында Лениннің бұл хатты талдаған талдауы мен әшкерелеуі басылып шықты[195]). Көпшіліктің өз органымен шығуы керек[196]: бұл үшін жетпей отырған нәрсе ақша мен корреспонденциялар. Мұның екеуін де мықтап қолға алу керек, ал өте толық, барынша тәптіштеп жазылған хаттар болмайынша ешбір істің сәті болмайды. Байланыс жеткізіліп отырған жоқ, белгілібір адамға түрлі жағынан тиіп шабуыл жасауға мүмкіндік жоқ. Россияны аралап, бұлардың екеуін де бет-беттерімен жолға салып жүрген көптеген большевиктердің жұмысында үйлесім жоқ. Бұл бытырандылық барлық нәрседен сезіліп тұр, комитеттер тағыда уақиғаға ілесе алмай отыр, бұлардың жарым-жартысы Советтің жаңа қаулыларын білмей отыр («Искраның» 73—74 номеріне қосымша, 10 беттік айрықша листок), жарым-жартысы олардың байыбына бармай отыр және бұл қаулылардың съезді бүтіндей, нағыз арсыздықпен бұзып бұрмалағандыққа барабар екенін түсінбей отыр. Совет пен Орталық Комитет съезді *болғызбау* үшін ешнәрседен де тайынбайтындығын қазір тек балалардың ғана көрмеуі мүмкін. Біз Россияда бұған к ү ш т і = орган + көпшіліктің ұйымын қарама-қарсы қоюға тиіспіз, немесе олай етпегенде біз құруға тиіспіз. Легкомысленныймен Ленин әлі кездескен жоқ; Легкомысленныйдың бір жаққа кетіп, аңдысын аңдығандай болуы ғажап екен!

Сөйтіп, Рахметовқа менің атымнан үш қайтара ұрсыныз және жазасы ретінде өзінің күнделік дәптерін жүргізуге көндіріңіз. Уәде еткен жеріне т-ше Рахметова неге

бармай жатыр? Тағыда айтамыз: жұрттың бәрі түгел алды-алдына кетеді (керек десе Галерка да аһлап, уһлеуде), өйткені Россиямен ешқандай байланыс бар екені сезілмейді, Рахметовтың тірі болып, ортақ жұмысты істеп жатқаны, сол жұмыс жөнінде уайымдап, соның қамын жеп жатқаны көрінбейді. Хат болмаса толық ыдыраушылықтан басқа түк жоқ!!

*1904 ж. 21 ноябрьде жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 117
## Н. К. КРУПСКАЯҒА

3. XII. 04.

Бүгін Бончқа іс бабында хат жібердім. Бір керекті нәрсені: *3000* дана етіп (Лейтейзеннің сөздігін) бастыр деп айтуды ұмытып кеткенмін, бағасын есептеп шығару үшін мұны міндетті түрде білу керек. Осыны Бончқа дереу айтарсын.

Одақтық комитеттің және Орталық Комитеттің кавказдық өкілінің мәлімдемесін[197] жіберіп отырмын, мәлімдеме бүгін Ранса[198] арқылы алынды. *Меніңше,* мұны біздің баспада *листок* түрінде қалай да *міндетті* түрде дереу қайта басып шығару керек: дереу, қалай да осыны істеңіз; листокқа Николаевтың қарарын және басқа қарарларды қосуға болады, бірақ листок өте кішкене, 2—4 (maximum) бет болсын (ешқандай тақырып берілмесін, төменде кімнің баспасы екендігі ғана көрсетілсін).

Сенің хатыңды кәзір алдым. Лядов пен Рахметовтың «жоспарына» не болғанын түсінбей-ақ қойдым, ал мұнда бір кілтипан бар. *Тезірек баруға* және миноносецтің баруын тездетуге *тырысамын.*

Қосып жіберіп отырған листлерді қыздырғаныммен түк шықпады. Мүмкін, басқа бір реактивтер қолданып көрерсің.

Күтілмеген жерден кешке қолым бос болатын болды. Осының сыртына хат жазып беріп отырмын, кеңес өткізбей-ақ оны *дереу* менің өз атымнан 3-уіне бірдей жіберуге кеңес беремін[199]; бұл оларды жақсылап сілкіндірсін, егер алынған хабар асыра айтылған нәрсе болып шықса, кейін көріп алармыз: факт сол — лағушылық басталып келеді, сондықтан әуел бастан-ақ міндетті түрде ескертіп,

барынша катты ұрысып кою керек; осы хатты *дереу* 3-іне бірдей және дәл менің өз атымнан жіберуге өте кенес беремін. Ертең миноносецпен сөйлесемін, сірә, ол мені жактайтын болар. Василий Васильевич пен Шварц та мені жактайтын болу керек, бірак мейлі өз текстім болғаны жаксы. Мартын Николаевичке хат жазып, оған жаксылап ұрсайын деген едім, бірак мұның кажеті жок кой деп ойлаймын; барғаннан кейін сөйлесермін, өйткені бұл арада ол әзірге зиянды емес. Ал менің хатым орыс жағындағы кәзіргі басталған зиянның ептеп бетін кайтарады. Сенің Мартын Николаевичке барлык нәрсе жөнінде Парижге маған дереу хат жазғызбағаның бекерак болған,— тіпті бекер болған, бұл кажетті нәрсе еді.

Рахметовка жазылған хатты тағыда окып шыктым: бәлкім, катты сөгіп айтылған бірер сөзді түсіріп калдыруға да болар, бірак хатты дереу, менің өз атымнан өте катаң түрінде жолдауға *катты кеңес беремін.*

Лейтейзенде болдым. Ол маған өзіне Плехановтың жазған хатын окып берді. Плеханов Ленинге ұрсады, әрине, бәләғаттап ұрсады. «Троцкийдің өзі кандай болса, оның кітапшасы да сондай түкке тұрғысыз жаман кітапша» деп жазады, Лейтейзеннен «азшылыктың соңынан ермей, оның соңына» (Плехановтың соңына) еруін өтініп сұрайды, «20 жылдан кейін өзіне сенетін жолдас болмаған өз өмірінің трагедиясын» айтып шағынады, «беделге бағынбай, жолдастык сенім болуын» өтінемін дейді, «отставка жағын мыктап ойланудамын» дейді... бұл әзірге *entre nous** дейді.

Дейч акша жағынан *жәрдем сұрап* жакында Лейтейзенге хат жазған, оларға әлі акша келмей жатыр. Осындай хатты Ефронға Засулич те жазды (бұдан бұрынырак), Галерканы ұрсып, Сергей Петровичті Галерка деп есептеген (!!)

Бүрсігүні, дүйсенбіде, жүремін деген үмітім бар; сейсенбі мен сәрсенбі күні Цюрихте, бейсенбі күні Бернде реферат окып, жұма күні үйде болам ба деген үмітім бар. Бірак жүруім, сірә, тағыда бірнеше күнге созылып кететін болар.

Маған Цюрихке Аргунин аркылы хат жазып жібергін

* — өз арамызда болсын. *Ред.*

(екі конверттің ішіне орап, ішкі конвертін берігірек етіп, абайлап жапсыр). Лозаннадан хат жазды ма, менің жолдан соға кетуімді өтінді ме? адресін берді ме?

Сенің *Н. Лениниң*

Комитеттер редакцияның земство туралы хатын барлық жұрт үшін *ашық түрде* қайта басып шығару жөнінде бізге *формалды бұйрық* жіберетін етіп міндетті түрде және дереу біздің *барлық* комитеттерге жазып жіберіңдер. Керек бола қалғандай болса. Мұны *ешбір сылтаусыз* орында.

Хаттың өзін тауып алыңдар (немесе қайта басып шығарыңдар) және конвертке салып көпшіліктің комитеттеріне тағыда жіберіңдер.

*Пароходтан Женеваға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

## 118

## А. А. БОГДАНОВҚА, Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА, М. М. ЛИТВИНОВҚА

*Рахметовқа, Землячкаға, папашаға Лениннен жеке хат*

3. XII. 04.

Қымбатты дос! Мен Мартын Николаевичтың келгендігі туралы хабар алдым (өзім оны көргенім жоқ), бұл хабардан біздің ісіміз мүлде жақсы емес екен деген қорытынды жасадым. Тағыда орыс большевиктері мен шет елдегі большевиктердің арасында әйтеуір бір лағушылық туып отыр. Мұндай лағушылық іске сұмдық зыян келтіруі мүмкін екенін мен 3 жылдық тәжрибеден білемін. Бұл лағушылықты мен мынадай деп білемін: 1) Рахметовтың келуін кешеуілдетіп отыр; 2) негізгі салмақты осындағы органнан басқаға, съезге, орыс Ұйымдастыру комитетіне etc. аударып отыр; 3) көпшіліктің әдеби тобымен Орталық Комитеттің қайдағыбір келісім жасауына жол беріп отыр немесе оны тіпті қолдап отыр және орыс органының есуастыққа жуық істеріне жол беріп отыр. Егерде менің осы лағушылық жөніндегі мәліметтерім дұрыс болатын болса, ол уақытта мен көпшіліктің ең қас-жауы бұдан өткен жаман нәрсені ойлап таппаған болар еді деуге тиіспін. Рахметовтың жүруін тоқтатып, кешіктіру сатқындыққа дейін барып жететін тура кешіргісіз ақымақтық болар еді, өйткені жұрттың сандалған өсегі сұмдық өсіп барады және өзіміз Россияда дереу бірдеңені жасай қоймақ болатын ақымақтық балалық жоспарларға бола бұл арада өзімізге қажетті орыннан айрылып қалу қаупі бар. Көпшіліктің шетелдік органын (ақша ғана жетпей отырған органды) құруды созбұйдаға салу онан да бетер кешіргісіз нәрсе. Қәзір барлық істің түйіні осы органда, онсыз біз турадан-тура масқара өлімге барамыз. Қалай болған күнде де, не істесеңдер де ақша табу керек, тым болмаса бір-екі мың сом тауып

алу керек, сейтіп істі дереу бастау керек, олай болмаған күнде біз өзімізді өзіміз бауыздаймыз. Тек үмітсіз ақымақтар ғана *бірлік* үмітті съезге арта алады, өйткені Советтің съезд атаулыға кесел жасайтыны, шақырылмай тұрып-ақ кесел жасайтыны айқын нәрсе. Құдай үшін, мені жақсылап түсініңіздерші: мен съезд үшін үгіт жүргізуді тастаңдар деп отырғаным жоқ, бұл ұраннан бас тартыңдар деп отырғаным жоқ, бірақ істің түйіні күште екенін түсінбей, кәзір балалар ғана осымен қанағаттануы мүмкін. Съезд туралы қарарлар бұрынғыдай үсті-үстіне жауа берсін (Мартын Николаевичтың аралауынан кейін осындай қарардың бірде-бір қайталанбауының жайы қалай екен, бұл өзі өте-мөте күйінішті жағдай екен), бірақ *істің түйіні мұнда емес*, осыны шынымен-ақ көруге болмағаны ма? Ұйымдастыру комитеті немесе көпшіліктің бюросы қажетті нәрсе, бірақ органсыз мұның өзі түкке тұрғысыз ноль, бір ғана комедия. 1-ші сәтсіздікке ұшырағанда-ақ жоқ болып кететін сабын көбігі. Қалай болған күнде де органды құрып, ақша жиындар, осында ақша жіберіңдер, кімді бауыздасаңдар оны бауыздаңдар, бірақ ақша жіберіңдер. Ұйымдастыру комитеті немесе көпшіліктің бюросы бізге орган құруға (тезірек, тезірек құруға) және комитеттерді аралап шығуға өкілдік беруге тиіс, ал егер Ұйымдастыру комитеті *алдымен* «тиімді жұмысты» көтеріп, орган құруды *әзірге қоя тұруға* ойлаған болса, ол уақытта бізді нақ осындай есуастық Ұйымдастыру комитеті білтемен бауыздаған болар еді. Ақырында, Россияда бірдеңе шығарып тұру, Орталық Комитеттегі жиреніш сволочьпен қандай да болсын бір келісімге келу дегеннің өзі турадан-тура сатқындық жасау деген сөз. Орталық Комитеттің орыс және шет ел большевиктерін бөліп, бөлшектегісі келетіні айқын нәрсе, бұл оның көптен бергі жоспары, ең бұғанасы қатпаған ақымақтар ғана мұндай қармаққа ілінуі мүмкін. Россияда Орталық Комитеттің көмегімен орган ұйымдастырмақшы болып әлектену — ақылсыздық, тура ақылсыздық немесе сатқындық, оқиғалардың объективтік логикасы бойынша осылай болып шығады және осылай болады, өйткені органды немесе жұртқа түсінікті органды құрушылар қалай да Орталық Комитет тәрізді қайдағыбір оңбаған пасық нәрсеге алданып қалады. Мен мұны ту-

радан-тура алдын ала болжап айтам және мұндай адамдарға күнібұрын қолымды бір-ақ сілтеймін.

Тағыда айтамын: бірінші орында орган, орган, тағыда орган болуға тиіс, одан кейін орган үшін ақша болуға тиіс; бұдан басқа нәрсеге ақша жұмсау кәзір барып тұрған ақылсыздық іс. Рахметовты дереу осында келтіру керек, тезірек келтіру керек. Комитеттерді бәрінен бұрын корреспонденциялар жыйнау үшін аралап шығу керек (күні бүгінге дейін бізде корреспонденция болмауы кешіргісіз, ұят іс!! бұл тура масқарашылық және қырсық іс!!), ал съезд үшін жүргізілетін бүкіл үгіт жұмысы тек *жол-жөнекей* істелетін іс болуға тиіс. Көпшіліктің барлық комитеттері Орталық Комитетпен байланысты *факт жүзінде* дереу үзісуге тиіс, барлық қатынасты Ұйымдастыру комитетіне немесе көпшіліктің бюросына көшіруге тиіс; бұл Ұйымдастыру комитеті өзінің құрылғандығы туралы *дереу* хабарландыру басып шығаруға *тиіс*, мұны дереу және міндетті түрде жарыялау керек.

Егер біз көпшіліктің осы бастала бастаған лағушылығын жоймасақ, егер біз осы жөнінде хат арқылы да және *(ең бастысы)* Рахметовпен жолығысу арқылы *да* сөйлесіп алмасақ, ол уақытта осында біз бәріміз де *қолымызды бір-ақ сілтеп, барлық істі тастаймыз.* Егер бірлесіп жұмыс істегілеріңіз келсе, онда қатарымызды жазбауымыз керек, сөз байласып алу керек, сөз байласып қыймылдау керек (сөз байласпай тұрып және сөз байласып алмай қыймылдау керек емес), орган үшін ақша жыйнауға кетіп, қайдағыбір пасық істермен айналысқан, мұның өзі турадан-тура масқаралық іс, оңбағандық қой.

Мен жақында баспасөз жүзінде Орталық Комитетке қарсы бұрынғыдан да батыл пікір айтамын. Егер біз Орталық Комитетпен және Советпен қол үзіспесек, ол уақытта біз жұрттың бәрі өзіміздің бетімізге түкіруге ғана лайық адамдар болғанымыз.

Жауап жазуларыңызды және Рахметовтың келуін күтемін.

*Н. Ленин*

*Париждеи Россияға жіберілген*
*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 119

## Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА

*Землячкаға Стариктен*

10. XII. 04.

Реферат оқуға шыққан сапарымнан кәзір ғана қайтып, Сіздің № 1 хатыңызды алдым. Русалкамен сөйлестім. Менің ұрсып жазған (папашаға да, Сысойкаға да жіберілген) хатымды алдыңыз ба? Ұйымдастыру комитетінің құрамына келетін болсақ, мен, әрине, ортақ шешімді қабылдаймын. Меніңше, Рядовойды іске қатыстырмау қажет, қайта оны дереу осында жіберу керек. Сонан соң комитеттерді үнемі аралап тұру үшін және олардың арасындағы барлық қарым-қатынастарды үзбей жүргізіп отыру үшін міндетті түрде ерекше топ ұйымдастыру керек (немесе Ұйымдастыру комитетін толықтыру керек). Біздің комитеттермен және Россиямен қатынасымыз тегінде әлі тым жеткіліксіз, сондықтан корреспонденттік және жәй жолдастық хат жазысуды өрістетуге барлық күшті салу керек. Бізді неге Солтүстік комитетімен байланыстырмайсыз? неге Москва баспаханашыларымен байланыстырмайсыз (бұл өте керек!)? Ряховскиймен неге байланыстырмайсыз? Туламен неге байланыстырмайсыз? Нижниймен неге байланыстырмайсыз? дереу осыны істеңіз. Онан соң, комитеттер *бізге* съезд туралы не себепті кайталама қарарлар жібермей отыр? бұл қажетті нәрсе. Менің катты қорқатыным — Сіз съезд жөнінде және Орталық Комитет жөнінде тым оптимист екенсіз: съезге бөгет жасау жағын көздеп олардың қандай да болсын барлық нәрсеге, тіпті неше түрлі қулық-сұмдықтарға баратынын сіз «Совет партияға карсы» деген кітапшадан көресіз (ол кітапша шықты да). Меніңше, Ұйымдастыру комитетінің баспа хабарландыру шығармай отырғаны тура қателік. 1-шіден, біздің қыймылдауымыздың ашық әдісін азшы-

лықтың жасырын ұйымына қарама-қарсы қою үшін хабарлау қажетті нәрсе. Олай болмаған күнде Орталық Комитет сіздердің сырыңызды сөзсіз ашады, Сысойканың ультиматумдарын пайдаланып кетеді, сөйтіп сіздердің «жасырын» ұйымдарыңыз бар екен дегенді мәлімдейтін болады: мұның өзі көпшілік үшін масқаралық болады, ал бұл масқаралыққа түгелімен Сіз кіналы боласыз. 2-шіден, партия қызметкерлері бұқарасына жаңа орталық туралы білдіру үшін баспа хабарлау қажетті нәрсе. Ешқандай хат арқылы сіздер ешқашан тіпті мұның маңына да жете алмайсыздар. 3-шіден, көпшілік комитеттерінің топтасуы туралы жасалған мәлімдеменің уайымдаушы (әсіресе осында шет елде уайымдаушы) көпшілікті жұбатып, жігерлендіру үшін орасан зор әділеттік маңызы болмақшы. Мұны елемеушілік барып тұрған саяси қателік болар еді. Сондықтан мен тағыда талап етемін: солтүстіктегі конференциядан кейін дереу көпшіліктің бюросы (немесе комитеттер көпшілігінің Ұйымдастыру комитеті) Одесса, Екатеринослав, Николаев комитеттерінің, Кавказдың 4 комитетінің, Рига, СПБ., Москва, Тверь, Солтүстік комитеттерінің, т. т. (бәлкім, Тула + Нижегород комитеттерінің), яғни 12—14 комитеттің келісімі мен *тікелей тапсырмасына* сүйеніп баспа мәлімдеме шығаратын болсын. Съезд үшін күрес жүргізу ісіне мұның зиян келтірмейтіні былай тұрсын, қайта орасан көмектеседі. Осыған қосыласыз ба, жоқ па, маған дереу жауап жазыңыз. Земство науқаны жөнінде менің кітапшамды да[200], «Искра» редакциясының хатын да дереу және ашықтан-ашық («партия мүшелері үшін» деген ақымақтық тақырып коймай-ақ) Россияда басып шығаруға қатты кеңес беремін. Бәлкім, тағыда бір кітапша жазармын, бірақ «Искрамен» болған айтысты міндетті түрде қайта басып шығару керек. Ақырында, өте-мөте бір маңызды және асығыс нәрсе: жаңа орган туралы осындағы манифеске[201] мен көпшілік комитеттерінің Ұйымдастыру комитетінің атынан қол қоя аламын ба (немесе Көпшілік Комитеттері Бюросының атынан қол қойған жақсы ма)? Менің бұл арада бюроның атынан сөйлеуіме бола ма? *бюроны* жаңа органды бастырушы және редакциялық топты құрушы деп атауыма бола ма? Бұл өте-мөте қажет және асығыс нәрсе. Рядовоймен кездесіп, дереу жауап беріңіз, оған мынаны айтыңыз, қайталап айтыңыз: егер өзін сәт-

сіздікке ұшыратайын демесе және іске сұмдық зиян тигізейін демесе ол сол сағатында-ақ, дереу, кідірместен кетуге тиіс. Шет елде жұрт барлық жерде де сұмдық өсек соғып жүр: Парижде, Цюрихте, т. т. рефераттарда болған кезімде мен өзім де естіттім. Ақырғы рет сақтандырып ескертетінім: не осында дереу тайып тұру керек, не өзіңнің түбіне жетіп, біздің барлық ісімізді бір жыл кейін шегеріп тастауың керек. Мен мұнда съезд туралы ешкімге де ешқандай ультиматум қоюды міндетіме алмаймын, ультиматум қоймаймын да, өйткені бұл тек келемеж туғызуы мүмкін, мазақ еткізуі мүмкін; күлкі болудың қажеті жоқ. Егерде біз көпшіліктің бюросымен ашықтан-ашық шығатын болсақ және съезд шақыруды ашықтан-ашық жақтап шығатын болсақ, ең жақсы дегенде тек іске бөгет болатын және Глебовтардың, Конягиндердің, Никитичтердің және басқа жексұрындардың жаңа интригалар жасауына себеп болатын қайдағыбір ақымақтық астыртын келіссөздер жүргізбейтін болсақ, ол уақытта біздің позициямыз он есе таза және жақсы болар еді. Бұл арада бүкіл көпшілік тынышсызданып, азаптанып, органды аңсап отыр, оны жер-жердің бәрінде талап етіп отыр. Бюроның тікелей тапсыруынсыз органды шығаруға болмайды, ал шығару керек. Ақша жөнінде барлық шараны қолданып жатырмыз, ақша табамыз ба деген үмітіміз де бар: сіздер де табыңыздар. Құдай үшін, бюроның атынан шығаруға тезірек өкілдік беріңіздер және ол жөнінде Россияда листок басып шығарыңыздар.

*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

120

## КАВКАЗ ОДАҚТЫҚ КОМИТЕТІНЕ

*Кавказ Одағына Лениннен*

Қымбатты жолдастар! Сіздердің конференцияңыздың қарарларын кәзір алдық[202]. Неғұрлым құнттап жазылған көшірмесін қалай да тағы бір рет жіберіңіздер,— көп нәрсені таный алмадық. Сонымен қатар өздеріңіздің осында арнаулы делегатыңызды жіберу жөніндегі тамаша жоспарларыңызды да тезірек сөзсіз жүзеге асырыңыздар. Мұнсыз дұрыстап келісіп алу, өзара түсініспеушіліктерді жою шынында да өте қыйын, тіпті мүмкін емес дерлік. Ал кәзіргі кезде мұның өзі өте қажетті нәрсе.

Сіздер әлі Совет пен Орталық Комитеттің барлық документтері мен барлық жексұрындықтарын түгел білмейсіздер. Олардың кәзірдің өзінде-ақ 3-ші съезді шақыруға кесел келтіргеніне және енді барлық комитеттерді жарғыштайтынына ешқандай күман жоқ. Дереу 1) Көпшілік Комитеттерінің Бюросын құру керек, 2) съезд туралы істердің бәрін және комитеттерге басшылық етудің бәрін сол бюроның қолына беру керек, 3) біздің органымыз «Впередты» қолдау керек, 4) сіздердің қарарларыңызды (бұларды жарыялауға бізге уәкілдік бересіздер ме?) және бюро туралы құлақтандыруды жарыялау керек.

Тезірек жауап бергейсіздер.

Сіздердің *Ленин*

Сіздердің (Кавказдық) бюроңыздың жалпыорыстық Көпшілік Комитеттерінің Бюросына көзқарасы қандай екені бізге түсініксіз. Тезірек жазып жіберіңіздер, ал бәрінен де дұрысы делегат жіберіңіздер.

*1904 ж. 12 декабрьден кейінірек жазылған*
*Женевадан жіберілген*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 121

## КАВКАЗ ОДАҚТЫҚ КОМИТЕТІНЕ

Қымбатты жолдастар! Сіздердің «Борьба Пролетариата»[203] жөнінде жазған хатыңызды алдық. Жазып тұруға тырысамын және редакциядағы жолдастарға да айтамын. Кәзір жаңа органның жұмысымен қатты шұғылдануДамын. Сіздерге бұл жөнінде толық хат жібердік те[204]. Тезірек пікіріңізді айтыңыздар және жұмысшы корреспонденцияларын көптен-көп жібергейсіздер. Кәзір органның табысты болуы әсіресе Сіздерге байланысты, өйткені істің басталуы өте қыйын болады.

Сіздердің *Н. Ленин*

*1904 ж. 20 декабрьде жазылған*
*Женевадан жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 122

## [illegible] ССЕНГЕ

*[illegible] жеке хат*

[illegible]

Сізге [illegible] едім. [illegible] Бізге [illegible] [illegible]. Бізге сатқындық істеген Орталық [illegible] бөлінген [illegible] кооперация[illegible] [illegible] Ура! [illegible] сергіңіз. [illegible] Сізді [illegible] деп үміттенеміз. [illegible]

Сіздің *Ленин*

[illegible]

[illegible]

## 123

## Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА

*Землячкаға Лениннен жеке хат*

26. 12. 04.

Қымбатты Дос! Сіздің жіберген өкілдігіңізді алдым. Жуырда Сіздің ісіңіз бойынша баспасөз жүзінде пікір айтамын[205]. Жақында мұнымен қатар солтүстік конференциясының протоколдарын да алдым. Ура! Сіз тамаша жұмыс істедіңіз, сондықтан Сізді (папашамен, мышьпен және басқалармен бірге) орасан зор табысыңызбен құттықтауға болады. Мұндай конференция — орыс жағдайларында өте қиын іс, конференция, сірә, өте жақсы өткен болу керек. Оның маңызы орасан зор; біздің газетіміз («Вперед») туралы біздің анонсымызбен дәл орайласып келіп отыр. Анонс кәзір шықты да. Бірінші № жаңаша январьдың бас кезінде шығады. Кәзіргі міндет мынадай: 1) Россияда Көпшілік Комитеттерінің Бюросы туралы мүмкіндігінше тезірек листок басып шығару керек. Құдай үшін мұны бір аптаға да кейінге қаратып жүрмеңіз. Мұның өзі қандай маңызды десеңші.

2) Оңтүстіктің *(және Волганың)* комитеттерін тағыда бір аралап шығу керек және «Впередке» *қандай да болсын* көмек жасаудың маңыздылығын жұртқа барынша ұғындыру керек.

Әзірге папаша барда транспорт болады. Сәтсіздікке ұшырай қалған күнде өзінің мұрасын тапсырып кетуге ол барынша жігерлі шара көретін болсын.

Рахметовты дереу қауіпті жерлерден оның баратын жеріне жіберіңіз. Тезірек жіберіңіз!

Ақша болған кезде көп адам жібереміз.

Питердегі масқаралық туралы (азшылықтың демонстрацияны болғызбай тастағандығы) «Впередтің» бірінші номерінде басып шығарамыз[206].

Бюро туралы және қалай да барлық 13 комитеттің тізімін беріп, тезірек ашық хабарлама шығару керек[207]. Тездетіңдер, тездетіңдер, тағыда тездетіңдер! Сонда ақша да болады.

Сіздің *Ленин*

Барлық достардың қолын қатты қысамын.

*Женевадан Россияға жіберілген*
*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 124

# А. И. ЕРАМАСОВҚА

*Монахқа Лениннен жеке хат*

Қымбатты жолдас! Сізбен енді неғұрлым дұрыс қарым-қатынас орнатуға болатынын біліп өте қуанып қалдым. Егер Сіз осымен пайдаланып, Өзіңіздің көңіліңіз бен жақын арадағы ойларыңыз туралы маған бірнеше жолдық хат жазып жіберсеңіз жақсы-ақ болар еді. Ал енді осы уақытқа дейін Сіз жөніндегі хабарлардың бәрі аралық адамдар арқылы алынып отырды, мұның өзі өзара түсінісуді әрқашан да біраз қиындатып отырады. Біздің партиялық істеріміз бүкіл жыл бойына оңбады, мұны, әрине, өзіңіз естіген шығарсыз. Азшылық екінші съезге біржолата бөгет жасады, жаңа «Искраны» құрды (Сіз оны көрдіңіз бе? оған қалай қарайсыз?) және қазір жалпы пікір білдірген комитеттердің орасан көпшілігі осы жаңа «Искраға» қарсы үзілді-кесілді ұрыс ашқанда, азшылық үшінші съезге де бөгет жасады. Олардың өсектеу және күрестегі қыйқылжың органымен, принциптерге келгенде рабочеделошылдыққа, атақты ұйымдастыру-процесс теориясына қайта оралу органымен партияның ымыраға келе алмайтыны азшылыққа тым айқын болды.

Қазір позиция анықталып отыр. Көпшілік комитеттері бірікті (4 Кавказ комитеті, Одесса, Екатеринослав, Николаев, СПБ., Москва, Рига, Тверь, Солтүстік және Нижегород комитеттері). Мен мұнда (жаңа әдеби күштердің көмегімен) «Вперед» газетін шығара бастадым (анонс шықты, бірінші номері жаңаша январьдың басында шығады). Сіз бұған қалай қарайтыныңызды және біз үшін өте маңызды болатын Сіздің қолдауыңызға сенуге болатын-болмайтынын хабарлаңыз.

*1904 ж. декабрьдің аягында жазылган*
*Женевадан Россияга жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылган* — *Колжазба бойынша басылып отыр*

125

## М. М. ЛИТВИНОВҚА

*Папашаға Лениннен*

Қымбатты дос! Сіздің маған өте қатты ұнаған хатыңызға дереу жауап жазып отырмын. Сіздің батыл қыймылдау керек, революцияшыл жолмен қыймылдау керек және темірді қызған кезінде соғу керек дегеніңіз мың мәртебе дұрыс. Сонымен қатар нақ көпшіліктің комитеттерін біріктіру керек дегеніңізге де қосыламын. Орыс орталығы мен осындағы органның қажеттігі қазір біздің бәрімізге айқын болып отыр. Соңғы үшін біз қазір қолымыздан келгеннің бәрін істедік. Рядовой қызу жұмыс істеп жатыр, органға қатысушылар тартты, өзі де бүтіндей бұл іске берілді және бар күшін салып миллионер іздеуде, мұның орындалуына біраз мүмкіншілік бар. Ақырында, Сіздің ашықтан-ашық қыймылдау керек дегеніңіз де мың мәртебе дұрыс. Біздің арамыздағы талас мәселе жеке айырым нәрселерге ғана қатысты, ал оны сабырлылықпен талқылау керек, атап айтқанда ол мынандай мәселе: комитеттердің конференциясын шақыру керек пе әлде турадан-тура «Көпшілік Комитеттерінің Бюросын» құру керек пе (мәселе, әрине, атында болып отырмаса да бұл ат бізге Ұйымдастыру комитеті дегеннен гөрі жақсы ұнайды), ондағы мақсат бұл бюроны алдымен бірнеше комитетке, ал онан соң көпшіліктің барлық комитеттеріне мойындату. Сіз біріншісі жағындасыз, біз екіншісі жағындамыз. Шет елде конференция шақыру мүмкін болса, мен бүтіндей сол жағында болар едім. Ал Россияда бұл сұмдық қауіпті, сүйретпелікке ұшыратады, өнімді ешнәрсе бермейді. Оның бержағында Одесса + Николаев + + Екатеринослав қазір түсінісіп алып, «22-ге», «Ұйымдастыру комитетін тағайындауды» тапсырған. Біз жауап

ретінде «Көпшілік Комитеттерінің Бюросы» деп ат қоюға кеңес беріп, жеті кандидат ұсындық (Русалка, Феликс, Землячка, Павлович, Гусев, Алексеев, Барон). Бұл жөнінде Одесса мен С.-Петербургке жазып отырмыз. Алексеев Сізге жүріп те кетті. Кандидаттар сайлауын Рига, С.-Петербург + Москва арқылы өткізу, сонан соң ілешала бұл жөнінде *ашық* мәлімдеме жасау (хабарландырудың жобасын жіберіп отырмыз[208]), онан кейін Солтүстік комитетке, Кавказға, Саратовқа, Нижнийға және басқа комитеттерге барып, олардың қосылуын сұрау және бюроны мүмкіндігінше либералдық түрде *олардың* бір-екі кандидаттарымен толықтыру (қосылатын комитеттер бюроның құрамына көп толықтыру енгізілуін талап етуі онша ықтыймал болмаса да) дұрыс болмас па екен. Бізде бюроның құрамына бола қыйыншылықтар кездеседі деп менің тіпті ойыма келмейді.

Мұндай әдістің тиімділігі: тездігі, арзандығы, қауіпсіздігі. Мұның тиімділігінің маңызы өте зор, өйткені кәзір барлық істің түйіні тездікте. Бюро комитеттерді біріктірудің ресми органы болады және жіктеліс бола қалған күнде факт жүзінде Орталық Комитеттің орнына әбден жүре алады. Біздің болашақ Орталық Органымызға керекті әдебиетшілер тобының құрамы да толық белгіленді (бес немесе алты адамнан белгіленді: Рядовой, Галерка, мен, Шварц + *Луначарский* + мүмкін *Базаров*). Транспорт жағын Сіз қолға алыңыз, жігерлірек кірісіңіз. Біз мұнда екі шекарада да өте көп уақыт істеген бұрынғы бір бундисті бейімдедік; айына 200—300 сомға істі ыңғайлап беруге уәде етеді. Тек ақша күтеміз, сонан кейін оны Сізбен байланыстырамыз.

Сіздің әдісіңіздің тиімсіз жері: сүйретпелігі. Мен Орталық Комитет пен Советке ультиматум қоюды мүлде пайдасыз деп есептеймін. Орталық Комитет екіжүзденіп отыр, олардың кәзір бүтіндей азшылыққа сатылып, бүтіндей және сөзсіз түрде съезді бұрмалап бұзғалы отырғанына мен кәзір бір секунд те күманданбаймын. Жалған үмітке салынбау керек. Кәзір барлық орталықтар солардың қолында болып отырғанда олардың съезді бұрмалап бұзуға мыңдаған құралдары бар және олар *кәзір мұны бастады да.* Біз мұны Советтің шешімдерін («Искраның» 73—74-ші номері, қосымшасы) талдай келіп, баспасөз жүзінде дәлелдейміз. Біз, әрине,

съезд шақыру жағындамыз және съезд шақыру жағында боламыз да, бірақ олардың қазірдің өзінде съезді бұрмалап бұзып отырғанын, біз бұл бұрмалаушылықты әшкерелейтінімізді барлық жерде айта беру керек. Ал факт жүзінде мен қазір съезге тоғызыншы орын беремін, орган мен орыс орталығына бірінші орын беремін. Азшылықпен келісіп алып, бізді турадан-тура осыған итермелегенде адал қарамаушылық туралы сөз қылу кісі күлерлік нәрсе. Азшылықтың жасырын ұйымы таратылды деу өтірік нәрсе; жоқ, бұл жасырын ұйымға Орталық Комитеттің үш мүшесі кіріп алған, бар болғаны міне осы. Үш орталықтың барлығы қазір партияға қарсы жасырын ұйым болып отыр. Мұны тек есалаңдар ғана көрмеуі мүмкін. Біз ашық ұйым құрумен жауап беруге тиіспіз және олардың заговорын әшкерелеуге тиіспіз.

Біздің ұйымымызға және болашақ органға жұрттың бәрінің сенімін нығайта көріңіз. Рядовой өзінің ісін аяқтап шыққанша тек біраз шыдай тұру керек. Корреспонденция жыйнап, осында жіберіп отырыңыздар (*әрдайым*: Ленинге деген жазумен жіберіп отырыңыздар) және *әсіресе* жұмысшылардан материал жіберіп отырыңыздар. Біз сізбен айырым жеке нәрселер жөнінде ажырасамыз, өйткені мен, әрине, конференцияға тек қуанған болар едім. Бірақ, расында да, бұл түкке тұрмайтын іс қой; онанда бюроның атынан бірден және дереу мәлімдеумен шығу әлдеқайда жақсы, өйткені оның адамдар құрамы жөнінде біз оп-оңай келісе аламыз, сондықтан бұл негізде дау-жанжал болуы ықтыймал емес. Ал бюро өзі туралы мәлімдегеннен кейін, оны жұрт тез мойындайды, сөйтіп ол барлық комитеттердің атынан пікір айта бастайды. Осыны тағыда бір рет жақсылап ойлап көріңіз де, тезірек жауап жазып жіберіңіз.

*1904 ж. декабрьде жазылған*
*Женевадан Россияға жіберілген*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

126

## РСДЖП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНА

Питерде Москваның зубатовшыл жұмысшы қоғамының бөлімшесі бар, оның уставы сол бұрынғыша (механика өндірісінің жұмысшылары) және шінара тіпті құрамындағы адамдары да сол бұрынғы адамдар, яғни бұрын Петербургтың зубатовшыл қоғамында істеген адамдар бар (Ушаков, Старожилов пен Горшков. Пикунов пен Мохнаткин, Никифоров және басқалары). Бұл қоғам Литвинов-Фаллинскийдің, Чижовтың, Ланговойдың қамқорлығында. Провокаторлардың *орасан* қауіптілігінен бұл қоғаммен қарым-қатынас жасағанда *төтенше* сақ болуға қатты кеңес береді. Бұл қоғам қазір аздап қана солға бұрылған, бірақ ол бүтіндей буржуазия мен полицияға қызмет етеді.

(Бұл білетін адамнан алынған хабар.)

*1904 ж. октябрьде — декабрьде жазылған*
*Женевадан жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

1905 ж.

227

## РОССИЯДАҒЫ ЖОЛДАСҚА ХАТ

6. II. 05.

Қымбатты дос! Толық етіп жазған хатыңызға рахмет. Егер Сіз жергілікті істерге жиі-жиірек көрісеңіз өте жақсы болар еді.

Редакцияның 2-ші конспирациялы листогіндегі[209] оның Сіз келтірген байымдаулары жөніндегі менің пікіріме келетін болсаңыз, мен әзірге мына төмендегіні айта аламын. 1) Конспирацияның әлдеқайда жоқтығы және 2) 79-номерде баяғы сол бір пікір қайталанып отырғанда (Екатеринодар демонстрациясы, корреспонденттің мақаласы мен редакцияның заметкасы) «құпиясыздықтың» барынша сараланғаны ең алдымен көзге түседі. № 79 «Вперед»тың 1-номерінде талданып тексерілген[210]. Сіз оны дүйсенбі күнге дейін аласыз, мәселені біздің қалай қойып отырғанымызды сонан көресіз. Қазір листокты конспирациялау мейлінше күлкілі нәрсе, мен бұған сондайлық қатты шүйлікпеген болар едім.

Асылына келгенде редакцияның жаңа шығармасында оның «пікірлері» басты-басты екі тағынып пункт беріп отырған сияқты: 1) редакция көлегейге алып отырған және «Искрада» айыпталған Староверлің позициясы және 2) парламентаризм ойыны, «параттар мен маневрлер», пролетариатқа сенбеушілік, үрейленушілік жөнінде уақтансып *[illegible]* әрекеті (үрейлену жөніндегі айтылған сөздер, бәлкім, «артық» (!) болған болар).

*Мұны бірінші басқа көрсету керек*

1)* 1) Староверлің 77-ші номерде де айқын көрінген позициясы (*бисмаркшылдық*) — NB NB, менінше, барып

* — 1 (пункт) -те. *Ред.*

тұрған шатасушылық. Мен ол позицияны баспасөз жүзінде талдаймын[211]. Өзінің шатпақ қарарын ақтау үшін, оның *жақсы* буржуазия дегенді «ойлап шығаруына» тура келіп отыр. «Земствошылар» мен либералдардан өзгеше «буржуазиялық демократия» ойлап шығарылады (земствошылар буржуазиялық демократтар еместей-ақ!), бұған, асылына келгенде, *интеллигенция* кіреді (77 және 79-номерлерді зер салып оқысаңыз Сіз мынаны айқын көресіз: буржуазиялық демократия «радикалдық интеллигенциямен», «демократиялық интеллигенциямен», «интеллигенттік демократиямен» ұқсастырылып отыр — мәселен, № 78, 3-бет, 3 бағана, төменнен 9-шы жол, және passim*).

Интеллигенцияны, земствошылардан etc. бөлек, буржуазиялық демократияға жатқызудың өзі барып тұрған өрескелдік. Оны «дербес күш» болуға шақыру (№ 77, курсив «Искранікі») — жексұрындық. Бұл арада қалың демократияның нақтылы негізі (шаруалар, майдагерлер etc.) еленбей отыр, радикалдық интеллигенцияның табиғи және сөзсіз *солшылдары* болып табылатын *социалист-революционерлер* еленбей отыр. Бұл қағыйдаларды осы арада мен тек атап өте аламын, өйткені оларды баспасөз бетінде толығырақ баяндау қажет.

Староверде «демократиялық интеллигенция» либерализмнің «қозғаушы жүйкесі» (!) деген сияқты, т. с. дәмелі бөспелері көп-ақ. Оның «3-ші элемент», мәдениетшілер, интеллигенция, земство қызметшілері, т. т. жөніндегі айтылған нәрсені «жаңа сөз» деп атауға әрекеттенуі — кісі күлерлік іс. Менің «Заряның» 2—3 номеріндегі ішкі халді шолуымды қараңыз, мұнда: «3-ші элемент» деген *тұтас бір тарау* бар[212]. Тек жаңа «Искра» ғана бұл арадан «жаңа сөз» табуы мүмкін.

Социал-демократтар авангард есебінде демократиялық интеллигенцияға ғана әсер ете алады деу дұрыс емес. Земствошыларға да әсер ете алады, *әсер етіп те отыр.* Біздің оларға және Струве мырзаға тигізіп отырған әсеріміз — көпірме сөздердің «анық-айқын, кісі сезетін нәтижелеріне» құмартқан адамдар ғана байқамайтын факт.

---

* — түрлі жерлерінде. *Ред.*

Земствошылдар мен демократиялық интеллигенцияға әсер етпесек, басқа әсер ететін ешкім жоқ (шаруалар, майдагерлер etc.) деу дұрыс емес.

Либералдардан өзгеше, интеллигенция «буржуазиялық демократия» болып табылады деу дұрыс емес.

Француз радикалдары мен итальян республикашылдары пролетариаттың таптық санасын қараңғылаған жоқ деу дұрыс емес.

Старовердің қойған «шарттарының» көздегені «келісім» (редакция 1-ші листогінде осы туралы жазған болатын) *болу* керек деу дұрыс емес. Бұл ерескелдік. Редакция шарттардың *іс жүзінде* түкке аспай қалғандығын айқын көре тұрып, қыйпалаң қағуда.

Ad 2). Екінші пункт, менінше, 2-ші листоктағы мына сөздерден ерекше айқын көрінеді:

«Біздің пікірімізше, біздің тап дұшпандарымыз өздеріне тарих беріп отырған саяси көсем ролін, ұлтты азат ету ролін орындап отырған саланың өзінде сол тап дұшпанымыздың, уақытша саяси одақтасымыздың соңынан еру керек; *осы салада пролетариаттың буржуазиямен күш сынастыруы керек*».

Міне парламентаризм ойынының нағыз өзі осы! Күш сынастыру — бұл ұлы ұғымды земство жыйналысында бір топ жұмысшының қыр көрсетуіне теңеп, біздің сөзуар интеллигенттік сволочь ол ұғымды нендей маскаралап отыр десеңші! Минуттік конъюнктураға жабыса кететін неткен қояншық аурулы әбігерлік десеңші (қазір «алдыңғы сапта» земствошылдар екен — тарих берген рольді орындайтын сала жөнінде мылжыңдай бер! Марқабат етіңіздерші мырзалар! Соншалық сұлу сөйлемесеңіздерші!) «Пролетариаттың саяси алдыңғы сапта тұрған буржуазиямен **толық** араласуы». Мұнан артық «толық» болсын ба! Екатеринодардың дуан басының өзімен бірге «бусанған».

«Мобилизацияның жоғарғы типі» туралы идеяны қорғау оншама айқын емес, өйткені Сіз бұл арада цитатаға алып отырған жоқсыз, өзіңізше айтып беріп отырсыз. Ал олардың шатасуының *түйіні* — осы идеяда. «Кәдімгі жәй демонстрация» мен «саяси демонстрацияның» айырмашылығы делінген (2-ші листокта шынымен-ақ сөзбе-сөз осылай болғаны ма? Бұл баспа листок па? Көшірмесін таппас па екенсіз? тым болмаса бір данасын ше?) — шір-

кін *асыл-ақ сөз* екен. Меніңше, дұшпанды көбінесе міне осында қуып тығу керек, өйткені оның омақасатын жері дәл осы. Земстволардағы қыр көрсетулер жаман емес, жоғарғы тип туралы айтылатын көпірме сөздер *әдепсіздік.*

Әзірге осымен тынамын. Бүгінгі рефератқа дайындалып жатырмын. Меньшевиктер келмеуге ұйғарыпты деседі.

«Вперёдтің» 1-ші номері бүгін шығады[213].

«Вперёдтан» алған әсеріңіз туралы толығырақ жазыңыз, корреспонденциялар *т а б ы ң ы з д а р,* әсіресе жұмысшы бөлімі үшін табыңыздар.

[Редакцияның екінші листогін 77-ші номермен және 78-ші номермен, Старовер, және 79-ші номермен байланыстыруға кеңес беремін.]

Сіздің *Н. Ленин*

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1934 ж басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

128

## Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА

*Землячкаға Лениннен жеке хат*

Сіздің ашуланып жазған хатыңызды алып, асығып жауап жазып отырмын. Сіз босқа ренжідіңіз. Егер мен ұрысқан болсам, онда, оллаһи, жақсы көргендігімнен, оның үстіне: егер Лядовтың мәліметтері дұрыс болса деп ескертіп ұрыстым. Сіздің 15 комитетті өз жағыңызға қаратып алу жөнінде және үш конференцияны ұйымдастыру[214] жөнінде жүргізген орасан зор жұмысыңызды біз өте қатты бағалаймыз, мұны Сіз солтүстік конференция жөнінде[215] осының алдында жазылған хаттан көрдіңіз. Сізсіз біз бір де қадам жасағанымыз жоқ, жасамаймыз да. Питерге жүріп кеткен бойжеткен ақша табу үшін өзінің жеке басының байланыстарын пайдалануға уәде етті, ал Лизаға біз Сіз үшін жаздық, бірақ әсте Сізден бөлек жазғамыз жоқ («жеке хат» деген жазу тек қана дұшпандарға қарсы істелген іс). Лизаға жазылған хаттар жөніндегі болған түсініспеушілікті оған дереу түсіндіреміз. Әрине, Лизасы құрсын.

Комитеттерге адрестерді жібергеніңізге үлкен рахмет. Тағыда жібере көргейсіз. Гусевті жібердік, Лядов ақша болған кезде жүреді.

Лядов Россиядағы орган жөніндегі мәселені біраз теріс баяндаған, сондықтан егерде қызып кетіп, Сізді ренжіткен болсам, ол үшін кешірім сұраймын.

Бюроның ашықтан-ашық пікір айтуы жөнінде енді мұнан әрі таласып жатпаймын. Екі апта деген, әрине, түк емес. Сеніңіз, менің Россиядағы жұрттың пікірімен әбден санасқым келеді және барлық жағынан да сөзсіз санасқым келеді және Сізден бір нәрсені қатты өтініп сұраймын: осы пікір жөнінде, құдай үшін, маған жиі-жиі ха-

барлап тұрыңыз. Егер мен шет ел большевиктерінің көңіл-күйіне беріліп кетіп, кінәлы болған болсам, онда кінәсыз кінәлы болғаным, өйткені Россия сұмдық аз, өте сирек жазады. Солтүстік конференцияның сайлауына толық бойсынамын[216] және, оллаһи, бар көңіліммен бойсынамын. Ақша табуға тырысыңыз және ашуланбайтындығыңызды жазып жіберіңіз.

Бүтіндей Сіздің *Ленин*

*1905 ж. январьдың басында жазылған*
*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

129

## КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІ БЮРОСЫНЫҢ СЕКРЕТАРЫНА

29. I. 05.

Қымбатты дос! Сізге үлкен өтінішім бар: Сіз Рахметовка ұрсыңызшы, ұрысқанда жақсылап ұрсыңызшы. Освобожденецтіктер немесе поп Гапон социал-демократтар жөнінде өздерін қалай ұстаған болса, Рахметов та біз жөнінде өзін, оллаһи, дәл солай ұстап отыр ғой. Кәзір Россиямен жазысқан корреспонденциямыздың кестесін қарап шықтым. Гусев 10 күннің ішінде 6 хат жіберген, ал Рахметов болса 30 күннің ішінде 2 хат жіберді. Мұнысы не? Ешбір дерексіз кетті. «Вперед» үшін бір жол нәрсе де жазбаған. Істер, жоспарлар және байланыстар турасында бір сөз жоқ. Мұның өзі тіпті бір мүмкін емес, ақылға сыймайтын, сондайлық нашар жағдай ғой. Жуырда «Впередтің» 4-ші номері шығады, соның артынан іле-шала (бірнеше күннен кейін) 5-ші номері шығады, ал Рахметовтан ешқандай көмек жоқ. Бүгін Питерден айдың 10-ында жазылған хаттар келді, тым қысқа жазылған хаттар. Ал 9-шы январь туралы ешкім де жақсы және көп корреспонденция ұйымдастырған жоқ!

Корреспонденция жіберіп тұру туралы менің Рахметовка жазған хатыма ешқандай жауап жоқ[217]!

Бюро мен съезд жөнінде де ешқандай хабар жоқ. Ал бюро туралы хабарландыру шығару ісін және съезд шақыруды тездетудің қандай маңызы бар десеңізші. Құдай үшін, меньшевиктер мен Орталық Комитетке сенбеңіздер және сөзсіз, барлық жерде, барынша батыл түрде жіктеліске, жіктеліске және жіктеліске барыңыз. Біз осында, революциямен қызыға айналысып кетіп, бір жұртшылық жыйналысында меньшевиктермен қосылып кеткен едік,

бірақ олар бізді мұнда да маскара алдап кетті. Кімде-кім ақымақ болып алданып қалайын демесе, біз оған жіктеліске бар, сөзсіз жіктеліске бар деп барынша қатты ескертеміз.

*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 130
## А. БЕБЕЛЬГЕ

7. II. 05.

Аса қадірлі жолдас!

Сіз маған хат жазған күні біз Герман Грейлих жолдасқа хат даярлаған едік[218], бұл хатта Россияны социал-демократиялық жұмысшы партиясында кәзіргі кезде жіктелістің қалай және неліктен орын алған факт болып отырғанын баяндадық. Бұл хаттың көшірмесін біз неміс социал-демократиялық партиясының партиялық басқармасына хабарлаймыз.

Біздің партияның үшінші съезін Көпшілік Комитеттерінің орыс Бюросы шақырады. «Впередтің» редакциясы және көпшіліктің орыстық бюросы — тек қана уақытша орталықтар. Мен де, «Впередтің» маған мәлім редакторларының, қызметшілерінің және жолын қуаттағандардың ішінен ешкім де кәзіргі кезде партия съезінің шешімінсіз қандай да болсын бір маңызды жаңа, бүкіл партияның қолын байлайтын адым үшін өзіне жауапкершілік ала алмайды. Сонымен, Сіздің ұсынысыңызды тек осы партия съезіне ғана хабарландыруға болады.

*Женевадан Берлинге жіберілген*
*Бірінші рет 1905 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*
*Орысшасы неміс тілінен аударылған*

## 131

## С. И. ГУСЕВКЕ

Харитонға

15. II. 05.

Қымбатты дос! Хаттарыңызға үлкен рахмет. Қалай да сол бетіңізден танбаңыз, тек мұның үстіне айтатыным: 1) өзіңізге тапсырылған хаттарды немесе хабарларды конспектілеумен ешуақытта қанағаттанбаңыз, қайта оларды қалай да *түгелімен* (Сіздің хаттарыңыздан басқасын) жер-жерге жіберіп отырыңыз; 2) бізді міндетті түрде жаңа күштермен, жастармен, жаңа құрылған үйірмелермен *тікелей* байланыстырып отырыңыз. Революцияшыл ұйымның күші оның байланыстарының санында болатындығын ұмытпаңыз. Бізге жеткізіліп отыратын орыстар жағының *жаңа* байланыстарының саны арқылы біз өзіміздің достарымыздың іске қабілеттілігі мен жұмыстың нәтижелерін анықтауға тиіспіз. Осы уақытқа дейін *барлық* питерліктер (олар үшін масқара) біздерге орыс жағынан *бірде-бір* жаңа байланыс берген жоқ (Серафима да, Сысойка да, Землячка да, Ник. Ив. те берген жоқ). Бұл масқара ғой, бұл құрткандық қой, бұл апат болу ғой! Құдай үшін, меньшевиктерден үйренсеңіздерші. «Исқраның» 85-номерінде корреспонденция дегеніңіз тіпті көп. Сіздер «Впередті» жастарға оқыдыңыздар ғой, бірақ неліктен бізді осы жастардың ішінен ешкіммен байланыстырмадыңыз? Есіңізде болсын: Сіздер бізге «Впередтың» жұмыс істей алатын, байланыс жасай алатын, Сіздерсіз де бізбен хат жазыса алатын *ондаған* жаңа, жас, адал достарын таппай тұрғанда Сіздер сәтсіздікке ұшырасаңыз-ақ болғаны, біз отырып қаламыз. Осы есіңізде болсын!! Профессионал революционер әрбір жерде ондап жаңа байланыс орнатуға тиіс, өз көз алдында олардың қолына барлық жұмысты беріп

қою керек, оларды уағыздау арқылы емес, жұмыс істеткізу арқылы үйретіп, ысылдырып отыру керек. Сонан кейін екінші бір жерге бару керек, бір-екі айдан кейін жас орынбасарларды тексеруге қайтадан келіп отыру керек. Сіз бұған сеніңіз, біздің арамызда жастардан сондай бір есуастықпен, филистерлікпен, обломовша қорқушылық бар. Жалынып сұраймын: бар күшіңізді салып осы қорқушылықпен күресіңіз.

Сіздің *Ленин*

*Женевадан Петербургке жіберілген*
*Бірінші рет 1925 ж басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 132

## С. И. ГУСЕВКЕ

25. II. 05.

Орталық Комитеттің съезд шақыруға ниеттенгенін Лядовтың хатынан міне қазір ғана біліп отырмыз. Бюродан Орталық Комитетке сенбеу керек деп және съезді шақыруға қалай да болсын өзінің толық дербестігінен титтей де бас тартпау керек деп бүкіл эмигранттардың атынан жалбарынып сұраймыз. Бюро Орталық Комитетке еш бір кетуге праволы емес. Олай болмаған күнде біз бұл арада бүлік шығарамыз, ал тастай берік комитеттердің барлығы бізбен бірге болады. Орталық Комитет съезге шақырылып отыр, меньшевиктерімен-ақ келсін, бірақ съезді біз тек қана біз шақырамыз. Сейсенбіде (28. II. 05) «Вперед»-тің 8-номері шығады, мұнда біздің жігерлі түрдегі қосымшамызбен[211] бюроның хабары қайта басылған. Құдай үшін, осы хатты тезірек Лядовқа, Сычёваға, Землячкаға жіберудің барлық шарасын істеңіз.

Сіздің Ленин

*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* — *Көшірмесі бойынша басылып отыр*

133

## С. И. ГУСЕВКЕ

Нацияға

Қымбатты дос! Хаттарыңызға өте үлкен рахмет. Сіз бізді шет елдегі әсерлерден тура аман сақтап қалып отырсыз. Қалай да ісіңізді осылай жүргізе беріңіз. Құдай үшін, жұмысшылардың өздерінен корреспонденция табыңыздар. Олар неге жазбайды?? Бұл тіпті масқаралық қой! Комиссияға Шидловскийді сайлардағы комитеттің жүргізген үгіт жұмысы туралы Сіздің толық жазған әңгімеңіз тамаша жақсы. Басып шығарамыз.

Тағы бір сұрайтын нәрсе: белгіленген 6 жұмысшыны сіздер комитетке қабылдадыңыздар ма? Қалай да жауап беріңіз. Бар шараны қолданып: комитетке жұмысшыларды қабылдаңыздар, ең кемінде, $^{1}/_{2}$ бөлегіндей қабылдаңыздар деп кеңес береміз. Мұнсыз сіздер осы арадан көмекке көп күш жіберіп жатқан меньшевиктерге қарсы нығая алмайсыздар.

Съезд жөнінде бюродан ешкім де жазбайды. Бұл бізді мазалап отыр, өйткені Орталық Комитеттің съезд шақыруға көнуі табыс болып табылады деген Русалканың (және шінара Сіздің) оптимизміңіз үлкен қауіп туғызады. Орталық Комитеттің сіздерді алдап кеткісі келгендігі біз үшін айдан анық нәрсе. Орталық Комитет жөнінде пессимист болу керек. Құдай үшін, оған сенбеңіз! Азшылықтың комитеттерін, әсіресе батпақ жағындағыларын келуге көндіру үшін кезеңмен барынша пайдаланып қалыңыз. Киевке, Ростовқа, Харьковқа бар күшті салудың орасан зор маңызы бар: осы 3 орталықтың бәрінде де «впередшылдар», *жұмысшылар* және интеллигенттер бар екенін *біз жақсы білеміз. Қалай болған күнде де* съезге олардан *кеңесші* дауыспен қатысатын делегаттар ала ке-

лу керек*. Мәскеудің баспаханашылары жөнінде айтатыным да сол. Жалпы сұмдық бір өкінішті нәрсе жұмысшы ұйымдарын съезге шақыру жөнінде біздің алған шешімімізді бюро жарияламаған: мұның өзі *орасан зор қате*. Ол қатені тезірек және сөзсіз түзетіңіз.

*Өздерінің есебінен* съезге *кеңесші* дауыспен бір-екі делегат жіберуі жөнінде С.-Петербургтің барлық ұйымдасқан 3 0 0 жұмысшысының арасында үгіт жүргізуге қатты кеңес берер едім. Мұның жұмысшыларға сондайлық тамаша ұнап кетуі мүмкін де, сөйтіп олардың іске қызу кірісуі мүмкін. Жұмысшылардың алдында меньшевиктер: жұмысшылар қатысқан жоқ деп съезді қатты масқаралайтынын ұмытпаңыз. Осымен санасу керек және жұмысшы өкілдіктеріне қалай да барынша назар аудару керек. С.-Петербургтің жұмысшылары екі жұмысшы делегат үшін үш жүз сом жиынай алатын шығар деймін (немесе бұған арнаулы түрде пәлендейбір меценат құрбандық ете салар деп білемін).— бес тиыннан жылу жинау жөнінде үгіт жүргізу орасан зор нәрсе, мұны жұрттың бәрі білетін болады. Мұның маңызы орасан зор болар еді. Осыны комитетте және ұйымдастырушылардың, үгітшілердің жиналыстарында қалай да оқып беріңіз. «Впередпен» тура байланыс жасау жөнінде біздің ұйымдастырушыларымыз бен үгітшілеріміздің барлығы бірдей жұмысшыларға жеткізіп айта ма??

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

Р. S. Бюроның екі листогі де (көтеріліс туралы № 1 де, либералдарға көзқарас жөніндегі № 2 де) өте тамаша жазылған, сондықтан біз оларды «Впередте» тұтасынан қайта басып шығарамыз[220]. Міне осылай етіп жүргізе берсе жақсы-ақ болар еді!! Реті келгенде айта кетейік: әдебиетшілердің бұл тобы өзін СПБ. комитетінің ұйымына жататын топ деп жариялағаны несі. Мұның қолайсыз болатын себебі мынада. Комитет жанындағы әдебиетшілер тобының съезге мандаты болмайды. Егер ол «Росс. СДЖП-ға кіретін» *ерекше*, комитеттік емес, *жалпыорыстық* «әдебиетшілер тобы» болған болса, онда ол топтың *(бюроның рұқсаты бойынша) кеңесші* дауыспен қатысатын делегат жіберуге правосы болған болар еді. Шыны-

* — Осының бәрін Русалка мен Демонға жазып жіберіңіз.

мен осылай етіңіздерші! Біз ол топты Петербург комитетінің жанындағы топ деп баспайтын болайық. 1) Петербург комитеті оны есептен шығарып тастасын. 2) Ол топ уақытша болса да жеке, өз алдына бөлек топ болатын болсын; 3) өзінің делегатын кеңесші дауыспен съезге жіберу туралы «өтініш арыз беретін болсын» (міне қандай бюрократизм десеңізші!); 4) бюро бұған рұқсат етеді. Ондаған әдебиетшілер делегатқа шынымен-ақ 200 сом ақша таба алмай ма?? Ал съезд үшін олардың делегатының болғаны (мәселен Румянцевтің немесе басқа біреудің болғаны) пайдалы болған болар еді ғой. Осыны бюроға жеткізіңіз немесе, ең жақсысы, осының бәрін *ешқандай баяндамасыз-ақ өзіңіз орындай салыңыз.*

*1905 ж. марттың басында жазылған*
*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 134

## С. И. ГУСЕВКЕ

Нацияға Лениннен

11. III. 05.

Қымбатты дос! № 10 және 11-ді міне кәзір ғана алдым[221]. Үлкен рахмет, әсіресе 10-шы номердегі ұрысқаныңыз үшін рахмет. Жұрттың ұрысқанын мен бір түрлі жақсы көремін — демек, ұрысты деген сөз не істейтінін біледі, ұстаған бағыты да бар деген сөз ғой. Сіз «кәрі қасқырды» шебер-ақ жауқамдағансыз, ол тіпті мақаланы оқығанның өзінен-ақ басын қасый бастады. Бірақ 11-ші номер, егер Питердің меньшевиктерімен оп-оңай келісіп кетеміз десеңіз, онда сіздің тым оптимист болғандығыңызды көрсетеді. Данайлықтардан мен, ох, сондай қорқамын[222] және сізге де қорқуға кеңес беремін! Олардағы өздері үшін тиімсіз нәрселердің бәрі сөз жүзінде, документсіз қалып отырғанын байқап қойыңыз — мәселен, Орталық Комитеттің съезд шақыруға көнгендігі. Бүгін «Искраның» 89-номері шықты,— онда Советтің 8. III. 05 съезге қарсы шығарған қаулысы бар, өтірік [illegible] соғатын қаулы («съезге қатысушылар өздерінің әрекет ету түрімен өздерін өздері партиядан тыс қойып отыр» дейді), «орталық мекемелерді қоспағанда праволық қабілеттілігі бар партия ұйымдары» 1. I. 05 [illegible] 33 деп есептелінген (арсыз түрде өтірік айтушылық. Кубань және бекітілмеген Қазан комитеттері сияқты [illegible] дағы бір болмаған комитеттер шығарылып қойған, ал екі комитет жөнінде, Полесск және Солтүстік-Батыс комитеттерінің құрылған мерзімдері шатастырылып көрсетілген. 1. IV. 05 деудің орнына 1. I. 05 делінген). Съезге Советтің қатысуы туралы, ал олай болса, Лиганың да, Орталық Органның да қатысуы туралы сөз де болуы мүмкін емес екені айқын нәрсе. Мен бүгін өте қуаныштымын [illegible] *мен* орыс меньшевиктері барлығын [illegible] [illegible]мін. Осы уақытқа дейін бірде-бір меньшевик [illegible]

тің съезд шақыруға келісетіндігі туралы сіздердің ешқайсыңыз да бірде-бір қағаз жеткізбедіңіз. Жалған үмітке салынбаңыз! Егер Питер меньшевиктері уступкаға баратын болса, олардан conditio sine quo non* бюроның шақыратын *съезін мойындауды* және С.-Петербург комитетін бірден-бір *заңды және жұмысшы қозғалысымен байланысты* деп тануды талап етіңіз,— сөзсіз қағаз жүзінде мойындауды талап етіңіз, сөзсіз көшірмесін (олардың жеке өздерінің қолдарын қойғызып) «Вперед-қа» жіберуін, азшылықтың С.-Петербургтік тобының түгел барлық мүшелерінің атынан жіберуді талап етіңіз. Бірақ сонда да оларды дегенмен *ешқандай байланысқа* жолатпаңыз,— олай етпеген күнде өздеріңізге ішкі жау тауып аласыздар, менің осы сөзім есіңізде болсын!

Көтеріліс үшін келісімге келу туралы осында 20. III. 05 шамасында социалист-революционерлермен және *толып жатқан* басқа партиялармен ең бір маңызды конференция болатынын Рахметовқа дереу жеткізіңіз, асығыс телеграммамен хабарлаңыз[223],— Рахметовтың болуы *қажет,* бір күн де кешікпей тезірек келетін болсын.

Қорыта келіп Сізге тағыда бір айтатыным: Сіз бүкіл Россиядағы азшылықтың күшін білмейсіз де, жалған үмітке салынасыз. Мұныңыз бекершілік іс. Меньшевиктер қазір бізден күштірек, арпалысқан күрес жүргізу керек, ұзақ уақыт күрес жүргізу керек. Шет елдегі иконалар[224] ақшаны сұмдық көп жұтып жатыр. Өздерінің (және Латыш ұйымының) Орталық Комитетпен өткізген конференциясынан *кейін*[225] Бундпен etc. келісімге келу туралы біздің сөз қылуымызды мен тіпті *ыңғайсыз* нәрсе деп есептеймін («Последние Известиядағы» және «Искраның» 89-номеріндегі протокол). Мұның өзі есуастық болған болар еді: біз дәл бір жабысып жүрген сияқтымыз, олар бізге: сіздерді біз білмейміз, біз Орталық Комитетпен келісіп те қойғанбыз дейтін болады. Масқара болып шығады, айта көрмеңіз!!

Қолыңызды қатты қысамын. *Ленин*

*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — сөзсіз шарт ретінде. *Ред.*

135

## С. И. ГУСЕВКЕ

*Гусевке Лениннен*

16. III. 05.

Қымбатты дос! Социал-демократиялық және басқа *революцияшыл 18* партияның (соның ішінде с.-р. мен P. P. S.) осында болатын конференциясы Бундтың өтінуі бойынша апрельдің бас кезіне дейін кейінге қалдырылғанын кәзір білдім. Біздің осы конференцияға қатысуымыздың бірсыпыра түбірлі мәселелерін Рахметовпен біріге отырып шешіп алғанымыз тіпті өте жақсы болар еді (бұл конференцияның мақсаты — көтеріліс үшін келісімге келу). «Искра» ең зұлымдық интрига жасап отыр. Егер Рахметов әлі шықпаған болса, оның дереу жүруіне бар күшіңізді салыңыз және оның жолға шыққан мезгілі жөнінде Өзіңіздің не білетініңізді маған қалай да дереу дәлірек хабарлаңыз.

Біз бұл арада съезд жөнінде аз әбігерленіп отырғанымыз жоқ. Старик ашулы деп жазу Сізге, Игорьға және Лядовқа жақсы-ақ қой. Барлық хабармен пайдаланатын және хабар-ошарды бізден тезірек алатын дұшпандар осында өзімізді айнала қоршап отырғанда қалай ашуланбассың. Мұның өзі Бюроның тарапынан, оллаһи, кешіргісіз нәрсе ғой. Мәселен, шығыс жөнінде біздің бар білетініміз сол ғана, Землячка Уралды аралап жүрген көрінеді, ал Лядов Саратовта болыпты. Соңғы жерден келген жауап айқын емес, анық-айқын ештеңе жоқ. «Шығыс ауданының комитеттерінің» қол қоюымен шығатын листоктардың шығуының қалай жолға қойылғандығын біз білмейміз. Мұның өзі масқара, шатақ іс қой!! Жуырда социалист-революционерлер бізге Гапонға қарсы жазылған сондай бір ақымақтық листокты көрсетті! Мұның өзі Орталық Комитеттің интригасы екені айқын, бюроның

шығыста болған екі мүшесінің шынымен-ақ ештеңе біле алмағаны ма және бізді дұшпанның алдында масқара жағдайға қалдырмау үшін бізге уақытымен бірнәрсе жазып жібере алмағаны ма? Өздерінің «Впередты» сондай ыңғайсыз жағдайға қалдырып отырғаны оларға шынымен-ақ ұят болмағаны ма? Ыңғайсыз жағдай ғана емес, өйткені «Искра» бәрімен де арсыздықпен пайдаланып отыр. «Исқраның» 89-номерінде Совет съезге баратын адамдардың бәрін партиядан аластап отыр. Онда дауыстарды тағыда бұзып көрсеткен. 1. І. 05 қарсаңында 75 дауыс деп есептелінген ($33 \times 2 = 66 + 9$ Орталық Комитетте, Орталық Органда және Советте). Қазан және Кубань комитеттері ойдан шығарып алынған, бұлар ешқашан да бекітілген комитеттер емес-ті. мұнан соң Полесск және Солтүстік-Батыс комитеттері 1. І. 05. бекітілген деп өтірік айтыла салынған. Іс жүзінде олар тек 1. IV. 05 жылы бекітілген болатын. Біз мұны «Впередтің» 10-номерінде әшкерeледік[226].

Мынау есіңізде болсын: «Искраның» тұрғысынан съездің заңды болуы үшін, онда *19* комитет болуы керек. Біздің есебімізше бұл дұрыс емес. Ал егер *орыстың* толық праволы ұйымдары 1. І. 05 қарсаңында 28 (Лигасыз) болған болса, онда съезге *14—15* комитеттің қатысуы өте керекті, *қажетті десе де болады*. Біракта бізде бары 13—1 (Екатеринослав) + 2 (Воронеж бен Тула) = 14, соның өзінде де комитет болуы екіталай Тифлисті қосқанда ғана осынша болады. Әрине, он шақты комитет болса да, бәрібір съезд болуы керек, негұрлым тезірек болса, соғұрлым дұрысырақ болады. Қандай болса ондай болсын, съезд болса болғаны. Бірақ бюроның *бірде-бір* бейтарап немесе меньшевиктік комитетке барғандығы туралы неліктен хабар жоқ?? Бюро барлығын шақырады және барлығына барып шығады деп шешілген емес пе еді? Лядов неліктен Кубань комитетінде болмаған? Ол Дон, Харьков, Горнозаводск, Киев комитеттерінің қасынан өтіп, оларды неліктен съезге шақыра келмеген?? және осы қалалардағы жеке топтарды неге шақырмаған? жұмысшыларды көтерудің ең тамаша құралы: съезге олардың *өздерін* шақыру. Жұрт неге осыны істемейді?? мұның орасан зор маңызы болар еді ғой!! Курск туралы, Полесск комитеті және басқалары туралы неліктен бірде-бір хабар жоқ? Біз бұл арадан қолымыздан келгенді істейміз, бірақ бұл

жерден көп нәрсе істей коймайсың ғой. Қазан, Сибирь, Курск, Полесья, Саратов жөнінде аздаған ғана сүйеніш бар, бірақ мұның бәрі де болжаудағы нәрсе ғой. Ал енді осы бесеуінің бәрі және оның үстіне Урал съезде болатын болса, ол уақытта съездің тіпті «Искраның» есебі бойынша да толық заңды болуы күмансыз. Жазсаңызшы.

Сіздің *Ленин*

*Женевадан Петербургке жіберілген*
*Бірінші рет 1925 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 136

# РСДЖП ОДЕССА КОМИТЕТІНЕ

*Одесса комитетіне Лениннен*

Қымбатты достар! Менің сіздермен съезге жіберілетін делегаттар жөнінде сөйлескім келеді. Егер сіздер Россиядан жіберетін болсаңыздар, онда менің хатым аяқсыз қалады. Бірақ мен: сіздер осындағылардың біреуіне мандат бергісі келеді деп естідім. Егер бұл хабар дұрыс болатын болса, онда мен сіздердің мұндағы кандидаттарыңыздың *екеуіне де*, яғни Жозефинаға да, Данилаға да мандат беруге кеңес берген болар едім, атап айтқанда: олардың біреуіне шешуші дауыспен, ал екіншісіне — кеңесші дауыспен мандат беру керек (яғни съезге былай деп хат жазу керек: Одесса комитеті оңтүстік бюроның мүшесі ретінде, кеңесіп істеу жөнінен өте пайдалы қызметкер ретінде Жозефинаның, немесе, мен мысал үшін айтып отырмын, перифериянь өте тамаша білетін және Одесса пролетариаты арасында өте жақсы жігерлі түрде жұмыс істеген адам ретінде Даниланың *кеңесші* дауыспен қатысуына рұқсат етуді *с ъ е з д е н* *сұрайды*). Съезд комитеттің бұл тәрізді өтінішіне құлақ асады деп кәміл сенуге болады. Осы хатты комитеттің *барлық* мүшелеріне оқып беріп, маған жауап жазғайсыздар[227].

P. S. Жұмысшыларды комитетке қабылдап жатырсыздар ма? Қабылдау қажет, сөзсіз қажет! Бізді жұмысшылармен неге тікелей байланыстырмайсыздар? «Впередке» бірде-бір жұмысшы жазбайды. *Бұл масқаралық.* Бізге қайткен күнде де *ондаған* жұмысшы корреспондент керек. Хаттың осы бөлегін де комитеттің барлық мүшелеріне ғана емес, сонымен қатар көпшіліктің барлық ұйымдастырушылары мен үгітшілеріне оқып берулеріңізді өте сұраймын.

Барлығыңызға сәлем! Сіздің *Ленин*

*1905 ж. 29 мартта Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

жерде де керек. Егер жүріп кетуді *тілесеңіз* (ал мұны тілеу керек те), оны әрқашан да реттеуге болады.

12. III. 05 договор туралы[228] жазбай отырмын. Ол үшін ұрысысатын ештеңе жоқ. Сірә, басқаша істеуге болмаған болу керек. Мәселе қазір: съезді жігерлі түрде әзірлеп, делегаттардың санын көбейтуде. Ақша жөніне келсек, оны жұмсап қоймай, сақтаңыз; съезден кейін онан сайын керек болады.

*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 138

## О. Н. ВИНОГРАДОВАҒА

Нищийге Лениннен

Қымбатты жолдас! Көлөнершілер арасындағы ұйымның төменгі ұясы жөніндегі Сіздің хатыңызды (№ 6) қызыға оқып шықтым. Фабрикалар мен заводтарда мұндай ұйым заводтық комитет болуға тиіс, ал көлөнерде ше? Сіз кәсіптік үйірмелерді жақтайсыз, ал Сіздің оппоненттеріңіз ше — ? Олардың нені жақтайтынын мен түсінбедім. Амал не, ескі кәсіптік «советтердің» қандай болғанын да мен білмеймін? олар қай кезде өмір сүрді? қалай құрылды? социал-демократиялық жұмыс пен кәсіптік жұмысты қалай ұштастырды?

Бұл практикалық мәселенің практикалық жағымен таныс болмағандықтан мен *әзірге* пікір айта алмаймын. Мүмкін, бұдан былайғы хаттар мені іспен біртабан жақынырақ таныстырар — сонда көрерміз. Тәжрибені білу керектігі және қайта жасағанда сақ болу керектігі, бұл дұрыс нәрсе. Бірақ бұл арада экономизмнің не керегі бар екені маған түсініксіз. Заводтық комитеттерде де көбінесе заводтық (бұл да кәсіптік) мүдделер туралы айтпаушы ма еді? Алайда *социал-демократиялық* ұйымның төменгі ұясы заводтық комитет болуға тиіс екендігіне ешкім де қарсылық жасаған жоқ. Маңызды нәрсе — өмір сүру жағдайлары, жиналыстар жағдайы, кездесулер жағдайы, бірлесіп жұмыс істеу жағдайлары, өйткені төменгі ұя өте-мөте шиырақ, жиі, үнемі қызмет істеуге тиіс. Ақырында, бұл арада құрылыстың бір типі болу міндетті ме? Әртүрлі жағдайларға бейімделу үшін және тәжрибені молырақ жинау үшін әралуан типтердің болғаны жақсы емес пе?

Хаттарыңызға рахмет. Жаңа берiлiс, әйтпесе жұмыстың күнделiк жағы (жалпы көпшiлiк жағы)) туралы хабарды сирек аламыз.

*Ленин*

*1905 ж. 8 апрельде жазылған*
*Женевадан Одессаға жiберiлген*

*Бiрiншi рет 1926 ж. басылған* — *Қолжазбаның [illegible] басылып отыр*

139

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА

Халықаралық социалистік бюроның
секретариатына

*Женева, 8 июль, 1905 ж.*

Қымбатты жолдастар, сіздердің 6 июльдегі хатыңыз бізді біраз таңдандырды. Сіздер азамат Плехановтың бұдан былай Россиялық социал-демократиялық партияның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болып табылмайтындығын білуге тиісті едіңіздер.

Азамат Плеханов *«Искраның»* 101-номерінде төмендегі хатты басып шығарды, бұл хатты біз сөзбе-сөз аударып отырмыз және ол бұл хатты бюроға жеткізіп хабарлауға да тиісті сияқты еді:

«Жолдастар, конференцияның (партияның бөлініп шыққан бөлегі конференциясының. *В. У.*) біздің партияның орталық мекемелеріне қатты соққы жасаған шешімдері мені Орталық Органның редакторы және Советтің бесінші (екінші, *заңды* съезд сайлаған) мүшесі деген атақты өзімнен алып тастауға мәжбүр етіп отыр. *Г. Плеханов.*

P. S. Партияның «үшінші» съезінің шешімдерін міндетті шешімдер деп танитын бөлегінен: менің бұрынғыша осы, —әттегене-ай!— қазірде екі айырылған партияның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі бола беруімді оның тілейтін-тілемейтінін баспасөз жүзінде сұрап алу үшін осы жағдайды пайдаланып отырмын. Менің өкіл болуымды *екі* фракцияның екеуі де тілейтін болса, тек сонда ғана мен РСДЖП-ның өкілі болып қала аламын.

Montreux, 29 май, 1905».

Азамат Плехановтың бұл мәлімдемесіне «Пролетарийдің», партияның Орталық Органының [illegible]

алмаймын?? Біздің бұл туралы әңгімелерімізді Шмидт пен Вернердің ұмытып кеткені ме? Аптасына бір листоктан болса да жазып, таратуға, қалайша болмас екен?? III съезд туралы «Хабар»[230] Россияда осы уақытқа дейін еш жерде толығынан қайта басылған жоқ: мұның өзі ОҚ-ның барлық осы атышулы «техникаларының» сәтсіздігі екендігі, жөнсіздігі екендігі соншалық — мен Винтердің не қарағандығын, Зоммердің және басқалардың не қарап отырғанын мүлде түсінбеймін. Ақырында, комитеттік баспаханалар да бар ғой?!?

Сірә, ОҚ мүшелері «жұрт алдында көрінудің» міндеттерін мүлде түсінбейтін болу керек. Ал мұнсыз орталық жоқ, партия жоқ! Олар әлі біткенше жұмыс істейді, бірақ, көр тышқандар сияқты, кездесулерде, жиналыстарда, агенттермен жұмыс істейді, т. т. және т. с. Бұл турадан-тура күштерді ысырап ету! Егер адамдар жоқ болса,—бұған үшінші дәрежелі күштерді, оныншы дәрежелі күштерді қойыңыздар, бірақ өздеріңіз саяси басшылықты сөзсіз жүзеге асырыңыздар, ең алдымен листоктар шығарыңыздар. Ал сонсоң — аудандық съездерде (Полесьедегі съезде ешкім болған жоқ. Масқарашылық. Олар шығып қала жаздады!), конференцияларда, т. т. жеке шығып сөйлеуге болады. ОҚ-ның күнделігі тәрізді бірдеңені, оның бюллетеньдерін тура шығарып тұру керек, әрбір елеулі мәселеге листок арқылы аптасына екі рет жауап беріп отыру керек. Ал оны шығару қиын емес: 50 дана етіп гектографқа түсіріп, тарату керек, әйтеуір бір комитетте бастырып, осында жіберу керек. Маңызды нәрсе — шығып пікір *айту* және ашықтан-ашық пікір айтып *отыру* керек, мылқау болуды қою керек. Әйтпесе бұл жақта біз де мүлде қол үзіп қалдық.

Мүмкін, ОҚ-ның құрамын толықтыру керек болар? тағыда бір бес-алты агент алу керек болар? Бұған адамдар табылатынына мен сенемін. Практика жағынан кәзірде мен бір нәрсені ұсына аламын: ОҚ мүшелері арасында жазба қатынастың толық дерлік болмауы себепті (Вернер мен Винтерден біз небәрі 2 хат алдық, Александровтан жолшыбайғы хабарлар, «жол бойынғы әсерлер» ғана алдық, басқа ештеңе жоқ) 1. IX. 05. қарсаңында съезд туралы біздің 10. V. 05 жалпы шешімімізді[231] сөзсіз іске асыру қажет. Құдай үшін, мұны кейінге қалдыра көрмеңіздер, 200—300 сом шығынға сараңдық етпеңіздер. Мұнсыз —

орасан зор қауіп бар, біздің істі ойдағыдай етіп жолға қоюымызға реті келмей қалады. Ал кәзір іс мүлде жолға қойылмаған. Бұл барлық хабарлардан көрініп отыр.

1. IX дейін әлі бір жарым ай бар. Істерді реттеп үлгеруге және кімнің баратындығы туралы Александровпен де хат жазысып, сапарды дер кезінде ұйымдастыруға болады. Жауап күтемін.

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

141

# РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

ОҚ-ға Лениннен

Қымбатты достар! Сіздердің соңғы хаттарыңыз жөнінде мынаны айтуға тиіспін: екі қаулыдан басқа қалған қаулылардың бәрімен келісемін. 1) Матренаны агент етіп тағайындауға мен үзілді-кесілді қарсылық етемін және қайта карауларыңызды өте-мөте сұраймын. 2) Плеханов жөнінде сіздердің бұл жақта, тағы бізде Винтермен бірге көтерген мәселені үндемей орағытып өткендеріңізге өте-мөте таңқалып отырмын. Партияға енгісі келмейтін және 3-ші съезді мойындағысы келмейтін адамды партия өкілі етіп тағайындауға біз праволымыз ба? Қазірде ол: 3-ші съезді заңды деп есептемеймін және *тек* екі фракцияның атынан ғана өкіл боламын деп, баспасөз жүзінде мәлімдеп отыр ғой. Бұл жақта бірсыпыра жолдастар Винтер осында болған кездің өзінде-ақ: Плехановты тағайындап, біз оны есіртіп жібереміз, сөйгіп оны біржолата бүлдіреміз деп көрсеткен-ді. Мен алғашқыда Плехановты жақтадым, ал қазір оны шарт қоймайынша тағайындауға болмайтынын көріп отырмын. Өзімен ешкім сөйлеспейтін, өзінің емес, шын мәнісінде *ОҚ-ның* «өкілі» бол деп мәжбүр етуге *болмайтын* адамды Бюроға өкіл ету деген не екенін өздеріңіз көз алдыныզға нақтылап елестетіп көріңіздерші! Біз қазір Бюроның (Халықаралық социалистік бюроның) бізбен тура қатынас жасауына жеттік және мұнда ақша істерінің де, басқа істердің де аз емес екенін көріп отырмыз (Россия атынан және Россия жөніндегі үндеу, бұл туралы мен оларға таяуда жазып жібердім; өкілдік жіберу әдісі. бұл туралы олар менен жуырда сұрады, т. т.). Бюро: тағыда «Бебельдің» әйтеуір бір «ұсынысы»[232] бар деп жазды (бұл ұсыныс бізге әлі жеткен жоқ); тағыда қарт «бітісті-

руге» ойланған болу керек (Каутский «Хабардың» немісше басылуы жөнінде[232] барып тұрған арсыздық мақала басып шығарды). Егер өкіл Плеханов болатын болса және «бітім» туралы мәселе жөнінде Плехановтың Бебельмен істес болуына тура келетін болса, біздің жағдайымыздың қандайлық болатынын ойлап көріңіздерші![233] Қандайлық күшті дәлелдер біздің барімізді және әсіресе сіздерді «бітімді» өте-мөте тілеуге, Плехановты тағайындауды тілеуге мәжбүр етіп отырғанын мен өте жақсы түсінемін, бірақ менің көзім мынаған жетті: бітімді *нақтылы* қамтамасыз етпейінше, мұндай адымдар — тек жалған адымдар ғана болады, істі онан сайын шатастырады, жаңа жіктелістерді, договорлардың бұзылуын, керістерді, *жаңа* ашу-ызаны туғызады, сөйтіп бірігу ісін тек қана *қиындатады*. Меніңше, біріктірудің тәжрибеде *жүзеге асырылатын* жоспары жасалмайынша, біріктіру туралы пікірлердің бәрі бос сөз болады: іс осыған келе жатыр, бірнеше ай аңысын аңдай тұру керек, жұртың бәрі конференция шешімдерінің қисынсыз екендігін бағаласын, *тәжрибе* олардың есуастық «ұйымдастыру уставын» талқандасын, *тәжрибе* олардың талаптарын қысқартсын (өйткені, жалпы алғанда, бізде іс жағдайы жақсы және біз көрінеу жеңіске қарай келе жатырмыз), — сонда орталықтардың арасында тура, делдалдарсыз-ақ келіссөздер басталады, сонда біз modus vivendi* әзірлейміз (бірден әзірлейміз бе немесе 2, 3 реттен кейін әзірлейміз бе, әрине, мұны айта алмаймын). Ал қазір күресу керек.

Менің ұсынысым: сіздердің ұсынысыңыздың рухында Плехановқа «ұсыныс» жасау керек, *бірақ мынадай шартпен*: егер ол 3-ші съезді мойындағысы келсе, партияға енгісі келсе және оның шешімдеріне бағынғысы келсе ғана ұсыныс жасау керек. Осындай қадам арқылы біз әрі аппаранстарды сақтаймыз, әрі қандай да болсын мүмкін болатын шатасушылықты зиянсыз етеміз.

Сіздердің жауаптарыңызды алғанша, Плехановқа ештеңе ұсынбаймын. Шешімді сентябрьде өзіміз кездескенге дейін қоя тұруларыңызды өте сұраймын.

Маған жіберілген және Рейнерттің қолымен жазылған «Ашық хат»[234] жөнінде сіздердің бір ауыз сөз де жазбай

* — қимыл түрлерін. *Ред.*

отырғандарыңызға өте-мөте таңқалдым? Неге екен? Қалайша екен? Түсінбеймін. Бұл туралы *қаулыларда* неге бір ауыз сөз жоқ?? Орталық Органға басу керек пе, жоқ па, тезірек жазып жіберіңіздер. Егер басу керек болса, онда менің кітапшаммен, бұл туралы сіздерге Любич айтады, қайшы келмеу үшін тактикалық алауыздықтар жөнінде кішкене өзгерту жасауды өте сұраймын. Бұл жөнінде бізде алшақтық болмас деп сенемін, сондықтан, егер мүмкін болса, менің осы өзгертуді жасауыма рұқсат беруді сұраған болар едім.

Россияда «Хабар» толық шықпай отырғанына өте-мөте таңқалдым. Бұл масқарашылық!!! Құдай үшін, ол жөнінде барлық техниктерді асықтырыңыздар!!

Толық қаулыларды, комитеттердің хаттарын және листоктарды жібергендеріңізге өте-мөте разымын. Біздің арамыздағы дұрыс қатынастардың кейбір нышандары болса да әйтеуір жолға қойылып келеді-ау! Бұл әдетті тастай көрмеңіздер және Питерден жақсы секретарь табыңыздар. Бізге Питерден: партиялық істер туралы, либералдар туралы, партия тұрмысының үйірмелерде талқыланатын мәселелері туралы, т. т. және т. с. туралы хабардар болу соншалық қажет. Бунд пен меньшевиктер біздің мұндағылардан көрі жақсы хабардар екінін ұмытпаңыздар!

Қолыңызды қатты қысамын. *Н. Ленин*

*1905 ж. 12 июльде Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

142

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

28. VII. 05.

Қымбатты достар! Мына маңызды екі мәселені мүмкіндігінше тез шешу қажет: 1) Плеханов туралы. Мәселенің қалай қойылып отырғандығын сіздерге айтып беруді біз арнаулы агентке (Лядовқа) тапсырдық. Қысқаша қайталап айтамын. Плеханов өзін кәзірдің өзінде екі фракция да қабылдады (!) деп Халықаралық социалистік бюроға жазып және біздің 3-ші съезді мейлінше бәлағаттап, масқаралап сұмдық арсыздық жасады. Менде оның хатының көшірмесі бар, мұны маған Бюро жіберген. Бұл көшірме сіздерге жіберіледі. Мен зор қыйыншылықпен ХС бюромен тікелей катынас жасадым және Плехановтың айтқандарын теріске шығардым. Сонан кейін Плеханов өкілдіктен бастартты. Плехановты тағайындауға менің тіпті де сөзсіз қарсы болмағанымды білесіздер, бірақ ендігі жерде бұл өзі мүлдем ақылға сыймас еді. Бұл мені сөзден қайтуға мәжбүр ететіндігі соншалық, менің халім төзімсіз болар еді. ХС бюроның алдында бұл өзі біздің беделімізді біржолата түсірген болар еді. Шетелдік социал-демократтардың күллісі дерлік «иконалар» жағында екенін және бізді түкке санамайтындығын, кемсітетіндігін ұмытпаңыздар. Егер абайсыз қадам бассаңыздар, онда Сіздер бүкіл істі бүлдіресіздер. Сондықтан Вернер мен Шмидтен менің шараларымды, уақытша болса да, мүмкін болғанынша тезірек қуаттауларын өтінемін. Бұл бір. Ал екіншісі: РСДЖП Орталық Комитетінің атынан Плехановқа ғылыми орган ұсынылсын, бірақ Плехановка 3-ші съезді мойындау және оның шешімдерінің өзі үшін міндетті екендігі шарт етіліп қойылсын. Егер ол мұны қабылдамаса, онда кіна өзіне жүктеледі, ал біз өзіміздің татуласқымыз келетіндігін дәлелдейміз. Егер ол мұны қабылдаса, онда біз оған қарай жаңа қадам басамыз. Сонымен: өкілдік туралы шешім бұзылсын, ал ғы-

лыми орган — әлгі шартпен редакциялансын деп катты кеңес беремін. 2) ХС бюроның араға жүруі жөнінде жасаған ұсынысы туралы. Лядов сіздер үшін алып та кетіп еді, сөйтсе де сіздерге толық текст жіберіледі. ХС бюро біздің және азшылықтың қатысуымен ХС бюро мүшелерінің председательдігімен татуластыру конференциясын шақыруды ұсынады. Шетелдік с.-д. (Бебель және басқалар) ХСБ бізге қысым көрсетсін деп катты үгіттеп отыр. Мұндай хаттар тіпті ағылшындардан да жіберіліпті. («Социал-демократиялық федерация», менде ол хаттың көшірмесі бар — кәдуілгі ымыраластыру рухында, мұндай уақытта жанжалдасу қылмыс қой, т. т. дейді). Мен ХС бюроға хат жазып: бұл мәселені жалғыз өзім шеше алмаймын, бұл үшін бүкіл Орталық Комитеттің шешімі керек, оған мен дереу жазамын дедім. Сонан кейін, олар тек араға жүруді айта ма, немесе екі жақ үшін де міндетті болатын аралық сотты айта ма,— мұның өзі маған Орталық Комитетке жазуым үшін қажет деп сұрадым. Олардан әлі жауап жоқ.

Менің пікірім мынадай. Конференцияға сөзсіз келісу керек. Уақыты 1. IX шамасына тағайындалсын. Оған Россиядан Орталық Комитеттің 1—2 мүшесі сөзсіз жіберілсін (біздің съезіміз 1. IX тағайындалғанын және оның барлық жағынан аса қажет екендігін ұмытпаңыздар). Араға жүруді алғыс айта қабылдау керек. Міндетті түрдегі аралық шешім 3-ші съездің қаулысы[235] негізінде қабылданбай тасталсын, өйткені бұл қаулы біз үшін сөзсіз шек қойды және онда: азшылықпен толық қосылу шарттары 4-ші съездің бекітуіне берілуге тиіс делінген. 3-ші съезд бізге бұл шарттарды түпкілікті бекітуді емес, оларды әзірлеп, жасап шығаруды тапсырған. Біз 3-ші съездің тапсырмасын орындап, араға жүруді қабылдаймыз, дәл қәзір келісудің және біртіндеп қосылудың ең толық модусын жасап шығаруға тырысамыз. Егер қолдан келсе, келісімді дереу-ақ жүзеге асырамыз, ал қосылу жоспарын 4-ші съезге ұсынамыз; ол кезде съезді азшылықтың барлық ұйымдарының міндетті түрде жыйылуымен бір уақытта, бір жерде шақыру қажет. Меньшевиктердің өздері үшін қарары міндетті болатын орталығы жоқ екенін есте сақтаудың маңызы өте зор. «Искра» Ұйымдастыру комиссиясына бағынбайды. Бүкіл азшылықтың атынан сөйлеуге правосы жоқ және күші жетпейтін адамдармен

сөз байласып, біз ақымақтардың ролін атқаруға тиіс емеспіз. Сондықтан ХС бюромен бірге болатын жиналыста азшылықтан келетін делегаттар Ұйымдастыру комиссиясынан да, «Искрадан» да болуға тиіс екендігін, ал оның үстіне тез уақыттың ішінде азшылықтың барлық ұйымдарының тізбесін бізге беріп, олардың пікірлерін сұрап шығуға уәде етулері тиіс екендігін бірден-ақ ашық ескерту керек. Айта кетейін, егер орыс тұрғысынан қарағанда орыс меньшевиктерінің басым болуы сіздер үшін маңыздырақ болса, онда «Искраның» ерекше делегаттарының қажет болатын-болмайтындығын өздеріңіз талқылап көріңіздер. Ол сіздерге айқынырақ. Бірақ «Искраның» рыйзалығы болмайынша, барлық келісімдердің фикция болатындығын ұмытпаңыздар. Тағыбір сұрақ: 3-ші съездің жасырын қаулысын ХС бюроға хабарлау керек пе? Біз мұны істеуге праволымыз ба? Мен екіойлымын. Әрине, европалық социалист жолдастарға хабарлау дегеніміз «жариялау» емес, сондықтан оларды жарияламауға міндеттеуге болады. Бірақ бұл қолайлы бола ма? Өздеріңіз шешіңіздер. 3-ші съездің бізге тыйым салған қарарын хабарламағанның өзінде де қанағаттанарлық түсінік беру оңай.

Ұйымдастыру комиссиясының ашық хатын мен «Пролетарийдің» 11-номерінде басамын, (10-шы номері шығуға қалды), бұдан бұрын баспадым, өйткені сіздердің түсінік берулеріңізді күттім, түсінік тек кеше ғана келді. Әрбір документтің үстіне басып шығарудың және дереу басып шығарудың керек не керек еместігін жазып отыруларыңызды қатты өтінеміз.

Сонымен, Вернер мен Шмидтің атынан ең болмаса мына сұрақтарға мүмкіндігінше тез жауап беріңіздер: 1) ХС бюроға жауапты өздеріңіз жазасыздар ма, әлде маған тапсырасыздар ма? 2) Менің жауабымды мақұлдайсыздар ма, әлде жоқ па? 3) Егер жоқ десеңіздер, біз әбден түсінісіп алу үшін, тез жауап берулеріңізді қатты өтінген болар едім: мұндай істе түрліше түсініспеушіліктің болуы, немесе айқындықтың болмауы, немесе хабардар болмау үлкен қауіптерге соқтырады.

P. S. Менің хаттарымды Дюбуаға жібере көріңіздерші, менде оның адресі жоқ.

*Женевада жазылған*
*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 145

## А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ

2.VIII.05.

Қымбатты Ан. Вас.! Кеше мен Сізге «Іс басында» деп жібердім және «Искраның» 105-ші нөмерін* және Плехановтың Л. Фейербахын жіберуіңізді сұраймын. Бүгін күнделік істерден тыс [illegible] келеді.

Женевадағы біздің адамдардың көңіл күйі нашар. Тілық дербес емес және дербес саяси жұмысқа дағдыланбаған адамдардың әдеттегі түрі, болмашы нәрсе үшін не нәрсе керек екендігін мен жай тыңдаймын. Ал Женевадағы біздің большевиктер [illegible] болмашылар. Қатты күрес жүріп жатыр. 3-ші съезд бұл күресті тыйып та тастаған жоқ, қайта оның жаңа кезеңін ашты. Бұл жағынан [illegible] искрашылдар сияқты, әбігершіл, ұзақ уақыт демагогия тәжірибесін көрген [illegible] саудагершіл түрлі, — ал біздің адамдарда қайдағыбір «[illegible]» немесе «[illegible]» басым. Белгілі түрде білмейді, епсіз, жылдам емес, [illegible] [illegible]... Сүйкімді жігіттер, бірақ түкке жарамайтын саясатшылар. Бұларда [illegible] жоқ, күрес рухы, епсіздік, [illegible]лық жоқ. Бұл жөнінде Вас. Вас. дәл осы тектегі адам, өте сүйкімді кісі, өте берілген қызметкер, өте адал кісі, бірақ менің қорқатыным: ол ешуақытта саясатшы болуға қабілетті емес. Ол өте [illegible], — «Галеркадағы» кітапшаларын сол жазды дегенге тіпті сенім болмайды. Ол органға да (менің оған Бунд туралы жақсы мақалалар жазылмағанына әлі өкінемін!), коллегияға да айбынды рух енгізбейді. Қайдағыбір енжар түсінік рухы [illegible] және (ме-

---

* Бас мақала басып тұрған сұрақтың есебі! Оған қарсы тезірек жауабыңызды бер Макар десеңіз, телеграмма беріңіз.

нің дачада тұрғаныма бар болғаны үш апта және қалаға аптасында *үш*, кейде *төрт* рет 4—5 сағатқа барып тұрамын!) біздердің жұмысымыз жөнделмей-ақ қойды, меньшевиктер болса пысығырақ деп ылғый мені жазғырады, т. т., т. с.!!

Ал біздің Орталық Комитет, біріншіден, бұл да онша «саясатшы» емес, бұл да тым көңілшек пысықтықтың, орамдылықтың, сезімталдықтың жетіспеуі мұнда да бар, партия күресінде әрбір ұсақ нәрсені саяси жағынан пайдалана білмейді. Ал, екіншіден, шет елді мен-менсіп жек көреді және барлық жақсы адамдарды қасарысып мұнда жібермейді немесе осыдан алады. Сондықтан да біз мұнда, шет елде, арттап қалып отырмыз. Фермент, түрткілер, импульстер жетіспейді. Бұл адамдар өздігімен қыймыл, күрес жүргізе білмейді. Өз жыйналыстарында шешендер жетіспейді. Сергектік рух беретін, мәселені принциптік түрде қоятын, Женева батпағынан жоғары, келелі мүдделер мен мәселелер саласына көтере білетін ешкім жоқ. Сонымен бүкіл іс ақсап отыр. Саяси күресте тоқтап қалу өлімге тең. Мүдделер ушы-қыйырсыз және олар барған сайын өсуде. Жаңа искрашылдар қарап жатқан жоқ (енді олар Женеваға келген матростарды да «жолдан қағып әкетті», мүмкін, саясатта өздеріне тән саудагершілік мадақтаумен оларды алдап тартқан болар, Одесса оқыйғаларын уақыты өткеннен кейін өз котериясының пайдасына «қолданып», бар күшін салып marktschreien*). Бізде күш *адам айтқысыз* аз. Вас. Вас. қашан жазатынын білмеймін, ал шешен және саяси орталық ретінде ол ешбір сын көтермейді, басқаларды сілкіндіру және оларды педагогикалық жолмен сөгу түрсін, оның өзі сары уайым туғызады. Шварц мұнда *жоқ*: ол сол жақта жатып ынтасын сала және жақсы *жазып жатыр*, тіпті мұндағыдан гөріде жақсы жазатын тәрізді, бірақ оныкі тек қана жазу. Ал адамдарға өз тарапынан әсер етуге, жұртқа, жыйналысқа бағыт сілтей білуге, тіпті Женевада болған кездің өзінде, оның кейде ғана мұршасы келеді. Мұнда орталық үлкен, елеулі. Көптеген россияндар бар. Келушілер өте көп. Жаз кезі тіпті айрықша думанды болады, өйткені Женеваға келіп жатқан орасан көп россиян-туристердің арасында пайдалану, сілкіндіру,

* — өз торына қоймастан шақыруда. *Ред*

іске тарту, бағыт сілтеу керек болатын және осылай етуге болатын белгілі процент адамдар бар.

Осының бәрі жөнінде ойланыңыз және маған толығырақ етіп жазып жіберіңіз (өз адресіме жазсаңыз тіпті жақсы: 3. Rue David Dufour). Сіз: менің Женевадан кетуімнен зиян болмайды, өйткені алыстан да көп жазып тұрамын деп жазғаныңыз есіңізде болар. Шынында да солай, көп жазып тұрасыз, газетті де *ептеп-септеп* (бірақ ептеп-септеуден артпайды, ал бізге керегі тіпті көп) жүргізуге болады. Бірақ зиян болатыны былай тұрсын, зиян орасан зор, ол өзі күннен-күнге айқын сезіліп отыр. Жұртқа өзің әсер етудің және жиналыстарда шығып сөйлеудің саясатта аса үлкен маңызы бар. Бұларсыз саяси қызмет те болмайды, тіпті жазудың өзінің де саяси жағы кем болады. Ал шетелде үлкен күштері бар дұшпандар отырғанда, біз әр апта сайын сонша жоғалтамыз, оның орнын, бәлкім, тіпті бір айдың бойында толтыра алмайтын көп нәрсе жоғалтамыз. Партия үшін күрес біткен жоқ және барлық күшті салмайынша бұл күресті шын жеңіске жеткізе алмайсың.

Қолыңызды қысамын. Сіздің *Н. Ленин*

*Женевадан Италияға жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

144

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

*Лениннен Орталық Комитет мүшелеріне*

14.8.05.

Қымбатты достар! Орталық Комитет пен Ұйымдастыру комиссиясының арасындағы 12.7.05 болған кеңестің протоколын *«Искраның»* 107-ші номерінен жаңа ғана оқыдым. Уәде етілген протоколдардың Сіздер тарапынан осы уақытқа дейін *келмей жатқаны* өте қайғылы нәрсе. Хат та жоқ. Шынында да, істі бұлай жүргізуге болмайды ғой! «Ашық хат» шығару жоспары туралы да,— келіссөздер жоспары туралы да,— пәлендей кеңшіліктер жасау жоспары туралы да менің ешбір хабарым болған жоқ. Коллегия мүшесіне бұлай қарауға бола ма екен? Сіздер мені қандай жағдайға қалдырып отырсыздар, ойланыздаршы! Жағдай тіпті кісі төзерлік емес, өйткені нақ осында, шетелде, барлығына мен ашық жауап беруге тиіспін,— сабырлылықпен ойлана келіп, мұны өздеріңіз мойындауға тиіссіздер.

Ұйымдастыру комиссиясына жазған Сіздердің жауабыңыз бірсыпыра таңырқау туғызады. Түк түсіне алмаймын,— әлде қулық жасап отырсыздар ма?? Қосылу шарттарын жаңа съездің бекітуі қажет екендігі туралы 3-ші съездің нақтылы қарары бар екендігін ұмыттыңыздар ма? Бір-бірімен бәсекелескен екі орган болып отырғанда Орталық Комитетке кооптация жасау туралы қалайша шындап айтуға болады?? Екі Орталық Органның болуына жол берілуін, яғни уставтың да, 3-інші съездің шешімдерінің де толық бұзылуын қалайша жауапсыз қалдыруға болады?? Ұйымдық мәселеде меньшевиктерге: (1) партияның жоғарғы органы ретінде плебисциттердің орнына съездер болады деп; (2) партиялық әдебиет партияға сөзсіз бағынады деп; (3) Орталық Комитетке төте

сайлау болады деп; (4) азшылық (тырнақшасыз) көпшілікке бағынады, т. т. деп принциптік түрде ультиматум қоймаска калайша болушы еді?

Транспорт жөнінде жасалған және Сюртук артынша бұзып, толып жаткан жана ашу-ыза туғызған «келісімнің» өкінішті тәжрибесі сіздерді сақтандырмайтын болғаны ма?? Болашақ бірлік ісіне зыян келтіретін нәрсе, ешкімді канағаттандырмайтын, күреске негіз қалдыратын, тек жалған келісім ғана: мұндай «келісім» тек жаңа ажырасуға, ашынуды өршіте түсуге *ылажсыз* апарып соқтырады.

Әлде кулық жасап отырсыздар ма? Ұйымдастыру комиссиясын «алдап» кетеміз деп немесе орыс меньшевиктерін шетелдік меньшевиктермен жанжалдастырамыз деп үміт етесіздер ме?? Бұл жөнінде мұндай әрекеттерден түк шықпайтындығын көрсететін тәжрибе жетерліктей болған жоқ па?

Барынша шындап қайталап айтамын: сіздер мені *төзбестік* жағдайда калдырып отырсыздар. Асырып айтып отырғаным жоқ. Жауап берулеріңізді қатты өтінемін: 1) біздің шешкеніміздей, 1.IX бізде съезд бола ма немесе ол шешімді бұздыңыздар ма? 2) егер бұзған болсаңыздар, онда сіздердің (Орталық Комитет мүшелерінің) съезіңіз қалай, қашан, қайда болады және менің өз даусымды бере алуым және (бұл одан да *гөрі* маңыздырак) сіздердің *шын* ниеттеріңізді білуім үшін қандай шаралар көрүді ойлайсыздар. Мың сан істер кездесүді мейлінше кажет етіп отыр. Біздің акшамыз жок. Неліктен екенін кайдам, немістер бермей отыр. Егер 3 000 сом жібермесеңіздер, біз күйрейміз. Протоколдардың бәрі дерлік[236] терілді, басып шығару үшін 1 500 сом керек. Қассада түк жоқ, осыған дейін *бірде-бір рет* мұндай болған емес.

Орел-Брянск комитетінің бул қарары неткен карар? («Искра» № 106)[237]. Қайдағыбір шатак. Сіздер мұнан не білесіздер, құдай үшін, хабарлаңыздаршы. Онда бір адамды, мәселен, Воронежден Любичті, жіберуге болмас па екен?

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 145

## А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ

Қымбатты Ан. Вас.!

Сіздің хатыңызды алдым. Дұрысы менің өз адресіме: 3. Rue David Dufour деп жазыңыз.

Костровтың кітапшасы жөнінде не істеу керек екенін білмеймін. Мен оны баспа бетінде әлі оқығаным жоқ, бірақ оның не нәрсе екенін ескі қолжазбасынан білемін. Сіздің: бұл өзі нақ «қаражүздік әдебиет» деп отырғаныңыз әбден дұрыс. Сіз: қалай жауап беру керек? деп сұрайсыз.

Вас. Вас. «Пролетарийге» бір солғын мақала жазыпты, мен оны басқым келмейді. Олин реферат оқыды және ол да жазып жатыр,— бірақ оның қолынан келмейді. Меніңше, мұнда екі нәрсе керек: 1-шіден, «жіктеліс тарихының қысқаша очеркі». Түсінікті түрде. Басынан бастап, экономизмнен бастап. Дәл документтер келтіре отырып. Дәуірлерге бөліп: 1901—1903; 1903 (II съезд); 26. VIII. 903 — 26. XI. 03; 26. XI. 03 — I. 04; I — VIII. 04; VIII. 04.— V. 05; V. 05 (III съезд).

Меніңше, мұны сондай айқын, дәл етіп, сығып жазуға болады; сонда мұны Костров сөзін арнап отырған адамдар да оқыған болар еді.

2-шіден, бұл қаражүздіктерге сергек, қатаң, *нәзік* сөздермен толық сыйпаттама (әдеби-сын) беру керек [238]. Шын мәніне келгенде, Л. М.-ның да (107-номердегі масқараны оқыдыңыз ба? Шварц мақаламен жауап береді. Білмеймін, керегі бар ма?) — Староверрдің де негізінде осы жалғандық жатыр ғой. Осындай бірсыпыра мақалалар мен кітапшаларды жыйнап, олардағы сорақы өтірікті әйгілеу керек еді, оны бұлтартпайтындай етіп *ұстау* керек еді, нақ «қаражүздік әдебиет» ретінде масқаралап, бетіне таңба басу керек еді. Кәзір жаңа искрашылдар толып жатқан материал берді, егер осыларды ұқыпты түрде өңдеп, *өсек-аяңның*, сыбыр-сыбыстың etc. etc. оңбаған тәсілдерінің барлық әсем бейнесін бере әйгілесе,— онда бір күшті нәрсе шыққан болар еді. Л. М.-ның осы «жеке адамдар-

ға» тиетін күңгірт «ишараттарын» ғана алып қараңызшы — қандай шексіз пасықтық!!

Мен, мүмкін, бірінші тақырыпқа кірісермін, бірақ кәзір емес, жуырда емес; уақыт жоқ * (ал кейін, бәлкім, мүлдем кешігер!)

Мен екінші тақырыпқа кіріспесем деп едім және оны сіз *ғана* істей алған болар едіңіз деп ойлаймын. Көңілсіз жұмыс, сасық жұмыс, онысында сөз жоқ,— бірақ біз ақ саусақтар емеспіз ғой, газетчиктерміз ғой, ал «оңбағандық пен уды» масқараламай қалдыру социал-демократияның публицистеріне келіспейді.

Бұл жөнінде ойланып, жазып жіберіңіз.

Бұқаралық саяси стачка туралы кітапшаны жазған жөн,— бұл Сізге қиын болмайды.

Сізге көпшілікке арналған кітапшаларды да қалайда жаза беру, тақырыптардың ішінен осы күні зәрулірегін таңдап алу керек еді. Нақ қандай тақырыпты,— оны айта алмаймын. Булыгин Думасы туралы ма? Жариялануын күту керек [240].

Жұмысшылардың ұйымы туралы жазған жақсы болар еді. Біздің уставымыз бен (3-ші съезд) конференцияның уставын салыстыру, пролетариаттың *революциялық* ұйымының идеясын, оның маңыздылығы мен әдістерін (әсіресе көтеріліс үшін), партия ұйымдары мен партияға жанасымды ұйымдардың айырмашылығын айқындау, түсіндіру керек, т. т. Бұл өзі ішінара Костровқа да жауап болар еді, бұқара үшін зәру тақырыпта көпшілікке түсінікті нәрсе болар еді. Байқап көріңізші.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Н. Ленин*

*1905 ж. 15 және 19 августың арасында жазылған*
*Женевадан Италияға жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Енді мен Плехановқа («Социал-Демократ» № 2) жауап жазуға кірісемін. Оны мықтап соғу керек, өйткені оның да зұлымдықтары мен түкке тұрғысыз дәлелдері бықып жатыр. Мен мұны істей аламын ғой деп ойлаймын.

Сонсоң менің ойымда «Жұмысшы табы және революция»[239] деген көпшілікке арналған кітапшаның жоспары бар — демократиялық және социалистік міндеттерге сыйпаттама беру, сонсоң көтеріліс және революциялық уақытша үкімет туралы қорытындылар, т. т. Менімше, мұндай кітапша қажет.

## 146

# П. Н. ЛЕПЕШИНСКИЙГЕ

РСДЖП шетелдік ұйымының *Женева тобының* секретары үшін қол қойған Олин жолдасқа

Топтың ең таяудағы жыйналысында (яғни бұл қаулыны жыйналыстың кезіне, 29 августа, бүгін жеткізіп үлгірсе) Орталық Комитеттің шетелдік өкілінің *қаулысы*[241] *толық оқылып шығуға тиіс.*

Бүгін, 905 ж. 29 августа кешкі сағат 8-де Орталық Комитеттің шетелдік өкіліне Женева тобынан экспедиция коллегиясына жазылған хат пен коллегияның оған берген жауабының көшірмелері келіп түсті.

Бұл документтер жөнінде РСДЖП Орталық Комитетінің шетелдік өкілі Женева тобына: бұл топ партия тәртібін ұқпағандығын көрсетті және партия уставын бұзды деп түсіндіреді. Экспедиторлар — Орталық Комитеттің агенттері. Орталық Комитеттің агенттеріне наразылықтың қандайы болса да ең алдымен Орталық Комитеттің өзінің карауына жатады. Партия ішіндегі барлық дау-жанжалдарды, устав бойынша, Орталық Комитет тексеріп шешеді, ал партияның түрлі ұйымдарындағы мүшелері мен Орталық Комитеттің агенттері арасындағы дау-жанжалдары жөнінде онан да бетер осылай болады. Сондықтан топтың жыйналысына Орталық Комитеттің агенттерін шақыру, формалдық жағынан, бұл топтың тарапынан жалпы алғанда әрі теріс, әсіресе әрі әдепсіздікпен жасалған қадам.

Егер бұл шақыру формалдық қадам деп ұйғарылмаған болса, онда шақыру жазу түрінде және ресми түрде болуға тиіс емес еді.

«Қызмет адамдарының» «жеке басылық мінезі» не шынында да тек жеке басылық мінезі (қызметтен тыс, қызметке байланысты емес) болып табылады, мұндай кезде оны топтың қарауы *егес* болады. Не жеке басылық

мінездің кызметке байланысы болады,— онда бұл мінезге наразы болған және наразылығының *формалдық, ресми жолмен* каралуын талап ететін әрбір партия мүшесі ең алдымен формалдық жолмен Орталық Комитетке мәлімдеуге *міндетті.* РСДЖП-ның Женева тобы Орталық Комитеттің агенттеріне наразылық туралы Орталық Комитетке *формалдық жолмен* хабарлаудан бұрын, сол наразылық туралы топтың алдында формалдық жолмен карайтын мәселелердің «тууына» жол берді де, мұнымен бірге партия тәртібін және партия уставын түсінбейтіндігін тағыда көрсетті.

Осы мен көрсеткен *егес пен қызмет адамын сынаудың* (партияның әрбір мүшесі үшін *міндет* болған, бірак астыртын, жеке сын, үйірмелік сын емес, ашык түрдегі және тура орталық мекемелерге немесе съезге бағытталған сын) арасындағы айырмашылыкты, осы айырмашылыкты, сірә, топ айкын түсінбейтін сыякты.

Сондыктан да, Орталық Комитеттің шетелдік өкілі топтағы барлық жас жолдастарды сактандыруды өзінің борышы деп біледі. Шетелдік «колониялық» ортада егес, өсек, сакка жүгіртулер кеселіне ұшырай алатын адамдар әркашан да табылады; Орталық Комитеттің немесе съездің тапсырған кызметін өте нашар орындайтын, бірак партияның баска бір мүшелерінің партияның баска бір кызметтерін канағаттанғысыз орындағандары туралы сумаңдап сөз етіп жүретін адамдар әркашан табылады. Бұл адамдардың сөздерін жолдастар тәжрибесіздіктің, әуестіктің, тұрлаусыздыктың нәтижесінде екінің бірінде мән беріп тыңдайды. Ал шынында мұндай адамдарды тыңдау емес, олардың бетін бірден тойтарып тастап, «қызмет адамдарының жеке басылық мінездері» туралы мәселе формалдық жолмен партияның тиісті мекемелерінің карауына берілмей, *олар қарап шешпей* тұрып, ол мінездер туралы формалдық жолмен мәселелер көтеруге *ж о л  б е р м е у* керек.

Партияның шетелдік мүшелері мен айткан кеселге оңай ұшырайды, бірак жас, жүйкелері сау жолдастардың бәрі өздерін де, баскаларды да кадағалап отыруға тиіс, өйткені бұл кеселге карсы күрестің бірден-бір құралы — егеске, сакка жүгіртушілікке ұмтылудың бәріне осындайға ұмтыла *бастаған бойда дереу және аяусыз түрде* тыйым салу болып табылады.

Міне сондықтан да Орталық Комитеттің шетелдік өкілі қаулы етеді:

I — Женева тобынан өзінің 28 августа экспедицияға жіберген хатын *қайтарып алуы сұралсын.*

Мұның өзі оқыйғалардың барысы нәтижесінде ең қолайсыз дау-жанжалдар, ажырасулар қаупіне соқтыратын жаман істі жақсы түрде және барынша тез тоқтату болар еді.

*Орталық Комитеттің атынан* менің жасаған *өтінішімді* топ орындауға, әлбетте, міндетті емес. Мен осы *өтінішті* айтуды мүмкін деп таптым, өйткені бұл жерде менің ісім әлі бірде-бір формалдық түрде жанжалдасып көрмеген *жолдастармен* болып отыр.

II. Егер менің өтінішімді топ қабылдамаса, онда қаулының I пункті былай қалып қояды. Онда мен топқа мынаны ұсынамын:

1) партия уставы жөнінде жоғарыда берілген түсінікке бағынуға, яғни *Орталық Комитет атынан мен жасаған қаулыға* бағынуға оның ниеті бары-жоғын маған хабарласын (бұл қаулы жөнінде (а) Орталық Комитеттің толық жыйналысына және (б) съезге шағым жасауға болады, бірақ бұл қаулы жоғарғы орган бұзғанға дейін міндетті болып табылады).

2) партия уставының 11-параграфы негізінде, маған топтың адам құрамы жөнінде және осы қырсықты іс бойынша «бұл топтың бүкіл қызметі» (дауыс берулер, т. т.) жөнінде барлық мәліметті хабарласын.

РСДЖП Орталық Комитетінің шетелдік өкілі *Н. Ленин*

*1905 ж. 29 августа Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1931 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 147

## П. Н. ЛЕПЕШИНСКИЙГЕ

Вас. В-ч жолдастың өтініші бойынша, менің каулымнан оның көрсеткен жерін (өз ісін нашар жүргізетін, бірақ баскалардың кемістіктері туралы сумаңдап сөз жүргізетін адамдар табылады деген жерін) түсіндіремін. Мені бұл арада біреуді айыптағысы келді. т. с. деп ойлау негізсіз. Әрбір партия кызметкерінің жұмысында өзінің кемістіктері және минустері бар, бірақ кемістіктерді сынағанда немесе оларды партия орталыктары алдында қарап тексергенде шектен шықпау үшін. *сақ* болу керек, шектен шыккан соң сакка жүгіртушілік басталады. Менің каулымның бүкіл мағнасы бүтіндей осы *сақтандыруда* және теріс, жаман басталған іс бірден токтатылсын деген *өтініште* болып отыр.

*Н. Ленин*

*1905 ж. 29 августа Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1931 ж. басылған*

*Колжазба бойынша басылып отыр*

## 148

## А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ

Қымбатты Ан. В.!

Сіздің «3 революция» деген кітапшаңыздың жоспарын көріп аса қатты қуандым. Дұрысы, Сіз Плехановқа жауап беруді әзірге қоя тұрыңыз: бұл ызалы доктринер өз бетінше үре берсін. Осындай кезеңде арнап философияға кірудің не қажеті бар!? Бар күшті салып с.-д. үшін істеу керек — Сіз *барлық жұмыс уақытыңызбен* шақырылып алынғаныңызды ұмытпаңыз.

Ал 3 революцияға тезірек шұғыл кірісіңіз. Бұл тақырыпты *негізді* түрде, жақсы етіп істеп шығу керек. Мұны Сіздің шығара алатыныңызға сенемін. Социализмнің міндеттерін, оның мәнін және жүзеге асырылу шарттарын түсінікті түрде айтып беру керек. Сонсоң — кәзіргі революцияда жеңіс, шаруа қозғалысының маңызы (ерекше бір кішкене тарау), *енді* толық жеңіс неде болмақ? уақытша үкімет, революциялық армия, көтеріліс — күрестің жаңа формаларының *маңызы* және *шарттары*. А'la 1789 және a'la 1848 революция. Ақыр соңында (мұны екінші бөлім, ал алдыңғыны үшінші бөлім еткен жақсы), революцияның буржуазиялық сыйпаты туралы, *экономикалық* жағы туралы толығырақ айту керек, ал сонсоң освобождениешілерді олардың барлық *мүдделері*, тактикасы, саясатқұмарлығы жағынан бақайшағына дейін әшкерелеу керек.

Шынында да, бай және «Искраның» оңбағандарына қарсы айбынды тақырып. Тезірек кірісе көріңізші, мұнымен көбірек шұғылданыңызшы. Осы тақырыпта мазмұнды, түсінікті бір нәрсе беру ерекше маңызды.

Ал сонсоң тағы жіктеліс туралы. Сіз мені түсінбедіңіз. Сізге мені тосудың керегі жоқ, өйткені бұлар түрлі тақырыптар: бірі — тарих (осының өзін жөндеуге тырысалық); енді бірі — олардың айтыс тәсілдерінің очеркі. Айталық: «Тұрпайы әдебиет» деген тақырыпта әдебисың очеркі. Ал мұнда, бірнеше тараудан тұратын бүкіл бір кітапшада, «Пролетариймен» айтысындағы Старовер, Мартов және басқалардың барлық пасықтықтарын цитата етіп келтіріп, түсіндіріп және сонымен қатар «Көпшілік пе әлде азшылық па» дегенде, т. т. қайталауды талдап шығу керек. Олардың соғысу *әдісінің ұсақтығы* үшін оларды масқаралаңыз. Олардан *тип* жасап шығарыңыз. Нақ өздерінен цитаталар алып, олардың тұтас тұлғасының портретін жасаңыз. Сіз мұны шығара алған болар едіңіз, бұған мен сенемін, тек азын-аулақ цитаталар жыйнасаңыз болғаны.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

P. S. Кузьмин-Караваев жөніндегі мақаланы алдым. 48 ж. фельетонын да.

*1905 ж. августың аяғында жазылған*
*Женевадан Италияға жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж. басылған* *Колжазба бойынша басылып отыр*

## 149
# РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

Орталық Комитет мүшелеріне Лениннен

7 сентябрь 1905 ж.

Қымбатты достар! Бүгін Мемлекеттік дума туралы Бундпен, латыштармен etc. конференция[242] өткізуге рұйсалық бергендіктеріңіз туралы хабар алдым. Іс бұдан бір ай бұрын болса да, бүгін ғана хабар алып отырмын! Маған қалып отырғаны тек: сіздерге тағы бір рет «наразылық» жазу (бұл іс, сірә, менің кәсібіме айнала бастаған тәрізді)...

Мен сіздерді 4-ші съездің алдында «партияның уставына және қалауына қарамастан қос орталықты қалпына келтіру» деп аталатын қылмыс үшін формалдық жолмен айыптаймын. Құдай ақы, осыны істеймін. Сіздер қос орталықты туғызып отырған жоқсыздар ма, ойлаңыздаршы! Мен *лауазым бойынша* Орталық Комитеттің органын басқаруым *керек* емес пе? Солай емес пе? Бірақ маған тактиканың бірде-бір мәселесі туралы *бұйырмасыңға* түк жазбай отырғанда, ал жаңаша 1 сентябрьде «күні бұрын белгіленген» кездесу туралы форрррмалдық сұратпаны жауапсыз қалдырып отырғанда, мен оны қалай істемекшімін! Егер бізде алауыздық басталып кетсе, одан не шығатынын сіздер ойлаңыздаршы! Тым болмаса бір адамды «мемлекеттік маңызы бар» істер жөнінде дер кезінде жазып тұруға міндеттеу де қиын болғаны ма??

Мен Мемлекеттік дума туралы «Пролетарийдің» 12, 14 және 15-і номерінде жаздым. 16-номерінде де жазамын, ол жаңаша 12 сентябрьде шығады[243]. Бунд «Последние Известияда» (жаңаша 1 сентябрьде, № 247) сандыраққа дейін барған. Біз оған ендігәрі ұмытпайтындай етіп соққы береміз. Бұл бундшылдар ешбір төзіп болмайтындай топастар, мақтаншақтар, ақымақтар, есуастар. «Искра»

өзіңізге белгілі болсын деймін. Мартов Венаның «Arbeiter-Zeitung»-те (нақтылы 24 август — қараңыз «Пролетарийдің» 14-нөмерінде). Мұндай үшін. Сіздер ресми қарсы жолында [illegible] және [illegible] жаралық конференцияны [illegible] де [illegible] жасамаңыздар. Шынымен-ақ [illegible] болатын болғаны ма? Бұл [illegible] [illegible] конференция жасауға бола ма екен?

«Бұрынғы с.-д. федерациясы» жөнінде ерекше сақтандырамын. Егер сіздер оның конференцияға қатысуына келісім берген болсаңыздар, онда үлкен қате жасағансыздар. Оны қайтсеңіз де түзету керек. Олар — [illegible] қос [illegible], бұлар осында. Камеңевпен еш бір елеулі байланыстары болмай-ақ, [illegible] бірлерелер бастарын шығарып жүр. Ол — [illegible] бүлдіруге [illegible] бергізбеу үшін әдейі ойлап шығарылған. Бундтың қолғанақ [illegible], басқа түк те емес. Егер сіздер бұл адамдарды [illegible] конференциясына, яғни Россияда істейтін ұйымдардың конференциясына қатыстырсаңыздар, онда [illegible] [illegible] [illegible]. [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] бұл [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] естіп білмеу, ал біз оларды [illegible] «Пролетарийде» [illegible]. Сіздер [illegible] тек [illegible], «[illegible]» және «[illegible]» [illegible] [illegible] бағасын [illegible]. [illegible] [illegible], Россияда істейтін толық [illegible] [illegible] [illegible] және Женева [illegible] [illegible] [illegible] қатайша [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] істей көрмеңіздер.

[illegible] [illegible] комиссиясымен тез [illegible] [illegible] [illegible] алдым. Дал орындалады.

Қолдарыңызды қысамын. *Н. Ленин*

*[illegible] [illegible]*

*[illegible] [illegible] 1908 ж. [illegible]* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — Бюро «Жұмысшы Газеті». *Ред.*

## 150

## П. А. ҚРАСИКОВҚА

14. 9. 05.

Қымбатты дос! Сіздің пессимистікпен жазған хатыңызға жауап қайтаруға асығудамын. Фактыларды тексере алмаймын, бірақ Сіз асырып айтып отырсыз-ау деп ойлаймын, ол бір. Орталық Комитеттің желел листоктары жақсы, ал «Рабочийдың» 1-номері өте жақсы[214]. Бұл ірі іс. Ақша жағымыз кәзір нашар, бірақ байланыстар бар және үмітіміз өте жақсы. Өте көрнекті және табысты бір ірі іс жасалды, демек, «финансист», *күмин жоқ*, ұйықтап жатқан жоқ. Екіншіден: Сіз нәрселерге дұрыс қарамайсыз. Орталық Комитетте немесе оның агенттерінің арасында толық ынтымақтастықтың болуын күту — утопия. «Үйірме емес, партия» ғой, сүйікті дос! Істің негізгі салмағын жергілікті комитеттерге көшіріңіз, олар автономиялы, олар толық кеңістік береді, олар ақша және басқаша байланыстар үшін, әдебиет бетінде шығып сөйлеу және басқалар үшін еркіндік береді. Байқаңыз, сіз, басқаларға кіна етіп тағып жүрген қатеге өзіңіз ұшырап қалмаңыз: үһлемеңіз, аһламаңыз, ал агентура ұнамайды екен, онда комитет жұмысына күш салыңыз және өз пікірлестеріңізді осы жұмысқа күш салуға көтеріңіз. Айталық, «агенттермен» сіздің араларыңызда алауыздық бар екен. «Агенттермен» таласып жатқаннан гөрі, әсіресе ынтымақты, принципті комитет болса, өзіңіздің көзқарасыңызды комитетте өткізу және онда ашық, тура, батыл жолды жүргізу анағұрлым дұрыс болады. Егер комитеттердің кеселі және «агенттерге» толып кеткендігі жөнінде Сіздікі жөн болса, онда ол ауруды емдеу құралы сіздің өз қолыңызда ғой: жапа-тармағай коми[illegible] күш салыңдар. Комитет автономиялы. Комит[illegible]ық нәрсені

съездерде *шешеді*. Комитеттер қарарлар шығара алады. Комитеттер өздерінің баспасы болуына праволы. «Бастықтарға» қарап қол қусырып отырмаңыз, дербес түрде жұмысқа кірісіңіз. Енді сіздің іс өрісіңіз кең, еркін, аса маңызды комитетте жұмысыңыз дербес, тәуелсіз, игілікті жұмыс. Бұл жұмысқа жан сала кірісіңіз, ынтымақты серіктер тауып алыңыз, жұмысшылардың арасына батыл, кеңінен араласыңыз, листоктарды қаптата беріңіз, *оларды бізге, Шварцқа, маған, Галеркаға заказға беріңіз*, комитеттің атынан өзіңіздің партиялық пікіріңізді естірте мәлімдеңіз. Сендіре айтамын, Сіз осы жолды ұстасаңыз, Орталық Комитеттің агенттеріне және мүшелеріне өзіңіз жеке әсер еткендегіден гөрі, бүкіл партияға және Орталық Комитетке өзіңіз қалаған бағытта әсер ету үшін мың есе артық істеп шығасыз. Менің ойымша, мәселеге Сіз партия тұрғысынан емес, ескі тұрғыдан, үйірмелік тұрғыдан қарайсыз. Орталық Комитет сайламалы орган, съезд уақыты алыс емес. Сіздің правоңыз өзіңізде, оларды пайдаланыңыз және жігерлі, батыл пікірлестеріңіздің бәрін нақ сол жолмен бастаңыз: комитеттерге тартыңыз!! Агенттермен өзіңіз жеке сөйлесу арқылы емес, формальдық жолмен комитеттер арқылы тегеуірінді басу керек. Егер Комитеттерге барғысы келетін болса, онда ешбіреу агенттікке баруға міндетті емес қой!

Сіз: агент Мямлин «Искраның» хлестаковтік мақаласы әділ деді деп жазыпсыз[245]. Жақсы. Бұл оның өз еркі. Бірақ «Летучий Листоктің» 1-ші номерінде Орталық Комитет: партияның $^2/_3$ біздің жағымызда деп мәлімдеді. Демек, Мямлин өзін өзі соққыға жықты! Сіздің міндетіңіз — Мямлиндерді, олармен сөйлесу арқылы емес, қайта оларды өз комитетіңіз арқылы ауыздықтау, әшкерелеу, әйгілеу. Комитеттер Мямлиндерді тағайындайтын адамдарды сайлайды, ал партияның тағдырын Мямлиндер шешпейді. Комитеттерді жігерлі адамдар қолдарына алатын болсын: жұрттың бәрі үшін ұран міне осы, сізге беретін кеңесім: осы ұранды жұртқа тарату, құлаққа құю, жүзеге асыру.

Агент Мямлин екі Орталық Органның болуын жақтайды. Тағыда: бұл мәселені кім шешеді? Комитеттер және олардың 4-ші съездегі делегаттары шешеді. Бір, екі комитетті дайындаңыздар: міне ізгі және *іс бабындағы* мін-

дет Сізге осы. Мямлиндер женеді екен делік. *Комитеттер*, тіпті бір комитет те, өз органын ұйымдастыруға праволы!! Міне сондықтан да Сіз: «Троцкийдің листоктарын басып жатыр» деп жазғаныңызда (егер листоктар жібі түзу және түзетілген болса, бұл арада ешбір өрескелдік жоқ. Мен оның, айталық, Сіз редакциялаған листоктарын С-Петербург комитетіне де бастырып шығаруға кеңес беремін), немесе Сіз: «Борис à la күнаға батуға жақын» деп жазғаныңызда, Сіз ескі, партиялыққа дейінгі көзқарасқа түсіп, қателесіп отырсыз. Түсінбеймін. Бористер бар екен делік. Мұндайлар әрқашанда мол. Бористер мен Мямлиндер көпшілік (*комитеттердің* көпшілігі, мұны ұмытпаңыз, *комитеттердің*) болып шыққан екен делік. Сонда «бүкіл бұрынғы жұмыс құрыды» деген қорытынды шығарасыз. Неге? «Пролетарийдің» өлгендігі неде немесе ол қалайша өледі?? Тіпті «екі Орталық Органның» болуы сияқты сорақылық та «Пролетарийді» өлтіре алмайды, тек қана уставқа мағнасыздық енгізеді. Бірақ өмірдің өзі «Пролетарийді» қалдырады да, мағнасыздықты айдап шығады ғой. Ал «Пролетарийді» жабуға Мямлиндер де бел байлай алмайды. Ал ақырында, Сіздің пессимизміңіз рухында қолайсыз аяқталудың ең жаманын алалық: жабылады-ақ делік. Ол кезде мен: ендеше Питер комитеті не бітіреді? — деп сұрақ қоямын. «Пролетарий» «екі» Орталық Органның бірі болғандағыдан гөрі, Питер Комитетінің органы болғанда нашар болатын болғаны ма?? Питер комитетінің «Пролетариймен» формалдық түрде емес, іс жүзінде тығыз, ұдайы қатынасты болуы үшін дереу жігерлі түрде шара көріңіз, сонда — сіздер жүздеген Мямлиндер қорқынышты болмайтын дәрежеде өз позицияңызды және өз идеяларыңыздың әсерін күшейтесіздер. Питер комитеті — барлық агенттерді қосқандағыдан үш есе артық күш. «Пролетарийді» Питер Комитетінің органы етіңіздер, ал Питер Комитетін «Пролетарийдің» бүкіл *идеясы* мен тактикасын жүргізуші етіңіздер, міне — мямлиншілдікке қарсы шағыну, уһлеу арқылы күрес емес, *реалды күрес* осы. Питерде жүздеген адрестерді табуға болады. Питерде көптеген қолайлы реттерді табуға болады, корреспонденция жағын жолға қоюға, қатынасты жандандыруға, листоктар заказ беруге, «Пролетарийден» алынған мақалаларды листоктарда қайта басып шығаруға, листоктарда

қайталап айтуға, бұларды листоктарға айналдыруға, т. т. және т. т. істеуге болады. Листоктарда жалпыпартиялық мәселелер туралы да сөз қылуға болады және тиіс (жуырда Кострома комитеті бізге Плехановтың Халықаралық бюроға тағайындалуына қарсы қарар жіберіпті: тұрған бойы жанжал, басқа түк те емес!) Орталық Комитетке былжыр шағым жазу арқылы емес, комитеттік үгітті *үлгілі түрде* жолға қою арқылы, *партияға арнап айбынды листоктар шығару арқылы* мямлиншілдікке қарсы күресу керек!

Сіз «Заряның» 5-номерінен (??) (Прокопович туралы) деп менің қандай мақалам туралы жазып отырсыз[246]? Таңмын. Сіз Рубенге неліктен рыйза емессіз? Мені Рубенмен де, Лалаянцпен де қалайда тікелей байланыстырыңыз.

Қолыңызды қатты қысамын. Жиі жазып тұрыңыз және жабырқамаңыз! Ал Мямлиндерді елең қылмаңыз!

Сіздің *Н. Ленин*

*Женевадан Петербургке жіберілген*
*Бірінші рет 1926 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

151

## С. И. ГУСЕВКЕ

Нацияға Лениннен

20. 9. 05.

Қымбатты дос! 3-номерлі хатыңыз үшін рахмет. Мүмкін, оның бір бөлегін басып шығарармыз. Сіз тек формалдық мәселелер бойынша емес (устав туралы, байланыстар туралы, адрестер, т. б. туралы емес), тек корреспонденттік тақырыптарға емес (оқыйғалар пәлендей, түгендей болды), Өз көзқарастарыңыздың *мазмұны* жөніндегі тақырыпта, біздің тактиканы Өзіңіздің қалай *түсінетіндігіңіз* туралы, ол тактиканы рефераттарда, жыйналыстарда және т. б. іс жүзінде *Өзіңіздің нақ қалай* жүргізіп отырғандығыңыз туралы редакциямен бірінші болып әңгіме бастадыңыз. Бізбен орыс практиктерінің мұндай әңгімелері біз үшін *аса бағалы*, сондықтан Сізден, кімде-кім Орталық Органды *өзінің* Орталық Органы деп санағысы келсе (ал оны партияның қандай мүшесі де солай санауға тиіс), ол адамның формалдық түрде қағаз жазумен немесе рапорттармен тынып қалмай, қайта нақ *әңгімелесуге*, әңгімелескенде *баспасөз үшін емес*, қайта олардың белгілібір көзқарастарды жүргізуі туралы редакциямен идеялық байланыс жасау үшін әңгімелесуге, тиіс екендігін барлық жерде үнемі уағыздауыңызды, еске салуыңызды, талап етуіңізді сізден мейлінше қатты өтінемін. Ондай әңгімелерді жәй желікбастық деп қарау — тарөрісті практицизмге ұшырау және біздің бүкіл практикалық жұмысымыздың, бүкіл үгітіміздің барлық принциптік, идеялық жағына немқұрайды қарағандық болады, өйткені айқын, ойластырылған, идеялық мазмұны жоқ үгіт азғындап барып сөзуарлыққа айналады. Ал айқын идеялық мазмұн жасау үшін Орталық Органмен бір ғана қызметтес болу жеткіліксіз, оның

үстіне практиктердің белгілі қағыйданы қалай *түсінетіндігін,* белгілібір көзқарастарды *іс жүзінде олардың* қалай *жүзеге асыратындығын* бірге талқылаулары қажет. Мұнсыз Орталық Органның редакциясы тұрмыстан қол үзіп қалады, оның уағызы қабылдана ма, оған үн қоса ма, өмір оның түрін қалай өзгертетінін, қандай түзетулер, қосымшалар керек екенін біле алмайды. Бұлай етпейінше, социал-демократтар: жазушы тек ойына келгенді жазып, оқушы тек оқып отыратын дәрежеге түседі. Бізде партиялық байланыстың қажеттігін түсіну әлі нашар,— оны сөзбен де, үлгімен де нығайтып отыру керек.

Сіздің хатыңыздың бір бөлегін басу үшін Сіз көрсеткеч үлгіні пайдалануға тырысамын[247]. Жалпы алғанда, біз бір пікірдеміз және Сіз бен біз бір жерден шығып отырмыз (Сіздің пікірлеріңіз менің «Екі тактикадағы» пікірлеріммен үйлеседі). Шінара айтқанда, Сіз *бұқараны* көтеріліске әзірлеу деген сөзі үшін меньшевиктерді бекер айыптайсыз ғой деп ойлаймын. Мұнда қате болған күнде де, ол түбірлі қате емес.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

*Женевадан Одессаға жіберілген*
*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

152

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

Сіздердің 24. VI. 1905 шыққан 2-номерлі жедел листогіңізді тек бүгін (жаңаша 3. X. 05!!) алдым. (Өзінің мүшелерін *үш* айда бір хабарлап тұратын «Бірыңғай орталық»...)

«Партия ұйымының негізі» деген мақала өте жақсы. Меньшевиктерге әліппені қандайлық шайнап беруге тура келетіндігін байқап отырмын! Бірақ шынында да солай етуге тура келеді. Мақаланың авторы мұны тамаша жасаған. Мен оны «Пролетарийде» басып шығарсам деп ойлаймын. Әрине, кеш, бірақ ештен де кеш жақсы.

Осы мақала маған мынадай ой салды: Сіздер Орталық Комитетті үн-түнсіз халде қалдырмай, қайта үнемі сөйлеп тұратын етулеріңізге болады және тиіссіздер. Агенттермен келісілген жерлерде және кездесулерде «сыбырлау» жолымен идеялық басшылық ету уақыттары өтіп барады! Саяси әдебиет арқылы басшылық ету керек. Бұл үшін «Рабочий» жарамсыз, оның ролі басқа. Сіздерге Орталық Комитеттің *2 баспа беттен* аспайтын бюллетенін *сөзсіз* шығару, бірақ *аптасына екі рет* шығартып тұру *қажет*. Онда саяси, тактикалық немесе ұйымдық тақырыпқа бір кішкене мақала, сонсын үш жолдан тұратын ұсақ қысқа хабарлар болуы керек. Тек 1) баспаханада басып шығару керек, өйткені гектограф өте жаман (шынымен-ақ *шапшаң* істейтін ең болмаса кішкене бір техниканың болмағаны ма?) және 2) мұны уақтында әрі жиі-жиі істеу керек.

Сіздердің «Рабочийді» апталық кішкене газетке айналдыру жөніндегі жоспарыңыз маған айқын емес. Менімше, көпшілікке тарайтын орган бір басқа да (мен мұны жақ-

тамаймын, бірақ съезд шешті, сондықтан сөз болуы мүмкін емес), ал шын жетекші жалпысаяси мақалалардан тұратын *бюллетень* бір басқа. Сіздердің үш-төрт жақсы қызметкеріңіз бар, демек, аптасына екі кішкене мақала алу тіпті оңай, ал маңызы орасан зор болар еді!

*1905 ж. 3 октябрьде Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

153

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

3. X. 05.

Қымбатты достар! Бір топ документтер алдым және Дельтаның толық әңгімесін тыңдадым. Барлық пункттер бойынша жауап беруге асығудамын.

1) Тағайындалған уақытқа мен бара алмаймын, өйткені қазір газетті тастап кетуге болмайды. Воинов Италияда бөгеліп қалды. Орловскийді бір іс жөнінде жіберуге тура келді. Істі тапсырып кететін адам жоқ. Демек, іс, сіздің тағайындағаныңыз сияқты, орыс октябріне дейін қалдырылады.

2) Ең зәру сұрақты қайталаймын: Халықаралық бюроға формалдық жолмен жауап қайтарыңыз. Шетелдік конференцияға біреуді жібересіз бе. Дәл көрсетіңіз: кімді және қашан. Кімді тағайындайсыз,— мұны да дәл көрсетіңіз. Олай болмаса Х. бюро алдында беделдеріңізді адам айтқысыз түсіресіз.

3) Плеханов жөнінде де формалдық және үзілді-кесілді түрде: я немесе жоқ деу керек. Кімді тағайындау керек? Бұл мәселені кейінге қалдыру барынша қауіпті.

4) Жария баспа жөнінде формалды қаулы алып, тез шешіңіз. Малых[248] пен договор жобасын жасап мен Сіздерге титтей де зиян келтіргенім жоқ, өйткені бұл — жоба. Тек мынаны ғана қайталап айтамын: асырауға партияның күші жетпейтін бір топ адамға Малых табыс табу мүмкіншілігін берді. Мұны ұмытпаңыздар. Малыхпен де договор жасауға, басқалармен де істі Шмидт сияқты жүргізе беруге кеңес берер едім.

5) Барлық агенттердің тарапынан дерлік Орталық Комитетке деген оппозиция жөнінде мыналарды айтамын. 1-шіден, Инсаров пен Любичтің кооптациялануы, мүм-

кен, істі қатты жақсартар еді, мен бұл кооптацияны өзім құптайтын едім. 22-нің шынында шеттері бар, сонда біраз жасырын көрсетіп отыруы керек. 3-шіден, шеттердің бір бөлігін комитеттерге өткізіп, оларға 22—33 көпшілік комитеттерін бүкіл аудандық жиналыс жасауды тапсыру болар ма еді? Тікелей бөлінбеген сезде бөлшектерге бөлінбеген комитеттердің қимылдары мен хаттамаларының кейбір ойынды болуының өзі жоқ.

б) Мен 4-ші съезді шақыру жөнінде ең жоғары сөзім маңызды деп санар едім. Мезгілі жетті. Съезд, сөз жоқ, ... шығады, тіпті онан да көбірек кешігер. Бірақ қалай да мезгілі жетті. Меніңше, біз кейбір комитеттерді жарып жіберуде және меньшевиктерді ортаға кіргізу шарттары жөніндегі 3-ші съездің шешімдерін орындамауда біраз қаталымыз. 3-ші съезді біресе мойындайтын, біресе мойындамайтын комитеттер 4-ші съезге дейін анықталмаса, онда бықық болып шығады. Бұлардың бір бөлегі 4-ші съезге бармайды. Тағы да жанжал. Бір бөлегі съезге барады да, съезде басқа жаққа қашып шығады. Біз екі бөлекті біріктіру саясатын екі бөлекті *шатастырумен* араластырмауға тиіспіз. Екі бөлекті біріктіруге ризамыз. Екі бөлекті шатастыруға — ешқашанда келіспейміз. Біз комитеттерден олардың айқын түрде ажырасуын талап етуге тиіспіз, кейін екі съезд болады, сонда барып бірігу болады. Бір уақыттың ішінде және бір жерде екі съезд болады, олар қосылу жөнінде күні бұрын дайындалған жобаларын талқылап, қабылдайды.

Ал қазір партияның екі бөлегін шатастыруға қарсы барынша батыл түрде *күресу* керек. Мен агенттерге ең айқын түрде осындай ұран беріп, оны жүзеге асыруды талап ету керек деп кеңес берген болар едім.

Егер бұлай істелмесе, барып тұрған ботқа болып шығады. Меньшевиктер үшін шатастыру атаулының бәрі тиімді, сондықтан олар мұны мүмкін кадерінше өрбіте түседі. Олар мұнан «жамандық көрмейді» (өйткені олардың іргі салуынан жаман ешнәрсе болуға тиіс емес), ал біз өз ұйымымызды, тіпті жаңа туып келе жатса да, бағалаймыз, сондықтан оны жұдырықтасып та, тістесіп те қорғаймыз. Меньшевиктерге бәрін шатастыру және 4-ші съезден қашып жанжал жасау тиімді, өйткені олар өз съезі туралы тіпті ойламайды да. Ал біз барлық күшімізді, барлық ойымызды партияның өзімізге тән бөлегін біріктіруге,

жақсылап ұйымдастыруға жұмсауға тиіспіз. Бұл тактика «өзімшілдік» сияқты көрінер, бірақ бұл бірден-бір дұрыс тактика. Егер біз жақсы топтасқан, әбден ұйымдасқан болсақ, егер біз түрліше саруайымшылдарды, қашқындарды өз қатарымыздан аулақтасақ, онда біздің мығым ұйтқымыз, онша көп болмаса да, «ұйымдық жағынан күңгірт» бүкіл тобырды өзінің соңынан ертіп әкетеді. Ал егер бізде ұйтқы болмаса, онда, меньшевиктер өздерін ірітіп, сонсын бізді де ірітеді. Егер бізде мығым ұйтқы болса, онда біз өзімізбен бірлік жасауға тез көндіреміз. Ал егер бізде ұйтқы болмаса, онда басқа ұйтқы емес (ол жоқ), *шатастырушылар* үстем болады, ал онда, сендіре айтайын, жаңа ұрыс-керіс, ылажсыздан жаңа жіктеліс және бұрынғыдан жүз есе жаман өштесу пайда болады.

Кәнекей, өз күшімізді арттырып, уставтың және тактикалық нормалардың *айқын* жобасын жасап, нақтылы бірігуді әзірлелік. Ал бірігу туралы бос сөз сөйлеп, партияның бөлшектері арасындағы қатынастарды шатастыратын құрғақ мылжыңдарды, менінше, арамыздан аяусыз аластауымыз керек.

Қолдарыңызды қысамын. Сіздің *Н. Ленин*

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 154

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

5. X. 05.

Қымбатты достар! Рейнерттің жаңа хатын кәзір ғана алдым. Мен оның ұсынысын мұқыят ойластырдым, Дельтамен сөйлестім және өзімнің 3. X. 05 хатымда мақұлдамай берген жауабымды қайта қарап шықтым.

Орловскийді мен бір аптадан кейін қайтара аламын. Онда менсіз, мүмкін, екі апта ылаждап тұра алған болар еді, ал мен күнібұрын бірнеше мақала жазған болар едім және шінара жол үстінде де оны-мұны жазған болар едім. Бірақ дегенменде сіздің жоспарыңыз маған мүлде орынсыз болып көрінеді. Кәзір шетелдік газеттерде бығып жатқан хабарлардың бәріне қарағанда Финляндияда кәзір сұмдық ашынушылық бар. Бірсыпыра бас көтерулердің дайындалып жатқандығы туралы, көтеріліске әзірленіп жатқандық туралы тікелей хабарлап отыр. Кәзір ол жерге әскерлерді ерекше көп жіберіп жатыр. Жағалық және теңіздік полиция төрт есе күшейтілген. John Grafton[250] оқыйғасынан кейін жағалыққа келетін кемелерге әдейі барлық көңілді аударған. Көптеген жерлерде қару табылған және енді оны жан салып іздеуде. Қарулы түрде қол сұғу үшін соқтығысуды әдейі туғызуы әбден мүмкін деп есептейді.

Осындай жағдайда онда жалпы жыйналыс жасау тіпті қажет болмай-ақ тәуекелге бару деген сөз. Бұл тура көзсіздік әрекет болады. Болмашы бір кездейсоқ нәрсе (мұның ықтыймалдығы кәзір Финляндияда ерекше зор) болса болғаны, бүкіл Орталық Комитет те, Орталық Орган да толығынан күйреп түседі, өйткені онда бұл арада бәрі де бет-бетіне ыдырайды. Жағдайға турасынан қарау керек: мұның аты партияны түгелінен меньшевиктік көсемдердің жүндей түтуіне беріп қоя беру деген сөз. Ойластыра

келе, мұны істеуге біздің правомыз жоқ екендігіне сіздер келісесіздер, оған менің көзім жетеді.

Жоспарды былай етіп өзгертуге болмас па екен, осыны талқылауды сұраймын. Бәріміз Стокгольмге жыйналсақ. Сіздер үшін бұл кәзіргі жоспарға қарағанда азырақ қолайсыздық болады, бірақ орасан тиімді. Қолайсыздық — бір жағына ½ күн (жанында кездесуге ұйғарылған Абодан есептегенде) немесе maximum бір күн кешеуілдейді. Бәрін қосқанда 2 күн, айталық, тіпті 4 күн болсын. Бұл мүлдем түк емес. Тиімділігі — қауіпсіздік артады. Онда жалпы сәтсіздікке ұшырау мүлдем болмайды. Демек, біз Орталық Органның және бүкіл Орталық Комитеттің тағдырын титтей де тәуекелге салмаймыз, ешбір сөкет-көзсіздік жасамаймыз. Сіздердің кейбіреулеріңіз көрне ашық келе алады: оларды қамауға алуға болмайды. Басқалары басқа біреулердің паспорттарын тауып алады немесе паспортсыз өте береді (финляндықтар оңай өткізіп жібереді дейді Дельта). Сәтсіздікке ұшыраған күнде, бұл, біріншіден, барлығының емес, бірен-сарандардың сәтсіздікке ұшырағандығы болады, ал екіншіден, мүлдем ешбір айғақсыз, сондықтан іске тергеу жүргізгенде полицияға елеулі ешнәрсе табу мүмкін емес. Сонда біздің 2—3 күн әбден сенімді жыйналыс өткізуге кепілдігіміз болады; барлық документтер болады (мен бұларды апарамын, ал сіздер өздеріңіздікін почтамен жібересіз, т. с.), қалаған протоколдарды, үндеухаттарды және басқаларды жасауға мүмкіндік болады. Ақырында, ол уақытта біз Стокгольмнен сіздер үшін де және листоктер үшін де жұмыс істеуім үшін, менің Стокгольмге жиі баруыма болмас па еді, байқап көрер едік, т. т. (меньшевиктер оңтүстікте осы тәрізді бір нәрсе істегенге ұқсайды).

Осы жоспарды мұқыят талқылауды өтінемін. Егер мақұл тапсаңыз, менің Стокгольмге қашан келуімді көрсететін бір санмен (30 = мен сентябрьдің 30-ында сонда болуға тиіспін; 2 немесе 3 = мен октябрьдің 2 немесе 3-інде болуға тиіспін, т. т.) маған Болеславтың қолымен мына адреске: Kroupsky, 3. rue Dawid Dufour, Genève телеграмма беріңіз.

Қолдарыңызды қысамын. *Н. Ленин*

***Женевада жазылған***

***Бірінші рет 1926 ж. басылған*** ***Қолжазба бойынша басылып отыр***

## 155

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

8. X. 05.

Қымбатты достар! Халықаралық бюроға өкілдік мәселесінде маңызды бір бетбұрысты сіздерге дереу хабарлауға асықпын. Меньшевиктердің оңтүстік-орыс конференциясы ол жөнінде қарар қабылдады, бұл қарарда 1) менің өз басыма сорақы өтірік таңылған. Мен «Пролетарийдің» 20-номерінде жауап беремін[251], бұл номер бүрсікүні шығады. 2) Плехановтан *партияның оларға жататын бөлегінің* өкілі болуын сұрайды.

Бізге керегі де нақ осы! Плеханов олардың тілегін, әрине, орындайды. Оның біз үшін сойқанды жалған битараптығы бұзылады, дәлелдеуге керегі де осы еді. Мейлі, Халықаралық бюрода екі өкіл: көпшіліктен бір өкіл, азшылықтан бір өкіл болсын. Бұл бәрінен жақсы. Сонымен қатар, егер Плеханов азшылықтан болса, *бұл тіпті жақсы.* Бұл болашақ бірігу үшін тамаша үлгі болады. Қатты өтінемін: енді Плеханов турасындағы пікірді мүлдем тастаңыз және көпшіліктен өз делегатыңызды тағайындаңыз. Біз тек сонда ғана толық қамтамасыз боламыз. Орловскийді тағайындау жақсы болар еді. Ол тілдерді біледі, сөйлеуге шебер және көзге көрнекті. Қатынастың көпшілігі, түгелдей дерлік, хат жүзінде болады және біз де, әрине, кеңескен болар едік. Шынында, кеңесетін түк те жоқ: бұл өкілдік — барып тұрған *формалдық нәрсе,* бұған сізді тәжрибе бойынша сендіремін. Плеханов бір кездері бұл өкілдікті әлде неше рет Кольцовқа тапсырған болатын, Кольцов тіпті түкке аспайтын «парламентарий» және жалпы алғанда адам айтқысыз жалқау болса да, мұнан ешуақытта ешбір зиян болған емес.

Қолдарыңызды қысамын. *Н. Ленин*

*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 156

## А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ

11 октябрь.

Қымбатты Ан. Вас.! Мақалаңыз өте қызықты және нағыз мезгіліндегі тақырыпты алып отыр. Жақын арада, «Leipziger Volkszeitung»* басмақаласында земствошылдардың сентябрьде өткізген съезі үшін оларды масқаралап, олар «конституция ойынын ойнайды», олар *кәзірдің өзінде* өздерін парламентарийлер деп дандайсыды etc. etc. деген. Парвус пен Мартовтың қатесі *осы* жағынан талдауды өте керек қылады. Бірақ Сіздің мақалаңызда талдау шықпаған. Меніңше, мақаланы екі бағыттың біріне ыңғайлап өзгерту керек: не негізгі салмағын біздің «парламентаризм ойынын ойнайтын» жаңа искрашылдарға аудару, парламентаризмнің шартты, уақытша маңызы бар екендігін, революциялық күрес заманында «парламенттік жалған үміттердің» оңбағандық екендігін, т. т. толық көрсету, мұны әліппеден түсіндіру (россиялықтар үшін өте пайдалы!) және Гильфердингті тек иллюстрация үшін ғана, жұқалап қана келтіру керек. Не Гильфердингті негізге алу керек, онда мақалаға басқа бір ат беріп, бірақ Гильфердинг тарапынан мәселенің қойылысының өзін анығырақ сыйпаттап, мақаланы аздап қана өзгертуге тура келеді. Әлбетте, Сіз мақаланы өзгертудің бәлкім басқа да бір жоспарын табарсыз, бірақ мұны қайткенде де дереу қолға ала көріңіз. Уақыт бар, өйткені мақала бұл номерге бармас еді (Москва оқыйғалары[252]+ + ескі материал барлық орынды алып қойды). Демек, мақаланы жіберу мерзімі — 17. X. сейсенбі күні. Негізді мақала жазып, 17. X. жіберуіңізді қатты өтінемін. Бірін-

* — «Лейпциг Халық Газеті». *Ред.*

ші бағытта өзгертсеңіз жақсы болар еді, бәлкім басмақала болып шығар!

Егер бізде қазірдің өзінде парламент болса, біз «Московские Ведомости»-ға сопіға* кадеттерді, Милюковты және К°-ны міндетті түрде қолдаған болар едік. Мәселен, қайта дауысқа салғанда etc. Онда бұл таптық с.-д. партияның дербестігін титтей де бұзбаған болар еді. Бірақ парламент заманында емес, революция заманында (Сізде бұл айырмашылық тақырыптың атында-ақ белгіленген) *революциялық жолмен күресуге қабілетсіз* адамдарды қолдау 1) біздің партиямыздың дербестігін бұзу болып табылады. Келісімнің айқын және ашық болуы мүмкін емес. Бұл, қолдау үшін өз праволарын *салу* емес. Сіздің айтқаныңыз сияқты, өзінің революция жасауға праволарын атап айтқанда «сату» болады. Парламентте біз дербестігімізді титтей де жоғалтпай отырып қолдаймыз. Енді біз, Милюковтарды белгілі шарттармен *біз үшін* сөйлеуге *міндеттеп*, біз өз дербестігімізді жоғалтамыз. Сонсоң, бастысы 2) мұндай қолдау революцияға опасыздық жасағандық болып табылады. Парламент әлі жоқ. Милюковтардың *ж а л ғ а н  ү м і т т е р і* ғана бар. Революция үшін парламенттік әдіспен күресу емес, парламент *үшін* революциялық жолмен күресу керек, революция үшін *д ә р м е н с і з* «парламентте» отырып күресу емес, *к ү ш т і* парламент үшін революциялық жолмен күресу керек. Енді Россияда революция жеңбейінше парламенттегі *жеңістердің күллісі* (Мемлекеттік дума немесе осы тәрізді нәрселер) *н о л ь,* нольден де жаман, өйткені *ф и к ц и я м е н* көзді бұлдыратады. Парвус мұны түсінбеген.

Кадеттер қазірдің өзінде regierungsfähig** болып алды (Трубецкойлар және Мануйловтар ректор ролінде etc.), қазірдің өзінде (жиналыстарды масқаралау арқылы) жиналыстар бостандығының екінші қабатына, жалған парламентаризмнің қабатына шықты. Оларға керегінің өзі де: пролетариат *іс жүзінде подвалда* қала отырып, өзін екінші қабаттамыз деп масаттануы, өзін парламенттік күшпіз деп қиялдануы, «қолдау» шарттарына, т. б. риза болуы еді. Бұл бай тақырып! Біз қазірде халықтың

* — қарсы. *Ред.*

** — үкіметке қатысуға қабілетті. *Ред.*

революциялық күресімен күштіміз және жалған парламентаризм жағынан нашармыз. *Кадеттер керісінше.* Олардың барлық мақсаты бізді жалған парламентаризм жағына тарту. «Искра» өзін алдауға жол берді. Нақ осы арада «парламентаризмнің» революцияға қатынасын *барлық жағынан* талдау орынды болады ((салыстыр: Marx Франциядағы 1848 жылғы тап күресі туралы))[illegible].

Міне, Сізде белгіленіп отырған осы пікірлерді (әлбетте, мен оларды өте жалпы түрде және шамамен баяндап отырмын) дамыту керек, шайнап, ауызға салу керек. Россияндар парламентаризм мен революция арасындағы арақатнастың әліппеден бастап түсіндірілуіне қазір өте мұқтаж. Ал Мартов және К° байбаламдап: жарыялылық тезірек болса екен! ашық істеу тезірек болса екен! тіпті қалай болса да, жария болса екен! деп ойбайын салады. Бізге нақ қазір шыдамдылық керек, революцияны жүргізе беру, мардымсыз шала жарыялылыққа қарсы күресу керек. «Искра» мұны түсінбеді. Барлық оппортунистер сияқты, олар жұмысшылардың жігеріне және табанды революциялық күресіне сенбейді. Москва — оларға сабақ болады. Ал бұл арада тағы оңбаған Парвус ұсақ-түйек келісімдер тактикасын Россияға көшіреді!!

Менің хатымды алдыңыз ба? Қолыңызды қатты қысамын. Ан. Ал.-ке сәлем.

Сіздің *Ленин*

*1905 ж. 11 октябрьде жазылған*
*Женевадан Италияға жіберілген*

*Бірінші рет 1931 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 157

## С. И. ГУСЕВКЕ

*Нацияға Лениннен*

13. X. 05.

Қымбатты дос! Кәсіпшілік күрес туралы Одесса комитетінің қарары (6 немесе 5-номерлі «шешімдер», анық емес; 24-номерлі хатта. 1905 ж. сентябрь деп көрсетілген) меніңше зор қате. Менің ойымша, мұны, әрине, меньшевиктерге қарсы күрестің қызығына түсіп елігуден деп түсіну табиғи нәрсе болады, бірақ екінші бір шекке ұрынбау керек. Ал қарар нақ басқа бір шекке ұрынып отыр. Сондықтан мен Одесса комитетінің қарарын сын көзіммен қарап талдауға кірісемін, жолдастардан менің пікірлерімді, әсте ілік іздеуден барып тумаған пікірлерімді, талқылауды өтінемін.

Қарарда үш (номерленбеген) бөлім дәлелдеу жағы және бес (номерленген) бөлім тікелей қарарлық жағы. Бірінші бөлім (дәлелдеудің бастапқы пункті) әбден жақсы: «пролетариаттың таптық күресінің *барлық* көрінісіне басшылық етуді» өз міндетімізге алуымыз керек және кәсіпшілік күреске басшылық ету «міндетін ешуақытта ұмытпауымыз керек.» Тамаша. Сонсоң екінші пункт: қарулы көтеріліс әзірлеу міндеті «бірінші кезекке» қойылады дейді және (3-ші пункт немесе дәлелдеудің аяғы) «сондықтан да пролетариаттың кәсіпшілік күресіне басшылық ету міндеті лажсыз түрде екінші кезекке көшіріледі» дейді. Бұл, меніңше теориялық жағынан дұрыс емес және тактика мағнасында теріс.

Бірімен-бірі тең праволы сияқты, бір салада тұрғандай *екі міндетті:* «қарулы көтеріліс әзірлеу міндеті» мен «кәсіпшілік күреске басшылық ету міндетін» салғастыру теория жағынан дұрыс емес. Бірі бірінші орында тұр да, ал екіншісі екінші орында тұр деседі. — Бұлай деу —

жөні баска екі нәрсені салыстыру және салғастыру деген сөз. Карулы көтеріліс — қазіргі кезеңде саяси күрестің әдісі. Кәсіпшілік күрес — бүкіл жұмысшы қозғалысының үнемі, капитализм тұсында әрқашан керекті, барлық кезеңдерде сөзсіз болатын көріністерінің бірі. Мен «Не істеу керек?»[254] деген шығармамда цитатаға алған бір жерде Энгельс пролетарлық күрестің үш түрлі негізгі формасы: экономикалық, саяси, теориялық — яғни кәсіпшілік, саяси, теориялық (ғылыми, идеялық, философиялық) күрес формасы болады деп ажыратады. Күрестің бұл негізгі формаларының бірін (кәсіпшілік күрес формасын) қазіргі кезеңде күрестің баска бір негізгі формасының *тәсілімен* катар коюға қалайша болмақ? бүкіл кәсіпшілік күресті, «міндет» ретінде, саяси күрестің қазіргі *және әсте бірден-бір емес* құралымен катар қоюға қалайша болмақ? Бұл ешбір үйлесімсіз бір нәрсе, мұның өзі ортақ бір бөлімге келтірмей ондық үлесті жүздік үлеспен қоса салумен бір нәрсе. Менінше, дәлелдердің осы екі пункті де (екінші және үшінші пункті) алынып тасталуға тиіс. «Кәсіпшілік күреске басшылық ету міндеті» мен жалпы алғанда бүкіл саяси күреске басшылық ету міндетін ғана, идеялық күресті жалпы тұтас алып оны жүргізу міндетін ғана қатар коюға болады, саяси күрестің, немесе идеялық күрестің пәлендей бір жеке, қазіргі, осы күнгі міндет*терін* қатар қоюға әсте болмайды. Осы пункттердің екеуінің де орнына саяси күресті, социал-демократия идеяларының бүкіл көлемінде жұмысшы табын ағартуды, тұтас, шын социал-демократиялық қозғалыс жасау үшін жұмысшы қозғалысының барлық көріністерінің арасында тығыз, ажырамас байланыстың болуына тырысу қажет екендігін бір минут те ұмытпаудың қажет екендігін көрсету керек еді. Бұл нұсқау дәлелдердің екінші пункті бола алар еді. Үшінші пункті кәсіпшілік күресті буржуазияның жан сала таратып жүргеніндей тар мағнада түсінуден, тар мағнада коюдан сақтандырудың қажеттігін көрсету бола алар еді. Мен, әрине, карар жобасын ұсынып отырғаным жок, ол туралы айрықша сөз қылуға тұра ма деген мәселені козғап отырғаным жок; мен әзірге тек сіздің пікіріңіз калай етіп айтқанда теория жағынан дұрыс болар еді дегенді ғана қарастырып отырмын.

Тактика жағынан, қарар осы формасында карулы көтерілістің міндеттерін тіпті дұрыс коймай отыр.

Карулы көтеріліс *саяси* күрестің жоғарғы әдісі болып табылады. Пролетариаттың тұрғысынан қарағанда карулы көтерілістің табыска жетуі үшін, яғни баска бір көтерілістің емес, пролетарлык және социал-демократия басшылык етуші көтерілістің табысты болуы үшін жұмысшы козғалысының барлык жактарын кең дамыту керек. Сондыктан көтерілістің міндеті мен кәсіпшілік күреске басшылык ету міндетін бір-біріне карсы кою идеясы мейлінше теріс. Мұнымен көтеріліс міндеті төмендетіледі, усакталады. Тұтас алып *бүкіл* жұмысшы козғалысына корытынды жасаудың, оны аяктаудың орнына, көтеріліс міндеттерін кайдағыбір бөлу болып шығып отыр. Екі нәрсе: жалпы кәсіпшілік күрес туралы карар (Одесса Комитетінің карары осы *такырыпка* жазылған) және Одесса Комитетінің кәзіргі жұмысында күштерді бөлу туралы карар (сіздің карарыңыз осыған ауып кетіп отыр, ал мұның өзі мүлдем, мүлдем баска нәрсе) бір-бірімен бейне араластырылып жіберілген сыякты.

Тар мағнадағы карарлык бөлімнің номерленген пункттеріне көшемін.

Ad I. «Кәсіподактармен байланыстырылатын» «жалған үміттерді әшкерелеу керек»... бұған әлі онша-мұнша келісуге болады, бірак мұны алып тастаса жаксы болар еді. 1-шіден, бұл өзі козғалыстың барлык жактарының бір-бірімен ажырамас байланысы көрсетілуге тиісті болатын дәлелдеу жағына кіреді. 2-шіден, кандай жалған үміттер екендігі айтылмайды. Егер мұны енгізу керек болса, онда: капиталистік коғамда жұмысшы табының экономикалык және баска мұктаждарын канағаттандыру мүмкіндігі туралы буржуазиялык жалған үміттер, деп косу керек болады.

...«жұмысшы козғалысының түпкі максаттарына карағанда *олардың* (одактардың ба?) тарөрістілігін мейлінше баса көрсете отырып». Баксак, кәсіподак атаулының бәрі «тарөрісті» екен. Ал пролетариаттың саяси ұйымымен байланысты болған *социал-демократиялык* кәсіподактар ше? Мәселенің түйіні кәсіподактардың «тарөрісті» болуында емес, кайта осы бір жағын (және жалғыз болғандыктан да тарөрісті болған жағын) баска жактармен байланыстыруда. Демек, не мұны алып тастау керек немесе тағыда біржағының барлык жактарымен *байланысын* жасау, нығайту, кәсіподактарға *социал-демократиялык*

мазмұнды, *социал-демократиялық* насихатты сіңіру, оларды *бүкіл* социал-демократиялық жұмысқа тартудың, т. т. қажеттігі туралы тағыда айту керек.

Ad II. Жарайды.

Ad III. Кәсіподақтардың міндеті мен қарулы көтерілістің «ең маңызды, ең бірінші міндетін» салыстыру жоғарыда көрсетілген себептер бойынша дұрыс емес. Кәсіпшілік күрес туралы қарарда қарулы көтеріліс туралы сөз қылудың қажеті жоқ, өйткені қарулы көтеріліс — II пунктте айтылған «патша самодержавиесін құлатудың» құралы. Кәсіподақтар көтеріліс үшін өзіміз күш алатын базаны кеңейте алар еді, демек, тағыда айтамын, біріні-біріне қарсы қою қате болады.

Ad IV. «Кәсіподақтар мәселелерінде» «экономизмге» қайта оралып отырған «азшылық деп аталатындарға қарсы идеялық қажырлы күрес жүргізу керек». Одесса комитетінің қарары үшін бұл тым жалпы айтылған емес пе? Бұл артық кетушілік болмас па екен? «Кәсіподақтар» туралы бүкіл меньшевиктердің бірде-бір қарары баспасөзде сыналған жоқ қой. Осы мәселемен парасатына шақ келмейтін ынтамен шұғылдану тенденциясы үшін либералдардың оларды мақтап жүргендігі ғана көрсетілген. Ал мұнан: біз «парасатты түрде» ынта салуымыз керек, бірақ біз де сөзсіз ынта салуымыз керек деген қорытынды ғана шығады. Меніңше, не бұл пунктті эсте алып тастап, тарөрістіліктен сақтандыруды және буржуазия мен либералдардың кәсіподақтардың міндеттерін бұрмалау тенденцияларына қарсы күресу керектігін көрсетумен тыну керек;— немесе бұл пунктті меньшевиктердің белгілі бір қарарымен (кәзіргі уақытта маған бұл сияқты қарарлар мәлім емес; әлде сіздің оңтүстікте Акимовтің пәлендей-бір қарары шықты ма) байланыстыра отырып, арнаулы түрде тұжырымдау керек.

Ad V. Міне бұл іс. «Егер мүмкін болса, басшылық ету» деген сөздердің орнына мен «басшылық етуді де» деп жазар едім. Біз «егер мүмкін болса» бәрін де істейміз. Бұл сөздерді осы араға және тек осы араға енгізу, басшылық етуге біз бейне азырақ тырысатындай, теріс түсінік туғызады, т. с.

Жалпы айтқанда, меніңше, бұл мәселеде меньшевиктермен күресті асырып көрсетуден сақтану керек. Нақ енді, мүмкін, кәсіподақтар тез туа бастар. Шеттемеу керек

және шеттеу керек деп ойлаудың еш бір сақтау қалдыру керек, қайта қатысуға, әсер етуге, т. т. тырысу керек. Мысалы, көбінесе жұмысшылардан тұратын, жұмысшылардың ерекше бір жігі бар екен, олар саяси күресте өте аз береді, ал кәсіпшілік күресте өте көп береді. Жұмысшылардың бұл жігін, оның осы саладағы адамдарын тек бағыттай отырып, пайдалану керек. Россия социал-демократиясында ең басынан-ақ кәсіподақтар мәселесіне дұрыс сарын алу, бұл жөнінде социал-демократиялық бастаманы, социал-демократиялық қатынасты, социал-демократиялық басшылықты бірден дәстүрін жасау маңызды нәрсе. Әрине, практика жүзінде күш жетпес, бірақ бұл мүлдем басқа мәселе, ал солай десек те, егер барлық алуан күштерді пайдалана білсе, онда кәсіподақтар үшін де әрқашан күш табылады. Кәсіподақтар туралы қарар жазуға, яғни идея жағынан бағыттауға күш табылып отыр ғой, ал мәселенің түйіні де осында!

Қолыңызды қысамын және осы хатты алғаныңыз туралы, осы хат жөнінде пікіріңізді білдіріп маған хат жазуыңызды сұраймын.

*Сіздің Н. Ленин*

*Женевадан Одессаға жіберілген*
*Бірінші рет 1926 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

158

## М. М. ЭССЕНГЕ

26. X. 05.

Қымбатты зверушка!

Жақын арада Сіздің ұзақ хатыңызды алдық. Көп рахмет. Біз Питерден хабарды өте аз аламыз және бізге түрлі листоктарды да аз жібереді. Бізге барлық және түрлі жаңа нәрселерді түгел, сонымен қатар корреспонденцияларды жіберіп тұру ниетіңізден жаза көрмеңіз.

Менімше, Сіз партия істері жөнінде, пессимизм күшті, деп біраз асыраңқырап көрсетіп отырсыз. Осы арадағыларша айтайын. Мен осында «перифериялардан» «Пролетарий» көрне құлдырап барады, істер адам айтқысыз жаман жүріп отыр, газет кері кетіп барады, т. б., т. б. дегенді үнемі естимін. Түс қорқынышты, бірақ құдайдың өзі рақымды. Қазіргідей орасан зор қозғалыс жағдайында партия құпыя істеп отырғанда дүние жүзінде бірде-бір Орталық Комитет мүдделердің тіпті $^{1}/_{1000}$ үлесін де қанағаттандыра алмайды. Ал біздің ұрандарымыз, «Пролетарийдің» ұрандары, жапан түздегі жалғыз адамның даусы сияқты, елеусіз қалмайды, мұны біз университетте 10—15 мың адам қатысқан митингілер туралы хабарлаған тіпті жария газеттерден, т. т. көріп отырмыз. Біздің Россиядағы революция, құдай ақы, жақсы революция! Жуырда қайтамыз деген үмітіміз бар — іс таңқаларлық тездікпен осыған бара жатыр.

Біз Орталық Комитетпен кездесуді қалайда ұйымдастырамыз. Енді бұл шешілген мәселе және реттелген іс.

Алауыздықтар жөнінде де Сіз асырыңқырап көрсетіп отырған сияқтысыз. Мен бұл арада «Пролетарий» мен Орталық Комитеттің арасында ешбір алауыздық бар деп білмеймін. Көтеріліс уақыты ма? Мұны кім айтып бере алады? Менің өз басым мұны көктемге дейін және Ман-

чжуриядағы армия қайтқанға дейін кейінге қалдыра тұрар-ақ едім, мен мұны кейінге соза түсуді бізге заты тиімді деп ойлауға бейіммін. Бірақ бізден мұны, бәрібір, сұрамайды ғой. Қазіргі уақыттағы орасан зор стачканы алыңызшы.

Орталық Комитет істің салмағын әдебиет арқылы басшылық етуге көшіріп отыр, менінше, мұның өзі дұрыс тактика. Мен тек қазіргі уақыт үшін өте пайдалы «Рабочий» мен қатар 2 беттен, maximum 4 беттен тұратын, жиі-жиі шығатын, аптасына кемінде бір рет, бәлкім тіпті, екі рет шығып тұратын кішкене, икемді, *үгіттік* бюллетеньдердің шығарылып тұруын мақұл көрер едім. Қазірде қозғалыстың орасан зор, адам айтқысыз өсіп отырған кезінде партияға тек баспасөз арқылы ғана басшылық етуге болады. Сондықтан да негізгі ұрандарды және негізгі оқиғалардың қорытындыларын беріп отыратын икемді, орамды, жиі-жиі шығып тұратын қысқа листоктар-бюллетеньдер ұйымдастыру керек.

Орталық Органның тоқталуына келетін болсақ, бұл арада бір түсінбеушілік бар. Олар тіпті де Орталық Органды тұншықтыруды ойлаған жоқ, қайта бүкіл істің күйреуінен қорықты. Ал жалпы алғанда, шетелдің маңызы қазір *сағат сайын* төмендеуде, бұлай болуы сөзсіз де. «Пролетарийді» Питерде Невский көшесінде шығаруға сәті түскенге дейін, біз оны, әрине, ешбір жағдайда тастамаймыз. Бірақ, енді жарыя газетке де көп көңіл бөлу керек. Ал шет елде істі шінара (насихаттық әдебиет) жабуға тура келіп отыр,— жуырда оны мүлдем жауып, Питерде ашамыз.

Көтерілісті дайындауда мен дереу барлық жерде ең кең түрде, өздері немен болса да қаруланып алатын және түрлі жолмен дайындалатын өте кішкене (*үш* адамнан) *көптеген*, жүздеген, мыңдаған *дербес* жауынгер отрядтар құруды уағыздауға кеңес берер едім. Қайталап айтайын: көтеріліс уақытын көктемге дейін *соза тұрар-ақ* едім, алайда менің алыстан тұрып пікір айтуым, әрине, қиын.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Н. Ленин*

*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

# 159

## РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

*Орталық Комитетке*

Біздің жаңа редакциялық комитетке (жеті адам) және «Новая Жизнь» редакциясына Плехановты шақыруға маған ерік беретін-бермейтіндеріңізді дереу жазып жібере қойыңыздаршы. Телеграмма беріңіз (қойылған қол — Болеслав. Адрес — Крупская): Я немесе жоқ. Оның көп үміт болмаса да, мен онымен жақындасуға тағы да тырысып көремін.

*1905 ж. 27 октябрьде Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 160

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

Аса қадірлі Георгий Валентинович!

Мен Сізге осы хат арқылы сөз салып отырмын, өйткені, социал-демократияның бірігуінің қажеттігі мәселесінің қәзірдің өзінде біржолата пісіп жетілгендігіне сенемін, ал бірігу үшін нақ қәзір әсіресе зор мүмкіндік бар. Сізге тікелей сөз салуды кейінге қалдырмауыма екі себеп болды: 1) Питерде с.-д. жарыя «Новая Жизнь» газетінің ұйымдасуы және 2) соңғы күндердегі оқыйғалар. Егер тіпті осы оқыйғалар тез арада біздің Россияға қайтуымызға себеп болмаса да, қалай да біздің қайтатын уақыт енді өте-мөте жақын және с.-д. газет аса келелі ортақ іске дереу негіз жағдай туғызады.

Біздер, большевиктер, Сізбен бірге істеуге қатты құмармыз, мұны Сізге менің қайталап жатуымның қажеті бола қояр ма екен. Мен, жаңа газеттің барлық редакторларына (бұлар әзірге жеті адам: Богданов, Румянцев, Базаров, Луначарский, Орловский, Ольминский және мен) Сіздің редакциялық коллегияға енуіңізді өтініп коллективтік және ресми түрде сөз салулары үшін Питерге хат жаздым. Бірақ оқыйғалар күтпейді, почта қатынасы үзіліп қалды, сондықтан да мен қажет болған адымды, сайып келгенде, бір формалдыққа бола кейінге қалдыруға өзімді праволымын деп санамаймын. Шынына келгенде, мұндай ұсынысқа бәрінің де келісіп, қуанатындығына мен әбден және сөзсіз сенемін. Барлық большевиктер Сізбенен болған келіспеушілікті әрқашан да, ерекше жағдай туғызған уақытша бір нәрсе деп қарап келгендігін мен жақсы білемін. Талас жоқ, күрес келешек бірігуді қыйындатпай қоймайтын адымдарға, мәлімдемелерге, сөздерге бізді жиі итермелеп отырды, бірақ бірігуге *әзір-*

*лік,* орыс с.-д. таңдаулы күшінің жұмыстан оқшау тұруының *мейлінше теріс екендігін* түсіну, бүкіл қозғалыс үшін Сіздің басшылық түрде, жақын, тікелей қатысуыңыздың *мейлінше қажет* екендігін түсіну,— осылардың күллісі біздің ойымызда әрқашан да болып келді. Сондықтан біздің бәріміз де барлық қыйыншылықтарға, кедергілерге қарамастан, біздің Сізбенен бірігуіміз бүгін болмаса да ертең, ертең болмаса да бүрсікүні қалайда болатынына қатты сенеміз.

Бірақ осының ертең болғаннан гөрі, бүгін болғаны жақсырақ. Істер кәзір сондай бет алып отыр, *кешігіп қалуымыз мүмкін,* ал біз кешікпеу үшін барлық күш-қуатымызды салмақшымыз.

Сіз бізбен бірге істегіңіз келе ме? Егер Сіз екеуіміз кездесіп, осы тақырыпта сөйлесуге келіссеңіз, мен бұған өте қуанған болар едім. Жүзбе-жүз кездескен жолда көптеген түсінбеушіліктің жойылатындығына және бірігу ісіндегі қыйыншылықтар тәрізді нәрселердің көбі жайына қалып қоятынына көзім жетеді. Сіз түпкілікті келіспейтін болса немесе кәзір келіспейтін болса деп, мен сол қыйыншылықтардың кейбіреулерін алдан қозғамақшымын.

Қыйыншылықтар мынадай: 1) жаңа редакцияның көптеген мүшелері мен Сіздің араңыздағы алауыздықтар. 2) Социал-демократияның екі бөлегінің біріне Сіздің кіргіңіз келмейтіндігі.— Бірінші қыйыншылықты, меніңше, жоюға әбден болады. Сізбен біздің келісетін жерлеріміз теория мен тактиканың шамамен айтқанда $^9/_{10}$ мәселесін қамтыйды, ал $^1/_{10}$ не бола ажырасу орынсыз. Менің шығармаларымдағы, Сіздің пікіріңізше, кейбір қате пікірлерді түзеткіңіз келді және түзеткіңіз келіп те отыр. Бірақ мен ешбір жерде және ешуақытта социал-демократтардың бірде-бірін өз көзқарастарыммен матап тастауға әдейілеп әрекет жасаған емеспін және жаңа редакциядан ешкім, сөз жоқ ешкім өзін ешқандай «лениншілдердің» қатарына ұсынған емес. Барсовтың 3-ші съезде сөйлеген сөзі бұл жөнінде жалпы көзқарасты білдіреді. Сіз жоғарыда аталған жеті адамның үшеуінің[255] философиялық көзқарасын қате деп санайсыз. Бірақ бұл үш адам да өздерінің осы көзқарастарын партиялық ешбір ресми іспен байланыстыруға тырысқан емес және тырыспайды да. Бұл үш адам да,— м... бекерден-

бекерге емес, өзіме мәлім дәл фактыларға сүйеніп айтып отырмын,— Сізбен бірге істесуге айрықша қуанған болар еді. Қәзіргі уақытта саясат жағынан ажырасуымыз, ажырасқанда көпшіліктің көзқарастарына Сіздің жалпы тілектестігіңіз өзіңіздің рефератыңыздан да мәлім болып отырған кезде, Сіздің соңғы шығармаларыңыздан да көрініп отырған кезде, Сізбен, бәлкім, неғұрлым ынтымақтас Парвустың позициясынан жанамалай көрініп отырған кезде, Сіз бен біздің кәзір саясат жағынан ажырасуымыз мүлдем керексіз болар еді, мүлдем орынсыз, социал-демократия үшін мүлдем зиянды болар еді.

Жүз мыңдап болмаған күнде, он мыңдап жұмысшы оқушысы болатын жаңа жария газет,— сонымен қатар Сіздің орасан мол біліміңіз және орасан зор саяси тәжрибеңіз орыс пролетариатына аса керек болып отырған кезде Россияда істелетін ертеңгі жұмыстың күллісі,— осының бәрі *жаңа негіз* жасайды, осы негізде ескіні ұмыту, нақтылы жұмыста үйлесіп кету бәрінен де оңай болады. Женевадағы жұмыстан Питердегі жұмысқа көшу — ажырасудан бірлесуге көшу үшін психологиялық жағынан және партиялық жағынан адам айтқысыз қолайлы көшу, сондықтан мен 2-ші съезден бергі жерде болмаған, сірә, жуырда қайталамайтын осындай бір кезеңді босқа жібермеспіз деп қатты сенемін.

Бірақ бұл арада екінші бір қиыншылық бар. Сіз, бәлкім, партияның бір бөлегімен бірігуді қаламайтын шығарсыз. Сіз іске өзіңіздің қатысуыңыз үшін conditio sine qua non* ретінде, бүкіл партияның бірігуін талап етерсіз. Мұндай бірігудің тілек ісі және қажет іс екендігі жөнінде Сіздікі әбден жөн. Бірақ *кәзіргі уақытта* мұндай бірігу мүмкін бе? Сіздің өзіңіз бұған мүмкін емес деп жауап беруге бейімсіз, өйткені жуырда федерацияны ғана ұсындыңыз. Пролетариатқа біздің ықпал жасауымыз үшін *енді* ең кең трибуна Питерде шығатын *күнделік* газет болып табылады (біздің оны 100 000 дана етіп шығаруға, әрбір номерінің бағасын 1 тиынға дейін түсіруге шамамыз келеді). *Кәзіргі уақытта* меньшевиктермен коалициялық редакция мүмкін бе?? Біздің ойымызша да мүмкін емес. Меньшевиктердің ойынша да мүмкін емес. Федерацияны ұсынуыңызға қарағанда, Сіздің ойыңызша

* — сөзсіз шарт. *Ред.*

да мүмкін емес. Шынымен-ақ үш газет шығару керек болғаны ма? Бізде сайып келгенде ешқандай ұйымдық алауыздық болмай отырғанда және партияның ертең ашық жағдайға көшуі заговоршылдық жөнінде қауіптенудің барлық қалдықтарын жоқ етіп жіберетін кезде, қалайша біз революциялық социал-демократияның *саяси* органы үшін бір пікірге келе алмаймыз. Ал біздің тактикалық алауыздықтарымызды революцияның өзі керемет тездіктен сыпырып тастайды, ал оның бержағында 3-ші съездің *қарарларына* қарсы Сіз ешбір алалық пікір ұсынбадыңыз, ал осы *қарарлар* — біздің бәрімізді, большевиктерді, байланыстыратын бірден-бір партия директивасы ғой.

Осындай жағдайда, менінше, Сіздің біздің жағымызға көшуіңіз әбден мүмкін және бұл өзі келешек бірігуді қиындатпайды, қайта оңайлатады, тездетеді. Сіздің шеттеп кетуіңіздің арқасында ұзаққа созылған кәзіргі күрестің орнына бүкіл революциялық социал-демократия ішінде неғұрлым берік жағдай пайда болады. Осының нәтижесінде күрес те неғұрлым бір сазбен, неғұрлым ұстамды жүретін болады. Осының нәтижесінде социал-демократтардың бүкіл қалың бұқарасы өзін дереу батыл және сенімді сезінетін болады — салған жерден басқа бір рухтың лебі соғады және жаңа газет, артқа қарап жалтақтамай, өткендегінің егжей-тегжейлерін қазғыламай, қайта күрестің кәзіргі майданында жұмысшы табына тек берік, ұстамды басшылық ете отырып, социал-демократияда сағат сайын алдыңғы позицияны жеңіп ала бастайтын болады.

Сіз бен екеуіміздің кездесуімізге келісуіңізді тағыда өтініп, Сізбен бірге істеудің пайдалы, маңызды және қажетті екендігіне біздің бәріміздің, большевиктердің, сенетіндігін білдірумен аяқтаймын.

Сізді шын жүрекпен қадірлейтін *В. Ульянов*

*1905 ж. октябрьдің аяғында*
*Женевада жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

181

## «ОППОЗИЦИЯЛЫҚ» КӨПШІЛІКТІҢ МҮШЕЛЕРІ [illegible] МЕН КОСТЯҒА[25]

Жолдастар! Мен сіздердің «жолдастарға хатыңызды» алдым. Мен оны [illegible], [illegible] де [illegible] жіберген жоқсыздар. Бірақ сіздерге жауап беруді борышым деп білемін. [illegible] [illegible] [illegible] [illegible]. Жиналыс жөнінде [illegible] [illegible]. Жиналыс [illegible] үшін [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] емес, *[illegible]*, [illegible] [illegible] [illegible] керек. *[illegible]* партияның [illegible] [illegible], [illegible] [illegible], сіздердің [illegible] [illegible] сияқты, [illegible] [illegible] де [illegible], *үшінші* және [illegible] [illegible] *[illegible]* бір партия құру, — жиналыс *[illegible]* [illegible]. Егер сіздердің [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] үшін [illegible] болса, онда сіздердің [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible], сіздер [illegible] [illegible] [illegible] үшін емес, [illegible] [illegible] үшін, [illegible] үшін [illegible] деп [illegible], [illegible] [illegible] [illegible] [illegible].

«[illegible] [illegible]» — [illegible] [illegible]. *[illegible]*, [illegible] [illegible], [illegible] [illegible] [illegible] [illegible], [illegible] [illegible] [illegible] және [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] тиіс?? [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] сіздер не [illegible] едіңіздер? Сіздер [illegible] [illegible] деп [illegible] па едіңіздер???

[illegible] сіздер көпшіліктің және азшылықтың бір [illegible] және бір жерде [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible]?? [illegible] [illegible] (Орталық Комитет [illegible] «[illegible]» [illegible][27]. Ал[illegible] *үшінші* бір [illegible] [illegible] ([illegible] сіздер *[illegible]*, [illegible], [illegible] [illegible]) [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] *[illegible]*

*отырған* екі партиядан екі съезд шақыру жеңіл емес пе?? Шын социал-демократтардың, нақ қандай социал-демократтардың және қандай пропорциямен қатынасатындығын алдын ала біліп алмай, «құрылтай съезіне» қандай ақымақ бағынбақ???

«Екі съезд» ұранының сүйенетін мынадай жақтары бар: 1) екі партияның бірінің рыйзалығы; 2) көпшіліктің съезге толық әзірлігі және съезд шақыру үшін *оның* нормаларының және оның ***праволарының*** белгілілігі; 3) *басқа* партияның топтарында да, ұйымдарында да тездікпен дәл осыған жету мүмкіндігі: барлық топтарды жарыялау, оларды сұрап шығу, съездің уставының жобасын басып шығару мүмкіндігі бар.

Ал сіздердің «құрылтай съезі» ұраныңыз,— кейбір уайымшылдардың уайымынан тұрады, өйткені партияның *ешбір* бөлегі бұл съездің ***негіздерін*** ешбір жағынан білмейді. Сіздер тура күдікшілдер, әлсіз жүйкелі адамсыздар. Жиреніш ті ауруды, сасық іриң сыздауықты көрдіңіздер де, теріс айналып кете бердіңіздер. Адамзаттың мінезіне қарай айтқанда бұл түсінікті, бірақ дұрыс емес. Ал біз теріс айналып кетуге болмайды деп, үшінші партия ешнәрсе бермейді деп, ал қазіргі екі партия дереу болмаса да, зардапты операцияларсыз болмаса да, әйтеуір бірігеді деп ойлаймыз.

*1905 ж. октябрьдің аяғында — ноябрьдің басында жазылған*
*Женевадан Одессаға жіберілген*

*Бірінші рет 1931 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

# *1907 ж*

162

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

Сәрсенбі, 14. VIII. 07.

Қымбатты Алексей Максимович! Біз бүгін Мешковскиймен осында келдік, ертең Штутгартқа жүреміз. Сіздің де сонда болғаныңыз өте, өте маңызды болар еді[258]. Біріншіден, Сізді ресми түрде Орталық Комитет арқылы (кеңесші дауыспен) өткізді. Екіншіден, жүздескен өте жақсы болар еді, әйтпесе бәлкім ұзақ уақыт кездеспеспіз. Үшіншіден, Сізден небәрі бір тәулік жол және бір аптадан *артыққа* созылмайды (бұл Лондон емес!). Сіз жексенбі күні немесе тіпті дүйсенбі күні шықсаңыз да ешбір кеш болмайды.

Қысқасы жұрттың бәрі Сіздің келуіңіз жағында. Денсаулығыңыз жөнді болса,— келгеніңіз дұрыс. Халықаралық социалистерді *жұмыс үстінде* көру орайын пайдаланып қалыңыз,— бұл тіпті де, тіпті де жалпы танысу және мылжыңдасу емес. Келесі конгресс үш жылдан кейін ғана болады. Ал егер кездеспеген күнде өзіміздің түрлі істеріміз жөнінде ешқашан керегінше жазысу мүмкін емес. Қысқасы қалайда келіңіз. Көріскенше!

Мария Федоровнаға көп сәлем.

Сіздің *Н. Ленин*

*Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 163

## А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ

Қымбатты Ан. Вас.!

Ақырында, Сіздің кітапшаңыз[259] алынды — бірінші бөлімі тіпті алдақашан келген болатын. Түгелінен оқып шығу үшін ылғый аяғын күткен едім, бірақ келмей қойды. Үшінші қосымшасы («Маркс қалай қарады», т. т.) әлі күнге дейін жоқ. Бұл өте күйінішті, өйткені қолыңда бәрі толық болмаған соң, бастырушыға теруге беруден қорқасың. Егер үшінші қосымшасын әлі де жібермеген болсаңыз, онда тезірек жіберуге тырысқайсыз. Ақша (200 сом) Сізге жіберілген; алдыңыз ба?

Ал Сіздің кітапшаңыздың мазмұнына келетін болсақ, ол біздің бүкіл жұртшылығымызға ұнағаны сияқты, маған да өте қатты ұнады. Өте қызғылықты және тамаша жазылған нәрсе. Тек бір ескертетінім: былайша айтқанда, сыртқы жағынан абайсыздықтары, яғни көрінген эсерлердің, меньшевиктердің, синдикалистердің etc. *ілік тағуына* сылтау болатын жерлері көп. Біз: түзеңкіреу керек пе, әлде алғысөзде ескерту жасау керек пе? — деп коллектив болып кеңестік. Соңғысын ұйғардық, өйткені түзетуге көзің қиймайды; бұлай етудің өзі баяндаудың тұтастығына тым көп нұқсан келтіргендік болар еді.

Әлбетте, адал ниетті және байыпты оқушы Сізді дұрыс түсіне біледі, бірақ дегенмен де жалған түсіндірушілерден Сіздің *әдейі қорғанғаныңыз* жақсы болар еді, өйткені ондайлар толып жатыр ғой. Мәселен, Бебельді біздің сынауға тиісті екендігіміз өзінен өзі түсінікті, сондықтан мен Эссен жөнінде және жалпы алғанда неміс социал-демократиясы жөнінде таяуда бізге кілең мадақтау жазып жіберген Троцкийдің пікірін мақұлдамаймын. Эссенде милитаризм туралы мәселеде де, колониялық саясат ту-

ралы (дұрысырақ айтқанда радикалдардың осы пункт жөнінде Штутгартта жүргізген күресінің сыйпаты туралы) мәселеде де Бебельдің айтқаны теріс еді деп көрсеткен Сіздің пікіріңіз дұрыс. Бірак бұл жерде былай деп ескерту жасау керек: бұл — бізбен жолы бір адамның қателері және бұл қателерді тек осы жолда, марксистік, социал-демократиялық жолда ғана түзетуге болады. Өйткені эсерлікті, синдикализмді (á la Езерский, Козловский, Кричевский — «Обозрениені», т. т. қараңыз), анархизмді *мадақтау үшін* Бебель жөнінде қаскүнемдікпен мысқыл айтып жүрген адамдар бізде көп (Сіз, сірә, олардың әдебиетін көрмейтін боларсыз).

Меніңше, Сіздің пікірлеріңіздің *бәрін* әркашанда былайша баяндауға болады және баяндау керек те: бұл реттегі сын ортодоксияға, жалпы немістерге карсы бағытталмай, *оппортунизмге* қарсы бағытталуы керек. Сонда Сіздің пікіріңізді бұрмалап түсіндіруге *болмайды*. Сонда мына қорытынды айқын болады: большевизм тек немістерден ғана емес, сонымен қатар немістер *арқылы* үйрене отырып (Сіздің бұл талабыңыз мың мәрте дұрыс!), *орыс синдикализмі мен оппортунизмін өлтіру үшін* синдикализмдегі *құнарлы нәрсенің бәрін* ала біледі. Мұны істеу нақ біздерге, большевиктерге, неғұрлым оңай және неғұрлым табиғи нәрсе, өйткені біз революцияда көбінесе парламенттік кретинизм мен плехановтық оппортунизмге қарсы күрестік. Толып жатқан былық туғызатын (Россия үшін бұл өте-мөте қауіпті) синдикализмді Плеханов пен К°-ның педанттық кадеттік тұрғысынан емес, революциялық тұрғыдан тек біз ғана бекерге шығара аламыз.

«Пролетарийдің» 17-номері шықты және Сізге жіберілді. «Зарницы»[260] да шықты және Сізге жіберілді. Алдыңыз ба? «Товарищты» оқып жүрсіз бе? Ол енді қалай ұнайды? Сіз ескі дәстүрді жаңғыртып, оларды өлеңмен мазақ етсеңіз қайтер еді? Хат жазғайсыз.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

*1907 ж. 2 және 11 ноябрьдің арасында жазылған*
*Куоккаладан (Финляндия) Италияға жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## *1908 ж.*

164

### А. М. ГОРЬКИЙГЕ

9. I. 08. Женева.

Қымбатты Ал. М.! Таяуда мен әйеліммен осында келдім. Жолда екеумізге де суық тиіп қалды. Бұл жерде еп-теп-септеп орналасып жатырмыз, әзір уақытша болғансоң, бәрі де нашар. Сіздің хатыңыз мені қатты қуантты: шынында да, Каприге тартып кетсек жақсы-ақ болар еді! Сізге барып қайту үшін қалайда бір уақыт табармын. Бірақ, амал не, кәзір мүмкін емес. Біз мұнда газет шығару жөніндегі тапсырмамен келдік: «Пролетарийді» Финляндиядан осында көшірмекпіз. Тұрағымыз Женева бола ма, басқа қала бола ма, ол әлі түпкілікті шешілген жоқ. Қалай болғанда да асығу керек, өйткені жаңадан орналасудың әурешілігі толып жатыр. Істің жайы оңалған кезде, жазда немесе көктемде Сізге барып қонақ болсам деп едім! Сіздің Каприде өте-мөте қай мезгіл жақсы?

Ден саулығыңыз қалай? Хал-жайыңыз қалай? Жұмысыңыз жақсы ма? Сіздің Луначарскиймен бірге Италияны, жеке алғанда Римді аралап саяқат жасағаныңызды жол-жөнекей Берлинде естіттім. Италия көңіліңізге ұнай ма? көріп жүрген орыстарыңыз көп пе?

Бізге кыдырып әңгімелесерлік мүмкіндік болу үшін Сіздің жұмысыңыз көп болмайтын кезде Сізге барғаным жақсы ғой деп ойлаймын.

Менің кітабымды (12 жыл ішіндегі мақалалар жыйна-

гының бірінші томын)[261] алдыңыз ба? Мен оны Питерден сізге жіберілсін деп тапсырғанмын.

М. Фед. — внаға көптен-көп сәлем. Көріскенше!

Сіздің *Н. Ленин*

Менің адресім: Mr. Wl. *Oulianoff*.
17. Rue des deux Ponts. 17. (chez Küpfer). *Genéve*.

*Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

165

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ және М. Ф. АНДРЕЕВАҒА

15. I. 08.

Қымбатты А. М. және М. Ф.!

Бүгін Сіздің экспресті алдым. Шіркін-ай, Капридегі Сіздерге жетіп бару керемет қызығарлық нәрсе! Сіздердің жақсылап дәріптегендеріңіз сондай, құдай-ақы, қалайда қамданамын және әйелімді де қасыма ерте баруға тырысамын. Тек мерзім жағын әлі білмеймін: қазір «Пролетариймен» шұғылданбай болмайды, қалай болған күнде де оны *жолға қою* керек, жұмысты жөнге салу керек. Бұған, minimum, бір-екі ай кетеді. Ал мұны істеу қажет. Көктемге салым Капридің ақ шарабын ішуге, Неапольды көруге, Сіздермен әңгімелесуге жөнеліп каламыз. Айтпақшы мен итальянша үйрене бастадым және Мария Федоровнаның: espresso дегеннің орнына exrpesso деп жазған адресін көргенде, шәкірт сияқты, тұра ұмтылдым! Әкел бермен сөздікті!

Ал «Пролетарийді» тасу жөнінде жазамыз деп Сіздер өз бастарыңызға жұмыс тілеп алдыңыздар. Енді бізден оңай жалтарып кете алмайсыздар! М. Ф. — наға дереу толып жатқан тапсырмалар беруге тура келеді:

1) Россиямен екі арада қатынап тұратын пароходтардағы пароход қызметшілері мен жұмысшылары одағының (осындай одақ болуға тиіс!) секретарын қалайда табу керек.

2) Пароходтардың *қайдан* және *қайда* жүріп-тұратынын, *қаншалық жиі* жүретінін содан сұрап білу керек. *Апта сайын тасу ісін* ол бізге қалайда ұйымдастырып беретін болсын. Мұның ақысы қанша болады? Бізге *т ы н д ы р ы м д ы* адам тауып беруге тиіс (тындырымды итальяндар бар ма?). Газетті жеткізу үшін Россияда (айталық Одессада) оларға адрес қажет пе немесе олар

газетті аздаған мөлшерде Одессадағы әйтеуір бір итальян трактиршісінде *уақытша* сақтай алар ма еді? Бұл біз үшін *аса қажет*.

3) Егер М. Ф. — наның өзіне осының бәрін реттеу, қарастыру, іздестіру, түсіндіру, тексеру, т. т. мүмкін болмайтын болса, онда бізді сол секретарьмен калайда тікелей байланыстыратын болсын: біз сонда онымен хат жазысамыз.

Бұл іс жөнінде асығу керек: нақ 2—3 аптадан кейін осында «Пролетарийді» шығарармыз деп сенеміз және оны дереу жөнелту керек.

Жә — Қаприде көріскенше! Байқаңыз, А. М., сау болыңыз!

Сіздің *В. Ульянов*

*Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

166

## Ф. А. РОТШТЕЙНГЕ

29. I. 08.

Құрметті жолдас!

Финляндияда бұдан $2\frac{1}{2}$—3 ай бұрын мен Сіздің борыш туралы[262] ескертіп жазған хатыңызды алып, оны Орталық Комитетке тапсырдым. Қазір «Финляндияның талқандалуы» мені Женеваға кетуге мәжбүр етті, ал онда барудың өзі көп уақыт алып, қатты әбігерлендірді. Бүгін осындағы бір жолдастың маған хабарлауынша, Сіз борыш туралы қоймастан ескертіп жүр екенсіз және ағылшынды тіпті газеттерге жарияламақ болып та қорқытыпсыз көрінеді (!), т. с.

Борышты кайтару керек деп мен дереу Россияға кайта-кайта хат жазудамын. Бірак, білесіз, қазір мұны істеу *аса* қиын! Финляндияның талқандалуы, көптеген жолдастардың камауға алынуы, қағаздардың қолға түсуі, баспахананы көшіріп әкету қажеттігі, көптеген жолдастарды шет елге жөнелту қажеттігі — осының бәрі мүлде ойламаған жерден *толып жатқан* шығындарға кездіктірді. Партияның финанс жағдайының өте ауыр болатын бір себебі — екі жылдың ішінде жұрттың бәрі астыртын жұмыстан тосаңсып қалды да, жария немесе жартылай жария жұмыспен «әулігіп кетті». Жасырын ұйымдарды кайтадан дерлік құруға тура келіп отыр. Бұған толып жаткан акша керек. Ал барлық интеллигенттік, мещандық элементтер партиядан кетуде: интеллигенцияның кейін лыңсуы орасан. Ашықтан-ашық қаражат жинауға мүмкіндігі жоқ таза пролетарлар ғана қалып отыр.

Ағылшынға осыны түсіндірсеңіз, оған 2-ші Дума заманындағы, қарыз жасалған кездегі жағдайлар мүлде өзгеше еді, партия өз борыштарын, әрине, төлейді, бірак

бұларды *қазір* талап ету мүмкін емес, лайықсыз, мұның өзі өсімқорлық болар еді деп, т. т. ұғындырсаңыз жақсы болар еді.

Ағылшынды иландыру керек. Оның ақша ала қоюы екіталай. Жанжалдан түк те шықпайды.

Жаңылмасам, *фракциялардың* мүшелері бөлек-бөлек қол қойған және *фракциялар бойынша* жауап берер дей-мін?

Қолыңызды қысамын.

Сіздің *Н. Ленин*

P. S. Сіздің адресіңізді білмегендіктен, мен Квелчке хат жазып, одан біраз әдебиет жыйнауды өтінгенмін. *Мен оған аса зор алғыс айтамын:* менің шала-шарпы ағылшыншам оған ылғый түсінікті бола бермес деп қорқамын!

Менің адресім: *Vl. Oulianoff*. 17. Rue des deux Ponts. *Genève.*

*Женевадан Лондонға жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 167

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

2. II. 08.

Қымбатты А. М.!

Сізге екі іс жөнінде жазып отырмын.

1-шіден, Семашконың ісі жөнінде. Егер Сіз өзіңіз оны біл*мейтін* болсаңыз, онда Сізге төменде көрсетілген нәрсеге кірісудің қажеттігі жоқ. Егер білетін болсаңыз, ол қажет.

Л. Мартов Бернде шығатын с.-д. газетте «мәлімдеме» басыпты, онда ол: Семашко Штутгарт конгресінде делегат болған жоқ, тек *журналист* болды дейді. Оның с.-д. партияға жататындығы жөнінде бір де сөз айтпайды. Бұл — меньшевиктің түрмеге түскен большевикке қарсы жасаған оңбаған әрекеті. Мен РСДЖП-ның Халықаралық бюродағы өкілі ретінде өзімнің ресми мәлімдememді жібердім[263]. Егер Сіз Өзіңіз Семашконы білетін болсаңыз немесе Нижнийде білген болсаңыз, онда Мартовтың мәлімдемесіне Өзіңіздің күйінетіндігіңізді, Сіз Өзіңіз Семашконы с.-д. ретінде білетіндігіңізді, халықаралық полиция қоздырып жүрген істерге оның қатысы жоқтығына өзіңіздің кәміл сенетіндігіңізді айтып, Сіз де сол газетке *қалайда* хат жазыңыз. Төменде мен газеттің адресін және Мартовтың мәлімдемесінің толық текстін келтіріп отырмын; бұл мәлімдемені Сізге М. Ф. аударып береді. Редакцияға хатты Сіз өзіңіз орысша жазыңыз да, М. Ф. дан немісше аудармасын қоса тіркеуді өтініңіз.

Екінші іс. *«Пролетарийді»* шығаруға Россиядан жіберілген үш кісі қазір осында түгел жыйналдық (Богданов, мен және бір «практик»). Бәрі де реттелді, таяуда анонс шығарамыз[264]. Қызметкерлікке Сізді белгілеп отырмыз. Алғашқы номерлерге арнап Сіздің бірер нәрсе (*«Новая*

*Жизньде»* басылған *мещандық туралы заметкалар* рухында ма, әлде жазып жатқан повестіңізден үзінділер ме[265], т. с. болса да) бере алатын-бере алмайтындығыңыз жөнінде бір-екі ауыз сөз жазып жіберіңіз.

Қолыңызды қатты қысамын. М. Ф.— наға көп сәлем!

Сіздің *В. Ульянов*

*«Berner Tagwacht»** газетінің (редакцияның адресі: Kapellenstrasse 6. Bern. С.-д. органы) 1908 жылғы 30 январьдағы 24-номерінде басылған нәрсе мынау:

«*Erklärung*. In einigen Zeitungen stand zu lesen, dass der unlängst in Genf verhaftete D-r Simaschko ein Delegierter der Genfer Gruppe der russischen Sozialdemokratie in Stuttgart gewesen sei. Dem gegenüber erkläre ich, dass D-r Simaschko nicht Mitglied der russischen Section auf dem genannten Kongresse war und kein Delegiertenmandat besessen hat. Er war dort nur als Journalist tätig.

*L. Martoff*, Delegierter der russischen Sozialdemokratie auf dem Stuttgarter Kongress»**.

---

Бәрі осы. Мұндағы пасықтық сол — былайша қарағанда тозаң ұшырылып отырған сияқты, социал-демократия Семашкодан безбек!

*Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — «Берн Сақшысы». *Ред.*

** — «*Мәлімдеме*. Кейбір газеттерде: таяуда Женевада қамауға алынған д-р Семашко орыс социал-демократиясының женевалық тобынан Штутгартта делегат болыпты деген хабар басылды. Мұны бекерге шығару үшін мен мынаны мәлімдеймін: д-р Семашко аталған конгресте орыс секциясының мүшесі болған жоқ және онда ешқандай делегаттық мандат та жоқ еді. Конгреске ол тек журналист есебінде ғана қатысты.

*Л. Мартов*, орыс социал-демократиясының Штутгарт конгресіндегі делегаты». *Ред.*

168

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

7. II. 8.

Қымбатты А. М.! Сіздің мәлімдемеңіз жөнінде А. А. мен кеңесейін: егер Сіз өзіңіз білмеген болсаңыз, меніңше, басудың қажеттігі жоқ[266].

Сіз арсыздық туралы мақалаңызды бе—ктердің қандай жыйнағына жолдадыңыз? Таң қалып отырмын, өйткені бектердің жыйнақтары туралы жұрт маған үнемі хат жазуда, бірақ ол жайында естіген емеспін. Питерлік жыйнаққа жіберерсіз деп ойлаймын. Көшірмесі болса, Сенкевичке жазған хатыңызды жіберіңіз (*қашан* жіберілгенін көрсетіп белгі соғыңыз),— бірақ Сенкевич анкета болған соң оны жарыялар да.

Сіздің жоспарларыңыз өте қызғылықты, сондықтан мен шын ықласыммен барар-ақ едім. Бірақ, өзіңіз-ақ айтыңызшы, дереу жолға қою керек болып отырған партиялық істі тастап кете алмаймын ғой[267]. Жаңа істі жолға қою қыйын-ақ. Тастап кете алмаймын. Бір-екі айдан кейін немесе сол шамада жолға қоямыз, сонда бір-екі аптаға еркін босай аламын.

Саяси тозғындаушылыққа, ренегаттыққа, саруайымшылдыққа және басқаларға қарсы *үздіксіз* күрес жүргізу қажеттігі жөнінде Сіздің пікіріңізге мың мәртебе қосыламын. «Қоғам» мен «жастар» жөнінде бізде алауыздық болар деп ойламаймын. Біздің партияда интеллигенттер жұртшылығының маңызы кеміп барады: интеллигенция партиядан *қашып жатыр* деген хабар түс-түстан келуде. Бұл сволочьтың алды-артына топырақ. Партия мещандық қоқыстан тазарып келеді. Жұмысшылар іске көбірек кірісуде. Жұмысшы-профессионалдардың ролі күшеюде.

жұмыстың бәрі пайдалы шаруа, сондықтан мен Сіздің «естеліктеріңізді» жаз сол жағынан да түсіну керек деп білемін.

Енді — қалай әсер ету керек, деп қандай әдебиет жасау керек? Журналдар ма, *әлде* «Пролетарий» ме? Әрине, журнал беру бәрінен оңай *әлде* демей, және дұрыс— мың есе, бірақ практикалық мен журнал болады. Журнал жайлылар, әрине, болуға тиіс: Петердегі біздің жолдастарымыз осы жөнінде тер-төгіп еңбек етуде. Лондоннан кейін, Копенгагеннен[265] оларымен мен де еңбек еттім. Журнал болса,— олардың көрдің, сол жайлықтарды жүргізе беру үшін *барлық* күшті салу керек.

Бірақ Лондоннан бастап 1907 жылдың ноябріне дейінгі (сарыны жыл) менің тәжірибем менің көзімді жеткізді: газет *систематикалы* жарыс әдебиет жасай алмайсың. Менің сенуімше, *партияға* газет жалғыз деп саналмасына қарсы үстемдік етіп, мықтап күрес жүргізетін, дұрыс шыққан тұрақты саяси орган керек — *партияның* органы, саяси газет керек. Кейбіреулер шынайы органға сенбейді. Бірақ бұл қате, ал біздің коллективтің «Пролетарийді» осылай қайтару жөніндегі жұмысын алға тартқан себеп-ті. Оны ретке келтіру, жолға қою, қайтадан шығару қиын-ақ — онда сөз жоқ. Бірақ жұмыс іске *кірісу*, бұл ісіміз де.

Оған әдеби сынды кіргізуге болмай ма? Орын аз ба? Сіздің жұмысыңыздың системасын мен, әрине, білмеймін. Оның үстіне, кездескен кездерімізде біз тұрақты әңгіме емес, әрі ұзақ-сонар әңгімеге көбірек салынып жүрдік. Егер кішігірім — мысалы, жеуымен (бір айлық, екі айлық) қағаздарға Сіздің жазуыңыз шапшаңға, егер Сізге тек жұмысты көңілді көретін болсаңыз,— онда, әрине, мен ондай жұмысты тоқтатыңыз демеймін. Ол көбірек пайда келтіреді!

Ал егер саяси газетте бірлесіп жұмыс істеуге де шабытыңыз болса — онда Сіздің «Новая жизньде» «Мещандық туралы заметкаларыңызбен» басталған, менінше, жақсы басталған жанрыңызды жалғастыра беруге болмай ма? Мен алғашқы хаттарымның бірінде бұл туралы Сізге «жақсылық жолында» жазған болатынмын. Оныма өзім бұдан қазір да, қуатты шығар деп едім. Ал енді менің байқауымша, соңғы хатыңызда Сіз қуаттілікті сынаудасыз. Әлде мен қателесіп отырмын ба? Бұдан бұрынғыдай оншама сынаф-

[illegible]

[illegible] Сіз [illegible] философия [illegible] және [illegible] тактикасы [illegible] кезең [illegible] мен [illegible] саяси газетке [illegible] кетер [illegible] жұмыс [illegible] және партиялық [illegible] жүрген [illegible] жақсылық [illegible] әдеттер [illegible] партиялық жұмыспен [illegible] байланыстыруға [illegible] ересек [illegible] партиялық [illegible] істе коллегиялы [illegible] жұмыс [illegible] дамдарды [illegible] осылай істеуіміз керек.

Кішкене-үлкен әдеби-сын еңбектер, [illegible], бір [illegible] журналдарда басылсын.

Саяси газеттің концертінде, партиялық [illegible] ланысты, «Новая Жизнь» [illegible] дың тұратын системалы, мерзімді [illegible] шығарушы, Сіздің бұған [illegible] жоқ па?

Үшінші сюжет философия. Бұл салада өзімнің [illegible] бегендігімді мен әбден білемін, [illegible] жұрт алдында бой көрсетуіме бөгет болып жүр. Бірақ қатардағы марксист ретінде, мен партиялық философтарлың жазғандарын байыптап оқып жүрмін, эмпириомонист Богдановтың және эмпириокритиктер Базаровтың, Луначарскийдің және басқалардың жазғандарын байыптап оқып жүрмін — *олар менің* [illegible] *Плехановқа қарай* аударуда! Плехановтың [illegible] нің желігіне беріліп кетпеуін үшін [illegible] күш болуы керек қой! Оның тактикасы — [illegible] шыңы. Философияда ол әділ [illegible]

жүр. Мен — материализмді жақтаймын, «эмпирно—» дегендерге, т. т. қарсымын.

Философияны партиялық жұмыстың бағытымен байланыстыруға бола ма, байланыстыру керек пе? большевизммен ше? Қазір мұны істеуге болмайды деп ойлаймын. Біздің партиялық философтар әлі де бірнеше уақыт теория жөнінде жұмыс істеп, сөз таластыра тұрсын, сөйтіп... ойындағысын *жеткізе* айтсын. Мен әзірінше *мұндай* философиялық таластарды, материалистер мен «эмпирио—» дегендердің арасындағы таластарды біртұтас партиялық жұмыстан бөліп тастауды жақтар едім.

Сіздің жауабыңызды күтемін, ал әзірінше аяқтау керек.

Сіздің *Ленин*

*Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

## 169

## А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ

*Анат. Вас—чке*

13. II. 08.

Қымбатты Ан. Вас!

Кеше Сізге Брингман жөнінде кішкентай хат жібердім. Енді Сіздің 11. II хатыңызға дереу жауап жазып отырмын.

Менің хатыма Сіздің неліктен күйіңетініңізге онша түсінбей отырмын? Философия үшін емес қой!

*«Пролетапийде»* беллетристика бөлімін құрып, оны А. М-чке тапсыру керек деген Сіздің жобаңыз тамаша екен, бұл мені қатты қуантып отыр. Менің анығында көксеп жүргенім — «Пролетарийде» *әдеби-сын* бөлімін түпкілікті етіп, оны А. М-чке тапсыру еді. Бірақ мен мұны тіке ұсынуға *қорықтым*, сұмдық қорықтым, өйткені мен А. М-чтің жұмыс сыйпатын (және жұмыс ыңғайын) *білмеймін*. Егер кісі үлкен елеулі жұмыспен шұғылданып жүрген болса, егер ұсақ-түйекке, газетке, публицистикаға көңіл бөлу бұл жұмысқа зиян келтіретін болса,— онда оған бөгет жасау және оның көңілін бөлу ақымақтық, қылмыс болар еді! Мен мұны өте жақсы түсінемін де, сеземін де.

Сізге сол жердің өзінде анығырақ болар, қымбатты Ан. Вас. *Егер Сіз* Ал. М-чті түпкілікті партиялық жұмысқа жеккен күнде (ал партиялық жұмыс бұдан орасан көп ұтады!) оның жұмысына *біз зиян келтірмейміз деп есептейтін болсаңыз*, онда осыны реттеуге [illegible].

*«Пролетарийдің»* 21-номері 19 (26) [illegible] шығады. Демек, әлі де уақыт бар. [illegible] номерді еркін әзірлеп үлгіру үшін [illegible] *[illegible]ға* қарсы қолға тисе жақсы болар еді. [illegible], қолжазба жексенбі күні [illegible] (тексеріп) [illegible] үшін

тіке менің адресіме жазып жіберіңіз),— тіпті (ең арғысы!) дүйсенбіде келсе де мейлі.

Қалайда Сіз де жазыңыз. 21-номерге арнап не орыс істері туралы саяси фельетон (10—16 мың әріп), не Ферридің[269] кеткендігі туралы мақала (8—10 мың әріп) жазып жібермес пе екенсіз? Ең жақсысы — «не анау, не мынау» емес, «анаусы да, мынаусы да» болсын.

Қолыңызды қатты қысамын және А. М-чтің *«Пролетарийде»* қызмет істеуіне болатын-болмайтындығы жөнінде жауап беруіңізді сұраймын. Егер істейтін болса, «съезді»[270] және келісімді *күтпей-ақ*, дереу кірісетін болсын.

*Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

170

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

13. II. 08.

Қымбатты Ал. М-ч!

Менің ойымша, біздің алауыздықтар туралы Сіз қозғаған мәселелердің біразы — тіпті түсініспеушілік. Ақымақ синдикалистердің істейтіні сияқты «интеллигенцияны қуу» немесе жұмысшы қозғалысы үшін оның қажеттігін бекерге шығару, әрине, менің ойымда болған жоқ. Барлық *осы* мәселелер жөнінде бізде келіспеушіліктің болуы *мүмкін емес*; бұған мен кәміл сенемін, ал кәзір бас қосу мүмкін болмайды екен, онда бірден-ақ бірлесіп жұмыс істей бастау қажет. Жұмыс үстінде біржолата ынтымақтасып кетуіміз бәрінен де оңай, бәрінен де орайлы.

*«Пролетарий»* үшін кішігірім нәрселер жазу жөніндегі Сіздің жоспарыңыз мені өте-мөте қуантып отыр (анонс Сізге жіберілген). Бірақ, әлбетте, үлкен жұмысыңыз бар екен, онда одан *қол үзбеңіз*.

Троцкий жөнінде Сізге өткен жолы жауап бермекші едім, бірақ ұмытып кетіппін. Біз (яғни «Пролетарийдің» осындағы редакциясы, Ал. Ал., мен және «инок» — орыс бектерінің ішіндегі өте жақсы коллега) оны «Пролетарийге» шақыруды бірден ұйғарғанбыз. Хат жаздық, бір тақырыпты белгілеп, соны ұсындық. Істі неғұрлым коллегиялық негізде жүргізуді көздеп, *бәріміздің келісіміз бойынша* ««Пролетарий» редакциясы» деп қол қойдық (мәселен, менің өз басым 1903 — 5 жылдары, Троцкий меньшевик болып жүрген кезде, онымен қатты шайқастым, өршелене қақтығыстым). Троцкий осы формаға ренжіп қалды ма, білмеймін, әйтеуір өзінен басқа біреу жазған хатты жіберіпті: «ж. Троцкийдің тапсыруы бойынша», *«Пролетарий»* редакциясына оның жазудан бас тартатыны, қолы тимейтіндігі айтылыпты.

Меніңше, бұл — даракылық. Лондон съезінде де ол

даракыланып бақты. Ол бектермен бірге бола қояр ма екен, әй білмеймін-ау...

Осында мектер әрайлық «Голос Социал-Демократа» туралы анонс шығарды, оған Плеханов, Аксельрод, Дан, Мартов, Мартынов қол қойыпты. Оны тауып, Сізге жіберемін. Күрестің шиеленісіп кетуі мүмкін. Ал Троцкий «күресуші фракциялардан жоғары» болғысы келеді...

Нақ дүние тану ретіндегі материализм жөнінде Сізге шын мәнінде қосылмаспын деп ойлаймын. Атап айтқанда әңгіме «тарихты материалистік жолмен тану» туралы болып отырған жоқ (мұны біздің «эмпирио—»[271] дегендер бекерге шығармайды), философиялық материализм туралы болып отыр. Ағылшын-сакстар мен германдардың мещандығы және романдардың анархизмі «материализмнің» салдары елі деген пікірге мен үзілді-кесілді дау айтамын. Философия ретіндегі материализм *олардың қай жерінде болса да елеусіз.* «Neue Zeit»*, ең ұстамды және білгір орган, философияға селқос қарайды, ешқашанда философиялық материализмнің батыл жақтаушысы болған емес, ал соңғы кезде эмпириокритиктердің жазғандарын ешбір ескертусіз басып отырды. Маркс пен Энгельс үйреткен *сол* материализмнен жансыз мещандықты туғызуға болады деу — дұрыс емес, дұрыс емес! Социал-демократиядағы барлық мещандық ағымдар көбінесе философиялық материализммен соғысады, Кантқа қарай, неокантшылдыққа қарай, сын философиясына қарай сүйрейді. Жоқ, Энгельс «Анти-Дюрингте» негіздеген философия мещандықты босағаға да жуытпайды. Плеханов *бұл арадағы* күресті фракциялық күреспен байланыстырып, осы философияға зиян келтіріп отыр, ал қазіргі Плехановты бірде-бір орыс социал-демократы бұрынғы Плехановпен шатастыруға тиісті емес қой.

Ал. Ал. қазір ғана маған келіп кетті. «Съезд» жөнінде оған тағыда ескертемін. Егер талап етсеңіз,— кешіктірмей, бір-екі күнге жасауға болады.

Қолыңызды қысамын. *Ленин*

***Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген***

***Бірінші рет 1924 ж. басылған*** ***Қолжазба бойынша басылып отыр***

* — «Жаңа Заман». *Ред.*

## 171

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

16. III. 08.

Қымбатты А. М.!

Сізге бара алмай жүргенім күйінішті-ақ. Брюссельден жауап келді[272] және бұл жағынан тоқтау жоқ. Бірақ ақша жоқ, уақыт жоқ, газетті тастап кетуге болмайды.

Ешкіңіздің барлығына және мұның факт екендігіне қарап ойымды айтсам, Сіздің көңіл күйіңіз жақсы, ақыл-парасатыңыз дұрыс және тұрмысыңыз қалыпты көрінеді. Ал біздің жайымыз онша мәз емес. Әлгі философияға бола біз Ал. Ал. екеуміз қырғый-қабақтау сияқтымыз. Философияға өзімнің құнығып кеткендігімнен газетті қағаберіс қалдыра бастадым: бүгін бір эмпириокритикті оқыймын да, шарпынды сөздермен ұрсамын, ертең — екіншісін оқыймын да, бәлағаттауға дейін барамын. Ал Иннокентий іс үшін, «Пролетарийге» немқұрайды қарағандық үшін кеюде. Іс нашарлау болып тұр.

Басқаша болуы мүмкін де емес қой. Ұнтақтаса — ұн болар деген.

Егер Сіз үлкен еңбектеріңізге нұқсан келтірместен «Пролетарий» үшін жазып тұрсаңыз жақсы-ақ болар еді.

Қолыңызды қысамын, А. Вас. пен Мария Федоровнаға көп сәлем.

Сіздің *Ленин*

*Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 172

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

Ал. М-чке жеке хат

24. III. 08.

Қымбатты А. М.! Менің махистермен шайқасуым жөнінде Сіздің хатыңызды алдым. Сіздің сезімдеріңізді әбден түсінемін, сыйлаймын да және питерлік достарымнан да осындай нәрсені алып отырғанымды айтуға тиіспін, бірақ Сіздің қателесіп отырғаныңызға менің сенімім кәміл.

Егер партияның адамы белгілібір уағыздың мейлінше теріс және *зиянды* екендігіне көзі жеткен болса, ол осы уағызға қарсы шығуға міндетті: мұны Сіз түсінуге тиіссіз және, әрине, түсінесіз де. Егер олардың кітабы — *бүтіндей*, басынан аяғына дейін, бұтағынан тамырына дейін, Мах пен Авенариуска дейін, сорақы, зиянды, филистерлік, поптық кітап екенін сөзсіз көріп-білмеген болсам (ал Базаровтың, Богдановтың және К$^0$ даналығының түп негіздерімен танысқан сайын бұған күн санап көбірек көзім жетіп жүр), мен шу көтермеген болар едім. Плехановтың оларға қарсы айтқан пікірі асылында *толығынан* дұрыс, тек мұны философиялық астарлы сөздермен жұртты орынсыз шошытпай-ақ, *нақтылы түрде*, тәптіштеп, жәй ғана айта білмейді немесе айтқысы келмейді немесе айтуға ерінеді. Мен де мұны қайткен күнде де *өзімше* айтамын.

Бұл арада қандай «бітім» болмақ, сүйікті А. М.? Атай көрмеңіз, мұны ауызға алу да ерсі болады. Ұрыстың болуы *мүлде* сөзсіз. Сондықтан партиялық адамдар өздерінің күштерін мұны бүркеуге не кейінге қалдыруға немесе бұдан жалтаруға жұмсамай, практика жүзінде қажет партиялық жұмыстың *ақсамауына* жұмсауға тиіс. Бұл туралы *Сіздің* қамқорлық жасауыңыз керек, ал орыс бек-

терінің бәрі бұл жөнінде Сізге көмектесін, үлкен алғыс айтатын болады.

Мұны қалай істеу керек? «Бейтараптық» арқылы ма? Жоқ. Мұндай мәселеде бейтараптықтың болуы мүмкін емес және *болмайды да*. Егер ол туралы айтуға болатын болса, тек *шартты* мағнада айтуға болады, бүкіл осы шайқасты фракциядан *бөліп тастау* керек. Осы күнге дейін шетте жүріп, фракцияның баспасөздерінен тысқары жазып келдіңіз, бұдан былай да солай жазыңыз. Тек осылай еткенде ғана фракция елеуремейтін болады, *шатаспайтын* болады, ертең, бүрсігүні *шешімге, дауысқа салуға*, яғни шайқасты хроникалық, созылған, тынымсыз шайқасқа айналдыруға мәжбүр болмайды.

Журналға[27] қандай да болса философияны жіберуге менің *қарсы* болатын себебім міне осы. Бұл үшін маған жұрт өзінің аузын ашпай жатып, басқалардың аузын жапқысы келеді — деп кейітіні білемін. Бірақ Сіз салмақпен ойлап қараңызшы.

Философиялық журнал. № 1 — Базаровтың, Богдановтың, Луначарскийдің Плехановқа қарсы үш мақаласы. Менің бір мақалам, мұнда «Марксизм философиясының очерктері» — бердяевшілдік, поповшылдық деген пікір айтылады.

№ 2 — Богдановтың, Базаровтың, Луначарскийдің Плеханов пен Ленинге қарсы шамырқанып сарнай жазылған үш жерде үш мақаласы. Менің бір мақалам; мұнда екінші жағынан «Марксизм философиясының очерктері» — поповшылдық деген пікір дәлелденеді.

№ 3 — Байбалам мен ұрыс-керіс!

Мен «Марксизм философиясының очерктеріне» қарсы, әрбір авторына қарсы және олардың жекелеген жақтарының әрбір жағына арнап бір мақаладан жазғанда, алты немесе он екі мақала жаза аламын. Мұның осылайша созыла беруі мүмкін бе? Қашанға дейін? Шексіз шиеленісіп, ешігудің салдарынан *жұмыс та* жіктелікті сезбей ете ме? *Мұнан да* фракцияның ішіндегіні талдап тексерсейші, «дискуссияның» жолымен бітірсейші деген байлауымен шамамын...

Егер жекелестен қарағанда болсаңыз, осыны жақсылап ойлап қараңыз. Практиктер осындай «журнал» бір кітапты таратуға көне көр ме екен? Басқаша жол табу емес пе: бұрынғыша шетте жүріп, фракциялық баспалардан

тысқары жазыңыз. Шетте жүріп тартысыңыз, фракция *әзірше* күте тұрады. Егер сөзсіз өшігушілікті *әлсіретуге* мүмкіндік болса, менінше, тек осылай ету керек.

Сіз: шайқастан меньшевиктер ұтып шығады деп жазасыз. Қателесесіз, қатты қателесесіз, А. М.! Егер большевиктік фракция өзін үш бектің философиясынан бөлек ұстамаса, меньшевиктер сонда ұтады. *Сонда* олар біржолата ұтады. Ал егер философиялық шайқас фракциядан тысқары жүретін болса, онда меньшевиктер біржолата саясатқа қоптар етіледі де, осы арада оларға ажал жетеді.

Мен: шайқасты фракциядан *бөліп тастау* керек деп отырмын. Әрине, осылайша бөлектенуді тірі адамдарға қолдану әте қиын, жанға батарлық нәрсе. Уақыт керек. Қамқор жолдастар керек. Бұл арада практиктер көмектеседі, бұл арада Сіз көмектесуге тиіссіз,— бұл арада «психология» бар. Сізге тиер кітап та бар. Менің ойымша, Сіз бұл жөнінде біраз көмек көрсете алар едіңіз, — онда да, әрине, менің «Очерктерге»[27*] қарсы жазылған кітабымды оқығаннан кейін, менің оларға қарсы өршеленгенім сияқты, Сіз де маған қарсы өршеленіп жүрмесеңіз болғаны.

Журнал жөнінде жақсылап ойланып, маған тезірек жауап беріңіз. Мен әлдеқашан күмәнданамын: біздің *қазір* Сізге бірге баруымыз жөн болар ма екен? Керегі орынсыз қажай берудің не қажеті бар? «Алысқа аттаныпу»,— ал шайқассыз болмайды. Ұзақ-сонар кеңессіз жүргізбей-ақ, салтанатты және түкке тұрғысыз съездер жасамай-ақ, журнал туралы мәселені қайта шешкен жақсы емес пе? Мен Сізге бұл сұрақтарды тек Сізбен кеңесу үшін беріп отырмын.

М. Ф.—ға көп сәлем. Каприге мен қалайда барамын, әйелімді де ерте баруға тырысамын, тек мұны философиялық шайқастан тысқары істесем деп едім.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

P. S. Сізге [illegible] туралы *[illegible]* хабарды қоса жолдап отырмын.

*Женевадан Капри аралына*
*(Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 173

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

Бұл қалай, қымбатты А. М., Сізден хат-хабар келмей қойды ғой? Үлкен бір еңбекті алдақашан бітірдім, деп жазған едіңіз Сіз, «Пролетарийдегі» бізге көмектеспекші едіңіз. Енді қашан? Толстой туралы бір кішкене фельетон ба, әлде сол сияқты бірдеңені ме, сырғытып жіберсеңіз қалай болар еді? Көңіліңіз соға ма, жазып жіберіңіз.

Ал. Ал. Сізге жүріп кетті. Мен газетті де тастай алмаймын, жұмыстан да қол үзе алмаймын. Бірақ бұл тек уақытша кешігу ғой, дегенмен барамын.

Сіздіңше, *«Пролетарий»* қалай? Панасыз ғой ол. Мен өз газетіме ешқашанда бұлай селқос қараған емеспін: қарғыс атқан махистерді ұзақты күнге оқыймын да отырамын, ал газетке деген мақалаларды адам айтқысыз асығыс жазамын.

Жә, қолыңызды қысамын. Сіздің *Ленин*

М. Ф — наға мың сәлем! Мен ол кісіге велосипедпен бармақпын!

Анат. Вас — чке айтыңыз, *«Пролетарийге»* жазып тұрсын! Менің философша сампылдауыма ырық беріңіз, әзірше «Пролетарийге» көмектесіңіз!

*1908 ж. апрельдің бірінші жартысында жазылған Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 174

## А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ

*Анат. Вас — чке*

16. IV. 08.

Қымбатты А. В.!

Сіздің хатыңызды алдым. Сіздің *«Пролетарийді»* қолға алатыныңызға *өте* қуаныштымын. Бұл аса *қажет*, ал нақ сол Сіз белгілеген тақырыптар + итальяндық корреспонденциялар *өте-мөте* керек. Байқаңыз, Сіз — партиялық газеттің қызметкері екендігіңізді ұмытпаңыз, төңірегіңіздегілердің де ұмытуына жол бермеңіз.

Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің *Ленин*

P. S. Философия жөніндегі *оқшау пікір:* Сіздің мақтауларыңызды өзіңізге қайтара алмаймын, бұларды Сіз тез арада қайтып аларсыз деп ойлаймын. Ал менің жолым «ғылыми социализмді дінмен біріктіруді» уағыздаушылардан, жәнеде барлық махистерден айрылып кеткен (сірә, ұзақ уақытқа болар).

*Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

175

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

16. IV. 08.

Қымбатты Ал. М.!

Бүгін Сіздің хатыңызды алып, асығыс жауап жазып отырмын. Менің баруым пайдасыз, зиянды: ғылыми социализмді дінмен біріктіруді уағыздауға кіріскен адамдармен мен сөйлесе *алмаймын* және сөйлеспеймін де. Дәптершелер[275] заманы өткен. Таласуға болмайды, нервіні босқа қажыту ақымақтық болады. Философияны партиялық (фракциялық) істерден *бөліп тастау* керек: БЦ[276] шешімі де осыны міндеттейді.

Соғысты нағыз барып тұрған ресми қалыпта жариялағанымды кәзірде *баспасөзге жібердім*[277]. Бұл жерде дипломатияға енді орын жоқ,— мен, әрине, жаман мағнадағы дипломатия туралы емес, жақсы мағнадағы дипломатия туралы айтып отырмын.

Қымбатты А. М., Сіздің тарапыңыздан жасалатын «жақсы» дипломатия (егер Сіз де құдайға нанып қалмаған болсаңыз) біздің ортақ (яғни мені де қоса есептегенде) *істерімізді* философиядан бөліп тастау болуға тиіс.

Философиядан басқа істер жайындағы әңгіменің кәзір қиысы келмейді: оғаш болып шығады. Тегінде, егер сол *басқа* істер философияға *жатпайтын* істер болса, ал *«Пролетарий»,* мәселен, дәл *кәзір* дәл Сізден әңгімелер күтіп отыр, мен барған да болар едім (ақша таба аламын ба, жоқ па, білмеймін: дәл кәзіргі кезде ақшадан қысылып жүрген жай бар), бірақ қайталап айтайын: тек философия туралы және дін туралы менің сөйлемейтін болуым шарт.

Ал мен, жұмыстан қолым босаған кезде, Сізге кез-десу үшін қалайда бармақпын.

Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің Лениніңіз

М. Ф. — ға көп сәлем де тегінде, ол кісі ауырмай жақ-тап жүрген жоқ па, ә?

*Жіберілген: Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1934 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 176

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

19. IV. 08.

Қымбатты А. М.!

Сіз бен М. Ф. берген телеграмманы алдым, бүгін не ертең таңертең өзімнің бастартқан жауабымды жіберемін. Тағыда қайталап айтайын: әдебиетшілердің философия туралы таластарын *партиялық* (яғни *фракциялық*) іспен шатастыру *ешбір жағдайда да* лайық емес. Мен мұны Ан. Вас — чке жазып жібергенмін[274] және ешқандай бұрыс қауесеттерге немесе менің барудан бастартқанымнан теріс қорытындылар жасаушылыққа жол бермеу үшін *барлық жолдастарға арнап қайталап отырмын.* Біз өзіміздің фракциялық ісімізді бұрынғыша ынтымақпен жүргізуге тиіспіз: революция кезінде өзіміз жүргізіп, іске асырған саясат жөнінде ешқайсымыз опық жеген емеспіз. Демек, біздің борышымыз партия алдында осы саясатты *қорғау* және қорғап қалу. Мұны біз бәріміз бірлесіп қана істей аламыз және мұны *«Пролетарийде»* де, бүкіл партиялық жұмыста да істеуге тиіспіз.

Егер оның бержағында философия үшін А келіп Б-ға немесе Б барып А-ға ұрсатын болса, біз мұны айрықша, яғни іске кесір келтірмей істеуге *тиіспіз.*

Менің барудан бастартқанымды жамандыққа жорып түсіндірмеуді Сіз бен жолдастардан қатты өтініп сұраймын. Көптен көп ғапу өтінемін, бірақ істің бүкіл жағдайы мен редакцияның халіне қарағанда бара алмаймын.

Бәріңіздің қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің *Ленин*

Ан. Вас — чтен Рим стачкасы туралы уәде еткен мақаласын тезірек жіберуді күтеміз.

Барлық әдебиетшілерден *«Пролетарийге»* көмек күтеміз: бәріміз де россиялықтар алдында жауаптымыз, ал олар бұған наразы болып отыр.

Ал. Ал — ч ақша жағын жақсылап *қарастырсын!!* Россиядағылар ақшаның жоқтығынан зар еңіреп отыр.

*Женевадан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 177

## В. В. ВОРОВСКИЙГЕ

Қымбатты дос! Хатыңыз үшін рахмет. Сіздің екі «күдігіңіздің» екеуі де теріс. Мен күйгелектенген жоқпын, бірақ біздің жағдайымыз қиын, Богдановпен жіктелу қаупі төніп келеді. Шын себебі — рефераттар кезінде (әсте редакцияда емес) оның философиялық көзқарастарына жасалған қатты сынға ренжіп қалғандығы. Енді Богданов қайдағыбір алауыздықтарды іздестіріп жүр. Алексинскиймен бірге бойкотты жарық дүниеге шығара қойды; Алексинский беталды соқтығысуда, мен онымен екі арадағы барлық қатынастарды үзуге мәжбүр болдым. Олар эмпириомонистік-бойкотистік негізде жіктеліс жасағалы жүр. Іс тез арада-ақ бұрқ ете түспекші. Таяудағы конференцияда шайқастың болуы сөзсіз. Жіктеліс өте ықтимал. «Солшыл» және шынайы «бойкотизмнің» бағыты үстем болса-ақ мен фракциядан шығамын. Мен Сіздің тез келуіңіз тыныштандыруға сеп болар деген оймен Сізді шақырған едім. Жаңа стиль бойынша августа Сізді конференцияға қатысу үшін қалайда келеді ғой деп күтіп отырмыз. Қайткен күнде де шетелге келіп қайтатын болыңыз. Барлық большевиктерге жол қаражаттық ақша жібереміз. Жергілікті жерлерде: мандат тек қана жергілікті, тек қана нағыз қызметкерлерге берілсін деген ұран көтеріңіздер. Біздің газетке жазуларыңызды қатты өтініп сұраймыз. Енді мақалалар үшін ақы төлей аламыз және уақтылы төлеп тұрамыз.

Сіздің қолыңызды қысамын.

Мен жазатын философияны басып шығаруды міндетіне алатын бір бастырушы табылмас па екен, білмейсіз бе[279]?

*1908 ж. 1 июльде жазылған*
*Женевадан Одессаға жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Машинкаға басылған көшірме бойынша басылып отыр*

## 178

## П. ЮШКЕВИЧКЕ

10. XI.

М. м.! Марксизмді ерітуге де, өзіме таныс емес редакцияның жанындағы еркін трибунаға да ризалығым жоқ[280].

*Н. Ленин*

*1908 ж. 10 ноябрьде жазылған*
*Женевадан Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған*

*Н. К. Крупская жазған көшірме бойынша басылып отыр*

## *1909 ж.*

179

### РОЗА ЛЮКСЕМБУРГКЕ

18. V. 09.

Werte Genossin!*

Кеше Сізге философия жөніндегі өз кітабымның бір данасын арнаулы бандерольмен жібердім — біздің соңғы кездескен кезімізде Мах жөнінде өткізген әңгімеміз туралы ескерткіш.

Егер мүмкін болса, «Neue Zeit»** үшін бұл кітап[281] туралы «Verzeichnis der in der Redaktion eingelaufenen Druck-Schriften»*** қатарында хабар беруіңізді қатты өтініп сұраймын. Егер бұл үшін атап айтқанда формалдықты орындау қажет болса, яғни кітапты (орысша түсінбейтін) редакцияға жіберу қажет болса, онда маған бұл туралы хат жазып жібергейсіз, сонда мен «Neue Zeit» редакциясына дербес данасын жіберуге тырысамын.

Большевиктер арасындағы біздің ішкі күресіміз туралы Сіз, әрине, Тышко жолдастан естіген боларсыз. Шақырымпаздар мен ультиматистерге қарсы жазған Сіздің мақалаңыз жұрттың бәріне өте ұнайды[282]: тек бір өкінішті нәрсе, Сіз орысша *сондай сирек* жазасыз, немістердің дәулетті социал-демократиялық партиясын россиялықтардың кедей социал-демократиялық партиясынан артық санайсыз.

Жақсы болыңыз! Тышкоға сәлем. Қолыңызды қысамын.

*Н. Ленин*

---

* — Қадірлі жолдас! *Ред.*

** — «Жаңа Заман». *Ред.*

*** — «Редакцияға түскен баспасөз шығармаларының тізімі». *Ред.*

P. S. «Neue Zeit» редакциясының Ротштейннің 33-номердегі (ағылшын) мақаласына берген ескертуі мені мынадай ойға келтіріп отыр: Брюссельде Каутскийдің I. L. P.*-ны қорғағаны енді оның және де қашан қорғамайтын көрінеді[204]... Солай ма?

*[illegible]*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — Independent Labour Party — Тәуелсіз жұмысшы партиясы. *Ред.*

## 180

## А. И. ЛЮБИМОВКА

Қымбатты Марк!

Каприліктерге жауабымызды [illegible] үшін [illegible] жіберіп отырмын. Егер ол керек деп тапса, Иное үшін [illegible] да, сонсын хатты Капорге [illegible] — [illegible] білмеймін. Менің ойымша, 2 [illegible] жіберуге болады сыртқысына: Signor [illegible] Villa [illegible] sas. Capri Italie.— ал ішкісіне: [illegible] Ақшау [illegible] сиясы үшін деп жазу керек.

Басқа адресті білмеймін.

Троцкий жөнінде ұлынаны: [illegible] Орталық Комитет мүшесі ұсынған [illegible] қабылдамайтын болса [illegible] оған *көмектесуге* мейлінше [illegible] Бұл мәселені БЦ Ақшау [illegible] Троцкийге көмек көрсету жөніндегі [illegible] да *мәнсіз* болады. Сондықтан [illegible] «*Пролетарий*» баспаханасында «*Правда*» [illegible] тек ешқандай жағдайда [illegible] мүмкін *және фракцияға* [illegible] керек (әйтсе Троцкий және [illegible] Орталық Комитет [illegible] ға қосып деп ұсынған болатын!) — [illegible] алынып отыратын ақы сияқты ақы төлейтін *қатаң* коммерциялық келісім болуы керек, бұл ретте әрі терушілердің бостандығы, т. т. [illegible] көзқарас туралы мәселені *БЦ Ақшау* комиссиясы әлі де шешуі керек және осындай шешімге дейін *көмектесу* жөнінде бірде-бір әрекет жасауға болмайды, ал қолында *ештеңе* байлауға болмайды деп мейлінше ұзілді-кесілді талап етемін.

Қолыңызды қысамын *Н. Ленин*

P. S. Менің каприліктерге жазған хатымның көшірмесін *қалай болған күнде де* алуды өтінемін. БЦ үшін қажет болып шығуы мүмкін.

*1909 ж. 18 августа жазылған Бонбоннан (Франция. Сена мен Марна департаменті) Парижге жіберілген*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 181
## «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНА

«Социал-Демократтың» 7—8-номерлерін алдым. Троцкийдің *қол қоюына* қарсылық білдіремін: қол қойылмауы керек. (Мақалаларды әлі оқып үлгіргенім жоқ.)

*«Пролетарий»* жөнінде менің ойым — оған мыналарды басу керек: 1) СПБ-дегі сайлау туралы мақала (*«Речьтің»* және Водовозовтың,— егер ол туралы *«Речьтің»* жазғаны өтірік болмаса,— пасықтығына байланысты); 2) швед стачкасы туралы—қалай да қорытынды мақала басылсын; 3) испан оқыйғалары жөнінде де осылай; 4) жойымпаздарға қарсы (Georgien[286]) женевалықпен (ең пасық) айтыс жүргізген меньшевиктер туралы; 5) қосымшада дербес листок арқылы Максимов пен К° ның «Ашық хатына» жауап жазу керек[287]. Бұл оңбағандар өздерінің өтірігі арқылы жұртты шатастырмауы үшін оларға мықтап жауап беру керек.

Мен үш апта демалғаннан кейін қалпыма келе бастадым. Бәлкім, 4 және 5-номердегілерді,— тіпті 1-номердегіні де өз міндетіме алар едім, бірақ әлі-әзір уәде етуге қорқамын. Өз пікіріңізді және *мерзімдерін* (дәл көрсетіп) жазып жіберіңіз. «Пролетарий» үшін тағыда 3-шісі бар дейсіз бе?

2 және 3-номердегілерді «Vorwärts»* бойынша жазуға болады: егер жазуға кірісетін болсаңыз, оны Сізге жіберемін.

*«Правда»* жөнінде Сіз Троцкийдің Инокка жазған хатын оқыдыңыз ба? Егер оқыған болсаңыз, Троцкий Рязанов пен К° *типіндегі* нағыз сұмпайы мансапкор және

---

* — «Алға». *Ред.*

фракцияшыл ретінде мінез көрсеткенін көріп-білген боларсыз деп ойлаймын? Не редакцияда теңдік болуы, Орталық Комитетке *бағыну* және Парижге Троцкийден басқа ешкімді әкелмеу керек (оңбаған неме, *«Правданың» бүкіл* шүйіркелес компаниясын біздің есебімізге «орналастырмақшы»!) — не осы алаяқтан қол үзіп, оны Орталық Органда әшкерелеу керек. Партия туралы мылжыңдай отырып, басқа барлық фракцияшылдардан асқан сорақы мінез көрсетіп жүр.

Қолыңызды қысамын. *Н. Ленин*

Менің адресім: Mr. Wl. Oulianoff. (Chez madame Lecreux). *Bombon* (Seine-et-Marne).

P. S. Каменевке, сірә, қолды бір-ақ сілтейміз ғой? $1^1/_2$ ай (немесе жарты жыл) уәде етілген, «қоғамдық қозғалыс» туралы фельетон ше??...

*1909 ж. 24 августа жазылған Бонбоннан (Франция, Сена мен Марна департаменті) Парижге жіберілген*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 182

## А. И. ЛЮБИМОВҚА

Қымбатты Марк!

Әрине, менің хатымды Сіздің баяндамада түрліше пайдалануыңызға және басып шығаруыңызға мен толық көнемін[288]. Тек есіңізде болсын, мен *«Пролетарий»* үшін мақала жазып отырмын*, онда Максимов пен K° сволочьтардың осы бандасын тіке *нағыз сумдар* деп түйреймін де, олардың мектебін басқаша емес, нақ «Ерогин пәтері» деп атаймын[289]. Сонымен, *түсініспеушілік болмау үшін:* мен *өздерінің* қолдарын қойып, менің *өзіме* хат жолдаған *жұмысшылармен* ғана «сыпайы» сөйлесуге көнемін.

Ал Максимов пен K° — кейбір жұмысшыларды Ерогин пәтеріне алдап апарған авантюристердің шайкасы. Қайшылық тумауы үшін, менің хатымды жұртқа *таратпаңыз*, *тек қана* ұйымдарға *жіберіңіз*, оның бержағында былай деп *ескертіңіз* (бұл ескертуді де басып шығарған жақсы):

«Өзінің *«мектеп»* дейтін нәрсесін партиядан жасырып ұстаған, жәбірленген әдебиетшілердің, танылмаған философтардың және күлкі болған құдай жасампаздардың компаниясына тиісті жауап *«Пролетарийде»* берілмек. Ал мына хат Лениннің жеке өзіне хат жазған жұмысшыларға ғана оның берген жеке жауабы».

Богдановтың баяндамасына не *бәріңіз де* барманыздар — не килігу ниетінен біржолата мәселіні қайтарарлықтай етіп келістіре жауап беріңіздер деп кеңес берер

* егер бітіре алсам, ертең Сізге экспреспен жіберемін — мүмкін баяндамаға дейін жетіп үлгірер.

едім. Өзінің қуылып жіберілгеніне қарамастан, *өзгенің* фракциясына барып қыстырылу дегенің — сұмпайы қорқақтық. Қәзір күлтектеуден зиянды ешнәрсе жоқ. *Толық ажырасу* және *меньшевиктерге қарсы жүргізілген* соғыстан *гөрі күштірек* соғыс жүргізу керек. Бұл соғыс әлі күнге дейін «істің байыбына бармаған» ақымақтарды тез үйретіп шығарады.

Қолыңызды қысамын. *Н. Ленин*

P. S. Ал *Плехановтың «Дневнигі» ше!!! Күтіп отырғанымды ұмытпаңыз.*

*1909 ж. сентябрьдің басында жазылған*
*Бонбоннан (Франция, Сена мен Марна департаменті) Парижге жіберілген*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

183

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

16. XI. 09.

Қымбатты Алексей Максимович! Сіз бен Михаил жолдасты — жаңа фракцияның ең табанды фракцияшылдары, сондықтан менің олармен дос адамша сөйлесуге әрекеттенуім жөнсіз болар еді деп мен үнемі кәміл сенімде болған едім. Бүгін бірінші рет Михаил жолдасты көріп, онымен істер туралы да, Сіз туралы да сырласып әңгімелескенімде, қатты қателесіп жүргенімді білдім. Философ Гегельдің: өмір қайшылықтармен алға басады, ал өмірлік қайшылықтар адам ақылының алғашқы кезде аңдағанынан гөрі сан рет бай, әржақты, мазмұнды келеді дегені, құдай-ақы, рас. Мен мектепті *тек* жаңа фракцияның орталығы *ғана* деп қарадым. Бақсам, бұл дұрыс емес екен — мен мұны мектеп жаңа фракцияның орталығы болған емес деген мағнада айтып отырған жоқпын (мектеп осындай орталық болды, қазірде де солай болып отыр), мұның өзі толық емес, мұның өзі бүкіл шындық емес деген мағнада айтып отырмын. Субъективтік жағынан кейбір адамдар мектепті осындай орталыққа айналдырды, объективтік жағынан мектеп осындай орталық болды да, ал оның үстіне мектеп нағыз жұмысшы өмірінің ішінен нағыз озат жұмысшыларды іріктеп алды. Ақырында былай болып шықты: ескі фракция мен жаңа фракцияның арасындағы қайшылықпен қатар Каприде с.-д. интеллигенцияның бір бөлегі мен русак жұмысшылардың арасындағы қайшылық өршіді; бұл жұмысшылар *қалай болған күнде де,* қандай жағдай кездессе де, социал-демократияны дұрыс жолға алып шығады, шет елдегі барлық бақастықтар мен егестерге, «оқиғаларға», т. б. және т. с. қарамастан алып шығады. Михаил сияқты адамдар бұған кепіл. Ал оның үстіне мектепте Капридегі

с.-д. интеллигенция элементтерінің арасында да кайшылык өршіген болып шыкты.

Кымбатты А. М. Сіздің кәзір катты кынжылып жүргеніңізді Михаилдың сөздерінен байкап отырмын. Сізге жұмысшы козғалысы мен социал-демократияны бірден баска жағынан, өзгеше көріністерде, өзгеше формаларда көргеніңізге тура келді: бұлар Россия мен Батыс Европаның тарихында интеллигенттік күдікшілдерді жұмысшы козғалысы мен социал-демократиядан түңілушілікке әлденеше рет ұшыраткан болатын. Мұндай хал Сізде болмас деп сенемін және Михаилмен әңгімелескеннен кейін Сіздің колыңызды катты кыскым келеді. Өзіңіздің художниктік талантыңызбен Сіз Россияның — онда да жалғыз Россияның ғана емес — жұмысшы козғалысына сондай орасан зор пайда келтірдіңіз. Сіз әлі де соншалык пайда келтіресіз, сондыктан шет елдегі күрестің эпизодтарынан туған ауыр ойлардың өктемдігіне берілу Сіз үшін еш бір лайык емес. Жұмысшы козғалысының өмірі шет елде осындай күресті, үйірмелердің жіктелістерін де, егесін де, тартысын да сөзсіз туғызатын жағдайлар болады — оның себебі жұмысшы козғалысының ішкі жактан әлсіз немесе социал-демократияның ішкі жактан кате болғандығынан емес, оның себебі жұмысшы табының өз партиясын шыңдап шығаруына тура келетін элементтердің тым әртекті, әркелкі болғандығынан. Калай болғанда да шыңдап шығарады. Россияда тамаша революцияшыл социал-демократияны шыңдап шығарады, курып кеткір эмиграттык жағдай тұрғысынан карап кейде ойлайтыныңнан гөрі тезірек шыңдап шығарады, кейбір сырткы көріністер мен жеке эпизодтарға карап жорамалдағаныңнан гөрі дұрысырак шыңдап шығарады. Михаил сиякты адамдар бұған кепіл.

Сіздің колыңызды да, Мария Федоровнаның колын да катты кысамын, өйткені менде кәзір Сіз бен біз енді жау адамдар ретінде кездеспеспіз деген үміт бар.

Сіздің *Ленин*

Wl. Oulianoff.
4. Rue Marie Rose. 4.
Paris. XIV.

*Париждан Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Кол жазба бойынша басылып отыр*

184

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

Қымбатты А. М.! Сіздің кел деп шақыруыңыз — бекерақ. Ал, айтыңызшы, менің Максимовпен, Луначарскиймен және т. т. ұрсысуымның не қажеті бар? Өзара дүрдиісіп жүрсіңдер деп өзіңіз жазасыз да, тағы жұрт көзінше дүрдисуге шақырасыз. Үлгі емес. Жұмысшыларды кейін серпу жөнінде айтқаныңыз да бекер. Егер біздің шақыруымызды қабылдап, бізге соға кетсе,— біз олармен әңгімелесеміз, бір газеттің[291] көзқарастары үшін күресеміз; ал кейбір фракцияшылдар бұл газетті ең көңілсіз, шала сауатты, ешкімге керегі жоқ, пролетариат пен социализмге сенбейтін газет деп даттауда (мен мұны Лядовтан және басқалардан алдақашан естігенмін).

Жаңа жіктеліс жөнінде Сіздің айтқаныңыз үйлесімсіздеу. Бір жағынан, екеуі де — нигилистер (және «славян анархистері» — э, әкетайым, славян емес европалықтар да біздегідей заманда жүз есе артығырақ шайқасқан, ұрысқан, жіктеліскен!) — ал екінші жағынан жіктелістің тереңдігі большевиктер мен меньшевиктердікінен кем соқпайды. Егер әңгіме «дүрдараздардың» «нигилизмінде», өзінің жазғанына сенбейтін біреулердің шала сауаттылығында, т. с. болса,— онда, демек, жіктелістің терең болмағаны, тіпті жіктеліс болмағаны. Ал егер жіктеліс большевиктер мен меньшевиктерден терең болса,— демек, әңгіме нигилизмде емес, өздерінің жазғандарына өздері сенбейтін жазушыларда да емес. Құдай-ау, үйлесімсіздеу! Қазіргі жіктеліс жөнінде Сіз қателесіп отырсыз жә-

не: «адамдарды түсінсем де, олардың істерін түсінбеймін» деуіңіз орынды*.

Сіз бен Максимовка «Пролетарийдің» шыншыл емес, түкке тұрғысыз және басқа түрде болып көрінуі бүкіл қазіргі кезеңге (әрине, марксизмге де) мүлде басқаша көзбен қарағандықтан болып отыр. Біз міне екі жылдан бері бір орыннан тапжылмай отырмыз. Максимовқа әлі де «талас» мәселелер болып көрінетін, бірақ өмір жүзінде алдақашан шешілген мәселелерді ежіктеп түсіндірумен болып жүрміз. Ал егер бұлар туралы «таласуды» қоймаған болсақ, біз қазірде де босқа бөгеліп тұрған болар едік. Ал ажырасатын болсақ, біз жұмысшыларға екі жол бар екенін айқын, тура, анық көрсетіп береміз. Жұмысшы социал-демократтар өз таңдауын оп-оңай және тез жасайды, өйткені жаңа, басқаша жағдайға, басқаша тәсілдер мен басқаша ұйымдастыру формаларын керек ететін өзгерген заманға революциялық *методты* қолданудың орнына 05—06 жылдардағы революциялық *сөздерді* (сүрленген күйінде) сақтау тактикасы жансыз тактика болып шығады. Пролетариат революцияға беталып келеді және келіп жетеді де,— бірақ 1905 жылға дейінгіден *басқаша жолмен* келіп жетеді: осылай беталып келе жатқанына және келіп жететініне «сенетін», бірақ осы «басқаша жолмен» дегенді *түсінбейтін* адамдарға — ондайларға біздің позициямыз шыншыл емес, түкке тұрғысыз, көңілсіз, пролетариат пен социализмге сенбеушілікке негізделген, т. т. және т. с. позиция болып көрінуге *тиіс*. Осыдан туатын келіспеушіліктің жіктелісті — ең болмағанда, шет елдегі жіктелісті — сөзсіз етерліктей дәрежеде терең екендігінде күман жоқ. Бірақ партияның, социал-демократияның, марксистердің жіктелісінің тереңдігі туралы сөз қылатын болсақ, бұл жіктеліс большевиктер мен меньшевиктер жіктелісінің тереңдігіне тіпті одағайлап болса да жуымайды.

Сіз маған Михаилдың долылығын, тәртіпсіздігін (мұны сіздің айтпауыңыз, Михаилдың тыңдамауы керек-ақ еді) және басқа жаман жақтарын көрмейсіз деп таңданасыз.

---

* «Орынды» деген сөз жөнінде қосымша: ескерте кетейін. Істерін түсінбейінше, адамдардың өздерін де басқаша емес, тек... сырт жағынан ғана түсінуге болады. Яғни күреске қатысушы белгілібір адамның психологиясын түсінуге болады, бірақ күрестің *мағнасын*, оның партиялық және саяси *маңызын* түсінуге болмайды.

Ал мен оны кішкене істе сынап көрдім: Сізбен біздің әңгімеміз жараспас, сондықтан хат жазудың қажеті жоқ деп ойлаған едім мен. Михаилмен әңгімелесуімнің әсерімен бірден, қызу үстінде хат жаздым, жазған хатымды керек десе қайта оқып шықпадым, ертеңге қалдырмадым. Ертеңіне: Михаилға сеніп, әбестік істедім-ау деп ойладым. Ал іс жүзінде, Михаил қанша еліккенімен, оныкі *соншалық* дұрыс болып шықты, өйткені Сізбен біздің әңгімеміз *қалай дегенмен* жөнге келді,— әрине, өршеленушілік, «Пролетарийді» жерлеушілік болмай қалған жок, қайтерсің, істер амалың бар ма!

Қолыңызды қатты қысамын. *Н. Ленин*

*1909 ж. ноябрьде — декабрьде жазылған*
*Париждеп Капри аралына (Италия) жіберілген*
*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 185

## И. И. СКВОРЦОВ-СТЕПАНОВКА

Қымбатты дос! Сіздің 20. IX. 09 жазған хатыңызды алып, Сізден хабар келгеніне қатты қуандым. Бір өкініштісі, бұрын Сізден хат-хабар болмады — біз мұнда қазір мүлде қол үзіп қалдық, Сізбен және Вяч.—пен байланыс жасауға әрекеттенген едік, бірақ сәті түспеді. Шынында да сұрапыл қиын жылдар кез болды ғой, сондықтан ескі достармен қатынас жасау мүмкіндігі он есе бағалы. Сізге рет-ретімен жауап берейін. Сіздің көргеніңіз XII. 08 дейінгі газет. Одан бері талай уақыттар өтті.

Бізде «солшылдар» дейтіндермен толық жіктеліс болды, бұл жіктеліс 1909 жылғы көктемде баянды етілді. Егер Сіз менің философия жөніндегі кітапшамды (бұл кітапты мен Сізге шыға салысымен, яғни 1909 жылғы жазлын басында жібергенмін) және 1909 жылғы газетті көрер болсаңыз, онда Сіз бізді солшыл ақымақтарға кеңшіліктер жасап отыр екен дей алмассыз. Максимовпен және максимовшылдармен толық және формалдық жіктеліс болды. Шайқас барынша қызуда. Бәлкім, олар өз органын құрар,— бәлкім, құрмас та. Олар С.-Петербургте және Одессада ылаң салып жүр, бірақ күш боларлық шамасы жоқ: бұл,— менінше, «шақырымпаздық-ультиматизмнің» агониясы. Максимовпен және К° мен екі арадағы жіктеліс біздің бірталай күшіміз бен уақытымызды алды, бірақ менің ойымша, мұның болуы сөзсіз еді және сайып келгенде пайдалы болмақ. Сіздің көзқарастарыңызды білгендіктен, бұл жөнінде біз бір пікірде болармыз деп ойлаймын, тіпті сенемін де.

Ал енді «жалпыдемократиялық тегеуіріннің екінші қайтара келуіне сенушілікті жоятын» мезгіл жетті дегені-

нiз жөнiнде мен Сiзге мүлде қосылмаймын. Бұл арқылы Сiз тек шақырымпаздардың (олар осындай «максимализмге»: буржуазиялық революция артта қалды,— алда — «таза пролетарлық» революция тұр деуге өте бейiм-ақ) және әсiре оңшыл жойымпаз меньшевиктердiң сойылын соққан болар едiңiз. (Айтпақшы: Сiз мектердегi жiктелiс туралы бiлесiз бе? Плеханов «Голос Социал-Демократа» газетiнiң редакциясынан және олардың «XX ғасырдағы Россияның қоғамдық қозғалысы» деген коллективтiк еңбегiнiң редакциясынан шығып кеттi. 1909 жылғы августа сол № 9 «Дневник» шығарды, онда мектерге жойымпаздардың көмекшiлерi деген ат тағып, Потресов жөнiнде: ол ендi маған жолдас емес, Потресов революционер болудан қалды деген сияқты мiнездеме жазды. Бiз партияны нығайту мақсатымен плехановшыл меньшевиктермен жақындасуға беталып отырмыз.) Бiрақ, менiңше, ең бастысы сол, мұндай көзқарас теория жүзiнде дұрыс емес. «Немiс жолының» болуы *мүмкiн,*— онда сөз жоқ. Бiз мұны 1908 жылдың бас кезiнде-ақ тiке мойындағанбыз. Бiрақ бұл мүмкiндiк басқаша емес, тек бiрқатар «жалпыдемократиялық» тегеуiрiндер (немесе өрлеулер, немесе кризистер, т. с.) арқылы ғана шындыққа айналады, өйткенi дәл сол сияқты, Франция «жалпыдемократиялық» тегеуiрiндердiң ақырына 1789—1793 жылдардан кейiн емес, 1871 жылдан кейiн (яғни 1830, 1848 және 1871 жылдардан кейiн),— Германия 1849—1850 жылдарда емес, нақ сол 1871 жылдан кейiн, яғни 60-шы жылдардағы Verfassungsstreit-тен* кейiн жеткен болатын. Струве, Гучков және Столыпин «шағылысып», бисмарктық Россияны табу үшiн жанын салып тырбануда,— бiрақ түк шығар емес. Шықпайды да. Дәрменсiз. Бар сыңайына қарағанда, түк шықпайтынын өздерi де мойындап отыр. Столыпиннiң аграрлық саясаты бисмаркшылдық тұрғысынан ғана дұрыс. Бiрақ Столыпиннiң өзi бұл саясатты бiрдеңе «шығарлықтай» дәрежеге жеткiзу үшiн 20 жыл «сұрайды». Ал жыйырма жыл, тiптi одан қысқа мерзiм де Россияда 30—48—71 жылдарды (егер французша алсақ) және 63—65 жылдарды (егер немiсше алсақ) өтпейiнше мүмкiн емес. Тiптi мүмкiн емес. Ал барлық осы кезеңдер

* — конституциялық жанжалдан. *Ред.*

(30—48—71 жылдар да, 63—65 жылдар да) дәл сол «жалпыдемократиялық тегеуірін» болып табылады.

*Жоқ*, біз «жалпыдемократиялық тегеуірін» дегенге «жоқ» алмаймыз: бұл түбірлі қате болар еді. Біз «*бейбіт жолының*» мүмкін екендігін мойындауға тиіспіз, бірақ бұл жолдың *әзірше жоқ* екенін де ұмытпауымыз керек. Бұл жоқ, жоқ. Біз пролетарлық партияның тағдырын буржуазиялық революцияның сәтті немесе сәтсіз болуымен *байланыстыруға* тиісті емеспіз,— бұл даусыз. Біз жұмысты жолға қойғанда оқиғалардың барысы қандай болғанда да ол жұмыс берік, мызғымас табыс боларлықтай етіп жолға қоюға тиіспіз.— бұл рас. Бірақ біз демократиялық, «*жалпыдемократиялық*», қозғалыстың басшылары ретіндегі өз борышымызды ақырына дейін, француздың 1871-ші *жылына* дейін, шаруалар Ordnungspartei* жағына толық *бет бұрғанға* дейін орындап шығуға міндеттіміз. Ал Россияда осы *бетбұрыс* болғанға дейін, ой-ой, әлі де көп *бар ғой*! «*Жалпыдемократиялық*» мәселелердің «немісше», яғни «шірік» жолмен шешілуі мүмкін екенін біз *бекер* дей алмаймыз, бірақ біз бұл шешімнің «шірік», немісше шешім болмай, французша шешім *болуын*, яғни 63—65 *жылдар* (тек қана «конституциялық» кризис) типіндегі шешім болмай, 30—48—71 жылдар типіндегі шешім болуын көздеп *бәрін де* істеуге міндеттіміз, ұзақ уақыт, қажырлы жұмыс істеуге міндеттіміз. Біздің 63—65 *жылдарымыз* «шірік» болып шыға ма немесе табысты бола ма, ол жөнінде кепілдік айту мүмкін емес, бірақ біздің міндетіміз, жұмысшы партиясының міндеті — «*шірік*» нәрседен *табысты* нәрсенің өсіп шығуы үшін, немістің Verfassungsstreit-інен — француздың тәптәуір *қиқылжыны* өсіп шығуы үшін бәрін де істеу. Ал тарихта шірік кризис тәп-тәуір қыйқылжынға айналмайды деген заңдар жоқ. Ондай заңдар жоқ. Бәрі де жағдайларға, шаруалардың қайыршы бұқарасына (бұларды Столыпин жаныштап тастады, бірақ қанағаттандырған жоқ), жұмысшы партиясының күшіне, Гучков пен «сфералардың» арасындағы шарттарға, егестер мен жанжалдарға, т. т. және т. с. байланысты. Біз өзіміздің күштірек болуымызды (біз өзіміздің 63—65 жылдар тұсында ол кездегі немістерден күштірек боламыз да), сонда шаруа-

---

* — тәртіп партиясы. *Ред.*

лардың либералдарға емес, бізге құлақ асуын көздеуге тиіспіз. Мұның қаншалық сәті түсетінін тек күрес қана шешеді. «Жалпыдемократиялық тегеуірін» мағнасында бәрін де талап етеміз: ісіміз табысты болса, *бәрін де* аламыз, табыссыз болса — бір бөлегін ғана аламыз; бірақ, ұрысқа бара жатып, бір бөлегін талап етумен ғана тынуға болмайды. Жаңаша сап құру керек, жаңаша ұйымдасу керек, кризиске жаңаша беталу керек — кезеңнің *мәні* осындай, бірақ *барлық* ескі ұрандарды, *«бәрін»* талап етушілікті қолдап, дамытып, күшейту керек. Қолыңызды қатты-қатты қысамын және аман-сау болуыңызға тілектеспін.

Бүтіндей Сіздің *Старик*

*1909 ж. 2 декабрьде Парижде жазылған*

*Бірінші рет 1922 ж. басылған*

*Машинкаға басылған көшірме бойынша басылып отыр*

## *1910 ж.*

### 186

# «САҚТАУШЫЛАРҒА» ЖАЗЫЛАТЫН ХАТТЫҢ НҰСҚАСЫ[291]

Үш неміске хат

Біз бен Орталық Комитет Сіздерге жолдап отырған ғажап (ә дегенде ғажап) ұсыныс пен өтінішті түсіндіру үшін партиямыздың жағдайын түсіндіру керек.

Осы жағдайды анықтап білу үшін: 1-шіден, контрреволюцияның асқынып кеткендігін және с.-д. ұйым мен с.-д. жұмыстың орасан кері кеткендігін; 2-шіден, партиямыздағы негізгі идеялық-саяси ағымдарды ұғып алуың керек.

1-ші мәселе жөнінде ұйымдардың барлық жерлерде орасан құлдырап кеткендігін, көп жерлерде мүлдем дерлік тоқтап қалғандығын атап көрсетудің өзі-ақ жеткілікті. Интеллигенцияның жаппай қашуы. Жұмысшылардың үйірмелері мен жеке-дара адамдар ғана қалды. Жас, тәжрибесіз жұмысшы өзіне әрең жол салып келеді.

2-ші мәселе жөнінде. Революция кезінде с.-д. да *екі* ағым (және екі фракция, tatsächlich Spaltung*) болды: большевиктер және меньшевиктер. Stockholm 1906 және London 1907[292]. Оппортунистік қанат пен революцияшыл қанат.

1907—8 жылдардағы бүліншілік (*α*) мектерде *жойымпаздықты* (анықтамасы), (*β*) бектерде *шақырымпаздықты* (және ультиматизмді) туғызды. Анықтамасы.

(*α*) 1908 жылғы марттан бастап меньшевиктер партияның орталық жұмысына *мүлде* қатысқан жоқ, тіпті бұл жұмысты бүлдіруге әрекеттенді (VIII. 08). Шет елде оларда үстемдік (студенттердің, дүмбілез буржуазиялық интеллигенцияның etc. үстемдігі) орнап отыр. Шет елде

* — факт жүзінде жіктеліс. *Ред.*

(меньшевиктердің саптарынан) толық жіктеліс туды және олар партиялық жұмысқа *мүлде* қатыспай отыр, оның үстіне партиямен күресіп отыр.

1908 ж. декабрьде болған конференция мұны айыпты жазғырды[293].

($\beta$) 1908—9 жылдарда большевиктерде пайда болған шақырымпаздық-ультиматизм. Большевиктердің оған қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуі және шақырымпаздарды-ультиматистерді Kaltstellung*. Тайдыру.

Россияда бүліншілік өсуде.

Плехановтың 1909 ж. августағы аттанысы ((«Не бұйырасыз»[294], «Голостың» жойымпаздығы; жойымпаздықты ұсақбуржуазиялық оппортунизм деп жариялау; партияның кризисін мойындау (ауру қорқынышты); bürgerlich-liberalen Verlag-ты** панадаған *«Қоғамдық қозғалыс»* редакциясынан шығу)).

Плеханов аттанысының маңызы = большевиктердің барлық айыптауларын сол *большевиктердің фракциялық жауы арқылы* қуаттайтын ескі жаңғырық.

*Россиядағы* меньшевиктердің (әсіресе жұмысшылардың: Петербург, Москва) партияға тартуы.

Осы негізде, 2 майданда бірдей: жойымпаздық пен шақырымпаздық-ультиматизмге қарсы күрес жүргізуді мойындау негізінде *партиялық* бірігудің тәжірибесі.

Біздің тарапымыздан ұсынылатын бірігу шарттары: жойымпаздыққа қарсы күресті сөзсіз мойындау (Орталық Комитеттің жартылай шарасы: жеке көпшілік); фракциялық күресті (= әсіресе шетелдегі жіктелісті) тоқтату және партияны 1907—9 жылдардағы кризистен алып шығып, оны 2 майданда бірдей үзілді-кесілді күрес жүргізу жолына салған партия *көпшілігіне* (большевиктер + жеке алғанда поляктар) *лояльды түрде бағыну*.

Меньшевиктердің шарттары: жойымпаздықтың айқын анықтамасын бүркеу *(бірдауысты* қарардағы жартылай шара) және Орталық Орган редакциясындағы *теңдік* ((факт жүзінде, Россиядағы Орталық Комитет-

* — тайдыру. *Ред.*

** — буржуазиялық-либералдық баспаны. *Ред.*

тің өте осал және тұрлаусыз болуымен қатар, билеп-төстеуші жалпыпартиялық мекеме)).

Орталық Комитетте *өте тұрлаусыз компромисс* жасалады 1) жойымпаздық деген атты *өшіріп тастай отырып* қабылданған бірдауысты қарар[295]; 2) «механикалық қысым», «қысылшаң жағдай» etc. туралы мектер мәлімдеме жасаған кезде Орталық Органдағы 3 пен 2; 3) меньшевиктердің фракциялық газет пен фракциялық ұйымнан үзілді-кесілді, анық және біржолата бастартуға, көпшілікке *лояльды түрде* бағынуға көнбеуі.

Біздің қауіптенетініміз осыдан. Большевиктердің фракциясын таратқаннан кейін, Орталық Комитеттің ақшасын беріп қойғаннан кейін (шақырымпаздық-ультиматизм бүлдірген көпшіліктің кездейсоқ және бұлталақ болуымен қатар факт жүзінде 5 держава), біз меньшевиктердің шетелдегі жіктелісінен және олардың жойымпаздықты (редакциядағы теңдік түрінде) әкеліп қыстыруынан қорқамыз (қорқарлық барлық дәлелдеріміз бар).

Шетелде меньшевиктер жасайтын жіктеліс әрекеттері болған күнде Орталық Комитеттің (яғни большевиктердің + националдардың) жойымпаздықпен күресуге дәрменсіз болып қалатындығын біз кәміл білеміз, сондықтан фракциялық күресті *жаңғыртуға*, жіктеліске жіктеліспен жауап беруге тура келеді.

«Уақытша бітімнің» тәжрибесі: бектер қарусызданды. «Партиялық өмір кейпінің» тәжрибесі.

Меньшевиктерге қойылатын шарттар: ($\alpha$) толық қарусыздану — шетелдегі фракциялық газетті, фракциялық кассаны, фракциялық жіктелісті тоқтату; ($\beta$) жойымпаздыққа қарсы күрес туралы қарарды *лояльды түрде* іске асыру; ($\gamma$) Орталық Органдағы көпшілікке *лояльды түрде* бағыну; ($\delta$) Россиядағы Орталық Комитетке *лояльды түрде* көмектесу.

Si non — non*.

Меньшевиктердің шақырымпаздыққа-ультиматизмге назданууы. Троцкийдің дәрменсіздігі және жойымпаздарға көмектесуі.

*1910 ж. февральда — мартта Парижде жазылған*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

* — Егер жоқ болса — жоқ. *Ред.*

## 187

## Н. Е. ВИЛОНОВ[illegible]

27. III. 10.

Қымбатты Михаил жолдас! Денсаулығыңыз қалай? Айығып келесіз бе? Осы туралы хат жазыңыз, салмағыңыз артты ма, әлі қанша артты, осыны анық хабарлаңыз.

Біздегі ымырашылдық-бірігушілік тұман сейіле бастады. Сізге «Социал-Демократтың» 12-номерінен оттиск жіберіп отырмын[illegible]. Голосшылдармен арадағы шайқасты барынша қыздырғанымызды Сіз осыдан көресіз. Енді мәселе жарық түнде плехановшылдар бар ма, жарық дүниеде плехановшыл жұмысшылар бар ма, әлде барлық жұмысшылар голосшылдар ма, ал Плеханов тек жалғыз біреу ме дегенге келіп тіреліп отыр.

Плехановшылдардың голосшылдық топтардан шығуы, Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросындағы голосшылдың орнына плехановшылды қоюды, т. т. жақтап күресі [illegible] — міне партиялық бірігуден түк болмаса біздің плехановшылдармен бірігуіміз шыға ма, әлде шықпай ма, міне осыны сондай үгіт арқылы [illegible] керек.

Большевиктердің осындағы тобы сондай үгітке кірісе бастап отыр, — көрісер кезде, Сіз хабар аласыз.

Осында «впередшылдардың» съезд сияқты бірдеңесі бар көрінеді. Богданов пен Станислав келіпті [illegible]. Олардың не істеп жүргені белгісіз. Өздерін [illegible] ұстауда, сірә, олар баспасөзде алғаш бой көрсеткеннен кейін-ақ Орталық Органның олармен де сөйлесуінің түрі келер дейді. Россиядан хат келді, онда Алексинскийдің москвалық впередшылдарға 50 адамдық [illegible] мектебін ұйымдастыру жоспары туралы хат жазғаны айтылған (өздері ақша тапқан ба, қалай?), ал Москвадағы вперед-

шылдар жалпы, партиялық мектепке бой ұрып отыр деседі.

Горькиймен хат алыспаймын. Ол Богдановтан түңіліпті, оның іс-әрекетінің жалғандығын түсініпті деп естіттік. Ал Сіздің Каприден хабарыңыз бар ма?

Россияда күш аз. Әттең, не керек, осы арадан Орталық Комитетке немесе конференция шақыру үшін бір жақсы қызметкерді жіберер ме еді! Бірақ мұндағылардың бәрі «бұрынғы адамдар».

Сау болыңыз және хат жазып тұрыңыз.

Қолыңызды қысамын. Сіздің *Ленин*

*Париждең Давосқа (Швейцария) жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

188

## Г. В. ПЛЕХАНОВҚА

29. III. 10.

Қымбатты және аса қадірлі жолдас! Жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күресте барлық нағыз социал-демократиялық элементтердің тығыз және шын ниетпен жақындасуының қажеттігі туралы «Дневниктің» 11-номерінде де айтылған Сіздің пікіріңізге толық қосыла отырып, мен партия ішіндегі істердің қазіргі келелі жайы туралы Сізбен ауыз-екі әңгімелесуге өте құштар болып отырмын. Егер Сіз де мұны пайдалы деп табатын болсаңыз және егер Сіздің ден саулығыңыз көтеретін болса, Сан-Ремода менімен қашан кездесе алатыныңыз жөнінде маған бір-екі сөз жазып жібергейсіз (немесе телеграмма бергейсіз). Мен осы мақсатпен баруға әзірмін.

Жолдастық сәлеммен *Н. Ленин*

Vl. Oulianoff. 4. Rue Marie Rose. Paris. XIV.

*Париждан Сан-Ремоға (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

189

## Н. Е. ВИЛОНОВКА

7. IV. 10.

Қымбатты жолдас М.! Сізге осындағы плехановшылдардың, яғни, дұрысырақ айтқанда, партияшыл меньшевиктердің қарарын жіберіп отырмын[297]. Егер сіздің Давоста меньшевиктер арасында партияшылдар басым деген сөз рас болса, онда олар дереу үн қатып, белгілібір ретпен топтасып, ашық бой көрсетсе, аса жақсы болар еді. Әлбетте, *большевиктер* мұндай кеңестерді меньшевиктерге өте абайлап айтуға тиіс, өйткені тіпті плехановшылдар арасында да «большевиктерге көмектесті» немесе «большевиктерге» жұмыс істеді деген сияқты айыптаудан гөрі қорқынышты, сұмдық, төзімсіз айыптау жоқ.

Қазіргі кездегі шым-шытырық жағдайда, менінше, тек екі жол бар: не өзіміздің, большевиктік, фракцияға қарай қайтуымыз керек, не плехановшылдармен бірге партия үшін голосшылдарға қарсы *үзілді-кесілді ұрыс* жүргізуіміз керек. Екінші жол қолайлырақ, бірақ бізге байланысты емес. Мүмкіндік бар кезінде, екінші жол үшін қолдан келгеннің бәрін істейміз. Екінші жол үшін *барлық* мүмкіндіктерді, барлық амалдарды қарастырып көргеннен кейін ғана бірінші жолға қайта оралamыз.—

— Прагматизммен танысуыңыздың нәтижесінде Сіздің махизмнен жеріп бастағаныңызға өте қуаныштымын. Қазір Россияда сол «ең жаңа» философиялық сволочьтардың бәрін: Петцольдт пен К° ны, прагматистерді және т. т. қызу аударып жатыр. Мұнысы жақсы да: орыс жұртшылығы, әсіресе орыс жұмысшылары біздің Богданов пен К° ұстаздарының *шын сыйпатын* көрген кезде,— олар

ұстаздардан да, шәкірттерден де тез сырт айналып кететін болады.

Ақиқатты таным құралы деп санау шындығында агностицизмнің жағына өткендік болады, әрі материализмнен безгендік болады. Бұл жағынан, жалпы барлық негізгі мәселелер жағынан алғанда, прагматистер, махистер, эмпириомонистер — біртектес.

Қолыңызды қатты қысамын және тезірек әбден айығуыңызға тілектеспін.

*Сіздің Н. Ленин*

*Парижден Давосқа (Шацальпқа) жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 190

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

*Ал. Макс — чке*

11. IV. 10.

Қымбатты А. М.! Сіздің М. Ф. екеуіңіздің М. С. Боткина арқылы жіберген хатыңызды тек бүгін ғана алдым. Ұмытпай тұрғанда айтайын: маған деген хатты менің өз адресіме де (Oulianoff. 4. Rue Marie Rose. 4. Paris. XIV), партияның адресіне де жазуға болады — онда 2 конвертке салып, ішкісіне: Лениннің өзіне деп жазу керек (110. Avenue d'Orléans. Mr. Kotliarenko. Paris. XIV).

Сіз сұраған шығармаларды Сізге күні ертең жіберуге тырысамын.

Менің Сізге ұрысқан жерім бар ма, қайда? Бәлкім, «Дискуссионный Листоктың» (Орталық Орган жанында шығады) 1-номерінде болар [298]. Оны жіберіп отырмын. Егер Сізге хабарлағандардың айтқаны бұл емес болса, онда басқасы кәзір менің есімде жоқ. Мен бұл уақыттың ішінде басқа ешнәрсе жазған емеспін.

Енді бірігу жөнінде. Факт па әлде анекдот па? — деп сұрайсыз Сіз. Бұл туралы алыстан қозғап айтуға тура келеді, өйткені бұл фактыда, менің білуімше, бірер «анекдоттық» (көбінесе ұсақ-түйек) нәрсе де, елеулі нәрсе де бар.

Партияның бірігуіне себеп болып келген және себеп болып отырған елеулі, терең факторлар бар: идеялық салада социал-демократияны жойымпаздық пен шақырымпаздықтан тазарту қажеттігі; практикалық салада партия жағдайы мен бүкіл с.-д. жұмыстың сұмдық қиындығы және жаңа типтегі с.-д. жұмысшының өсіп жетілуі.

Орталық Комитеттің пленумында («ұзақ пленумында».— үш апта әуре-сарсаң болдық, барлық нервілеріміз қажып бітті, жүз мың шайтан басқыр!) жұрттың бәрі

бірдей ұғына коймаған осы елеулі және терең факторлар-ға ұсақ, майда-шүйда нәрселер келіп қосылды, «жалпы ымырашылдық» көңіл күйі келіп қосылды (кіммен, неге, қалай екені жөнінде айқын пікір болмады), рақымсыз идеялық соғыс жүргізгені үшін Большевиктік Орталыққа деген өшпенділік келіп қосылды, меньшевиктердің бақастығы және жанжалдасуды тілейтіндігі келіп қосылды — сөйтіп жаралы бала пайда болды.

Міне енді әуре-сарсаңға түсіп отырмыз. Не — ақыры қайырлы болғанда — жараның аузын ашамыз, ірінін сығып тастаймыз, баланы сауықтырып, өсіріп шығарамыз. Не — ақыры насырға шапқанда — бала өледі. Онда біраз уақыт баласыз тұрамыз (яғни: большевиктік фракцияны тағыда қалпына келтіреміз), ал онан соң неғұрлым сау бала табамыз.

Меньшевиктерде мықтап бірігуге қарай плехановшылдар беталып келеді (онша саналы түрде болмаса да, баяулап, тәлтіректеп болса да, әйтеуір беталып келеді, ең бастысы, беталмайынша лажы жоқ), *партияшылдар* беталып келеді, жұмысшылар беталып келеді. Ал голосшылдар бұлталақтап, шатастырып, ылаңдауда. Россияда олардың күшті, жария, оппортунистік орталығы құрылып жатыр (әдебиетте Потресов пен К⁰: «Наша Заряның» 2-номерін қараңыз — сол Потресовтың өзі неткен жауыз десеңізші! — және практикалық, ұйымдастыру жұмысында Михаил, Роман, Юрий + «Голостың» 19/20-номеріндегі «Ашық хаттың» 16 авторы).

Орталық Комитеттің пленумы *бәрін де біріктіруді* тілеген еді. Енді голосшылдар *бөлініп* қалды. Бұл жараны сылып тастау *керек*. Бақастықсыз, жанжалсыз, әуре-сарсаңсыз, лассыз және «жын-көбіксіз» мұны істей алмайсың.

Біз қазір осы бақастықтың нағыз қалың ортасында отырмыз. Не орыстың Орталық Комитеті голосшылдарды маңызды мекемелерден (Орталық Орган сияқтылардан) аластап, қуып тастайды, — не фракцияны қалпына келтіруге тура келеді.

«Дневниктің» 11-номерінде Плехановтың пленумға берген бағасы сондай, мұнда ол оңға қарай оппортунизмге қарсы күресуді [illegible] алда және бұрынғы тілек большевиктерге қарсы голосшыл оппортунистерді шайқалуды көздейтін ұсақ-түйек тілектен бөлек екендігін айқын

көрсетіп берді. Бұл арада да шым-шытырық сергелдең кез болып отыр, бірақ меньшевиктердің Россияда қалыптасқан жарияшылдық, жойымпаздық орталығы өздерінен байсалды социал-демократтарды *сөзсіз* жерітетін болады.

Енді «впередшылдар» жайында. Бір кездері мен бұл топтың ішінде де екі ағым бар: партияға, марксизмге, махизм мен шақырымпаздықтан бастартуға бой ұрған ағым және кері ағым бар деп ойлаған едім. Бірінші ағым үшін партияның бірігуі шақырымпаздықтың көрнеу сорақылықтарын, т. с. түзетуге бастайтын, жайсыз тимейтін, қолайлы, партиялық бағытқа жол ашқан болар еді. Бірақ екінші ағым оларда үстем бола бастаған тәрізді. Алексинский (саясат жағынан мүлде нәресте, бірақ өршеленген және ақымақтық үстіне ақымақтық істеп отырған нәресте) «Дискуссионный Листоктың» редакциясынан да, партиялық мектеп комиссиясынан да жанжалмен шығып кетіпті. Бәлкім, олар қалайда *өз* мектебін, тағыда фракцияшылдық жолмен, тағыда оқшау ұйымдастыратын болар. Егер осылай болатын болса,— қайтадан соғыс жүргіземіз, олардағы жұмысшыларды өзімізге қаратып аламыз.

Міне шынында да бірігу ісіндегі «анекдоттық» нәрселер кәзір басым болып отыр, алдыңғы қатарға шығып отыр, мысқылға, кекесінге және басқаларға сылтау болып отыр. С.-р. Чернов социал-демократтардың бірігуі жөнінде «бір стакан судағы дауыл» деген атпен тіпті водевиль жазыпты деседі, бұл водевиль жақында осындағы эмиграниттық колония топтарының (сенсацияға жаны құмар топтардың) бірінде қойылатын көрінеді.

Осы «анекдоттық» нәрселердің, осы бақастық пен жанжалдың, әуре-сарсаң мен «жын-көбіктің» қалың ортасында отыру ұнамсыз-ақ; осының бәрін көріп отыру да ұнамсыз. Бірақ өзіңді өзің көңіл күйінің жетегіне беру лайықсыз. Кәзір эмигрантшылық революциядан бұрынғыдан 100 есе ауыр. Эмигрантшылық пен бақастық айырғысыз нәрселер.

Бірақ бақастық былай қалады; бақастықтың $^{9}/_{10}$ бөлегі шет елде қалады; бақастық дегеніміз — аксессуар. Ал партияның дамуы, с.-д. қозғалыстың дамуы кәзіргі кездегі жағдайдың барлық сұрапыл қиындықтарына қарамастан бірден бірге ілгерілеуде. С.-д. партияны *оның*

қауіпті «ауыткуларынан», жойымпаздық пен шақырымпаздықтан тазарту ісі үздіксіз *ілгері басуда:* бұл іс бірігу шеңберінде бұрынғыдан гөрі *едәуір ілгері жылжыды.* Біз шақырымпаздықты идеялық жағынан, асылында, пленумға дейін-ақ құртып болдық. Жойымпаздықты ол кезде құртып бітірген жоқпыз, меньшевиктер *жыланды* уақытша *жасырып* қалды, ал енді оны жарық дүниеге алып шықтық, енді оны жұрттың бәрі көріп отыр, енді оны жоюға кірісеміз, жоямыз да!

Ал осы тазарту ісі — меньшевиктердің пленумда «впередшылдарға» ара түскені сияқты махистерге *ара түсіп отырған* кеще (немесе бұзақы) Потресовтың ойлағанындай әсте бір ғана «идеялық» міндет емес, әсте бір ғана «әдебиетшілдік» емес. Жоқ, бұл тазарту қазіргі қиын уақытта с.-д. жұмысты жолға қоюды үйреніп отырған, атап айтқанда теріске шығару арқылы үйреніп отырған, жойымпаздық пен шақырымпаздықты теріске шығару арқылы жолға шығып отырған жұмысшы қозғалысының нағыз қалың ортасымен тығыз байланысты. Тек сылдыр сөзді Троцкий ғана осылай теріске шығарудан аттап өтуге болады деп ойлайды, мұның өзі орынсыз, мұның жұмысшыларға қатысы жоқ, жойымпаздық пен шақырымпаздықтың мәселелерін өмірдің өзі *емес, қайта* қаскүнем айтысшылдардың баспасөзі көтеріп отыр деп ойлайды.

80-ші жылдардың аяғындағы, 90-шы жылдардың бас кезіндегі ауыр өсуді көрмеген және бастан кешірмеген адамдарға жаңа с.-д. қозғалыстың осы ауыр өсуін көру қаншалық қатты бататынын көз алдыма елестете аламын. Ол кезде мұндай с.-д. бірен-саран демесек те, ондап қана табылушы еді. Қазір — жүздеп, мыңдап кездеседі. Осыдан — кризис пен кризистер туып отыр. Ал социал-демократия *түгел алғанда* бұл кризистерді ашық арылтып келеді, бұларды адал арылтып шығады да.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

*Париждеи Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 191

## Н. А. СЕМАШКОҒА

4. X. 10.

Қымбатты Н. А.! Большевиктердің (антивпередшылдардың) жыйналысын *жедел* шақыру туралы сөйлесіп алу үшін біздің тезірек көрісуіміз керек. Кеше Марк + + Лозовский + Лева фракциялық газетке қарсы наразылық білдіріп кетіп қалды[259]. Қызық адамдар! Шатастырушылардың тайқып шыққанына қуанамын, бірақ басқалардың көзқарасын *тезірек* анықтау керек. Егер мүмкін болса, тезірек келіңіз және жыйналысты тездетуге шаралар қолданыңыз.

Сіздің *Ленин*

*Париждеи Шатильонға (Франция) жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

192

## Ю. Ю. МАРХЛЕВСКИЙГЕ

7. X. 10.

Қымбатты жолдас! Сіз бен Вурмның хатын және Сіздің мақалаңызды кеше кеш батқанда алдым. Сіздің және Каутскийдің өтініші бойынша lasse ich es bei Ihrem Artikel bewenden*.

Мен Мартов пен Троцкий екеуіне қарсы үлкен мақаланың жартысына жуығын жазып қойдым[300]. Қалдыруға тура келеді. Троцкийге қарсы мақаламен айналысамын. Сіз Каутскийді көріп тұрады екенсіз, оған былай дегейсіз: ол дегенмен Троцкийге жауап беру міндетін менің *мойнымда* деп есептесін. Егер немістер айтыстан сондай қорқатын болса, онда жауап бір апта ерте немесе бір апта кеш барса да, оның онша келер-кетері жоқ шығар деймін?

Мартов пен Троцкийдің мақалалары сияқты мақалалардың пасықтығы мен сұмпайылығын тіпті Kautsky und Wurm**-ның да көрмеуі өте өкінішті. Істің жайын анықтау үшін Каутскийге тым болмаса жеке хат жазып көремін. Мартов пен Троцкийдің «ғылыми» мақалалар жазғансып өтірікті судай сіміріп, жала жабуы тіпті масқара ғой!!

Айтпақшы, менің практикалық екі мәселені анықтап алуыма Сіз көмектеспес пе екенсіз. 1-ші: Берлинде орысшадан немісшеге аударатын («Neue Zeit»***-ке арналған мақалалар үшін) аудармашы табуға бола ма? Әлде бұл үміттенуге болмайтын, қымбат тұратын іс пе, онда осы

---

* — мен Сіздің мақалаңызбен ғана тынуға ризамын. *Ред.*

** — Каутский мен Вурм. *Ред.*

*** — «Жаңа Заман». *Ред.*

арадан іздестірген жақсы шығар? Қалай болғанда да мен осы жерден табуға тырысамын, бірақ Сіздің пікіріңізді білгім келген еді, өйткені Сіздің бұл жағынан көп тәжрибеңіз бар ғой.

2-ші: орыс революциясы, оның сабақтары, тап күресі, т. т. туралы тақырыпқа бір кітапша жазсам қалай болар еді (көлемі á la Череванин: Das Proletariat in der russischen Revolution*). Немістің партиялық бастырушысы табыла ма, жоқ па? Немістер мұндай нәрселер үшін ақы төлей ме, әлде ақыны тек орыстардан ғана күтіп, немістерді nebenbei** қамту керек пе?

Мартовқа жауап жазуыма байланысты мен 1905—8 жылдардағы стачкалардың аса қызғылықты статистикасына тағыда «тап болдым», енді осыны өңдеуге өте құштар болып отырмын. Тақырыптың өзі сондай, мақаладан гөрі кітапқа немесе кітапшаға көбірек қолайлы келеді[301]. Ал немістер орыс революциясына баға беру мәселелеріне келгенде масқара «санасыз»!

Мартовқа қарсы қосымша айтуға керек деген нәрселердің қысқаша тізбесін тіркеп отырмын. Егер Сіз өз мақалаңызға тым болмаса бір бөлегін кіргізсеңіз, өте жақсы болады[302].

Beste Grüsse***.

Қолыңызды қысамын. Сіздің *Ленин*

Қалай ойлайсыз, Магдебургтегі жаппай стачка туралы мәселенің қорытындысы (Розаның қарарын қабылдау және оның 2-ші бөлімді қайтып алуы) оны Каутскиймен *бітімге* келтірмес пе екен? ал Vorstand-пен**** ше? Әлде тез бола коймай ма?[303] ((Мен Роза Люксембургке бұдан 2 аптадай бұрын Стокгольмнен хат жазып жібергенмін.))

Менің адресім: Vl. Oulianoff. 4. Rue Marie Rose. 4. Paris. XIV.

Меніңше, Мартовтың өтірігі мен жалғандығының ең басты пункттері (әсте бәрі емес) мыналар, бұларды (толық болмаса да, там-тұмдап) көрсетіп өту керек-ақ:

* — Орыс революциясындағы пролетариат. *Ред.*
** — былайша. *Ред.*
*** — Барынша тілектеспін. *Ред.*
**** — Баскармамен. *Ред.*

Ж. Радек цитатаны теріс келтіріп отыр деп келіп, Ю. Мартов күдік айтады, бірақ мұнысын дәлелдемейді. Ал бізде Мартовтың цитатаны жалған келтіріп отырғанын көрсететін *анық* дәлел бар. «Біз осы күнге дейін французша сөйлеп келдік» («Neue Zeit» 1910) — деп Мартов Лениннен цитата келтіреді. *Цитата бұрмаланған.* Лениннің айтқаны мынау: «біз революция кезінде «французша» сөйлеуді *үйрендік*» («Пролетарий» № 46)[294].

Мартов цитатаны бұрмалап, нақ өзінің (барлық оппортунистер сияқты) жұмысшыларды революциялық күрестің тәсілдерін *ұмытуға* шақыратынын көрсетіп отыр.

«Французша сөйлеу» — «richtiger gesagt: blanquistisch»*, деп түзетеді Мартов. Ашып айтқаны үшін алғыс айтамыз. Француз пролетариатының Франция революцияларына қатысқандығын «бланкизм» деп атау — Мартов пен Квессель[295] көзқарастарының «мәні» нақ осы.

«In ganz Westeuropa — деп жазады Мартов — betrachtet man die Bauernmassen in dem Masse für bündnisfähig, als sie die schweren Folgen der kapitalistischen Umwälzung der Landwirtschaft zu spüren bekommen...; für Russland malte man sich ein Bild aus, wie mit dem Proletariat sich die 100 Millionen Bauern vereinigen... die noch nicht von der kapitalistischen Bourgeoisie in die Schule genommen worden sind» («Neue Zeit», Seite 909). Das ist eben russisches Quesseltum!**

Орыс социал-демократтарының *аграрлық бағдарламасында* (1906 жылы, меньшевиктер көпшілік болған кезде, Стокгольмде қабылданған!!) «шаруалардың революциялық әрекеттерін помещиктік жерлерді *конфискациялауға* дейін қолдау» талабы бар екенін айтуды орыс Квесселі *ұмытқан*. «Европада» осындай бірдеңе бар ма, о, орыс Квесселі? Жоқ, өйткені Европада буржуазиялық революция мәселелерін *революциялық* жолмен қоюшылық қазірде жоқ. «Капиталистік буржуазияның мектебі»

* — «дұрысырақ айтқанда: бланкистше». *Ред.*

** — «Бүкіл Батыс Европада жұрт шаруалар бұқарасын өздері ауыл шаруашылығындағы капиталистік төңкерістің ауыр зардаптарымен танысқан күнде ғана оны одаққа жарамды деп есептейді...; Россияда жұрт өз қиялында пролетариатты 100 миллион шаруамен... капиталистік буржуазияның мектебінде әлі де болып көрмеген шаруалармен біріктірмек болды» («Neue Zeit», 909 бет). Орыс квессельшілдігі деген міне осы! *Ред.*

орыс шаруалары үшін либералдық буржуазияның опасыздығы мен сатқындығының мектебі болып табылады (бұл буржуазия шаруаларды помещиктер мен абсолютизмге *сатып кетіп отырды)*, сондықтан мұндай *мектепті* тек әсіре оппортунистер ғана қорғай алады.

«Пролетариатты 100 миллион шаруамен біріктіруді» мазақтағанда, Мартов көтеріліс майданында да (X, XI—XII. 1905), алғашқы *екі* Думаның майданында да (1906 және 1907) осылай біріктіруді *іс жүзінде* көрсеткен бүкіл революцияны мазақтап отыр.

Мартов либералдардың (олар «жерлерді конфискациялауға» *қарсы*, «шаруалардың революциялық аттаныстарына» *қарсы)* және шаруа *к ө т е р і л і с і н* қолдаудан, бұл туралы өз *п р о г р а м м а с ы н д а мәлімдеуден* осы күнге дейін ешбір бастартпаған социал-демократтардың аралығында дәрменсіз күйде ауытқып отыр.

Мартовтың ойынша, революция жылдарында (S. 1905 — 7) күн тәртібінде республика туралы мәселе *емес, қайта* «die Frage der *Unabhängigkeit* der Volksvertretung» (S. 918)* болыпты-мыс. Тәуелсіздік *к і м н е н? Staatsstreiche** жасаған* монархиядан ба? Орыс оппортунистері аграрлық революция мен саяси революцияның байланысын да ұмытып кетіп отыр (республика үшін күреспейінше жерлерді конфискациялау үшін күресуге бола ма?), der Staatsstreiche, der Aufstände, der Niederwerfungsstreiks*** заманы біздің қалауымыз бойынша емес, өзінің *о б ъ е к т и в т і к* жағдайлары бойынша күн тәртібіне республика туралы мәселені *қоятындығын* ұмытып кетіп отыр. 1905 ж. күн тәртібіндегі ұран ретіндегі «республика» = «романтизм»; «тәуелсіздік» (Staatsstreiche жасайтын және den Bürgerkrieg**** жүргізетін монархиядан тәуелсіздік) = Realpolitik*****,— солай емес пе, о, орыс Квесселі?

A propos******. Rosa Luxemburg Германия үшін Niederwerfungsstrategie******* кезені *туды* ма деген мәселе

---

* — «халық өкілдігінің тәуелсіздігі туралы мәселе» (918-бет). *Ред.*

** — мемлекеттік төнкерістер. *Ред.*

*** — мемлекеттік төнкерістердің, көтерілістердің, жаппай саяси ереуілдердің. *Ред.*

**** — азамат соғысын. *Ред.*

***** — нақтылы саясат. *Ред.*

****** — айтпақшы. *Ред.*

******* — құлату стратегиясының. *Ред.*

туралы Kautsky-мен таласты, оның бержағында Kautsky бұл кезеңді сөзсіз туатын және жақын тұрған, бірақ әлі туа коймаған кезең деп есептейтінін *анық және тура* айтты. Ал Мартов Каутскийді «тереңдете отырып» (verballhornend), der Niederwerfungsstrategie-ні Россиядағы 1905-ші жылға қолдануға болатындығын мойындамайды!! Мартов 1905 ж. декабрьдегі көтеріліс *«künstlich»** тұғызылған еді деп біледі («Neue Zeit», S. 913). Die Leute, welche so glauben, können nur *künstlich* zur Sozialdemokratie gerechnet werden. *Natürlich* sind sie Nationalliberale**.

Мартов пролетариат революциядағы «die ausschlaggebende Macht» (S. 909)*** деген пікірді мазактап күледі. Орыс пролетариатының 1905 жылы «der ausschlaggebende Macht» ролін *іс жүзінде* атқарғандығын көрсететін даусыз тарихи фактыны осы күнге дейін тек либералдар ғана мойындамай келді (онда да әрдайым емес). Ал «орыс революциясындағы пролетариат гегемониясын» мойындамайтын теория бес томды «Қоғамдық Қозғалыста» (Мартов пен Потресовтың редакциясымен шығады) үстем болған кезде, Плеханов бұл редакциядан *шықты* да, «Қоғамдық Қозғалысты» жойымпаздардың еңбегі деп жариялады. Кәзір Мартов бүкіл меньшевизмнің өкілі емес, меньшевик болып қалған Плеханов безген және оппортунизм деп жариялаған меньшевизмнің ғана өкілі.

Мартов 1906 жылғы орыс бойкотын анархистердің «in ganz Westeuropa»**** бойкотты («саяси тартынуды») қорғауына карсы қояды. 1906 жылғы бойкот туралы біз ерекше сөз қылғанбыз (Сізде де айтылған). Бірақ Мартов жалпы бойкот туралы айта келіп, орыс революциясында бойкоттың негізгі қолданылуын, булыгиндік Думаға (1905 ж. 6 августағы заң) жасалған бойкотты неге ұмытты?? Бұл бойкотка барлық либералдар, тіпті *солшылдар да* («Освобождение одағы») карсы болды, бұл бойкотты большевик социал-демократтар жактады. Бұл туралы Мартовтың үндемей отырған себебі — *осы* бойкоттың жеңгендігінен емес пе? *Осы* бойкоттың *жеңімпаз*

---

* — «жасанды түрде». *Ред.*

** — Осылай ойлайтын адамдарды тек *жасанды түрде* ғана социал-демократияға жаткызуға болады. *Асылында* олар националлибералдар. *Ред.*

*** — «жетекші, басшы күш» (гегемон), 909-бет. *Ред.*

**** — «бүкіл Батыс Европада». *Ред.*

Niederverfungsstrategie-нің ұраны болғандығынан емес пе?

Барлық меньшевиктер (әсіресе «Наша Заря», «Возрождение» және «Живое Дело») Каутскийді «меньшевик» деп жариялау үшін Роза Люксембургтің Каутскиймен араларындағы таласын іліп әкетті. Ал Мартов Роза Люксембург пен К. Каутскийдің арасындағы түсінбеушілікті *тереңдету* үшін kleinliche und miserable Diplomatie* қолданып, жанталасып отыр. Бұл elende** тәсілдер іске аспақшы емес. Революцияшыл социал-демократтар *1905 жылғы* Россиядағы Niederverfungsstrategie-нің *орындылығы* туралы емес, Германиядағы Niederverfungsstrategie-нің тұатын *мезгілі* туралы таласуына болатын еді; 1905 ж. Россия үшін *оның* орындылығын мойындамау Каутскийдің ойына да кіріп шыққан емес. Мұны тек либералдардың ғана және неміс, орыс Квессельдерінің ғана мойындамауы мүмкін!

*[illegible]*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

198

## Г. ШКЛОВСКИЙГЕ

Қымбатты жолдас! Хат жазып, Плехановтың сөзі туралы хабар бергеніңіз үшін үлкен рахмет. Шетелдегі социал-демократтардың көңіл күйі туралы дәл пікір құрастыруға мүмкіндік беретін осындай хабарлардың бәрі кәзір бізге өте, өте бағалы. Мен де Швейцарияға (Женева, Лозанна, Берн, Цюрих) рефератпен барып қайтсам деп жүрмін. Сапарымның ақысы өтеле ме, жоқ па, білмеймін.

Плехановпен блок жасасу жөнінде, меніңше, біз блокты жақтауға тиіспіз деген Сіздің пікіріңіз әбден дұрыс. Мен 1909 жылдан бастап *бүтіндей* плехановшылдармен *жақындасу* жағындамын. Ал кәзір бұрынғыдан да қатты жақтаймын. Тек плехановшылдармен ғана біз партияны құра аламыз, құруға тиіспіз де — «вперёдшылдар» мен «голосшылдарға» қолды бір-ақ сілтейтін уақыт әлдеқашан жеткен. Плехановшылдар әлсіз, «нөлдер» (кейде жұрт осылай деседі), т. с. деп ойлау қате. Бұл — шеттегілердің пікірі. Россияда *ж ұ м ы с ш ы* меньшевиктердің $^{9}/_{10}$ бөлегі плехановшылдар екеніне менің сенімім кәміл. Плехановшылдық меньшевиктердің пролетарлық арнасы ішіндегі ең тәуір (сондықтан да өмір сүруге әсе қабілетті) күш екендігіне меньшевизмнің революция кезіндегі бүкіл тарихы кепіл бола алады.

Копенгагенде біз Плеханов екеуміз кең таралатын газет шығару туралы сөйлестік. Мұндай газет қажет-ақ. (Троцкий жойымпаздар жағымен, голосшылдарды қолдау жағына, большевиктер мен плехановшылдардың партиялық одағын *іске асырмау* жағына қарай бет бұрып кетті.) Троцкиймен істес болудың қажеті жоқ деген пікірге

Niederwerfungsstrategie-нің ұраны болғандығынан емес пе?

Барлық меньшевиктер (әсіресе «Наша Заряда», «Возрождениеде» және «Жизньде») Каутскийді «меньшевик» деп жарыялау үшін Роза Люксембургтің Каутскиймен арадағы таласын іліп әкетті. Ал Мартов Роза Люксембург пен К. Каутскийдің арасындағы тұңғыйықты *тереңдету* үшін kleinliche und miserable Diplomatie* қолданып, жанталасып отыр. Бұл elende** тәсілдер іске аспақшы емес. Революцияшыл социал-демократтар *1905 жылғы* Россиядағы Niederwerfungsstrategie-нің *орындылығы* туралы емес, Германияда Niederwerfungsstrategie-нің туатын *мезгілі* туралы таласуына болатын еді. 1905 ж. Россия үшін *оның* орындылығын мойындамау Каутскийдің ойына да кіріп шыққан емес. Мұны тек либералдардың ғана және неміс, орыс Квессельдерінің ғана мойындамауы мүмкін!

*Парижде жазылған*

*Бірінші рет 1925 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — ұсақ және болымсыз дипломатияны. *Ред.*

** — сұмпайы. *Ред.*

## 193

## Г. ШКЛОВСКИЙГЕ

Қымбатты жолдас! Хат жазып, Плехановтың үгіті туралы хабар бергеніңіз үшін үлкен рахмет. Шетелдегі социал-демократтардың көңіл күйі туралы дәл пікір қорытуға мүмкіндік беретін осындай хабарлардың бәрі кәзір бізге өте, өте бағалы. Мен де Швейцарияға (Женева, Лозанна, Берн, Цюрих) рефератпен барып қайтсам деп жүрмін. Сапарымның ақысы өтеле ме, жоқ па, білмеймін.

Плехановпен блок жасасу жөнінде, менінше, біз блокты жақтауға тиіспіз деген Сіздің пікіріңіз әбден дұрыс. Мен 1909 жылдан бастап *бүтіндей* плехановшылдармен *жақындасу* жағындамын. Ал кәзір бұрынғыдан да қатты жақтаймын. Тек плехановшылдармен ғана біз партияны құра аламыз, құруға тиіспіз де — «впередшылдар» мен «голосшылдарға» қолды бір-ақ сілтейтін уақыт алдақашан жеткен. Плехановшылдар әлсіз, «нульдер» (кейде жұрт осылай деседі), т. с. деп ойлау қате. Бұл — шетелдегілердің пікірі. Россияда *жұмысшы* меньшевиктердің $^{9}/_{10}$ бөлегі плехановшылдар екеніне менің сенімім кәміл. Плехановшылдық меньшевиктердің пролетарлық арнасы ішіндегі ең тәуір (сондықтан да өмір сүруге аса қабілетті) күш екендігіне меньшевизмнің революция кезіндегі бүкіл тарихы кепіл бола алады.

Копенгагенде біз Плеханов екеуіміз көп таралатын газет шығару туралы сөйлестік. Мұндай газет қажет-ақ. (Троцкий жойымпаздар жағына, голосшылдарды қолдау жағына, большевиктер мен плехановшылдардың партиялық одағын *іске асырмау* жағына көрнеу бет бұрып кетті.) Троцкиймен істес болудың қажеті жоқ деген пікірге

Плеханов екеуміз де толық қосыламыз. Көп таралатын газетті де Орталық Орган жанынан ұйымдастырамыз, не большевиктер тобынан *бөлек* ұйымдастырамыз. Плеханов қолғабыс тигізуге уәде етті. Ақша керек болады — қолымызда бары тіпті шамалы. Сіздің тарапыңыздан барынша жәрдем көрсетілер деп сенемін. Россияда журнал ұйымдастыруға (à la *«Возрождение»* және *«Жизнь»*) талпынып жүрміз. Тірек жоқ, секретарь жоқ, істі жолға қоярлық ешкім жоқ — біздің адамдарымыз ылғый сәтсіздікке ұшырауда. Сұмдық! Ал журнал қажет-ақ![96]

Қолыңызды қысамын. Сіздің *Ленин*

*1910 ж. 14 октябрьде жазылған*
*[illegible] жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 194

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

14. XI. 10.

Қымбатты А. М.! Көптен бері Сіз бен М. Ф.-дан ешқандай хат-хабар жоқ. Каприден хат-хабар алмай жабығып жүрмін. Бұл қалай? Кейбір адамдар визитті есептеп отырады деп жұрт айтқандай, Сіздің хатты есептеп отыруыңыз мүмкін емес қой.

Біздің бұл жерде бәрі де бұрынғы қалпында. Ұсақ-түйек істер және партия ішіндегі түрлі «уклондардың» күресіне байланысты әралуан ұнамсыз нәрселер толып жатыр. Бррр!.. Ал Каприде, сірә, жақсы болар-ау...

Бақастықтан тыныңу үшін біз *«Рабочая Газетаны»* шығару жөнінде көптен бергі жоспармен айналысып отырмыз. Әрең дегенде 400 frs* жинадық. Кеше ақырында 1-номері шықты. Оны листокпен және қол қойылған хатпен[307] қоса Сізге жіберіп отырмын. Капри-Неаполь колониясының осындай іске (және большевиктердің Плехановпен «жақындасуына») тілектес мүшелері *«Рабочая Газетаға»* көмек көрсетуге шақырылып отыр. *«Рабочая Газета»* керек-ақ, ал жойымпаздар мен шақырымпаз-отзовистердің пайдасына интрига жасап жүрген Троцкиймен ынтымаққа келу мүмкін емес. Біз Плехановпен бірге Копенгагеннің өзінде-ақ Троцкийдің «Vorwärts»** газетінде шыққан барып тұрған пасықтық мақаласына үзілді-кесілді қарсылық білдірдік. Ал ол орыс социал-демократиясының арасындағы күрестің тарихи мағынасы жайында «*Neue Zeit*»-те*** тағы да қандай оңбаған нәрсе басып...

* — francs — франк. *Ред.*

** — «Алға». *Ред.*

*** — «Жаңа Заман». *Ред.*

десеңізші[308]! Ал бельгияның «Le Peuple»* газетіндегі Луначарскийдің мақаласы қандай — көрмедіңіз бе? «*Наша Зарямен*» және «*Жизньмен*» күресу үшін кішігірім жария журнал ұйымдастырмақшымыз, бұған да Плеханов қатысады. 1-номерін кешікпей шығарармыз деген үміттеміз.

Біздің істеріміз осындай. Аз-аздап, бірте-бірте, әреңдеп болса да, әйтеуір бақастықтан құтылып жолға шығып келеміз.

Сізде не жаңалық бар? Строевке хат жаздыңыз ба және қандай жауап алдыңыз? «Байланыс үшін» біз оған бірінші хат жазғанбыз, ол хатты алыпты, бірақ кімнің жазғанын түсінбедім деп жауап қайырыпты. Тағыда хат жаздық. Үндемей жатыр. Алам тапшылығы деген сұмдық, ал карттар бытырап кетті.

Питерде думалық фракциямен бірге әрапталық газетті жолға қоюға тіпті жақын-ақ едік (ондағы меньшевиктер, бақытымызға қарай, жойымпаздарға емес, Плехановқа ауып отыр), бірақ неге екенін кім білсін, іс тағыда бөгеліп қалды[309].

Хал-жайыңыз қалай, хат жазыңыз. Жұмысыңыз жақсы ма? Жазда әңгіме болған журналдан бірдеңе шығатын ба? «Знаниенің»[310] жайы қандай?

Мен М. Ф.-ға ашулануға праволымын. Хат жазамын деп уәде етіп еді. Түк жоқ. Орыс революциясының тарихы жөніндегі Париж кітапханасының жайын сұрастырып білемін деп уәде етіп еді. Түк жоқ. Жақсы емес.

Қолыңызды қысамын. Сіздің *Ленин*

Ал Трианың баяндамасы *қайткенмен де*, сірә, басылатын болар. Орталық Орган редакциясы осылай қаулы етті. Түу, сол редакциядағы бақастықты-ай, не істерсің...

*Париждeн Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1930 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — «Халық». *Ред.*

195

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

22. XI. 10.

Қымбатты А. М.! Бұдан бірнеше күн бұрын, *«Рабочая Газетаны»* жіберерде, Сізге хат жазып, жазда біз әңгіме еткен және Сіз хат арқылы хабарлауға маған уәде еткен журналдан не шықты деп сұрағанмын.

Бүгін *«Речьтен» «Современник»* туралы құлақтандыру оқыдым, онда журналдың «Амфитеатровтың қолма-қол және *ерекше* (нақ осылай басылған! сауатсыз жазылғанына қарамай, күпінушілігі мен мардамсуы өте күшті) қатысуымен» және Сіздің үнемі қолғабыс тигізуіңізбен шығатындығы айтылған.

Бұл не? Бұл қалай? «Саясат, ғылым, тарих, қоғамдық тұрмыс» бөлімдері бар «әрайлық үлкен» журнал деген — көркем әдебиеттің таңдаулы күштерін топтастыруға ұмтылатын жыйнақтарға мүлде, мүлде жанаспайды ғой. Мұндай журналдың не әбден анық, орнықты, ұстамды *бағыты* болуға тиіс, не ол өзін де, өзіне қатысушы адамдарды да сөзсіз масқаралайтын болады. *«Вестник Европының»* өз бағыты бар — нашар, құнарсыз, дарынсыз бағыт болса да, белгілібір элементке, буржуазияның белгілі топтарына қызмет ететін, «жөні түзу» (дұрысырақ айтқанда, жөні түзу болып көрінгісі келетін) либералдардың ішіндегі профессорлық, чиновниктік интеллигентсымақтардың белгілібір топтарын да біріктіретін бағыт. *«Русская Мысльдың»* да өз бағыты бар — онбаған бағыт болса да, контрреволюцияшыл либералдық буржуазияға өте жақсы қызмет істеп отыратын бағыт. *«Русское Богатствоның»* да өз бағыты бар — халықшылдық, халықшылдық-кадеттік бағыт болса да, ондаған жылдар бойы өз жолын ұстап келе жатқан, халықтың белгілі топтарын қамтып отыратын бағыт. *«Современный Мирдың»* да өз бағыты бар — көбінесе меньшевиктік-кадеттік бағыт (кәзір партияшыл меньшевизмнің жағына ауытқулы) болса да, әйтеуір бағыт. Бағыты жоқ журнал — сорақы, қолапайсыз, масқара және зыянды нәрсе. Ал Амфитеат-

ровтың «ерекше қатысуымен» қандай бағыт бола қоймақшы? бағыт бере алатын Г. Лопатин емес қой, ал егер Качоровскийдің қатысатындығы жайындағы сөздер рас болса (бұл сөздер газеттерге де ілігіпті деседі), онда бұл — «бағыт», бірақ бағыт болғанда топастардың бағыты, эсерлік бағыт.

Жазда Сізбен біз әңгімелескенімізде және мен Сізге *«Тауба»* туралы күйінішті хатты мүлде жазып та қойып едім, бірақ сол кезде махистермен екі арада басталған жіктелістің салдарынан жібермедім дегенімде, Сіз тұрып: *«бекер* жібермегенсіз» — деп жауап қайтарған едіңіз. Одан соң Сіз мені Капри мектебіне бармағаным үшін кіналап: істің беталысы басқаша болған күнде, махистердің-шақырымпаздардың бөлініп шығуы нервіме кемірек тиетін еді, күшім де көп сарып болмайтын еді дегенсіз. Осы әңгімелерді есте сақтай отырып, мен енді кейінге қалдырмастан және ешқандай тексеруді күтпестен, жаңалықтың қызу әсерімен Сізге хат жазуға бел байладым.

Менің ойымша, Амфитеатровтың ерекше қатысуымен шығатын саяси және экономикалық қалың журнал — махистердің-шақырымпаздардың айрықша фракциясынан әлденеше есе соракы нәрсе. Бұл фракцияның жаман жағы болған және болып та отырған нәрсе — *идеялық* ағым марксизмнен, социал-демократиядан ауа жайылды, ауа жайылып та отыр, алайда марксизмнен мүлде қол үзуге дейін бармай, тек істі шатастырып жүр.

Амфитеатровтың журналы (оның «Красное Знамясының» дер кезінде өлгені жақсы-ақ болды!) — саяси көрініс, саяси орын, ал саясат үшін жалпылама «солшылдықтың» аздық қылатынын, 1905-ші жылдан кейін марксизм мен социал-демократия жөніндегі көзқарастарды анықтап алмайынша саясат туралы шындап сөз қылуға болмайтынын, мұның мүмкін еместігін, мағнасыздығын ұғынушылық оның өзінде тіпті де жоқ.

Нашар болып шығып отыр. Менің көңілім жабыңқы.

Сіздің *Ленин*

М. Ф — наға salut et fraternité!*

*Париждеи Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

* — туысқандық сәлем! *Ред.*

196

## Н. Г. ПОЛЕТАЕВКЕ

Сіздің екі хатыңызды алып, оларға қатты таңдандым. Былайша қарағанда, істің мәнісін бізге түсінікті және анық етіп жазудан оңай нәрсе бар ма? Осы күнге дейін істің байыбына жете алмай отырмыз. Тым болмаса аптасына бір рет байыптап, анықтап, туралап хат жазып отыратын адамды табу қиын емес.

Жойымпаздарды жойымпаздықтан бөлмек болған Сіздің әрекетіңіз мейлінше жөнсіз. Біз бұлайша бөлектеуді ешқашанда мақұлдаған емеспіз. Тек софистер ғана осылай етеді. Софистерге нанбауыңызды және бұлайша бөлектемеуіңізді қатты өтініп сұраймыз. Басқа не нәрсе жөнінде болса да ымыраға келуге болады, бірақ жойымпаздармен ымыраға келу мүмкін емес, сондықтан егер істі бүлдіргіңіз келмесе, оларға жол бермеңіз.

Осындағы бір бастырушыдан әрең дегенде тағыда мың сом алдық. Сізге ертең жібереміз. Егер осы бастырушы сұрақтар беріп, кеңестер айтып, шарттар ұсынып, т. б. реттермен Сізге тағыда килігетін болса,—оған мүлде жауап қайырмаңыз, немесе біздің бір жолы айтқан кеңесіміз бойынша жауап беріңіз.

Журнал жөнінде ешкімнен ешнәрсе алған жоқпыз.

Сонымен, үлкен өтінішімізді тағыда қайталап айтамыз: Сізге керекті нәрсені біз таптық. Сіз де бізге жамандық істемеңіз, жойымпаздарға жол бермеңіз (жойымпаздарсыз жойымпаздық болмайды және болуы мүмкін де емес. Ал жойымпаздардың жойымпаздықтан айырмашылығы бар дегенге иландырып, Сізді қатты ажуалаған кім еді?), онан соң бізге апта сайын байыпты, айқын, тура, толық

түрде хат жазылып тұруын қамтамасыз етіңіз. Шынында бұл өтініштің екеуі де ауыр емес, зср да емес; мұнсыз біздің лажымыз жоқ.

Сіздің...

*1910 ж 7 декабрьде жазылған*
*Парижден Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған*

*Машинкаға басылған көшірме бойынша басылып отыр*

## *1911 ж.*

### 197

### А. М. ГОРЬКИЙГЕ

3. I. 11.

Қымбатты А. М.! Сіздің хатыңызға көптен бері-ақ жауап қайырмақшы болып жүрген едім, бірақ мұндағы бақастықтың (100 000 шайтан бассын оны!) шиеленісуі* қолымды тигізбеді.

Ал әңгімелесу керек-ақ.

Ең алдымен, ұмытпай тұрғанда айтайын: Триа Жорданиямен және Рамишвилимен бірге қамауға алынған. Мұны рас деседі. Аяулы оңды жігіт. Революционер.

«Современник» жөнінде. Бүгін «Речьтен» 1-ші кітапшаның мазмұнын оқып, кейіген үстіне кеюдемін. Водовозов Муромцев туралы... Колосов Михайловский туралы, Лопатин «Біздік еместер» және т. т. Бұған қалай кейімессің? Ал Сіз: «реализм, демократия, белсенділік» дегендерді айтып, бейне тағыда ашындыра түскендейсіз.

Сіздің ойыңызша, бұлар — жақсы сөздер ме? *Жаман* сөздер, біздегі кадеттер мен эсерлерден бастап осындағы Бриандға немесе Мильеранға дейін, Англиядағы Ллойд Джорджға дейін, т. т. дейін дүниедегі барлық буржуазиялық жылпостар пайдаланып жүрген сөздер. Сөйтіп бұлар жаман, көпірме сөздер, ал мазмұны жағынан эсерлік-кадеттік сөздер. Жақсы емес.

Толстой жөнінде екіжүзділер мен сұрқиялар оны әулие етпек болады деген Сіздің пікіріңізге толық қосыламын. Толстой жөніндегі өтірік пен малайлыққа Плеханов та өршеленіп кетіпті, бұл арада екеуміз бір жерден шығып отырмыз. Бұл үшін ол «Наша Заряға» Орталық Ор-

* Сұмпайы Троцкий голосшылар мен впередшылдарды бізге қарсы біріктіріп жүр. Соғыс!

ровтың «ерекше қатысуымен» қандай бағыт бола қоймақшы? бағыт бере алатын Г. Лопатин емес қой, ал егер Качоровскийдің қатысатындығы жайындағы сөздер рас болса (бұл сөздер газеттерге де ілігіпті деседі), онда бұл — «бағыт», бірақ бағыт болғанда топастардың бағыты, эсерлік бағыт.

Жазда Сізбен біз әңгімелескенімізде және мен Сізге *«Тауба»* туралы күйінішті хатты мүлде жазып та қойып едім, бірақ сол кезде махистермен екі арада басталған жіктелістің салдарынан жібермедім дегенімде, Сіз тұрып: *«бекер* жібермегенсіз» — деп жауап қайтарған едіңіз. Одан соң Сіз мені Капри мектебіне бармағаным үшін кіналап: істің беталысы басқаша болған күнде, махистердің-шақырымпаздардың бөлініп шығуы нервіме кемірек тиетін еді, күшім де көп сарып болмайтын еді дегенсіз. Осы әңгімелерді есте сақтай отырып, мен енді кейінге қалдырмастан және ешқандай тексеруді күтпестен, жаңалықтың қызу әсерімен Сізге хат жазуға бел байладым.

Менің ойымша, Амфитеатровтың ерекше қатысуымен шығатын саяси және экономикалық қалың журнал — махистердің-шақырымпаздардың айрықша фракциясынан әлденеше есе сорақы нәрсе. Бұл фракцияның жаман жағы болған және болып та отырған нәрсе — *идеялық* ағым марксизмнен, социал-демократиядан ауа жайылды, ауа жайылып та отыр, алайда марксизмнен мүлде қол үзуге дейін бармай, тек істі шатастырып жүр.

Амфитеатровтың журналы (оның «Красное Знамясының» дер кезінде өлгені жақсы-ақ болды!) — саяси көрініс, саяси орын, ал саясат үшін жалпылама «солшылдықтың» аздық қылатынын, 1905-ші жылдан кейін марксизм мен социал-демократия жөніндегі көзқарастарды анықтап алмайынша саясат туралы шындап сөз қылуға болмайтынын, мұның мүмкін еместігін, мағнасыздығын ұғынушылық оның өзінде тіпті де жоқ.

Нашар болып шығып отыр. Менің көңілім жабыңқы.

Сіздің *Ленин*

М. Ф — нағa salut et fraternité!*

*Париждең Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

* — туысқандық сәлем! *Ред.*

## 196

## Н. Г. ПОЛЕТАЕВКЕ

Сіздің екі хатыңызды алып, оларға қатты таңдандым. Былайша қарағанда, істің мәнісін бізге түсінікті және анық етіп жазудан оңай нәрсе бар ма? Осы күнге дейін істің байыбына жете алмай отырмыз. Тым болмаса аптасына бір рет байыптап, анықтап, туралап хат жазып отыратын адамды табу қыйын емес.

Жойымпаздарды жойымпаздықтан бөлмек болған Сіздің әрекетіңіз мейлінше жөнсіз. Біз бұлайша бөлектеуді ешқашанда мақұлдаған емеспіз. Тек софистер ғана осылай етеді. Софистерге нанбауыңызды және бұлайша бөлектемеуіңізді қатты өтініп сұраймыз. Басқа не нәрсе жөнінде болса да ымыраға келуге болады, бірақ жойымпаздармен ымыраға келу мүмкін емес, сондықтан егер істі бүлдіргіңіз келмесе, оларға жол бермеңіз.

Осындағы бір бастырушыдан әрең дегенде тағыда мың сом алдық, Сізге ертең жібереміз. Егер осы бастырушы сұрақтар беріп, кеңестер айтып, шарттар ұсынып, т. б. реттермен Сізге тағыда килігетін болса,— оған мүлде жауап қайырмаңыз, немесе біздің бір жолы айтқан кеңесіміз бойынша жауап беріңіз.

Журнал жөнінде ешкімнен ешнәрсе алған жоқпыз.

Сонымен, үлкен өтінішімізді тағыда қайталап айтамыз: Сізге керекті нәрсені біз таптық. Сіз де бізге жамандық істемеңіз, жойымпаздарға жол бермеңіз (жойымпаздарсыз жойымпаздық болмайды және болуы мүмкін де емес. Ал жойымпаздардың жойымпаздықтан айырмашылығы бар дегенге иландырып, Сізді қатты ажуалаған кім өзі?), онан соң бізге апта сайын байыпты, айқын, тура, толық

түрде хат жазылып тұруын қамтамасыз етіңіз. Шынында бұл өтініштің екеуі де ауыр емес, зор да емес; мұнсыз біздің лажымыз жоқ.

Сіздің...

*1910 ж. 7 декабрьде жазылған*
*Париждeн Петербургке жіберілген*

*Бірінші рет 1933 ж. басылған*

*Машинкаға басылған көшірме бойынша басылып отыр*

## *1911 ж.*

### 197

### А. М. ГОРЬКИЙГЕ

3. I. 11.

Қымбатты А. М.! Сіздің хатыңызға көптен бері-ақ жауап қайырмақшы болып жүрген едім, бірақ мұндағы бақастықтың (100 000 шайтан бассын оны!) шиеленісуі* қолымды тигізбеді.

Ал әңгімелесу керек-ақ.

Ең алдымен, ұмытпай тұрғанда айтайын: Триа Жорданиямен және Рамишвилимен бірге қамауға алынған. Мұны рас деседі. Аяулы онды жігіт. Революционер.

«Современник» жөнінде. Бүгін «Речьтен» 1-ші кітапшаның мазмұнын оқып, кейіген үстіне кейідім. [illegible] Муромцев туралы... Колосов Михайловский туралы. Лопатин «Біздік еместер» және т. т. Бұған қалай кейімессің! Ал Сіз «фатализм, демократия, белсенділік» дегендерді айтып, бейне тағыда ашындыра түсесіз.

Сіздің ойыңызша, *бұлар — жақсы сөздер ме? [illegible]* [illegible]

[illegible]

---

* [illegible]

ганда (келесі номері), мен «Мысльда»[311] (бүгін мұның 1-номерін алдық. Құттықтаңыз — Москвадағы *біздің*, марксистік журнал. Бүгін біз сондай қуанышқа бөлендік) үрсып отырмыз. «Звезданың» 1-номерінде (С.-Петербургте 16. XII де шыққан) Плехановтың тағы бір жақсы фельетоны бар, бұған *оңбаған* ескерту беріліпті, бұл үшін біз *редакцияны* сөктік. Сірә, әлгі жарымес Иорданский Бончпен бірге қиыстырса керек! Бірақ «Толстой туралы ертегіге және оның дініне» қарсы «Современникке» күресу қайда? Күресетіндер — Водовозов пен Лопатин болмақ па? Қалжың ғой оныңыз.

Студенттерді сабай бастағандығы, меніңше, жұбанарлық нәрсе, ал Толстойдың «енжарлығын» да, анархизмін де, халықшылдығын да, дінін де кешіруге болмайды.

Социал-демократияның халықаралық саясатындағы донкихотизм жөнінде Сіздің айтқаныңыз менің білуімше дұрыс емес. Колониялық саясат прогрестік саясат, бұл саясат капитализмді өрбітеді, сондықтан «оны обырлығы мен қаталдығы жағынан әшкерелеу» түкке тұрмайды, өйткені «мұндай қасиеттері болмаса» капитал «қолсыз қалғанмен бірдей деп жалпы бәрі қақсап келе жатқандар ревизионистер емес пе.

Егер социал-демократтар жұмысшыларға: құтылу жолы капитализмнің дамуы арқылы емес, капитализмнің дамуынан тысқары бір жерде болуы мүмкін деген болса, онда мұнысы донкихотизм және бос қиял болар еді. Бірақ біз бұлай деп отырған жоқпыз. Біз былай дейміз: капитал сіздерді жалмауда, перстерді жалмауда, сіздер оны құлатпайынша, ол жұрттың бәрін де жалмап жұта береді. Бұл рас. Және біз капитализмнің өсуінен басқа соның өзін жеңудің кепілдігі жоқ деп сөз қосуды ұмытпаймыз.

Трестерге тыйым салу, саудаға шек қою. т. с. бірде-бір реакциялық *шараны* марксистер қорғамайды. Бірақ *әркімдікі өзіне:* Хомяковтар мен К° Персия арқылы темір жолдарын сала берсін, Ляховтарды[312] жібере берсін, ал марксистердің ісі — жұмысшылардың алдында *әшкерелеу*. Жалмайды да, жұтады, қылқындырады да, тұншықтырады, қарсыласыңдар деу.

Пролетариатты ұйымдастыру *арқылы*, пролетарлық күрес бостандығын қорғау *арқылы* колониялық саясат

пен халықаралық тонаушылыққа *қапсылық жасап* ка- питализмнің [illegible] *тазаламай*, қайта *төмендете түседі*, өт- кен капитализмнің неғұрлым мәдениетті, техника жағы- нан неғұрлым жоғары тәсілдерін қолдануға мәжбүр ете- ді. Капитализмнің де капитализмі бар. Қара жүздік-ок- тябристік капитализм және *халықшылдық*, (реалистік, демократиялық, белсенділікке толы) капитализм бар. Бі- рінші капитализмді «абыройы мен адалдығы үшін» жұмыс- шылар алдында неғұрлым көбірек *әшкерелесек*, бірінші түрдегі капитализмнің тұрақтауы соғұрлым қиын бола- ды, оның екінші түрдегі капитализмге айналуы соғұрлым жедел болады. Ал мұның өзі бізге тиімді, мұның өзі про- летариатқа тиімді.

Мені қайшылыққа түсті деп ойлайсыз ба? Хатымның бас жағында «феодализм, демократия, белсенділік» деген сөз- дерді жаман деп тауып едім, ал енді бұларды жақсы деп отыр дейсіз? Мұнда қайшылық жоқ: пролетар үшін жа- ман, буржуа үшін жақсы.

Немістерде оппортунистердің «Социалистік Айлық» («Sozialistische Monatshefte») деген үлкен журналы бар. Онда Шейдеман мен Бернштейн сияқты мырзалар социал- демократтардың саясаты [illegible] түсіп келеді деп [illegible] революционерлерді социал-демократияның халықаралық саясатын көптен бері-ақ шатастырып жүр. Бұл оппортунистер бұрмалаушылар фокусы ғой, әжетайым. Егер халықаралық саясатты қыз- ғатын болсаңыз, Сіз осы журналдың [illegible] алып, мақалаларын аударып беріп тұрыңыз. Сірә, Сіздің Италияда да осындай оппортунистер бар шығар, — Ита- лияда тек марксистер жоқ, оның жаман жері осы.

Халықаралық пролетариат капиталдың екі түрін жең- мей: оны октябристік капиталдан демократиялық капи- талға айналдыру арқылы және октябристік капиталды *өзінен* қуып шығып, оны [illegible] қыс- тырып келеді. Ал мұның өзі капиталдың [illegible] тып, оның өлімін жақындатады. Қазірге Батыс Еуропада октябристік капитал жоққа тең, бәрі капитал демокра- тиялық капитал деуге болады. Октябристік капитал Англиядан, Франциядан шығып Россия мен Азияға кетті. Орыс революциясы және Азиядағы революциялар — ок- тябристік капиталды ығыстырып шығару және оны демо- кратиялық капиталмен ауыстыру жолындағы күрес. Ал

демократиялық капитал = ең кенжесі. Оның бұдан әрі барар жері жоқ. Бұдан әрі ол мүрдем кетеді.

*«Звезда»* мен *«Мысльды»* қалай деп таптыңыз? Біріншісі,— менінше, ұсқынсыз. Ал екіншісі — *бүтіндей* біздікі және мені шексіз қуантады. Тек оны тез-ақ жауып тастар.

Қалай дейсіз, *Знаниеге* менің аграрлық мәселе туралы кітабымды өткіздіре алмас па екенсіз? Пятницкиймен сөйлесіп көріңіз. Бастырушы таба алмай қойдым, не істерсің. Байбалам салсаң да болғандай[313].

Сіздің: «қолым қалтырап, тоңып отыр» деген қосымша жазуыңызды оқып, күйінудемін. Қапридегі үйлер неткен оңбаған еді! Бұл масқара ғой! Тіпті бізде де бумен жылытады, өте жылы, ал Сіздің «қолыңыз тоңып отырады» екен. Қарсылық көрсету керек.

Қолыңызды қатты қысамын. Сіздің *Ленин*

Болоньядан мектепке (20 жұмысшы) келіңіз деген шақыру алдым. Бармаймын деп жауап қайырдым[314]. Впередшылдармен істес болғым келмейді. Жұмысшыларды тағыда осында келтірмекшіміз.

*Париждең Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

198

## А. РЫКОВКА

Сенб. 25. II. 11.

Қазір Сіздің хатыңызды алдым және бүгін Сізге Самойловтың хатын жіберемін. Грагорийді күтпестен, дереу жауап жазып отырмын.

Любичке Надя бүгін хат жазғалы отыр. Сіздің кеш қалғаныңыздың тым-ақ күйінішті. Енді оған кетуге дайындалу туралы емес, дереу кету туралы хат жазу керек. Оның дереу кету туралы тағыда барынша тақақтап хат жазуының, әйтпесе жау да 4 болады (бундшыл + латыш + 2 меньшевик), бізде де одан көп емес (3, бұлардың 1 [illegible]?, + 1 поляк).

Декларация жөніндегі Сіздің хатыңыз мені қатты күйіндірді, өйткені біздің әлі де жете түсініспегенімізді, соның ішінде (менің бір *қатты өкінетінім*) договорымыздың «бағасыз» екендігін осы хаттан көріп отырмын.

Сіз ұсынып отырған өзгерістердің ішінде ешбір қарсы пікір айтуға болмайтындары бар. Бұған кіретіндер — шет ел туралы мәселені айрықша қарар етіп бөлек көрсету; декларацияға Думаның маңызы туралы және IV Думаға адал сайлауға көмектеспейтіндердің опасыздар болатындығы туралы айрықша § қосу; — ұяларды жаңғырту туралы мәселені *бөліп алу* (бірақта мен түсінбей отырмын: оны не үшін және *қайда* бөліп алмақпыз? Ол туралы айту керек қой! *Қай жерде?*).

Бірақ Сіз ұсынып отырғанның ішінде қабылдауға болмайтын және зиянды өзгерістер анағұрлым көп.

(«Конференция зәру *деп танылсын*»?? монтанысудың не қажеті бар? *Оған* Сіз өзіңіз де сенбейсіз ғой! Екі жүзділікке салынып, өзіңді өзің алдау — қазіргі кезеңде бұдан зиянды *ешнәрсе жоқ!*)

«Шақырымпаздық-ультиматизмнің саяси горизонттан шындығында жоғалғандығы жөнінде сүйініш білдірілсін»...

Бұл *өтірік*. Мен впередшыл жұмысшыларды көрдім, *тіпті* Евгений де өзінің сөздері арқылы бұл өтірікті жоққа шығарып отыр.

««Вперед» тобының сайлауға қатысу жөніндегі шешімі құттықталсын»...

Осы күнге дейін мұндай шешім *жоқ*. Ал егер бұл шешім ертең болса, онда өз *борышын* орындағандығы үшін бүлікшілерді «құттықтау» және эксистік ақша туралы үндемей қалу — маскаралық.

Сіз: «Пленумнан *кейін* мен «Вперbegin»тың» шақырымпаздық немесе ультиматистік мәлімдемелерін білмеймін»...— деп жазасыз.

Білмеуіңіз бекер. Қараңыз: 1) *«Вперед»* тобының пленумнан кейінгі листогі: орталықтарды шетінен балағаттау — ал шақырымпаздық-ультиматистік платформадан безу туралы бір ауыз да сөз жоқ. — 2) 1-номерлі жыйнақ та — сондай. Дума туралы және думалық жұмыс туралы *бірде-бір* жетекші мақала жоқ. — 3) *«Le Peuple»** газетіндегі Луначарский (Орталық Органда цитатаға алынады — Луначарский Копенгаген конгресіне «Вперед» *тобынан* ресми делегат болған).—4) Впередшылдардың женевалық тобының листогі (біразы «Голос С.-Д.-да» цитатаға алынады), бұл листок Луначарскийге қосылады.

*«Вперед»* пленумнан кейін *жаңа* платформа шығаруға *міндетті* еді, өйткені *ескісі* (1909 ж. 27 декабрьде, яғни plenum-ның** *қарсаңында* шыққан) *шақырымпаздық-ультиматистік* платформа болып табылады. «Вперед» мұны істеген *жоқ!*

Сіздің негізгі қатеңіз — Сіз *сөздерге* сенесіз де, *істерге* көз жұмып қарайсыз. Домов немесе Алексинский сыяқты қайлағыбір аламдар немесе мен білмейтін тағы біреулер Сіздің құлағыңызға «жылы сөздерді» құйып қойған да, Сіз соған нанып қалғансыз. Сіз былай деп жазасыз: *«Вперед»* — «ылырау алдында немесе біздің ықтыймал одақтасымыз», ол «шақырымпаздық-ультиматистік платформадан арылып келеді».

* — *«Халық»*. *Ред*

** — пленумның.— *Ред*

Бұл *өтірік*. Бұл кені болса да уәде етуге даяр, тек бар нәрсені, өздерінің айрықша мектебін, өздерінің экстерден алған 85 000 сомын *бүркеуге* тырысатын бұзақылардың жалған сөздері.

Егер Домов «Впередтан» кете бастаған болса, онда біл-сеңіз Домов деген — саясатшы емес, гимназия оқытушы-сы, тоғышар, қатын. Егер Алексинский Богдановпен және К° мен «араздасқан» болса, ал енді мінеки, Болоньядан *қайтқаннан кейін*, тағыда әбден татуласып, кеше *«Впе-ред»* тобының *атынан* реферат оқыды!!

Сіз *сөздерге* сенесіз де, *іс жүзінде өзіңізді* әлсіз қал-дырасыз — мұның аты пленумның партияны minimum *бір жылға* әлсіреткен *қатерлі* қатесін қайталау деген сөз. Егер Сіз кәзір, пленумның есуастық ымырашылдық қате-лерінен кейін бір жыл өткен соң, бұл қателерді *қайтала-саңыз*,— сіз бүкіл «бірлестікті» біржолаға құртасыз. Мұны толық сеніммен айтып отырмын, өйткені тәжрибе-ден жете білемін. «Бірлестікті» бұзды деп (бұл Троцкий мен Ионовтың сөздері!!) мен туралы Самоваров-ақ даурыға берсін. Осы бос сөзді айтып даурығу Самоваров-қа *керек* (ол мұны баспасөз жүзінде айтуға *батпайды* және мен мұны *жұрт көзінше* талдап, «Дискуссионный Листоктың» 2-номерінде бекерге шығарғаныммын[315]), өйт-кені ол ымырашылдардың пленумдағы қатесін мойындау-дан *ұялады*. Олардың қатесі мынада болды: олар анти-партияшылдардың-голосшылдардың *сөздеріне* нанып, олардың *іс жүзінде нығаюына* мүмкіндік беріп, *пар-тияшыл* меньшевиктермен бірігу ісін мүлдем дерлік жо-йып жіберді.

Сақ болыңыз, бұл қатені қайталамаңыз!

Впередшылдар өте күшті. Оларда мектеп = конферен-ция = агентура бар. Бізде (және Орталық Комитетте) бұл *жоқ*. Олардың ақшасы бар — 80 000 сомға жуық. Айтыңызшы, олар мұны сізге беріп қоймақ па?? Шынымен сіз соншалық аңқаусыз ба??

Ал егер аңқау болмасаңыз, онда сіз бізге *қарсы* фрак-циялық қор сақтап отырған *фракциябшыларды* «олақ-тастар» деп *қалайша* есептей аласыз!?

««Впередтың» жарғышақтарының жақындасу мүмкін-дігін қиындатқым келмейді» — деп жазудан асқан еш-бір аңқаулық жоқ.

Олар жойымпаздармен жақындасты, олар сіздерге

карсы мектеп ұйымдастырды, олар: біз жаман емеспіз, біз шақырымпаздар емеспіз деп көз бояп отыр, ал сіз сөздерге нанасыз да, *істерге қарсы күреспейсіз*. Мұның өзі бір сұмдық қой!

«Мен (деп жазасыз Сіз) шет елдегі, жалпыпартиялық (фракцияшыл емес) ұйымнан впередшылдарды шығарып тастағым келмейді».

Екінің бірі: не сіз айрықша фракцияға *ырық бересіз* де, оның ақшасын өзіне *қалдырасыз*. Онда біз Орталық Комитетте (тергеу комиссиясын талап етіп) өз мәлімдемемізді жариялаймыз да: *мұндай* Орталық Комитетке впередшылдар-ақ көмектессін, *біз көмектеспейміз* дейміз.

Не сіз впередшылдардың фракцияшылдығын *жазғырасыз*, бірақ онда дәйекті болу керек. Тек сөз жүзінде ғана *жазғырып*, өзіңізді *к ү л к і* етесіз.

Онда былай деу керек: *әзірше* впередшылдар (1) *жаңа* платформасын шығармайынша, (2) партиялық мәлімдемелерін жасамайынша, (3) өзінің *ф р а к ц и я л ы қ* мектебін таратпайынша, (4) өзінің *ф р а к ц и я л ы қ* ақшасын партияға бермейінше, оған дейін олар = антипартиялық фракция.

Егер сіз *мұны* айтпасаңыз, сіз біздің қолғабысымыздан айрыласыз, впередшылдардан да қолғабыс *көрмейсіз*. Осындай да саясат бола ма?

Ал жарғышақтар *(б о л а ш а қ т а ғ ы!!)* жөнінде қам жемеңіз. Біз *күшті* болсақ — бәрі де бізге келеді. Әлсіз болсақ, сөзге нанатын болсақ,— онда бізді мазақтап күледі, бар болғаны сол. Форма дегенді табу қиын емес қой: мәселен, «Вперед» *фракциясын* жазғыра келіп, впередшыл *жұмысшылардың бір бөлегі* сайлауды, жария мүмкіндіктерді, партиялықты жақтайды, мұндай жұмысшыларды, мұндай впередшылдарды фракциядан *к е т і п* партияға *қ о с ы л у ғ а* шақырамыз деуге болады, т. т. және т. с.

Шет елдегілерді топтастыру туралы қарарда *кімнің* іріткі салып жүргенін дәл және анық атап көрсету керек; *г о л о с ш ы л д а р* мен *в п е р е д ш ы л д а р* аталуға *тиіс*, және *олардың* «іріткішілдігі мен антипартияшылдығы» неде екенін түсіндіру керек: әңгіме идеяларда *емес* (бұл туралы «Дискуссионный Листокта» таласа беріңіз, жаза беріңіз, т. с.), *қайта* айрықша мектепте, айрықша мектеп қорында, айрықша органда («Голоста»), «Голос-

ка» арнап жинаған айрықша жәрдемде, айрықша фракциясшыл (Орталық Комитетке *қарсы* Россиямен қатынас жасайтын) топтарда болып отыр деу керек.

Егер голосшылдар мен впередшылдарды дәл және анық атамасаңыз, онда бүкіл қарар = 0. Онда сіз бірігу жөніндегі осы *ойыңызға* қарсы шығуға бізді *мәжбүр етесіз.*

Егер оларды дәл атап, фракцияшылдықтың неде екенін анық айтып берсеңіз, Сіз шетелдегілердің *көпшілігін* (бектер + плехановшылдар + партияшыл жұмысшылар + голосшылдықтың *көсемдері* жоқ «провинция» мен Америкадағы қыруар *топтар)* бірден және сөзсіз *қаратып аласыз.*

Егер Орталық Комитеттің *фракциялармен* «күресі» «Голос» пен «Впередтың» *антипартиялық* фракцияларына *қамқорлық* көрсетуде, сан алуан формалдықтар арқылы (поляк, комиссия, іс білмейтін адамдардың коллегиясы, впередшылдарды «шақыру», Алексинскиймен екі арадағы бақастық, т. с. және т. т.) *біздің* жұмысымызға (партиялық рухтағы жұмысымызға) бөгет жасауда болса, онда біз бұған *бармаймыз.*

Кәзір СПБ-ден хат алдық. Самоваров с.-д. думалық фракциясына сайлау платформасын шығаруды ұсынған!!! Бұл — меньшевиктердің көпшілігіне!! (ал бізге бір ауыз да сөз жоқ). Егер Самоваров істі *осылай* жүргізбек болса, онда сізге мен *тіке* Самоваровқа қарсы бірсыпыра листоктар шығара бастауға уәде беремін.

Егер бізде договор мүмкін болатын болса, онда *большевиктер ағым* болып топтасуға және аяқтан шалмастан, меньшевиктерге ауып кетпестен, *ынтымақпен* (договордың негізінде) жұмыс істеуге тиіс.

Сіздің пікіріңізді жазыңыз. Тезірек.
Қолыңызды қысамын.
Сіздің *Ленин*

P. S. Сіз Никитичті көрмедіңіз бе? *«Впередтың»* бейбітшілдігі жөнінде ол тағыда көз бояған жоқ па?? Құрғақ уәделер беруге және көз бояуға келгенде ол шебер-ақ.

*Парижде жазылған*

*Бірінші рет 1931 ж. басылған* — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

қарсы мектеп ұйымдастырды, олар: біз жаман емеспіз, біз шақырымпаздар емеспіз деп көз бояп отыр, ал сіз сөздерге нанасыз да, *істерге қарсы күреспейсіз.* Мұның өзі бір сұмдық қой!

«Мен (деп жазасыз Сіз) шет елдегі, жалпыпартиялық (фракцияшыл емес) ұйымнан впередшылдарды шығарып тастағым келмейді».

Екінің бірі: не сіз айрықша фракцияға *ырық бересіз* де, оның ақшасын өзіне *қалдырасыз.* Онда біз Орталық Комитетте (тергеу комиссиясын талап етіп) өз мәлімдемемізді жарияламыз да: *мұндай* Орталық Комитетке впередшылдар-ақ көмектессін, *біз көмектеспейміз* дейміз.

Не сіз впередшылдардың фракцияшылдығын *жазғырасыз,* бірақ онда дәйекті болу керек. Тек сөз жүзінде ғана *жазғырып,* өзіңізді *күлкі* етесіз.

Онда былай деу керек: *әзірше* впередшылдар (1) *жаңа* платформасын шығармайынша, (2) партиялық мәлімдемелерін жасамайынша, (3) өзінің *фракциялық* мектебін таратпайынша, (4) өзінің *фракциялық* ақшасын партияға бермейінше, оған дейін олар = антипартиялық фракция.

Егер сіз *мұны* айтпасаңыз, сіз біздің қолғабысымыздан айрыласыз, впередшылдардан да қолғабыс *көрмейсіз.* Осындай да саясат бола ма?

Ал жарғышақтар *(болашақтағы!!)* жөнінде қам жемеңіз. Біз *күшті* болсақ — бәрі де бізге келеді. Әлсіз болсақ, сөзге нанатын болсақ,— онда бізді мазақтап күледі, бар болғаны сол. Форма дегенді табу қиын емес қой: мәселен, «Вперед» *фракциясын* жазғыра келіп, впередшыл *жұмысшылардың бір бөлегі* сайлауды, жария мүмкіндіктерді, партиялықты жақтайды, мұндай жұмысшыларды, мұндай впередшылдарды фракциядан *кетіп* партияға *қосылуға* шақырамыз деуге болады, т. т. және т. с.

Шет елдегілерді топтастыру туралы қарарда *кімнің* іріткі салып жүргенін дәл және анық атап көрсету керек; *голосшылдар* мен *впередшылдар* аталуға *тиіс,* және *олардың* «іріткішілдігі мен антипартияшылдығы» неде екенін түсіндіру керек: әңгіме идеяларда *емес* (бұл туралы «Дискуссионный Листокта» таласа беріңіз, жаза беріңіз, т. с.), *қайта* айрықша мектепте, айрықша мектеп қорында, айрықша органда («Голоста»), «Голос-

қарсы мектеп ұйымдастырды, олар: біз жаман емеспіз, біз шақырымпаздар емеспіз деп көз бояп отыр, ал сіз сөздерге нанасыз да, *істерге қарсы күреспейсіз.* Мұның өзі бір сұмдық қой!

«Мен (деп жазасыз Сіз) шет елдегі, жалпыпартиялық (фракцияшыл емес) ұйымнан впередшылдарды шығарып тастағым келмейді».

Екінің бірі: не сіз айрықша фракцияға *ырық бересіз* де, оның ақшасын өзіне *қалдырасыз.* Онда біз Орталық Комитетте (тергеу комиссиясын талап етіп) өз мәлімдемемізді жариялаймыз да: *мұндай* Орталық Комитетке впередшылдар-ақ көмектессін, *біз көмектеспейміз* дейміз.

Не сіз впередшылдардың фракцияшылдығын *жазғырасыз,* бірақ онда дәйекті болу керек. Тек сөз жүзінде ғана *жазғырып,* өзіңізді *күлкі* етесіз.

Онда былай деу керек: *әзірше* впередшылдар (1) *жаңа* платформасын шығармайынша, (2) партиялық мәлімдемелерін жасамайынша, (3) өзінің *фракциялық* мектебін таратпайынша, (4) өзінің *фракциялық* ақшасын партияға бермейінше, оған дейін олар = антипартиялық фракция.

Егер сіз *мұны* айтпасаңыз, сіз біздің қолғабысымыздан айрыласыз, впередшылдардан да қолғабыс *көрмейсіз.* Осындай да саясат бола ма?

Ал жарғышақтар *(болашақтағы!!)* жөнінде қам жемеңіз. Біз *күшті* болсақ — бәрі де бізге келеді. Әлсіз болсақ, сөзге нанатын болсақ,— онда бізді мазақтап күледі, бар болғаны сол. Форма дегенді табу қиын емес қой: мәселен, «Вперед» *фракциясын* жазғыра келіп, впередшыл *жұмысшылардың бір бөлегі* сайлауды, жария мүмкіндіктерді, партиялықты жақтайды, мұндай жұмысшыларды, мұндай впередшылдарды фракциядан *кетіп* партияға *қосылуға* шақырамыз деуге болады, т. т. және т. с.

Шет елдегілерді топтастыру туралы қарарда *кімнің* ірткі салып жүргенін дәл және анық атап көрсету керек; *голосшылдар* мен *впередшылдар* аталуға *тиіс,* және *олардың* «іртқішілдігі мен антипартияшылдығы» неде екенін түсіндіру керек: әңгіме идеяларда *емес* (бұл туралы «Дискуссионный Листокта» таласа беріңіз, жаза беріңіз, т. с.), *қайта* айрықша мектепте, айрықша

қа» арнап жыйнаған айрықша жәрдемде, айрықша фракцияшыл (Орталық Комитетке *қарсы* Россиямен қатынас жасайтын) топтарда болып отыр деу керек.

Егер голосшылдар мен впередшылдарды дәл және анық атамасаңыз, онда бүкіл қарар = 0. Онда сіз бірігу жөніндегі осы *ойынға* қарсы шығуға бізді *мәжбүр етесіз.*

Егер оларды дәл атап, фракцияшылдықтың неде екенін *анық* айтып берсеңіз, Сіз шетелдегілердің *көпшілігін* (бектер + плехановшылдар + партияшыл жұмысшылар + голосшылдықтың *көсемдері* жоқ «провинция» мен Американдағы қыруар *топтар)* бірден және сөзсіз *қаратып аласыз.*

Егер Орталық Комитеттің *фракциялармен* «күресі» «Голос» пен «Впередтың» *антипартиялық* фракцияларына *қамқорлық* көрсетуде, сан алуан формалдықтар арқылы (поляк, комиссия, іс білмейтін адамдардың коллегиясы, впередшылдарды «шақыру», Алексинскиймен екі арадағы бақастық, т. с. және т. т.) *біздің* жұмысымызға (партиялық рухтағы жұмысымызға) бөгет жасауда болса, онда біз бұған *бармаймыз.*

Қәзір СПБ-ден хат алдық. Самоваров с.-д. думалық фракциясына сайлау платформасын шығаруды ұсынған!!! Бұл — меньшевиктердің көпшілігіне!! (ал бізге бір ауыз да сөз жоқ). Егер Самоваров істі *осылай* жүргізбек болса, онда сізге мен *тіке* Самоваровқа қарсы бірсыпыра листоктар шығара бастауға уәде беремін.

Егер бізде договор мүмкін болатын болса, онда *большевиктер ағым* болып топтасуға және аяқтан шалмастан, меньшевиктерге ауып кетпестен, *ынтымақпен* (договордың негізінде) жұмыс істеуге тиіс.

Сіздің пікіріңізді жазыңыз. Тезірек.

Қолыңызды қысамын.

Сіздің *Ленин*

P. S. Сіз Никитичті көрмедіңіз бе? *«Впередтың»* бейбітшілдігі жөнінде ол тағыда көз бояған жоқ па?? Құрғақ уәделер беруге және көз бояуға келгенде ол шебер-ақ.

*Парижде жазылған*

*Бірінші рет 1931 ж. басылған* *Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 199

## А. М. ГОРЬКИЙГЕ

27. V. 11.

Қымбатты А. М.!

Жақында мен Полетаевтен хат алдым. Ол сөз арасында былай деп жазады: «Горькийден хат алдық. Ол Н. И.-ге әйтеуір бір органның төңірегіне бірігудің жоспарын жасау үшін шет елге келуге ұсыныс жасайды, оның бержағында бұл жөнінде өзінің Сізбен және меньшевик М.-мен» (менің білуімше Мартовпен болар) «сөйлескенін айтады».

Полетаевтың айтуынша, бұл жоспарға Н. И.-дің жарай қоюы екіталай, сондықтан, егер бару керек болса, басқа біреудің барғаны мақұл. Покровскийдің баруы екіталай.

Полетаевтен келген осы хатты оқып шығып, мен шошып кеттім — құдай-ақы шошып кеттім.

Мартов сияқты меньшевиктермен біздің бірігуіміз *мүлде* мүмкін емес, мен мұны Сізге осында айтқанмын да. Егер біз осыншалық үмітсіз жоспар үшін «съезд» шақырмақ болсақ,— бұдан масқаралықтан басқа түк шықпайды (мен өз басым Мартовпен кеңесуге де бармаймын).

Полетаевтың хатына қарағанда, думалық фракция да қатыстырылатын көрінеді; мұның керегі бар ма? егер әңгіме журнал туралы болса,— онда думалық фракцияның ешбір қатысы жоқ. Егер әңгіме газет туралы болса, онда біздің *«Звездамен»* екі арамызда *едәуір* келіспеушіліктер болғанын және әлі де бар екенін ескеру керек: оларда бағыт жоқ, олар бізбен бірге жүруден қорқады, жойымпаздармен бірге жүруден де қорқады, тартыншақтап, маңғазданып, қобалжуда.

Онан соң, егер плехановшылдардың + біздің + думалық фракцияның бірігуін белгілесек, онда бұл Плехановтың *басым* болып кету қаупін туғызады, өйткені думалық фракцияда меньшевиктер басым жатыр. Плехановтың басым болуына мүмкіндік беру керек пе, орынды ма?

Иорданский мұндай жоспарларға жарамсыз бола ма деп мен *қатты* қорқамын (өйткені оның *«өзінің»* журналы бар, сондықтан ол не бөгет жасайды, не «өз» журналына тартады, сөйтіп оны *өзіндік* = жартылай либералдық қалпында қалдырады).

Түңілушілік пен нәтижесіз бақастыққа ұшырамау үшін, меніңше, «бірігу» жөнінде өте сақ болу керек. Құдай-ақы, кәзір бірігу емес, ажырасу керек! Егер журнал немесе газет үшін бастырушы табылатын болса, онымен *Сіздің жеке* договор жасасуыңыз керек (немесе одан, мүмкін болса, ақшаны договорсыз алуыңыз керек), ал «съезд» шақырған күнде, былық болып шығады. Шын айтамын, былық болып шығады.

Сізге осыны жазып отырмын, өйткені былыққа бола уақытыңызды, нервіңізді және басқаларыңызды кетіруге *Сізге* онша ырық бергім келмейді. Мен өзім 1908—1911 жылдардағы күйінішті тәжрибеден *білемін,* «біріктіру» *енді* мүмкін емес. Мысалы, біздің «Мысльда» Плеханов әлде неше рет бұртаңдады — мәселен, стачкалар туралы және Потресов туралы менің мақалама[316] наразы, «оған» ұрыстың дейді! Істі тындыруын тындырдық және *әзірше* Плехановпен жұмыс істеуге болады, бұл керек те, бірақ *формалдық* бірігулер мен съездер мезгілсіз және бәрін бүлдіруі мүмкін.

Съезд жөнінде асықпаңыз!

Біздегілер: *барлық* с.-д. органдарды жабу туралы Столыпиннің жарлығы бар екен дегенді тынбай айтып жүр. Бұл шындыққа ұқсайды. IV Думаның алдында, сірә, тағыда он есе қысымға алатын болар.

Жарыя мүмкіншіліктер таяу арада азаятын тәрізді. Құпыя жұмысқа күш салу керек.

М. Ф. Сізді «Знаниеден» мүлде кетті деп хат жазған болатын. Демек, Пятницкийден толық қол үзгенсіз ғой және менің бұдан бұрынғы хатым кешігіп барған ғой?

Қолыңызды қысамын. Сіздің *Ленин*

P. S. Бакудегі «Современная Жизньді» де қамауға алып, тұншықтырып тастаған!

*Париждең Капри аралына (Италия) жіберілген*

*Бірінші рет 1924 ж. басылған* *Колжазба бойынша басылып отыр*

# ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Лениннің бұл сносканы берген себебі — хатта калалардың аттары конспирация максатымен жасырылған болатын.— *1.*

[2] Шет елде «Кызметкер» дейтін мерзімсіз жыйнакты шығаруға әзірлік жасау туралы әнгіме болып отыр. «Кызметкерді» шығарудың бастамашысы Ленин болатын. 1895 жылғы майда, шет елде, Швейцарияда жүріп, Ленин жыйнакты шығару туралы Г. В. Плехановпен, П. Б. Аксельродпен және «Еңбекті азат ету» тобының баска да мүшелерімен келісті. 1895 жылғы сентябрьде Россияға кайтып келгеннен кейін, Ленин жыйнакты Россиядан макалалармен және корреспонденциялармен камтамасыз ету жөнінде, сонымен катар осы баспаны материалдык жағынан колдау ісін ұйымдастыру женінде үлкен жұмыс жүргізді. Вильноға, Москваға және Орехово-Зуевоға сапар шеккен кезінде Ленин жыйнакты шығаруға көмектесу туралы жергілікті социал-демократтармен келісті.— *1.*

[3] «Пал.» деген сөз шешілген жок.— *1.*

[4] Москвадағы және Москва губерниясындағы социал-демократтар арасында жүргізілген камауға алу туралы әнгіме болып отыр.— *1.*

[5] Герман социал-демократиялык партиясының 1895 жылғы Бреславль съезі туралы есеп жайында айтылып отыр. Осында әнгіме болып отырған, шет елден жолданған корреспонденция кітаптың мұкабасының ішіне жапсырылып жіберілген болатын.— *4.*

[6] Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» әзірлеген «Рабочее Дело» газеті туралы әнгіме болып отыр.— *4.*

[7] Ленин *«Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру»* деген 1895 жылы күзде жазылған өзінің кітапшасы жайында айтып отыр (караныз: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, 17—66-беттер).— *6.*

[8] В. И. Ленин айдауда жүріп Аксельродка жазған хаттарын көбінесе кітаптың түбіріне салып жіберетін. Хаттар екі-үш қолдан өтіп барып, сол кезде Берлинде тұрған, шет елдегі А. И. Елизарованың қолына тиетін, ал ол бұларды Аксельродка жолдап отыратын. Мына хат Анна Ильиничнаның қолымен көшіріліп, оның Аксельродка жазған өз хатының текстінің ортасында берілген.— *6.*

[9] Сірә, А. И. Елизарова жайында айтылып отырған болу керек.— *6.*

[10] Ленин «Новое Слово» дейтін ғылыми-әдеби және саяси журналға арналған мақалалар мен «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітап жөніндегі өз жұмысын айтып отыр. — *6.*

[11] *«Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik»* («Әлеуметтік заңдар мен статистика архиві») деген неміс журналы туралы әңгіме болып отыр. Бұл жерде Ленин осы журналдың 1898 жылы шыққан 12-томын айтып отыр. — *8.*

[12] *«Шәкірттер»* — Маркс пен Энгельстің жолын қуғандар. Бұл сөз XIX ғасырдың 90-шы жылдарында орыс марксистерінің жарыя белгісі ретінде қолданылған-ды.— *8.*

[13] *«Beiträge zur Geschichte des Materialismus»* («Материализм тарихы жөніндегі очерктер») деген кітаптың авторы Г. В. Плеханов болатын. — *9.*

[14] Герман социал-демократиясының «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») деген журналы туралы әңгіме болып отыр.— *9.*

[15] «Начало» дейтін айлық әдеби және саяси журнал жайында айтылып отыр. Ленин бұл журналда өзінің бірқатар рецензияларын (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 61—69, 91—101-беттер) және «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың III тарауының алғашқы алты параграфын (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 3-том, 193—226-беттер) басып шығарды. — *11.*

[16] Лениннің *«Біз қай мұрадан бас тартамыз?»* деген мақаласы туралы әңгіме болып отыр (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, 543—592-беттер).— *12.*

[17] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, 559-бет. — *12.*

[18] *«Soziale Praxis»* («Әлеуметтік Практика») — немістің апталығы; 1895 жылдан бастап шығып тұрды.— *14.*

[19] «Начало» журналы туралы әңгіме болып отыр. — *16.*

[20] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 103—163-беттер. — *18.*

21 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 50—60-беттер. — *18.*

22 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 70—90-беттер. — *18.*

23 А. И. Елизарова жөнінде айтылып отыр. — *18.*

24 Лениннің 1898 жылғы октябрьде шыққан *«Экономикалық этюдтер мен мақалалар»* деген шығармалар жинағы туралы әңгіме болып отыр (жинақтың титулдық листінде 1899 жыл көрсетілген); бұл жинаққа Лениннің бес шығармасы енген (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, 129—289, 391—505, 507—512, 543—592-беттер; 4-том, 1—40-беттер). — *19.*

25 «Шет елдегі орыс социал-демократтары Одағының» 1898 жылғы ноябрьде Цюрихте (Швейцария) болған I съезіндегі жіктеліс туралы әңгіме болып отыр. Жіктелістің себебі — Одақ мүшелерінің көпшілігі («жастар» дейтіндер) «экономизмге» қосылып кетті. Осыған байланысты «Еңбекті азат ету» тобы Одақтың баспасөз шығармаларын редакциялаудан бас тартты. «Еңбекті азат ету» тобының Одақтан біржолата қол үзіп, одан шығуы 1900 жылғы апрельде Одақтың екінші съезінде болды, сонда «Еңбекті азат ету» тобы мен оның жақтастары съезден кетіп, дербес «Социал-Демократ» ұйымын құрды. — *20.*

26 Лениннің *«Россияда капитализмнің дамуы»* деген кітабы туралы әңгіме болып отыр (қараңыз: *Шығармалар*, 4-басылуы, 3-том). — *20.*

27 Ленин *«Біздің шаруашылық дамуымыздың сипаттамасы жөніндегі материалдар»* деген жинақ жайында айтып отыр. Жинақта Лениннің (*К. Тулин* деген псевдониммен) «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында берілген сыны (марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі)» деген [illegible] қарсы бағытталған мақаласы басылған болатын (қараңыз: *Шығармалар*, 4-басылуы, 1-том, [illegible]-беттер). — *21.*

28 «Die Neue Zeit» (*«Жаңа Заман»*) журналы туралы әңгіме болып отыр. — *22.*

29 Лениннің *«Россияда капитализмнің дамуы»* деген кітабы жайында айтылып отыр. — *22.*

30 *Ленин «Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы мен Булгаков мырзаның мақаласы туралы)»* деген мақаласы жайында айтып отыр (қараңыз: *Шығармалар*, 4-басылуы, 4-том, [illegible]-беттер). *Мақала 1900 жылғы январь—февральда Вл. Ильин деген қол қойылып, «Жизнь» журналында басылған болатын.* — *22.*

31 Н. К. Крупская жайында айтылып отыр. —25.

32 Караныз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы. 4-том. 70—90-беттер. —28.

33 «Үшінші түрдегі әдебиет» —құпия марксистік әдебиет. —27.

34 Адресат анықталмады. —29.

35 24 августа (6 сентябрьде) Ленин Нюренбергтен Мюнхенге жүріп кетті, бұл кала жалпыорыстық құпия марксистік «Искра» газетінің тұрағы болып белгіленген-ді. —29.

36 «Шет елдегі орыс социал-демократтарының одағы» туралы әңгіме болып отыр. —29.

37 «Еңбекті азат ету» тобы жайында айтылып отыр. —29.

38 «Искра» газетін шығаруға дайындық туралы «аныз» жайында айтылып отыр.—30.

39 «Искра» газеті туралы әңгіме болып отыр.—31.

40 *Anti-Credo* — «Россиялық социал-демократтардың карсылығы», мұны Ленин 1899 жылы айдауда жүріп жазған (караныз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 171—186-беттер). Ленин «Карсылықты» шет елдегі «Еңбекті азат ету» тобына жіберген болатын. 1900 жылдың басында «Карсылық» Г. В. Плехановтың ««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum (Жетекші. *Ред.*)» деген жыйнағында кайта басылды. —31.

41 «Экономистердің» өздерінің «Рабочая Мысль» деген газетіне ат салысу жөніндегі ұсынысына байланысты Лениннен кенес сұраған Плехановка Лениннің берген жауабы туралы әңгіме болып отыр. —37.

42 А. Н. Потресов («дос» та сол) жайында айтылып отыр. —38.

43 Доброджану — Герея (Кац) туралы әңгіме болып отыр. —44.

44 *Dietz* (Дитц) — Штуттарттағы баспахананың иесі, мұнда «Заря» атты марксистік ғылыми-саяси журнал басылып тұрған болатын.—44.

G. m. b. N. — «*Gesellschaft mit beschränkter Naftung*» («Жауапкершілігі шағын қорам») — Дитцтің кітап баспасы. — 44.

45 *Goldene Wanze* («алтын кандала»; алтын капшық) — Д. Н. Жуковский. — 45.

46 Патша министрі С. Ю. Виттенің «Самодержавие және земство» деген такырыппен жазған жасырын запискасын П. Б. Струвенің (псевдонимі Р. Н. С.) алғысөзімен коса «Заря» 1901 жылы құпия басып шығарған болатын. Ленин записка мен алғысөзі

отыр (қараныз. Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, 363—319-беттер).— *76.*

76 Лениннің Цюрихке РСДЖП шетелдік ұйымдарының «Искраның»-«Зарянын», «Социал-Демократтың» (бұған «Еңбекті азат ету» тобы да кіретін), «Шет елдегі орыс социал-демократтары одағының», Бундтың және «Күрес» одағының «бірігу» съезіне барғандығы туралы әңгіме болып отыр. Съезд 1901 жылғы 21—22 сентябрьде (4—5 октябрьде) болып өтті.— *76.*

77 Ленин *«Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері»* деген кітап жайында айтып отыр (қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, 369—574-беттер).— *76.*

78 Мына кітапқа жазылған рецензия туралы әңгіме болып отыр: *«Aus dem literarischen Nachlass von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle. Herausgegeben von Franz Mehring. I. Gesammelte Schriften von Karl Marx und Friedrich Engels. Von März 1841 bis März 1844». Stuttgart, Verlag von I. H. W. Dietz Nachfolger, 1902* («Карл Маркстің, Фридрих Энгельстің және Фердинанд Лассальдың әдеби мұрасынан. Франц Меринг бастырған. I том. Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің Шығармалары. Март 1841 — март 1844». И. Г. В. Дитцтің орынбасарларының баспасы. Штуттарт, 1902).— *77.*

79 Келтіріліп отырған бес пункт осы хаттың жіберілетін жерлерін көрсетеді. Төртінші пунктте Ленин Тверьдің с.-д. ұйымы жайында айтып отыр; бұл ұйымға арналған хат А. Бакуниннің адресіне жіберілген болатын. Ленин тырнақшаға алып отырған соңғы 5-пункт «Искра» өкілдерінің бірі Россиядан жіберген хаттың атын көрсетеді. Ленин бұл хатты «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» деген мақаласында толық жариялаған болатын (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, 331—339-беттер). Бұл пунктті келтіргенде Лениннің айтайын дегені өзіне жоғарыдағы хатты жіберген «Искраның» өкілі еді.— *79.*

80 Ленин «шетелдік жанжал» деп «Искра» мен «Социал-демократ» ұйымы өкілдерінің РСДЖП шетелдік ұйымдарының «бірігу» съезінен кеткендігін айтып отыр.— *79.*

81 Лениннің *«Не істеу керек?»* деген еңбегі туралы әңгіме болып отыр.— *79.*

82 *«Вперед»* («Алға») — «экономистік» бағыттағы газет; 1896—1900 жылдары Киевте шығып тұрды.— *81.*

83 Кишиневте «Искраның» құпия баспаханасы ұйымдастырылған болатын, мұнда газеттің жеке номерлері Россияда тарату үшін басылып тұрды. Ленин өзінің хатында Кишинев баспаханасында «Искраның» 10-номері басылып шыққандығы жайындағы хабарды айтып отыр.— *82.*

84 Сірә, әңгіме И. Б. Басовский туралы болып отырса керек.— *82.*

85 «Искраның» 1901 жылғы 20 декабрьде шыққан 13-номерінде Ленин жазған *«Демонстрациялардың басталуы»* деген басмақа-

ла басылған болатын (қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, 341—344-беттер).— *82.*

86 Қараныз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Екі томдык тандамалы шығармалар, II том, 1948, 26-бет.— *83.*

87 Лениннің *«Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы»* деген мақаласы туралы әңгіме болып отыр (қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 103—150-беттер).— *85.*

88 Лениннің «Орыс социал-демократиясынын аграрлык программасы» деген қолжазбасынын беттері жайында айтылып отыр (қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 140—142-беттер).— — *85.*

89 Қараныз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 145-бет.— *86.*

90 Программаның комиссиялык жобасынын тексті Ленин мен Плехановтын бұрынырак жасалған жобаларынын негізінде РСДЖП программасынын бірыңғай жобасын жазу үшін «Искра» газетінің редакциясы белгілеген келістіруші комиссиянын жұмысынын нәтижесі болатын. «Искра» редакциясынын мүшелері программанын комиссиялык жобасы жөніндегі өз пікірлерін айтуға, ал келістіруші комиссия программаның түпкілікті жобасын жасауға тиісті еді. Комиссиялык жоба «Искра» редакциясы мүшелерінің 1902 жылғы 14 апрельде (жанаша) Цюрихте болған кенесінде Ленин жоқта бекітілді.— *87.*

91 Кім туралы әнгіме болып отырғандығын анықтауға мүмкіндік болмады.— *88.*

92 Ленин «Искра» редакциясынын Мюнхеннен Лондонға көшкендігі жайында айтып отыр.— *89.*

93 *«Саша»* — РСДЖП комитеттерінін 1902 жылғы 23—28 мартта (5—10 апрельде) Белостокта болған конференциясынын шартты белгісі. Конференция партиянын II съезін шақыру жөнінде Ұйымдастыру комитетін құрды.— *90.*

94 Ленин партиянын II съезін шақыруға әзірлік жайында айтып отыр.— *90.*

95 Лениннің *«Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы»* деген мақаласына Плехановтын жасаған ескертпелері жайында айтылып отыр.— *92.*

96 Ленин партия программасынын жобасын жасауға байланысты туған алауыздыктардын басталуы жайында айтып отыр; бұл жоба бірінші рет 1902 жылы 8 (21) январьда Мюнхенде «Искра» редакциясынын кенесінде талқыланған болатын. Бұл кенесте Ленин программанын Плеханов жасаған алғашкы жобасын сынап сөз сөйледі және өзінін түзетулері мен ұсыныстарын енгізді. — *93.*

97 В. И. Ленин М. А. Ульяновамен және А. И. Елизаровамен Германияда емес, Францияның солтүстік жағалауында Логивиде кездесті.— *94.*

*тердам конгресі* туралы әңгіме болып отыр. Конгресс 1904 жылғы 14—20 августа (жаңаша) болып өтті.— *112.*

111 Лениннің *«Біздің ұйымдастыру міндеттеріміз туралы жолдасқа хат»* деген еңбегі жайында айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 237—259-беттер).— *112.*

112 К. Тарасовтың (Н. С. Русановтың псевдонимі) «Вестник Русской Революции» деген эсерлік журналда басылған мақаласына Плехановтың қарсы шыққандығы туралы әңгіме болып отыр.— *114.*

113 *Жизньшілер* — 1897 жылдан 1901 жылға дейін Петербургте шығып келген «Жизнь» журналы редакциясының мүшелері; 1902 жылы журнал шет елде шығып тұрды.— *115.*

114 Кім туралы айтылып отырғандығын анықтауға мүмкіндік болмады.— *116.*

115 Ленин И. В. Бабушкиннен насихатшылар тобының мүшелерінен «емтихан алуға», яғни олардың «Искраның» принциптері жөніндегі позициясын анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтар белгілеуді өтініп жазған хат алған-ды.— *121.*

116 Ұйымдастыру комитетінің Петербургтен болған мүшесі — В. П. Краснуха 1902 жылғы ноябрьде қамауға алынған болатын.— *122.*

117 *«Жұмысшы кассаларының листогі»* деген кітапша туралы (2-ші рет шығуы, кәсіпшілік жұмысшы одақтарына ұйымласқан Харьков жұмысшылары бастырған) және гектографка басылып, 1901 жылғы октябрьде шыққан *«Харьковский Пролетарий»* деген журнал туралы әңгіме болып отыр.— *125.*

118 «Рабочая Мысль» газетінің 16-номерінде «экономистер» Петербург комитетінің «Искра» мен «Заряны» танытындығы туралы июльдегі мәлімдемесіне қарсылық білдірген болатын.— *126.*

119 «Искраның» Бакудегі тобының конспирациялық аты жайында айтылып отыр.— *128.*

120 Н. К. Крупская жайында айтылып отыр.— *128.*

121 Партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің бюросы туралы әңгіме болып отыр.— *129.*

122 Осы томның 131—132-беттерін қараңыз.— *133.*

123 «Оңтүстік Жұмысшысы» тобы жайында айтылып отыр.— *134.*

124 Нижегород комитеті 1902 жылғы 1 май демонстрациясы туралы іс жөнінде сотталған, Сормово және Нижегород жұмысшыларына шығарылған үкімге шағым берілмесін деп шешім қабылдаған-ды.— *136.*

125 Ленин 1903 жылғы февральда Парижде Коғамдык ғылымдардың жоғары дәрежелі орыс мектебінде окыған өз лекцияларын және орыс саяси эмигранттарының жиналысындағы рефератын айтып отыр.— *142.*

126 Ленин «*Деревня кедейлеріне*» деген өзінің кітапшасы туралы айтып отыр. Бұл кітапша 1903 жылғы майда, Орыс социал-демократиясының шетелдік лигасының бастыруымен жарыкка шыккан болатын (караңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 379—459-беттер).— *142.*

127 Лениннің «*Самодержавие кобалжуда...*» деген макаласы туралы әңгіме болып отыр (караңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 363—369-беттер). Макала «Искраның» 35-номерінде басылған болатын; редакция Плехановтың макаласын басмакала етіп басқан-ды.— *142.*

128 Поляк социал-демократиясының РСДЖП-мен иесттестігі туралы мәлімдеме «Искрада» шыккан жок. ПСД өкілдері партияның II съезіне кеңесші даусыпен катысты. — *144.*

129 Бундтың РСДЖП Екатеринослав комитетіне карсы «кылығы» Лениннің «Еврей пролетариатына «дербес саяси партияның» керегі бар ма» деген макаласында толык баяндалған (караңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 343—349-беттер).— *145.*

130 «*Вертеп*»—В. И. Засуличтің, Ю. О. Мартовтың және Н. С. Блюменфельдтің лондондык пәтеріндегі ортак бөлме. Іші үнемі былығып жататындығы үшін бұл бөлмені «вертеп» деп атаған.— *149.*

131 «Оңтүстік Жұмысшысы» тобы туралы әңгіме болып отыр.— *149.*

132 «Искра» үшін керекті материалдык каражаттар жайында айтылып отыр.— *158.*

133 П. Б. Аксельрод туралы әңгіме болып отыр.— *160.*

134 «*Егоровшылдар*», «*Егоров елдері*»—Женевада тұрған мартовшылдар, меньшевиктер.— *163.*

135 Камауға алынудың, сәтсіздікке ұшыраудың мүмкіндігі жайында айтылып отыр.— *163.*

136 Партия Советі туралы әңгіме болып отыр.— *168.*

137 Осы томның 159-бетін караңыз.— *164.*

138 Карардың номері РСДЖП II съезінің протоколдарының колжазба материалдары бойынша берілген. Фабрика старосталары туралы карардың текстін караңыз: «БК(б)П съездердің, конференциялардың және ОК пленумдарының каулы-карарлары», I бөлім, 1940, 30-бет.— *167.*

139 *«„Рабочая Воляның“ манифесі»*—Одессадағы социал-демократиялық «Рабочая Воля» одағының «Искраның» көзқарастары мен тактикасын дұрыс деп танитындығы туралы, РСДЖП-ның Одесса комитетіне қосылатындығы туралы және осыған байланысты одақты жабатындығы туралы мәлімдемесі. Манифест «Искраның» 1903 жылғы 15 октябрьдегі 50-номерінде жарияланды.— *168.*

140 *«Терісін сыпыру»* — яғни құпия жағдайға көшіру.— *173.*

141 Меньшевиктер жайында айтылып отыр.— *173.*

142 II съезден кейін меньшевиктер жағына шығып кеткен Тифлис делегаты Топуридзенің (Исаридің) қылығына байланысты Кавказдағы істердің жайы туралы Лениннің Кавказдың одақтық комитетіне жазған хатында толығырақ айтылады (осы томның 175-бетін қараңыз).— *173.*

143 II партия съезінің болып өткендігі туралы Орталық Комитеттің хабарландыруы жайында әңгіме болып отыр; хабарландырудың жобасы Россияға жіберілген болатын.— *174.*

144 Партияның II съезінің қорытындылары туралы Дон комитеті қабылдаған қарар жайында әңгіме болып отыр.— *177.*

145 Партияның II съезінің қорытындылары туралы Кен-завод жұмысшылары Одағының Комитеті қабылдаған қарар жайында әңгіме болып отыр.— *178.*

146 Осы томның 169—170-беттерін қараңыз.— *178.*

147 Ленин РСДЖП Орталық Комитеті бастырып шығарған, *«Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының екінші кезекті съезі туралы хабарландыру»* жайында айтып отыр — *180.*

148 1904 жылы майда Лениннің *«Бір адым ілгері, екі адым кейін (Партиямыздағы дағдарыс)»* деген кітабы баспадан шықты (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 205—443-беттер). — *183.*

149 В. И. Лениннің 1903 жылғы 4 ноябрьде (жаңаша) Г. М. Кржижановскийге жазған хатын қараңыз (осы томның 182-беті).— *184.*

150 Партия Советінің мүшелігі мен Орталық Орган редакциясының мүшелігі қызметінен шығатындығы туралы Лениннің мәлімдемесі жайында айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 81-бет).— *185.*

151 Партияның II съезі туралы хабарландыру жайында әңгіме болып отыр.— *186.*

152 Хатта Лениннің: «Жіберілмеген хат» деп соққан белгісі бар. — *189.*

153 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 62—73-беттер.— *189.*

181 *«Жұмсақтар»* — Орталық Комитеттің ымырашыл мүшелері — Носков, Гальперин және Красин.— *242.*

182 II Интернационалдың таяуда болатын Амстердам конгресіне өкілдер жіберу туралы Партия Советінің 1904 жылғы 31 майдағы (13 июньдегі) шешімі жөнінде әңгіме болып отыр.— *245.*

183 Орталық Комитеттің мүшелері—ымырашылдар Красиннің, Носковтың және Гальпериннің 1904 жылғы июльде ОК атынан қабылдаған қаулысы жайында айтылып отыр. Бұл қаулыда ымырашылдар «Искраның» меньшевиктік редакциясының Плеханов кооптациялаған құрамын заңды деп таныды. Олар Орталық Комитеттің құрамына тағыда үш ымырашылды кооптациялады. Ымырашылдар партияның III съезін шақыруға қарсы шығып, съезді шақыру жолында үгіт жүргізген ОК Оңтүстік бюросын тарату туралы шешім қабылдады. Олар Ленинді Орталық Комитеттің шетелдік өкілі праволарынан айырып, ОК коллегиясының рұқсатынсыз оның шығармаларын бастыруға тыйым салуға әрекеттенді.

«Июль декларациясының» қабылдануы ОК мүшелерінің — ымырашылдардың РСДЖП II съезінің шешімдерінен толық айнып кеткендігі және олардың ашықтан-ашық меньшевиктер жағына өткендігі еді.— *248.*

184 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 482—483-беттер.— *248.*

185 Носков Орталық Комитетке жаңадан үш мүше — Л. Карповты, А. Любимовты, И. Дубровинскийді—қабылдау туралы ОК шешімін Ленинге хабарлап, бір апта мерзім ішінде белгіленген кандидаттарды жақтап немесе қарсы дауыс беру жөнінде Ленинге ұсыныс жасады.— *251.*

186 Лениннің *«Бір адым ілгері, екі адым кейін»* деген кітабы туралы әңгіме болып отыр.— *252.*

187 Ленин Амстердам конгресінде болған жоқ және өзінің мандатын М. Н. Лядов пен П. А. Красиковқа сеніп тапсырды, сөйтіп бұлар конгрестегі РСДЖП делегациясының құрамына кірді.—*257.*

188 1904 жылғы сентябрь — декабрьде жергілікті большевиктік комитеттердің үш конференциясы болып өтті: 1) оңтүстік конференциясы (Одесса, Екатеринослав және Николаев комитеттері); 2) Кавказ конференциясы (Баку, Батум, Тифлис және Имеретино-Мингрель комитеттері); 3) солтүстік конференциясы (Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік және Нижегород комитеттері).

Конференциялар Көпшілік Комитеттерінің Бюросын сайлады; ол Лениннің басшылығы арқасында партияның III съезіне практика жүзінде әзірлену жұмысын үдете жүргізді.— *258.*

189 1904 жылғы августа (жаңаша) Швейцарияда Лениннің басшылығымен болып өткен *22 большевиктің кеңесі* жайында айтылып отыр. Кеңеске 19 адам қатысты, кейін кеңестің шешімдеріне тағыда үш адам қосылды. Кеңес Ленин жазған «Партияға» де-

207 Өз конференцияларында Көпшілік Комитеттерінің Бюросын сайлаған комитеттер жайында айтылып отыр.— *284.*

208 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 568—570-беттер.— *287.*

209 Меньшевиктердің «Партия ұйымдарына хат» деген екінші хаты жайында айтылып отыр; бұл хат 1904 жылғы декабрьде «Искра» редакциясының қолы қойылып үндеухат ретінде басылған. Ленин өзі төменде айтып отырған «Искраның» бірінші хатын «Земство науқаны және «Искра» жоспары» деген кітапшаға талдап сынады (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 521—544-беттер). Ленин бұл хаттарға «Екі тактика» деген мақалада да тоқталып өтеді (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 145—154-беттер).— *290.*

210 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 14—20-беттер.— *290.*

211 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 61—72-беттер.— *291.*

212 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, 297—305-беттер.— *291.*

213 «Впередтің» 1-номерінің датасы 4 январь, 1905 жыл (22 декабрь, 1904 жыл) болып көрсетілген.— *293.*

214 Жергілікті большевиктік комитеттердің 1904 жылғы сентябрьде — декабрьде болған үш конференциясы (оңтүстік, Кавказ солтүстік конференциялары) туралы әңгіме болып отыр.— *294.*

215 Осы томның 283—284-беттерін қараңыз.— *294.*

216 РСДЖП III съезін шақыратын Көпшілік Комитеттерінің Бюросын сайлау туралы әңгіме болып отыр.— *295.*

217 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 29—33-беттер.— *296.*

218 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 121—127-беттер.— *298.*

219 Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 175—178-беттер.—*301.*

220 Көпшілік Комитеттері Бюросының листоктары: біріншісі — «Зәру мәселелер» (көтеріліс туралы) — «Впередтің» 1905 жылғы 8 марттағы (23 февральдағы) 9-номерінде басылды; екіншісі — «Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының либералдарға көзқарасы» — 1905 жылғы 15 (2) марттағы 10-номерінде басылды.— *303.*

221 *№ 10 және 11* — С. И. Гусевтің В. И. Ленинге жазған хаттары.— *305.*

222 Бұл сөз Рим ақыны Вергилийдің «Энеида» деген шығармасынан алынған; мұны аударғанда, былай болып шығады: «Данайлардан қорқамын, тіпті тарту тартса да».— *305.*

223 Конференция туралы қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 433—438-беттер.— *306.*

224 *«Шет елдегі иконалар»* — меньшевик лидерлерінің келемеж аты. — *306*.

225 РСДЖП Орталық Комитеті, Бунд, Латыш СДЖП және Революцияшыл украин партиясы өкілдерінің 1905 жылы январьда шет елде өткізілген конференциясы туралы әңгіме болып отыр. Конференция Бундтың инициативасы бойынша бірігу мәселесі жөнінде шақырылған болатын.— *306*.

226 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 229—231-беттер.— *308*.

227 Бұл хатқа жауап ретінде РСДЖП Одесса комитетінің мүшесі Л. М. Книпович Ленинге былай деп хабарлады: Одесса комитетінен бұрын В. В. Воровскийге берілген съездік мандат Ленинге тапсырылады, ал В. В. Воровский мандатты Николаев комитетінен алады деді.— *310*.

228 Партияның III съезін шақыратын Ұйымдастыру комитетін құру мәселесі жөнінде РСДЖП Орталық Комитетінің Көпшілік Комитеттері Бюросымен 1905 жылы 12 (25) мартта жасасқан договоры туралы әңгіме болып отыр.— *312*.

229 РСДЖП III съезімен бір мезгілде Женевада болып өткен меньшевиктік конференция жайында айтылып отыр.— *315*.

230 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 452—458-беттер.— *318*.

231 Ленин РСДЖП Орталық Комитеті пленумының ОК-ның келесі пленумын 1 сентябрьде (ескіше) Женевада шақыру туралы 1905 жылы 10 майда (жаңаша) қабылдаған шешімі жайында айтып отыр. Бұл шешім жүзеге асырылған жоқ.— *318*.

232 *«Бебельдің ұсынысы»* туралы қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 9-том, 135—137-беттер.— *320*.

233 *РСДЖП III съезі туралы хабарландыру және съездің қарарлары* мына кітапшада жарияланды: «Bericht über den III. Parteitag der S.-D. A.-P. R...», München («РСДЖП III съезі туралы хабарландыру...», Мюнхен). Каутский бұл кітапшаны таратуға қарсы «Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті») газетіне мақала басты. Каутскийдің мақаласына жауап ретінде Ленин ««Leipziger Volkszeitung» редакциясына ашық хат» жазды (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 561—563-беттер). Лениннің хаты газетте басылған жоқ.— *321*.

234 РСДЖП Орталық Комитетінің Ұйымдастыру комиссиясына жолдаған хаты туралы әңгіме болып отыр; хатты А. Богданов жазған.

Төменде айтылып отырған кітапша — *«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы»* (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 9-том, 1—131-беттер).— *321*.

235 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және ОК пленумдарының қаулы-қарарлары», I-бөлім, 1940, 53-бет. — *324*.

261 Лениннің *«12 жыл ішінде»* деген шығармалар жыйнағының бірінші томы туралы әңгіме болып отыр. Том 1907 жылы (тысында 1908 жыл деп көрсетілген) ноябрьде Петербургте басылып шыкты. «12 жыл ішінде» деген жыйнакка Лениннің жазған алғысөзін караңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 13-том, 84—104-беттер.— *375.*

262 РСДЖП V (Лондон) съезінің кезінде (30 апрель—19 май (13 май—1 июнь), 1907 жыл) партияның финанс жағдайының ауырлығы себепті А. М. Горькийдің көмегімен бір ағылшыннан карыз акша алынған болатын, борышты 1908 жылы 1 январьда кайтару жөнінде міндеттеме берілген-ді. Бұл борышты большевиктер партиясы 1922 жылы кайтарды.— *379.*

263 Н. А. Семашко 1908 жылғы январьдың аяғында Женевада камауға алынды. Лениннің мәлімдемесі «Berner Tagwacht» («Берн Сакшысы») газетінің 1908 жылғы 5 февральдағы 29-номерінде басылды.— *381.*

264 *Анонс*—большевиктік «Пролетарий» газетінің шығатындығы туралы құлактандыру, жеке листовка болып басылды. Мұнда баспаның Россиядан Женеваға көшірілгендігі туралы, газеттің шығатын мерзімдері туралы, кызметкерлерінің құрамы туралы, жазылу шарттары туралы айтылған.— *381.*

265 А. М. Горькийдің *«Мещандық туралы заметкалары»* жарыя большевиктік «Новая Жизнь» газетінде 1905 жылы октябрьде—ноябрьде басылды.— *382.*

266 Женевада Н. А. Семашконың камауға алынуына байланысты баспасөзде А. М. Горькийдің ыктыймал пікір айтуы туралы әңгіме болып отыр.— *383.*

267 Ленин «Пролетарий» газетін шығару жұмысымен шұғылданып жүрген-ді, газеттің баспасы 1907 жылдың аяғында Финляндиядан Женеваға көшірілген болатын.— *383.*

268 Квакала — Финляндиядағы бір кыстактың — Куоккаланың — кекесін аты, мұнда Ленин 1907 жылы майда — ноябрьде тұрды.— *384.*

269 Итальян социалистік партиясының сол кездегі центристік көпшілігінің басшысы Э. Ферридің партияның орталык органы «Avanti!» газетін редакциялаудан бастартkандығы жайында айтылып отыр.— *388.*

270 А. М. Горькийдің инициативасы бойынша, шет елде жүрген А. Богдановпен және оның жактастарымен В. И. Лениннің ыктыймал кездесуі туралы әңгіме болып отыр. Бұлар 1908 жылғы апрельде В. И. Ленин Капри аралындағы А. М. Горькийге барғанда кездесті. Бұл кездесу туралы Ленин 1909 ж. 30 августа (жаңаша) Капридегі партия мектебінің окушыларына жазған хатында айтады (караңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 25-том, 483-бет).— *388.*

271 Ленин эмпириокритиктер мен эмпириомонистердің, Мах пен Авенариустың реакциялык, идеалистік философиясын жактау-

шылардың тобы: А. Богданов, В. Базаров, А. Луначарский жайында айтып отыр.— *390.*

272 Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне Лениннің шақырылғандығы жайында әңгіме болып отыр.— *391.*

273 А. М. Горький шығармақшы болған журнал туралы әңгіме болып отыр; журнал шығару ісі жүзеге асырылған жоқ.— *393.*

274 Сол кезде Ленин жазып жатқан *«Материализм және эмпириокритицизм»* деген кітап жайында айтылып отыр.— *394.*

275 *«Дәптершелер»*— «Қатардағы марксистің философия туралы заметкалары»— А. Богдановтың «Эмпириомонизм» деген кітабы (III рет шығуы) жөнінде 1906 жылы Ленин жазған еңбек. Ленин «Заметкалар» туралы 1908 жылы 25 февральда (жаңаша) А. М. Горькийге жазған хатында толығырақ айтады (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 13-том, 461—462-беттер).— *397.*

276 БЦ — Большевиктік Орталық, 1907 жылы РСДЖП V (Лондон) съезінің большевиктік фракциясы сайлаған.— *397.*

277 Ленин «Карл Маркс (1818—1883)» деген жыйнақта басылған *«Марксизм және ревизионизм»* деген өз мақаласы жайында айтып отыр; мұнда Ленин Богдановтың, Базаровтың және басқалардың философиясын баспасөз бетінде бірінші рет қатты сынады (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 15-том, 17—28-беттер).— *397.*

278 Бұл хат табылған жоқ.— *399.*

279 Ленин 1909 жылғы майда Москвада «Звено» баспасы шығарған *«Материализм және эмпириокритицизм. Бір реакциялық философия жөніндегі сын заметкалар»* деген өз кітабы жайында айтып отыр (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 14-том, 5—397-беттер).— *401.*

280 Бұл хат әдеби-философиялық жыйнақтарда қызмет істеуге Ленинге ұсыныс жасаған меньшевик-махист Юшкевичке Лениннің берген жауабы болып табылады.— *402.*

281 Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының жарыққа шыққандығы туралы хабар («мәлімдеме») «Die Neue Zeit» журналының 2-номерінде 1909 жылғы 8 октябрьде (жаңаша) басылды.— *403.*

282 Р. Люксембургтің «Пролетарийдің» 44-номерінде 1909 жылы 8 (21) апрельде басылған «Революциялық желік» деген мақаласы жайында айтылып отыр.— *403.*

283 Ағылшын Жұмысшы партиясын II Интернационалға қабылдау мәселесі жөнінде 1908 жылғы 11 октябрьде (жаңаша) Халықаралық социалистік бюроның мәжілісінде Каутскийдің ұстаған позициясы туралы әңгіме болып отыр. Бұл туралы Лениннің «Халықаралық социалистік бюроның мәжілісі» деген мақаласынан қараңыз (Шығармалар, 4-басылуы, 15-том, 231—247-беттер). — *404.*

284 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 15-том, 477—478-беттер.—*405.*

285 Троцкийдің фракциялық органы — меньшевиктік-жойымпаздық (веналық) «Правда» газеті туралы айтылып отыр.— *405.*

286 «Georgien» («Грузин»)—кім туралы әңгіме болып отырғандығы анықталмады.— *407.*

287 Бұл жерде «Пролетарий» газетінің кезектегі 47—48-номерінің мазмұны туралы айтылып отыр. Номерде Лениннің мына мақалалары басылды: «Әшкереленген жойымпаздар», «Москва округтік комитеті атқару комиссиясының ашық хаты жайында», «Петербургтегі сайлау жөнінде»; ал номердің қосымшасында «Шақырымпаздық пен құдайжасампаздық жағындағылардың фракциясы туралы» деген мақаласы басылды (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 1—53-беттер).— *407.*

288 Лениннің Капридегі партия мектебінің оқушыларына жазған хаты жайында айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 15-том, 481—488-беттер).— *409.*

289 Лениннің *«Шақырымпаздық пен құдайжасампаздық жағындағылардың фракциясы туралы»* деген мақаласын қараңыз (Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 17—53-беттер).— *409.*

290 «Пролетарий» газеті туралы әңгіме болып отыр.— *413.*

291 Бұл документ В. И. Лениннің «сақтаушыларға»— К. Каутскийге, Ф. Мерингке және К. Цеткинге жолданатын хатының жобасы болып табылады; бұларға белгілі шарттармен, РСДЖП Орталық Комитеті пленумының 1910 жылғы январьдағы пленумының шешімі бойынша, большевиктік фракцияның ақша қаражаты берілген болатын. Бұл туралы Лениннің ««Сақтаушылардың» аралық сотының қорытындылары» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар, 4-басылуы, 17-том, 356—358-беттер).— *420.*

292 Ленин РСДЖП-ның мына съездерін: 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрельде—8 майда) Стокгольмде болған IV (Бірігу) съезін және 1907 жылы 30 апрельде — 19 майда (13 майда — 1 июньде) болған V (Лондон) съезін айтып отыр.— *420.*

293 Ленин жойымпаздықты жазғырған РСДЖП Бесінші (жалпыроссиялық) конференциясының қарары жайында айтып отыр (қараңыз: «БК(б)П— съездердің, конференциялардың және ОК пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1940, 125-бет).—*421.*

294 *«Не бұйырасыз?»* —Г. В. Плехановтың жойымпаз меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» деген газеті жөнінде қолданған сөзі.— *421.*

295 Ленин 1910 жылғы январьда РСДЖП Орталық Комитетінің пленумы қабылдаған «Партия ішіндегі істердің жайы» деген қарарды айтып отыр (қараңыз: «БК(б)П—съездердің, конференциялардың және ОК пленумдарының қаулы-қарарлары, I бөлім, 1940, 154—155-беттер). Ленин бұл қарарды «Публицистің заметкалары» деген мақаласында талдап сынады (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 222—248-беттер).—*422.*

308 Копенгагенде болған Халықаралық социалистік конгрестің кезінде (28 август—3 сентябрь (жаңаша), 1910 жыл) В. И. Ленин Г. В. Плехановпен бірге герман социал-демократиясының орталық органы — «Vorwärts» газетінде россиялық социал-демократиядағы жағдай туралы жалақорлық аноним мақаланың басылуына қарсы герман социал-демократиялық партиясының Басқармасына наразылық білдірді; мақаланың авторы Троцкий еді.
Ленин «Социал-Демократ» газетінің 17-номерінде басылған, 1910 жылғы 25 сентябрьдегі (8 октябрьдегі) «Кейбір социал-демократтардың Интернационалды РСДЖП ішіндегі істердің жағдайымен қалай таныстырып отырғаны туралы» деген мақаласында, жәнеде «Дискуссионный Листоктың» 3-номерінде басылған, 1911 жылғы 29 апрельдегі (12 майдағы) «Россиядағы партияның ішкі күресінің тарихи мағнасы» деген мақаласында Троцкийдің жаласына қарсы шықты (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 298—300, 395—414-беттер).—*442.*

309 Большевиктік жария «Звезда» газетін шығару туралы әңгіме болып отыр.— *442.*

310 *«Знание»* («Білім»)—кітап баспасы, 1898 жылы Петербургте әдебиетшілер тобы құрған; кейінірек оған А. М. Горький де белсене қатысып жүрді.— *442.*

311 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 338—394-беттер. — *448.*

312 *Ляхов, В.*— патша армиясының полковнигі; 1908 жылы Персиядағы революциялық қозғалысты басқан орыс әскерлерінің командашысы болды. — *448.*

313 Ленин, сірә, 1908 жылы ағайынды Гранат серіктігінің энциклопедиялық сөздігі үшін жазылған, *«Россиядағы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі аграрлық мәселе»* деген өз еңбегін айтып отырса керек. Цензура жағдайларынан бұл еңбек сөздікте басылмай қалды, сондықтан Ленин, хатта айтылып отырғандай, мұны «Знание» кітап баспасы арқылы шығармақшы болған-ды. Ол кезде еңбекті басып шығаруға мүмкіндік болмады. 1918 жылы «Жизнь и Знание» кітап баспасы Москвада бұл еңбекті бірінші рет жеке кітапша етіп басып шығарды (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 15-том, 59—141-беттер). — *450.*

314 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 344—345-беттер. — *450.*

315 В. И. Лениннің *«Публицистің заметкалары»* деген мақаласы туралы әңгіме болып отыр (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 201—272-беттер). — *453.*

316 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 16-том, 415—444-беттер; 17-том, 44—65-беттер. — *457.*

317 *Немец, А.* — чех социал-демократиясының Халықаралық социалистік бюродағы өкілі. — *458.*

318 Партияның 1912 жылғы Прага конференциясын әзірлеу туралы әңгіме болып отыр. — *458.*

# ХАТТАРДЫҢ ТЕКСТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ПСЕВДОНИМДЕРДІ, ЖАНАМА АТТАРДЫ ЖӘНЕ ИНИЦИАЛДАРДЫ АНЫҚТАЙТЫН АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШ

А. А., АЛ. АЛ., АЛ. АЛ—Ч — Богданов А. А.

А. ВАС., АН. ВАС., АН. ВАС—Ч, АНАТ. ВАС—Ч— Луначарский А. В.

А. М—Ч, АЛ. М — Ч — Горький А. М.

А. Н.— Потресов А. Н.

АН.— Елизарова А. И.

АН. АЛ. — Луначарская А. А.

А. П. — Потресов А. Н.

АБСОЛЮТ — Стасова Е. Д.

АКИМ — Гольдман Л. И.

АЛЕКСАНДР — Кремер А. И.

АЛЕКСАНДРОВ — Постоловский Д. С.

АЛЕКСЕЙ — Мартов Ю. О.

АНДРЕЕВСКИЙ — Ульянов Д. И.

АРСЕНЬЕВ — Потресов А. Н.

Б. — Андропов С. В.

Б. Н. — Носков В. А.

БАЛАЛАЙКИН — Троцкий Л.

БАРОН — Эссен Э. Э.

БАРСОВ — Цхакая М. Г.

БЕЛЬТОВ — Плеханов Г. В.

БЕРГ — Мартов Ю. О.

БОГДАН — Бабушкин И. В.

БОНЧ — Бонч-Бруевич В. Д.

БОРИС, БОРИС НИКОЛАЕВИЧ — Носков В. А.

БОРОДА — Десницкий В. А.

БРАТ АКИМА — Горев-Гольдман Б. И.

БРАТ ПАХОМИЯ — Цедербаум С. О.

БРОДЯГИН — Сильвин М. А.

БРУСКОВ — Андропов С. В.

БРУТ — Кржижановский Г. М.

БУНДИСТ — Портной К.

БЫЧКОВ — Лепешинский П. Н.

ВАС. ВАС., ВАС. В—Ч, ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ — Ольминский М. С.

В. И. В. ИВ. — Засулич В. И.

В. И. — Н — Иваншин В. П.

В. У. — Ленин В. И.

ВЯЧ. — Рожков Н. А.

ВАДИМ — Носков В. А.

ВАЛЕНТИН — Гальперин Л. Е.
ВАНЯ — Краснуха В. П.
ВАРВАРА ИВАНОВНА — Стасова Е. Д.
ВАСИЛЬЕВ — Ленгник Ф. В.
ВЕЛИКА, ВЕЛИКА ДМИТРИЕВНА — Засулич В. И.
ВЕРНЕР — Богданов А. А.
ВИНТЕР — Красин Л. Б.
ВЛАС — Рерих А. Э.
ВОИНОВ — Луначарский А. В.
ВОЛГИН — Плеханов Г. В.
ВОЛЬФ — Ленгник Ф. В.
ВЫШИБАЛО — Токарев А. С.

Г., G. — Копельзон Ц.
Г. В. — Плеханов Г. В.
ГАЛЕРКА — Ольминский М. С.
ГАНС — Кржижановский Г. М.
ГВОЗДЕВ — Циммерман Р. Э.
GENOSSE — Ерманский О. А.
ГЛЕБОВ — Носков В. А.
ГРАЧ — Бауман Н. Э.
ГРИГОРИЙ — Зиновьев Г.
ГРИШИН — Копельзон Ц.
ГУРВИЧ — Дан Ф. И.

ДАНЕВИЧ — Гуревич Э. Л.
ДАНИЛА — Новомирский Д. И.
2а3б — Лепешинский П. Н.
ДВИНСКАЯ — Эттингер-Давидсон Е. С.
ДЕЛЬТА — Стасова Е. Д.
ДЕМЕНТЬЕВ — Басовский И. Б.
ДЕМОН — Землячка Р. С.
ДЕРЕВО — Дан Ф. И.
ДОМОВ — Покровский М. Н.
ДЮБУА — Постоловский Д. С.
ДЯДЕНЬКА, ДЯДИН — Книпович Л. М.
ЕВГЕНИЙ — Вульпе И. К.
ЕГОР — Мартов Ю. О.
ЕРЕМА — Шнеерсон А. А.

ЖАК — Александрова Е. М.
ЖОЗЕФИНА — Воровский В. В.
ЖОРЖ — Плеханов Г. В.

ЗАРИН — Ленгник Ф. В.
ЗВЕРЕВ, ЗВЕРУШКА, ЗВЕРЬ — Эссен М. М.
ЗЕРНОВА — Эссен М. М.
ЗОММЕР — Любимов А. И.

ИГНАТ — Красиков П. А.
ИГОРЬ — Горев-Гольдман Б. И.
ИЛЬИН — Ленин В. И.
ИНОК, ИННОКЕНТИЙ—Дубровинский И. Ф.
ИНСАРОВ — Лалаянц И. Х.
ИСАРИ — Топуридзе Д.
ИУДА — Струве П. Б.

К.— Гальберштадт Р. С.
КАМЕНСКИЙ — Плеханов Г. В.
КАРЕЛИН — Засулич В. И.
КАСЬЯН — Радченко И. И.
KIROFF — Засулич В. И.

НИЩИЙ — Виноградова О. И.
НОВИЦКАЯ — Бабушкин И. В.
НОВОБРАНЦЕВ — Пешехонов А. В.

ОЛИН — Лепешинский П. Н.
ОНА — Горев-Гольдман Б. И.
ОРЛОВСКИЙ — Воровский В. В.
ОРТОДОКС — Аксельрод Л. И.
ОРША — Радченко Л. Н.
ОСИПОВ — Землячка Р. С.

П. — Ногин В. П.
П. А., П. АНДР.— Красиков П. А.
П. Б. — Аксельрод П. Б.— 41, 62, 69, 70, 75, 85.
П. Б., П. Б—Ч—Струве П. Б.— 18, 19, 20, 27.
ПАВЛОВИЧ — Красиков П. А
ПАНКРАТ — Красиков П. А.
ПАПАША — Литвинов М. М.
ПАХОМИЙ — Мартов Ю. О.
ПЕРО — Троцкий Л.
ПЕТРОВ, PETROFF — Ленин В. И.
ПОВАР — Щеколдин Ф. И.
ПОЛЕТАЕВ — Бауман Н. Э.
«ПРАКТИК» — Дубровинский И. Ф.
ПУТТМАН — Потресов А. Н.

Р. Н. С.— Струве П. Б.
РАЗНОЦВЕТОВ — Блюменфельд И. С.
РАХМЕТОВ — Богданов А. А.
РАХМЕТОВА — Богданова Н. Б.
РАШИД-БЕК — Зурабов А. Г.
РЕЙНЕРТ — Богданов А. А.
РОЗА — Люксембург Р.
РОМАН — Ермолаев К. М.
РУ — Гальперин Л. Е.
РУБЕН — Кнунянц Б. М.
РУСАЛКА — Лядов М. Н.
РЯДОВОЙ — Богданов А. А.

САМОВАРОВ — Ногин В. П.
СЕРАФИМА — Афанасьева С. Н.
СЕРГЕЙ ПЕТРОВИЧ — Красиков П. А.
СИМОНОВ — Гутовский В. А.
СКАЛДИН — Еленев Ф. П.
СМИТ — Кржижановский Г. М.
СОКОЛ — Эссен М. М.
СОКОЛОВСКИЙ — Малкин
СТАНИСЛАВ — Соколов А. В.
СТАРИК — Ленин В. И.
СТАРОВЕР — Потресов А. Н.
СТАРШАЯ СЕСТРА —Засулич В. И.
СТРОЕВ — Десницкий В. А.
СЫСОЙКА — Богданов А. А.
СЮРТУК — Копп В. Л.

ТЕЛЕНОК — Струве П. Б.
ТЕТКА — Засулич В. И. — 44.
ТЕТКА — Калмыкова А. М.— 159.
ТРАВИНСКИЙ — Кржижановский Г. М.
ТРИА — Мгеладзе В. Д.

44. В. И. ЛАВРОВҚА және Е. Д. СТАСОВАҒА. *27 декабрь* . . . 117—118
45. Ф. В. ЛЕНГНИККЕ. *27 декабрь* . . . . . . . . . . . . . . 119—120

## *1903 ж.*

46. И. В. БАБУШКИНГЕ. *6 январь* . . . . . . . . . . . . . . . 121
47. Е. Д. СТАСОВАҒА. *15 январь* . . . . . . . . . . . . . . . 122—123
48. ХАРЬКОВ КОМИТЕТІНЕ. *15 январь* . . . . . . . . . . . . . 124—125
49. Е. Д. СТАСОВАҒА. *16 январь* . . . . . . . . . . . . . . . 126
50. И. В. БАБУШКИНГЕ. *16 январь* . . . . . . . . . . . . . . 127
51. Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ. *27 январь* . . . . . . . . . . . 128—130
52. ШЕТ ЕЛДЕГІ ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ОДАҒЫНА *4 немесе 5 февраль* . . . . . . . . . . . . . . . . . 131—132
53. Ю. О. МАРТОВҚА. *5 февраль* . . . . . . . . . . . . . . . 133—135
54. НИЖЕГОРОД КОМИТЕТІНЕ. *Февральдың 25 нен ертерек* 136—137
55. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ. *5 немесе 6 март* . . . . . . 138—139
56. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ. *6 және 9 марттың арасы.* 140—141
57. Г. В. ПЛЕХАНОВҚА. *15 март* . . . . . . . . . . . . . . . 142—143
58. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ. *31 март* . . . . . . . . . . 144
59. Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ. *3 апрель* . . . . . . . . . . . 145—146
60. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ. *6 апрель* . . . . . . . . . . 147—148
61. Е. М. АЛЕКСАНДРОВАҒА. *Майдың 22-нен кейін* . . . . . 149—153
62. А. М. КАЛМЫКОВАҒА. *7 сентябрь* . . . . . . . . . . . . 154—158
63. А. Н. ПОТРЕСОВҚА. *13 сентябрь* . . . . . . . . . . . . . 159—162
64. Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ. *10 мен 14 сентябрь арасы* 163
65. А. М. КАЛМЫКОВАҒА. *30 сентябрь* . . . . . . . . . . . 164—166
66. ОДЕССА КОМИТЕТІНЕ. *2 октябрь* . . . . . . . . . . . . . 167—168
67. Ю. О. МАРТОВҚА *6 октябрь* . . . . . . . . . . . . . . . 169—170
68. Г. Д. ЛЕЙТЕЙЗЕНГЕ. *10 октябрь* . . . . . . . . . . . . . 171—172
69. Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ. *20 октябрь* . . . . . . . . . 173—174
70. КАВКАЗ ОДАҚТЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *20 октябрь* . . . . . . . 175—176
71. ДОН КОМИТЕТІНЕ. *Октябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 177
72. КЕН-ЗАВОД ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ОДАҒЫНА. *Октябрь* . . . . 178—179
73. Г. В. ПЛЕХАНОВҚА. *1 ноябрь* . . . . . . . . . . . . . . . 180—181
74. Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ. *4 ноябрь* . . . . . . . . . . . 182
75. ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ. *4 ноябрь* . . . . . . . . . . . . . 183

105. «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА. *24 август* . . . . . . . . . . . . 248—249
106. КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ КӨПШІЛІКТІҢ РОССИЯДАҒЫ БАРЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЖАҚТАСТАРЫНА *28 август шамасында* . . . . . . . . . . . . 250
107. В. А. НОСКОВКА. *30 август* . . . . . . . . . . . . 251
108. В. А. НОСКОВКА. *30 немесе 31 август* . . . . . . . . . . . . 252—253
109. В. А. НОСКОВКА. *2 сентябрь* . . . . . . . . . . . . 254
110. ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ СЕКРЕТАРЫ Ю. О. МАРТОВКА *2 сентябрь* . . . . . . . . . . . . 255—256
111. ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ СЕКРЕТАРЫ Ю. О. МАРТОВКА *7 сентябрь* . . . . . . . . . . . . 257
112. ОҢТҮСТІК КОМИТЕТТЕРДІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК БЮРОСЫНА. *Октябрьдің 5-нен кейін* . . . . . . . . . . . . 258
113. КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІНЕ. *Октябрьдің 5-нен кейін* . . 259
114. СИБИРЬ КОМИТЕТІНЕ. *30 октябрь* . . . . . . . . . . . . 260—264
115. А. М. СТОПАНИГЕ. *10 ноябрь* . . . . . . . . . . . . 265—267
116. А. А. БОГДАНОВКА. *21 ноябрь* . . . . . . . . . . . . 268—270
117. Н. К. КРУПСКАЯҒА. *3 декабрь* . . . . . . . . . . . . 271—273
118. А. А. БОГДАНОВКА, Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА, М. М. ЛИТВИНОВКА. *3 декабрь* . . . . . . . . . . . . 274—276
119. Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА. *10 декабрь* . . . . . . . . . . . . 277—279
120. КАВКАЗ ОДАҚТЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *Декабрьдің 12-нен кейін* 280
121. КАВКАЗ ОДАҚТЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *20 декабрь* . . . . . . . . 281
122. М. М. ЭССЕНГЕ. *24 декабрь* . . . . . . . . . . . . 282
123. Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА. *26 декабрь* . . . . . . . . . . . . 283—284
124. А. И. ЕРАМАСОВКА. *Декабрьдің аяғы* . . . . . . . . . . . . 285
125. М. М. ЛИТВИНОВКА. *Декабрь* . . . . . . . . . . . . 286—288
126. РСДЖП ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНА. *Октябрь — декабрь* . . . 289

## *1905 ж.*

127. РОССИЯДАҒЫ ЖОЛДАСҚА ХАТ. *6 январь* . . . . . . . . . . . . 290—293
128. Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА. *Январьдың басы* . . . . . . . . . . . . 294—295
129. КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІ БЮРОСЫНЫҢ СЕКРЕТАРЫНА *29 январь* . . . . . . . . . . . . 296—297
130. А. БЕБЕЛЬГЕ. *7 февраль* . . . . . . . . . . . . 298
131. С. И. ГУСЕВКЕ. *15 февраль* . . . . . . . . . . . . 299—300

132. С. И. ГУСЕВКЕ. *25 февраль* . . . . . . . . . . . . . . . . . . 301
133. С. И. ГУСЕВКЕ. *Марттың басы* . . . . . . . . . . . . . . . . . 302—304
134. С. И. ГУСЕВКЕ. *11 март* . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 305—306
135. С. И. ГУСЕВКЕ. *15 март* . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 307—309
136. РСДЖП ОДЕССА КОМИТЕТІНЕ. *25 март* . . . . . . . . . . . 310
137. С. И. ГУСЕВКЕ. *4 апрель* . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 311—312
138. О. И. ВИНОГРАДОВАҒА. *8 апрель* . . . . . . . . . . . . . . 313—314
139. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА. *8 июль* . . . . . 315—316
140. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *11 июль* . . . . . . . . . . 317—319
141. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *12 июль* . . . . . . . . . . 320—322
142. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *28 июль* . . . . . . . . . . 323—325
143. А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ. *2 август* . . . . . . . . . . . . . . 326—328
144. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *14 август* . . . . . . . . . 329—330
145. А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ. *15 пен 19 августың арасы* . . . 331—332
146. П. Н. ЛЕПЕШИНСКИЙГЕ. *29 август* . . . . . . . . . . . . . 333—335
147. П. Н. ЛЕПЕШИНСКИЙГЕ. *29 август*. . . . . . . . . . . . . . 336
148. А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ. *Августың аяғы* . . . . . . . . . . . 337—338
149. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *7 сентябрь* . . . . . . . . 339—340
150. П. А. КРАСИКОВҚА. *14 сентябрь*. . . . . . . . . . . . . . . . 341—344
151. С. И. ГУСЕВКЕ. *20 сентябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . . 345—346
152. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *3 октябрь* . . . . . . . . . 347—348
153. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *3 октябрь* . . . . . . . . . 349—351
154. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *5 октябрь* . . . . . . . . . 352—353
155. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *8 октябрь* . . . . . . . . . 354
156. А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ. *11 октябрь* . . . . . . . . . . . . . 355—357
157. С. И. ГУСЕВКЕ. *13 октябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . . 358—362
158. М. М. ЭССЕНГЕ. *26 октябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . . 363—364
159. РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ. *27 октябрь* . . . . . . . . 365
160. Г. В. ПЛЕХАНОВҚА. *Октябрьдің аяғы* . . . . . . . . . . . . 366—369
161. «ОДЕССА ҰЙЫМЫНЫҢ «КӨПШІЛІГІНІҢ» МҮШЕЛЕРІ МОТЯ МЕН КОСТЯҒА». *Октябрьдің аяғы — ноябрьдің басы* 370—371

## *1907 ж.*

162. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *14 август* . . . . . . . . . . . . . . . . . 372
163. А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ. *2 мен 11 ноябрьдің арасы*. . . . 373—374

## *1908 ж.*

164. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *9 январь* . . . . . . . . . . . . . . . . . . 375—376
165. А. М. ГОРЬКИЙГЕ және М. Ф. Андрееваға *15 январь* 377—378
166. Ф. А. РОТШТЕЙНГЕ. *29 январь* . . . . . . . . . . . . . . 379—380
167. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *2 февраль* . . . . . . . . . . . . . . . . 381—382
168. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *7 февраль* . . . . . . . . . . . . . . . . 383—386
169. А. В ЛУНАЧАРСКИЙГЕ. *13 февраль* . . . . . . . . . . . . 387—388
170. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *13 февраль* . . . . . . . . . . . . . . . 389—390
171. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *16 март* . . . . . . . . . . . . . . . . . . 391
172. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *24 март* . . . . . . . . . . . . . . . . . . 392—394
173. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *Апрельдің бірінші жартысы* . . . . . 395
174. А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ. *16 апрель* . . . . . . . . . . . . 396
175. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *16 апрель* . . . . . . . . . . . . . . . . 397—398
176. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *19 апрель* . . . . . . . . . . . . . . . . 399—400
177. В. В. ВОРОВСКИЙГЕ. *1 июль* . . . . . . . . . . . . . . . . . 401
178. П. ЮШКЕВИЧКЕ. *10 ноябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . . 402

## *1909 ж.*

179. РОЗА ЛЮКСЕМБУРГКЕ. *18 май* . . . . . . . . . . . . . . . 403—404
180. А. И. ЛЮБИМОВҚА. *18 август* . . . . . . . . . . . . . . . 405—406
181. «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНА. *24 август* . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 407—408
182. А. И. ЛЮБИМОВҚА. *Сентябрьдің басы* . . . . . . . . . . . 409—410
183. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *16 ноябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 411—412
184. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *Ноябрь — декабрь* . . . . . . . . . . . 413—415
185. И. И. СКВОРЦОВ-СТЕПАНОВҚА. *2 декабрь* . . . . . . . . . 416—419

## *1910 ж.*

186. «САҚТАУШЫЛАРҒА» ЖАЗЫЛАТЫН ХАТТЫҢ НҰСҚАСЫ. *Февраль — март* . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 420—422
187. Н. Е. ВИЛОНОВҚА. *27 март* . . . . . . . . . . . . . . . . . 423—424
188. Г. В. ПЛЕХАНОВҚА. *29 март* . . . . . . . . . . . . . . . . 425
189. Н. Е. ВИЛОНОВҚА. *7 апрель* . . . . . . . . . . . . . . . . 426—427
190. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *11 апрель* . . . . . . . . . . . . . . . . 428—431
191. Н. А. СЕМАШКОҒА. *4 октябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 432

192. Ю. Ю. МАРХЛЕВСКИЙГЕ. *7 октябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 433—438
193. Г. ШКЛОВСКИЙГЕ. *24 октябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 439—440
194. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *14 ноябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 441—442
195. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *22 ноябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 443—444
196. Н. Г. ПОЛЕТАЕВКЕ. *7 декабрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 445—446

## *1911 ж.*

197. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *3 январь* . . . . . . . . . . . . . . . . 447—450
198. А. РЫКОВКА. *25 февраль* . . . . . . . . . . . . . . . . 451—455
199. А. М. ГОРЬКИЙГЕ. *27 май* . . . . . . . . . . . . . . . . 456—457
200. А. НЕМЕЦКЕ. *1 ноябрь* . . . . . . . . . . . . . . . . 458

Ескертулер . . . . . . . . . . . . . . . . 459—486

*Хаттардың текстінде кездесетін псевдонимдерді, жанама аттарды және инициалдарды анықтайтын алфавиттік көрсеткіш* . . . . . . . . . . . . . . . . 487—491

---

П. 1955 г.
Кат. № [illegible]
Инв. № 10.741

Тираж [illegible] экз.
Подписано к печати [illegible] г.
Бумага [illegible]
[illegible]
Издат. № [illegible] Зак. № [illegible]
Цена 6 руб. [illegible] коп.

Полиграфкомбинат Главиздата
Министерства культуры КазССР
Алма-Ата

55-4943/1
500-00

210000138977